Б. Шаймерденов

ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ



Сафуан Шаймерденов

ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

Үш томдық

2

Таймас Баспа Үйі

Алматы 2011

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз -7
Ш 18

Қазақстан Республикасының
Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
"Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару"
бағдарламасы бойынша шығарылды

44527

Шаймерденов С.
Ш 18 Таңдамалы шығармалар жинағы. Үш томдық. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2011.
2-т. – 320 бет.

ISBN 978–601–264–044–1

Көрнекті жазушының бұл томына кезінде оқырманды елең еткізген "Мезгіл", "Мәжнүн тал" секілді бірнеше повестері мен езу тартқызар әдемі бір юморы бар өмірдің өзінен алынған әңгімелері еніп отыр.

Көпшілік оқырманға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз -7

© Шаймерденов С., 2011
© «Таймас» баспа үйі, 2011
Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүліктік құқықтары
«Таймас» баспа үйіне тиесілі

ISBN 978-601-264-044-1 (2-т.)
ISBN 978-601-264-042-7

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

ПОВЕСТЕР

МЕЗГІЛ

Өгей анам Жақсыбай қызы
Бейіс марқұмның аруағына арнаймын.

Автор

Күн ұзақ билет алудың қамымен әбден титықтап,шаршап жүріп, оңаша купеге кеп жайғасқан соң, болат доңғалақтардың дүрсілін тыңдап шайқақтап жатып, қалғып кетсем керек, дабыр-дүбір дауыстан ояндым. Байқасам, есік алдында екі жолаушы тұр. Бірі – кірпішешеннің инесіндей тікірейтіп шаш қойған, қалқан құлақ,қара жігіт, ал екіншісі – тым жүдеу, жақ еті суалған, сонысына қарамастан осы Арқа әйелдерінің салтын сақтап көк жаулық, оның үстінен қақырайтып шаршы тартқан қарт адам. Бет әлпетіне қарағанда ұзақ уақыт төсек тартқан, мол сырқаты бар жанға ұқсайды. Қалтыраған қолымен кірпі шаш жігітті демеу етіп, зорға жылжыды.

Кірпі шаштың кейпінде дағдарыс бар.

– Екеуі де үстіңгі орын екен ғой, қайттім енді?

Қарсыдағы астыңғы орында мана мен кіргенде түрі тас құдайға ұқсаған мықыр мойын бір көзілдірік газет қарап отырған еді. Енді көз салсам, сол баяғы қалпы, қозғалмапты. Мына есік алдында тұрғандарды елейтін түр білдірмейді.

«Осындай бір типтер болады-ау», – деп ойлаймын мен.Ондайлар үлкенге үлкен екен деп ізет көрсетпейді, кішіні кіші екен деп құрмет тұтпайды. Ал «өзін бір ұялтып тастайын» деген оймен осындай бір қылығын бетіне салық етіп көрші, сонда қайтер еді дейсің ғой. Қайтушы еді, қысылмайды. «Сіз өзіңіз не қыл деп тұрсыз? Міне,билетім сатып алған. Ауру? Ауру болса қайтейін, ауырмасын», – деп жауап береді. Дәл осындайларды ел ішінде: «Ой, ол ма, ол адам емес, мал ғой» – деуші еді. Тауып айтады екен ғой. Мен түрегелдім де, кірпі шашқа қарап:

– Сіз дағдармаңыз, дені сауға төмені не, жоғарысы не, бәрібір емес

пе. Шешей мына мен жатқан жерге жайлассын, – дедім. Сөзімнің бір ұшығын мықыр мойынға әдейі тигізе сөйледім. Бірақ оған мән беріп жатқан мықыр мойын болған жоқ.

Босатылған төсектің шетіне келіп отырған қария:

– Көңілің ашылсын, шырағым, өзің бір иман жүзді бала екенсің, – деді бөліп-бөліп. Ал кірпі шаш болса, өзінің үлкен алақанына менің қолымды салып алды да, ризашылығын танытып, қыса берді сытырлатып.

Байқаймын, кірпі шаш лыпып жүр. Жүгіріп барып төсек-орын алып келді, кемпірдің жастығын түзеді, үстіне айқарып көрпе жапты. Сонысын көріп мен «анасы болуға тиісті» – деген тоқтамға келдім. Бірақ ол бір сөзінде:

– Бишәм, таңдайың құрғақсыды ғой деймін, сусын жұтсаң қайтеді? – деп қалды кемпірге қарап.

«Анасы болса атын неге атайды? Әлде әпкесі болды ма екен? Қойшы, кімі болса, онысы болсын, онда сенің не шаруаң бар?!» деген оймен дәлізге беттедім мен. Бір мезгілде тас құдайға ұқсап, мықыр мойын, көзілдірікті көршім де купеден шықты. Артына қарай сүйір иегін нұсқады:

– Қайдан сая болды? Ыңқылдап-күрсілдеп мазаны алып бітті тіпті. Бос орны бар купе болса, соған ауыстырсақ қайтеді өзін?

– Ондағы жолаушылардың мазасын алмай ма екен өйткенде? – дедім мен ұнатпаған үнмен. Мұнымның онша сыпайы жауап емес екенін де сезем. Дегенмен ит қағанағына қақалмайды деген бар емес пе, ауырлаған ол жоқ, әйнегінің қалыңдығы бір елі қара көзілдірігінің астынан сүзе қарап, бір сәт тұрды да:

– Күрк-күрк жөтеледі, жолға шығып несі бар екен. Одан да ауруханаға түсіп емделмей ме! Ал бұлар емделудің орнына қыдырады. Құдай біледі дейін, дәл осы кісі бар ғой, ит жанын сүйретіп, не бір құдасына, немесе құдасының құдасына төбе көрсетем ден бара жатыр. Бұлар қара шыбын сияқты, жұқпалы ауруларды қара өрттей қаптататындар міне осындайлар, – деп әрі ақтала, әрі бір пәлені таяй сөйледі.

Үстірт сөйлеп, жеңіл байлам жасап тұрған бұл жігіттің сөзіне мен әрі кейіп, әрі ойланып қалдым.

Кейитін себебім, осы мықыр мойын сияқтылардың алға басар ісімізге кесселін тигізер жайын жиі байқайсың. Ел тұрмысында әдет-ғұрып дегенің ғасырлап қалыптасады. Әрине, оның жақсысы да, жаманы да бар. Жиренетіні де, үлгі етерлігі де болады. Ал жаңағы мықыр мойын сияқты «жаңашылдар» соның байыбына барып, мынасы дұрыс, мынасы бұрыс деп саралап жатпайды. Өзі бір бар жаманшылықтан арылып ала қойғансиды да, өз көңілі тұрғызған жалған бір биіктен төмен қарап: «Бәрін де жою керек!» деп жар салады. Жұрт мұндайларға сескене қа-

райды да, өз бойындағы асылын да, жасығын да қорғап қалуға тырысады. Ал ойланатын себебім, шынында да ана мықыр мойын айтқандай туыссырап бара ма екен бұл жолаушылар? Әлде басқа бір себебі бар ма? Олай болса бұлар қайдан шықты? Қайда бармақ? Кірпі шаш жігіт кім? Ауру ана ше?

Мен осы бір мазасыз оймен терезе алдында сыртқа қарап тұрғанмын. Көк сілемік мұнар басқан ашық күн. Тақтайдай ұлан-қиыр жазық дала. Аңызақты аптап шілденің жуан ортасы болса да, дүние реңкі көгілдір, ізнәрлі жер бояуын әлі бермеген. Ойпаңы мен биік-биік қыраты, жүлге-жүлге таулары жоқ, осындай көгілжім жазықтарда көк жиегі де алыстап кететін болса керек, тым қиян шалғайдан көз ұшына ілігіп, сағыммен ойнап, белбеулене көтерілетін үйірім-үйірім, бұлың-бұлың, шоқшоқ ағаштар бейне теңізде жүзген ғажайып та жұмбақ алып кемелерге ұқсап көпке дейін толқып, баяу жылжып жақындайды да, айналып артқа түсіп алыстаған сайын әлгі бір ойнақы кейпіне тез ауысып, тағы да бұлыңдап, тағы да толқып сала береді.

Бір кезде дәл құлағымның түбінен:

– Міне, енді Мезгілдің даласы басталды, – деген дауыс шықты. Жалт қарасам, қасымда кірпі шаш жігіт тұр екен.

Мен бұл дала жайында жас кезімде қиян-қырлы әңгімелер еститін едім. Ол кезде, бір ғажабы, біз балалар болып айнала түнеріп, тұнжырап тұратын ну орманнан қорқатынбыз. Ал сол шетсіз-шексіз орманды айлап кезсе селт етпейтін үлкендер: «Мезгілдің даласы құрдым ғой, шетіне бір шыға алмайсың. Нысана етер, белгіге алар тұлдыр таппайсың, қалай қарап жүрсең де көсіліп жатқан кең жазық, адасып кетуің оп-оңай», – дейтін.

Мен сонда адасса орман ішінен адаспай ма, айналаңа көз салсаң қырымдағы көрінер медиен далада қайтіп адасуға болады деп таңданатынмын. Сонда да «Мезгілдің даласы» деген сөзді естісем, әрі қорқынышты үреймен, әрі құмарпаз арманмен ұмтылушы едім осы бірғажайып алысқа.

Міне, біз, сол Мезгілдің даласына еніп келеміз. Шынында да әлгі бір бұлың-бұлың ағаштардың бәрі де азайып, көз ұшына дейін бұлдырап кете берер көк теңізге ұқсап жалпақ дала – егін даласы басталып кетті.

Терезеге үңіліп тұрған кірпі шаш:

– Мезгіл! – деп бір тыныстады да, күрсініп алды. Күрсінісінде де, қарасында да терең бір сыр жатқандай. – Жол болса ұзақ көрінеді. Танысып алсақ қалай болады? Менің атым – Мезгіл.

– Мезгіл?! – деппін таңданған кейіппен.

– Ие, Мезгіл... Мына Мезгілдің даласында туыппын.Содан болса керек, атымды азан шақырып Мезгіл қойыпты.

Енді байқадым, Мезгілдің қиықтау келген монғол көзінен жайдары-

лық пен үйірсектікті танып тұрмын. Танысудың орайы енді келгендей. Мен өз атымның Тулан екенін айтып, манадан бері тілімнің ұшына орала берген сұрақты төбеден түскендей етіп қойып қалдым.

– Ал жол болсын, Мезгіл? Мына ауру қарияны қайда апара жатырсыз?

Жігіт, тегі, әңгімені бұлай тұрып бастағысы келмеді білем.

– Қарағандыға, – деп сүлесоқтау етіп келте қайырды. Содан кейін купеге кіріп кемпірге бірдеме деді де, кері шықты. – Мұндай составта «Ресторан» дегенің бола ма екен?

– Әлбетте.

– Олай болса, соған барып сусын іше отырып әңгімелесейік. Мына аңызақ жел де таңдайыңды кептірмей қоятын емес. Қариядан рұқсат алып шықтым.

Мен Мезгілдің әңгімесін естігенше асық едім. Содан ба, жігіт ұсынысына қарсылық білдіре қоймадым.

Вагон-ресторанда адам онша көп емес екен. Біз оңашалау бір үстелге келіп отырдық. Айнала үлкен терезелері бар самаладай жарық ресторанның зырлап қалып жатқан дала көрінісі бұрынғыдан да айқын, бұрынғыдан да әсем. Біз отырған беттегі сонау шалғай етекте жалғыз шуда бұлтқа ұқсап бұлыңғырып бір төбе көрінеді. Ал мына бетте қиян алыста жер шегіндей болып орман көгеретін сияқтанады. Осы бір жалпақ жазықта көзге ілінер де сол екеуі ғана. Қай бетке қарасаң да, болат доңғалаққа келіп соғылар сары балақ тартқан егін теңізі тұптура темір жолдан басталады да, көз ұшына дейін құлдырап арманғы алысқа кете береді.

– Сөйтіп, қария жайын білгіңіз келе ме? Бұл бір ұзақ сонар әңгіме. Жалықпасаңыз, басынан айтайын, – деді Мезгіл ыстық кофеден бір ұрттап қойып.

– Неге жалығайын, қайта жол қысқарады.

– Мен мына Қарағанды түбіндегі Саран қаласында тұрамын. Кен инженерімін, – деп бастады ол әңгімесін. – Құдайшыл болмасақ та айта береміз ғой, құдай біледі дейін, тап беделсіз емеспін. Топ жарып, суырылып шығар анау айтқан өнерім бар демеймін, сонда да «Мезгіл өз ісін білмейді» деп ешкім айта алмайды. Содан ба, коллектив те, бастық та теріс қарап көрген емес. Өз ісіңе мығым болсаң, біреуге қиянат жасамасаң, теріс мінез көрсетпесең кімнің кімде не шаруасы бар дейсің, – деп бір тынды Мезгіл. Содан кейін шалқая отырып, темекісін тұтатты да, көзін даланың қиян шалғай алыс бір нүктесіне қадап отырып қалды. – Тулан, сіз білуге тиіссіз, біз бір қарбалас, аласапыран өмірде көктеп, дән салып келе жатқан жандармыз ғой. Жолымыздың бұлтарыс-қалтарысы жоқ болғанымен, бұралаңы көп. Кейде үндемей ғана тындыра салар шаруа үстінде орынсыз даурығып., бітеміз. Мен

сондайда осы бір айқайшылдығымыздың өзі әлсіздігіміз емес пе екен деп те ойлап қаламын. Әйтеуір артық кетейік, кем түсейік, соның бәрі арманды бір жарқын болашақ үшін деп түсінеміз де, соған семіреміз. Қайтсе де ниетте алалық жоқ.

Осындай бір кезекті науқанның кезі болатын. «Егер коммунизм күнін бір табан жақындатқың келсе, көмір өндірудегі тоқсандық жоспарды мезгілінде орында!» деген ұранды газетке де үсті-үстіне төпелеп жазып, әр шахтаға да ілгізіп, қызыл танау болып жатқанбыз. Соған алакөңіл болдым ба, немене, әйтеуір түнімен ұйықтай алмай шықтым. Ет жүрек кейде сезе ме деймін жаманшылықты, қобалжумен болдым. Содан ерте тұрып, мекемеге келсем, жұрт та жиналып қалған. Күтіп отырғандай-ақ, өре тұра келіп, иіліп, ілтипат көрсетіп жатыр. Бірі тұрып: «Сені бастық тосып отыр», – деді. Дегенмен мұның бірін де жаманшылыққа жорымадым: «Ет үйренген күнделікті науқан жайы шығар» деп ойладым да, кіріп бардым. Ол өзі анау-мынауға секектей бермейтін, өз бағасын түсінетін, жақынмын дегенді іші-бауырына біржола тартып та ала қоймайтын, алыспын дегенді үзілді-кесілді алшақтатып та жібере бермейтін, қайсысын болса да «ұрымтал жерің осы-ау» деген жерде ұстайтын, орнықты жырынды адам еді. Сол мінезінен басекең де айырылып қалыпты,қалбалақтап жатыр.

– Мезеке, Мезгіл жаққа барып қайтуыңа тура келе ме, әлде қайтеді?

Біз болсақ, жүріп-тұруға піскен, көнбіс адамдармыз ғой:

– Тығыз шаруа болып тұрса... – деп күмілжідім.

– Ие, ие, тығыз шаруа. Тап бүгін аттанғаның жөн. – Ол үстел тартпасынан бір қағазды суырып алды да, шиыршықтап біраз отырды. Сосын маған ұсынды.

Алсам телеграмма екен:

«Қайтсең де жет. Анаң әл үстінде. Көргісі келеді».

Мезгіл тура маған қарады. Шіркін, көз атаулы да қиян-қилы болмай ма. Мезгілдің осы бір құшық келген дөрекілеу кескінінде, ана қиықша келген монғол көзінде де жан тұнығы, аяушылық пен сенгіштік байқалатындай.

Ие, Мезгіл тура қарады маған. «Ал сосын қайттің? Анаң байғұсты көре алдың ба?» – деген сұрау қысып мен де тағат таппай отырмын.

Мезгіл менің осы ойымның үстінен түскендей.

– Мен аңырып отырып қалыппын. Қалтыраған қолыммен шиыршықталған телеграмманы уқалай берсем керек. Бастық болса, аяушылығын білдіріп жатыр.

– Қамыққанмен өнер ештеңе жоқ енді. Берік бол. Мүмкін әлдеқалай беріле салған телеграмма шығар. Мүмкін айығып та кететін болар. Осында жұрт шығарып саламыз, көмектесеміз деп қамданып жатыр, мен де солардың ішіндемін... – деген сияқты.

Обалы нешік, пейіліне рақмет. Өз қасиетің де, жора-жолдастарыңның адамгершілігі де осындайда көрінбей ме. Аянғаны болған жоқ, қолынан келгенін жасады бәрі де...

Мен, сөйтіп, жол жабдығына кірісейін деп үйге келдім де, телеграмманы әйеліме бердім. Бұл қайдағы анаң? Анаң бар ма еді сенің? – Әйелімнің бірінші сұрағы осы болды. Бұл байғұста да кінә жоқ. Мен басында балалар үйінде тәрбиелендім. Одан біраз жылды майданда өк пен оттың ортасында өткердік. Сосын институтқа түстім. Сонда жүріп сол замандасыңмен кездестім. Оқу да бітті, үйлендік. Балалы-шағалы болдық. Содан жұмысқа орналастық дегендей. Бірақ осы жылдардың ішінде «анам бар еді» деген сөзді тісімнен шығарып көрген пенде емеспін... Сол себепті қайдан кінәлі болады ол бишара. Бірақ анасынан безіп кетіпті деп жазғыра көрмеңіз. Бұл жерде менің де кінәм онша көп болмаса керек. Сөйтіп, не керек, қысқарта сөйлегенде әйеліме бар сырды осы жерде баяндадым да, маркұмның басына бір уыс топырақ салуды өзіме парыз санап, жолға аттандым.

– Көкшетауға келгесін білдім, – деп жалғады Мезгіл әңгімесін. – Мен іздеп келе жатқан үй Мезгілдің Есіл жақ шалғай шетіне жаңа қоныс тепкен тың совхозында екен. Олай қарай жүретін автобус ертемен кетіп қалған. Оны күтсем, тағы бір күнім босқа өледі. Ең абзалы такси жалдап кету болды.

Мен, сөйтіп, бір «Волғаға» отырдым да, айналып жүретін жаңа тас жолды тастап, бұрын бала шағымда талай рет шиырлап өзім жүрген ескі жолмен төте тарттым...

Мен тоқтаусыз жүріп келемін. Жүріп келе жатсам да ұстараның жүзінде отырғандаймын. Мегзеулі жерге жақындаған сайын жүрегім өрекпиді. Әуелде байқалмаған бір сезімге берілгендеймін. Көп жылдан бері көріспей жат бауыр болып кеткен осы бір адам сәт сайын қимасым болып, қымбат тартып барады. «Көре алмай қалам ба», – деп асығамын да мазасызданамын. Оған себепші – жоқ-жұтаң балалық шағымды өткерген осы бір ыстық өлке – туған жер ме деп те шамалаймын. Бір кезде бала жүрекке түскен өткен күннің із-таңбалары, қайғы-қасірет жайлары – ұлы дауа – уақыттың өз шипасымен көмескі тартқан қайғы-қасірет жайлары міне, енді дүрбіден көрінгендей тым ұлғайып, айқын елес береді де, сөнген сезімдерді қара өрттей лаулатады. – Мезгіл тағы да темекі тұтатты. Сездіргісі келмесе де, қолының қалтырағанын байқаймын. Толқып отыр. – Өрт! Өрт! – деп екі рет қайталап тынды ол. Содан кейін бері бұрылды. – Бұл даладағы қара өрт дегеннің не екенін білесіз бе?

– Әрине... өрттің аты өрт емес пе, – деп күмілжідім.

Мезгілдің қабағына кірбең ілінді. Даусы қатқылдау шықты.

– Жоқ, Тулан. Мезгілде бұрын болып көрмесеңіз, қара өрт дегеннің

не екенін білмейсіз онда. Ондаған жыл бойы ұйысып жатқан өлі қауға от тисе бітті, ақыр заманның келгені деп түсіне беріңіз. Қау дегенің лапылдап майша жанады. Қызуы қандай десеңші бет қаратпайтын.

Жолындағының бәрін де жалап, жалмайды да жылжи береді. Қыбырлаған жан иесінде ес қалмайды. Тайлытаяғымен шығып, күн алысады, түн алысады, бірақ жаһанды жалпағынан жайлап алған қара өрттің беті қайтпайды. Құдайдың дес берісінде, қара нөсер төгіп берсе, сонда ғана басылады. Әйтпесе, сеңдей соғылысқан халықтың өлгені өліп, өлмегені жан сауғалап, бетінің ауған жағына босып кете береді. Жұт жеті ағайынды десе, тап мына Мезгілдің даласы үшін сегіз ағайынды болған-ақ шығар деймін. Бала кезімізде сондай қара өрттің талайын көрдік қой.

...Міне, машина жылжып келеді. Қай тарапқа көз салмайын адамның ащы терінен жаралған егін теңізі – бұрын осы даланы басып, жаныштап өтетін сан алуан жұттарды келмеске жіберген ырыс теңізі сахара самалымен толқып, тербеледі. Көк аспанда ала шарпы бұлт көшеді. Құдды дүние, дүние болып жаралғалы аспанында дәл осылай ала шарпы бұлт көшіп, даласында дәл осылай егін толқып тұрғандай. Құдды бұл өңірде осы жарқын көріністен басқа өзге көрініс-құбылыстардың көлеңкесі түсіп, өтпеген сияқты. Ие, бұл тосын көзге, саңылауы жоқ, ойсыз көзге ғана солай. Байымдағанға талай-талай оқиғалардың талай-талай іздері жатыр мұнда.

Міне, жайқалған егін арасынан әдебір төмпелер қылаң береді. Одан әрі шөп басқан көл бар. Ал сол көлге құлай беріс қабақта зырлап өтіп жатқан заман толқынының, зырлап өтіп жатқан әр қилы адам толқындарының тоқтап, тұнып қалған бір сәті – молалар қараяды. Ана төмпелер біздің ауылдың ескі жұрты, ана молалар біздің сол ескі ауылдың моласы. Екеуінде де осы даланы жайпап өткен қара өрттің ізі бар...

Жаз болса сулы, томарлы, көлді жерлерді сағалап, Мезгілдің жан бармас түкпірлеріне қарай сұғына көшіп, ілгерілеп кете беретін біздің ауыл 1930 жылы осы «Торқа» деп аталатын шөпті көлдің ық жағынан қоныс тепті. Мен онда сегізде едім. Сегізде болсам да, сондағы көп жайлар көкірегімде бүгінгідей сайрап тұр. Әлі есімде, көктемнің жаңбырлы бір күнінде шинельді бір тапал келді. Басына оттай қызыл жұлдызы бар шлем киіп, қолына жуан портфель ұстап келгеніне дейін ұмытпаппын. Жұрт жиналып, кішкене төбені айнала отырды. Жаңағы шинельді тапал төбенің мұғар биігіне шығыш алды да, қолын олайбұлай сермеп сөйлей берді. Содан есімде қалғаны ТОЗ деген бір сөз.

Сол сол-ақ екен, үлкеннің де, кішінің де бар айтатыны ТОЗ[1] болды

[1] ТОЗ – товарищеская община земледельцев.

да кетті. Егін салса да ТОЗ, мал бағып, пішен шапса да ТОЗ. Қорақопсы, жайларды салып бітіріп, үйге енгеннен кейін әкем де:

– Біз енді ТОЗ болып ұйымдастық, – деді.

«ТОЗ-ы несі?» – деп мен ойлаймын. Мені әлде баласына ма, болмаса, айтқанды жетіп өзім түсіне алмаймын ба, қайдан білейін, әйтеуір бір пендеден тұрлаулы жауап ала алмаймын.

Әкем менің шапеті, шағын денелі қағылез кісі еді. Әрі мінезі де жұмсақ, көп сөйлеуді білмейтін-ді. Әңгіме айтқандарды кезек құптап, қиықша келген монғол көзін күлімдетіп үн-түнсіз отыра беретіні көз алдымда.

Өзі де бір бақ деген малды бағып, істе деген шаруаны істеп жүре беретін көлденең сөзде жұмысы жоқ, қой аузынан шөп алмастың өзі еді. Сонысына бағып көп айтып анықтауға еріне ме, болмаса, өзі де айқын түсініп жетпеген бе, кім білсін, ол да:

– ТОЗ деген ол кәдуілгі ТОЗ-дағы, – деп жауап береді.

Қысқасы, біздің ауыл, сөйтіп, ТОЗ болып ұйымдасты. Трактор деген болса да жоқ ол кезде. Дегенмен сирек көретін басқа саймандардың бірсыпырасы – ат сеялкасы бричка деймісің, шөп жинайтын ат тырнауышы, соқа-саймандар деймісің, әйтеуір ауыл қотанына жинала берді. Қайдан келіп жатқанын да жөндеп білмеймін. Жалғыз-ақ, «Ана Әлти байдың көк бірішкесін жек те, шөпке бар», «Ана Тырнауық байдың көк қасқасымен өкілді сыртқы ауылға апарып сал!» деп әкеме арнап жиі айтылатын тұжырымды бұйрықтардан ғана «е, бұл байлардың дүниесі екен ғой» деп шамалаймын. Ол, тегі, қазіргі ойым болса керек, өйткені сегіз жасар баланың ненің қайдан келіп, қайда кетіп жатқанында не шаруасы болады дейсің. Жалғыз-ақ менің есімнен кетпейтіні сол жылғы жаздың айырықша ыстық болғаны. Ойпырай, бұл жерде сондай ыстық болады екен-ау. Құбыладан соққан аңызақ жер-дүниені күйдіріп, қаусатып жатты. ТОЗ болып, бірлесіп салған, аз егінге қарасаң, ішің ашиды. Сүт күйінде сабағы құрап, дәл салмаған масағы сарғая қуырылып, жел өтінде елбектейді де тұрады. Ала жаздай сазарып бір тамбай қойған күн реңкі тым бұзық. Содан түршіге сескенген жұрт аузында:

– Жыл репеті жақсы емес. Қыс ау-жайы қалай болар екен?

– Құдай сақтасын да, бір сіреңке басы ұшып түссе, Мезгілдің даласында жалғыз түп көде қалады деп ойлама!

– Қағына тиеді дей бер.

– Кезектесіп күзет қойған жөн. Сақ болған жөн.

– Өңшең тобырлар жиылып ТОЗ құрыпты, тоздырып жіберу керек дейтін көрінеді өшіккен байлар. Қарап қалады дейсің бе?

Ескі күнді еске алса жұрт: «Біздің елде ана бай, мына бай болған» десіп жатады. Ал мен болсам, тумысымда бір байды кездестіріп көрген

емен. Содан да «бай» десе, зәрем ұшады. «Бай» дегеннің кім болатынын да білмейтін болсам керек онда. «Бай», «бай» деп жұрт жамандай беретін болғандықтан ба, әйтеуір ол маған кездескенді жалмап, жұта беретін аждаһа сияқты елестейтін-ді. Сол үрейдің салдары ғой деймін, жұрт сөзін тыңдасам, жүрегім тітіренеді. Көрінбейтін бір құбыжық ақырын жылжып келе жатқан сияқтанады маған...

Әлі есімде, желді, аңызақ күн еді. Кеш түсті. Жалқынды өрттей қызарып, зорайып барып күн батты. Дүние алаулай мұнартып түтіндеп тұрды. Үйге төсек салынды, мен жатқанымды ғана білемін. Содан ояна келсем, әкемнің қолында жүрмін. Төңірек самаладай. Ащы түтін иісі шығады. Айнала орап, қаулай жанып қара өрт келеді. Бет бақтырмас алды – біздің ауыл. Арты қара түннің өзіндей қап-қара үңірейген жоқтық. Екілене ішін тартып, жел соғады. Жел соққан сайын алтын найзалар жарқжұрқ етіп ырғып-ырғып түседі де, дуылдай жөнеледі. Қарғып, қораларға шығып жатыр. Кеше ғана еңбекпен тұрғызған мекен-жайлар міне енді көз алдымда күтір-күтір, күрс-күрс құлай бастады. Қора арқалықтарын ораған сұғанақ жалын тілдері соққан желдің күшімен қарманарға ештеңе таба алмағандай, бір ауық созыла дірілдеп, жаландап тұрады да, үзіліп барып, алдағы тың жерге жабыса қалады. Содан кейін тағы да дүр етіп қоздап, балалап жатқаны.

Төңірек шуға толы, азан-қазан. Шәуілдеп ит үреді. Әйелдер зарлайды. Барлығып еркектер айқайлайды.

Мен де әкемнің қойнында жылап жүрмін. Біздің үйдің терезесінен жалын сумаңдай бастады. Содан қорқамын ба, дауыстап апамды іздеймін. Бірақ қайтып көруге жазбапты оны маған. Кейін білдім ғой, «ақсұңқар балапаны үшін торға түседі» демей ме, жаңылыстан мені үйде қалды деп ойлап, лаулаған оттың ішіне қойып кеткен де, содан қайтып шықпаған.

– Сөйтіп, апам сорлы тағдыр ойыншығы есепті, қайғылы жаңсақтықтың құрбаны болып кетті... Мен, сөйтіп, апамнан айырылдым. Бала кездің қуанышы да, қайғысы да тамырсыз, негізсіз келеді. Тез тарқайды дейді ғой. Мен осыны теріс ұғым ба деп шамалаймын. Өйткені қанша жұрт жиналды. Мола басына қалай бардық, бәрі де есімде. Тіпті апамның қыр мұрынды қызыл жүзі, қалың келген қара қасы, басын әнтек бұрып төмен отырып күлгенде көрінетін ақ тістері де көз алдымда. Мен оны ұмыта алмадым. Біреуден жәбір көрсем де, қарным ашса да, әкемнен қалып қойсам да үнемі есіме апам түседі де, боздай беремін. Ал біреу-міреу шақырып алып, қолыма бір үзім нан ұстатса, «алда байғұс-ай!» деп арқамнан қақса, қайғы-қасіреттің бәрі ұмыт болған сияқтанады. Асыр салып, ойнап кете барамын. Ол бірақ көпке бармайды, жетімдік бұлты тез келіп қайта орнайды.

Дегенмен жер дүниені жайпап кеткен осы бір өрттен кейін ТОЗ

өмірінде де, менің өмірімде де үлкен-үлкен өзгерістер болды. Маялаған пішені мен тірі тұрған егінін, үй-жайы мен шаруашылық құралдарын өртке берген соң ТОЗ-да не күй қалды дейсің, тозып кетті. Ал мен болсам...

Осы кезде поезд жүрісі бәсеңдей берді де, кішігірім станцияға келіп тоқтады. Мана біз келгенде қарсы алдымыздағы күн шырқап төбеге шығып алыпты. Мезгіл сағатына қарады.

– Ehe, тәуір-ақ отырыппыз ғой. Қарияны тамақтандыратын уақыт та болған екен. Мен шай апарып беріп келейін, – деп ширақ басып шығып кетті.

Оңаша қалғандықтан ба, мен ала көңіл болып отырмын. «Бір анасы өліпті, бір анасын іздеп бара жатыр. Бір қарияны ертіп келе жатыр. Бәрі де жұмбақ болып барады», – деп ойлаймын.

***

Сөйтіп, мен ойда жоқта жетім болып шыға келдім, ал ТОЗ болса, тозып кетті, – деп жалғады Мезгіл әңгімесін поезд қозғалып кеткен соң. – Бірақ ТОЗ-дың жарасы жеңіл болды. Қайта сол төңіректегі талай ТОЗ-дар, талай ауылдар жиналып, келер жылы «Майбалық» деген қайран көлдің жағасына жаңа қоныс тепті, колхоз болып ұйымдасты. Қызыл шатырлы, көк шатырлы биік-биік үйлер көбейді. Күнде жиын болады, қызу-қызу сөздер айтылып жатады. Ақ көбік болып аттар сабылады. Ел-елдің арасында шапқындар жосылады. Ізін құрғатпай өкілдер жүреді, портфель ұстап, мылтық асынып, соттар келеді жуан-жуан папкаларды арқалап. Ойын-той, думандар да көп. Болып жатқан бұл қызба, ал көрініс-құбылыстардың көбіне мен түсінбеймін. Сонда да ел өмірінде қауырт бір өзгерістердің болып жатқанын аңдасам керек. Міне, тозған ТОЗ-дың ақыры осылай өрге тартты.

Ал менің халім мүлде мүшкіл. Әкем жұмысқа кетеді. Мен үйде жалғыз қала алмаймын. Қайда барса да қасындамын. Шешенің жоқтығынан маған да, үй ішіне де жүдеушілік кіре бастағанға ұқсайды. Оны иіні жыртылған көйлегімнен, бұрыш-бұрышта салбырап тұратын өрмекші сілбісінен, әкемнің қабағынан аңғарамын. Үндемейді, күлмейді. Осындайда сап етіп апам түседі есіме. Сағынамын. Көршідегі үйдің терезесінен пешінде маздап жанған отты көрсем де көңілім жүдеп, жасып қаламын. Мына қас-көйлекті қойсаңшы, әкем екеуміз болып тұтатқан тезектің бықсымай, түтіндемей ана сияқты маздап жанатын бір күні жоқ. Пешке басты тығып жіберіп, өңештей үрлеп үнемі қызыл кеңірдек боламыз да жатамыз.

Өсти-өсти күндер де өте берді. Жылауық бұлтты күз түсті. Қилы адамдарға қилы-қилы тағдыр дайындап отыз бірінші жылдың аты шулы қысы да таянып келе жатты.

Себелеп жаңбыр бүркеді. Дүние күңгірт, жабыңқы. Қыс келерін танытар ызғар бар ауада. Суға малшынған қамыс қораның ығында құлағын салбырата жусап аққаптал бір арық ат тұр. Белсенділерден ығыр болған ба, кім білсін, мені көріп қаға беріске қарай айнала береді. Жауырда менің не шаруам бар. Өз әлегім өзімде. Кітабымды арқалап, мектептен келемін. Тоңып келем. Жамбастап қалған көн етігім бар. Қопарылған ұлтаны қайырылып қалмасын деп аяғымды көтеріп басамын. Жер лайсаң. Етіктің іші одан да өткін. Жалаң аяқ саман үйдің лайын басып жүрген сияқтымын. Қорс-қорс етеді.

Үйде әкем жоқ. Ертемен тұрып басқа бір колхозға кеткен. Қасында колхоз ісіне араласып, белсенді атанып жүрген Нұрым деген жақынымыз бар. Қайда әкетсе де сол әкетті.

Мен лай басып үйге жақындадым. Сұсты, суық үйге кіргім де келмейді. Міне, терезе алдынан өттім. Кенет пеште жанған отты көрдім. Тағы да өрт екен ғой деп жүрегім су етті. Бірақ түтін дегенің мұржадан шығып жатыр. Бықсып жанған оттың түтіні емес, дауылдап жанған оттың түтіні. Түйін-түйін, буын-буын болып будақтап шығады. «Кім келіп жақты екен? Әлде әкем бе екен?» деген оймен үйге кірдім... Пеш қасында бір әйел отыр. Басында қызыл шәлі. Үстінде батсайы қамзол. Пеш қойнында сары самауыр ызылдайды. Үй іші жып-жылы. Бірақ әкем жоқ. Бейтаныс әйелден басқа бір пенде жоқ. Мен есік алдында боқшамды ұстап, адырая қарап аңырып қалдым.

– Сен Мезгілмісің! Өй, айналайын, келе ғой, – деді әйел. Сонан соң бетімнен сүйді. Қолыма бір түйір қант ұстатты. – Тоңдың ғой, кел, жылына ғой.

Менде үн жоқ. «Қолы да жұмсақ, сөзі де жұмсақ бұл кім? Әлде мен білмейтін жақын жекжат, нағашылардың бірі ме?» Мен бірақ кімсің демедім. Ол да пәленмін деп айтпады. Далаға шықтым. Келдібай дейтін жырық танау бір даукес бала болатын. Сол кездесе кетті де, жаңалықты табан аузында жеткізді.

– Әкең қатын әкелді. Көрдің бе, ей?

«Әкем әйел алады-ау» – дегенді мүлде ойламасам керек, жырық танаудың сөзі жай түскендей болды. Жүрегім ауырып жүре берді. Содан күн ұзақ үйге жоламадым. Етік ішіндегі лайды былш-былш басып, қора төңірегінде жүрдім де қойдым. Бәрінен бұрын әкемді қызғанамын. Сөйтіп жүргенде кеш түсті. Ауыл-үйдің Нұрым бастаған бірер адамы келді. Қазанға ас салынды. Әкем байғұс бұрынғыдай емес сияқты. «Осы баяғыда...» – деп әңгімені баяғыдан бастап, көтеріле сөйлеп отыр. Әкем жайдарыланған соң, менің де ауруым тарқай бастаған секілді. Қисайып жатып, қазан-ошақ жаққа қараймын. Ол бір ығыр еткен дүние еді мені. Енді әйел қолына тигені ептеп мақтаныш та сияқты ма қалай.

Ауылды жерде таң сарғаймай тамақ пісе ме, солай жатып ұйықтап та қалыппын. Ояна келсем, жым-жырт, қап-қараңғы. Қасымда әкем жоқ, жалғызбын.

– Әке! Қайдасың, әке? – дедім шошынып.

– Жата ғой, жаным, мен осындамын. – Әкем қозғалатын емес. Бір жарым жыл бойы қойнында жатып, бауыр басып, иісін алып қалғандық болса керек, қармалап жүріп қасына бардым. Ойымда түк те жоқ. «Неге жалғыз қалдырған?» – деймін қайта. Барсам, ар жағында теңкиіп біреу жатыр. Кенет жырық танау ойыма сап ете түсті: «Әкең қатын әкелді. Көрдің бе, ей?» – Көрдім. Міне, енді көрдім.

– Мынау кім, әке? – деп сұрадым білсем де.

– Ол сенің Бибігүл анаң. Саған апа бола келді осында.

– Ие, саған, апам емес. Біреудің апасы апа болмайды маған. Кетсінші әрі. – Намыстанып жатырмын. Ертең жырық танау Келдібай: «Әкең ана алып келген қатынның жанына жатты. Сен ұйықтап қалдың. Ұйқышы-л», – деп мазақтарында дау жоқ. Мен екеуінің арасына түстім де, әкемді қатты құшақтап жатып алдым.

...Ояна келсем, сәске түс. Төсекте әкем жоқ, терезеден қаруы қайтқан күз күні сығалайды. Сонан ба, үй іші көңілді, сергек сезілетіндей. Оң жақта батсайы шымылдық желбірейді. Сондай сәнді. Пештің қара қожалақ күйесі де жоқ, шаңқандай ақ тартып, жалтырайды. От та маздап, қыза жанып жатыр. Еден де кірден тазарып қалған. Қысқасы, бір құдіретті қолдың күшімен үй де, күн де өзгеріп, айрықша нұрланып кетіпті. Кенет қазан-ошақ жағынан біреудің жүргені естілді. Сары самауыр күжілдейді. Маған: «Сені күтіп күжілдеймін, түрегел», – дейтін сияқты. Көзімді салсам, көк көйлекті біреу жүр. Кәуділгі менің апам. Жүріс-тұрысы, айна-қатесіз аумайды. «Апа!» – деп дауыстап жібере жаздап тоқтадым. Жоқ, ол апам емес, кешегі әйел, түндегі Бибігүл дейтін әйел.

Мен түрегелдім. Қарсы алдымда жылы жүзбен күле қарап Бибігүл тұр. Тым қызғаншақ екенсің. Әкеңді қызғанып сомадай болып... ұятай! – деп күле ме, кім білсін. Мен төмен қарадым.

– Ана үстіңдегілерді шеш те, мынаны ки! – деп ол қасыма бір түйіншекті тастады. – Тез киін де, түрегел, шәйің суып қалады.

Түйіншекті жазсам, жаңа тігілген көйлек пен дамбал екен. Жаңа пәрсені көрмегеніме қанша болды десеңші, қуанғанымнан жүрегім дүрсілдеді. Тез киіп алдым да, шайға отырдым. Пеште дүрілдеп от жанып жатыр. Бибігүл менің ескі көйлек-дамбалымды, домалақтап алды да, отқа ұрды.

– Бар қырсық осымен кетсін!

Мен отқа қарап отырмын. Ол шай құйып беріп отыр. Екеумізде де үн жоқ. Пеш ішінде торсылдап, борсылдап менің құрым болып кеткен

көйлек-дамбалым жанып жатыр. Қызық-ай, ескі киім дегенің отқа салса, тезек сияқты бықсымай, қамыс сияқты лапылдамай, бытырлап-шытырлап жанады екен ғой. Оны кім білген!

Ол бірінші болып үн қатты:

– Ана желқомнан басқа көйлегің жоқ па еді? Неге жырым-жырым болған соншама?

– Жоқ. Апам барда көп болатын. Бәрі де жыртылып қалды.

– Апаң қайда?

«Білмейтін шығарсың!» – деп қойдым ішімнен.

– Өліп қалған, – деп келте жауап бердім.

Бибігүл күрсініп қойды.

– Сенде апа жоқ, менде бала жоқ...

– Балаң қайда? – дедім оқыстан, ойланбастан.

Ол да жауапты келте қайырды.

– Өліп қалған...

Кенет менің көз алдыма өрт елестеді. Неге екенін кім білсін, оның баласы да менің апама ұқсап, анасын іздеп жүріп от ішінде қалған сияқтанды.

Әлде өлген баласын есіне алды ма, болмаса басқа қайғысы бар ма, қайдан білейін, төмен салған басымды көтерсем, Бибігүлдің көз шарасы жасқа толып, мөлдіреп тұр екен. Бұл бейшараның халі менен де жаман екен деймін бе, әйтеуір, көңілімде оған деген бір аяушылық пайда болды.

– Апаңның жоғын естігенмін, – деді ол. – Ести тұра әдейі келдім, бала етіп алайын деп келдім.

Мен үндемедім. «Бала болмаймын!» – деп айта алмадым. Бірақ бала мінез дегенді қойсаңызшы, осы күні ойласам күлкім келеді. Отырып, отырып:

– Бірақ әкемнің қасына жатпайсың. Өйтіп апа болмайды. Сен түгіл өйтіп апам да жатып көрген емес, – деппін.

Бибігүл күлді:

– Ол рас, өйтіп апа болмайды.

Бірақ қазір күлкі болса да, ол кезде шын көңілім сол ғой. Көлденең біреу келіп бар сенген әкеңнің жанына теңкиіп жатып алса, енді қайтесің? Ол соны ұқты ғой деймін. Менің дегенімді істейтін болды. Мен оған «бала болам, айтқан сөзіңді тыңдаймын», – деп уәде бердім. Содан кейін о да, мен де анттан тайып көрген емеспіз. – Мезгіл тағы да езу тартты. – Маған білдірмей бұзса өзі біледі, ал көзімше әкеме бір таянған кезін байқаған емеспін. Сол себепті, өгей шешенің айтқанын мен де қайталатып көрмедім.

Сөйтіп, мен өгей шешеммен осылай таныстым. Жай шарттасқанмен адам көңіліне күдік деген кіре береді екен ғой. Көпке дейін бауыр ба-

сып кете алмай жүрдім. Сәл нәрседен кісі киікше секем алып, состиып қаламын. Өстіп күндер өтіп жатты.

Бір күні бір топ бала асық ойнадық. Ішінде жырық танау Келдібай да бар. Мен оның асығын ұтып алдым. Ол менің жағамнан алды:

– Асығымды қайтар. Мен өтірік ойнасам, сен шындайсың.

– Жібер деймін, көйлегімді жыртасың.

– Ол сенің көйлегің емес. Әкеңнің қатыны берген саған. Бер асығымды, – деп Келдібай жағамнан тартып қалып қақ айырды да, тұра қашты. Мен әудем жерге жібермедім, қуып жеттім де, желкеден бірді қондырып қалпақтай ұшырдым.

– Ал, жырық танау, саған керегі осы ғой, – деп үстіне мініп алып, төмпештей бастадым.

– Ал саған керегі ше? – құлағым тызылдап әкетіп барады. Жалт қарасам, жырық танаудың ағасы:

– Ә, қалқан құлақ, әлім жетті деген қалай екен?!

– Өзі неге тиіседі кісіге?

Келдібайдың ағасы мені тұрғызып алды да, кеудемнен түйіп кеп жіберді. Он төрт, он беске келіп қалған сойталдай немеге мен төтеп бере алайын ба, шалқамнан түстім. Сол кезде Бибігүлдің даусы шықты:

– Бұл жетімек сорлыны өлтірейін деп пе едіңдер-әй, екеулеп?.. – деп жүгіріп келді де, Келдібайдың ағасын шапалақпен сарт еткізді. – Ендігәрі бұлай істесең сирағыңды қыркамын, білдің бе. Соқтыққандарыңның соңы осы болсын.

Менің төбем көкке жетті. Ол маған қара ағаштай пана екен ғой.

Сөйткенше болмады. Бибігүл мені сүйрей жетелеп үйге кірді.

– Өзіңде де бар. Неге соқтығасың сол содырларға! – деп ал кеп ұрыс. Мен «мұнысы несі?» деп жаутаңдап тұрмын. Бірақ байқаймын, зілі жоқ секілді. Жек көріп, жекіп ұрыспайды, таяқ жедің деп аяп, жаны ашып ұрсады. Кәдуілгі өз апамның ұрысқаны сияқты. Мен оны құшақтай алдым да, өксіп жылап жібердім. Бибігүл кеудемнен итермеді. Қайта өз анама ұқсап бауырына тартты. Байқасам, оның да көзінде жас тұр. Мен сонда ол екеуміздің мұңдас жандар екенімізді ұқсам керек, әйтеуір бар балалық сезіміммен біржола құлай берілдім.

Кейін білдім, Бибігүл де сіңірі шыққан кедейдің қызы екен. Он бес жасында зорлықпен бір бай шалға әйел үстіне тоқал болып барыпты. Содан жүре-бара бір бала көтерген екен, үш жасқа жетпей ауырып өлген. Ал бай 28-ші жылы конфескеге ілінген соң, бұл байғұс басына бостандық алып, босап шығыпты. Бірақ мұны кейін білдім дедім ғой. Мұндас дегенде мен оны аяп жүр дейсің бе. Бала махаббаты деген үлкендердің өзіне қалай қарайтынына қарай тумай ма. Бұл әйелден сондай бір жылы сезімді, жұмсақ алақанды байқасам керек.

Сөйтіп, мен өгей шешеммен осылай табыстым.

Бибігүл маған шын мағынасында ана бола білді. Мен оған бала болуға тырыстым. «Өгей шеше...» – десе көптің ұғымында бір ғана жәбір-жапа, ұрыс-керіс тұрады. Мен мұны бір жақты үстірт ұғым демекпін. Қазір өз бойымда көзге түсер жағымды бір қасиет бар болса, сол өгей шешемнен келген қасиет деп білемін. «Көре алсам жарар еді!» – деп тағат таппай асығып келе жатқаным да содан болса керек.

Мен шыдай алмадым:

– Сол жақсы көрген анаңыздан қайтып ажырасып қалдыңыз? Әйеліңізге «анам бар еді» деп айтпағаныңыздың мәні қалай? – деп сұрадым.

Мезгіл ойлана отырып қалды. Қолайсыз сұрақ қойып ренжітіп алдым ба деп менде де маза жоқ. «Өзі айтса айтты, айтпаса не шаруам бар еді қазбалап?!» – деп өкінемін. Ебін таппаған тұз жалайдының кері болып, сасқанымнан терезеге қараймын. Манағыдай емес, жер бедері де өзгерген. Жазық далалар ауысып бел-белестер, адыр-төбелер көбейе бастады. «Тегі, Мезгілдің даласынан өтіп кетсек керек», – деп ойлаймын.

– Бұл даладағы жынды боранның не екенін түсінесің бе, Тулан? – деп сұрады Мезгіл оқыстан.

«Әрине, боранның аты боран емес пе?!» – дегім келіп бір тұрдым да, манағы өрт жайындағы жауабым есіме түсіп, тоқтап қалдым.

– Жоқ, былай естігенім болмаса...

– Бәсе, білмейсіз. Өй, сойқан ғой ол бір. Қара өрт дегенің түк емес мұның жанында. Одан әйтеуір жол тауып құтылуға болады ғой. Ал мына жынды боранның қармағына бір іліксең, тірі шығуың жоқ. Жоқ, жұт сегіз ағайынды емес, тоғыз ағайынды болған мына Мезгілдің даласында. Айлап соққан ақ түтек толастамайды-ау! Жер мен көк астасып, ақ кебінге оранып алады да, құтырына ұйтқиды кеп. Осындайда сыртқа шықсаң болды, көз алдыңда қарайып, қалқайып көрінген көрші үйлерден табан астында көз жазасың да, ақ сұрқай қоймалжың бір зәһәрлі дүниенің ішіне еніп жүре бересің... Үйде отырып та рақат таба алмайсың. Шөккен пілге ұқсап терезе алдында тау-тау қар тұрады. Әр қилы өрнек салып әйнекке қалың қырау қатады. Күн тал түс болса да, өз үйің өткен түннің бір бөлшегін жасыра тығып, ұстап қалғандай, тым қараңғы тартады. Сырттан кіргенде көзің үйренгенше әр нәрсені бір қарманып, мүгедек боласың да қаласың. Пеш мұржасы әлденені азалап, ертеңді-кеш ұлиды кеп. Жүрегіңді тырналайды. Айналаң гулеген жел болады. Пеш маңынан басқа баспана таппайсың тіпті.

«Анаңыздан қайтіп ажырастыңыз?» – деп сұрадың ғой жаңа. Айтайын. Мен ол кісіден сол жылы осындай бір жынды боранда адасып қалдым. Туған шешемді Мезгілдің өрті алды, өгей шешемді Мезгілдің бораны әкетті...

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

92-2

Осы кезде поезд бір станцияға келіп тоқтады. Ресторанға лап қойған аумақты топ буфетті қоршалап алды да, сыра сұрап, арақ сұрап дабырласа бастады.

– Далаға шығып аз-кем бой жазсақ қайтеді? – деді Мезгіл.

Мен қарсылық жасамадым. «Е, мына өзімен бірге келе жатқан қария – сол Бибігүл шешесі болды ғой» – деп мен де қозғалдым. «Бірақ, әлгінде Бишәм демеп пе еді? – деген тағы да бір ой келеді. – Бұл әлде үшінші анасы болды ма екен?»

* * *

Поезд тағы да ілгері жылжыды. Біз тағы да баяғы орнымызға келіп отырдық.

– Ол заманда зорлық-зомбылық дегенде шек болған ба, менің әкем жәбір көрсе, өз ағайындарынан көріпті, – деді Мезгіл. – Бойдақ кезінде әлді ағайындарының малын бағып, отын-суын тасығаны өз алдына, кейін отау болып оңаша шыққасын да, «бәрекелде, бетіңнен жарылқасын!» дегенді ести алмаған. Шабындық бөлінсе, жердің тазшақатты жерлерін беріпті. Ал егін салса, «алған соқа-сайманыңның майы, мінген көлігіңнің майы» – деп, түскен шығымның молын өздеріне алыпты. Ананың кезегі, мынаның кезегі дейтіндердің бәрі де қит етсе Қойшыбайдікі бола қалады. Үй ішінің «әрі отыр, бері отыры» сияқты жақындарынан көрген жапасы итермеледі ме, әлде қараңғы болса да заман ауқымын бағдарлай білді ме, әйтеуір, Қойшыекеңнің жалғыз аты мен жалғыз сиырын ортаға салып, колхозға бірінші болып кіргенін білемін.

– Ағайын арасында артық-кем деген болмайды. Бәріміз де жұмылып жұмыс істейміз. Бірлестік, теңестік деген осы, – деді ол мүше болып келген күні қуанып. Әке қуанса бірдемені біліп қуанады да. Біз қайтып қағас қаламыз. «Өзімдікі» деген қаншық ит ол заман түгіл, осы күннің өзінде де әркімнің ішінде күшіктеп жатпай ма, қорамыздан мал кеткенге жанымыз ептеп ауырды. Сонда да өгей шешеміз екеуіміз болып біз де қуаттап, мақұл десіп жатырмыз.

Әкем әуелі орталықтың малын бақты. Анам орталықтың сиырын сауды. Содан кейін екеуі де сарайға ауысты. Ол кезде машина дегенің түске енген бе, әкем үш сырғауылды мосы етіп асып алады да, ертеден қара кешке дейін қол елеуішпен бидай елейді. Қойшыекең бойы шырға болса да, аса қарулы, жиын-тойларда күреске түсіп, белдескенді жығып жүретін, балуан атанған кісі еді, бір қажымайды. Шаңырақтай үлкен елеуіш толған бидайды тағандап тұрып алып шайқай береді, шайқай береді. Қас қарая қолына киіз кітабын ұстап есепші келеді де: «Бүгін Қойшыекең пәлен еңбек күн тапты, пәлен тонна тұқым қорын

газалады. Сөйтіп колхоз құрылысының жауларына пәлен тонна соққы берді. Жарады!» – дейді мақтап. Есепші әкемді осылай мақтаса, мен шешем үшін қалай мақтануым керек екенін таба алмаймын. Өйткені әкем пәлен тонна тұқым қорын елеп, колхоз құрылысының жауларына пәлен тонна соққы берсе, сол пәлен тонналарды бір сарайдан шелектеп тасып елеуішке салатын да, одан шыққан соң екінші сарайға тасып апарып құятын да менің өгей шешем. Әйтеуір бірді бірге қосса, екеу болатынын білемін де. Бибігүл апам екі әкенің жұмысын атқарып жүр деп бағалаймын.

Күн сайын тонналап ақталған соң шыдасын ба, көп кешікпей тазармаған бидай қалмады. Ал колхоз құрылысының жаулары қайтсе де құрып кете қоймады.

...Толассыз жынды боран соғады. Сондай түндерді баспаналап төрт аяқты, екі аяқты аш бөрілер жортады Мезгілдің даласында. Олар колхоздың малын ториды. Олар колхоздың сарайларын ториды. Қыбын тапса қарап қалмайды, атады, шабады, соққыға жығады, сөйтеді де айдап әкетеді, арбалап әкетеді.

Осындай шабыншылықтан ығыр болған колхоз белсенділері күзетшілерді сенімді деген адамдардан қояды. Сол сенімді дегеннің бірі менің әкем болыпты.

Ол бір күні кеңсеге шақырылды. Ауданнан келген тұрақты өкіл – Жүсіптің өзі шақырған. «Өзі» дейтін себебім бар: Диктатор болу үшін қол астындағы халықтың аз-көбі, қарайтын жердің көлемді-көлемсізі есеп емес пе деймін. Бір диктатор бар, миллиондаған халықты билеп, мыңдаған шақырым жерге әмірін жүргізіп отырса да місе тұтпайды. Басқа елдерге, басқа жерлерге көз алартумен болады. Ал екінші диктатор бар, қол астында елуалпыс құралпы үй болса басқаны іздемейді. Ондайлар соған разы.

Жүсіп біздің ауылдағы сондай «айдағаны төрт ешкі, ысқырығы жер жаратын» кішкене «диктатор» еді. Ең алдымен оның ауылға қалай келгені менің күні бүгінге дейін есімде. Үш ат жегіп, екі иығына айқарып екі винтовка асынып келді. Келді де шапқылап жүріп көшелерді аралады, көшелерді аралап жүріп, тарсылдатып мылтық атты. Сырттағылар қашып үйге тығылды, үйдегілер «не сұмдық болып қалды» деп, босып далаға шықты.

Осыдан кейін үй жаппай тінту басталды. Не жоқ іздейтінін кім білсін, Қаһар Жүсіп күнде ертемен көшенің бір басынан түседі де, астан-кестеңін шығарады. Көрпе-жастық, төсек,-орын жұлынған тауықтай бұрқырап терезеден сыртқа лақтырылады. Пеш қиратылады. Есіктердің топсасы жұлынады. Үлкен болсын, кіші болсын, бәрі де далаға шығарылады. Ақ қарда сөйлеуге аузы келмей кемсеңдеп кемпір-шал мен жас нәрестелерге қарайтын бір пенде табылмайды. Осы күні

келмеске кеткен сол бір көріністерді ойлаймын да, қайран қаламын, Тулан. Жәбірлеуші де, жәбірленуші де адамға тән сезімдерден ада секілді. Жәбірлеушінің бойынан: «Ертең осы үйдің халі не болады? Шиеттей балалары бар екен, аштан өліп қалмас па?» – деген аяушылық сезілмейді. Қолына түскеннің бәрін де сыпырып алып, кеңсеге қарай аттандыра береді. Осымен тынса жақсы ғой. Тынбайды ғой мұнымен. Қора мен шошала кертесінен азын-аулақ ұн шыққан, қарынға салған майы мен ет шыққан үй тайлы-таяғымен жауапқа шақырылады. Қайдан алса одан алсын, шындығы керек болмайды. «Ұрлап алдым, жасырып, сойып алдым» – дегенді мойындағанша, тартатын азап пен жазада толас жоқ. Суық шошалаға қамаған талай ана мен талай балалардың жан тапсырғанын көзіммен көрдім, Тулан. Ойласаң, денең мұздайды тіпті. Хайуан екеш хайуан да нәсіл қалдыруға тырысады екен ғой. Нәсіл қалдырмаса, тұқым-ұрпағымен құрып кететінін о да біледі. Қазір жер шарында екі жарым миллиард халық бар дейміз. Егер сол екі жарым миллиардтың өнім-өсімін елу-ақ жылға тоқтатар болса, жер бетінде бір пенде қалмайды екен. Адамзат ұрпағы құрып кетпек! Көз жүгіртші, Тулан, осыған. Өзі қонақтап отырған бұтақты аралаған Қаһар Жүсіпті не деуге болады?! Қарғыстың қандайы бар оған лайық? Хайуан дермісің, мал дермісің?!

Ал жәбірленуші ше? Бұл да бір осы күнге дейін шеше алмай қойған жұмбақ сырым: бір үйлі жан болып, ошарылып, талғажау етіп отырған көжелігін тартып алып кетіп бара жатқанға даусын шығарып тіл қатар бірі жоқ қой. Ертең аштан өлерін біледі. Біле тұра үндемейді. Жалынбайды. Жағынбайды. Томсарған күйде қала береді. Олар қайырсадақа сұрауды да білмейді. Бала болсам да, бүгінгідей көз алдымда. Аштықтан көзінің алды күлтеленіп, аяқ-қолы, ісініп, бұралып жатқандардың талайын көрдім сол қыста. Бірдеме берсең алады, жейді. Бірақ өз бетімен қолын сөзбайды. Ештеңені дәметпейді де. Өңменіңнен өтер өткір көзін бірдемеге мағынасыз қадап жата береді. Бұл не нәрсе, Тулан? Ерлік пе? Әлде ездік пе? Береген қолым алаған демеуші ме еді халық? Бар күнінде қонақжай дарқан пенделердің өлім аузында басқадан түк дәметпеуін, дәметпей жатып жан тапсыруын қалай түсінуге болады? Жұмбақ бұл маған. Күні бүгінге дейін жұмбақ.

Бірді айтып бірге кете беремін, Тулан. Адам болған соң, көкейде жүрген сыр ғой бұл. Енді Қаһар Жүсіптің өзіне оралайық. Ие, менің әкемді сол Жүсекеңнің өзі шақырған.

– Сен кімсің?

– Мен, Қо-Қойшыбаймын...

– Қой бағып жүріп, байып кетсін деп қойған ғой. Ниетінің жаманын қарашы. Байлармен байланысың жоқ па?

– Жо-жоқ...

– Жоқ болса, бар. Колхоз сарайын күзетесің. Байқа, қақпа алдынан құс жорғалап өтсе, жақсылық көремін деп ойлама! – деп Жүсекең алты атарын суырып алып әкеме кезенген.

Қойшыекеңде «жоқ болмайды» – деген болған ба, «колхоз сарайын күзетсем, күзетейін», – дейді ғой әрине.

Сөйтіп, менің әкем күзетке шықты. «Күзетсем, күзетейін» дегенімен, Қойшыекеңнің тапсырылған жұмысқа сүлесоқ бола алмайтыны тағы бар ғой. Күн демейді, түн демейді, сарай маңынан аяғын аттап баспайды. «Жүсекеңнің өзі айтты ғой, құс жорғалап өтсе, расында да ұят болар», – деп жүреді де қояды. Өйтуіне тағы бір себеп, күзде құйған тұқым қорының қыс ортасында жарым-жартысы жоқ болып шығыпты. Сарай төңірегіндегілердің күзетшіге дейін түгел ауыстырылуының мәні де осында. Содан кейін, қайдан келіп жатқанын кім білсін, колхоз сарайына шана-шана бидай келіп түсіріле бастады. Ашыққан жұрт осы шаналарды, шанада теңкиіп жатқан алаша қаптарды торуылдайды. Сол кезде сап етіп Қаһар Жүсіптің өзі жетіп келеді де, бала демейді, шаға демейді, қамшының астына алады. «Мына иттерді неге қумайсың?!» – деп әкеме ақырады. Ал Қойшыекең болса, үндемейді. Тұтас алашадан тігілген қанар қаптардың аузын шешіп, тұқымдық бидайды шелектеп таси береді.

Бір күні осындай бір іс үстінде тағы да Қаһар Жүсіп келді.

– Мына шелекпен не өнеді. Қаптап неге тасымайсыңдар? – деп кілтші Нұрымға төнді.

– Бұл қап емес, алаша ғой, кім көтере алады дейсің, Жүсеке... – дейді Нұрым ақырын ғана.

Қаһар Жүсіп менің әкеме бажырая қарады:

– Әй, Қойшыбай, сені жұрт мықты дейді ғой. Мына алашаны көтеріп сарайға жеткізші, кәне, ақысына бір бұт бидай аласың.

Әкем «рас па?» дегендей кішкене көзін күлімдете қарады. Бұл кезде біздің үйде де қаптың тақырланып қалған кезі еді, итермелеген сол жай ма, тайынар емес.

– Неге қарайсың? Рас айтам. Бір бұт таза бидай аласың.

– Көтерсем, көтерейін. Тек демесіп, иығыма салып жіберетін болсын.

Менің жүрегім су ете қалды. Жадағай шананың өн бойын алып, теңкиіп жатқан бір алаша бидайды қалай көтермек? Астында қалып мерт болмас па? Бірақ оны ойлаған бір пенде жоқ. Қаһар Жүсіптің қабағын бағып тұрған жүкшілер алашаны арқасына құлата бастады. Денем қалтырайды. Бақырайын десем, дыбысым шықпайды. Жасқа булығып, үнсіз тұрмын.

Дегенмен ақыры қуанышпен тынды. Ең әуелі, алаша әкемді шын басып қалған секілденіп еді. Қол-аяғы, басын түгел жауып кеткен.

Енді қарасам, сарайға қарай сүйретіле қозғалып барады. Алашадан әкемнің қыбырлаған өкшесі ғана көрінеді.

Әлі есімде, таразыға салған Нұрым:

– Он сегіз бұт, бес қадақ! – деп нәштей сөйледі. Даусында дән ырзалық бар.

Біз, сөйтіп, өгей шешем екеуміз бір бұт бидайды көтеріп, қуанақуана үйге оралдық. Бірақ әкем күзетке шыққаннан бері ол жазғанда да маза жоқ. Қаһар Жүсіп атып тастай ма деп шын қорқа ма, әлде колхоз сарайына төнген қауіп күшті ме, білмеймін, кеш түссе-ақ тері шалбар, үлкен тұлып киеді де, тымақтың бауын бастыра байлайды. Содан соң тот басқан ескі бытыраны арқасына асып алып, әкемнің соңынан кетеді. Мен болсам, азынаған ессіз де қараңғы үйде жалғыз қаламын. Сықсиманы жағып қояйын десем, жалп етіп сөніп қала береді. Желдің қайдан соғатынын да білмейсің. Жел қопсытқан төбе қаңылтыры боранмен ұйтқып тарсылдай ма, дүрсілдей ме, бір тынбайды әйтеуір. Көзім ілініп бара жатып, шошып оянамын. Колхоз жаулары төбені келіп қопарып жатқан секілденеді. Толассыз терезе тысырлайды. Көзім ілініп бара жатып, тағы да шошып оянамын. Солбаң етіп бір көкжал түсіп келе жатқан сияқтанады. Тарс етіп мылтық атылғандай болады. Гүрс етіп, бірдеме құлап түскен секілденеді. Бір ауық қасқыр ұлиды, бір ауық іңгәлап бала жылайды. Әйтеуір боранды дүние қатерлі де, жұмбақ ызың-шуға толы. Мен айқай саламын. Әкемді, Бибігүлді шақырамын. Бірақ олар енді қайтып оралмайтын сияқтанады.

Осыны ойласам, осы күннің өзінде де арқам мұздап жүре береді. Қалай жынданып кетпедім екен десеңізші.

Сондай бір үрейлі түндердің бірін артқа салып, таң ата көзім ілінген екен, жылаған дауыстан шошып ояндым. Қарасам, екі бүйірін таянып алып, өгей шешем дауыс етіп отыр. Алдында әкем жатыр. Басын таңған шүберектен ұйып қатқан қан көрінеді. Кіріп, шығып жұрт сапырылысады. Бәрінің де айтатыны:

– Соққыға жығып кетіпті.

– Албардың құлпын сындырып, тұқым қорын талап кетіпті.

– Бибігүл сорлының аяқ-қолын байлап, аузына шүберек тығып кетіпті!

Сөз осы. Мен сорлыда не қайрат бар, әкемді құшақтап бақыра бердім.

Бір кезде шалқасынан есік ашылды. Ең әуелі жарық етіп найза, содан кейін ақ пиманың басы көрінді. Сырттан бір қора ызғарды алып, жырық етек тон киген, ала көз, дәу қара кіріп келе жатты. Жұрт тымтырыс. Бибігүл тас түйін, дыбыссыз қалды. Мен салмастан таныдым. Бұл – Жүсіптің өзі.

– Құлыпты бұзып алған бидай қайда? Қайда тықтыңдар? Тап!

Кәне?! – деп шешеме төнді. Менде үн жоқ. Жүрегім суылдайды. Байқаусызда көзім түсіп кетіп еді, бір ала көзімен оны, бір ала көзімен мені атып бара жатыр. Қорыққанымнан бақыра беріппін. Бақсам, ол сондай ақи көз екен.

– Алмаған бидайды қайда тығады. Ұрылар әкетті, – деді Бибігүл. Тайынатын сияқты емес.

– Тінтіңдер! – деді Жүсіп қасындағыларға.

Осы бір жалғыз сөздің қаншалықты құдірет-күшінің барын мен Жүсіптер кеткен соң білдім. Еден қопарылды, пеш тас-талқан болды. Қора кертелеріне сумаңдап сүймен жүгірді. Шешем үш күн суық албарға қамалып шықты.

Осыдан кейін біздің үйдің шаруасы оңалмады. Әкем жатып қалды. Бибігүл істі болды. Талғажау етіп отырған баяғы бір бұт бидай белсенділердің қолында кетті.

Аш иттей әр үйді бір торып, әр қораны бір тіміскілеп, шетке шыққанға ауыз салып жүрген аштық біздің үйге де аранын ашып келе жатты.

– Енді қайттік? – деді дағдарған әкем төсектен басын көтеріп, үйге кіріп шығуға жараған соң.

– Ие, енді қайттік?

...Айнала шайқалған теңіз бейнелес. Ұйтқып жынды боран соғады. Алда түтеген ақ қоймалжыңнан әрең-әрең көрініп екеу келеді. Ол – менің әкем, ол – менің өгей шешем. Артта, кішкене қол шанада мен отырмын. Күшімнің жеткенінше үшеу болып, қатарласа жүрейін десем, оған жағдай жоқ. Жамбасынан басқан көн етіктің ұлтаны бір бөлек, өзі бір бөлек болып алдақашан қалған. Мен тобан аяқпын. Сол себепті, Бибігүл байғұс қалың кигізге орап, шанаға отырғызып қойды.

Олар бір басады, екі басады, ілгері жылжиды. Қол шапаның соңында тартылған сымдай болып, ап-айқын жіп-жіңішке қос сызық қалады. Жоқ, қалмайды, өкшелей қуған, жанапайлап қуған қар теңізі толқынымен лық еткізіп көміп келеді. Ақ ирек жолдың кедірі мен бұдыры да көп. «Шанада отырмын» деген атым ғана. Көлденең тұрған атжал, ақбайталдарға қиялап шыққанда жел екпінімен әлсін-әлі аунап кете беремін. Ондайда Бибігүлдің жылы алақаны тағы да кеп демеп, шанаға отырғызып қымтап, шымқап жатқаны.

Алдымыз сұп-суық белгісіздік. Бірақ мен оған онша көп қиналмаймын. Өйткені алда баяғының алыптарынша соңыдан соқпақ салып келе жатқан әкем бар. Бибігүл бар. Сол екеуі бар тұрғанда қай тарапқа бет қойып жүрсек те, бір жұрттан барып шығарымыз хақ. Жалғыз-ақ ана жоғалып жатқан ізіміздің шошынамын. Туған жерден Мезгілдің бораны ығыстырып барады. Біржола ығыстырып бара жатқандай. Қайта

айналып келу жоқ, қайта айналып көрісу жоқ секілді. Оның үстіне құлақ тұндыра соққан үскірік жел қойны-қонышымды аралайды. Бейнебір жылан ысылдап аралап жүргендей. Тісім тісіме тимейді. Қарынға түскен де қауқарлы ештеңе жоқ. Ол да бір жағынан сәт сайын ойға оралып, мазалайды.

Біз шыққалы, міне, екі күн. Күнәсіз болсақ та, күнәлі есепті, ұрланып, түнде шықтық. Қайырсыз үйдің оты жағулы, төсек,орны жиюлы, тіпті өгей шешемнен келген батсайы шымылдығы да құрулы, бәрі де өзіміз бардағы күйінде қалды. Бұл – екі-үш күн болса да Қаһар Жүсіп секем алмасын деп із тастау ғана.

Жүреді, тұрады олар. Түнделетіп, бір жай-мекендерге келеді. Қонған үйдің отынын ұсақтайды, есігінің алдын алып қалған тау теңіз қарды аршиды. Содан кейін сусуанын ішіп, жолға деп бір уыс көжелігін сұрап алып тағы да ілгері кетеміз. Соққыдан әлі есін жиып болмаған әкем байғұс жиі тоқтайды. Қол шананың жібі аш болсын, тоқ болсын бір мойымайтын, бір қабақ шытпайтын өгей шешеме, дүлдүл шешеме қайта-қайта ауысып барады да, ұзағырақ тоқырап қалады. Қол шана артына бір қарыс қос сызық салып жылжи береді...

Содан бері отыз бір жыл өтті. Мен, міне, тағы да дәл сол жолмен келемін. Ақ сүтін бермеді дегенің болмаса, шын ана бола білген, аяулы адамға асығып келемін. Бірақ қол шана емес, астымда желден жүйрік машина. Сонда да асыққан көңілге ілесе алмай егін-егіннің арасындағы шоқалақ жолмен өндірмей келеді.

Жол!

Жол тағдыры да адам тағдыры сияқты қызық болады екен ғой, Тулан. Бір кезде мүлгіп жатқан қазақ сахарасына сор әкеліп, ырысын әкете берген, бүкіл Европаға әйгілі аты шулы қасқа жол еді бұл. Нілдінің мысы мен Қарағандының көмірі осы жолмен барып, бүкіл дүниелік базарлардың саудасына түскен. Француздың жібегі де, ағылшынның жүн маталары да осы жолмен айлап, жылдап жүріп жеткен-ді. Қазақ даласына бұл жолмен жәбіржапа, қулық-сұмдық келді, ақша келді, тез келді бірақ. Самарқау елдің санасы да осы жолмен оянды. Кеш оянды, бірақ. Бұл жолмен жаяу-жалпылап жүріп Пушкин келді. Некрасов келді далаға. Бұл жолға қазақ халқы қасқыр көрген жылқыша осқырына, шошына қарап жақындай берді, жақындай берді... Пайдасын да көрді, басын да құлдыққа байлап берді.

Сөйтіп, бір кезде дүние жүзінің жебірлерін бал арасына «мен мұндалайтын» қызыл гүлше өзіне тартқан жол – міне, енді егін арасының шоқырақ соқпағына айналып кетіпті.

Ие, Тулан, жол тағдыры да қызық. Бір кездегі даңғыл жолдар шөп шығып, бүркеу тартады да, жоғалады. Сонымдан таспадай болып жаңа жолдар түседі. Ол жол жаңа да жақсы мекен-жайларға апарады. Ал-

дау-сұмдығы жоқ, пәле-жаладан қағас, өсек-ғайбаттан ада қарым-қатынастарға – адам қарым-қатынастарына апарады...

...Қайда апарарын білдім бе мен онда. Әке-шешем сүйреткен қол шана мені қалың бір қарағайдың ішіне алып кірді.

Ең жақсысы, боранна құтылдық. Бықсыған тезектен, құр лапылдағанымен, қызуы жоқ қамыстан құтылдық. Қарағай басы шайқақтап тулайды. Мезгілдің боранын сол ғана еске салады. Ал қойыны болса, құлаққа ұрған танадай тып-тыныш. Үп еткен жел тұрса, жоса жөнелер қалың қардың қозғалар түрі білінбейді. Төсегін мықтап салып алған. Үлкендер болса, жуан-жуан ағаштарды кесіп әкеледі де, отқа тастайды. Жан-жаққа жалқын қызуын жайып маздап, көздап жанады ол.

Біз енді жалғыз да емеспіз. Жаңа бір үй ішімен табыстық. Үй иесі сопақ бет, сары сақалды Нұрыш дейтін еңгезердей сары кісі. Ұзын сапты ақ балтасын жарқылдатып, құлаштай соғып, құлатылған қарағайларды бұтарлайды да жатады үнемі; сөзбен де ісі жоқ, әкем сияқты үндемейтін бір пенде. Нұрекең үндемесе де жақсы адам еді. Шай ішіп жатқан үстіне кіре қалсаң, айыр саусақты, арбиған қолымен бөлке наннан уыстай үзіп алады да, әйелге тән жіңішке даусымен:

– Ал, қағып ал! – деп есікке лақтыратын. Әрине келген шаруаны бітірген соң қарап тұрам ба, жақсы көретінімді жайылған езуіммен танытып, жайыма жөнелемін ғой. Жоқ, жөнелмеймін, алғанға көңілім көншімесе, арқамды бір қиқаң еткізіп тұра беремін. Арқаны қиқаңдататын себебім де бар. Баяғы Бибігүл апамнан келген көйлектің жалғыз жағасы мен омыраушасы ғана қалған. Жат көзге көйлегі бар екен десін деймін бе, қамыт кигізген атша, сол жаға мен омыраушаны мойныма іліп, жалаңаш етіме шапан киіп жүретінмін. Нұрекең сонымды байқаған болса керек, бір барғанымда үстіндегі көйлегін шешіп алып, маздап жанған отқа жағасынан бүрмелей ұстап, әрлі-берлі, дөңгелетіп алды да, қолыма ұстатты.

– Бар, үйіңе бар да киіп ал.

Нұрыш осындай жақсы адам.

Осы жақсы Нұрекеңнің үйінде менің қыртысым сүймейтін де біреу бар. Ол – көзі тышқанның көзіндей жылтырап тұратын қушық бет қара кісі – Садыр. Ол мені кездескен жерде: «Өй, боқмұрын» деп кемсітіп, мұрнымнан шертіп кетеді. Нұрыш жоқта бара қалсам: «Неге келдің, боқмұрын? Ана мұрныңның сорасын ағызбай, табаныңды жалтырат!» – деп айдап шығады. Сол себепті, мен оны жек көремін. Жек көргенімді қайтейін, шынымды айтсам, қорқамын одан. Қорқа жүріп, атарға оғым тағы болмайды. Өйтетінім: Садыр Бибігүлмен кездессе-ақ болды, бірдемелерді айтып, әзілдей бастайды. Қолайсыз жерлерге колын жүгіртеді. Сонда мен қызғаныштан жарылып кете жаздаймын. Бірақ Бибігүл де оны ұнатпайтын сияқты. Алдырмайды:

– Кет әрі, іннен шыққан каптесерге ұқсамай! – деп бетін қайтарып тастайды. Сонда ғана жаным жай тапқандай, сазайын берген шешеме разы болып, Садырға ішімнен: «Өзіңе де осы керек!» – деп қоямын.

Сол Садыр мен әкем ағаш аралайды. Нұрыш жығылған қарағайларды бұталайды.

Бұл кәсіппен айналысқалы тұрмыстың беті түзелейін деді. Қалай десең де, нанға аузымыз тиді. Әкем кешке жұмыстан босаған соң, асханаға барып, ақ бөлкені қолтықтап қайтады. Жалғыз ғана қолайсыздық бар: Нұрыштың үйі де, біз де қалың жабылған қоста тұрамыз. Тәйірі, ішіп-жемің болса, дені сауға аяз дегенің түк емес екен ғой. Өгей шешем жуан-жуан дөңбектерді алып келіп, дүрілдетіп отты жағады. Картопты шелектеп асады. Ақ нанды, үгілген картопты тоя жейміз. Содан кейін қабат-қабат жамылып жатамыз да қаламыз. Танауымыздан ақ буды паровозша будақтатып, ұйқыға да кетеміз. Бір ғана жаманы – ертесіне тұрғанда қиын. Айнала қысқан сары аяз басыңды көтерсең-ақ бас салып, жылы төсекке қорғалата береді. Бір тұрып алған соң мұртыңды балта кеспейді. Лаулап жанған отқа талтая қақтанып, екі бетің балбұл жанып отыра бересің. Ал, реті келсе, Нұрекеңнің қосына қарай жалаң аяқ, жалаң бас жүгіріп ала жөнеле бересің. Ақ қарда аяғыңда лыпаңның жоғы да түк емес екен, қарның тоқ болсын де!

Бірақ менің бұл қызығым ұзаққа бармады.

Әкем әуелі «басым айналады», – деп шағына беретін болды. Барабара жатып қалатынды да шығарды. Ондайда «қой кезегі» Бибігүлге келеді. Бірақ оған Садыр разы емес. «Қойшыбай тойынған соң, шолжаңдайын деді. Өзі үйде қалып, жұмысқа әйелін жіберетінді шығарды» – деп қалады. Онымен де тынбады! Бір күні қоска келіп қиғылықты салмасы бар ма!

– Паекті бірдей аласың да, жұмысқа қатыныңды жібересің. Олай болмайды енді. Не орынды босат. Не жұмысқа шық. Екінің бірі.

Шешем болса:

– Асырай алмай жатқан қызыл сиректарың бар ма еді?! Қып-қызыл жігітсің, ұялсайшы осылай деуге. Менен артық киратып, сен де ештеңені қырып тастаған жоксың, – деп шаптыға сөйледі.

Ал әкем болса, үндемей қалды. Ертеңіне:

– Айтты-айтпады, Садырдан ұят болды. Бүгін жаман сияқты емеспін. Өзім барғаным жөн болар, – деп жұмысқа кетті. Бірақ сол кеткені кеткен болды. Қайтып қоска кіре алмады. Еңкейіп ағаш аралап жатқан кезінде:

– Көзім қарауытып барады, тұра тұршы, Садыр, – деп отырып жатыпты да, өтіп жүре беріпті...

Осы кезде ресторан кухнясынан шыжылдап, бұрқырай шыққан екі бифштекс «былай тұрыңдар, жол беріңдер, мен келемін!» – дегендей

әр ауыздың сілекейін шұбыртып, біздің алдымызға келіп тоқтады. Мен бір рюмка коньякты құтты орнына аттандырып жібердім де, қуырылған етті ала беріп, ойланып қалдым. Көз алдыма бала Мезгілдің Сібір орманының ішіндегі халін, мүшкіл халін, елестететін сияқтымын. Содан кейін не істеді екен бұл байғұс? Әлде ақ қардың, көк мұздың үстінде жалаң аяқ жүріп ел ақтады ма? Әлде...

Менің ойымды Мезгілдің даусы бөлді:

– Әке, кеткен соң бізде не күй қалды дейсің, Тулан. Бибігүл әуелі Садырға серік болып, ағаш аралап жүрді. Бірақ бұрынғыдай емес, жоқ нәрсеге кейіп, қабақ шытатын мінез шығарды. Быксып, от жанбаса да, байқаусызда қазанның түбі күйе бастаса да, «құдайы құрғыр, қу құдай-ай!» – деп таусыла қалады. – Бірақ мен онысынан сескенбеймін. Өйткені бала деген тамырша сияқты емес пе, өзіне деген көңілдің ала-құлалығын дәп басып, бірден біле қояды ғой. Әкем өлгеннен бері шеше көңілінен ондай өзгерісті байқамаймын. Қабақ шытса, басына түскен ауыртпалыққа, жан жолдасынан айырылғанына, өз тағдырына қайғыратын шығар. Оңай деймісің!

Мен, бірақ осы бір тышқан көз, жыпылық Садырдан сескенемін. Соның мінез-құлқында, жүріс-тұрысында маған ұнамайтын бірдемелер бар. Жұмыс басында дем алған болып отырып, шешеммен ұзақ сөйлеседі. Мен өйтіп отырмаса екен, сөйлеспесе екен деймін. Кейде әр нәрсені себеп етіп, қастарына барамын да, малақайымды табаныма салып тұрып қаламын. Не сөйлесетіндерін білгім келеді. Бірақ тыңдау қайда маған?

– Әй, боқмұрын, бар, табаныңды жалтырат, менен бірдеме көрмей тұрғанында. Тыңшы сияқтысын көрдің бе өзінің! – деп ақырады Садыр.

Сол кезде шешемнің көзінен мөлтілдеген жасты көремін:

– Жетім деп, жесір деп басынасың-ау, Садыр. Мезгілдің әкесі болса, бізбен бұлай сөйлеспеген болар едің ғой. Сөйле. Саған кер келер деймісің, – дейді ақырын ғана күрсініп.

Сондайда мен шешемді әрі аяймын, әрі іштей кейимін де оған. Кейитінім: бұрынғыдай адуын сөйлеп, бетін қайтарып тастамайды. Қажығандығын танытып, мүсәпірси сөйлейді. Неге өйтеді екен, картоп сияқты сопиып тұрған жылтыр маңдайынан бір періп: – Бар, енді қайтып қарамды көрме! – деп неге айтпайды екен? – деп кейимін. Бірақ тұра беруге шама жоқ. Садырдан қаймығамын да, қосқа қарай тартып жөнелемін. Онда да мазам болмайды. Мына сұңғылалықты қараңызшы. Қаршадай болып алып, Садырдың мені ғана емес, Бибігүлді де жәбірлейтінін сезетін сияқтымын. Жатып алып әр түрлі айла ойлаймын. Тор құрамын. Қайтсе де тышқан көз Садырдан құтылудың амалын іздеймін. Біресе Садырдан екі есе зор, батыр жігіт болсам, сөйтіп, оны көтеріп апарып бір ағашқа асып қойсам деймін. Кенет

орман ішінен бір жолбарыс шыға келіп, арқалап алып жөнелсе деп те қиялдаймын. Жүріп келе жатқанда алдынан бір ор кездесе қалып, соған неге түсіп кетпейді екен деген ой келеді. Бірақ қанша айлатәсілді армандап бақсам да, Садырға бір кер келмейді. Қайта біздің қоска ана-мынаны сылтауратып, жиі келгіштейтінді шығарды. Бір келсе болды, жоқты, барды сөз етіп шықпай қояды. Осылай қыс та өтті. Биікке көтерілген күн жер-ананы бусандыра бастады. Жер аяғы кеңіп, орман іші қилықилы гүлге, қилы-қилы үнге толды. Бірақ мен ауырып қалдым. Көзім қарауытып, басым айналады. Қара судан басқа түк ішкім келмейді. Шөлдей беремін. Түн болсаақ, көз алдыма керемет бір елестер кеп орнайды. Мағынасыз бір қыз ойнақтарға араласып кететін сияқтымын. Ұйтқып боран соғатындай... Жапырылып ағаштар құлайды. Солардың астында қалған әкемді көремін. Тегі сандырақтайтын болсам керек. Ояна келсем, маңдайыма суық су басып отырған Бибігүлдің: «Тиышталшы, шырағым. Бәрі де орнында. Мынау шыққан көктем ғой. Боран қайдан соқсын. Ағаштар да құлаған жоқ. Басыңды көтеріп, асқа қараған кезіңде әкеңнің басына барып, дұға оқып қайтамыз. Сабыр ет, балам» – деген қоңыр үнін естимін.

Бұл сөз маған әл беретін сияқты. Кембағал көңіл жұбаныш табады. Көзім қайта іліне бастайды. Тағы да әлгі бір қызылды-жасылды әлеміш дүниеге барып енемін. Сол бұлдыр елестің ішінен ап-айқын болып, Бибігүл шешемді көтеріп әкетіп бара жатқан Садырды көрем. Айқайлайтын болсам керек. «Мен, міне, қасыңда отырмын. Сабыр ет, шырағым», – деген Бибігүлдің дауысы келеді тағы да. Мен сонда өгей шешемді құшақтап аламын. «Кетпеші, апатай, кете көрмеші!» – деп жалына бастаймын.

– «Сені тастап қайда кетеді дейсің, мен бейбақ!» – дейді Бибігүл аузыма су тамызып. Мен оның бауырына кіре түсемін. Бар қарағаштай панам сол. Айырылып қалсам, өлетін сияқтымын. Бибігүл де сонымды сезер болса керек. Қасымнан екі елі кетпейді. Сұрағанымды екі етпей, ұзақты күн отырады да қояды.

Осындай алас-қапас, жан ұшырумен талай күндер өтті. Тегі бетім бері қараған болса керек, тамаққа көңілім шаба бастады. Бірақ тұрайын десем, басым айналып, құлап қаламын. Төсекті босағаға жақын салдырып, ұзақ жатам. Есіктен көк мөлдір аспанның аядай бір пұшпағы көрінеді. Одан бері көк жапырақтарын жайып келе жатқан ақ қайың бар. Баяу теңселіп қыбырлап тұрады. Не іздейтінін кім білсін, қайың бұтағының арасында ұшып-қонып бір сары шымшық шырылдайды ертеңді-кеш. Мені сиқырлы көктемнің осы бір құлпырма көрінісі әлдебір қиян шалғайға шақырғандай болады. Ана бір сары шымшық болсам деймін. Сары шымшық болып, мөлдір сулы тостаған көлдері бар Мезгілдің даласына қарай самғап кетсем деймін. Сол кезде «Ал

Бибігүл қайда қалады?» – деген сауал қаперіме сап етеді. Жүрегім су ете түседі. «Жоқ, жоқ, Бибігүл шешемнен өлсем де айрылмаймын!»

Бір күні Бибігүл есік алдында менің көйлегімді жамап отырды. Мен күнделікті дағдыммен коста жаттым. Дауыстай сөйлеп Садыр келе жатыр. Менің жүрегім тулап қоя берді. Қос есігінен сығалаймын. Садыр келген бетте-ақ жантая беріп, Бибігүлдің мықынына қол жүгіртті:

– Мықыныңның өзі немене, өлген қойдың жамбасына ұқсап шодырайып кетіпті ғой.

Шеше жауабын тыңдарға дәрмен қалмады. Қалай тұрғанымды да, не ойлағанымды да білмеймін. Қостан атып шықтым да, Садырдың үстіне мысықша жармаса түстім. Аянбадым. Бейғам жатқан Садыр тұрғанша тырнақты да, тісті де батыра салып, жосалай бердім. Көзім қанға толды ма, әлде булыққан жасқа толды ма, оны да білмедім, әйтеуір ештеңені көрген жоқпын.

Садыр да аянып қалмағанға ұқсайды. Белім, қабырғам күтірледі. Содан кейін лақтырылған допша көтеріле бердім де, сылқ ете түстім жерге. Басым жаңғырыққа тиді.

– Мына әкеңнің аузын... Иттің баласы, қайтеді? Бетімді тырнап тастады ғой! Қолыңды қол, бұтыңды бұт етіп тас-талқаныңды шығарайын ба осы!

– Ойбай, құдайы құрғыр, шұнақ құдай-ай, өлтірдің ғой ку жетімек сорлыны. Жоғалшы, көрінбеші көзіме! – деп Бибігүл жүгіріп келді. Даусы ширақ, баяғы әкем бардағыдай. Маған керегі де сол ғой, қатты қысып құшақтап алдым да, ағыл-тегіл жылай бердім. О да мені ыстық бауырына тартты да, дауыс қосты.

Міне, сол ана арада отыз жыл өткен соң әл үстінде жатып іздепті мені, көргісі келіпті. Неге іздеді? Неге көргісі келді екен? Мен осыны көп ойладым, Тулан. Ойладым да бір сұраққа кеп тірелдім. Білгің келеді: Адам осы өлер алдында не ойлайды екен, соны білгің келеді.

Меніңше, адам өлерде дүниенің ыстық екенін түсінеді. Қимайды. Осы жасында қилы-қилы бұлтарыс, қалтарысы бар бұралаң жолмен жүріп, жақсыны да көрді, жаманды да көрді. Жақсы адаммен де кездесті, жаманмен де кездесті. Өзінің де жаман, жақсы болған күндері бар. Соны ойлағанда жаманның бәрі ұмыт болады да, дүние енді нұрлы, ыстық, жарқын жағымен көз алдына ұлғая сылаңдайды. Сондай сәтте адам өзінің адамдық махаббатын берген, мейірімін салған, қымбат та қимас, аяулы деген жандарын іздейді. Солардың болашақ тілеуін тілейді. Соған қызыға, қызғана қарайды. Мен, міне, осылай деп ойлаймын да, асыға түсемін. Көргім келеді, тілдесіп қалғым келеді.

– Ие, содан соң? – дедім мен дегбірсізденіп.

– Содан соң сөз қысқа. Жолымыз екіге айрылды ғой. Мен көп кешікпей балалар үйіне кеттім. Ал Бибігүл болса, тұрмысқа шықты...

– Садырға ма?

Мезгіл маған қарады. Кейпінде «өзің қалай ойлайсың?» деген сұрау бар.

– Ие, соған... – Мезгіл тұнжырап отырып қалды. Содан кейін бір күрсініп қойды да, сөйлей берді. – Жоқ, тұрмысқа шықты деп жазғырмаймын. Қазір ойласам, сол кезде маған кексе көрінгенімен, жиырма бесте ғана екен ғой. Жиырма бес деген немене, уызы арылмаған сәби емес пе! Ие, сәби! Жоқ, шындап келгенде, тіпті Бибігүл байсырап да шықпаған болар. Сараласам, бірден-бір дұрыс жол осы. Мен балалар үйіне алынып, мемлекет тәрбиесіне көшпесем, ол тұрмысқа шықпаса, Сібірдің қай ағашының түбінде қаларымызды құдайым білсін! Міне, «анам бар еді» – деп әйеліме айта алмаған себебім осы еді, – деп тоқтады Мезгіл.

– Содан кейін көріспедіңдер ме?

– Жоқ, көрістік. Күз түскенге дейін жиі-жиі келіп тұрды. Біресе ақ бөлкесін арқалап, біресе паекқа алған тәттілерін орамалына түйіп әкеп жүрді. Содан кейін тегі, қоныс аударып, басқа жерге көшіп кетті ғой деймін, көз жазысып қалдық. Жоқ, тағы да бір рет кездестік. Ол соғыстан кейін дәл бұдан он бес жыл бұрын еді. Мен майданнан оралған соң Днепропетровскінің кен институтына барып түскен едім. Соның үшінші курсында оқып жүріп мына Қарағандыда практикада болдым. Сонда кімнен естігенін білмеймін, осынау «Мезгілден» құрты мен майын арқалап іздеп келді. Көріспегелі көп жылдар өтті ғой. Көп жаңалықтары бар екен. Ең алдымен, өз сөзімен айтқанда, «заман түзелген соң» «Мезгілге», колхозға оралыпты. Тағы да бір қуаныш, менің өзім танымайтын екі інім, бір қарындасым бар болып шықты.

Бибігүл қасымда он күн болды. Қоштасарда:

– Жетім еді, жетсе екен, адам болса екен – деп тілеп едім жатсам да, тұрсам да. Жат бауыр болма, шырағым. Жазыңды үнемі шешеңнің қасында өткіз, – деді.

Бірақ мен бара алмадым. Тышқан көз Садырдың алдында несіне мүсәпірсиін деген намыспен бармадым...

– Ғажап екен, ал көре алдыңыз ба Бибігүл шешейді бұл сапарыңызда? – деп сұрадым тағы да.

– Ғажабы сол – кіріп барсам, үлкенірек келген төргі бөлмеде қаптап отырған жан екен. Бәрінің де жүзі сынық, бәрі де тілсіз. Солардың ішінен көзім бірден Садырға түсті. Баяғы қалпы. Тышқан көзі жылтырайды. Үстінде барқыт бешпет. Бар өзгерісі – сұлу етіп қара сақал жіберіпті. Қолында таспиық. Көптен бері жұмысқа жанаспағандықты танытар күсі жоқ ақ саусақтарымен таспиықтың жақұт тастарын бірбірлеп ауыстырып күбірлейді. Одан кейініректе сол Садырға ұқсас екі бала жігіт отыр. Ішімнен: «Бейтаныс інілерім осылар шығар», – деп

ойладым. Оң жақта ақ кереует. Үстінде біреу жатыр. Беті ақ орамалмен көлегейлеп қойылған. Мен оның кім екенін бірден білдім. Бірақ мына жұрттың сынық жүзіне, көрсем деп асығып келген кісімнің қимылсыз қалған тұлғасына қарап, жүрегім су ете түсті.

Әуелі Садыр шырамытты мені.

– Ау, келді ғой...

Жұрт қимылдап, қозғалып қалды. «Е, алла байғұс-ай! Қайтсін!» – деген күбір жүгірді.

Бейтаныс інілерімнің екеуі де ұшып түрегеліп, құшақтай алып жатыр.

– Жаңа ғана көзі ілінді, – деді бірі мені қорқытпайын дегендей.

Сол кезде көлегейленген орамал да қимылдады.

– Басымды көтерші, – деді әлсіз ауру дауыс. Содан кейін ажымды бір тереңнен жанары қайтып, суала бастаған бір көз қадалды маған. Арада көп жылдар өтсе де, көңілімде ыстық суреті сақталған, мейірбан көз, ана көзі бұл...

– Үйбүй-й-й. Мезгілмісің?.. Шыбыным-ай, келдің бе? – деді ол ақырын ғана. Ол осыны айтты да қайта қисайды. Көзін жұмып көп уақыт үнсіз жатты. Қарасам, жас моншақтары сарғайып, суалған бетіне мөлдір сызық салып домалап барады екен. Неге жылады? Не ойлады ол дәл осы сәтте? Мына қазіргі екі дүниенің ұстара жүзіндей қыл арасында жатқан ауыр халін ойлап, жарық дүниені қимағандықтан жылай ма? Әлде: «Сенде ана жоқ, менде бала жоқ, соны естіп бала етіп алайын деп келдім», – деген сөзін есіне алып, оның ана бола алған, менің бала болуға талпынған алғашқы күндерін, ауыр күндерін есіне алып жылай ма? Болмаса, «екі талай кезеңге келгенде, сөзімде тұра алмадым, затым әйел болған соң, әлсіздік еттім, кешір сонымды» дей ме? Қайдан білейін мен оны, Тулан. Адам көңілі ғажайып үндерге, ғажайып сырларға тұнып тұрған нәзік перне сияқты емес пе?! Бір қылын бассаң-ақ қуаныш-қайғы болып, күйініш-сүйініш болып, төгіліп кетпей ме! Сөйлеп кетпей ме? Екінің бірі ұға бере ала ма оны.

Міне, үй толы жандар отыр осында. Бірі тұнжырап, бірі жылап та отыр. Мүмкін олар өзінің сәбидей пәк тазалығымен, ағайын-туғанды алыс-жақын деп алаламай, бәріне де мейірбан ана бола алған, ауыл анасы бола алған Бибігүлді аяп тұнжырайтын болар, аяп жылайтын болар. Бірақ мұның бәрі өткінші, ұмыт болар сезімдер ғой. Олар ана күнде сылап, күнде тарап сұлу сақал жіберіп, қолына таспиық ұстап қалған пірәдар Садырдың көңілінде не күй бар, мына ыстық дүниеден өткелі жатқан ана көңілінде не күй бар, ақыры отыз жыл бойы көріспей, суысып кетсем де, екі сөздің күшімен қаңбақтай ұшып келіп түскен менің көңілімде не күй бар, қайдан білсін, қайдан ұқсын! Бар болғаны:

– Әлсіреп қаласың, жылай берме! Күткен балаң келді. Арманың жоқ енді, – деп қосарлана сөйлеп, басу айтып жатыр. Бірақ ана байғұс тіл қатпады. Көп жатты. Содан кейін тағы да басын көтерді. «Қысылып қаларсың, жата тұр!» деген ақылды алған жоқ.

Енді жүдеу кескініне анықтай қарасам, әлгінде жоқ бір күйге келіпті. Бет ұшында әнтек қан ойнап шыға келгендей. Көңілді де сергек сезіледі.

Мен мұны өз басымдағы күдікті үмітке жеңдірген «е, бәсе, осылай болса екен!» деген алдамшы сезім құбылысы ма деп едім, оным теріске шықты. Шешем бұрын түн болса, жөтеліп, тынши алмай шығады екен, мен келген түні тыныстап жақсы ұйықтады. Ертеңіне асқа көңілі шабатынын айтты. Содан кейін белін мата белбеумен қатты буып, үй ішінде бас көтеріпбірер басып жүрді де.

Сұрастыра келсем, мұның бәрі де мен келгеннен бергі өзгерістер. Көңіл деген, әне сол. Іздеп еді, аңсап еді. Көрді де, тынды. Жоқ, тынбады. Дертіне дауа тапты. Сергіп, сергек сезініп қалды.

Сөйтіп, ауру шешемнің алғашқы шипасы – мен, менің келуім болды. Бірақ мен келдім, бітті демедім. Аудан орталығына машина жіберіп, дәрігер алдырдым. Тышқан көз Садырдың: «Пыраш-шырашыңды қайтесің, шырағым. Алланың жазуы осылай болса, тура келген ажалға кім ара түсе алады!» – дегеніне қарағам жоқ.

«Ал сонда, анаңның сырқаты не болды?» – демексіз ғой. Ол – талайды баудай түсіріп жатқан құрт ауруы – туберкулез екен. Мен дәрігермен ақылдаса отырып, бір тоқтамға келдім де, шешемді салып алып, станция қайдасың деп бір-ақ тарттым.

– Ойпырау, ана Бишәм деген кісі сол Бибігүл шешей ме?

– Ие, сол кісі. Қайдан шыққанын білмеймін, әйтеуір солай атап кетіппін ғой кішкене кезімде. Бишәм деп қалсам, сол дағдыма бағып жатқаным да.

– Ана Садыр шал неғып көне қойды? – деп сұрадым тағы да.

– Шафғат, Сафғат, деген екі жасөспірім інім қарсы болмаған соң ол қайда барсын! Бірақ өзіне аттанарда:

– Бір кезде жалаң аяқ қар кешіп, панасыз қалған кезімде көзімнің жасына, мұрнымның боғына қарамап едің, енді менің де саған қарайтын жайым жоқ. Бүгін өстіп, үсті-басыңа тозаң түсірмей, жігітше сыланып, сипанып отырсаң, мен оныңнан күн демей, түн демей салпақтап, колхозда еңбек еткен, одан қалса, сиырыңды сауып, қол диірменіңді тарткан, отыңды жағып, күліңді шығарған, кіріңді жуып, балаларыңды баққан, сөйтіп, саған жағынам деп жүріп, мезгілінен ерте солған анамның ащы терің, азап-михнатын көремін. Жеткергенің осы болыпты. Бишәм енді жоқ саған, – дедім.

– Әрине, «жоқ» дегенді ойнап айттым. Ойлансын деп айттым.

Балалы-шағалы болып, бауыр басып қалған қария ел-жұртын сағынбай тұра алар ма? Қарағандыда ірі дәрігерлер бар, тамаша ауруханалар бар. Соларға көрініп, сонда емделіп, айығып, тазарып шыққан соң, апарып саламын ғой, – деп Мезгіл әңгімесін бітірді.

Бағана бұлар купеге кіргенде ана ауру кемпірдің басында осыншалықты тамаша хикая бар деп кім ойлапты. Мен енді сол бір таза жан иесін анықтап көрсем екен деп асықтым.

Біз купемізге келдік. Қарт ана шайқақтаған поезд жүрісімен тербеліп, демалып жатыр екен. Әнтек жұмылып, жазылыңқырап қалған қабағында сергектік бар. Оң қолы диваннан сырғанай түсіп жатыр. Енді байқадым, ана суалған, шөккен тұлғасына қарағанда бір түрлі ірі де кесек тарамыс қол. Жолдың бір бұрылысында күн көзі ойыса келіп, кәрі алақанға қорғалай тұрып қалды. Айқыш-ұйқыш тартылған шытырман сызықтары да енді тым айқын. Кенет Мезгілдің жол туралы айтқаны есіме түсті. Ие, бұл сызықтар да шытырман жолдар есепті. Үзілмес үмітті, аяулы арманның жолы. Қиямет бейнет пен азап-михнаттың жолы. Енді бір ауық қол қөзғалып кетті де: «Аларыңды алып болдың ғой, берерің қайда енді?» дегендей көтеріле беріп тоқтап қалды...

Бибігүл ана аунап түсті.

* **

Қарағандыға поезд ертеңіне түсте келді. Тегі, «анасын әкеле жатыр» – деген хабар жеткен болса керек, қарсылап жатқан топ қарамы едәуір. Сол қуанышты, жарасты топ ішінен қала тәртібімен киінген бір жас әйелді көремін. Қолында гүлі бар, арадан суырыла шығып, ұмтыла басып келеді. «Мезгілдің жары осы болса керек» – деген ой келді маған. Қария поездан түскен соң бір қолымен жаңағы келіншекке, бір қолымен Мезгілге асылып, машинаға қарай жүрді.

Поезд тағы да ілгері жылжыды. Терезеден үңіле қарап мен тұрмын. Кенет «мен мұндамын» дегендей газет сыбдырлады. Ол, әрине, мықыр мойын тас құдай ғой кешегі. Мазасыз жолаушылардан құтылғанына қуанып отыр. Сөз жоқ, қуанады. Өгей шеше түгіл, өз шешесіне қайрылмай кететін мұндайлар «махаббат» деп аталатын ұлы сезімнің қасиетін түсінеді деймісің.

Поезд көсіле тартып заулап келеді. Мен де үй ішімді сағынып, заулап келемін. Бірақ өзім асыққанмен көңілім Қарағандыда қалды. Кенет менің де шешем сол Бибігүл сияқтанып кетті. Өзім де Мезгілге ұқсаймын. Мезгілге ұқсап, қарт ананы қолтықтап, демесіп бара жатқандаймын...

1963

ЖЫЛ ҚҰСЫ

1

Кеше кештетіп төгіле жауған қара жаңбыр жер бетін жалап өткен екен, сарғайып қуқыл тартқан кер дала химчисткадан шыққан көне киім секілді – сондай таза, сондай өңсіз. Жақындап қалған күз белгісін танытып ызғырық жел соғады.

Битабар өгізшелерді Сарысудың әлі де нәрі бар көкшіл өзекшесіне сәскеде айдап түсірген еді, қазір шаңқай түс. Жаз бойы ен даланы еркін жайлап, жонданып алған жануарлар тұмсығын жерге кенеше қадап, үскі тілімен қылтанақ алсынды орай соғады. Қолға қарап қорада тұрар ұзақ қыстың алдында қарбытып қалайын дейтін секілді. Битабар көп уақыт осы бір ойды қызықтады. «Мал екеш мал да қысқа дайындық жасап әлек». Бір қызығы, тосыннан мал баққан адамның екі қолы алдына сыймай қалатыны болады екен. Бұрын шулы, думан тірлікке үйреніп қалған жігіт ағасына мына жым-жырт дала да, аспанда үнсіз көшкен ақ бұлт пен үнсіз қалықтаған қарақұс та әлдебір жат әсер салып, мазалайтын секілді. Зерігіңкіреп барып, бір тастың ығына қисайып еді, көп жата алмады, жер әлі сыз екен, жамбасы шылқып мазасын кетірді. Содан ба, тағы да келер күнді ойлап: «Қыс шіркін, биыл ерте түсейін деді-ау, – деп қойды. – Мал мен жанға қолайлы бола қойса игі еді».

Басқа ермек болмаған соң, көне заманнан бері қимылсыз жатқан дәу тастарды қопарып, домалата бастады. Бір шұбар тастың асты быққан шұбар жылан екен. Шошып қалды. Бірақ суық соғып әлсіреген жыландар басын баяу көтеріп шұлғып-шұлғып қойды: «Ұямызды бұзатындай біз саған не жаздық?!»

Әлден уақытта мына жым-жырт даланың тынышын бұзып дүрілестілді. Битабар шұбар тасты өз орнына домалата салды да, мойнын созды. Сарысудың арғы қабағынан бір машина құлап келеді. Әлгіндей болмай екі жағынан күміс қалқан тұрғызып өткелден де жарып өтті. Дөңге шықты. Сосын тағы бір өзекшеге сүңгіді. Битабар ойыншыққа алданған баладай ұзақ қарады: «Апырау, бұл мақұлығың да жүзіп кетеді екен ғой».

Күн бесін болды. Битабар әлі қарап тұр. Өзекше толассыз ызыңға толы. Бірде зорайып, бірде өлеусіреп шығады. Ұйықтар кезде құлағының түбінен естілетін масаның ызыңы секілді. Битабар солай қарай бет алды.

Машина бір кішкене жырашықтың үстінде тұр. Екі адам көрінеді. Бірінің басында шетен қалпақ, оқшауырақ жерде, ызғырық желден ығысып, мойнын тығып алған. Екіншісі – машинаға секіріп мініп, машинадан секіріп түсіп әлек.

– Е, неге тұрсыңдар, ерте күнді кеш қылып мидай далада?

Шетен қалпақ ұнатпаған кейіппен:

– Неге тұрғанды білмейді, ә? – деп кекетті шала қазақшалап.

– Көріпкелім болмаса, қайдан білем? – Өзі ішінен: «Әлімнің Берт-шегі секілді мынау бір жатқан қырсық қой», – деп қойды.

– Көріпкелің болмаса да, көріп тұрған жоқсың ба?

Битабар да енді шетен қалпақтың әуенімен:

– Көргенмен білмейді, – деді.

– Қазақтар өстіп, білмегенсіп, аңқау келеді.

Машина қасындағысы қазақ жігіт екен, жылы түс танытты.

– Ау, ақсақал, білмеген жердің ой-шұқыры көп деген емес пе, байқамаппыз, сазға түсіп кетіп, шыға алмай жатырмыз.

Машина сазға батып қалады, машина саздан шыға алмай қалады деген ұғым Битабардың қаперінде жоқ екен, машинаны айналып жүріп-жүріп басын шайқады.

– Бұл мақұлығың да батып қалады екен ғой. Енді қалай шығарасың?

– Біле алмай тұрмын. Сүйреу керек шығар, не көтеру керек.

Битабар жанып кетті.

– Көтеру керек?

– Ия, көтерсе де болады.

– Сонда бұл мақұлықтың салмағы қанша?

– Салмағы ма? Салмағы екі тоннадай.

– Тоның не? Атан түйедей бола ма, соны айтсайшы.

– Екі жарым түйеге пара-пар-ау...

– Сонда бұл мақұлығыңның бір бөксесі... – деп Битабар сәл күмілжіңкіреп, әлденені есепке салған адамша ойланып қалды.

Осы кезде шетен қалпақ айғайлап жіберді.

– Саздап жатқанда не әңгіме бұл?! Доғар әңгімені. Машинаңды батпақтан шығарып ал әуелі!

Жігіт бір жеріне біз сұғып алғандай шоршыды.

– Ойбай, ағайын, былай тұр, нашәндіктің ашуы жаман.

Битабар да ерегісіп кетті.

– Сол нашәндігіңе ерегіскенде машинаңды көтеріп берсем не дер едің?

Шофер жігіт күлді:

– Не дейін, туған-ау, айта жүрем де.

– Ал ендеше, күрегің болса, шым ой.

Шофер жігіт қағылез қимылдап шым ойды. Битабар бір-екі шымды жотасына тастап жіберіп, машинаның астына енді.

Аяқ-қолымен жер тіреп бір сәт тұрды да:

– Иа, аруақ, қолдай көр, һәуіп! – деп қалды.

Сазға кіріп кеткен қос доңғалақ сопақ етті. Содан кейінгісі оңай болды. Машина бұғаудағы арғымақтай ілгерілі-кейінді сәл теңселіп тұрды да, жұлқына жөнелді. Шетен қалпақ кабинаға жармасты. Жақындап қалған Битабарға шофердің: «Ал, туыс, рахмет!» – деуге ғана мұршасы келді. Неге екені белгісіз, Битабар шетен қалпаққа ызалы: «Енеңді..., шекірейген бірдеме екен, шым ойған жерге ауната салмағаң екенмін өзің!» – Сөйткенше болмады, тызылдап дөңге шығып үлгерген машина қазықты айнала шапқан атша дөңгелене беріп кері салды. Битабардың жүрегі лүп етті. Құтты осы бір теріс ойдың үстінен дөп түсіп, ұстап әкетуге бұрылған секілді.

Шетен қалпақ есікті аша берді.

– Ақсақал, сіз кім боласыз? – Байқаса, тап жаңағыдай ашулы емес, жүзінде жылылық белгісі бар. Битабар осыны байқап, қайта кесірлене қалды.

– Қазақ боламын!

– Қазақ екеніңді біліп тұрмын. Аты-жөніңді айтам.

– Менің аты-жөнімде не атаңның құны бар. Бар, жүре бер жәйіңе!

Шетен қалпақ сәл абыржыңқырап барып, басын шайқап есікті жапты.

Қайта өрге шығып бара жатқан машина соңына қарап қалған Битабардың ойына шофер жігіттің: «Нашәндіктің ашуы жаман» – деген сөзі түсті де шошынып кетті.

– Жөнсіздеу сөйледім-ау осы. Мылтығы болып атып кетсе, не істейтін едім!

Осы ой Битабарды кешке дейін мазалаумен болды. Ауылға да тым кештетіп, қас қарайып кеткен кезде біреу желкелеп, біреу сүйрегендей болып зорға келді.

2

...Битабар кештетіп келсе, ауыл іші у-шу.

– Балуан Шолақ келіпті!..

– Балуан Шолақ келіп, байдың үйіне түсіпті...

– Балуан Шолақ керемет қызық ойын көрсетеді дейді....

Битабардың көптен іздегені жерден табылғандай, бір аяқ айранды қотара салды да, шала жуынып, байдың үйіне тартты.

Бай – Әлім деген бетінде секпілі бар, сопақ бет, ұзын ақ сары кісі. Көзі басқа қазақтан өзгеше, көкшіл. Сақал-шашы да жас кезінде жирен болған деседі. Бірақ бұл күнде ұзын өскен сұлу шоқша сақалы мен екі ұшын әдемілеп басқан мұрты да аппақ. Жирен түстің түк нышаны жоқ. Әлім бай болғанымен кісілігі мол, ел адамы. Өткен-кеткен қонақтар да бұл ауылға келсе «Әлім» деп келеді.

Әлім бұл жолы да қонақжай, мырзалығынан танбапты. Арқаның ерке серісі, балуан серісі Шолаққа арнап ауылдан алысырақ көкөрай шалғынға тоғыз қанат ақбоз үй тігіп, іргесін түріп тастаған. Айнала нөпір жастар.

Біреулер жабықтан сығалайды, біреулер жиі ашылып-жабылып жатқан есікке үңіліп қалады. Үй іші у-шу. Әйелдің сыңғыр күлкісі, «бау-шіркін!» – деп көтермелеген ерлер даусы. Солардан өзгеше бөлініп, баппен қағып, тартылған домбыра сазына кешкі самалдай есіліп майда қоңыр дауыс кеп қосылады:

Ғалияның қолында бұйда пышақ,
Ғалияны көрдім де-ау, жайдым құшақ...
Отыр ма екен Ғалия, жатыр ма екен
Айдын көлде жүзген аққуға ұқсап?
Аққуға ұқсап...
Бау, Ғалия-ай, жан сәулем, бетіңнен,
Аппақ қардай етіңнен
Бір күн ауру, бір күн сау
Жазылдың ба-ай дертіңнен?

Битабардың жүрегі шымырлап кетті. Бұл ән Балуан Шолақтың Ғалияға ғана арнап шығарған әні емес, бүкіл мүскін бозбала атаулының өз ғашық жарларына арнап шығарған әні секілді. Ыстық құмарлықты, ынталық, адал сезімді пәш ететін ән. Битабардың көңіл зердесіне тағы да Жанкүмістің Ғалиядай асыл бейнесі кеп орнай қалды. Оңаша бір сәтті тауып кездесе қалғанда әмәнда бір асыл сөз айтқысы келуші еді, бірақ айта алмаушы еді. Сондағы айтып жеткізе алмайтыны осы ән екен ғой. Балуан Шолақтың «Ғалиясы» екен ғой. Битабар соны жаңа тапқандай.

Битабар селк етті. Енді аңғарды, қиялдың пырағына мініп, тым ұзап кеткен екен. Бай үйін төңіректеген бозбала шуылына қайтып оралды.

– Кір, кір, Битабар, үйге кір! – Айнала қоршай қалған жас жігіттер Битабарды есікке итермеледі.

– Ау, өздерің неғып тұрсыңдар?

– Біз сені күтіп тұрмыз. Әуелі сен кіресің, Балуанға сәлем бересің. Сосын біз...

Битабардың ойлауына пұрсат болған жоқ. Ақбоз үйдің табалдырығынан барып бір-ақ шықты. Әйтеуір ешкім елемеген секілді. Жұрт құлағы әнде, жұрт көзі Балуан Шолақта. Битабар әуелі қақ төрден Жанкүмісті көрді. Тұғырға қонған қаршығаға ұқсап, Шолақтың оң тізесінде отыр. Байқаса, сол тізесінде тағы бір үкілі қыз. Балуан екі қызды құс балапанындай айқара құшақтап төсіне басыпты да, домбыра шертіп, «Ғалияны» шырқайды. Әлдебір қызғаныш оты ма, Битабар тіксініп қалды да шегіншектей берді.

Балуан бір сәт тынып қалды. Жұрт жапырылып есікке қарады. Қонақтың көзі Битабарға түсіпті.

– Ә, кел, кел!

Балуанның сол жағын ала отырған Әлім байдың жалғыз ұлы Бертшектің:

– Әй, жаман, сәлем неге бермейсің! – деген даусы шықты.

Битабар айыбын жумақ болды да, тез басып барып қолын ұсына беріп:

– Ассалаумағаләйкем! – деп дауыстаңқырап айтты. Неге екені белгісіз, үй іші осы кезде ду ете түсті. Тұғырда отырған екі қыз да сәл бетін қалқалап, ұрлана күліп жатыр.

– Уағалейкөм... – деп барып Балуан Шолақ жігіт қолын асықпай алды да, оқыс бытырлатып қысып жіберді. Аңғырт жігіттің жаны мұрнының ұшына келді. Ауырғаны сондай, бақырып та қала жаздады. Мұның бәрі жалғыз-ақ қабақ қағыста болған жай еді, ендігі сәтте есін тез жиған Битабар да еруліге қарулы жасап, қайрат көрсетіп жіберді. Шолақ басын көтеріп алды да жалт қарады:

– Ә, көп жасықтың бірі ме десем, жас арыстан екенсің ғой, кел, кел, отыр.

Битабар осы сөзді ғана күтіп тұрған екен. Еркін қимылмен Балуанның оң тізесінен Жанкүмісті суырып түсірді де, екеуінің арасына барып отыра кетті.

Топ іші гу-гу: «Жарайсың, Битабарым! Ел сағын сындырмаған өзің ғана!» «Е, бәсе, біз де елміз ғой, анамыз ұл тапқан екен ғой!»

Құлағының дәл түбінен Жанкүмістің ыстық демі естілді:

– Сен де бақырасың ба деп зәрем ұшып еді.

Сыртта жабықтан сығалап жүргендердің ау-жәйін Битабар енді аңғарайын деді: үйге кірген бозбалалардың сәлемін Балуан Шолақ өзінше алады екен:

– Атыңды айт.

– Атым – бәленшебай...

– Жоқ, дұрыстап, жұрт естітіндей етіп айт!

– Бәленше...еба...й.

– Е, дұрыс, ал енді құрт ұрлағаныңды, кебежеге түсіп қаймақ жегеніңді баянда!

Мұндай ұрлығы болған күннің өзінде де жұрт алдында, мына тұғырда отырған сұлу қыздар алдында қалай айтсын.

– Шөке, ондай ұрлық жасамаған едім.

Мұндайда Балуанның әдісі бар: мұжық қолымен жігіт қолын батырлатып қысып жібереді. Амалы құрыған жігіт не бақырады, немесе құрт пен қаймақты қалай ұрлағанын тәптіштеп баяндап береді. Қыздарға қырындап жүрген бозбалаға қайсысы болса да өлім. Жұрт соған

мәз. Дуылдап күліседі. Дыбысын шығармай қыздар да күледі: «Жігіт болған түріңе болайын!»

Осы сыннан аман өткен Битабар Балуан Шолақтың оң қанатында мәртебесі өсіп, биіктеп отырды. Жұрт көңілінің гүл шоғы – Балуанның өзі де былайғы жұртты жайына қалдырып, «жас арыстанға» бұрылып алған. Не айтса да сөзін жалғыз соған арнаған адамның шырайын білдіреді.

Бұрынғыдай емес, Жанкүмістің де, ілтипаты өзгеше. Битабардың әр қылығын тамыршыша қылт еткізбей қостап, жымиып қояды. Кей-кейде тіпті жанаса отырып, ақырын ғана сүйкеніп қалатын да мінез шығарды. Битабар соған бір түрлі шалқып кетті. Қызғанышы үстірт екен, көңілі орнына түсейін деді. Енді Жанкүмісті өз еншісіне қайтарып алған соң, ақырын отырып дағбырты үш жүзге бірдей тараған Балуанға көз қырын сала бастады. Атын көп естігендіктен бе, Балуан Шолақ айырықша бір алып адам болып елестейтін еді, мүлде олай емес екен. Отырған қалпы осы. Битабардың өзіндей-ақ. Бірақ төртпақ, тым жоталы. Балуанға өзін қанша теңестіргенімен мүлде кейінде, әкесінің артында отырған балаға ұқсап қалғанын Битабар біраздан соң барып білді. Бірақ одан да артық әсер – Шолақтың айырықша көркем, сұлулығында жатқан секілді. Аздап қорасан дағы бар дөңгелек қызыл жүзіне кішкене шоқша сақалы сондай жарасымды. Ашуға емес, жайдарылыққа біткен қалың қасты жайпақ қабағының астынан кішкене қара көзі күлімдей қарайды. Ал мойны мүлде өзгеше. Іші тартылып қалған жарау аттың кеудесіне ұқсас, тынысы мол кең кеудесіне онша көп үйлесе қоймайтын шошақтау келген кішкене басы сомдап соққан жұмыр темірге орната қойған секілді. Дегенмен жұрт тегін мақтамайды екен. Құдай-тағала бар өнерді қадақтап өлшемей, бір басына үйіп-төгіп бере салған. Ән мен жыр да, күй мен қара сөз де бір басында.

Осы бір сезімді ұзақ тамашалап, ынтыға қарап қалған «жас арыстанға»: «Жығылсаң нардан жығыл» деген бар емес пе, белдесіп көрер ме еді өзімен», – деген бір ой келді. Балуан құдды осы ойын сезіп қалғандай домбырасын іргеге сүйей салды да: «Ал мен бір ойын көрсетейін», – деп, ортаға қарай жылжыды. Бұл ойынның тәртібі – кімдекім қолымның қаруы бар десе, ортаға шығып, Балуанның алқымынан қысып қылқындырады екен. Балуан өліп кетсе, құдай алдында сұрауы жоқ, аяма, жаны шыққанша қыса бер. Қыса алмасаң, жеңілгенің. Бұл ойын Битабарға ойыншық секілді болып көрінді. Өйткені өткен қыста Битабар құрық сілтесе, қарсы шабар халде бір қурайды тасалап болдырып жатқан қасқырдың алдына бір аңшыны қалдырып, өзі артынан келіп, қона түскен бойда алқымына қолды салып жіберіп, жерден көтеріп алған да, дарға асқандай етіп асып өлтіре салған еді.

Жұрттың есінде осы оқиға бар ма, «Битабар шықсын!» – деп ду ете түсті. Битабар жеңіл қарғып түрегелді. Балуан тоят іздеген бүркіттей қомданып алыпты. Кейпіндегі әлгі бір жылылық жоғалып үлгірген. Екі көзі қанталап, от шашады.

Битабар арбиған саусақтарын Балуанның алқымына қадады... Бірақ қос уысы айқаспады. Тегі, көкшуланның мойнынан да жуан-ау – болды алғашқы ой. Ал Балуан болса мүлде жайбарақат отырған секілді.

– Аянба! – деді Балуан сәл қырылданқырап, – не саған серт, жас арыстан, не маған серт.

Аянайын деп тұрған Битабар жоқ. Даланың көкжалына ұқсатпаса да, «Ойбай өлдім, қоя бер!» дегізіп, өз жасағанын өз алдына келтірсе, одан артық мерей бар ма.

Бар күшін жинап Балуанды алқымдап жоғары көтере берді. Сол кезде Балуан қойдың жілігін жемсауына салып жіберіп, бытыр еткізе түсіретін бүркітке ұқсап, басын мойнына ала беріп, шұлғып қалып еді. Битабардың қолы сарт етіп шығып кетті. Мойын емес, темір дерсің, тырнақтың ізі де қалмапты. Битабар қайта ұмтылмады, жеңілгенін танытып, басын шайқап, орнына кеп отырды.

Балуан осыдан кейін талай ойын көрсетті: үш жігіт жабылып, жалғыз жұдырығын аша алмады. Он жігіт жабылып жалғыз аяғын бүге алмады. Соның ішінде Битабар да жүр. Бірақ мұның бәрі күші асқандық емес, өнері асқандық болып көрінді Битабарға. Бәрі де тәсілдің, ұзақ жаттығудың нәтижесі секілді.

– Балуан, мұның бәрі жақсы ғой, дегенмен белдесіп күш сынасқанға не жетсін! – деп салды Битабар.

Әкесі Балуанға айырықша құрмет көрсетіп, үй тігіп оңаша қарсы алған соң, баласы қадірлі қонақты өзіне меншіктеп алса керек:

– Арыстанмен алысып, мерт болайын деп пе едің! Жәйіңе отыр, Битабар, – деп Бертшек қосарлана кетті.

Балуан жайдары қалпымен байсалды сөйледі.

– Жас арыстан жықса, кәрі батасын береді. Ал кәрі арыстан жықса, мерт етем деп жықпайды, өйткені шығар биігім осы, жеткен жерім осы демейді. Десе шын қартайғаны оның. Қайта мен бол, мына мендей бол, деп қияға баулиды. Жас арыстанның бетінен қақпа, Бертшек.

Сөздің тоқтамы Балуанның осы айтқаны болды.

* * *

Неге екені белгісіз, Битабар түнімен ұйықтай алмай шықты. Ертеңгі күн сәт сайын құбылып, қиян-қилы көрініс береді. Әуелі Балуан Шолақпен жағаласқан секілді еді. Сол елестің арты алыстап, арыстан,

жолбарыс секілді түсі суық мақұлықтарға ауысып кетті. Осы бір ой азабы тіпті ұзақ мазалады. Үсті-басы малшынған қара тер. Битабар терең бір күрсініп, аунап түсті. Байқаса, әлі түн екен, өзі әлі төсекте жатыр. Түндіктің жабылмай қалған бір саңылауынан қара көк аспанның пұшпағы көрінеді. Содан қос жұлдыз жымыңдап тұр.

Битабар сәл езу тартты да, тағы да көзін жұмды. Әлгі бір қияли елестер күрт жоғалып, енді басқа бір шытырманға енген секілді.

...Жүріп келеді. Жоқ, жүріп келе жатқан жоқ, тоқтап, дағдарып тұр. Жүрейін десе, алдында тосқауыл бар. Сом темір секілді кесек, бірдеме көлденең жатыр алдында. Аттап өтуге де, бұрылып кетуге де Битабардың халі жоқ.

Апырау, «жас арыстанға» тосқауыл болған бұл не екен? Битабар үңіле берді... Байқаса, әлгі «бірдеме» дегені Балуан Шолақтың мойны. Битабар шошып қалды. «Шошыма, Битабар! Шошыма!...» Балуан Шолақтың өз даусы.

Осыдан кейін әлдебір нұрлы дүниенің ішіне еніп жүре берді. Аздап қорасан дағы бар кілең бір дөңгелек қызыл жүз... Кілең бір сұлу шоқша сақалдар... Қалың қасты жайпақ, жадыраңқы қабақ астынан жымыңдаған кілең бір кішкене қара көздер...

Битабар тағы аунап түсті. Баласының мазасызданып, ұйықтай алмай жатқанын білді білем, қасына анасы келді:

– Битажан, не болды саған, дөңбекшіп, ұйықтамай жатырсың ғой?

– Әлі ештеңе болған жоқ. Не болса да, ертең болады...

Ана бірден түсінді:

– Қой, шырағым, Балуан Шолақ – үш жүзге аты кеткен аруақты адам. Жағаласпа. Мерт боласың.

«Үш жүзге аты кеткен аруақты адам...» – бұл сөз көкейіне ұялай кетті. «Мерт боласың» – бұл сөзді Битабар қабылдамады. Неге мерт болады? Битабардың күреске түсіп жүргені осы ма еді.

Анасы тағы бірдеме дейін деп келе жатыр еді. Битабар тұрды да, далаға шығып кетті.

Шашырап күн шығып келеді. Қотан қаңырап бос жатыр. Қой өріп кеткен. Киіз үйлердің түндігі түрілген, есік алдындағы жер ошақта от жылтылдайды. Құлындар да желіге байланып үлгірілген. Тек кейбір кеш қалған әйелдердің «құраулаған» жалғыз-жарым даусы ғана ертеңгі тыныштықты бұзатындай.

Битабардың көзі ауыл сыртындағы оңаша, оқшау тұрған ақбоз үйге түсті. Есік-түндіктің бәрі жабық. Балуан Шолақ әлі шырт ұйқыда. Бүгін сәскеде үлкен майдан тұрғаны қаперінде де жоқ. Үй төңірегінде Әлім қарттың өзі жүр. Ақ таяғын әріге сілтеп, «дабырлап сөйлеп, қонақ тыныштығын бұзбаңдар, алыстан орағытып жүріңдер!» – дегенді ыммен танытып, жақынырақ келген малшы, сауыншыны қуалайды.

Осы көріністің өзі Битабарға қатты әсер еткендей. Бір түрлі жүрегі лүпілдеді. Енді жатып, ұйықтап жарытпайтын болған соң, Иманақ тауын бетке алып ұзақ жүрді. Ауылға сәске түстің кезінде оралды.

Оңаша үйден оқшауырақ жерге кілем жайылған. Қара-құра халық көп. Солардың ортасында Балуан Шолақ сараңдау домбыра шертіп, әлдебір әңгіме айтып отыр. Түндегіден де көркем, нұрлы жүзі бал-бұл жанады. Битабардың келгенін алдымен Бертшек біліп, ұшып тұра келді де:

– Кешегі есуастықты таста. Әкем де естіп, ренжіп жатыр, – деп Битабардың құлағына сыбырлап үлгерді.

Битабар жауапты келте қайырды:

– Өлсем де жағаласып өлем!

– Ә, жас арыстанбысың? Кел, кел бері қарай, – деді түндегі сөзін қайталап. Даусында кешегідей қулық-ажуа жоқ та, құрмет бар.

Битабар еңкейіп тағзым етіп, қос қолын ұсынды. Жүрегі өрекпіп, буын-буыны қалтырады.

Балуан Шолақ домбыраны былай қойып, жалаңаш етіне жамылған түйе жүн шекпенді сырып тастады – күреске дайындалып келгені көрініп тұр. Кешегі нұрлы көз бүгін сондай өткір. Келсең кел.

Битабардың даусы сәл дірілдеп шықты.

– Шөке, мен кеше асылық айтсам керек. Екі кісі белдессе бірі жығары аян ғой, не сіз, не мен... Қорғалап, қорқып тұрғаным ол емес, бірақ. Сіздің қасиетті жағаңызға қол апаруды артық деп білем. Қаласаңыз батаңызды былай алғым келеді.

– Е, міне, мұның жөн сөз, – деді Бертшек.

Балуан оны тыңдаған жоқ. Басын көтеріп тіктеп қарады:

– Өнерің не сонда? Көрсет көпке өнеріңді.

– Түйе көтереді! – деді біреу топ ішінен.

Шолақ даусы ширақ.

– Келтір ендеше түйелеріңді.

Атан түйе көлденең тартылды. Битабар бауырына кірді:

– Ия, аруақ! – төрт түйе табан жерден бір шама көтеріліп, салбырап қалды. Түйе түйе болып жаралғалы кісіге мінгені осы болса керек, бақырып жатыр. Битабар оған қарағаң жоқ, отырған жұртты бір айналдырып барып, жаңағы жерге қаз қойды да, Балуанның алдына келіп бір тізерлеп отыра қалды.

– Жарадың, жас арыстаным! – Үш жүздің баласында өзіме тартып туған кім бар деуші едім. Асылық екен айтқаным. Бар екен. Тасың өрге домаласын! – деді Балуан Шолақ. Содан кейін шу ете қалған жұртты мұжық қолын жоғары көтеріп тоқтатты да: – Жалғыз-ақ айтарым: күрес те өнердің бір төресі. Мал табар оңай кәсіпке айналдыра көрме! – деп Битабардың маңдайынан сүйді.

Битабардың төбесі көкке жетті. Балуанға тағы да тағзым етіп түре-

келді. Шулаған жұрттың біріне де қараған жоқ. Ауылдың аяқ жағында шала дүмбілез молла болатын. Тура соған тартты.

– Молла-еке, бір ауыз сөзім бар, соны қағазға түсіріп берсең?..

– Е, ол не сөз?

– Құдай сөзі.

– Е, құдай сөзі болса, түсіруге болар, еншалла. Тек садақасын ұмыта көрме.

Битабар да моллаша сөйлеп жатыр.

– Садақасы бола жатар, еншалла.

– Ал айта ғой, пендесі.

– «Күрес те өнердің бір төресі...»

Молла дауыстап жіберді:

– Мұның несі құдай сөзі, пендесі-ау?

– Нағыз құдай сөзі, жаза бер, молле-еке... «Күрес те өнердің бір төресі. Мал табар оңай кәсіпке айналдыра көрме!»

Молла аңырып отыр.

– Жаз, моллаеке. Бір қыстық шөбіңді шауып берем.

– Ә, онда жазайын, балам. Кім біледі, құдайтағаланың өзі айтқызып тұрған шығар мұндай сөзді...

Осыдан екі-үш күн өткен соң Битабардың қолтығынан анасы үшкіл бір затты көрді.

– Бұл не нәрсе, балам-ау?

– Бұл ма? Бұл тұмар, апа.

Ана байғұс дән риза.

– Е, тұмар таққаның жақсы, балам. Пәле-жаладан қағыс жүресің.

* * *

Балуан Шолақ бұл ауылда ай жатты. Аттанатын күні Әлім ақсақал шапса үстіне су төгілмейтін құлын мүше бір қара жорғаны дереге әкеп байлады.

– Үш жүзге атың шыққан Балуан Шолақ едің. Ел таппай келген жоқсың. Мініп кетесің.

Битабар бағып тұр: Балуан Шолақ мүлде балаға ұқсап кетті. Арғымақтың ол жағынан бір, бұл жағынан бір шығып көп қарады. Сом білектерімен қаз мойнынан құшақтап жас балаға ұқсатып қысып та қойды. Қаршадайынан ер қанаты – ат мүсінін тамыршыша бағып өскен сыншы көз бірден таныды: алдында – жай қара байыр емес, түрікпеннің атақты текежәуміт сәйгүлігі.

Балуанның аузынан шыққан алғашқы сөз:

– Сурет секілді. Мұндай да жылқы баласы туа береді екен ғой?!

Әлім ақылдылық жасады. Өткен жылы бір нар түйе бір ту бие оның үстіне он қозылы қой қосып, сатып алған жорға екенін айтып жатпады.

– Қолымыздағының сізге лайықтысы осы болды, – деп тынды.

Балуанның қуанғаны сондай, ай-түйге қарамастан жорғаға қарғып мінді де, Иманақ тауына қарай төгілте жөнелді. Қайтып келгенде айтқаны:

– Жануарым-ақ екен! – Осыдан кейін жиналған топқа үңіле қарап, кейінірек тұрған Битабарды тауып алды.

– Әй, жас арыстан, бері кел!

Битабар ілгері шықты. Балуан ат тізгінін ұсына берді:

– Әлім ақсақал жорғаны маған сыйласа, мен жорғаны саған сыйладым, жас арыстан.

Битабар тізгінге ұмтылмады. Шолақтан ат мінем деген ойында болған ба, абдыраңқырап қалды. Сөйткенше Бертшек даусы жарыса шықты:

– Құдайға шүкір, Битабар ат мінем десе, табылады. Бұл – атамның сізге арнаған сыйлығы. Мініп кетесіз.

Балуан Шолақ Бертшекке бұрылды.

– Бертшек шырағым, жөн-жобаны біліп, түзу өсіп келе жатқан ақылды бала екенсің. Бір сөз айтсам, түсінесің ғой деп ойлаймын.

Бертшек қарсылық еткен жоқ. Жүзін төмен салып тыңдап қалды.

– Өмір деген қан базар. Мен сол базардың жуан ортасында жүрген жанмын. Базардан қайтқандарға жорғаның керегі жоқ. Есек мінсе де жарай береді. Жорға мен жүйрік қан базарға бет алған жас арыстандарға керек. Солар мінген жөн. Атаң маған ат мінгіздім деп қалады. Мен атаңнан ат міндім деп аттанам. Қара жорғаны итке тастасам да ерік менде емес пе енді, – деп қадала айтты.

Бертшек бірдеме демек болып келе жатыр еді, Әлім ақсақал ақ саяғын көтеріп, баласын сөйлетпей тастады.

– Батырым, жөн айтасың. Сыйламақ парыз бізден. Алмақ парыз сізден. Екі парыздың екеуі де орындалды. Әңгіме жорғада емес, көңілде. Ендігісі өз қалауың.

Балуан шегіншектеп, жасқанып тұрған Битабарға қатқылдау үн қатты:

– Жасқаншақтық ердің ісі емес, ездің ісі. Бойыңа үйір етсең, қор боласың. Кел бері, ал тізгінді!

Бұл сөзден кейін Битабар тұрып қала алмады. Еркін, нық басып келді де, бір тізерлеп отыра қалып, тізгіннің Балуан ұстаған жерін сүйіп-сүйіп алды. Ендігі сәтте дәл жаңағыдай қара жорға көктемнің самал желін төсіне алып, көк мұнар басқан тауға қарай сілтеп бара жатты.

Бір үйдің босағасына сүйеніп қарт әйел тұр. Жылап тұр. Разы болып тұр. Ол – Битабардың анасы.

Бір үйдің босағасына сүйеніп жас қыз тұр. Күліп тұр. Қуанып тұр. Ол Битабардың сүйгені – Жанкүміс сұлу.

Топ ортасында Балуан Шолақ тұр. Қадала қарап тұр. Құдды бір көлденең адам:

– Айна қатесіз Балуан Шолақтың өзі! – деп жұртты ду күлдірді.

* * *

Кілең жарау атқа мінген қалың топ – үкілі қыздар, жас бозбалалар Балуан Шолақты шығарып салып барады.

Алда Балуанның өзі. Бір жағында Бертшек. Бір жағында қара жорға мінген Битабар. Сағым шөккен самарқау кең сахарада ән толқиды – Балуан Шолақ әні «Ғалия».

«Бею, Ғалия-ай жан сәулем!..» – деп қайырған кезде, неге екені белгісіз, Битабар қыздар тобына көз салып, Жанкүмісті іздейді. Ол да «...Жан сәулем...» деген сайын сондай бір терең мағынамен Битабарға күле қарайды.

Жанкүміс – Ғалияның жақын сіңлісі, Әлім қартқа құдаша. Сондай қылықты, сұлу қыз, паң қыз. Қырындаушыларда қисап жоқ. Бірақ біріне мойын бұрмайды. Біріне ыңғай білдірмейді. Өз үйіне келген қонақ болған соң қызғыштай қорып, иемденіп Бертшек жүреді. Сөйтсе де оған да ықыласы жоқ. Ал Битабар жөні бір басқа – қылығына қылықпен жауап береді. Сөйлесе де Битабарға арнап сөйлегендей. Күлсе де Битабарға арнап күлгендей.

Балуан атының басын тартты. Қыздар бір топ, жігіттер бір топ болып алқа қотан құрды.

– Бір тілегім: не нәрсе болса да жұбымен сәнді, – деді Шолақ. – Қыз, бозбала, араласа тұрыңдар.

Жұрт құйындай сапырылысып кетті. Қозғалмай қалған Битабар ғана. Байқаса, қасына Жанкүміс келіп тұрыпты.

Балуан Битабарға қарап сөйледі:

– Ән шырқайықшы бір мына сахарада кең көсіліп!.. – Шолақ бір түрлі қапастан шыққан адамша армандай айтты.

Тағы да кең даланы «Ғалия» баурады.

Балуан Шолақ тобы осы бір сұлу ән тербеткен Иманақ бөктеріне қол бұлғап қоштасып, ұзап сала берді...

* * *

Кілең жарау атқа мінген қалың топ – үкілі қыздар, бозбалалар Балуан Шолақты шығарып салып қайтып келеді.

Алда қара жорға мінген Битабар. Қасында Жанкүміс. Жұрт Балуан тілегін орындаған. Екеу-екеу, жұп-жұп.

Жанкүміс жақындай түсті.

– Битабар, жарысайықшы!

Қара жорға бауырын жерге төсеп көсіле жөнелді. Жанкүміс астындағы көккасқа қосарлана тартты.

Артта айқай:

– Жанкүміс, тоқта! – Бертшек даусы.

Қараса, созыла тартқан топтан Битабар мен Жанкүміс жұбы ұзап кетіпті.

«Тоқта!» дегенмен бұлар тоқтаған жоқ. Иманақты бөктерлей қара үзіп барып тасаға түсті. Ат басын сонда ғана тежеді.

Оңашада сөз таппаған Битабар мақтаулы жорғаны қайта мақтады:

– Басын тежеп отырдым қайта. Еркіне жіберсем, көккасқаға да шалдырмай кете ме деймін. Жануарым-ақ!

Жанкүміс әзілдей сөйледі:

– Битабар, сен қазір Балуан Шолақтың өзіне ұқсап тұрсың.

Битабар тауып кетті:

– Ал сен болсаң, баяғыдан бері Ғалия секілдісің ғой маған, Жанкүміс.

Жанкүміс жымия күліп, Битабарға жанаса жүрді. Бұл Битабарға әл бергендей. Қыздың білегінен барып ұстады. Жанкүміс қарсылық көрсеткен жоқ.

– Жанкүміс, аударып алып, алып қашып кетейін бе осы?

– Көкпарға тартар лақ емеспін. Аударып алып қайтесің, Битабар, – Жанкүміс сондай мұңлы.

Қараөткел жағында айттырылған жері бар деуші еді, рас болды-ау сол сыбыс!

Битабар үндемей қалды. Жанкүміс күрсініп қойды..

Атын қамшылап Бертшек осы кезде жетті...

– Апыр-ау, тоқта дегенде неге тоқтамайсыңдар?

Жауапты Жанкүміс қайтарды:

– Жас арыстанға сыйлаған жорғаның қарымын байқадық, батырекесі.

Әлде қыз қызғанышы, әлде қара жорға күйігі, Бертшек астындағы торының сауырына қамшыны көміп-көміп алды.

– Битабарға қара жорғаны мен сыйлаппын ба?! Жүр, кеттік. Әйтпесе көкем тағы ұрсып жүреді.

Жанкүміс қарсыласқан жоқ. Бертшекпен бірге ілгерілей беріп, Битабарға күле қарап, көтерген оң қолының саусақтарын қыбырлатты. Битабар кейіндей берді.

* * *

Битабар шалқалап төсекте жатыр. Кешегі нұрлы күн көріністері көз алдында: қол бұлғап күліп бара жатқан Жанкүміс... көзіңнен жас ағызып көсіле жорғалаған қара жорға... Битабар керіліп, езу тартты.

Сырттан дауыс естілді:

– Битабар, шығып кет! – бірден таныды. Бертшек даусы.

Битабар сыртқа шықты. Бертшек ат үстінде. Жетегінде бір тай.

– Мына тайды келер жылы ат қып мінесің. Қара жорғаны өзіме қайтар.

– Қайтарғым келсе, қара жорғаны иесіне қайтарам да, саған не деп қайтармақпын?

Бертшектің беті қатты.

– Қисық сөйлеме өйтіп, Битабар. Қара жорға не теңің?! Екі арада мына «ал» деп тұрған тайдан айрылып қаласың.

Битабар шамданып қалды.

– Тайында менің шаруам жоқ. Қара жорғада сенің де шаруаң болмасын.

– Жоқ, шаруам бар менің қара жорғада. Тайды да бермеймін. Жорғаны да алып кетем.

– Алып кете алмайсың, Бертшек. Қан боласың, білдің бе! Мен тірі тұрғанда қара жорға түсіне де енбейді, – Битабар шын ашуланып айтты.

Бертшек те ашуға булығып тұтығып қалды. Жетегіндегі тайдың ноқтасын сыпырды, да, «әкеңнің аузы!» деп қақ жонынан қамшымен бір тартты. Боқтағаны әлде тай, әлде Битабар, бір құдай білсін. Қанына қарайған жас балуан ұмтыла берді... Бай баласының астындағы жарау ат екі көзі шатынап ырғып-ырғып түсті. Бертшек ат басын тартқан жоқ.

– Көрсетем әлі мен саған! – деп айқайлады ол ұзап алған соң.

* * *

Битабар уәдесі бойынша моллаға шөп шауып қайтты. Үй төңірегі күбір-күбір.

– Оу, не болды?

Битабар қайта дауыстады:

– Уа, не болды деймін?

Битабардың қасына он жасар бала келді. Жамағайын баласы – Хамит.

– Сен шөпке кеткен соң бар ғой, ана Бертшек ағатайым бар ғой, ия, қара жорғаны бар ғой, келіп алып кетті...

Битабардың өңі өзгеріп сала берді:

– Қайда алып кетті?

– Жетелеп апарып бар ғой, ия үйдің ар жақ тасасына бар ғой, ия, байлап қойды. – Біреу естіп қалмасын дегендей бала мойнын созып, сыбырлай сөйледі.

Қанына қарайған жас балуан бір шешімге мықтап келген секілді. Адымдай басып бай үйіне беттеді. «Әні, ана жақта!» – деп бала жортақтап келеді.

Рас, қара жорға бала көрсеткен бетте екен. Бертшек ерттеп жатыр. Қасында екі-үш жігіт, мәз-мәйрам.

Битабардың түсі сондай сұсты болса керек. Бертшек не істерін білмей сәл тұрды да, үйге қарай жүгіре жөнелді. Жігіттер шеттей берді. Битабар үндеген жоқ, ертоқымды сыпырып тастап қара жорғаға қарғып мінді де, кешегі Бертшектің өзіне ұқсап салмақпен дауыстай сөйледі:

– Бертшек, шығып кет тысқа!

Үйде тырс еткен дыбыс жоқ.

Битабар үш қайтара дауыстады. Бертшек үш қайтара үндемей қалды.

Дауысты естіді білем, үлкен үйден таяғына сүйеніп Әлім карт шықты. Битабар бұрын көрмеген ашулы халде.

– Ой, өңшең иттер! Біреудің жалғыз атын барымталайды екенсіңдер енді жауабын, неге бермейсіңдер. Әлде бұлай боларын ойламадыңдар ма?!

Үйден дыбыс шыққан жоқ. Ат пен Бертшекті төңіректеген әлгі жігіттер құмға сіңген судай жымып отырды:

Әлім карт түсін жылытып, Битабарға қарады:

– Ана Бертшек ит балалық жасап жүр, құдай алдында сұрауы жоқ, қара жорға сенің малың. – Бертшек естісін дегендей әдейі дауыстап айтты.

Битабар ақылымен аты шыққан Әлім картқа риза болып үйіне келді.

– Жорға дауы осымен біткен болар, – деді қарсы шыққан анасына.

* * *

Ай туды. Тау жақтан самал жел соқты. Үй түндіктері әлдеқашан жабылған. Ел шырт ұйқыда. Қотанда қой жусайды. Күйіс қайырған мама сиырлар анда-санда бір ыңыранып қояды.

Битабар есік алдында отыр. Ұйықтай алмайды. Жұмбақ бір аңсау бар. Сол күш жетелеп сыртқа шығара береді.

Жанкүмісті аңсайды. Көргісі, кездескісі келеді. Бірақ Балуан Шолақ аттанып кеткеннен бергі күндер сондай бір сұрқай, көңілсіз, Шолақ бардағыдай кешқұрым қыз-бозбала жиналмайды. Кең сахараны тербетіп ән де шырқалмайды. Алтыбақан ағашы әлдеқашан отқа жағылған. Битабар бір ауылда отырып, Жанкүмісті көруден қалды.

Бәрін де бағып отыр, бәрін де біліп отыр. Күнде үлкен үйде жататын Жанкүміс бүгін отау үйде. Бертшек үйінде. Олар әлі жатқан жоқ. Біреу кіріп, біреу шығып, абыр-сабыр.

Ай жоғары өрмелеп, қара мақпал түн тыныштығына бөккен сахараға бозғыл сәулесін септі.

Бертшек үйінің есігі ашылып, екі адам шықты да, бері салды. Қараңдап қой ішінен өтті. Шыға түсіп кідірді де, бірі орнында, бірі осылай қарай жүрді. Битабар бірден таныды – Хамит.

– Сені бар ғой, аға, Жанкүміс тәтем бар ғой, сол шақырады...

Битабардың жүрегі тулап, тұла бойы от тигендей шымылдап жүре берді.

– Жанкүміс тәтең қайда?

– Жанкүміс тәтем бар ғой, ия, әне қой арасында...

Лаулаған бір от-жалынға ұқсап Битабар ұмтыла берді. Бірақ Жанкүміс күйі өзгеше. Сәл қалтыраған сұп суық қолымен жас балуанның кеудесінен итеріп тоқтатты да салқын үн қатты:

– Жоқ, Битабар, сезім мастығына жеңдірме. Мен қоштасқалы келіп тұрмын. – Даусы да сондай қалтырап шықты.

Битабар аңырып қалды:

– Қоштасқаны несі?

Жанкүміс күлген секілді.

– Аралбай еліне біржола келді деп пе ең мені! Кетемін-дағы.

Битабар қара тас сияқты, не дерге сөз таппай түйіліп тұр.

Тағы да Жанкүмістің даусы – сондай мұңлы, сағынышты:

– Қызықты күндер тез өтеді ғой, кеше ғана келген секілді едім. Міне, енді күз болыпты. – Жанкүміс Битабардың қолынан ұстады. Жас балуан, қайтып ұмтылған жоқ. Қыз алдында шөккен нарға ұқсап, бір тізерлеп отыра қалды да, ойындағысын лақ еткізді.

– Қайда кетсек те бірге кетейікші, Күмісжан!

Жанкүміс күрсініп алды.

– Тағдыр оған жазбаған ғой...

– Неге жазбайды? Өзің шынынды айтшы, сүйесің бе мені?

Жанкүміс сәл кідіріп барып, тым баяу сөйледі:

– Сүймесем, бүйтіп келем бе, Битабар...

– Олай болса ,не кедергі бар? Қосыламыз.

Жанкүміс үндемеді. Кенет Бертшек үйі жағынан дауыс шықты.

– Жанкүміс! Ә, Жанкүміс?! – Бертшек даусы.

Жанкүміс тұла бойы қалтырап қозғала берді.

– Бақұл бол, Битабар. – Жаңа ғана қызуымен Битабарды шарпып тұрған тірі Жанкүміс қараңдап көлеңкеге айналып барып, қараңғылыққа сіңіп, жоқ болып кетті.

Ай төбеге көтерілді. Битабар мелшиіп әлі отыр.

Бертшек үйінің сыртынан дүрсетіп тарантас қозғалды да, Қараөткелге өтетін қара жолға қарай салды. Мөлдір түнді тербеп ән естілді.

Баяғы таныс ән. Ғашықтар әні. «Ғалия», «Беу, Ғалия-ай, жан сәулем...» – деген кезде талып үзіліп, барып, «Жазылдың бай-ай, дертіңнен?.,» дегенде әлдебір жойқын күш – су тасқыны келе жатқандай болып кетті. Битабар қарғып тұрды: қазір тұсаулы жүрген қара жорғаны іздеп тауып алады да, Қараөткелдің қара жолына бұл да барып түседі... қарсы келгенді қиратады. Жанкүмісті алып қалады. Шешім осы.

Битабар жүгенін ұстап олай жүгірді, бұлай жүгірді. Іңірде ғана тұсап жіберген қара жорға үшті-күйлі...

«Апырау, жер-көктің бәрі от, ұзап кетпеске керек еді ғой?».

Таң атты. Иманақ жақтан бір салт атты көрінді – жылқышы екен.

– Уа, қара жорға көзіңізге түскен жоқ па?

– Ана төбенің астында қарайып бір мал жатқан секілді. Сол болмаса, бейсеует жылқы көре алмадым.

Битабар екі өкпесін қолына алып, төбе астына барды: қара жорға мойнын соза құлапты. Шек-қарыны ақтарылып жатыр.

Битабар еңкейіп, қара жорғаның маңдайынан сипады – сұп-суық. Жас арыстанның көзінен жас моншақтары домалап-домалап кетті.

* * *

Сәске кезінде аспанды біртіндеп сұрқай бұлт жапты. Сілімтік жаңбыр сіркірейді. Ұзақ күндер жылап жауар ақ жаңбыр. Түндіктеріне тіреуіш қойылған киіз үйлер шағын-шағын төмпелер секілді. Мелшиіп қалған. Иманақ тауы да үлкен бір обаға ұқсап, жым-жырт құлазып тұр.

Битабар жүгенін арқалап бай үйіне келді. Ортада маздап от жанады. Айнала айшықты тұс киіз. Жып-жылы. Әлім қарт бас болып үй іші жас қой етінен жасалған ыстық кеспеге бас қойыпты. Пияз бен қара бұрыш, ет иісі мұрынды қытықтайды. Бірақ бұл үй де қаңырап қалған секілді – Жанкүміс жоқ.

– Битабармысың, кеспеге кел. – Әлім даусы ықыласты. Бертшек басын көтермейді.

– Жоқ, алда разы болсын. – Битабар селқос айтты.

Әлім тіктеп қарады.

– Шырағым-ау, саған не болған?

Битабар жүгенді босағаға тастай салды:

– Біреу қара жорғаны пышақтап кетіпті...

Ақсақал баласына қарады. «Сен емессің бе?» деген қарас.

Бертшек безектеп жатыр:

– Мен емес, әке, мен маңайынан да жүрген емеспін, әке. Анада өзің айтқаннан бері қара жорғаны мүлде ұмытқанмын.

Әлім қарт байсалды:

– Мен саған ештеңе деген жоқпын ғой. Байбалам неге салдың, балам?

Бертшек үндемей қалды. Ақсақал Битабарға қарады.

– Ат тұяғын тай басар деген, Балуан Шолақтан бата алған баласың, жаяу қалғаның жарамас. Жылқыға бар да, таңдаған құнанына құрық сал.

– Қара жорға тұяғын құнан да, тай да баса алмайды, Әлеке. Айтқаныңызға рахмет. Мен мал дауламаймын, – деп Битабар бай үйінің есігін жапты.

* * *

Қыс түсті. Ел қыстауға оралды. Арада айлар жатыр. Битабар Бертшекті көрген емес. Қара жорғаның ішін кім жарды? Сұрау салған жоқ. Бертшек ақылымен болған іс екеніне имандай сенеді. Ал Жанкүмістің кетуі көпке аян. Бертшек Битабардан қорқып, қыздың туыстарына да, айттырылған жеріне де хабар салған: «Тез келіп, Жанкүмісті алып кетіңдер. Әйтпесе, қолды болатын түрі бар!» Жанкүмістің түнделетіп кетуінің себебі осы. Бірақ Битабар: «Жанкүмісті неге жібердің?» – деп кінә тағып, Бертшекке барған емес. Бұлар жақын туыс адамдар. Әлім қарт – қадірлі ақсақал, ел кісісі. Ағайын арасы ашылмауға тиісті. Бұл – Битабардың өз түсінігі. Жел бергендер де, тоқтау салғандар да болған. Бірақ ашқанды да, қосқанды да балуан тыңдаған жоқ. Өз ұғымы, өз иланымы мықты адамға көлденең сөз қашанда әсерсіз келеді.

Арада айлар жатыр. Қыз жарасы да, ат жарасы да жазылып келеді. Сөйтсе де, Бертшекті әлі балуан көрген емес.

Битабар жүгіре басып келеді. Беті – Бертшек үйі. Жоқ, Әлім қарттың үйі.

Әлім қарт әл үстінде...

Ел тайлы-таяғымен басында, күзетте отыр. Бүгін сәскеде қарт көзін ашыпты. Айтқаны: «Битабар қайда? Битабар баламды шақырыңдаршы!»

Битабар сол себепті жүгіре басып келеді.

Есік ашылды. Алғашқы естігені:

– Қайта-қайта сені сұрап, асығып жатыр жарықтық.

Битабар төргі бөлмеге өтті. Бес-алты жібек жастықты арқасына қойдырып, Әлім қарт шалқалап жатыр екен. Өңі құп-қу. Шүңірейіп, ішіне түсіп кеткен көзі жұмулы. Жарланып біткен қалың қабағы аппақ. Айырықша өсіп, салаланып кеткен ақ сақалы омырауын түгел жапқан.

Қарияның осы бір қалпы, көрмесе де естіген, ерте заманғы сәуегей әулиені елестеткендей.

Дауыстар:

– Жақынырақ кел!

– Берірек, берірек отыр.

Битабар лезде жасып, шөгіп, жүзін төмен салды. Қарт қиялаты жақсы көретін Битабарға сондай аянышты.

Дабыс-дыбысты естіп қария көзін ашты. Сөзі айқын, түсінікті:

– Ата-бабалар кеткен келмес сапарға мен де аттанғалы жатырмын, балам...

Біреулер солқылдап жылап, біреулер күрсініп алды.

– Құдай тағала Бертшек екеуіңді кем жаратқан жоқ. Ата балаға сыншы! Білем мен. Екеуің қосылып бір құстың қос қанатысыңдар. Біріңде білек пен жүрек бар. Біріңде ақыл мен білім басым. Осы төрт қасиетті тең ұстасаңдар биікке самғайсыңдар. Сонда бұл атаның баласы қор болмайды. Өлер алдындағы өсиетім, тату жүріңдер. Тату жүрсеңдер, ат та бар, ас та көп...

Қария даусы үзіліп кетті...

Бас жағында отырған көсе молда:

– Кәлимаға тіліңді келтір, Әлім Кәлимаға... – деп тоқтады.

Әлім қарт кәлимаға тілін келтіре алмады. Әдейі осы өсиетті айтуды ғана күтіп жатқан секілді, жан тапсырды. Көсе молда бірдеме деп күбірлеп, қарияның бетіне ақ жаба берді. Әйелдер дауыс көтерді. Бертшек әкесінің аяқ жағында отыр екен, еңбектеп келді де, Битабарды бас салып, құшақтап, боздай бастады.

Битабар жан дүниесі езіліп, тебіреніп кетті. Арыстай ел адамы опат болып жатқанда күйкі тірліктің ашу-араз, өкпе-назы деген не тәйірі. Іші бос бөшкедей ебетейсіз қоңқылдап, бұл да Бертшекті құшақтай алды.

– Ұйытқымыз еді ғой, Әлекең!

– Мәйегіміз еді ғой, жарықтық!

* * *

Баяғы Балуан Шолақтан бата алған күннен бастап Битабар бұл өлкеде Балуан атанған еді. Аты шулы ас, жиын, тойлардың бірі Битабарсыз өтпейді. Қайда жүрсін, Битабар арнайы шақырылады. Қайда жүрсін, Бертшек оның қасында болады.

Өлген адамның соңғы сөзі – құдай сөзі. Өлген адамның өсиетін орындамау – кісілік емес. Битабар сертіне берік. Әлім қарт айтқан қақ жолды айнытпай ұстап келеді. Ақыл мен білім – Бертшектің үлесі. Білек пен жүрек өзінде. Бәйге атаулы да өзінде. Бірақ, бір қызығы, сол бәйгеден түскен олжаның бір суыртпағын иемденіп көрген емес.

Битабардың осы мінезін білетін ел түгел сауғашы. Таласып келіп, алып кетіп жатады. Таласып келіп, жетелеп кетіп жатады. «Мынаны мен

алайын» – деп ел сұрамайды. «Мұны сен неге аласың?» – деп Битабар сұрамайды. Өзді-өзі болып, бөлісе алмай өкпелесіп жатқандарды ғана көреді. Сонда да «сенікі дұрыс, сенікі теріс!» – деп төрелік айтар балуан жоқ. Дауласып келген біреу болса бар айтары:

– Бар, Бертшекке барыңдар. Сол біледі.

– Ойбай-ау, сол Бертшектің өзі ғой озбырлық жасап отырған.

Битабар айтар сөзден жаңылмайды.

– Бертшекпен барып сөйлес дедім ғой. – Дауды балуан осылай тындырады. Олжаға Бертшек қана ие.

Осы парықсыздықтың есесі Битабарға бір-ақ жерде ғана қайтады. Ел аралап, той тойлап ала жаздай үйіне бір соқпайтын балуан «малым бар еді-ау, жаным бар еді-ау» – деп көрген емес. Мал қамы, жан қамы ел үстінде.

Битабар осындай сауық-сайранмен жүріп, отыз бес жастың белін шықты.

* * *

Бұрын кісі жіберетін Бертшек екі-үш жасының үлкендігіне қарамастан өзі келді.

– Ал, балуан, дайынбысың?

– Балуан қашанда дайын ғой, Бертшек.

– Ал, кеттік олай болса! Бұл бір бұрынғыдан мүлде өзгеше той.

– Несі өзгеше? Талай көрген тойымыз емес пе.

Бертшек жымиып күліп қойды. – Өзгеше екенін барғасын көресің. Битабар қайталап сұрап, қазбалаған жоқ. Ағайынды екеуі атқа қонды. Беті – Сарысудың төменгі жағын жайлайтын тамалардың елі.

* * *

Дағдыдағыдай қырық-отыз шақырым жерге ат кетті. Дағдыдағыдай бел шешіп, Битабар ортаға шықты. Баяғы ұстазынша түйе жүн шекпенді айқара тастап көп отырды. Қарсы елден шығар балуанды күтіп отыр. Ол елде мұнымен жағаласар еркек кіндіктің жоғын да біледі. Сөйтсе де «бәйгемді күреспей бер!» – деп асылық, артық айтар бұл емес. Көріп отыр: әркімге құрық салынады. Құрық салынғандар отырған жұрттың алдына шығып шешінген болады. Шешініп жатып, даяшылармен тағы да сөйлескен болады. Әйтеуір күйбең көп. Сол күйбеңнің ақыры – қайта киінумен, топ арасына қайта барып қарасып үзіп кетумен тынады. Күн түске ауды. Битабардың шыдамы таусыла бастаған кезде өз жағының бір даяшысы келіп Бертшектің шақырып жатқанын хабарлады.

...Бертшек тойға арнап тігілген боз үйде оңаша отыр. Бұрынғыдан да айырықша ілтипатты. Түрегеп келіп қарсы алды.

– Мына көп шуылдақ тамадан ер мінез, қатын жүрек бір жігіті табылмағаны-ау сонымен.

– Қайдан білейін, күйбеңдесіп жатыр ғой әйтеуір.

Бертшек сәл ойланып алып сөйледі:

– Тамамен арамыздың жақсы емес екенін білесің ғой, балуан. Жаз болса, мал жайылымына таласып дегендей... – Бертшек лекіте күліп алды. Онысы Битабарға ерсілеу көрінді. – Бір жолға таманың ырқына көне салсақ да болады-ау осы? Не дейсің осыған?

– Өзіңе аян ғой. Несін сұрайсың, Беке. Қатар көшіп, қатар қонып жүрген ел болғап соң, араның ашыла бергені жақсы емес.

Манадан бері түлкі бұлаңға салып, әр жерден тамырын басып, сақ отырған Бертшек мына сөзден кейін кесіп айтты:

– Ал ендеше бұл жолы кезекті тамаға бересің.

Битабар түсінбеді.

– Кезекті бергені қалай? Кезекті жығып алмаушы ма еді?

– Жығып алу қолынан келмесе қайтесің? Олар кісі салып отыр. Арамыз ашылмасын десеңдер, Битабар бұл жолы жығылатын болсын депті.

– Сен не дедің?

– Ойлай келе көнуге тура келді.

– Сен көнгеніңмен мен көне алмаймын. Аруақ аттатар жәйім жоқ.

– Жоқ, көнесің!

– Жоқ, көне алмаймын!

– Онда күреске түспейсің!

Битабар ұшып тұрды да есікке беттеді.

– Битабар, тоқта!

– Ал не айтайын деп ең?

– Таманың бұл тілегін орындасақ, екеуіміз де көк ала қағазға шаш етектен боламыз.

Битабар мысықша қарғып келді де, Бертшекті жерден жұлып алды.

– Ел басшысы десем, қорқау екенсің ғой!

Бертшектің зәресі ұшты. Жайшылықтағы сабыр-салмақтың бәрінен айырылып, шыңғырып, бақыра берді. Ілезде жұрт жиналды. Битабар сасқан жоқ, тынысы тарылып, серейе бастаған жемтігін әлдебір түйіншекке ұқсатып, жиналған жүк үстіне қарай лақтыра салды да «не болды?» – деп анталап, аңырып қалған қалың жұртты қамысша жапырып далаға шықты...

Осы оқиғадан кейін Битабар күрт өзгеріп кетті. Баяғы ойын-сауық, серіліктің бәрін тастады да, үйіне кеп жатып алды. Жаз болса, бірер

қарасына шөбін шабады. Шабындықтың жақсысын бердің, жаманын бердің деп, не алғап, не қарғап жатқан да бұл жоқ. Қыс болса, өз қорасының төңірегінде. Былайғы дүниенің бәрінен бейхабар. Өсек-аяңға да құлағы сондай керенеу. Жаңалық сөз болса да, жаманшылық сөз болса да, қайтарар жауабы біреу-ақ: «Е, жақсы болыпты». «Өткенді ұмытысайық, татуласайық», – деп Бертшек жіберген ара ағайынға айтқаны: «Мен ешкіммен араз емеспін».

Арада талай жыл жатыр. Заман да қауырт өзгеріп сала берді. Кеше ғана бұл өлкені ұлы конфискация науқаны дір сілкіп өткен. Әр жерде кедей, арық жақыбайлар топтасып, ұйым құра бастады. Союз қосшы деген, ТОЗ дегендер шықты. Осы жаңалықтарды әркім әр қилы қабылдап жатыр. Біреулер үркеді, біреулер құшақ жаяды. Ел іші дүрмек. Дала мен Қарағанды арасына қасқа жол түсті. Кешегі шаруа қуған жандар енді шахтаға ағылды.

Битабар бұған да селт еткен жоқ. Бір күні бір топ белсенді келді.

– Биеке, ТОЗ-ға мүше боласың!

– Жарайды, мүше болсам, болайын. Арада бір-екі ай өтті.

– Ал, Биеке, ТОЗ-ға кірдің. Енді үйде қарап отыруға болмайды. Ортаның өгізшелерін бағасың.

– Жарайды, ортаның өгізшелерін бақсам, бағайын. Битабар жаңалықты осылай қарсы алды. Өгізше бағуға осылай шықты....

3

...Битабар кештетіп келсе, ауыл іші тып-тыныш. Бірінші кездескен адамнан сұрағаны:

– Ауылға машина келді ме?

– Ия келді. Бірақ тоқтаған жоқ. Құланөтпеске қарай өтті.

– Кім екенін білдіңдер ме?

– Білдік. Қарағандыдан шыққан өкіл.

«Битабар үйде болсын, екі-үш күнде ораламыз», – деп кетті.

– Өкіл? – Битабардың жүрегі лүп ете қалды.

Таңқаларлық жай. Битабар осы далада туды. Осы

далада ер жетті. Күні бүгінге дейін осы далада ол өзін су ішіндегі балықша сезінеді. Кең сахараның кең тынысы, көз ұшына кете беретін жұмбақ көкжиек, ала құйын ақ бораны мен қара нөсер жаңбыры әманда оған қуат береді. Әманда ол осы даладан қиындықты іздейді. Екі аяқты, төрт аяқты дала көкжалдарымен кездессем деп жүреді. Кездесе қалса, селт етпейді, қарсы барады. Қарсы барады да, қабырғасын қаусатып шығады. Сөйткен Битабар далаға еніп келе жатқан жаңалықтан сескенеді. Қара жорға мен атан түйе де, шаңырақ мүйіз шандақы өгіз де даланың пернесі іспетті. Жорғалай басса да, жә болмаса, алшаңдап,

маң-маң басса да қилы-қиян, күй саулайды. Сондай күй атаулының бір-ақ аты бар. Ол – «дала гөй-гөйы». Дала гөй-гөйы Битабарға тән гөй-гөй. Осы даланың баяу ауысқан көктемі мен жазына, күзі мен қысына үйренген, балпаң басқан баяу жүрісіне үйренген Битабар үшін құйынша құйғытқан шайтан арба да, селтеңдеген шетен қалпақ та көзге шыққан сүйел секілді әрі оғаш, әрі ерсі еді. Жүрегі лүп еткен Битабардың алғашқы ойлағаны – «екі-үш күнде қайтып оралады-ау».

Осы бір ала құйын сезіммен үш күн өтті. Бес күн, тіпті он күн де өтті. Шетен қалпақ оралмады. Битабардың көңілі орнығайын деді: «Сол жақтан тура Қарағанды тартқан ғой».

Бір күні таңертең төсектен тұрса, келер қыс белгісін танытып қырбақ қар жауып қалыпты. Суық жел бар. Далада жаңа саз, жаңа әуен: «Қыс келе жатыр, қыс келе жатыр!»

Көрші екі үйдің өзі жоқ, жұрты қалған.

– Е, бұлар қайда кеткен?

– Қарағандыға, шақтаға кетті. Көшіп кетті...

Түс ауды. Кеш болды. Күн суыта түсті. Битабар тумысында тұңғыш рет келер қыс жайын ойлады. Қалай ойласа да, алдағы неғайбыл, қараңғы заһар қыс. Қазан-ошақ жағында күйбеңдеп қатын бишара жүр. Ұлы – Амантай біресе далаға шығады, біресе үйге кіреді: Алғашқы жауған қар да қызық. Дағдысынан ықтасынға ерте тығылған тоқты-торым, мал да қызық. Бірақ биылғы жылы жаңбыр-шашынның тапшы, қуаңшылық болғаны, егін-шөптің шықпай қалғаны ойында жоқ: «Мал қайтіп күн көреді? Жан қайтіп күн көреді?» – Биекең «енеңді...» – деп күбірледі де, киіз үйдің қақ ортасында маздап жанған отқа қарай жантайды. Содан кейін езу тартты: «Тартпай кеткірдің тартқанын!..» Ия, тап өзі секілді. Өзі секілді аңқау, өзі секілді парықсыз. Дене бітімі де дәл өзіндей кесек. Өз теңдесі түгел, он бес, он жетідегі жігіттеріңнің өзі де батпайды оған.

Битабар келер күн әкелер жүдеушілікті бір сәт ұмытты да, Амантай арқылы өз балалығын есіне түсіріп жадырайын деді...

Кенет гүрілдеген машина даусы шықты. Биекеңнің арты қылп ете қалды: «Мына иттер әлі де осы жақта жүр екен ғой». Қатынына «бар, қарашы!» – дегенше болмады, есік ашылып, шетен қалпақ кіре берді. Алып денелі Битабар тұра келді де, ебетейсіз қимыл жасап:

– Е, тамыр, үй таппай келмеген шығарсың, төрлет! – деп қалбалақтады.

Шетен қалпақ сәлем орнына сәл жымиды да:

– Қымыз бар?.. – деді басқа тілдің ырғағымен.

Битабар да қонақ еркіне көшіп алған.

– Қымыз ба? Қымыз бар, тамыр. Қымыз бар.

Сілеусін дағдылы әйелдігіне бағып:

– Осы кеште қымыз қайдан болады, – деп күңк етті.

Битабар әйелін оқты көзімен бір атты: «Құдай-ау, осы әйел атаулы не еткен халық? Кеудесіне мылтық төсеп тұрсаң да, «бар еді» деп бір айтпайды. Бір аяқ қымызға бола атылып қалса не болады сонда? Шіркін-ай, содан кейін сөйлесер ме еді?! Бірақ атылып қалған соң, сөйлестің не, сөйлеспедің не?! Қара тас та бір, ол да бір.

– Қымыз бар, тамыр, – деп қайталады Битабар сөзін. – Қымыз болмаса, саумал бар.

– Ә, онда отыруға болады. – Өңінде жылылық. Заты зұлымдықпен келген кісі секілді емес.

Битабар көңілі орнығайын деді.

– «Е, бір көрген біліс, екі көрген таныс» деген. Үй таппай келмеген шығарсың, төрлет, тамыр, – деді Битабар тағы да, осы кезде еркін басып, төрдің қақ төбесіне шығып үлгірген шетен қалпаққа, – қымыздан басқасы да болады.

Алып денелі үй иесінің қалбалақтап жатқанын қызықтағысы келді білем:

– Е, қымыздан басқа нең бар? – деп сұрады қонақ.

– Бәрі де бар. Бәрі де. Тоқты бар. Ісек бар. Құлын да бар.

Қазақ даласын көп аралап, ой-шұқырын егжей-тегжейлеп біліп алған шетен қалпақ бір нәрсеге қайран: бұл далада осылардың әрқайсының алар өз орны бар. Бұлар айла-қулық та жасай алады. Дау-шарға да түсе алады. Ал сырт күшпен, сенімен кездессе, дәп осындай сорлы, бишара. Өз ортасында алар орнынан, өз арасындағы дәреже салмағынан айырылып, қалбалақтайды да қалады. Сол себепті, бұлардың қай дәрежедегі қандай адамдар екенін білу де қиын. Қонақ бір сәт құмырсқа илеуін көз алдына келтірді. Қайнап жатқан бір дүние. Бірақ не қарекет жасап жатыр? Қайсысы қандай қызмет атқарады? Қанша уақыт үңілме, бәрібір әрқайсысына ат қойып, аңдар тағып, айыру қиын... Құмырсқа илеуінің айқын елестегені соншалық, шетен қалпақ ұзақ уақыт үңіле қарап тұрды да, «ә, жарайды – деген адамға ұқсап қолын бір сілтеді де, аяғымен таптап жүре берді.:.

Битабардың даусы шықты:

– Ойбай-ау, күйдің ғой, алдында жанып жатқан от бар...

Шетен қалпақ шын дүниеге қайтып оралды. Байқаса, шынында да отты аттап барады екен. Отқа қарыла бастаған балағын уқалап сөндірді де, басын шайқап, кейін шегінді.

Шофер жігіттің аты Есім екен, сөзге араласты.

– Түнде Құланөтпестің өткелін таба алмай көрер таңды көзімізбен атқызып едік. Суық тиіп қалмаса игі еді.

Битабар бәйек бола бастады.

– Ойбай-ау, қонақты онда үсітіп алмайық, қатын. Отқа қарағанды көбірек таста. Қалың етіп көрпе төсе төрге.

Шетен қалпақтың көзіне тағы да құмырсқа илеуі елестеді. Өзгелерінен мүлде өзгеше бір дәу құмырсқа басқаларын апырып-жапырып, кетіп бара жатыр... – қонақ жымиып күліп алды.

– Қатын, қарағаныңды аяма. Үйді жылыт тезірек. Өлтіріп алып, ұятқа қалып жүрерміз. Бәледен машайық қашқан.

Шетен қалпақ «машайықты» түсінбеді, «бәлені» түсінді.

«Менің өлімім түк емес бұларға. Бәлесінен қорқады».

Тағы да Битабардың даусы:

– Амантай, ә, Амантай, бері кел.

Үйге Битабардың өзінен аумай қалған кеспелтек, дөңгелек иек бала келіп кірді де, қонақтарға қол берді. Алақаны үлкен кісінің алақанынан да ірі екен. Шетен қалпақтың интеллигент уысына сыймай жатыр: «Әкесіне тартқан мынау да бір алып қой!»

– Аманжан, бұл кісі – құдайы қонақ. Ана тоқты торымның бірін әкеп сой.

Амантай сөз қатқан жоқ. Тағзым етті де, сыртқа шығып кетті.

Құдайы қонақ расында да суыққа ұрынған болса керек: денесі мұздаған соң көрпені өткa жақынырақ салғызып орана отырды.

– Анада мына жігітке қатты ренжіп тұрған ем... Қалай ренжімессің, екі адым бұрылып жүрсе түк жоқ еді ғой. Жоқ, қойды да кетті. Сөйтіп тұрғанда арамыз шәлкем-шалыстау болып қалды. Батыр кексіз келеді деген, ұмытқан шығарсың, – деп шетен қалпақ енді кішірейе сөйледі.

– Оқасы жоқ, – деді көңілі орныға бастаған Битабар, – кейде үй ішінде қатын, балаға кейіп жатқанда өзіміздің де сәлем алу дегенді ұмытып кететініміз бар.

Битабар сөзінің аздап кекесіні барын сезгендей болып, қонақ кеңкілдей күлді.

Сөзді Есім іліп әкетті:

– Иван Иванович менің бір ісімді дұрыс деп көрген емес, сонда екі адым бұрылып жүрсем бұл кісімен жүздесе алмай қалатын едіңіз ғой.

– Оның рас. Есім, рас айтасың, – деді де қонақ Битабарға бұрылды, – атыңа бұрын қанықпын. Шіркін, бір кездессем деп жүруші ем. Мына Есім ретін келтірді. – Осыдан кейін оқыс өзгеріп, көптенгі бір таныс, құрбы адамша Битабардың арқасынан қағып-қағып қойды. – Апырау, өзің де қызық екенсің. Келген бетте: «Мен Битабармын!» – десең, болып жатыр еді ғой.

Битабарда қалтқы жоқ, мынадай сөзге ағынан жарылды:

– Битабар орыс арасында да қадірінің барын біліп пе?!

– Бұл кісі орыс емес.

– Енді кім?

Қонақ ендігі сөзді асықпай отырып қазақшалап өзі жалғады.

– Бұл отырған кісі, – деп өзін көрсетті. – Левенштерн – Иван баласы.

Өзі де Иван. Мынадай кішкене кезінде Германиядан келген. Сосын шоқынған аздап. Сосын орыс болған...

– Әлгі ана жылы орыспен соғысатын керман ба?

– Ия, тап сол Германия.

Битабар басын шайқады.

– Енді аз-маз қазақ та болғысы келеді, – деп Иван Иванович күліп қойды.

– Жарайды, тамыр, қазақ бол. Қазақ болған жақсы.

Осы кезде өзіне жуық бір тоқтыны сүйреп Амантай үйге кірді.

– Ал, тамыр, бата қайырасың.

Қазақ арасында көп жүріп, әбден қазақуар болып алған Левенштерн қашқан да, қысылған да жоқ.

– Қазақ шахтерлері көбейе берсін! – деп кәдуілгі қазақша бетін сипады.

Қазан жақта жүрген Сілеусін аузын бір сылп еткізді де, Левенштернге тесіле қарап, бетін жыртты. Битабар дағдысынша домалай күлді.

– Ей, тамыр, – деп қонақ енді мүлде анайылыққа көшіп алды. – Күлме. Мен жәй жүрген жоқ. Осы жүргенде қазақ жұмысшыларының басын құрап жүр.

– Бұл кісі – жаңа ашылған шахтаның бас инженері, – деп қойды Есім.

Шай келді.

– Қатын, бұл бір іздесе таппайтын қонақ екен, қант, майың мен ірімшік, құртыңды аяма, бәрін сал, – деп Битабар шалқая отырды.

– Бәрін салып, ертең неңді жейсің?! Жел обасың ба?

– Әй, қатын-ай, бүйтпесең сен қатын боламысың! – деп Битабар кейіңкіреп қалды. Содан кейін қайта жайылды. – Оқасы жоқ, қатын, сал деген соң сала бер. Таңдағы тамақ тәңірден. Аштан өлгеннің моласын көрген жоқсың.

Левенштерн осы бір мақалды талай естіген. Естіген сайын есіне оралатыны: парықсыз халық. Ертеңгі күнін ойламайды. Сөйте тұра аштан өлген бірі жоқ. «Дегенмен есеп-қисапқа еркектерінен көрі қатындары жүйрік».

Әлдебір ишара-белгі болды ма, Есім жүгіріп далаға шықты да, әлдебір түйіншек пен екі-үш мылтықты алып кірді.

– Мына мылтықтарың не?

– Кәдуілгі мылтық. Бұл кісі – мерген кісі. – Осыны айтты да, Есім оқыстан, – Иттерің жоқ па еді? – деп сұрады.

– Оны неге сұрадың? – Битабар күдікпен қарады тағы да.

– Жәй. Машина үстінде атып алған бес-алты ақбөкен бар еді.

– Ит болған күнде де, иесіне тартқан ит болса, ақбөкенді алдына тастасаң да жемейді, – деп Левенштерн үй иесін мақтай сөйледі.

– Итке сенім жоқ сонда да, байлап тастаңдар, – деді Сілеусін сақтық жасап. Дегенмен итке мән берген Левенштерн жоқ.

– Жә, болды енді. Одан да, ана түйіншегіңді әкел бермен қарай!..

Есім дастарқан шетіне бір тізерлей отырып, түйіншекті шешті.

– Мен, тегі, ауыратын болармын. Денем қалтырайды. Тоңа берем. Толтыра-толтыра құй, – деп Левенштерн әмір етті.

– Жоқ, өздерің болмаса, Битабар мұндайды ішпейді, – деді Битабар кесеге құйылып, алдына қойылған мөлдір суға жиіркене қарап.

Левенштерн қояр емес.

– Ендеше қонақ та ішпейді. Ауырады сосын.

– Жоқ, ауырма.

Есім де қыстырылып жатыр.

– Оқасы жоқ, Биеке. Жұмаққа жалғыз барып не баркадар табасыз, барсақ бәріміз бірге барайық.

Битабар мұртын бір сипап Сілеусінге қарады.

– Мына жазғанның көңілі шын кетіп отыр ма? Таста әрі. Әлде у шығар, кім біледі...

– Ал у болса іштім онда, – деді де, Битабар бір кесе арақты көтере салды. Ыстық қорғасын секілді ме, әйтеуір салмақты бірдеме өңешін тіліп, бөтегесіне барды да от болып жайылып жүре берді.

Мақтағаны ма, кім білсін:

– Нағыз шахтердің өзінше тартты! – деді Левенштерн. Содан кейін орысша ұзақ сөйлеп кетті. Есім оны қазақшалап отырды. Битабардың содан түсінгені – жақсы тұрмыс та, келешек те шахтада.

Битабар ойы: «Бар жұрт шахтаға барса, сонда малды кім бағады, егінді кім салады?» – Бұл сұраққа жауап таба алмай отырды да: «Жә, қойшы!» – деп қолын бір сілтеді. От маздап жанғандықтан ба, үй іші біртүрлі жылынып жүре берді. Битабар серпіле отырды. Байқаса, болмашы нәрсені уайымдаған екен. Қыс келе жатса, немене, Битабардың бірінші көрген қысы осы ма еді. Шөп?.. Тәйірі, шөп те сөз болып па! Тіпті болмаса, Битабар қолына күрек алады да, қар аршиды. «Тождан» қалған ұсақ-түйек малды сөйтіп те асырайды. Ал мал аман болса, жан да аман. Нан болмаса, ет жеп, сорпа ішіп те күн көреді. Битабар мырс етіп күліп жіберді. Бұрын асқаралы таудай ауыртпалық деп жүргенінің бәрі де баланың ойыншығы секілді бірдеме екен. Дүниенің бәрі де оп-оңай, жеп-жеңіл. Аяқ-қолын қозғаса – о, тоба, – су ішіндегідей түк салмақ жоқ. Өстіп өзімен өзі болып отырған Битабардың көзі Амантайға түсіп кетті. Тоқты әлі бұтарланып болмаған. Ашуы келді.

– О, иттің баласы! Сомадай болып бір тоқтыға шамаң келмей жатыр ма?! Тартпағырдың нағашы жұртына тартуын! – Битабар суда жүзген адамша екі қолын дағдыдағыдан көрі ерсілеу, ербеңдетіңкірей қозғап, созыла беріп, Амантайдың қолындағы пышақты алды. Содан кейін

белдемеден бір қабырғаның басын шығарып, екі жаққа тартып қалып еді, жыртылған шыт матадай дар етіп сөгіліп жүре берді.

– Ал, қатын, тезірек қазанға сал!

Осы жайдың бәрін қылп еткізбей бағып отырған қонақ:

– Бұл бала нешеге келді? – деп сұрады.

Сілеусін бұрынырақ жауап берді:

– Әлі онда ғана. Біздің үйдегі кісі бет алды айта береді.

Левенштерн Есімге қарады:

– Нағыз шахтердің өзі болашақтағы.

Битабар алған бетінен қайтар емес.

– Мен он жасымда асаудың құлағында ойнағанмын.

Амантай үндеген жоқ. Қызарақтап төмен қарай берді...

* * *

...Битабар көзін ашты...

Есінде қалғаны Амантайдың төмен қарай бергені. Қалай орнына келді, сосын не істеді, не әңгіме болды, төсек қалай салынды, кім қайда жатты – білмейді. От сөніп қалған. Қазан босағада, беті жабық: «Ет желінді ме осы?»

Қонақтар тұрып кеткен...

Жүгіріп далаға шықты. Есім машина астына от жағыпты.

– Ау, мұның не? Басқа жер жетпей ме от жақсаң?

– Машина жүрмей жатыр...

– Е, жүрмесе, онда көтерейік те.

Левенштерн күліп жіберді.

– Көтергенге болмайды, тамыр. От жағып, жылыту керек.

– Е, сұмдық-ай, адам секілді, бұл мақлұғың да тоңады екен ғой.

– Тоңбақ түгіл үсіп те кетеді...

Битабар шын таңырқап, астыңғы ернін жымқырып, басын шайқап-шайқап қойды.

«Үсіп кеткен» машина жылынған соң Есім кузовтан бір ақбөкеннің істәгін алып түсті. Сөзді Левенштерн алды.

– Бұл – өзің секілді дала тағысы. Байлағанымыз, тамыр.

Әуелгі ойы: «Керек болса, өзіңді де осындай етем дегені ме, о не дегені?!» Бірақ райынан тез қайтты.

– Е, рахмет, қанжығаң майлана берсін осылай.

– Саған да рахмет! Ал соңғы сөз: енді Қарағандыда жолығысамыз. Шахтада... Еш нәрседен қысылып, қам жеме. Бәрі де алдында әзір тұрады...

Машина жүріп кетті.

Басы ауырған Битабар өгізше бағуға бармай қалды. Күн ұзақ сары тонды бүркеніп жатты да қойды.

Келесі күні ала көбеден оянды.

– Қатын, тұр, үйді жығамыз.

Сілеусіннің ойында тұк жоқ екен.

– Үй жыққаны несі?

– Көшеміз...

Көп кешікпеді, жан-жақтан құйылып, Қарағандыға бет алған көп керуеннің тобына Битабардың да көші келіп қосылды...

4

Битабар түнгі кезектен келіп, енді ғана дем ала беріп еді, сыртта Амантайдың даусы шықты:

– Әке, әке, ау, әке!

– Е, не болды?

– Қызық бар, керемет қызық!

Битабар «үйге кел» – деуді де ұмытып кетті. Дамбалшаң жүгіріп далаға шықты.

– Ие, не қызық?

Амантай қолындағы газетті ұстата берді:

– Мә, мынада сенің суретің бар.

Битабар газетті алып, олай төңкерді, былай төңкерді.

– Кәне, қай жерінде?

– Әке, жоқ, теріс ұстап тұрсыз, міне, былай... Міне, мына төртеудің ең зоры...

Битабардың көзі ең әуелі кішкенесіне түсті. Ол – Әли деген Битабардың иығынан ғана келетін пәкене жігіт. Одан қалқыңқысы – Левенштерннің өзі. Үшіншісі – Ылғаз атты балуан. Шахтаға жаңа келгендердің бірі. Ең зоры – Битабар. Аналарды салмай танығанымен өзіне келгенде үңіліп, көп қарады. Өз суретін бірінші рет көріп тұрғандықтан ба, қызық тіпті. Ұқсамайтын секілді. Ұқсамайды дейін десе, ұқсайтын да секілді.

– Ал не депті?

Газетті қолына алған Амантай мүдіре берді. Ол да Битабардың өзі секілді, мектеп бетін көрген жоқ әлі.

Ентігіп Әли келді.

– Ой, Биеке, бізді газетке беріпті.

– Ия, ентікпей, не деген екен, соны оқышы.

Әли ежіктей бастады:

«Ле-вен-ште-рн да-ла-ның кө-пейі мен дө-кейін шахта-ға алып келді!».

Битабар күліп жатыр.

– Көпей болып, дөкей болып кездескен екенбіз...

Әлидің қулығы бар екен:

– Көпейің ана Ылғаз екеуің де, дөкейі менмін-ау сонда. Өйткені мен Әзірет Әлимін!

– Ой, Әзіреттен садаға кеткір, – деп Битабар ұмтыла берді. Әли зытып отырды.

Үйге кірген соң да әңгіме – сурет жайы.

– Қатын, байқа енді, Битабардың қайда кеткенін?!

Сілеусін аузын бір сылп еткізді.

– Құдай-ау, дәл өзі. Қалай айнытпаған!

– Айнытса, тамыр бола ма! Тамыр болған соң да айнытпай салдырғаны. – Битабар сәл кідіріс жасады да, – біздің тамыр шіркіп нағыз азамат екен ғой, айтқан жерден шықты, – деп түйді.

Ия, Левенштерн айтқан жерден шықты. Өзі қарсы алды. Таңдап жүріп, үйді де бір әдемі жерге тіктірді. Шахтаға да өзі алып түсті. Битабар Әлимен осы жерде кездесті.

– Мынаның салмағы елу бес екен. Ал, тамыр, сен болсаң бір жүз алпыс тарттың. Норманы да бұдан үш есе артық орындайсың. Келісім осы. Әйтпесе паекты тегін бермейді шахта, – деп Левенштерн ойын-шынын араластыра айтты.

– Үш есе деген не, тәйірі, бес есе, – деп қойды көңілденген Битабар.

– Онда тіпті жақсы. Жалақы да көп. Бәйгеге берілетін пәрсе де мол. Абүйір-атағы да бар.

– Жақсы, тамыр, жақсы.

Левенштерн қолын ұсынды:

– Уәде осы.

Левенштерн дауыстап жіберді.

– Николай, қайдасың?

– Мен мұнда, Иван Иванович.

Шалғы мұрт, мосқалдау біреу келді. Десятник.

– Сен осы Николайдың қарамағында істейсің.

– Мақұл, тамыр.

Десятник қайла әкеп берді де, қазатын жерді көрсетті.

Бір жаманы, көмірдің қалыңдығы қара саннан аспайды екен, еңбектеп, тізерлеп отырып, не жатып қазу керек. Сахараның кең тынысына үйренген, не істесе де еркін, көсіле сілтейтін Битабарға ұнамағаны осы болды. Соған назаланды ма, қайланы құлашын жаза сілтеп, тартып қалып еді, сабы қолына келді. Десятник басын шайқады. Қайла сағағына дейін көмірге кіріп кетіпті.

– Иван Иванович, темір сапты қайла болмаса, ағаш саптысы жарамайды. Көрмейсің бе, саз балшыққа кірген секілді.

Иван Иванович үндемейді, мұртынан күледі.

– Иван Иванович, осындайларды қайда жүріп тауып аласыз дейім, – деп десятник те сылқ-сылқ күлді.

Бұлардың не деп тұрғанын Битабар түсінбеді. Басында сынған қайла үшін ренжіп тұр ма деп ойлап еді, күлкілеріне қарап, көңілі орнына түсті. Жамандап тұрмаған секілді.

Алғашқы күн осылай аяқталды. Келесі күні Битабардың қолына темір сапты қайла тиді. Кешегі біреуі айбалта селкілді шолтаң ете түсіп еді, мынау ондай емес, салмақты.

– Қалай шабам? – деп сұрады Битабар десятниктен.

– Осылай қарай үңги бер.Жауап осы болды.

Қаруға разы Битабар енді бір жамбастай жатып, көмірді кесек-кесегімен қопарып домалата бастады...

5

...Біреу Битабардың аяғынан қақты:

– Әй, жолдас, шық былай қарай. – Сондай зілді, өктем дауыс.

Битабар бұрылайын десе, мүмкін емес. Жас кезінде бәстесіп, қасқырдың апанына кіргені бар еді, дәл сол апанда жатқан секілді, бір шама үңгіп, біраз жерге кетіп қалыпты.

– Әй, шығасың ба-ей, жоқ па? Не қылған немесің өзің?

Битабар шегіншектеп кейін жылжыды. Өктем сөзге шамданған түрі бар. Ебетейсіз қимылдап, төбесін де соғып алды.

– Немесін саптап тұрған бұл кім өзі? Кім болсаң да жағыңды айырайын ба?!

Кесек денелі шұбар бет бір қара екен, болар емес.

– Біреудің жағын айырам деп, өз жағыңнан айырылып қалып жүрме!

Битабар шын ашуланды: «Көкіген немені бір аунатып алайын!»

– Шық былай ендеше, көзіңе көк шыбын үймелетейін!

– Шықсаң шық, к...не тотияйын қыстырып жіберейін? – Қара шұбардың қолы Битабардың жауырынына сарт ете түсті. Тым қатты, жолбарыстың тебісі секілді. Тәлтіректеп барып зорға түзелді: «Мына иттің баласы қайтеді?»

– Ә, өле алмай жүрген біреу екенсің ғой! – деп Битабар жауырын тұсынан салып жіберді де, өзіне қарай тартып қалды. Қара шұбар да сүрініп барып түзелді. Жығылған жоқ. Битабар сескенейін деді: «Шынында да мынау бір ит қой!» Өйткені балуанның осы бір алғашқы шабуылынан бір пенде сау қалмайтын. Шірік томардай қисалаң етіп барып, жер сүзетін. Сонда ол есін жиғызып үлгіртпей, құлап бара жатқан жерінен тұрғызып алатын да, оң жамбасын тоса беріп, іштен шалып алып, жарқ еткізе түсіретін. Мынау оған көнбеді. Енді не істеу керек? Сөйткенше болмады, шұбар қара сақылдап күлді де, қолын босатып қоя берді:

– Сен Битабарсың ғой? Қолыңнан танидым.

– Болсақ, болармыз. Ал сен ше? Сарысудың төменгі жағында Ылғаз балуан бар деуші еді, сен сол Ылғаз емессің бе?

– Болсақ болармыз.

Әлгінде ғана тіресіп тұрған екі асау бір-біріне күле қарасты да, құшақтай кетісті.

– Ылғаз, сен де келген екенсің ғой?

– Екі ай болды. Біз енді байырғы шахтерміз.

– Біз де келдік...

– Естідім. Тамыр айтқан.

– Тамырың кім? Ләуен бе?

Ылғаздың тілі дұрыстау екен:

– Ия, Лебен...штерн. Шахтыға алып кеп жүрген сол ғой мені.

– Мені де сол әкелді. Әйтпесе шахты дегенді кім білген.

– Өзі бір жақсы адам.

– Ойбай, сұрама. Кісілігінде қисап жоқ тіпті. – Ылғаздың көзі қайлаға түсті: – Е, саған да темір сапты қайла жасаттырып берген екен ғой?

– Саған да ма?

– Ия, менде де темір сапты қайла. Ана ағаш саптысы баланың ойыншығы секілді, салмағы жоқ, шолтаңдап жатқан бірдеме.

Битабар өз басындағы жай айтылған соң кеңкілдей күлді де, қайланы қолына алып, салмақтап-салмақтап қойды:

– Сілтегенінде қара тасқа мылтықтың оғындай қадалады. Асыл темір.

– Қадалғаны жақсы-ау, өліп қалып жүрме, бірақ.

– Е, неге өлем?

Ылғаздың айтқанында жан бар екен. Әр адамның күндік нормасы сексен сантиметр жердің көмірі. Әр елу сантиметрде тіреу қойылуға тиісті. Әйтпесе ана қалың жыныс басып, тірідей көміліп қалуға болады екен.

Битабар қазған жерін көзбен шамалады: кісі бойы қол ұсыным.

– Құдай сақтады десейші.

Десятник өтіп бара жатып бері бұрылды:

– Әңгімеге жол болсын, жұмыс қайда?

– Жұмыс артығымен орындалды, нәшәндік.

Десятниктің көзі шығарылған көмірге түсті.

– Жарайсың, Битабар. Үш погон метр, төрт норма!

Битабардың түсінгені – төрт норма. Ылғаз ана-мынаны көріп ысылып қалғанға ұқсайды.

– Төрт нормасы жақсы-ау, бірақ тіреу қоюды неге айтпағансың?!

– Айтпаса, айтылады.

– Өлтіресің ғой?

– Ehe, шахтаға бір түскен соң өзің де өлмей шықпайсың, – деп десятник жөнеле берді. – Тұрмандар, тіреу қой да шаба бер. Күн әлі ерте. Ал сен жөн үйретпей өз орныңа бар. Айтқан тілді алмасаң, норманды кемітіп жазам.

Десятник ұзап кетті.

– Өзі осындай бір қырсық.

– Қой, онда тұрмайық, Ләуен естіп қалса, ұят болар, – деп Битабар қайланы алды.

6

...Күн батуға айналған шақ. Битабар шахтадан шықты. Кеудесін керіп дем алды:

– Қайран, таза ауа-ай!

Шахтадан шыққан қоқыс өз алдына бір тау. Әр жерінен от жылтылдайды. Тымырсық күйік иісі шығады. Битабар бетін тыржитты. Осы бір иіске үйрене алмай-ақ қойды. Жел күшейсе, құм боран соғып, беті-көзіңді осқылап тұратыны бар. Ол кез Битабар үшін тіпті қиямет. Соңдайда өзінің туған жері – Сарысу бойы, шілдеде де көгеріп жататын Иманақ тауы көз алдына келеді де, әлдене жүрегін шымшып ауыртады.

Битабар бір күрсініп алды да, шахтадан аулағырақ тігілген үйіне қарай адымдай жөнелді.

– Әй, Битабар, бері бұрыл. – Әли екен.

– О, Әзірет Әлі, жайша ма?

– Жоқ, жәй емес. Сені Левенштерн шақырып жатыр...

Битабар адымдай басып келеді. Әли бүлкілдеп жортып келеді. «Ләуен неге шақырды екен? Жақсылық па екен? Әлде...» – Жаманшылық па деп айта алмайды. Мүдіріп қалады. Бастық алдына тұңғыш рет келе жатқаны.

Ылғаз да осында.

– Ләуен сені де шақырды ма?

– Ия. Ал сені ше?

– Мені де шақырды.

Екеуінің де жұмыстан шыққан беті. Екеуінің де бет-аузы қара қожалақ, күйе.

Іштен Левенштерн шықты. Далада кездескеніндей емес, ұстамды, салқындау, сыпайы. «Өзі отыратын жерінде бастық осындай болады екен-ау».

Ылғазға «отыра тұр» дегенді қолымен көрсетті де, Битабарды алдымен алып кірді. Отыратын бөлмесі тым үлкен екен. Мұндай үлкен кабинетті де тұңғыш көргені. Есік пен төрі – ат шаптырым. Өзінше,

даланың өлшемімен мөлшерлеп жатыр: «Он екі қанат үйдей бар-ау шамасы. Бай емес, жалғыз өзіне осынша үйдің не керегі бар екен? Мәжіліс-дүкен құрады-ау есебі».

Есіктен төрге тартылған ұзын стол. Соның орта тұсынан Левенштерн қонағына орын көрсетті. Өзі жақын отырып, езу тартты. Бірақ өмірі орындыққа отырып көрмеген Битабар қолайсызданған секілді. Сасқаны ма, қабырғаға қарады. Маңдай бетті түгел алып үлкен бір кісінің суреті тұр. Бір қолын шалбарының қалтасына салып, екінші қолын ілгері созған. Битабар: «Бұл кім?»-деп құмартқан жоқ. Алғашқы ойы: «Не деп тұр?» Көп қарай берген соң Левенштерн түсінік берді.

– Бұл кісі – көсеміміз Ленин!

Битабар балаша таңырқады.

– Ә, Ленин деген кісі осы ма?

– Ия, осы кісі. Ал жалақыңды алдың ба?

– Алдық, тамыр.

– Паектарыңды ше?

– Оны да алып жатырмыз.

– Паекты молырақ жазғам...

Сілеусін үнемі дүкеншіні мақтап келетін – «мен десе пейілі кең, жұртқа бір өлшесе, маған екі есе өлшеп береді». Дүкенші сырын Битабар енді білді.

– Матаның да талонын артығырақ бергізгем...

Битабар айтты:

– Бұйырған нәсіпті ішіп-жеп, киіп жатырмыз. Алда разы болсын, тамыр.

– Сол сенімге лайық жұмыс істеу керек енді.

– Істегенде қандай, істейміз, тамыр.

Левенштерн жүріп кетті:

– Бүгін шахтерлердің жиналысы болды. Жер астында жүрген соң жұмысыңнан қалдырмадық.

– Қош?...

– Әңгіме былай: «Күніне пәлен тонна, айына пәлен тонна өндірілсін» – деген жоспар бар бізде. Қалай өндіреміз, қалай орындаймыз – бүгінгі жиналыста біз соны қарадық.

– Қош?...

– Смена мен смена болып, бригада мен бригада болып, бір шахтер мен екінші шахтер болып өзара социалистік жарысқа түсіп жатыр.

– Қош?..

– Көтеріңкі міндеттемелер алып жатыр...

– Ендеше жұрттан қаламыз ба, мен де жарысқа түсейін, мен де көтере-көтере міндеттеме алайын, – деді Битабар.

– Жұрттан қаламын ба емес, жұрттың алдында боламын де.

– Е, құдай жазса...

– Сонда жарысқа кіммен түсесің? Ана Әлимен, әрине, түспейтін шығарсың?

– Құдай сақтасын. Естіген жұрттан ұяттағы.

– Енді кіммен? – Левенштерн ерікті Битабардың өзіне тастады.

– Ана есік көзінде Ылғаз отыр ғой. Сол дұрыс болар...

Левенштерн қуанып кетті:

– Ә, өзім де солай ойлап едім.

– Дұрыс ойлағансың, тамыр.

– Бұл жарыс та қазақтың күресі секілді. Жеңіліп қалып, сүйегіңе таңба салып жүрме.

– Құдайға шүкір, әзірге ондай атағымыз шыққан жоқ, тамыр.

– Қара нар, қалы кілем болмаса да, жұрт алдында атап берер бәйгеміз бар.

– Шаппай бер десем, асылық болар. Күні бүгінге дейін Битабардан бәйге құтылып көрген жоқ, тамыр.

– Бәйге құтылмағанын білем. Сонда да ескерткен жөн.

– Оныңа рахмет, тамыр, – деп Битабар түйенің табанындай үлкен алақанын ұстата берді.

– Қандай тілегің бар, қысылма, айт, – деді Левенштерн.

– Лұқсат болса бір ғана тілек: су тапшы. Жұмыстан келгенде жуынайын десең, шай ішейін десең...

Левенштерн Битабардың сөзін бөліп жіберді:

– Ия, су мәселесі қиын мәселе. Тасып үлгере алмайды. Дегенмен тағы да көлік бөлеміз. Әрі... Битабар тамырға суды бұрынырақ құй деп тапсырармын, – деп Левенштерн сәл жымиып қойды. – Тағы не тілек?

– Басқа тілек жоқ, тамыр, – Битабар түрегелді.

Левенштерн сәл ойланып барып, оқыс бір сұрақ қойды:

– Балаң нешеде еді осы?

– Оннан он бірге шығады.

Левенштерн тағы да кідірді.

– Биылғы оқудан қалып қойды-ау, ә?

Ия, көшіп-қонып жүріп мектепке бара алмай қалдық.

Левенштерннің жүзіне кірбең жүгірді.

– Мен бала болса да еңбек-харакетсіз отырғанды жек көрем.

Битабар үндемеді.

– Амантайды да шахтаға түсіру керек.

Левенштерн не айтса да, қарсы болар Битабар жоқ.

– Түссін. Әлі жеткенше істер.

Левенштерн анықтап қойды.

– Көмір қазбайды, ат басына мінеді. Вагонеткамен сыртқа көмір шығарады.

– Е, оған ие ғой, қанша тартпады десем де, – деп Битабар күлді.

– Онда ертеңнен бастап жұмысқа шықсын. Паек алады, ақша табады.

...Битабар сондай көңілді, адымдай басып келеді. Әли бүлкілдеп жортып келеді.

– Е, неге шақырыпты нәшәндік?

– Мына шахтыда жұмыс істеу де кәдуілгі күрес секілді екен. Тамыр кіммен күресетінімді сұрады.

– Ия, кіммен күресем дедің?

Битабар мырс етті.

– Әзірет Әли тұрғанда кіммен күресуші едім. Өзіңді таңдадым да.

Әли болатын емес.

– Онда бас бәйге менікі.

Битабар бас салып, жерден көтеріп алды.

– Сенікі ме?

– Әрине, менікі.

Битабар Әлиді жағасынан ұстаған қалпы көтере түсті. – Әлі де сенікі ме?

– Әрине менікі. Өйткені мен сенен әлі де жоғары тұрмын.

Битабар күлді де Әлиді қоя берді. Кенет көз алдына Левенштерн келді: «Тамыр, жарайсың!» Кинодағыдай оқыс алмасып, Бертшек шықты: «Бауырым, жарамайсың!».

Битабар қолын бір сілтеді. Жортақтап келе жатқан Әли қалпақтай ұшты...

Балуан қайырылған жоқ.

7

Дүкен алдында қара-құра кісі көп. Кезекте тұр. Қант, шай, ет, май – бәрі де осында. Қазан бас сатушы таразыны асықтай үйіреді:

– Ал кәне, талоныңды әкел! – қазан бас сатушының қайшысы да өткір. Көз ілеспейді. Талон деп аталатын қағаздың айқыш-ұйқыш сызықтарын бойлап, ойып түседі. «Бір жарым кило ет. Бес жүз кірәм май. Ал болды, тайып тұр. Жұртты ұстама деймін, жөнел дедім ғой!»

Күндегісі осы. Біреулер дауласып жатады: талонды артық қидың... қантты кем өлшедің!..

Мұндай даудың не екенін Сілеусін түсінбейді. Қайтсе де дүкеншіге дән разы. Келе жатқанын әйтеуір қиядан көреді. Елу адам, жүз адам тұрсын, есеп емес:

– Елбаев Битабардың семьясы! Бері кел, бері! Оу, былай тұрыңдар деймін. Елбаевтың семьясына жол беріңдер деймін... – Сөз осы.

Сілеусін де үйреніп алған. Қаймықпайды, қалың жұрттың арасын

жарып келіп талонын береді. Таразы тілі қылтың-қылтың. Жұрт дорбалап қолына ұстап шығып жатса, Сілеусін қапшықтап, арқалап шығып жатады.

Ондайда жиналғандар тырс үндемей қалады. Сол тыныштықты қазан бас дүкеншінің өзі ғана бұзады:

– Міне, жұмыс істесеңдер, Битабарша істеңдер!

Бұл жақсылықтың арғы түбі қайда? Оны ойлап Сілеусін басын қатырмайды. Көз алдында қазан бас дүкенші болған соң бар алғыс, рақметін соған арнап үйіне оралады.

8

Битабар жұмыстан қайтты. Дүкеннен келген Сілеусін сыбырлап сөйлейді:

– Үлкен атам үйіндегі қайын аға келіп отыр.

– Е, ол қайдан жүр екен?

– Қайдан екенін сұрамадым.

– Ай, алла-ай, кеше ғана ойыма алып едім.

Бертшек жылы оранып от басында отыр екен. Сақал-шашын қоя беріпті. Тым жүдеу. Ескі есепті ұмытып үлгірген Битабар ұмтыла берді:

– О, Бекеңбісің? Қайдан жүрсің?

Бертшек «ақырын сөйле» дегендей қолын көтерді:

– Расында айтшы, сен баяғы Битабармысың? Әлде белсенді болып алдың ба? – деп сыбырлап айтты.

– Белсендісі несі?

– Ә, өзім де солай ғой деп ем. Адаспаған екем...

– Ал, үй іші, ауыл-аймақ аман ба?

– Ауыл-аймақ дегеннен не қалды дейсің, тозды ғой, Үй ішінен хабарым жоқ.

– Сонда не, басқа жақтан келемісің?

– Сен сұрама, мен айтпайын. Қаны бір туыс қой, паналатар деп елдім. Жақсы орналасты, тұрмысы оңды дегенді және естідім.

– Е, не көріпті соншама, аунап-қунап жата бер. Үй жетеді. Төсек-орын бар. Паек та бар.

Дастарқан жайылды. Ақ бөлкені түйе табан қолымен Битабар омырып-омырып тастады. Отырған қалпы керегеде ілулі тұрған дорбаны алмақ болып, бір-екі рет изеп еді, бытыр етіп бауы үзіліп дорба қолына келді. Сілеусін бай-байлап қалды.

– Әй, осы үйдің кісісі-ай, өзім де алатын едім ғой.

– Оқасы жоқ. Ана майынды сығымдамай молырақ сал. Тамыр аман тұрса бәрі де болады, – деп Битабар жаңағы дорбадан құмшекерді қолымен көсеп-көсеп алып ортаға үйіп қойды.

– О, жарықтық-ай, ыдыс бар еді ғой. Міне, аяққа салайық та.

– Оқа емес, қатын. Тек бар болсын де. Ал, шәйді құй дұрыстап.

Бірақ Битабардың өз пейіліндей кең дастарқанындағы ең тапшы нәрсе осы шәй болып шықты. Шәй емес, су тапшы.

– О заманда, бұл заман Кербаланың шөліндегідей суға жарымаған не сұмдық! – деп Сілеусін кейіп алды.

Шай дегенің бір-бір кеседен-ақ келді. Көптен қарны тойып тамақ ішпеген аш қонақ нан мен майды қантқа араластырып қарбытып жатыр. Шайды түйілгенде ғана есеппен сараң ұрттап қояды. Битабар қонағын бір түрлі аяп кетті: бала күннен тай-құлындай тебісіп бірге өсіп еді. Бірі аға, бірі іні болған күндері бар. Тетелес құрбы болған да күндері бар. Ас пен тойда екеуінің жұбы да жазылмайтын. Битабар Бертшекке сенетін. Сол себепті көп мәселеде өз басын көп қатырмай, тізгіннің ұшын соған бере салатын. Балуанның осы қасиетін Бертшек те білуші еді. Аяқ асты еткен, қадірлемеген жері болған емес. Артта қалған ұзақ жылдарға Битабар дәл қазір тым биіктен қарап отыр. Бұралаң ұзын жолдың бұлтарыс бұрылыстары жазылып, ой-шұқырлары тегістеліп кетті де, өзара қатынастағы ашу-реніш, кикілжіңдер мән-мағынасын жойып, ұсақталып, аласарып жүре берді. Өткен өмірдің күнгейі ғана балуанның көз алдында. Басқа ағайын-туғанды іздемей, Битабар, деп келуі де содан ғой. Сондай ағайынға құшағын айқара ашпаса адамшылығы қайсы.

– Қатын, жоқ нәрсеге таусыла берме. Бас амандығын айт. Шүкіршілік ет осыны.

– Ия, барды қанағат ету керек, – деп қойды ішіне ел қона бастаған Бертшек ықылық атып.

Сәл қысылыңқырап қалған Битабар:

– Тамырға айтқам. Ертеңнен бастап суды өзімізге арнап әкеледі. – Ал қазір қалған суыңа қазаныңды көтер....

Бертшек қателеспепті. Битабар ойлаған жерден шықты. Ет жеп, әбден тойып алған соң, қолын қайыс белбеу, етік қонышына сүртіп, түннің бір уағында ұйқыға ауысты.

9

Темір сапты қайла ұстаған екі балуан, сөйтіп, бәсекелесіп кетті. Арада десятник жүр. Битабарға келіп қазылған жерді өлшейді де:

– О, Ылғаздан қалыңқырап қойыпсың, – деп бәсеке отын өршіте түседі. Бірақ қанша қалғанын айтпайды. – Қимылдай түс, батыр!

Ылғазға барғанда да айтатыны осы:

– О, Битабардан қалып қойыпсың, қимылдай түс, батыр!

Битабар қимылдай түседі. Осындай қызыл танау, жанталаспен он күндік қорытынды шығаратын мезгіл де жақындап қалды.

Шахта кеңсесінің алдында асулы тақтай бар. Битабар қалай өтпесін, сол тақтаға үңіліп қара-құра халық тұрады! «Бұл не болды екен?» – Білмекке құмарлық жеңді білем, шахтадан шыққан бойда бұрыла кетті. Жұрт ығыса берді.

– Неге бүйтіп жиналып тұрсыңдар?

– О, Битабармысың? – деп топтан Әли шықты. – Бұл социалистік жарысқа түскендердің суреті ілінген тақтай. Ана ең жоғарыда тұрған сенсің. Содан кейінгісі – Ылғаз. – Әли сәл мүдірді. – Содан кейінгі... әрине мына дәдең.

Жұрт ду күлді.

Битабар мәз.

– Кім қанша орындапты сонда?

– Үшінші болып тұрғаныммен мен бәріңнің де алдыңдамын.

– Қара-қара, құтыруын! Бері келші, «алдағыны» көрсетейін, – деп Битабар ұмтыла берді. Әли бұлтың етіп ұстатпай кетті. – Жоқ, ойнап айтам, алдыңғы орында Ылғаз, екіншісі – сен.

– Қой?..

Ұзын сары жігіт түсіндіре сөйледі.

– Жоқ, мұнда әлі кімнің алда, кімнің артта екені көрсетілмеген. Он күндік қорытынды бүрсігүні кешке шығады. Бәйге де сонда тапсырылмақ.

10

...Битабар үйге беттеп келеді. Қара дауыл. Қиыршық тас ашық жерді тікенше осқылайды. «Қарашаның қары жауып өткеніне екі ай болды, қыс түсетін мезгіл де өтіп барады-ау». Бірақ көңілі тып-тыныш. Жуырда ғана екі бөлмелі жылы үйге көшіп шыққан. Көмір көп. Тамақ бар. Су да анадағы әңгімеден кейін үзбей келіп тұрады. Амантай да іс басында. «Бүгін пәлен тонна көмір шығардық», – деп кәдуілгі үлкен адамша күн сайын баяндай келеді. Кісі болып қалған. Жалғыз-ақ мазасызданатыны Бертшек жәйі. Келгеніне бір ай. Оңалып, торалып алды. Бірақ не ойлағанының барын кім білсін, табан аудармайды, жатады. «Біздің тамырға айтып, жұмысқа орналастырайын, оған не дейсің?» – деп бір көріп еді. Бертшек «қоя тұр» – дей салған. Содан кейін «ішкен асын, жатар орнын қызғанды демесін» деп, Битабар бұл тақырыпты жауып қойды.

Ертең ел ішінде «Бертшектің ішпесін ішіп, жемесін жеп жүрген Битабар еді, арып-ашып туыссырап келгенде дардай басымен бір ай да паналата алмапты» – деген қаңқу тараса бұдан артық өлім бар ма! Ия, үйіндегі бар асылы мен жылы-жұмсағын қонаққа деп сақтайтын қазақ үшін бұл өліммен тең.

Осы оймен Битабар үйге келді.

Амантай жұмыстан келіп үлгеріпті. Тамақ ішіп жатыр. Үстінде жұмыс киімі. Жуынбаған.

– Әй, неге жуынбағансың?

Сілеусін шағынып жатыр:

– Ойбай, су жоқ тағы да.

– Е, әкелмеді ме?

– Әкелді. Бірақ кісі сондай көп болды. Жетпей қалды, – Битабар әлдекімді іштей сыбап алды.

– Ал ендеше, шәйіңді берші. Шахтер болған соң жуынуды көпсінетін шығар бізге.

– Су жоқ дедім ғой.

– Ой, сонда шайлығың да жоқ па?

Сілеусін жауабы шолақ:

– Шайлық та, тамақтық та. Мына балаға кешеден қалған тамақты жылытып беріп отырмын.

Битабар шын ашуланды.

– Мына иттің балалары шөлден қатыратын шығар, – деді де, бүкжиіп жатқан Бертшектің қасына киімшең қисая кетті.

...Ертеңіне Битабар жұмысқа бармай қалды. Басын да көтерген жоқ. Бертшек те солай, қозғалмайды. Амантай тұрып кетті. Сілеусін де тұрып, от жақты. Содан кейін бір шәйнек су әкелем деп ит өлген жерге жаяу жөнелді. Сәске кезі. Бертшек бір аунап түсіп, Битабарға қарап жатты.

– Битабар?..

– Ә, Беке, құлағым сенде.

Тағы тым-тырыс. Битабар су жайын ойлап жатыр. Бертшек ойы әр сақта.

– Битабар?..

– Әу, Беке, бірдеме дедің бе? – Битабар басын көтерді. Бертшек қолымен кеудесінен басып қайта жатқызды.

– Он күннен бері айтсам деймін, бірақ айта алмай жүрмін бір жәйді.

Осындай көрбілте, көмескілікті Битабар ұнатпайды.

– Ия, айтсайшы айтатын болсаң, сағыздай созып неге керек.

Бертшек үндемей қалды. Битабардың ойына тағы да су түсті. «Тамырға тағы да барсам ба екен?» Бертшек ойы: айтсам ба екен, айтпасам ба екен?

– Битабар?.. ‘

– Иә?..

– Сөзіме құлақ сал.

– Құлақ салып жатырмын.

– Менде... көп қазына бар.

– «Апырау, суы түскірді не істеуге болады?»

– Сондай көп қазына...

Битабар бұл сөзге мән берген жоқ.

– Қазынаның көкесі су боп тұр-ау қазір.

– Тіпті екеуміздің қалған өмірімізге жететін қаз...

Битабар Бертшек сөзінің ар жағын естіген жоқ. Даладан дабыл қағылды. Барлыққан сушы даусы:

– Су келді! Су! Су алыңдар! Су!..

Битабар атын сыртқа шықты. Пар атты ұзын бірішке үстіндегі ұзын бөшке. Жұрт жиналып қалған. Жапа-тармағай бәрі де қол созады.

– Кезек менікі, маған құй әуелі!

– Жоқ, кезек менікі деймін!

– Әй, әне біреу қолын неге соза береді. О жақтан құйма. Мында кеп кезекке тұрсын!

– Әй! А...ии!

У-шу. Қаңғырлаған шелектер. Төгілген су. Бақырған бала даусы.

Битабар үндемей келді де, шеткі аттың қайыс бауын шешіп алды. Аттың өзін жетелеп кетсе де, аңғарар ешкім жоқ.

– Ал, кәне, балық үлестіріп жатырсыңдар ма! Шуламай кейін шегініңдер! – Салмақты, зілді дауыс.

Жұрт тынып, жалт қарасты. Әлдекімді салып жіберуге оңтайланған адамша қайыс бауды екі қайырып ұстап Битабар жақындап келеді. Бірішке маңы сыпырылып ашыла берді. Битабар сол жай басып келген қалпында қайыс бауды айқара тастап, бөшкені екі жерден құрсаулай салды да, қайырыла берді:

– Ия, аруақ! – Пар ат тартқан алып бөшке қаңбақша көтеріліп барып, балуанның жалпақ жотасына дік ете түсті. Үйге қарай беттей берген Битабар ойы: «Біреу-міреу келіп аяғымнан шалып қалмас па екен?» – Он шақты аттап артына бұрылды: селт еткен бірі жоқ. Бәрі де ауыздарын ашып аңырып қалған:

– Беке, су келді!

Бертшек төсектен ұшып тұрды.

– Мұның не, Битабар!! Қырсық болмаса игі еді. Даладағылардың көз жасына қалмаса игі едің.

– Оны қоя тұр, ыдыстарды дайында!

Бертшек жүгіріп жүр.

– Астағыпиралла-ай! Астағыпиралл-ай.

Бақыр, шелек, күбі, қазан, аяқ, мес, шәшке мен кесе – үйдегі қуыс нәрсенің бәрі тізілді. Битабар лақылдатып құйып жатыр.

– Енді ештеңе қалмады-ау деймін!

Битабардың есіне Бертшек пен өзінің қара саннан келетін жуан қоныш етігі түсті.

– Етіктердің байпағын суыр!

– Ой, о не дегенің?

– Суыр, Беке, төрт етікке кем дегенде төрт шелек су кетеді. – Рас екен. Қара қазан мен күбіден кейін судың ең мол кеткені осы етіктер.

– Енді қайда құйдым? Беке, байпақтарға да құйсам қайтеді? Жұмыстан келгенде жуынуға жарайды ғой, әйтеуір.

– Байпаққа су тұра ма?

– Жоқ сонда да көрейік.

Бертшек қарсыласпады. Киіз байпақтың қонышын аша берді. Битабар құйып жатыр. Бірақ далаға құйған секілді, сар-сұр.

– О, қызық-ай, суық ұстайтын киіз байпақ су ұстамайды екен ғой.

Бөшке түбінде әлі су бар.

– Енді қайттім?

– Бәрін тауысу шарт па? Далада да ошарылып тұрған жұрт емес пе, қайтарып бер.

Битабарға тағы бір ой келді.

– Мен шешінейін, Беке, сен мына бөшкені көтер де басыма құй. Сөйтіп, кешегі шаңнан бір тазарайыншы.

Бертшек бөшкені олай қозғап, былай қозғап, тізесіне де жеткізе алмады. Бірақ жол тапты: әуелі жаулаудағы суды құйды да, содан кейін бөшкеден көсіп алып тұрды. Әбден шаң-тозаңнан тазарып рақаттанған Битабар бөшкені көтеріп есік алдына шықты. Жұрт манағы қалпы. Бірі селт етпеген. Бәрі де «енді не болар екен?» дегендей осылай қарайды.

– Әй, сушы жігіт, бұдан былай суды әуелі біздің үйге әкеп құясың. Әйтпесе, көретінің осы. Ал, бөшкеңді! – Битабар бөшкені төбесінен асыра көтеріп, лақтырып кеп жіберді. Қаңғыр-күңгір. Жұрт жапырыла берді.

– Ойбай, астында қаласың, былай тұр!

– Өй, жалтар деймін тура саған қарай келеді.

– Өй!.. Өй!..

Көпшілік енді бос бөшкені тоқтата алмай әлек. Сапырылыс.

Ашуы тарқаған Битабар қолын кеудесіне айқастырып қарап тұр. Мәз. Енді білді, бұл жер біраз еңіс екен, бөшке көз ұшында бұлдырап әлі домалап барады... Біреу бері салып келе жатыр. Бөшкені көріп о да жалт бұрылды. Содан кейін тұра қалып кеудесін басты: аман қалғанына шүкіршілік. Бөшке кеткен жаққа біраз қарап тұрып-тұрып тағы бері жүрді. Әли екен.

– Әй, батыр-ау, мұның не?

– Не екенін көріп тұрған жоқсың ба?

Ала көбеден кеткен Сілеусін де бір шәйнек су алып жеткен беті.

– Біздің үйдегі кісі-ау, не жасап тастағансың?.. – Бетін жыртып, аңтаң.

– Не жасап тастағанда шаруаң не? Шәйіңді қой. Қазаныңды көтер тезірек. Қонағыңның да, байыңның да аш екенін білесің ғой.

Үшеуі де үйге беттеді.

...Шай ішіліп жатыр. Қазанда ет бүлкілдейді. Өзінің дағдылы қалпына келген Битабар:

– Беке, жеп, іш! Әли, алсайшы! Қатын шәйді қызартыңқырап құй. Сен же, мен же.

...Терезе алдына кеп пар ат тоқтады.

– Әлгі сушы ма? Не ғып келді?

Қағалтай Әли ұшып тұра келіп терезеден үңілді.

– Жоқ, сушы емес. Өй, мынау, әлгі Левенштерннің ат-арбасы ғой.

Сөйткенше болмады, есік ашылды.

– О, шай, тәтті-ақ, иесі қатты-ақ. – Күліп Левенштерннің өзі кіріп келеді.

– Е, тамырмысың? Төрлет! Шәйдің тәтті екені рас, ал иесі қатты болғысы келеді, бірақ бола алмайды. – Битабар арбаңдап тұра берді.

– Бала секілді секеңдемей, отырсайшы, өзі де шығады ғой, – деп Сілеусін күйеуінің қалбалақтап қалғанын ұнатпады. Бертшек те бөтен адамның келгенін жаратпаған секілді. Сазарып, үндемей отыр. Бірақ олармен Левенштерннің ісі болған жоқ. Еркін басып қақ төрдің басына шықты. Бертшек сырыла отырды.

– Ой, тамыр-ай, дүниенің астан-кестеңін шығарыпсың ғой, – деп Левенштерн сылқ-сылқ күлді.

– Е, естіп қалған екенсің ғой? – Битабар да қарқылдап күліп жатыр.

– Естімегенде. Көлденең тұрған біреу тамашалап айтып берді.

– Қайтейін енді...

– Сол керек ол итке. Жарлықты орындамаудың не екенін біледі енді. Сушы шағыммен келіп еді, айдап шықтым: – Жарлықты орындамағаның үшін он сом айып. Қайталайтын болсаң, қуыласың. Бар, тайып тұр енді!

– Хи... хи... хи..! Ха... ха... ха!

Левенштерн күлкіден оқыс тыйылды.

– Сен бүгін жұмысқа шықпай қалдың. Ал Ылғаз болса көмірді боратып жатыр. Сөреге қай жүйрік бұрын келеді, – ертең кеш айқындайды. Байқа, Битабар балуанның жауырыны жерге тиіп қалып жүрмесін?!

– Тамыр, кешеден бері ашпын мен. Тамақ ішіп, әлденіп, дем алған соң, кешкі сменамен жұмысқа түсем... Түн шабам, күн шабам... Сонда бүгінгінің есесі қайтпай ма? Екі тәуліктік қауқар бар әлі Битабарда.

– Оған сенемін, – деп Левенштерн күлді. – Уәде осы болсын.

– Осы...

Кетерде Иван Ивановичтің көзі Бертшекке түсті.

– Бұл кісі?..

– Туысым...

– Жұмыс неге істемейді онда?

– Қонақ қой, – деді Битабар.

– Е, білем қазақтың айлап жатып алатын қонағын. – Енді Бертшектің өзіне туралап қарады. – Сендерде мақал бар ғой: Әлгі... ие, қонақ бір конса құт екі конса, жұт... Солай ма? Неше қондың бұл үйде? – «Сіз», «біз» жоқ, «сен»... Левенштерн қазақтармен осылай сөйлеседі.

Битабар көлденеңдей берді:

– Жуырда ғана келген...

Аңқаулығы ма, арамдығы ма:

– Қайын ағаның келгеніне кеше бір ай, – деп салды Сілеусін.

Битабар қатынына ала көзімен қарады:

– Көзіңе қара, шәйіңді құй жөндеп!

Левенштерн қадалып алған, болар емес.

– Бір ай. Келген күннен бастап жұмыс істесең ғой, үкіметке де, өзіңе де қанша пайда келтірген болар едің.

Бертшек жасқаншақ болып қалған ба, міңгірлей сөйледі:

– Денсаулық жоқ. Жұмысқа жарамаймын...

Левенштерн бұл сөзге мән бермеді.

– Шахтаға, бізге кел. Ақша табасың, паек алатын боласың, – деп тоқтады. Содан кейін турасын айтты. – Битабар көмір қазады. Паек алады. Он жастағы Амантай далаға көмір шығарады. Паек алады. Ал сен бір ай бойы солардың еңбегін сорып жатырсың. Мұндайды арам тамақ дейді. Түсіндің бе?

Бертшектің ерні жыбырлады:

– Түсіндім...

Бұл сөз Бертшектен гөрі Битабарға қатты батқан секілді.

– Әлі орналасады ғой. Аунап-қунап жата тұр деп мен едім болмай жүрген... – Тумысында тұңғыш рет жалған айтқаны.

– Ә, солай ма еді?.. – деп Левенштерн езу тартты. – Аунап-қунап болған соң, келсін маған...

Левенштерн кетіп қалды. Біразға дейін үй ішінде ауыр тыныштық орнады. Әзілқой Әли үнсіз сыртқа шығып кетті. Бертшек насыбай салатын шақшасын андасанда саусағымен ұрып тырсылдатып, терең дем алып қояды. Сөзге алаң болған Битабардың сусыны енді ғана қанса керек, табақша түбінде қалған шайды қаттырақ ұрттай тартып, шәшкесін төңкерді. Ішінен ауасы шығып болмаған шұңқыр бірер қимылдап барып бық-бық етіп тынды.

Бертшек тағы күрсінді:

– Ай, Битабар-ай, манағы бір ісіңнен шошып едім. Бірер сағат су ішпесек өлетін бе едік? Дүниені алатайдай бүлдіріп... үйіңе нәшандікті келтіріп... Ендігі күн не болды?

Битабар шын қысылды.

– Тамырды келіп қалады деп кім ойлаған? Су жоқ болған соң былай нетіп... ызаланып... – деп мүдірді.

Сілеусін түтіні басқа.

– Басында осы тамырдың өзін ұнатпаған ем. Жақсы адам екенін кім білген.

Бертшек ренжіп қалды:

– Келінжан, бұл не, ауырлағаның ба ішкен шәйді?

– Жақсыны жақсы деген дұрыс қой, қайын аға.

– Несі жақсы, қазақ арасында көп болып, ішек-қарнымыздың қырындысына дейін біліп алған қу, ит қой бір.

Сілеусін қайтпады:

– Өзімізге ұнайды, әйтеуір. Біздің үйдің кісісі десе жаны-құты қалмайды. Міне, көрмейсіз бе, өзі келді. Ал басқа бір қазақтың үйіне әке-көке десең де бас сұқпайды. Рақмет сонысына.

Бертшек түрегелді.

– Келіннің мұнысы кет дегені ғой. Кетейін онда.

Левенштернді мақтаған сайын жаны кіре түсіп отырған Битабар келін мен қайын аға арасындағы қақтығыстың мәнін осы жерде ғана түсініп, қатынын нұқып қалды.

– Иттің баласы-ау, саған сөз не керек. Тамағыңды қымзаула одан да, жұмысқа барам дедім ғой.

Сілеусін тым-тырыс, Бертшек буынып-түйіне бастады.

– Өй, Беке, есің дұрыс па өзіңнің, қайда барасың?

– Келін кет деп отыр ғой, кетем...

Сілеусін жыламсырай сөйледі:

– О не қылғаның, қайын аға? Кет деген жоқпын ғой мен сізге.

Битабар ұшып тұрды да, Бертшектің киіміне жармасты.

– Кетпейсің, Беке. Бір жылға қоян терісі де шыдайды деген. Қоян терісі құрлы жоқ дейсің бе. Бармыз. Кеңшілік заманда бірде былай, бірде олай жүргенімізбен, ағайынның шын ағайыншылығы осындай таршылықта көрінеді. Үй өзіңдікі, жата бер, – деп шешіле сөйледі..

Бертшек мұны да тыңдамады.

– Жоқ, Битабар, келінмен алакөз болғым келмейді. Кетем дедім, кетем...

– Онда бұл итті қазір үйден айдап шығам!..

Сілеусін дауыс көтере бастады:

– Адал дәмімді ішіп отырып, мұның не, қайын аға, артық айтсам, кешіре көр. Кетпеңіз. Бүкіл ауылға ұйтқы болған үлкен үйдің баласы ең, не болды? Кетпеңізші. Сіз кетсеңіз осы үйдің кісісі өлтіреді ғой мені.

Бертшектің қалағаны осы еді. Ерлі-зайыпты екеуі бірдей жалынып, бағасы артқан соң райынан қайтты. Көңілі орныққан Битабар тамағын ішіп кешкі сменаға бет алды.

11

Жүйріктің делебесі дуда қызады. Ылғаз бен аруақты балуан шын белдескен адамша қимылдады. Үш темір қайла кезекте. Мұқалғаны қайралып, айналып келе берді. Баяғының тау қопарған алыбы секілді, құлаштай соғып, қайланы тас көмірге сағалата кіргізеді де, көтеріп, не басып қалады. Сандықтай-сандықтай тас көмір кесек-кесегімен домалайды. Вагонеткалар тасып үлгермейді. Күрекшілер күрегін былай тастап, кей кезде екеу-үшеуі жабылып көмір кесегін зорға тиейді.

Осы қимылмен түн өтті. Битабар жарық дүниеге шықпады. Аз ғана демалып, Сілеусін әкелген тамақты іштіде, жұмысқа қайта кірісті...

Түс кезінде Левенштерннің өзі келді. Екі алыптың қимылына дән риза. Көмір өндірудің осындай жолын тапқан өзіне де риза. «Ел аралап жүріп, шахтерлерді кілең осындай бір алыптардан жинап алса, көмір өнімін он есе арттыруға болар еді-ау».

12

...Шахтерлер үлкен залға жиналды. Мұнда да Левенштерн тапқырлық жасап, қазақ ауылының тойына ұқсатып, жұртты екі жарып отырғызды. Президиум орнына сарапшылар, даяшылар. Сөзді өзі бастады.

– Жолдастар, бүгін бізде үлкен той. Октябрь революциясының он үш жылдық мүшел жасын табыспен қарсы алғалы отырмыз. Шахта айлық жоспарын жүз он процент орындады. Той дегенім осы. Табыс құрметіне бәйгеге ат қоспасақ та, күрес бастаймыз!

Жұрт ду күліп, көтеріліп қалды.

– Бірінші бригаданың атынан жауырыны жерге тимеген атақты балуан Битабар... – Левенштерн Битабарды ортаға алып шықты.

– Екінші бригаданың атынан жауырыны жерге тимеген белгілі балуан Ылғаз... – оны да Левенштерн ортаға алып шықты.

Битабар шешіне бастады. Шын көріп қалған секілді. Левенштерн күліп жатыр:

– Біздің күрес олай емес, былай болады: Битабар оң жағында, Ылғаз сол жағында. Әуелі Битабардың қолын көтерді.

– Битабар айлық нормасын жүз тоқсан жеті процент, ал Ылғазбен жарысқа түскен соңғы он күндік нормасын үш жүз жеті процент орындады.

– Битабар жасасын! Урра...а!

Левенштерн кезекпен Ылғаздың да қолын көтерді.

– Айлығы жүз сексен бес, соңғы он күндігі үш жүз.

Бұған да жұрт ду қол шапалақтады.

Тағы да Левенштерннің орнықты даусы:

– Бас бәйге – шапандық жасыл барқыт – бес метр! Резинка калош Битабарға беріледі.

Жұрт қошеметімен аталған сыйлықты алып. Битабар орнына отырды.

– Екінші бәйге – көйлектік сатин – төрт метр! Ылғазға беріледі.

Ылғаз сыйлықты салқындау барып алды.

– Үшінші бәйге – қазақы шұлғаулық бөз – үш метр!.. Жұрт шулап Левенштерннің даусын естіртпей жіберді.

13

...Баяғы өзіне таныс ұзын стол. Қабырғада Ленин, әлі қолын созып тұр. Тағы да: «Не деп тұр?» Білгісі келеді. Еміс-еміс атын естігені болмаса, түк хабары жоқ. «Түсі игіден түңілме» деген ғой, жүзі жылы екеп. Жаман айтып тұрмаған болар».

Тағы Левенштерннің даусы:

– Той еті домалақ дейді ғой қазақтар. Осыған разы боласыңдар. Жеңдер, ішіңдер, жолдастар!

Столда колбаса тұр. – Битабардың татпайтын дәмі.

– Қойдың колбасасы.

– Мынау – бұзаудікі...

– Жоқ, алда разы болсын.

Қызыл шыны, көк шынылар тұр.

– Жоқ, мұны да ішпеймін.

– Жоқ, тамыр, ішесің бүгінгі тойдың құрметіне. Анада Иманақ тауының бауырында ішкенсің бізбен.

– Ішеді Битабар, ішеді, – деп жұрт шулады.

Бір әйел келіп Битабардың қасына отырып алды. Сөзі шала орысша, шала қазақша.

– Мынау вино. Виноград біледі? Мынау сол виноград суы. Битабар мұны ішеді. Пейіште хор қызының ішетін суы!

Жұрт қолқалап болмаған соң, Битабар бәлсінбеді. Тартып жіберді. Содан кейін тағы да ішті. Бір қызығы, арақ ішіп уланбағандық па, Битабар ана жолғыдай, мұнда да тез қызды. Көзінің алды буалдырланып, дүниенің бәрі іри берді. Қарсы алдында Ылғаз отыр. Біреу емес, екі Ылғаз. Битабар бір көзін жұмса, біреуі жоғалып кетеді, көзін ашса тағы екеу. Шошиын деді: «Жынданудың қай жағындамын?» Ылғаз оң жағындағы екі қолын созды.

– Сен алдадың!

– Кімді алдадым? Құдай сақтасын, ешкімді де алдап көргем жоқ осы жасымда.

– Жоқ, мені алдадың!

Битабар бір көзін қысты. Жоғалып кеткен Ылғазды кім білсін, мына Ылғаздың түсі суық:

– Жасырынып түнгі жұмысқа бардың. Бәйгіні сөйтіп алдың.

Шырылдап ара түскен Әли даусы:

– Түнде барса, алдында күндіз бармады ғой. Екі есеп, бір есеп.

Битабар ашуланып кетті.

– Кісі екен десем, ит екенсің ғой. Сен ендеше күн-түн істе. Мен жарты ісмен... Сонда да басып озам...

– Оза алмайсың!

– Жоқ, озам! – Битабар қойнына тыққан баркыт пен калошты суырып алды. – Мә, қызғансаң, сен ал! Бәйге дүниесін бойыма жапсырған кісі емен. Өзім де кімге берем деп отыр едім.

– Неге алам? Алмаймын. – Ылғаз сыйлықты Битабардың өзіне қарай сырғытты. – Алсам, жеңіп алам...

– Жеңіп ала алмайсың, осылай ал!

Сыйлық біресе Ылғаз алдында, біресе Битабар алдында. Битабардың көзі Әлиге түсіп кетті.

– Мә, ендеше сен ал.

Әли иіліп жатыр:

– Екі арыстан таласса, біздейлерге жем түседі...

Ду күлкіден Левенштерннің даусы жарылып шықты:

– Біз күн істе, ал түн істеме демейміз. Жоқ, түн істе, күн істеме деп те айтпаймыз. Күн де істе, түн де істе. Әйтеуір жұмыс істе. Әйтеуір көмір өндір. Біз осыны айтамыз...

Әлдене үзіліп кеткендей болды. Битабар қайта көзін ашты. Манағы әйел тақалып алған. «Қайтеді мына кәпірің?!».

– Бұзаудікі мына колбаса!

– Мынау қойдың колбасасы!

Битабар қолымен «жоқ, жемейді» дегенді танытты. «Битабар ішеді, бірақ жемейді!»

– Іш, Битабар, іш!

Дүние шыр айналып барады. Әйел билеп жүр. Бір секірді, бір отырды. Аяғы байлар мінетін фаэтон арбаның шабақтары секілді, зыр-зыр етеді. Керемет!

– Ойпырай! Кереметі-ай қолының!

Битабар көзін ашты. Әйел қасында отыр. Битабардың қолы столда. Саусақтарын бас-басына ашып қарайды да, күледі.

– Әр саусағы менің білегімдей!

Кенет шарап пен колбасаның иісі келді...

– Битабар жемейді, Битабар ішеді, – Өз даусынан өзі оянып кетті. Үңіліп бір көз тұр. Дөп-дөңгелек. Көкпеңбек. Кең сахара даладағы тып-тыныш тұнық көл секілді. Көк аспан төңкерулі. Ала шарбы бұлттар қалқиды. Ыстық леп соғады.

– Жоқ, колбаса жемейді Битабар!

– Жемей-ақ қой, іш бірақ. – Жіңішке, назды әйел даусы.

Тағы да көз алдында тұр. Тұңғиық көз... Кіршік жоқ аппақ, таптаза қарлы дала. Тұңғиық көз сол аппақ дала көзі. Жұп-жұмсақ, жыпжылы...

Дүниенің бәрі көкбеңбек, дүниенің бәрі аппақ, жыпжылы, жұпжұмсақ.

Битабар жүріп кеткен секілді. Шахта артта қалды. Үйлер де артта. Жүріп келеді. Ып-ыстық бірдемеге сүйеніп келеді. Кенет манағы әйел есіне түсті. Билеп жүр... Битабардың саусақтарын санап жатыр... Оқыс, оғаш сезім: «Бұлар да қазақ қатыны секілді ме екен? Әлде...» Соны ойлауы-ақ мұң екен, ыстық бір құрсау ішіне түсіп кетті. От құрсау. Бойы шымыр-шымыр. Жойқын бір ағын Битабардың ырқын алып, есеңгіретіп жүре берді...

14

...Битабар шошып оянды. Айнала аппақ. Төбе де, төсегі де. Қасында бір әйел жатыр. Сілеусінге мүлде ұқсамайды. Жирен шаш. Әрі кеудесіне тартқан тілімдей шүберегі болмаса тырдай жалаңаш. Көрпесі сырылып қалған. Денесі аппақ, жұп-жұмыр, жұп-жұмсақ. Балтыры оқтаудай түп-түзу. Екі аяғын айқастырып шалқасынан жатқан күйі, қаперсіз ұйқыда. Битабар басын шайқады. Қашан келді, қалай келді? Есінде бірі жоқ. Есіне Амантай түсті. Қабақ шытып алдына бір келіп көрмеген, барға да, жоққа да көнбіс Сілеусінді ойлады. Бала алдында, жар алдында тазарта алмас күнә. Ұят-ақ, өкініште-ақ.

...Қоңыраулы сағат алты рет соқты... Битабар жата берді.

...Қоңыраулы сағат жеті рет соқты.

Битабар шыдамады. Ұйықтап жатқан әйел мүсініне тағы көз жіберді. «Апырмай, мынаның қасында біздің қатындар да қатынбыз деп жүреді-ау!» Денесі бір түрлі қызынып сала берді. «Ә, болары болды ғой, қылмыстың азы не, көбі не, бәрібір». Жүрегі лүпілдей бастаған соң аунап түсті... әйел оянды да, балуанды ыстық құшағына ала берді...

– Какой ты сильный, Битабарчик! Сверх всякого ожидания! Ты просто чудо природы... Устала я. Сильно устала...

Битабар түсінбеді. Әйтеуір жамандап жатпаған секілді.

Қоңыраулы сағатты сегіз рет соқтырып Битабар түрегелді.

– Жарық түспей тұрып кетейін мен. Бала бар. Қонақ бар, ұят.

Маужырап, діңкесі құрып жатқан әйел басын изеді.

– Сенің атың кім? – деп сұрады Битабар киініп жатып.

– Марья.

– Ә, Мәриә? Жақсы, жақсы! Мәриә кәрәшәй. Мәриә! Мен қалай келдім мұнда?

Марья күлді.

– Сен болмады, жүр деді. Мен жүрді сосын. Сен болмады, есік аш деді. Мен ашты сосын...

Битабар да кеңкілдеп, басын шайқап-шайқап күлді.

– Мәриә, сен де шақтыда істейді?

– Мен конторда, – шот қағамын, дегенді қолымен көрсетті. – Сендерге паек береді, ақша береді...

– А-а. Бала қайда? Бай қайда?

– Бала таппаған. Бай өлген. Сосын Қарағанды келген...

– А-а...

Битабар той соңын осылай өткізді.

15

Битабар Марьядан шыққан бойда шахтаға барып түсті. Амантай күндегісінен ерте келіпті. Іздеп жүр.

– Әке, қайда болдың?

Тағы да өтірік айтуға тура келді:

– Түнде тамыр үйіне алып кетті... болмады.

– Ә-ә... Апам да, мен де қорқып... Үлкен үйдегі ағам да қорықты.

Битабар Амантайды басынан сипады.

– Сендер қорқатындай әкеңе кімнің әлі келеді... Бар, жұмысыңа бара ғой.

– Амантай томпаландап кең штректі бойлап кетіп бара жатыр. Ойында түк жоқ, айтқанға сенді. Баламысың деген осы. Битабар қарап тұр. Жүрегі бір түрлі. Бала алдында үлкен қылмыс істеді. Қалай ақталмақ енді?

Денесі дел-сал. Өрт соққандай. Басы да зіл қара тас. Қолының қаруы кеткен бе, қайла да көмірге батпай қойды. Бір-екі рет десятник келді.

– Бүгін не болған саған, Битабар?

– Кеше арақ ішкен, соған ауырған...

Десятник көзін сығырайтып, жымын-жымың етеді.

– Арақ ішкен, ауырған... Сосын не істеген?.. Николай бәрін біледі. Айтпаса да біледі... – Николай шалғы мұртын сипады да, Битабардың арқасынан қағып, бас бармағын көрсетті. – Ол маржа – во! Битабар тоже – во!

Битабар үндеген жоқ: «Мынау ит біліп қалған екен ғой!».

Десятник Битабардың қысылғанын сезіп, әрі қазбаламады. Кісілік жасады.

– Жұмыс бүйтіп өнбейді, Битабар. Үйіңе бар да, тынық. Жұмысқа ертең шық.

– Рахмет, тамыр, рахмет...

16

Үй сұп-суық. Сілеусіннің қабағы түсіп кеткен. Қылмыстының арты қуыс. Битабар қылп ете қалды: «Құдай-ай, бір сұмдық болмаса жарар еді!» Бертшек те бүк түсіп төрде жатыр.

– Қайда болдың, Битабар?

Битабар енді Амантайға айтқан дәлелінің түкке аспайтынын сезді. Левенштернді Бертшектің қаны сүймейді.

– Той кеш тарады. Содан әлгі Сарысудың төменгі жағындағы Ылғаз балуан болмай, үйіне алып кетіп... – деп жалтарды. Қайтсін, адам өтірікті айтайын деп айтады дейсің бе, осылай қысылған соң айтады да.

Бертшек жайдарыланып сала берді.

– Е, Ылғаз балуан да осында ма еді?

– Иә, ол бізден де бұрын келген екен... Тұрмысы жақсы.

Әңгімеге тақырып табылып, Битабардың көңілі орныгайын деді.

– Е, қатын, үй неге суық? От неге жақпағансың!

– Жағатын көмір жоқ, таусылып қалыпты.

– Апырау, оныңды ерте неге айтпадың? Қазір, мен... – деп Битабар түрегелді...

17

Битабар атын жекті де жұмыс аяғында Левенштернге барды.

– Тамыр қайда? Осында ма?

Есік алдында отырған қыз ұшып түрегелді:

– Өзінде, кіріңіз! – «Шахтер келсе, күттірме» деген Иван Ивановичтің жарлығы. Қыз соны орындап жатыр. Битабар түсінігі басқаша: «Апырай, үлкен нәшандіктің алдында отырған күтушілері де сынайы!» Осылай ойлаған Битабар кабинетке кіріп үлгірмеді, Левенштерннің өзі шықты. Қасында Ылғаз.

– О, тамыр, шаруа қалай?

– Шаруа жақсы емес, тамыр. Үй суық, көмір жоқ, тамыр.

Левенштерн қарқылдап күлді.

– Саған да көмір керек пе?

– Иә, тамыр, көмір керек.

– Бұл қалай, тамыр атаулының көмірі бірдей таусылғаны. Міне, Ылғаз да көмір сұрап келіп тұр. – Левенштерн осыны айтты да, көмекшісіне бұрылды. – Қызым, бухгалтерді шақыршы.

Қыз жүгіріп кетті. Әлгіндей болмай Марья келді. Битабардың жүрегі зірк ете қалды: «Құдай сақтай көр. Мәриә қайдан сап етті?!»

Левенштерн бірдемені сезетін секілді. Екі балуанға кезек қарап күліп қойды. Левенштерннің сезгенін Марья да сезген секілді. Әуелі Ылғазға, сосын Битабарға көзі түсіп қадалып қалды.

– О, Битабар?! – Ішіп-жеп барады.

Битабардың маңдайынан тер бұрқ етті: «Құдай-ау, мына кәпірің әйел болып қымсынбайды ғой тіпті. Бір сұмдық жасамаса игі етті!».

– Марья Александровна, мына екі тамырдың көмірі бітіп қалыпты, не істейміз.

– Е, көмірі бітсе, жазып берейік, – деді Марья. Битабардан көзін әлі алған жоқ. Ыңғайсызданған Битабар жүзін төмен салды: Неге екені белгісіз, Марья кейпі көзімен көргендегіден де айқын болып елестей қалды енді: әжімсіз аппақ өң. Иегі сәби иектеніп дөңгеленіп тұр. Көзі тұңғиық су секілді, мөп-мөлдір. Жирен шашы тобығына түседі, жұп-жұмыр. Кеудесі сондай шалқақ, шығыңқы, қап-қатты. Ал белі болса, қылдырықтай-ақ. Нағыз құлын мүсін, қыз мүсін. Байға тиген қатынның тап осындайын тумысында көргені осы. «Керемет кәпірің!» Аздап ой жетегіне еріп, еліккен Битабар қайда тұрғаны қайта есіне түсіп, басын жоғары көтеріп еді, Марья әлі көзін аудармаған екен.

Левенштерн айтты:

– Жазып бергенде, кезекті қайсысына береміз?

Марья іркілмейді:

– Кезек Битабардікі.

Левенштерн қарсы:

– Жоқ, кезекті өз ара келіссін.

Марья күліп тұр, үндеген жоқ.

– Кезегі несі? – деді Битабармен кезектескісі келмеген Ылғаз. Битабар ойы өзгеше: «Мәриә мен осы тамыр екеуі бірдемені бұлдірмесе игі еді...».

– Кезектің не екенін көресің қазір. Ал жүріңдер, Марья Александровна, баста.

Марья Александровна жол бастады. Көш соңында әуелі Левенштерн, Битабар, сосын Ылғаз. Левенштерн сәл кідіріп, артына көмекшісіне бұрылды:

– Жұрттың бәріне айт, далаға шықсын, қызық бар.

Битабар әдепкіде тамырының әйелге жол бастатқанын бір түрлі балаша қызықтап: «Жөн-ау, осы. Үй-жайыңды ұстағанын жақсы көреміз, қойнына жатып, құмардан шығатынымыз және бар. Сөйте тұрып: «Әй,. сүйт, әй, бүйт!» – деп ат артына оңгеріп, кемсітетініміз теріс қой», – деп ойлап еді, Левенштерннің «қызық барына» қайта қобалжыды.

Марья Александровна бұларды көмір шығаратын жерге бастап келді. Әлгіндей болмай жұрт жиналды. «Қызық бар!» – дегенге ме, ентелесіп иін тіреседі. Бір жақтан Әли де сап ете қалыпты: «Ал, кәне, қызықты көрейік!» – деп ентелей түседі.

Үлкендігі шөккен нардай, үлкен бір кесек тас көмір жатыр. Не Ылғаз, не Битабар шауып түсірген кесек. Левенштерн сол тас көмірдің қасында тұр. Битабар мен Ылғазды қатар шақырды:

– Мына тас көмірді қайысың көтеріп әкетесіңдер? Ерік өздеріңде. Құдай алдында сұрауы жоқ. Қай үйге болса да екі айлық отын.

Битабар бұрын сөйледі:

– Ылғаздың жасы менен кіші, Ылғаз алсын.

Ылғаз баса қоймады:

– Жоқ, жол жасы үлкендікі емес пе, Битабар алсын.

– Қайратты жас көрсетуші еді ғой...

– Битабар дұрыс айтады, – деп қойды Марья. – Бұл – Битабар шауып түсірген көмір. Ылғаз алады. Ал Ылғаз шауып түсірген көмірді Битабарға беретін боламыз.

Ылғаз сөз таластырмады. Көмірдің ол жағынан бір, бұл жағынан бір шығып қарады. Аяғымен де қозғап көрді. Құшағымен де өлшеп, шамалады. Басын шайқады.

– Жоқ, мұндай көмірдің маған керегі жоқ.

– Ендеше басқа отын жоқ, – деді Левенштерн.

Жұрт ду ете қалды:

– Жоқ, Битабардың өзі алсын. Өзі шауып түсірген екен, өзі алуға тиісті...

Алғашқы ой: «Көтере алмай, ұят болып қалмас па екен?!»

Левенштерн енді Битабарға қадалды.

– Тамырлықтың жолы бір басқа, тамыр. Осы көмірді алмасаң, саған да отын жоқ. – Ойнап тұрмаған секілді. Жүзі салқын.

Марья жақындап келді:

– Ну, көтересің ғой, Битабар, көтересің. Оп-оңай көтересің.

Марьяның бұл сөзі Битабарға аздап әл берген секілді: «Осы кәпірің біліп айтып тұрмасын!» – Бұл да көмірді айналып қарап шықты. Құшақтап көріп еді, бірақ бір кісі түгіл, екі кісі құшағы жетсе, зорға жетерліктей. «Атан түйедей бар-ау сірә?!»

Битабар басын көтерді. Айнала жұрт, иін тіресіп анталап, демін ішіне тартып тұр. Марьяның бір қолы мықынында, жүзінде күлкі нұры. Ылғаз шеттеп кетіпті. Левенштерн өзгермеген, манағы салқын қалпы.

– Ау, былай сейіліңдерші, арбамды жақындатайын, – деді Битабар.

Жұрт шу етіп қақ жарылды. Битабар беліндегі жалпақ қайыс белбеуін шешіп алды да көмірге қарай беттеді.

– Көтерсем көтердім, көтере алмасам, демесіп жіберіңдер, жарандар!

Әли сөзге араласты:

– Олай болса, Ылғаз екеуің арбаға көтеріп салыңдар да, үйге апарып бөліп алыңдар.

Левенштерн қарсы:

– Жоқ, олай болмайды. Қайсысы алса да, дара алады.

Әли дағдылы әзіліне басты:

– Е, онда қорықпа, Битабар, көтере алмасаң, мен бармын ғой.

– Е, сонынды айтпайсың ба? – деп Битабар күлді де, қайыс белбеуді көмірдің астынан өткізді:

Арба көмірдің қасына тартылды.

«Тіземе бір жеткізсем, ар жағы қиын болмас еді-ау?!» – Битабар қайыс белбеудің ұшын қолына орай ұстап бір-екі рет изеп-изеп қойды. Жоқ, қозғалатын секілді.

– Ия, аруақ!

Жұрт ішін тартып шу ете түсті. Вагонға ешкім көтеріп сала алмағандықтан, тас табандап осы жерде жатқан көмір кесекті балуан қаңбақша ойнатып кеудесіне апарды да, арбаға тастап жіберді. Жұрт тағы шу етті: байқаса алты арыс ку шыбықша морт омырылып, арба отырып қалыпты. Әли шық-шық етеді:

– Өзіңе де осы керек, көмірді осыншама кесектеп өміріп нең бар еді!

Левенштерн Битабардың арқасынан қақты. Жүзінде күлкі, ризашылық:

– Қайғырма, тамыр, көмір де болады. Арбаның арысы да жөнделеді. – Осыдан кейін шаруашылық жөніндегі орынбасарын шақыртып алды – Қазір Битабар мен Ылғаздың үйіне бір-бір арбадан көмір түсіріп бер. Маңдай алды шахтерлердің үйінде отын жоқ деген естіген жұрттан ұят. Содан кейін ертеңнен қалдырмай мына арбаның арысын салдырып, иесіне табыс етесің.

– Айтқаныңыз орындалады, Иван Иванович!

Битабар қамыт, сайманын атқа артып үйге келді. Левенштерн сөзінде тұрды: сол күні кештетіп көмір түсіртті. Ертеңіне арбасын жөндеттіріп берді.

18

Битабар біраз күн қыл батпай, қобалжып жүргенімен ыстық-суығы басыла келе Марьяны есіне алатын болды. Төсекке шалқасынан жатып, қылығын көз алдына келтіріп, өзінен өзі жымиып күледі. Сосын Сілеусінге бұрылады:

– Мұ не осы, қабат-қабат? Көйлегіңді шұбалтпай шешіп жатпайсың ба?

Сілеусін аузын бір сылп еткізеді:

– Мына жазғанға не болған?

Битабар мұнымен тынбайды, қатынының әр жерін басады. Қу сүйек, тақтай секілді.

– Денең немене өзі, тақ-тақ етеді...

Сілеусін ашуланады:

– Жаңа білдің бе мені! Бірдеме көрінейін деген шығар өзіңе?

Осындай бір түн. Амантай мен Бертшек төргі үйде шырт ұйқыда. Көрші үйлердің тауығы шақырды: «Түн ортасы болып қалғаны-ау». Битабардың көзі іліне берді.

Терезе тықылдады.

– Бұл қайсысың-ей?

– Біз. Аш есігіңді, – өктем дауыс.

Сөйткенше болмады, бір топ адам сау етіп кіріп келді. Битабар ауылдағы әдетімен есік баспасы дегенді әлі іліп көрген емес.

– Бұл кімдер өзі жеті қараңғы түнде жүрген? – Битабар іш киімін таба алмай абыржып жатыр.

– Біз, шам жағыңдар!

Шам жағылды: қызыл ала киінген бес-алты адам.

– Кім тұрады мұнда? – деп сұрады алдыңғысы.

Битабар шошып кетті.

– Мен... мен тұрам, нәшандік...

– Атың кім деймін?

– Битабар... Битабар ұрлық істемейді. Битабар өтірік айтпайды...

– Тағы кім тұрады?

– Қатын... бала...

Дауыс қатая түсті.

– Тағы?

– Қо... қонақ...

Әлгі нәшандік артқыға иек қақты. Бәрі жапырылып төргі үйге беттеді. Бертшек бүкжиіп қалыпты. Біреуі аяғымен түртті. Қолында оқтаулы наган.

– Эй, түрегел! Документіңді әкел!

Нәшандік дегені шам жарығына жақындап қағазға үңілді. Қолындағы сурет пен Бертшек бетіне кезек қарап:

– Дәл өзі! – деді.

Үй іші астан-кестен болды. Сандық ақтарылды. Киіз арасы тілгіленді. Үй қабырғасына сүймен жүгірді.

Нәшандік Битабар мен Бертшекке кезек қарады:

– Айтыңдар, алтынды қайда тықтыңдар?

Бертшектің басы төмен түсіп кеткен. Үн жоқ.

Битабар білгенін айтып жатыр:

– Битабар алтын тықпайды. Паек бар. Жалуна бар. Битабарға алтынның керегі жоқ...

Біреуі дауыстап жіберді:

– Мында ғой. Міне, дәл өзі. – Бұрышта Бертшек әкелген қапшық жататын. Битабар маңына барып көрген емес. Әкеле жатқаны осы қапшық.

Жүн-жұрқа, мақта, ескі жастықтың жүні. Бұрқырап кетті. Іздегендері солардың арасынан шықты. Үлкендігі аяқтай... алтын. Шын алтын.

Битабар жүрегін ұстады. Анадағы Бертшек сөзі есіне түсті: «Менде

қазына бар! «Сондай көп қазына!» «Тіпті екеуміздің қалған өмірімізге жететін қаз...».

– Су келді! Су! Су алыңдар! Су...

– Астағыпиралла!

Шудан Амантай оянды. Сілеусін дауыс көтеріп жылай бастады.

Битабар мен Бертшек кезенген мылтық астында қараңғы түнді жамылып далаға шықты...

19

Ойда-жоқта Битабар істі болды.

Жылап келген Сілеусінге айтары: әділдік бар, заң бар. Қорықпа. Шығарады әлі. Тергеушіге айтары: илан бұған. Алтыны барын білген жоқ Битабар. Қашып жүргенін де білмеді. Жақын ағайын. Туыс деп келді. Аш келді. Ал Битабар жұмыс істейді, жақсы істейді. Паек бар, ақша бар. Тұрмыс жақсы. Үй бар. Сосын ашығып келген туысты кет дей алмайды.

Қанша қайырып сұраса да жауабы осы.

Тергеушілер бұған қанағаттанбайды. Алып кетеді. Сұрайды. Қайтып әкеледі, отырғызып қояды.

Сондай тар бөлме. Жалғыз терезе. Бірақ дала көрінбейді, аспан да көрінбейді. Дүниеде болып жатқан құбылыстардың бәрі де тасада. Сырттан келер дыбыс жоқ. Тым-тырыс. Терезе... үй болған соң терезе шіркін керек екен ғой. Терезеден жарық түседі. Терезеден өткен-кеткенді, жүрген-тұрғанды көресің. Терезеден мөлдір аспан көрінеді. Таулар көрінеді. Терезе – үйдің көзі. Терезе – адамның көзі. Сол көздің алдын – сол терезе алдын көлегейлеп қойыпты. Сызаттап жарық түседі. Бірақ түкті көрмейсің. Битабар үшін жазаның ауыры осы.

Қырық-елу кісі. Бәрі ашулы. Сендей сығылысып нар үстінде жатыр. Битабардан басқаның бәрі де орынды кең алғысы келеді, аяқты кең көсілгісі келеді. Бүйіріне шынтағын тірейді. Тізесін тірейді. Қайтсе де ығыстырып, шығарып жібергісі келеді. Шығып кетейін десең есік жабық...

Битабардың қасында кертік мұрын біреу бар. Келген күннен бері балуанға тізесін тіреп жатыр. Битабар ажыраймайды, неге тірейсің деп те сұрамайды. Ығыса түседі. Ығысса, екінші жақта жатқан шар ете қалады, Битабар оған да қарсы келмейді. Бар айтары:

– Сабыр, тақсыр! Сабыр!

Өзіне де, өзгеге де айтары осы. Біраздан бері зәр қысып жатыр. Шыдап жатыр.

– Сабыр, Битабар! Сабыр!

Соншалық қайран: зәр қысқан жұрт не істейді екен? Есік қағып, далаға шығар дей ме?..

– Сабыр, Битабар, сабыр!

Амал жоқ, есік тақылдатты. Есікте бас бармақтың аумағындай ғана шынылы тесік бар екен, содан бір көз көрінді де, жоғалып кетті. Битабар балға қолымен қаттырақ ұрды. Есіктің темірі салдырады. Қарауылшы:

– Не керек?

– Далаға шығам...

– Қара, қара мынаны. Далаға шығатын болсаң неге түстің?

– Зәр қысып барады...

– Зәр қысса, әне параша...

– Жоқ, онда Битабар отыра алмайды. Битабар кең дала шығып, алысқа барып отырады.

Қарауылшы басын бір шайқады да, сарт еткізіп есікті жапты.

Амал жоқ, қанша сабырлы болғаныңмен шыдау мүмкін емес екен. Арбиған саусақтарымен парашаның қақпағын ашты...

Орнына келсе, манағы тізесін қадап жатқан кертік мұрын мүлде жайылып алыпты.

– Әй, тақсыр, сырылыңқыра аздап.

Кертік мұрын сырылмайды:

– Бірдеңе көрейін демесең, өшір үніңді! – Айтқаны осы.

Битабардың иығынан ғана келеді. Қылығы мынау. Шақар. Жоқ, шақар емес, айлалы. Дала қазағының аңқау, жасқаншақ келетінін біледі.

Битабар дағдарып қалды. Баяғы бала кезінде кездескен қасқырға ұқсатып аса қояр ма еді. Бірақ зәң бар. Содан қорқады. Орнынан айырылған Битабар нардың шетіне кеп отырды. Түкпірден біреу дауыстады:

– Ана дене, ана боймен не бітіріп отырсың? Көкесіне танытып жібермейсің бе?!

– Итпен ырылдасып қайтем сол...

Ойы он тарау: сотталып кетсе, қатын қайда қалады? Бала қайда қалады? Қой, соттала қоймайтын шығар. Ақ қой. Адал ғой. Алыстан келген ағайын. Қонақ десе астындағы жалғыз атын сойып беретін қазақ қайтіп кет дей алады. Марья есіне түсті. Шалқасынан жатқаны көз алдында. Битабар тұрып кетті. Ұмытқысы келді: мынадай пәлеге душар болғаны – сол Марьяға барғандығынан. Арам жол әманда осындай бірдемеге бастайды. «Апырай, арам жолдың ақыры осы бір аз күнгі бейнетпен кетсе жарар еді?!»

Битабар бұл түнді өстіп түрегеп отырып өткізді.

20

Марья бұл түні ұйықтай алмады. Ойы әр сақта. Сонау орталық Россиядан мына көмірден басқа түгі жоқ сахараға неге келді, не іздеп

келді? Бақыт па? Байлық па? Әйел көңілі бұл жауапқа дауаламайды. Әлде Битабар ма екен іздеп келгені? Битабар!.. Марья Битабарды есіне алып аунап түсті. Селдір өскен шөлейт өсімдігіндей осыншама ұланқайыр далада көшіп-қонып жүретін халық туралы ойлады. Қыстың қақаған бораны мен жаздың ми айналдырған ыстығына бой бермейтін көнтерлі халық – алып халық, аңқау халық. Әрі батыр, әрі жасқаншақ, сенгіш, иланғыш пәк халық. Бұл әрине Битабардың кейпі. Битабар арқылы Марья бар қазақты осылай түсінеді.

Ұзақ жатып бір ауық қызық бір сезімге де ауысты. Өзі осы бір романтикаға толы далада алып адамдардың арасында жүргендей. Кигені желеңді ұзын көйлек, басында кимешек, қасында Битабар. Марья – кәдуілгі қазақ әйелі.

Марья езу тартып күліп, тағы аунап түсті. Таң осылай атты. Жайшылықтан ерте тұрды. Жайшылықтан жұмысқа да ерте барды.

«Левенштерн қашан келер екен?» – деп тағатсыз тосты.

– Қалай келеді, солай маған хабар бер, – деп көмекші қызға қайта-қайта тапсырды.

Левенштерн жұмысқа мезгілінде келді. Марья оған мезгілсіз ерте кірді.

Левенштерн Марьяға сұраумен қарады: «Шахтада әр қилы оқиғалар болып тұрушы еді, аманшылық па?» Бұл Левенштерннің ішкі күдігі. Ал сұрағаны:

– Марья Александровна, өңің сондай сынық қой. Ауырып қалғанның қай жағындасың?

Марья езу тартты.

– Құдайға шүкір, саумын, Иван Иванович.

– Неге ерте келдің? Жайшылық па?

Кабинет оңаша болса да, біреу естіп қалмасын дегендей, Марья жақындай отырды.

Левенштерннің ойына өткенгі бір оқиғалар түсті, ең алғаш осы Қарағанды әйелдерінің ішінде Левенштерннің көзіне ілінгені – өзіне мына таяна отырған Марья Александровна болатын. Өзгеден өзгеше сұлу, көркем. Өзгеден өзгеше ақылды, іскер. Қырықтағы жігіт ағасының жиырма бестегі уыз әйелге көңіл құрығы да түскен-ді. Бірақ бір нәрсені әртіннен ойлайтын Иван Иванович бірден «ал кеттім» жасамай, әр жағынан баспалап сыр тартқан-ды: өзгеше ілтипат жасап, кабинетіне шақырғыштады. Бірер рет далаға да алып шықты. Марья көргенді, сыпайы әйелдің қылығын танытып, Левенштерннің бар ұсынысын қарсы алып жүрді. Бірақ одан әріге барған жоқ. Левенштерн талай жерде еркектің айлалы тұзағын құрып еді. Марья одан сескенбеді, қанша құрса, сонша түскен-ді. Бірақ Иван Иванович күткендей әйел болып емес, өзі секілді еркек болып түскен. Әккі инженер тұзақты

үйрекке құрып, үнемі қаршыға алып жүрді: Марья Левенштернді не қабылдамайды, не еркек пен әйел арасындағы қарым-қатынас, ашыналық дегенді түсінбейді. Осы бір қорытындыға келген Иван Иванович дер кезінде аяғын тартып алған-ды.

Міне, енді Марья өзі келіп, жақын отыр. Әрине Марья бұл жолы да Левенштерннің баяғы тұзағына үйрек болып түсе салайын деп келмеген болар. Кез келген жерде тұзақ құра салып, олжаға оп-оңай қарық болам дейтін кісің Иван Иванович емес. Сонда да бір кезде көңіл салған жақсы әйелдің қасына жанаса отырғаны қай еркекке болса да ғанибет қой. Содан ба, түс жарып түк сыр берген жоқ.

Марья сәл кідіріп қалды.

Левенштерн сұрағын қайталамады. Жауапты үнсіз күтті.

– Әлгі Елбаев Битабар дейтін шахтер бар еді ғой? Сол түрмеге түсіп қалыпты.

Левенштерн шошып кетті.

– Қайтіп?..

– Үйінде бір қонақ бар екен, соның қырсығы...

Левенштерн тұрып кетті. Олай-бұлай жүріп, саусақтарын сартылдатты.

– Ай, осындай бірдеме боларын біліп едім. Қызғыштай қорыған түрі жаман болатын.

Марья түсінбеді.

– Қызғыштай қорығаны қалай?

– Битабарды айтам... – Левенштерн сәл мүдіріп барып сөйледі. – Бұларға мен түсінбеймін. Келіп жатқанына айдан асқан. Битабар мен ана баласы тапқан паекқа ортақ. Ал мен оған жұмысқа шық, шахтаға түс, паек ал десем баспайды. Баспайды емес-ау, Битабар бастырмайды: жата тұрады әлі, демалады. Ар жағын неге ойламайды сонда? Мен оған паекты бес есе артық бермедім, бірақ кісінің паегін бердім? Сонда қайтер еді?

– Битабар артық паек алып жүрген жоқ. Өз еңбегі, – деді Марья.

Левенштерн өз ойын жалғады.

– Осындай ашаршылық жылда шахтаға түсіп, жан сақтап отырып, бір ай бойы бөтен біреу түгіл, туған әкеңді асырау оңай ма?! Ал бұл...

Марья Левенштерннің сөзін бөлді:

– Қазақтарды сондай мырза, қонақжай халық дейді ғой...

– Қонақжай... – деп Левенштерн кекесінмен айтты. – Қонақжайлылықтың да шегі бар, Марья Александровна. – Инженер бір шешімге мықтап келген секілді, нық басып столына барып отырды. – Жо, жо... бұл қонақжайлылық емес, басқа бір ғәп бар мұнда.

– Нендей ғәп демексіз, Иван Иванович?

– Ана қонағымен қосылып жасаған бір шатағы бар...

Марьяның даусы ысқаяқ шықты:

– Битабар ұры болса, онда қазақ атаулының бәрі ұры.

Левенштерн бұл сөзге таңырқаған жоқ. Креслоға шалқая отырды.

– О да мүмкін. Ұры емес деуге дәлелім жоқ.

Енді Марьяның даусынан ашу білінді:

– Битабар ұры болса, онда мен де ұры, сіз де ұры. Жер бетіндегі адам атаулының бәрі ұры.

Левенштерн аңырып қалды. Көңілі қалмаған әйелдің шын ашуланып отырғанын енді байқап, сәл жымиып әзілдей сөйледі:

– Марья Александровна, сізге не болған? Тым ашулысыз ғой тіпті?..

– Ашуланатын реті бар, Иван Иванович. Айталық, сіз, міне, Иван Иванович Левенштернсіз. Ал сізге көлденең біреу келіп: «Жоқ, сіз Иван Иванович Левенштерн емессіз, Сергей Сергеевич Ивановсыз», – десе ашуланар ма едіңіз?

Жауап орнына Левенштерн қарқылдап күлді. Левенштерн күлген соң Марья да күлді.

– Тіпті шаң жұқтырмайсыз. Битабар кімің соншама? – Иван Иванович дағдысынша қайта сенге көшті.

– Түгім де емес. Ақтан күйген адамды ақтап алуымыз керек. Жөні сол. Ойлаңызшы, өзіңіз бетке ұстаған маңдай алды шахтерді түрмеге отырғызып қойып, тамақты қалай ішесіз?

Левенштерн іліп әкетті. Сөзі тағы «сіз».

– Бұл сіздің ұғымыңыз. Ал егер «қылмысы бар адамды маңдай алды шахтер етіп қалайша көтердіңдер?» – деп бетімізге басса не дейміз?

– Олай деп ешкім де айтпайды. – Марья басқа жауап таба алмады.

– Неге айтпайды?

– Айтпайтыны – Битабардың адалдығына көптің көзі ертең-ақ жетеді.

– Ал бүгінгі күн ше? Бұл күнді қалай өткермек піз? – Левенштерн мұны екі ұшты етіп айтты. Әңгіме Битабар жәйлі ме, өзі жәйлі ме? Қалай түсінсең олай түсін. Марья тағы да ойлаған жерден шықпады.

– Бұл не, Иван Иванович, көлеңкеңізден қорқып?.. Мұндай емес едіңіз ғой?.. – Тұзаққа тағы да қаршыға ілікті.

– Не істе дейсің сонда, Марья.

– Барып, босаттырып алуымыз керек.

– Сіз де барасыз ба?

– Мен сізге еріп баруға әзірмін, Иван Иванович.

Левенштерннің айласы бұл жолы да өтпеді.

– Ә, жарайды онда, барып сөйлесейік, анық-танығына көз жеткізейік.

Бас инженер, бас бухгалтердің келісімі осы болды.

21

Қанша көнтерілімін десең де үнемі түрегеп отырып ұйықтау қиын екен. Белі бүгіліп, арқасы мұздап, әбден шаршаған соң Битабар баяғы кертік мұрынның қасына, өз орнына барды. Кертік мұрынның пәрігөйіне түк енер емес, аяқты көлденең, екі қолды айқастырып басының астына салып, шекесінен қарап жатыр.

– Әй, тақсыр, мына бел ауырды, аздап ысырылсаң қайтеді?

Кертік мұрын ысқырған жылан секілді. Шақар.

– Жаныңның барында тайып тұр. Көресің әйтпесе...

Тышқанның арыстанға шапқаны секілді, күлкі сондай.

Бірақ күлген ешкім жоқ. Битабардың өзі де өзін арыстанға, ал ана кертік мұрынды тышқанға теңеуден аулақ.

Сол кертік мұрынның ар жағында жатқан біреу Битабарға жаны ашығансыды:

– Кет десе, кете сал, мынаның ашуы жаман.

Битабар ойы: «Расында да ашулы екен, кетсем кетейін».

– Әй, тақсыр, ана дорбамды алайын ендеше.

Кертік мұрын тағы шақ ете қалды.

– Қайдағы дорба? Ешқандай дорба көрген жоқпын.

– Мына тақсыр не дейді?-Битабар таңырқап көпке қарады. Қалай көрмейді, әне ана бас жағында жатқан ала дорба мұнықі емес пе. Кеше Сілеусін келгенде нан, май, құрт салып әкеп берген дорба. Битабар ұмтыла берді.

– Міне, мына дорба менікі ғой!

– Жоқ, ол дорба сенікі емес, менікі!

– Қалай сенікі болады? Кеше қатын әкелген дорба. Ішінде құрт, майы бар. Қара, нанбасаң, тақсыр.

Кертік мұрын қараған жоқ. Кішкене жұдырығымен құлаштай беріп Битабардың бетінен салып кеп жіберді.

Битабардың көзінің алды жарқ ете түсті. Екі қолымен бетін басты. Мына ортада судан шығарып тастаған балық секілді. Сондай қаусарсыз, бейшара.

Әлгінде мүсіркей сөйлегеннің тағы даусы шықты:

– Бұл ит түсінбесе, тағы бірді қонжит! – Түтіні енді басқа жақтан.

Кертік мұрын тағы ұмтылды. Битабар жасқанып кейін шегінді.

– Жарамайды, тақсыр, жарамайды бұлай етуге! – «Сирағынан алып, қабырғаға бір соқсам ба екен?» – деп бір ойлап еді, тез қайтты: сақал-шашы өсіп түксиіп отырған мына сұрықсыз жұрт жабылып кетсе, не болмақ?!

Битабар қолымен бетін қалқалап нардан төмен түсті...

...Салдырлап есік ашылды:

– Елбаев Битабар, бері шық!

Битабар бері шықты.

– Алдыма түс!

Битабар алға түсті.

– Оңға!

Битабар оңға бұрылды.

– Солға!

Битабар солға жүрді.

Шағын бөлме көк түтін. Әнеугі нәшандік төрде отыр. Бір бүйірде Марья. Шошына дауыстады:

– Ой, Битабар, көзіңе не болған?

Битабардың жүрегі су етті. «Бұл кәпірің қайдан жүр?»

Марья сұрағына қарауылшы жауап берді.

– Сондағы біреуден таяқ жеп қалды.

– Қалай, Битабар ма таяқ жейтін? – Марьяның кейпінде шын таңырқағандық бар: – Битабарды ұрып жүрген қандай адам ол?

Қарауылшы қу екен:

– Сондай бір алып. Битабардай екі есе. Бойы мынадай, – қарауылшы шынашағын көрсетті. Жұрт ду күлді. Нәшандік күлген соң Битабар да езу тартты. Көк түтін арасынан енді байқады. Левенштерн де осында екен. Сондай қуанып ұмтыла берді: «Ай, тамыр-ай, ести салып жеткен екен ғой!»

Левенштерн де қарсы жүрді. О да күліп келеді.

– Бұл не, бұрын балуан Битабар, шахтер Битабар едің, енді қарақшы Битабар болғанның қай жағындасың?

– Ия, тамыр, не десең де сыйып тұр...

Левенштерн Марьяны нұсқады.

– Марья Александровна, біздің бас бухгалтер. Танитын шығарсың, тамыр? – Танитынын біле тұра әдейі сұрап тұр.

– Ә, Мәриә ма? Мәриә кәрәшәй. Мәриә жақсы қатын.

Марья сылқ-сылқ.

– Иван Иванович, сізге не болған?! Қолымнан талай рет талон алған Битабар неге танымасын, таниды.

– Ә, солай ма? – Левенштерн түсінген секілді, терең күрсініп қойды. Битабарға қарады. – Марья Александровна шынында да кез келген еркектің бір уысына түсе бермейтін жақсы қатын, тамыр.

«Неге сонша мақтайды?» – деп күдіктенген Битабар Марьяға қарады: күліп тұр. Сондай разы. Нәшандікке көзі түсіп еді о да күліп,

Марьяға көзін қысып қойды. Битабар таңғажайып тағы бір жаңалық ашты: «Құдайау, нәшандік те күледі екен ғой?!»

Нәшандік сол күлген қалпы Битабарға бұрылды.

– Біз сізді тұтқыннан босатып, мына Марья Александровна мен Иван Ивановичтің қарамағына беретін болдық. Бұл кісілердің өтініші осылай.

– Жақсы, нәшандік, тіпті жақсы...

Левенштерннің жүзінен күлкі жоғалып кетті.

– Марья Александровна қандай талап қояды, оны өзі біледі. Ал менің талабым: көмірді бұрынғыдан да көп шабасың.

Битабар қалбалақтай берді:

– Битабарда қол бар. Битабарда аяқ бар. Битабар көмір шабудан жалықпайды, тамыр.

Нәшандік сағатына қарады.

– Азамат Елбаев, сіз енді боссыз.

Битабар мүдіріп қалды.

– Ана Бертшек туыс адам еді. Босатпас па екенсіздер?

Левенштерн басын шайқады. Марья үндемей қалды. Нәшандік баяғы қаһарлы қалпына келді.

– Азамат Елбаев, сіз енді боссыз деймін.

Битабардың: «Мен босадым, ол тұтқында қалып барады. Ертең елжұртқа не деймін?» – деп бір айтқысы келді де, нәшандіктің сұсты кейпінен сескеніп үндемеді: «Бірдеме десем, мына кәпірің қайта отырғызып жүрер. Түрі жаман екен».

Есік ашылды. Битабар далаға шықты. Ешкім шық демеді, өзі шықты. Артында мылтық ұстаған пенде жоқ. Дала қандай кең еді. Ауа қандай тап-таза. Ашық аспан мөп-мөлдір. Қалың қар жауыпты. Аппақ. Қытымыр аяз бар. Битабар терең бір күрсініп, дем алды. Кеудесін ашып тастады. Қалың қарды түйе табанымен күрт-күрт басып жүріп келеді. Жүріп келеді.

Үйге келді. Үй іші самаладай жап-жарық. Жүгіріп терезеге барды. Қар басқан үйлер тұр. Мұржаларынан түтін будақтайды. Шахта... Террикон бұрынғыдан да биіктеп кеткен. Бықсып жанып жатыр. Одан әрі алыс қырқалар... Кең жазық дала... Бұлыңғыртып жұмбақ көкжиек көрінеді. Нілге салған жаулықтай көгеріп аспан көрінеді. Осы ыстық дүниенің бәрі аядай терезеге сыйып тұр.

Терезе! Кішкенесі есеп емес, терезең болсын де үйіңде әйтеуір...

23

Аз күн мылтық астында болған Битабар терезе сырын білді. Еркіндік қадірін ұқты. Ешкім саған тұр демейді, өзің тұрасың. Ешкім саған

жұмысқа бар демейді, өзің барасың. Далаға да өз бетіңмен шығасың, үйге де өз бетіңмен кіресің. Құдай-ау, осыдан басқа адамға не керек.

Алтын не керек, ақша не керек? Сән-салтанат, байлық не керек. Жоқ, бар дүние малы бір күндік еркіндікке татымайды екен.

Битабар ертемен үйден шықты. Табалдырықтан екі-үш аттап барып сіресіп тұрып қалды. Біреу болмаса біреу «жүр» деп жекімес пе екен деп қасақана тұр. Жекімеді. Өзімен өзі мәз болып күлді де, адымдай басып қаттырақ жүрді. «Ақырын жүр» деген де ешкім жоқ. Шахтаға жақындай беріп қасақана оңға бұрылды. Сол бетімен қасақана тағы да жүре түсті.

– Битабар, тоқта!

Битабар селк ете түсті. Ұмтыла басып Марья келеді. Қолын жайып, ыстық құшағын ашып келе жатыр. Әдемі күлкісін сыйлап келе жатыр. Аппақ... Көкпеңбек...

– Битик, шықтың ғой, әйтеуір? Жақсы, тым жақсы... Өзім де ойлап ем, Битабар қайтіп қылмыс жасайды деп... Дәл болды. – Ерке қылығы мен жұмсақ сөзін де алып келе жатыр.

Битабар қобалжыңқырап сәл тұрды. Көргісі келеді... Көрмегісі келеді... Сөйлескісі келеді... Сөйлеспегісі келеді.

Марья жақындап қалды. Әдемі киінген әйелдің жалаңаш тәнінде Битабардың көзі түспеген бір нүкте жоқ. Кеудесінде танадай қал... Жұп-жұмыр, аппақ санында болмашы жара орны... Битабар бәрін біледі. Бәрін де... Жоқ, Битабар бұл әйел жөнінде түк білмейді. Сондай жұмбақ, сондай сиқыр әйел. Көктемде бұрқырап аққан Сарысу секілді алып кетеді, ағызып кетеді. Шілденің аңызағы секілді қуартып кетеді, күйдіріп кетеді...

Битабар «жақындама!» дегенді танытып, қолын сермеді де, бұрылып кетті.

– Битабар!

Битабар қайырылмады, қаттырақ аяңдады.

– Тоқташы, Битабар!

Битабар тоқтамады. Тоқтау, тоқтамау енді Битабардың өз еркінде.

– Битабар саған барды... Сосын абақтыға түсті... Мәриә жолы жаман. Мәриә бабы некарошәй.

Марья бұл сөздің ырым-сеніммен байланысты арғы мағынасын түсінбеді. Аңырып қалды. Түсінсін, түсінбесін Марьяның өз еркі. Битабардың онда шаруасы жоқ. Екпіндей басып шахтаға келді. Екпіндей басып жер астына түсті.

Ылғаз жүр. Өткен он күндікте ешкім оған жанаса алмаған. Ат та өзінде, атақ та өзінде. Бұл он күндікте де солай болмақ. Айқайлап жатыр:

– Ал, Битабар! Сақтан енді. Күн істе, түн істе жете алмайсың енді.

Битабар таласқан жоқ. Арық айтып, семіз шығарған жөн.

Кім озады, кім қалады, кезінде көрерміз, – деп өтіп кетті.

...Амантай үйден ерте кеткен еді, орнында жоқ.

– Балам қайда?

Десятник мұртын ширатты:

– Басқа штректе.

– Онда неге жібердің?

– Кісі жетпей жатыр...

Әке баласын қайтсе де көргісі келді:

– Балам-ау, бұрынғы істеп жүрген жеріңнен неге кеттің?

– Әке, бәрібір емес пе. Кел деді, келдім. – Қайыс бауды вагонеткаға іле салып, ақбоз атқа қарғып мінді де жүріп кетті.

Көлбеп шығар сонау биікте алақандай ғана болып көк аспанның бір пұшпағы көрінеді. Битабардың есіне терезе түсті, көз түсті. Ия, ол – шахта көзі. Амантай кішкене аяғымен аттың өкпесін қытықтай тепкілеп, биіктеп барады. Биіктеген сайын алыстап барады. Бала алды – жарық дүние. Қазір далаға шығады. Көкірегін керіп бір дем алады. Айнала қар басқан қырқаларға қарайды. Кең аспанға қарайды. Шахтаға да... Аласа үйлерге де... Содан кейін көмірді төңкереді де кері оралады...

Битабардың жүзіне күлкі жүгірді. Сондай тыңғылықты. Ат басына мініп, кішкене вагонетка толы көмірді жоғарыға сүйрейді де жатады. Есепке де жүйрік. Вагонетка санын бір шатастырмайды. «Он вагонетка шығардым, жиырма вагонетка шығардым». Айтатыны осы. Әкенің жоқтығын сездірмепті. Жұрт сұрайды:

– Әкең қайда?

– Келеді.... – Үлкен кісі секілді. Саспайды.

– Қашан келеді?

– Келеді... – дейді тағы қайталап. Қашан келерін өзі де білмейді, бірақ нық сенеді. Шешесіне де айтары сол:

– Апа, жылама. Келеді әкем. Өтірік айтқан жоқ. Ұрлық істеген жоқ. Неге келмейді. Келеді. Тек жылама. Жыласаң әкем келмей қояды. Жылама.

Баланың осы бір бал-бұл сөзі жанға қуат:

– Ал жарайды, жыламайын енді.

– Мен ендеше жұмысқа кетейін...

Амантай анасын осылай жұбатып жұмысқа кетеді. Бір күн қалмапты. Атын да күтіп, баптап ұстапты.

...Амантай мүлде алыстап кетті... Битабар жұмыс орнына келді. Түк қаяу жоқ, көңілі сондай тетік.

Бұл он күндіктің екі күні өтіп кеткен... Денге саулық берсе, есеп емес. Қуып жетеді. Қуып жетіп, басып та озады.

Битабар темір сапты қайланы құлаштай соқты...

24

Амантай биіктеп келеді. Айнала бозамықтана бастады. Шығар жерге жақындағандықтың белгісі. Бала көңілінде де қаяу жоқ, ыңырсып әндетеді:

...Боз шапса, боз озбай ма буырылдан...
Мен шапсам, жер танабы қуырылған.

Бала қиялында екі ақбоз ат қияны өрлей шауып, бірінен бірі мойын озыстырып, қажасып барады. Құйысқаны сартылдайды...

...Амантай онда тоғызда еді. Ауылға үкілі бір ақын келген. Аты жадында жоқ, сөзі, айтқан өлеңі күні бүгінге дейін есінде:

...Кемпірбай... Бүкіл әлемге аты кеткен кәдуілгі Кемпірбай ақын әл үстінде жатыр... Айнала жұрт қоршап алған. Солардың ішінде жыра шыққан біреу бар. Ол да ақын – Әсет ақын. Ақын ақынның көңілін сұрай келген...

Бала құлағына күмбірлеп шыққан үкілі домбыра даусы келді. Ақын даусы келді:

...Кең тастап аяғымды алып жылдам
Жабының күнде озушы ем тұғырынан...

...Ақбоз ат аяғын жай тастап ытырына сүйрейді. Жердің шыңырау тереңінде жатқан тас көмір жарық дүниені көргісі келмейтін секілді. Тас-табан. Қайыс бау қатты бұралған домбыра шегі. Бала аяғы тиген сайын – дың-дың.

...Кеудемнен көк ала үйрек қош деп ұшты
Сол, шіркін, кәрі жолдас...

...Бала көзі жоғарыдан зырлап келе жатқан вагонеткаға түсті. Ақбоз ат жалт берді. Бозамық сәуле... Алақандай тұңғиық аспан аунап төңкеріле берді. Амантайдың бар көргені осы. Салдыр-күлдір. Шайнасқан темір шыңылы. Шыңғырып ат кісінеді. Амантайдың бар естігені осы...

Меңіреу түнек, жым-жырт...

25

Битабар... Ұшып келді ме, жүгіріп келді ме білмейді. Көмір тиеген вагон рельстен шығып, ақбоз атты қабырғаға жаныштап тастаған. Бос вагон екінші бетте. Ол да қалың жарды опыра сүзіп тұр. Амантай жоқ. Битабардың жуан даусы барлығып шықты:

– Амантай?! Балам-ау, тірімісің? Қайдасың?

Бозамық сәуле. Сығырайған шам жарығы жерге қадалған. Битабар сүзіп жүр... Еш жерде Амантай жоқ.

– Балам-ау, қайда кеттің, балам? Тірі болсаң жарар едің...

Шам жарығы жоғары көтеріліп, бос вагонетканың ішіне түсті.

Амантай осында отыр. Басын вагонетка жақтауына салып, бүкжиіп отыр. Шаршап, қалғып кеткен секілді.

– Қалқам, Аманжан?

Амантай үндемейді. Битабар баланың маңдайынан ұстады. Сұп-суық. Өн бойы мұздап жүре берді. Қалтыраған қолымен көтеріп алды. Балада жан жоқ. Сол бойда ілгері жүрді. Алда ашық аспан. Артта қара түнек шыңырау шахта. Қалың нөпір жұмысшы қолында өлусіреп жанған шамдар... Сонау тереңнен басталып Битабарға тірелген. Шайқақтап, қозғалып Битабарға ілесіп келеді. Жоқ, көр қараңғы түнектен шырақ атаулыны Битабар сүйреп келеді.

...Аппақ болып сәуле тарады. Қияда оқшырайып күн тұр.

Балада жан жоқ. Дем жоқ. Сыртқа шыққан қан да жоқ. Бар нәрсе – самай шекесінде көгерген дақ. Бары сол.

Ылғаз тұр. Сазарып, үнсіз тұр. Әли тұр, жылап тұр. Десятник басын шайқап, едірейген мұртын басты. Левенштерн келді. Бас киімін алып, тағзым етті.

Битабар иілген жоқ. Битабар жылаған да жоқ...

...Оқшырайып күн тұр. Алыс қырқалар бұлыңғыртады. Бұрқасын боран бар. Қыбырлап жұрт жүр. Дабырласады. Әлденелер айтысады.

Күн неге оқшыраяды? Алыс қырқалар неге бұлыңғыртады? Жұрт неге қыбырлайды? Түсінбейді. Дүние құбылысында түк мағына жоқ.

Левенштерн даусы естілді:

– Әкесіне тартқан еңбекқор, адал бала еді. Қыршын кетті...

Әлдебір күй тартылды. Ащы, зарлы күй. Жүректі тырнайды.

Неге сөйлейді? Неге қаралы күй ойнайды?

Үйіліп бір уыс топырақ қалды. Жұрт тарай бастады. Битабар үңіліп тұр. Көріп тұр: Амантай биіктеп барады. Биіктеген сайын алыстап барады. Көлбеп шығар сонау биікте алақандай көк аспан. Бала алды – жарық дүние...

Балуан алақанын жайды да, дірілдеген сақалын сипады. Тұра беріп, құшағын кең ашты. Жүріп келеді. Амантайын көлденең сап көтеріп келеді. Әли бір жағында. Ылғаз екінші жағында. Сүйемелдейтін секілді. Неге сүйемелдейді? Өзі де көтере алады ғой бір баланы.

Құдай-ау, олай тасып, былай тасып, қайда апара жатыр осы Аманжанды?

Байқаса, Амантай жоқ, қолын бос көтеріп келеді. Аспан айнала берді, Битабар құлап түсті.

...Битабар тұрмады. Жата берді. Көңіл айтып үлкен келді. Көңіл айтып кіші келді. Дүниенің фәнилығын, жалғандығын айтады. Әдемі айтады: ноқталы басқа бір өлім. Бәріміздің де барар жеріміз сол піл сауырлы қара жердің суық бауыры... Әуел баста солай жазған... Жазмыштан озмыш жоқ...

Мұның бәрін Битабар жақсы біледі. Жаттанды сөз. Әйтеуір бір өлім барын кім білмейді. Оны айтқанмен Битабар көңіліндегі Амантай орны толар ма! Бар еді ғой Амантай. Бақыты, ырысы еді ғой Битабардың. Адыра қалған мына үй толып тұрушы еді ғой. Сәулеге толып тұратын. Күлкіге толып тұратын. Мінезге, сезімге, махаббатқа толып тұратын. Жоқ қой енді соның бірі де. Қаңырап бос қалған көңілді немен толтырады? Ертең өзінің де өлетінін ойлаумен бе? Жоқ, бос сөзуарлық бұл. Қызыл сөз.

...Жұрт келіп жатыр. Жұрт кетіп жатыр. Жұрт сөйлеп жатыр. Битабар тыңдамайды. Битабар сөйлемейді, үндемейді. Битабар жылаған да жоқ. Үйіп тастаған топырақ секілді... Мелшиіп жатыр.

Еміс-еміс білгіштер сөзі құлаққа келеді:

– Бұған Левенштерн кінәлі. Жас баланы шахтаға түсірді...

– Бұған десятник кінәлі. Жас баланы басқа штрекке ауыстырды.

Битабар даусы:

– Жоқ, бұған кінәлі біреу-ақ, ол – Битабардың өзі.

...Қарсы алдынан көлеңдеп Марья шыға келді.

– Кет! Көзіме көрінбе, Мәриә! – Битабар, қалғып кеткен екен, шошып оянды.

Ылғаз отыр, Әли отыр. Сілеусін байғұс шошып кеткен. Битабарға дем салып жатыр:

– Астағыпралла-ай, Мәриәсы несі?.. Пәле-жаланнан қағас ете көр, құдая.

Әли баяғы мінезінен айнымаған. Әзілдейді.

– Мәриә бізге паек береді. Мәриә бізге жалуна береді. Мәриә – пайғамбардың анасы.

Битабар үндеген жоқ. Әлиді бауырына тартты. Кіп-кішкентай, Амантай секілді. Ып-ыстық маңдайын Битабардың кеудесіне басты.

– Есіңді жи, Битабар. Бір жығылсаң тұрмайтын түйе секілді екенсің ғой. Беліңді бекем бу да түрегел. Терезеден күн түсті. Түс ауып барады...

Терезе... Битабар көзін ашты. Күн сәулесі рас түсіп тұр. Үй іші самаладай нұрға толы. Битабарға деген махаббатқа толы.

Үй ішіндегілер абыржып қалды:

– Терезеден біреу өтті. Иван ба дедім.

– Ия, Левенштерннің дәп өзі.

Ауыз үйде әйел дауыстары:

– Биекең төргі үйде. Жоғары шық!

Левенштерннің қылтанақсыз басы көрінді. Жұрт ығыса бастады.

– Е, тамыр, бұл не жатыс?

Битабар басын көтерді. Левенштерн сөйлей берді:

– Мәскеуден, Алматыдан телеграмма: көмір бер! Ал көмір беретін Битабар он бес күн болды үйде жатыр. Бала өлді. Рас. Бірақ көмір керек

пе? Керек. Паек керек пе? Керек. Шай да керек. Нан да керек. Сол себепті жатпау да керек.

Битабар алғаш рет үн қатты:

– Тамыр рас айтады, жата беруге болмайды.

26

Битабар кешігіп келді. Зал толып қалған. Сонау алыс сахнадағы қызыл үстел басында көп адам. Танитыны – Левенштерн. Танитыны – Есім. Қазір ол машина жүргізбейді. Левенштерннің үстінен қарайтын бір қызметте. Трест дей ме, сондай бірдеме. Танитыны – ана бір орта бойлы пұшық сары. Кеше Битабар үйіне Левенштерн алып келген.

Битабар теріс қарап жатқан еді. Өзінде қазір үлкен өзгеріс бар. Аз сөйлейді. Аз жүреді. Жұмыстан келсе-ақ іргеге қарап жатып алады. Ұзақ жатады. Ұзақ ойланады. Неше бір қиялдар келеді. Солардың бәрінен де айқынырақ, бәрінен де көбірек елес беретіні – баласы. Үй дегені кең сахара болып кетеді. Битабар Амантайымен бірге жүреді. Сөйлесіп жүреді. Жұмыс істеп жүреді. Атқа мінеді. Өгізге мінеді. Шөп шабады. Отын тасиды. Қызба жиын, күреске түсіп жатады. Соның бәрінде Амантай бар қасында. Екі елі қалмайды. Екі елі қалдырмайды... Осындай бір халде жатқан Битабар үйге бөтен біреулердің келгенін білді. Басын көтерді. Левенштерн мен осы пұшық сары.

– Бұл кісі танысамын деп келді, тамыр, – деді Левенштерн.

– Ал, таныс енше. – Өз тілін білетіндермен осылай батыл сөйлеседі. Жігіт сыпайы екен. Кек тұтпады. Көмейіне дейін көрсетіп сақылдай күлді.

– Қалай, мына Левенштерн жолдас ренжітпей ме?

– Құдай сақтасын, кісі өліп жатса да, кісі үстінен шағым айту дегенді Битабар білген емес.

Жігіт рас еленделп қалды.

– Сөзіңе қарағанда, ренжіткен болды ғой, Биеке?

– Не деп ренжітеді? Битабарда қол бар, аяқ бар. Көмірді бұрқыратып шабады. Қанша шап десе, сонша шабады. Битабар тірі пендені ренжітпейді. Сол себепті басқалар да Битабарды ренжітуге тиісті емес.

– Ә, жақсы онда. Атыңды көп естуші ем. Көргім келді сосын. – Левенштернге қарады. – Қазақтан шахтер шықпайды деп көкуші еді кейбіреулері. Міне, нағыз шахтерлер осылар емес пе?

Левенштерн жымиып қойды.

– Бұл – Левенштерннің еңбегі.

– Оның рас...

«Сөзіне қарағанда. Левенштерннен шені жоғарылау-ау, тегі», – деп топшылап еді Битабар, сол шынға шықты.

Облыстан келген бастық екен. Батталқан ұлы Заманбек.

...Битабарды жұрттан бұрын сол Заманбек көрді. Ұшып тұрып дауыстай сөйледі:

– Битабар, бері шық. Бері, бері, мында. – Жұртты ысырып, өз қасынан орын көрсетіп жатыр.

Сатыр-күтір орындықтар сықырлады. Залдағылар түгел артқа бұрылды.

Битабар екі айттырған жоқ. Аяғында қара саннан келетін саптама етік. Көк барқытпен көмкерген байпағы одан да ұзын. Үстінде түйе жүн пешпент. Белінде күміс кіселі жалпақ белбеу. Қалың жұртты жарып барып дайындалған орынға отырды. Заманбек түрегеліп қос қолдап амандасты. Левенштерн мен Есім де...

Левенштерн сөйледі: Битабардың ұққаны – шахта жақсы. Жоспарын орындады. Битабар жақсы. Жоспарын асыра орындады...

...Зал да, адамдар да жоғалып кетті. Битабар шахтада жүр. Бұрқыратып көмір шауып жатыр. Амантай жүр. Жоқ, ат басына мініп жатыр... Жоқ, жарық дүниеге шығып барады... Жоқ, вагонетканы төңкеріп жатыр... Жоқ, емес-ау, рас... жүргені де рас. Атқа мініп жатқаны да рас. Жарық дүниеге беттегені де... Вагонетка төңкергені де. Бәрі де... бірақ бір сәтте, бір уақытта... Амантай біреу, екеу, үшеу болып көбейіп барады... Битабар шошып кетті... Қараса, Заманбек сөйлеп тұр.

Битабардың ұққаны – бұрын қазақ мал баққан. Көшіп жүрген. Аздап егін де салған. Сонда да көшіп жүрген. Қазір де мал бағады. Бірақ көшпейді. Бұрын қазақта жұмысшы болмаған. Қазір жұмысшы бар. Жаңа тап құралды. Өкімет сол жұмысшының қолында. Сендердің қолдарында. Жаңа тап – жұмысшы табының маңдай алды өкілі мына Битабардың қолында.

«Менің қолымда ма?» – Битабар алақанын жайды.

Заманбек даусы:

– Көсеміміз Ленин осылай деп айтқан!

Битабар көңілі дауалайын деді: «Ленин айтса, қалпы айтпауға тиісті». Жұртпен бірге дуылдатып қол соқты.

Жоқ, қол соққан жоқ, үйде отыр. Иманақтың бауырында, киіз үйде. Амантай кіріп, шығып қараған тасып жүр. Жоқ, қараған тасып жүрген жоқ, тон жамылып ұйықтап жатыр. Битабар еңкейіп қарай берді. Астағыпиралла-ай, тон емес қой бұл. Үйілген топырақ қой. Жас топырақ... Битабарды біреу бүйірінен түрткілеп жатыр: «Қабыр, қабыр!..»

Соны айту үшін түрткілеп жатыр ма?

Битабар бұрыла берді. Түртіп отырған пұшық мұрын сары – Заманбек екен. Иегімен мінбені көрсетеді. Зал ду-ду. Енді түсінді: Битабарға сөз берілген... Битабар естімеген. Зал соған дуылдасып жатыр: Битабар соңғы кезде өстіп естімейтін болып барады. Сап-сау отырады. Сап-сау

жүріп келе жатады... Кенет бәрі де іріп жүре береді. Түсінбейді осы өзгерісті. Өзі түсінбеген соң өзге қайдан түсінсін.

– Шақта абыройлы болса, біз де абыройлы екенбіз. Абыройлы болу үшін қырата жұмыс істеуіміз керек екен. Ал, жігіттер, аянбайық. Тасталқан етіп көмірді шаба берейік. Ленин өкіметті бізге беріпті ғой. Біз енді өкіметке көмір берейік!

Өзі-өз болып Битабардың шешен сөйлегені. Шешіліп сөйлегені. Жұрт қол соқты. Уәде осы соғылған қол болды.

27

...Битабар өрлеп кетті. Кәсіп одағының облыстық конференциясына делегат болып қатысты. Облыстық конференция өлкелік съезге делегаттар сайлады. Сайланғанның бірі – Битабар.

...Кішкене жер үй. Қарағандының жаңа вокзалы осы. Бетін солтүстікке түзеп поезд тұр. Оңтүстіктегі жаңа астана – Алматыға жүрмек. Оңтүстікке тура жол – солтүстік арқылы өтеді. – Ақмола... Көкшетау... Қызылжар... Омбы... Ноуайсібір... Семей... Алматы. Бұл жол алыс. Алыс болса да жақын.

Левенштерн келді.

– Ал, жолдастар, жайғасыңдар.

– Е, Битабар қайда екен? Кешікті ғой.

– Қазір поезд қозғалады. Вагонға кіріңдер деймін. – Левенштерннің даусы қатқыл.

– Әлгі Битабар қалып қоятын бөлды-ау?

– Битабар жүре алмайды...

– Е, не болыпты жүре алмайтындай?

– Көмір басып қалыпты...

– Не дейді?! Тірі ме өзі?

– Өлі-тірісін кім білсін, қазып алып, ауруханаға жөнелттік.

Қаңғыр-күңгір темір дабыл қағылды. Екі иығынан дем алып тұрған паровоз ышқына бір айқайлап, қозғала берді...

28

Битабар көзін ашты... Айнала аппақ. Төбе де, жатқан төсегі де. Шошып кетті де, көзін жұмды. Қолын сермеді.

– Кет! Кет! Кет деймін.

Ыңырсып жылаған дауыс естілді. Сілеусіннің даусы.

«Ойпырым-ау, Сілеусін мұнда қалай келді?»

Біреу сыбырлап сөйледі:

– Жаңа көзін ашты... Бері қарағаны бұл. Жылай бермеңіз енді...

Бұл не? Қайда жатыр? Төбе неге аппақ? Төсек ше?..

Көзін қайта ашты. Басында Сілеусін отыр. Битабардың аузына су тамызып отыр.

– Мен қайда жатырмын? – деп сұрады Битабар.

– Ауруханада жатырсың. Міне, бүгін үш күн...

Есіне Левенштерн түсті.

– Біздің тамыр қайда?

– Алматыдан әлі келген жоқ.

– Ә, ия, Алматыда сыязда екен ғой. Әйтпесе неғып келмей жатыр деп ем...

29

Күндер жылжып өте берді... Битабар мықтылығынан ғана өлмей қалыпты. Бөксеге енді-енді жан кіре бастады.

Битабар өз қадірін енді білгендей. Келген-кеткен адамда сан жоқ. Келмек болып кезекте тұрғандар одан да көп.

Күлдіріп Әли келді.

– Битабар балталаса да өлмейді. Оны біз білеміз. Бірақ шонданайың сау ма, соны айтшы?

Битабар тура жауап бермейді:

– Жыланды үш кессе де кесерткедей қауметі бар деген...

Әли шын қуанады:

– Е, бәсе...

Кілт бұрылыс. Оқыс сұрақ:

– Біздің тамыр қайда? Алматыдан келіп пе еді?

– Келген... Осында, қызметінде...

30

Күндер жылжып өте берді. Битабар балдақпен жүретін болды. Ылғаз келді. Буын бұрқыратып, бір табақ ет алып келді.

– Келем дегендерді кезекке қойыпты. Сұмдық қой. Өлдік-талдық дегенде қолымыз зорға жетті ғой. Ал же! Майлы ет жесең ғана көтеріле аласың.

Битабар ойы басқада:

– Сыяз қалай өтті?

– Жақсы өтті, Битабар. Кім сөйлесе де сенің атың: Битабар... Битабар... Шахтамыз да сондай абыройлы екен. Мына сенің Ләуеншкерн тамырың да шаруаның түбін түсіретін кісі ғой деймін. Көп мақталды.

– Ол тамыр қайда қазір?

– Жұмысында. Кеше бізге келіп кеткен. Бұрынғыдан да ширақ. Айтары – партия сенімін, үкімет сенімін ақтамайтын шахтердің құны бір-ақ тиын.

Битабардың сазып жүрегі ауырды: «Апыр-ау, түрмеге келгенде, бәлніс қиын болып па?! Неғып келмей жатыр?!»

Жегідей жеген осы ойдан құтылу үшін сөзді Битабар басқаға аударды:

– Алматы деген қандай қала екен?

– Жұмақ дерсің. Біз барсақ жып-жылы. Қар жоқ. Боран жоқ. Жел болмайды дейді. Қар дегенің жауады да еріп кетеді. Жауады да еріп кетеді.

Жұрт шапаншаң жүр. Ал біздің аяғымызда жуан қоныш етік. Үстімізде тон. Басымызда тымақ... Көмір қазғанда да дәл сондай терлемеген шығармын. Қара су боп жүресің. Жұрт саған оқшырая, күле қарайды. Қатты қыс болады, қақап боран соғады дегенді бірі түсінбейді.

Битабар көңілденейін деді:

– Апырай, ә!

– Құдай-ау, алма дегенді естігеніміз болмаса кім көрген... Базарына барып ек... Тұнып тұр, қып-қызыл. Әрбіреуі кісінің басындай.

– Тәтті бола ма екен?

– Тәтті болғанда тіліңді үйіреді... Бірақ кенеуі жоқ па деймін, қанша жесең де әлгіндей болмай жүрегің қарайды.

– Е, қанша дегенмен кертіп жейтін қазы-қартаға не жетсін, – деді Битабар.

– Оның рас. Рас айтасың, Битабар. Қазы-қартаның садағасы да...

Битабар қарқылдап, рақаттана күлді.

31

Күндер жылжып өтіп жатыр...

Битабар балдаққа сүйеніп терезе алдына келді. Бір біріне мінгескен тоқал үйлердің арасы ашылып қалған. Үй қапталында, көлеңкелі жерде ғана қар бар. Бірақ көшеде қылтанақ жоқ. Қиыршық тастар. Шалшық су. Арба ізі... Саздауытта адам іздері... Бір үйдің маңдайшасына сырық ілінген. Басында кішкене жәшік. Қолдан жасалған бұтақшаға екі қараторғай кеп қонды. Битабар ұзақ қарады. Қараторғайлар ұшып-қонып, ұзақ отырды. Битабар құлағын терезеге төседі. Түк естілмейді... Неге естілмейді? Неліктен қара торғай ән салмайды? Битабар қараторғай шырылын сондай сағынып кетті.

Балдағын көтере берді де ұшымен терезені түртіп қалды. Шыны саудыр етіп жерге түсті.

Ең алдымен, күйген қоңырсық иіс келді. Жел шахта жақтан екен. Содан кейін қара торғайдың шырылы. Битабар мұрнын басты да, құлағын әнге тосты...

Аурулар шулап жатыр.

– Терезе қирады. Терезе... Ал өлдік енді...

Жүгіріп дәрігер келді:

– Ойбай-ау, мұныңыз не, Биеке?

– Бәлнісіңде жата-жата тойдым, шырағым. Үйге шығарыңдаршы.

32

Күндер жылжып өтіп жатыр. Битабар үйіне шықты. Балдақпен қош айтысқан. Ендігі жолдасы – таяқ. Далаға өз бетімен шыға алады. Үйге өз бетімен кіре алады. Дүниенің зор бақыты өз бетіңмен далаға шығып, өз бетіңмен үйге кіру екен ғой. Битабар ашқан тағы бір жаңалық.

Жұрт баяғыдай, көңіл сұрап келіп-кетіп жатыр. Битабар да баяғыдай.

– Қатын, тұр, шәй қой...

– Қатын, шәйіңді жақсылап құй...

– Қатын, майыңды әкел.

Сілеусін туралап қарсылық жасамайды.

– Әлгі дүкенші бір ит болып шықты...

– Е, неғып? Мақтап жүрмеуші ме едің ылғи?

– Сен ауырғаннан бері өзгеріп кетті. Паекты дұрыстап бермейді.

– Битабардың есіне Левенштерн түсті. Даусы бүгінгідей құлағында:

– Жалақыңды алдың ба?

– Алдық, тамыр.

– Паектарыңды ше?

– Оны да алып жатырмыз...

– Паекты молырақ жазғам...

Паек молырақ жазылған соң, дүкенші молырақ босатты... «Енді аз босатуында бір гәп бар емес пе екен?»

Битабар қисаңдап шахта кеңсесіне келді. Баяғы таныс бөлме алдында баяғы жас қыз.

– Қызым, Битабар келіп отыр деп айт.

Қыз кабинетке кіріп қайта шықты:

– Қазір қабылдайды. Күте тұрыңыз.

Қабырға сағаты бір тынбайды: шық-шық... шық-шық... Битабар ұзақ қарап отырды: «Сағаттың шықылдағы емес ермек». Қайдан естілді? Қашан естіді? Жадында жоқ. Кім айтса да рас-ау. Әркім әр қилы қарекет үстінде: егін салады, мал бағады... көмір шабады, машина айдайды. Тек Битабар ғана сағат шықылдағын ермек етіп, есік күзетіп отырған...

Талайлар кіріп жатыр, талайлар шығып жатыр. Есікке дамыл жоқ. Битабар әлі отыр. Сағат тілі шық-шық. Кет деген ешкім жоқ. Кел дейтін де бір пенде табылар емес. Сондай үлкен Битабар сондай елеусіз..

Қыз жақсы бала. Битабар күйзелісін сезіп қалғандай.

– Иван Иванович жұмысбасты ғой. Сізді ұмытып кетті ме деймін, – деп кабинетке кірді де қайта шықты.

– Жүріңіз.

Битабар кіріп келеді. Көзіне ең алдымен, қолын созып түрған Ленин түсті. Көсемге қараған сол қалпы бір екі аттап барып отыра кетті. Левенштерн сонау алыста қалды.

– Е, тамыр, бері жақында...

Битабар бала емес, біледі: бұрынғы жылылық жоқ. Айтып жатқаны жай сыпайылық.

– Битабарға осы ара да жарайды. Көп жүрсе аяғы ауырады.

Битабар өз орнында отырып қалды. Левенштерн де қозғалған жоқ.

– Пенсия тағайындаттырғам. Естіген шығарсың?

– Битабардың ата-бабасы пенсия алып көрген емес. Битабар да алмайды...

Левенштерн үндемеді. Битабар да тым-тырыс отырып қалды. Мұнда да қабырға сағаты бар екен: шық-шық... жоқ, сағаттың шықылдағы ермек екен. Жауап күткен Битабар ермек етіп отыр. Көзі Ленинге түсті. Қызық: Ленин қолын созған қалпы тұп-тура Битабарға қарап тұр. Ана жолы келгенде де өстіп жылылық нұрын сеуіп қарап тұрды-ау. Қалай аңғармаған десеңші.

Левенштерн шыдамады білем, тіл қатты:

– Ал сонда не шаруа?..

– Бір сұрағым бар, тамыр.

– Айта бер...

– Битабар бәлністе табаны күректей екі ай жатты. Аурудың көңілін сұрап бір рет болса да неге келмедің?

– Жұмыс көп, тамыр. Науқан... Көмірді көп шығар дейді жоғарғы жақ. Шығармасаң орныңнан алып тастаймыз дейді.

Оқыс, күрт бұрылыс:

– Ана, Ленин көсем не деп тұр?

Левенштерн жанып кетті:

– Көмірді көп беріңдер. Әр шахтер жоспарын асыра орындасын! – деп тұр.

– Мандай алды деп мақталған шахтер жараланып қалса, қасына жолама, халін сұрама деп те тұрған шығар?..

Сасқаны ма, неге екені белгісіз, Левенштерн артына мол бұрылып Ленинге қарады.

– Жоқ, қарағың келсе, мына тұсқа келіп, алыстан қара! Андағы жерден көре алмайсың. – Битабар осыны айтты да, ақсандай басып шыға берді.

– Ау, тамыр, тоқта!

– Жоқ, тамыр енді тоқтамайды...

Есік қаттырақ жабылды...

33

Битабар тоқтамады. Таяққа сүйеніп жүріп келеді. Қайда барарын өзі де білмейді, сонда да жүріп келеді. Шахта да, үйлер де алыста қалды. Айнала жап-жазық. Қып-қызыл. Жап-жасыл. Құлпырып көк шыққан. Құлпырып бәйшешек гүл жарған... Жұпар иісі аңқиды: дала иісі. Бусанған жер иісі... гүл иісі. Туған жер – Иманақ баурайының иісі. Битабар мас болды. Ииске мас. Шалқалап жата кетті. Аяқ-қолды шалқалап жазып жіберді. Аспан сондай тұңғиық. Мөп-мөлдір. Үн-түнсіз қарақұс қалықтайды. Әртінде, мөлдір аспанның нақ тұңғиық түбінде Иманақ тауын бетке алып кішкене... ноқаттар кетіп барады. – Тырналар. Сондай алыста, бірақ сондай жақын... Битабар қалқалап құлағын тосты.

– Ты-рау!.. Ты-ррр-ау!.. – қиқулап барады.

Битабардың көзіне жас іркілді: дүние сондай жып-жылы... Дүние сондай ып-ыстық. Өн бойы шымырлады...

Қыс қыспағын көріп шыққан Битабар туған жерді аңсады... Еркіндікті, кеңдікті аңсады...

...Күн батты. Ымырт үйірілді. Мөп-мөлдір, тұп-тұнық аспанда сансыз жұлдыздар жымыңдайды. Солтүстіктен оңтүстікке тартылып құс жолы жатыр. Сайрап жатыр. Өткен жылғы күзде оңтүстіктен солтүстікке қарай жатқан секілді еді. Енді солтүстіктен оңтүстікке...

Бала кезгі аңыз әлі есте: жыл құсы көктемде осы жолмен келеді. Жыл құсы күзде осы жолмен қайтады. Бұл жолдың құс жолы деп аталуы да содан. Жыл құсының адаспайтыны да сол өз жолы – құс жолы болғандықтан...

Битабар ұшып тұрды. Жүріп келеді. Шүңкиіп шахта қоқысы артта қалды. Битабар таяғын демеу етіп адымдай түсті. Қарайып екеу көрінді. Бірден таныды. Ылғаз бен Әли.

– Е, Битабармысың? Неғып жүрсің? Бала кезде өстіп қызды ауылды қырындаушылар болушы еді. Жігітшілік құрудың қай жағындасың? – Екеуі жамыраса күлді.

Битабар күрсініп алды.

– Мына қоқыстың қоңырсыған исін-ай, былайырақ шығайықшы.

Террикон алыстап қалды..

Битабар оқыс аспанға қарады. Құс жолы құлпырып, сайрап жатыр.

– Ау, ағайындар, бір сөз айтсам не дейсіңдер?

Әли бұрынырақ үн қатты:

– Айтып көр...

– Ата-бабамыздың кәсібі бұл емес қой. Тастаңдар, елге кетейік.

Ұсыныс соншалықты оқыс болғандықтан Әли де, Ылғаз да үндемей қалды.

– Ел де қазір түзеліпті. Колхоздасып, отырықшы орын теуіп жатыр дейді.

Ылғаз айтты:

– Шахтаны тастап ешқайда енді кетпеймін мен.

Әли де қосарланды.

– Қалай десең де, өндірістің аты өндіріс, Битабар.

Ауылда тудым, ауылда ер жеттім. Не көрдім? Не мұратқа жеттім? Түк те көргенім жоқ. Түк мұратқа да жеткенім жоқ. Ең соңы балаларды дұрыс оқытсам да көз ашуға қала жақсы, шахта жақсы.

– Ал жақсы онда, туғандар, сау болыңдар. Жолымыз бөлек-бөлек екен. Зорлағанмен түк те шықпайды, – деп балуан қош айтысты.

...Битабар үйге келіп Сілеусінді ертті де, құс жолын бағытқа алып жүріп кетті...

КІЛТ

1950 жыл. 6 март. Салт атты екеуміз. Шәмішкен – осы ауданның комсомол басшысы. Әлиге ұқсайды. Кішкене, қуақы. Шәмішкенге қарағанда мен, құдайға шүкір, кәдуілгі Битабар секілдімін. Сарысу әлі түспепті. Бірақ мұз бетіне қызыл су жүгіре бастаған. Кесіп өттік. Жол өзекшені өрлей салды. Битабардың баяғы өгіз баққан, Левенштерннің машинасын көтерген өзекшесі болуға тиісті. Аяң бүлкек. Аттар қыстап қажып шыққан. Жол жаман. Жүріп келеміз. Бетіміз – Иманақ тауы, тау етегіндегі «Бірлік» колхозы. Өрге шықтық. Алдымызда қарайып, қалқайып біреу көрінді. Түйелі адам секілді. Таудай. Қарай-қарай көзім талды. Жоқ, түйе емес, ат екен астындағысы. Аяңдап барады. Біз бүлкектеп келеміз. Арамыз жақындай берді. Қарап келем, санап келем: біз жеткенше жалп етіп үш құлады. Құлайды. Атын тұрғызып алады да, қайта мінеді. Шәмішкен күледі:

– Сафуан, сен біз мінген атты арық дейсің. Тәуба. Ана алға қара. Көтерем ғой мінгені...

– Тәуба болса, тәуба-ақ болсын. Бәйгеге қосып жатқам жоқ. Қалқақтап барар жерге жетсек жарар-дағы.

Қуып жеттік. Өзіме өзім сенбейтіндеймін. Көтерем дегеніміз оқтаудай жұмыр, семіз торы құнан. Ауыздығын шайнап, алысып келеді. Бірақ көзім құнаннан көрі жолаушының нақ өзіне түсті. Аяғы салбырап кеткен. Жер сызады. Нық отырған бойы құнандай үш есе бар. Торы құнан екі шелек су көтерген он жасар қыз бала секілді, бұралаң-бұралаң етеді. Жұмсақ қарға аяғын тығып алса бітті, омақасады. Жолаушы құламайды. Салақтаған аяғымен жер тіреп тұра қалады да, аттың басын аттап ілгері шығады. Кәдуілгі жыққан балуанның жығылғанның басын аттап, күш алғаны секілді. Тумысымда мұндай ірі кісіні кездестірген емен.

– Ассалаумағалайкөм!

Қарт ернін қимылдатты.

Шәмішкен қағытып жатыр:

– Ақсақал, бұл не, көтерем мініп?..

– О, ит, семізің сонда ана астыңдағы ма?

Шәмішкен мәз. Шәмішкенге қосылып мен де мәз.

Ілгерілеп кеттік.

– Шәмішкен, бұл кісі кім?

– Жәй, осы жердің бір ақсақалы ғой...

Мен қазбалаған жоқпын.

* * *

Иманақ тауы аласа ғана төбе екен. «Бірлік» колхозы шаруасы жұтаңдау, жетпіс-сексен ғана үй.

Біз Жұмаділда ақсақалдың үйіндеміз. Жетпістен асқан қарт адам. Үлкен әйел баласы – Ақажан. Осы колхоздың председателі. Екіншісі – Асан. Қарағандыда педагогика институтының соңғы курсында.

Ақажан алыс қыстаулардағы малды аралап кетіпті. Мал мен жанға март қиын ай. Шаруа адамы үйде отыра алмайды.

Шай келді. Үйдің үлкен қонағы болғандықтан мен төрде отырмын. Сол жақта Жұмаділда қарт. Оң қолда Шәмішкен. Одан әрі байсалды ақ сары жігіт – Қазыкен. Колхоз есепшісі. Ақажан жоқ болған соң, үй иесінің қызметін атқарып отыр.

Әңгіме тақырыбы әр қилы: мал жайы, жан жайы... Көктем, егіс... бірақ қиыспайды. Өйткені, менің есі-дертім жолда кездестірген қарт жайы.

...Есік ашылды. Бірден танидым, нақ өзі. Бүкіл ауыз үйді толтырып кіріп келеді...

Сасқаным ба, жә болмаса, қалай кездестірем деп күткенім бе, ұшып түрегелдім.

Жұмаділда қарт белгі жасады.

– Отыра бер, шырағым. Ол – осы үйдің өз кісісі.

– Осы Жұмекең ақсақалдың інісі, – деп қойды Қазыкен.

Дегенмен Шәмішкенге қарай ысырыла отырдым.

Жұмекең інісі жайғасып жатыр... Дастарқан кейін жылжыды. Баяғы Балуан Шолақ артында қалған құдды Битабар секілдімін. Мүлде сыртта қалдым. Жұмекеңнің інісі Жұмекеңнің өзіне қарай ойыса отырып, малдасын құрды. Екі тізе екі жақта – Жұмекең алдында бір өркеш, менің алдыма бір өркеш. Шай келді. Түйе алақанға шай табақ сүңгіп кетті. Кіп-кішкентай. Балалардың ойыншық табағы секілді.

Түрі жат бұл кім болды екен?

Ешкім тіс жарып ештеңе демейді. Өзіне сұрақ берсем, қысқа қайырады.

– Осы Атасуда тұрам... Баллар ма?.. Құдайға шүкір, бар баллар... – Бары осы.

Көңілім құлап, тым құмартып отырғанымды Шәмішкен де, Қазыкен де байқаған: ақсақал, ананы айтшы, ақсақал, мынаны айтшы...

Ақсақал мыңқ етпейді.

– Ә, өтіп кеткен дүниелер ғой...

Қалай сөйлетем? Кілті қайда?

Дастарқан жиылды. Жұмаділда қарттың інісі далаға шығып келді де, алдына бір орамалды жая сап, намаз оқи бастады: аузын жыбырлатып біраз тұрады да, тізесін бүгіп, сәждаға басын тигізеді. Сондай күлкілі. Дүрс-дүрс... еден сықыр-сықыр етеді.

Ойыма бір қулық кірді:

– Ақсақал, намазды көптен оқисыз ба?

– Ә, жас ұлғайған соң.

– Рұқсат етсеңіз, бір сауалым бар.

– Ә, рұқсат.

– Құранда, «Баһыраи сүре» деген сүре бар. Қазақша бұл «сиыр туралы тарау» деген сөз. Сиырдың құранда не шаруасы болды екен?

Ақсақал ойланып, сәл отырды.

– Сонынды ит білсін бе?

Біз жабыла күлдік. Өзі де езу тартты. Содан соң маған туралап қарады.

– Бұл қай бала?

– Газеттен. Тілші.

Қарияның сыр сандығын ашатын кілт осы бір штрих болды. Сөйлеп кетті...

Күн сөйлестік. Түн сөйлестік...

– Биеке, бір сұрақ бар.

– Құлағым сенде.

– Содан кейін не істедіңіз?

– Тура колхозға келдім. Мүше болдым.

– Бір адамға өкпелеп, шахтадан кеткеніңіз қалай?

Биекең біраз ойланып қалды. Тура жауап бермеді.

– Шахтадан кеткеніммен елге келіп «шахта жақсы, шахтаға барыңдар!» – деп үгіт жүргіздім...

– Қайратыңыз қалай? Қайтқан жоқ па?

– Қайратым бар әлі де. Бірақ тізем шыдамайды....

– Тізем шыдаса, атан түйені әлі де көтере алам ғой деймін...

...Битабармен мен осылай кездестім. ...Битабармен мен осылай қоштастым...

* * *

Битабар кейін сексенге жақындап барып қайтыс болды. Зираты сол Иманақ бауырында. Мойнында баяғы тұмар: «Күрес те өнердің бір төресі. Мал табар оңай кәсіпке айналдыра көрме!» Баяғы Балуан Шолақ сөзі. Балуан Шолақ сөзін Битабар алпыс жыл тұмар етіп мойнына тағып жүріпті...

Иманақ бауырында қазір «Бірлік» атты колхоз жоқ. Сол «Бірлік» құралпы бес-алты көпей колхоздар бірігіп, дөкей совхоз құрған. Сәкен Сейфуллин атындағы совхоз. Сәкен аты тегін қойылмаған. Бұл – Сәкеннің туған жері. Иманақ – Сәкеннің шыққан тауы.

Битабар – Сәкеннің аталас ағасы.

Ел ішіне аты кеткен балуан Сәкенмен де бірге жүрген болар. Иманаққа да Сәкенмен бірге талай-талай шыққан болар. Бірақ, амал қанша, мен онда Сәкен туралы сұрай алмадым. Сөзге сараң Битабар өз бетінше айтқан жоқ...

1969 жыл. Алматы

ӨМІР НҰРЫ

Бүгін Жантуар мен Шәмшігүлдің қуанышында шек болған жоқ. Екеуі бас қосып, жұбайлық өмір сүргелі айта жүрерлік ең зор қуаныш. Жұбайлық өмір демекші, бұлар қосылғалы табаны күректей он екі жыл. Әй-шәйсіз, тату өткен жылдар. Осы бір ғұмырда Шәмшігүл Жантуарға, жә болмаса, Жантуар Шәмшігүлге бажырайып бетіне қарап, бір қатты сөз айтып көрген емес. Бұлар көңілдегіні айттырмайтын, айтайын дегенді қабақ қағыстан дәп басып білетін тату жандар. Оның үстіне екеуі де ерте бастан айтулы қызметке ілеккені тағы бар: Жантуар болса, бір жобалау институтында бөлім бастығы, Шәмшігүл болса, ғылым кандидаты – жоғары оқу орнында сабақ береді. Табыс сондай мол. Екеуі де бір шамада дүниеге келіп, бір-біріне дер шағында кездескеніне дән риза. Дегенмен, осы бір тату жұбайлардың ғұмырында әлдебір «әттегене-айы» болса, онысы – есікті ашсаң бір аттап, бірден төрге шығатын, аядай ғана жалғыз бөлмеде тұратындығы. Осы «әттегене-айдың» бояуын қалыңдата түсерлік тағы бір жай – нәрестелері жоқ. Сөйтсе де басы жас адамдар ғой, баладан көрі, үй туралы көбірек қиналады. Анда-санда жолдастар келе қалса, олардың да айтары – бала жәйі емес, үй жәйі.

– Апыр-ай, үйді бір алса, сендер алуға тиісті едіңдер, – деп мүсіркейді.

Көптенгі арман – бітеу жараның аузын біреу келіп тырнаған соң Шәмшігүл күрсініп қояды.

– Күте-күте шаршадым, тіпті. Жұрт секілді дүние құрап, адамша тұрғың-ақ келеді, амал қанша!..

– Торықпа, Шәмшігүл, бір реті болар, – дейді ондайда көрінген нәрсеге көп уайымдай бермейтін Жантуар.

Ия, сол «бір реті болардың» реті бүгін келді. Қаланың нақ ортасындағы жаңа салынған үлкен үйден Жантуар мен Шәмшігүл екі бөлмелі пәтер алды. Пәтер болғанда қандай: еден дегенің қызыл паркет, жалтырап жатыр. Ванна мен ас бөлменің қабырғасы айна дерсің – ақ кафель. Терезелері аттылы кісі өткендей. Ыстық су, суық су, газ дейсің бе, бәрі де қол астында. Он екі жыл отын тасыған, су тасыған, күл шығарған Шәмшігүл:

– Уһ, жеттім бе, жетпедім бе! – деп паркетке отыра кетті.

– Әрине, жеттің, Шәке, – деп Жантуар оны тұрғызып алды.

Жеткенімен, енді жаңа бір шаруа тап болды: Шәмшігүл жаңа үйді жаңа дүниемен жасақтауға кірісті.

– Көрсе қызарлық жасап қайтеміз, осы өзіміз қосылған кездегі дүниеміз маған сондай ыстық көрінеді, – деген Жантуарға: – Үй шаруасына араласпа, ол әйелдің жұмысы, – деп кесіп тастады.

Содан кейін амал жоқ, Жантуардың Шәмшігүлге еріп мебель магазиніне баруына тура келді.

Ең әуелі бір павильонға кіріп еді, Шәмшігүл бір мебелдің жанында сәл аялдаңқырап қалған Жантуардың жеңінен тартты.

– Қой, бұларды қарап қайтесің, ана импорт жағына барайық.

– Осы өзімізде жасалатын мебельді де жұрт жаман демей жүр ғой.

Бұған болар Шәмшігүл жоқ:

– Жаңа пәтер алып отырып, мына секілді мебель қойғанымыз ұят. Жұрттың бәрінде импорт. Біз не, солардан кембіз бе?!

Жантуар дәлелді ештеңе айта алмады, Шәмшігүлдің соңынан ерді.

Шетел мебелі тұратын павильон шынында өзгешелеу екен. Жекежеке орындарда жіп белдеушемен айнала қоршалып қойылған мебель түрі көп-ақ, Шәмшігүл таңдап жүріп «Космосқа» тоқтады.

– Қазір жұрт аузындағы мебель осы. Осыны аламыз, – деп білетінін де танытты, кесімін де айтты.

Бірақ ақшасын төлейін деп сатушыны іздесе, бір қиындықтың үстінен шықты: мұның бәрі үлгі екен. Ал сатылатындарына сыртта алушылардың өзі қойған кезек бар. Мебель алғың келсе, ең алдымен кезекке тұрасың.

Жантуар аңырып қалды. Шәмшігүл жолды тез тапты.

– Ендеше, Дәулетке барайық.

Жантуардың есіне орта бойлы, қара жігіт түсті. Талай жерде қонақта кездесіп қалып жүретін Дәулет жыпылдап сөйлеп:

– Қажет бірдемелерің болса, хабарласыңдар, – деп өзінің саудада істейтінін танытып, телефонын беретін.

– Барсақ, барайық.

...Дәулет шынында да, айтқан жерінен шықты... Бұлардың келген жайын ықыласпен тыңдады да, телефонға жармасты.

– Бұл кім? Ә, Бекбатыровсың ба? Өзіңде бол, қазір саған ерлі-зайыпты екі кісі барады...

Осы кезде Шәмшігүл:

Ұнатқанымыз «Космос», – деп үлгірді.

Дәулет сақкұлақ екен.

– Алло... алло... «Космосың» бар ма? Е, болса, сол «Космостың» біреуін...

Осы кезде Жантуар да:

– Білмеймін, Шәкеңнің ұнатқаны «Космос», ал мен болсам... – деп мүдірді.

– Ал сен болсаң?

– Мен болсам, ана чех мебелі дұрыс па деп...

Дәулет телефон трубкасын аузына тақады:

– Ал чех мебелі ше?

Шәмшігүл қарсылық білдірді.

– Қазіргі жұрт аузында жүргені осы «Космос». Біздің Жантуар білмесе де айта береді.

Дәулет бұлардың әлі бір ымыраға келе қоймағанын сезіп, Бекбатыровқа:

– Қысқасы, қазір осы кісілер саған барады, қалаған мебелін беретін бол, – деп қадап айтты. Содан кейін сәл тоқталыңқырап барып Шәмшігүлге қарады: – Бұрын үйленсеңдер де, жаңа үй болып жатырсыңдар ғой, тағы не керек. Қысылмаңдар, айтыңдар.

Қысылма деген соң, Шәмшігүл қысылған жоқ.

– Екі-үш кілем керек, екі үш палас керек, хрусталь вазалар, рюмкалар...

Жантуар ұялыңқырап қалды.

– Бір жолға мебеліңнің өзі де аз жүк емес еді ғой, Шәке?!

Шәмшігүлдің бір жақсы қасиеті – осындайда қысылмайды. Кімге болсын орынды сөз тауып, еркін сөйлесе алады. Және бәрі де жарасымды, сыпайы болып шығады.

– Жоқ тағы келіп Дәукеңнің мазасын алғанша, біржола тындырып кеткеніміз жақсы. – Табиғатында сүйкімді әйелді бұл сөз тағы бір биікке көтеріп тастады. Дәулет қарқылдап күлді:

– Шәкең дұрыс айтады. Бүгін тындыратын шаруаны ертеңге қалдырып керегі жоқ. Бірақ тағы да айтарым – бәрін бүгін тындырдық деп келмей қойып жүрмеңдер. Мынадай жерде отырып ағайынға қолқабыс жасамаудың несі жөн. Қолдан келгенді жасаймыз. Жиі-жиі хабарласып тұрыңдар. Мазалайды екенбіз деп қапа болмаңдар! – Дәулет осыны айтып, бұларды есікке дейін ұзатып салды.

Арада аз ғана күн өтті. Шәмшігүлдің дегені болды да, Жантуардың үйіне «Космос» мебелі келіп түсті. Жарқырап жатқан паркетке шытырман сызықтары бар қызыл палас төселді. Қабырға атаулыға гүлді кілем ұсталды. Айналы сервантты хрусталь вазалар, фужерлар, рюмкалар, сервиздермен безендірді. Кең балконға гүл қойылды. Ас қылатын бөлмені аппақ ас үй гарнитуры мен тоңазытқыш алды. Осындай біршама шаруа тынған соң, бұл үйге Дәулет бастаған бір топ жолдастар келді. Шәмшігүл жаңа пәтердің құрметіне айта жүрерліктей етіп той жасады. Әлгі әдемі сервантты безендіріп тұрған хрустальдар сыңғырлады. Бұрқылдап шампандар атылды. Түннің бір уағында разы қонақтарын ұзатып салған бақытты жұбайлар бұрынғыша тар төсекте бір-біріне арқасын берісіп қысыла жатпай, екі төсекке көсіле, шырт ұйқыға кетті.

* * *

Ертеңіне күн демалыс болатын, Жантуар дағдысынан кешеңдеу тұрып, жуынып, ас ішетін бөлмеге келіп көк шұғамен жабылған жұмсақ

диванға жантайды. Терезеге қарсы шолақ маңдайда жарқырап сервант тұр. Ал өзі жатқан ұзын қабырғаға қарсы бет жалаңаш екен. «Бұл жерге не қойса болар екен? – деп сәл жатты да, өзіне өзі – жә, қойшы, жоқ нәрсеге бас қатырмай!» – деп күбірлеп қойды. Содан соң өзі басқарып, жобасын жасап жатқан ірі комбинат жайында кеше ғана болған әңгімені ойлап кетті. Осы бір сәтте Шәмшігүл де тамақ алып келді.

– Ау, жамбасбайып, тұратын кезің болған жоқ па? Жататын бөлмең аздай-ақ, енді мында келіп жантайғансың ба? – деді әзілдеп.

– Батырға оң, терісінің бәрі бірдей, қолдан келген соң қайтеміз.

Екеуі де қылықты күлкімен шайға отырды.

– Осы бөлмеге не жетпей тұр деп ойлайсың? – деп сұрады бір кезде Шәмшігүл.

Жантуар ойлап-ойлап не жетпей тұрғанын таба алмады.

– Маубасым-ай! – деп Шәмшігүл күйеуінің басын сипап, шашын қобыратып қойды – мына жалаңаш қабырғаға жетпей тұрған пианино ғой!

– Пианино ойнайтын ешкім жоқ, құр сәнге демесең... – деп Жантуар сәл қарсылық білдірді.

– Ешкім жоғы қалай? Қазан аузы жоғары. Отқа қарап отырған жандар емеспіз, қайта тілеу тілеп тұрады.

Жантуарға бұл сөз орынды секілденді.

– Осы ана эстон пианиносын жұрт жақсы десіп жүр ғой, – деп қойды әйелінің сөзін құптағанын танытып.

– Эстон-сестонды қайтеміз, алсақ кәдімгі импорт пианиносын аламыз.

Осы сөз – сөз болды. Көп кешікпей баяғы бос қабырғаға қызыл күрең түсті әдемі пианино, оның қасына үлкен телевизор қойылды.

Осыдан кейін қанша кең десең де бөлме төркіні көрініп қалды. Біреу-міреу келе қалса, Шәмшігүлдің:

– Орындығыңызды бері сала отырсаңыз, артыңызда пианино бар еді. Орындығыңызды столға таман жылжытсаңыз, артыңыздағы диванға тиіп отырсыз, – деген қытымырлау сөзі жиі шыға бастады. Шәмшігүл айтса, амал жоқ, екі беттегілер сығылыса-сығылыса кеудесімен жақтау тіреп, тіпті стол астына кіріп кете жаздап отыратын болды.

Осы секілді қонақтар тарқағанда біреу айтып үлгіретін, біреу ішіне түйіп кететін бір сөз бар.

– Бұрын аядай жерде тұрғанда ондай тарлығы жоқ еді, не болып кеткен өзі?!

Әрине, бұл сөзді Шәмшігүл әзірше естіген емес. Тіпті естіген күнде қысылмаған да болар еді. Кім дүниесін далаға тастамақ? Сирек болса да қонақ келген сайын пианино сынып тұрса, Шәмшігүлдің шашы шақ келмейді ғой!

Бір күні Шәмшігүл өзімен бірге істейтін, әрі жақсы көргендіктен

«қайын аға» деп кеткен Қожан деген кісіні кездестірді. Демалыстан оралған беті екен, Шәмшігүл келінінің қолын алып сілкілеп жатыр.

– Тап өздеріңше қуандым. Құтты болсын үйлерің!

Шәмшігүлдің де ықласы баяғыдай.

– Шын қуанған адам «құтты болсынды» үйге келіп айтады, қайын аға.

– Жеңілдім, келінжан, тап бүгін кешке барам, – деп Қожан екі қолын жоғары көтерді.

Қожан қасына екі-үш жолдас алып, айтулы уақытында келді. Ал Шәмшігүл болса қадірлі қонағын соншалықты қуанып қарсы алып, соншалықты ренжіп шығарып салды. Өйткені, Қожан мойыны кеудесімен тұтасып кеткен, ұзыны мен көлденеңі бірдей, екі кісінің құшағы жетпейтін семіз кісі болатын. Қанша сығылса да диван жаққа да, пианино жаққа да сыймай-ақ қойды. «Қайын аға, артыңызда пианино бар еді», – дегенді Шәмшігүл келіні айтудай-ақ айтып еді, амал не, пианино жақтауы мен орындық таянышын жауыр аттың арқасынша жалаңаштап кетті. Мал ашуы – жан ашуы деген емес пе, тәртіпті, инабатты Шәмшігүл:

– Жазған неме, аузы-басы мен кеудесін былғап тамақты өлгенше былапыт жейді екен! – деп қалды.

Жантуар баяғы бір көңіл қарсылығын тағы аңдатты.

– Ақшамыз бар екен деп құр бекер үй ішін кәкір-шүкірмен толтыра беріп керегі не еді. Пианино алмай-ақ қой деп ем ғой...

Шәмшігүл мұндайда сөз тапқыш:

– Анадағы айтқаным жетпесе, қайталап анықтап айтайын, баламыз болар ма екен деп, ырым етіп алдым.

Осымен сөз бітті. Бірақ Шәмшігүлдің жүрегінде бір жай шемен болып қатып қалды: трамвай мен троллейбуста, жә болмаса магазинде, көшеде толық адам кездестірсе есіне сыры кеткен пианино түсіп, жүдеп калатынды шығарды. Жақсы көретін қайын ағасы Қожанды мүлде көргісі келмейді. Қатпар-қатпар май ішінен қаңқа сүйегін кәдімгі кәнігі болған археологша іздесең де таптырмайтын жуан денесін ирелендете, қажап реверанс жасап «о, келінжан!» – деп келе жатса да естімеген болып теріс айналып кететінді шығарды. Басында: – Инелікше қатып-семіп жүретінің-ай осы, тамақты молырақ жеші, торалар ма екенсің! – деп Жантуарды нығыртатыны болушы еді, онан да қайтты. Тағы бір шешімі – мүлде қонақ шақырмауға белін бекем байлады. Содан кейін пианиноны да, газет-журнал столы мен оның креслоларын да жататын бөлмеге апарып тықты да, ас ішетін бөлмені кеңітіп қойды.

Шәмшігүл өстіп бір қиындықтың ретін тауып жеңіп, көңілі орнығайын деп келе жатыр еді, ойламаған жерден мазасы тағы кете қалды. Бәрі де баяғы мебель магазині түскірге «не бар екен, кіре кетейінші» – деуден басталды.

Барса бір таныс әйел тұр.

– Е, не алғалы тұрсың?

– Бір мебель түседі деп...

– Е, мебелің бар емес пе еді?

– Бар болатын, бірақ мынау айтулы.

– Айтулы болғанда не, «Космос» па?

Таныс әйел мырс етіп күліп жіберді. Даусында кекесін бар.

– Арасына ағаш үгіндісін толтырған «Космос» алып жыным бар ма? «Будапешт» – нағыз қызыл ағаштың өзі.

Шәмшігүлдің тауы шағылып қалды. «Космос» деп дардай етіп жүрсе, арасы үгіндімен толтырылған бірдеме. Бірақ қайтарып сөз қатпады, салқын ғана бас изеп, қоштасты да, салып отырып анадағы Дәулет таныстырған Бекбатыровқа барды.

– Ал, туысым, маған мебель керек.

– Е, осы жуырда ғана алған едіңіз ғой?

– Алғам. Бірақ ұнамайды. Енді «Будапешт» керек.

Директор жалтара сөйледі.

– «Будапешт» төрт-бес бөлмесі бар пәтерге лайық мебель. Оның үстіне... бағасы да...

Шәмшігүл директордың сөзін бөліп жіберді.

– Немене, бізді ақшасы жоқ кедей деп естіп пе едіңіз? – Ашумен айтқан жоқ, салмақты, астары бар уытты күлкімен айтты.

Бекбатыров артық кеткенін енді байқады.

– Құдай сақтасын, Шәке, ондай ой түсімізге де енген емес. Шынымды айтайын, жалғызы ғана түскен еді, амал жоқ, өзіңіз келіп қалған екенсіз, алыңыз.

Шәмшігүл қайта қадалды.

– Жоқ, өйтіп қиналсаңыз, алмауыма да болады.

– Қиналып отырғаным жоқ. Ақшаңызды өткізіңіз де, алып кетіңіз, – деп директор орнынан тұрды.

Шәмшігүл Жантуармен ақылдасқысы келмеді.

Ақылдасса, анау айтқан қарсылық білдіре қоймағанымен «пәлентүген» – дері хақ. Сол себепті, бірден үйге келіп, бір машинаға «Космосты» тиеп, комиссия магазиніне өткізді де, екі машинаға тиеп «Будапешті» үйге әкеп түсірді.

Құдай сақтасын, директор айтса, айтқандай екен, «Будапешің» жатқан бір пәле болып шықты – бәрі қос-қостан, сырт киім салатын шкаф, іш киім салатын шкаф, ас сервизін, шай сервизін салатын серванттар бөлек-бөлек. Оның үстіне горка деген пәлесі тағы бар. Секретер дейсіз бе, үш қырлы стол, төрт қырлы стол, шалқақ кресло, еңкек кресло, кітап сөресі, газет-журнал сөресі, жазу, сызу столы дейсіз бе, тіпті санап тауыса алмайсың. «Космостың» бас-аяғы алтау, жеп-жеңіл қағалтай орындығы болушы еді, мынада он екі. Әрі орындық болғанда қандай,

бір-біреуі, ана «Космос» орындықтың үшеуіне бергісіз. Көк барқытпен тыстаған диваны да, сондай жап-жалпақ бірдеме. Оның үстіне кушетка түскірі тағы қосарланып жүр. Шәмшігүл ет қызуымен алуын алып қалса да сасайын деді. Қолайлы деген жерге сервантты қойып еді, горкасы құрғыр симады. Диванды қойса, кушеткаға орын жоқ. Баяғы кең көрінген екі бөлме аядай-ақ қуыс болды да шықты. Дегенмен Шәмшігүл ретін тапты. Жазу столының үстіне тумба, оның үстіне үшінші қабат етіп телевизорды апарып қойды. Орындықтарды да бірінің үстіне екіншісін төңкерді. Көп қабатты биік үй салу дегенің еріккендіктен емес, осындай жердің тарлығынан барып шыққан ғой. Шәмшігүл де сол тәртіпті ұстанды. Жататын бөлмеге де сондай өзгеріс енгізді, екі кереуеттің бірін қалдырып, екіншісін жинап тастады. Сөйтіп, әр жерден сығылысып өтер жымба із жасап, екі бөлмені аузы-мұрнынан келтіре сықап, толтырды да қойды.

Жантуар қызметтен мезгілінде келді. Аң-таң.

– Ойбай, бәйбіше-ау, не жасап тастағансың?

Шәмшігүл күлді.

– Бәйбішең жасады бір керемет.

Керемет десе керемет дегендей. Бұрынғы «Космос» жарық үйдің өзін сұрландырып тұрушы еді, ал мынау болса бөлме ажарын ашып, жарқырап кеткен. Осы бір алғашқы әсер үстінде Жантуарға сарт етіп тағы бір ой келді. Қайда отырамыз. Қайда жатамыз?

– Бәрі дұрыс, бірақ ана кереуетті жинап тастағаның жөн болмаған екен, – деп қынжылды Жантуар, екі бөлмені де көзбен шолып. – Бұдан он жыл бұрынғы жалғыз тақтай үстіне сиып кетер шағымыз емес. Екі төсекте кең көсіліп жатып, рахаттанып қалып едік.

Шәмшігүл саспады. Бұл жәйді де ойластырып қойыпты.

– Ана Есқалин бар ғой?

Жантуар Есқалин дегенді есіне түсіре алмады.

– Ана музейде істейтін Есқалин Сарыбас ше? Соның жалғыз баласы бар еді ғой? Сол үйленіпті. Содан көп кешікпей шешесі келінімен сиыспай, бөлініп кетіпті.

– Ия, оның бізге нендей қатысы бар?

– Тоқта! Төрт бөлмелі үйде сопайғаннан сопайып екеуі-ақ қалса, неге қатысы болмайды! Болады. Үстіне ақша қосамыз. Сөйтіп айырбастасамыз үйді.

Жантуар сеніңкіремеді.

– Айырбастамайтын шығар?..

– Өстіп кежегеңнің тартып тұратыны-ай! Баспа аяғыңды ілгері. Ыңғайлы екі бөлмелі үй болса айырбастар едікті өздері айтыпты. Ал білгің келсе...

Жантуар ойланып қалды. Шәмшігүл отқа май құя түсті.

– Музейден алатыны қанша дейсің, қоңторғайлау тұрады деп естігем.

Дәлел орынды болған соң Жантуардың көнуіне тура келді.

* * *

Есікті Есқалиннің өзі ашты. Әуелі бұрын келмеген адамдарды көріп, таңырқап қалса да, кешеуілдеп барып таныды.

– Ә, Жантуар екенсің ғой, жоғары шығыңдар.

Шәмшігүл ішінен: «Мынаның түрі жақсы екен, жолымыз болар», – деп түйді.

Есқалин бұларды ас ішетін бөлмеге алып кірді: Түлкіні қанша асырасаң да далаға қарайды дегендей. Жантуардың да, Шәмшігүлдің де көзі амандық сұрап жатқан Есқалинде емес, бөлмеде болды. Тіпті пәтердің айы өтіп, әбден титықтаған Шәмшігүл іштей қай мебельді қайда қоюға болатынын да шамалап үлгірді. Келген екеу амандық-саулықтан гөрі әр бөлмеге бір үңіліп, сұқтана бергендіктен бе, әлде өз көңіліндегісі сол ма, әйтеуір құдайдың дес берісінде Есқалин әңгіме тақырыбын үй жайына ауыстырды.

– Дағардай-дағардай төрт бөлмеде жеңген екеуміз-ақ қалдық, Жантуар.

Жантуар жөтеліп, Шәмшігүл қозғалып қойды.

– Жеңгелеріңнің сыпырып, тазалайтыны болмаса, тіпті әне бір шеткі бөлмеге жұмалап басымды сұқпаймын мен.

– Ия, екі бас үшін үйлеріңіз тым үлкен екен, – деп Жантуар Есқалинді қостап қойды. Шәмшігүл ұрланып күйеуінің етегінен тартты. «Жайыңа отырсайшы. Өлер жеріңді білмейтін әдетің-ау, олар екеу болса, өзің ше? Төртеу ме едің?» – дегені. Жантуар үндемей қалды. Есқалин сөзін жалғады.

– Айтпақшы, жеңгелерің осы сендерді де үй алды деген секілді еді?..

Жантуар енді «алдық» дерін де, «алмадық» дерін де біле алмай әйеліне қарай берді. Шәмшігүл қысылған жоқ.

– Ия, Сәке, біз де алғанбыз үйді, – деді көңілді түрде.

– Е, оларың жақсы болған екен. Үй тақсыретін біраз тарттың-ау деймін осы?

– Оныңыз рас, Сәке, біз көрмеген азап жоқ десе де болады. Кереметі сол, азаптан әлі де болса құтыла алмай жүрміз, – деп Жантуар төтелеңкірей тартты. Шәмшігүл күйеуінің етегінен тағы басты. «Иә?.. Қайтып?» – деген Есқалиннің сұрағын да жауапсыз қалдырды.

– Сәке, жеңгеміз қайда?

– Базарға кетіп еді, қазір келіп қалуға тиісті. Айтпақшы, мен шай қоя берейінші, бұрын есік ашып көрмеген балалар едіңдер, – деп Есқалин тұра бастады.

Шәмшігүл қарсы болды. Қатты өтініп үй иесін орнына қайта отырғызды да, манағы бір әңгімені қайта бастады.

– Келінді болды деп естіп едік, балалар не, сонда бөлек шыққан ба?

– Үйленген соң бала қызығы өзімен екен ғой, келіннің төркіні осы жерде еді. Соларға көшіп кеткен. – Содан кейін Есқалин жеңіл күрсініп, – қиыны мына дағардай төрт бөлмеде сопайғаннан сопайып, екеуден екеуміз құлазып қалғанымыз ғой, әйтпесе бала шіркін қашанға дейін қанжығаңда жүреді, – деп түйді.

Шәмшігүл енді оңтайлы жерден ұрды.

– Үй үшін қиналатын не бар, қала орталығындағы бір-екі бөлмелік пәтерге айырбастаңыз да жіберіңіз.

– Тіпті ол да ойымызда жоқ емес, – деп Есқалин бұлар күткен тоспадан айдау-қағусыз өз бетімен шыға келді.

Шәмшігүл енді іркілмеді.

– Айран сұрап келіп шелегіңді жасырма деген бар ғой, Сәке, біз сондай бір сөз естіп келіп едік. Жарығы мол екі үлкен бөлме. Балконы да үлкен, әрі көлеңке жағында. Қысқасы үйіміз жақсы.

Сарыбас үндеңкіремей қалды. Бұл шаруада қырсыздығын танытып отырған Жантуар тап осы жерде батылырақ сөйледі.

– Бөтен адамдар емеспіз ғой, шынымызды айтайық, ренжітпейміз.

– Қысылмаңыз, Сәке, қосарымыз өз көңіліңіздегідей, – деп Шәмшігүл әрі күйеуін қостап, әрі істі анықтап қойды.

– Қысылып отырғаным жоқ, Шәмшігүл шырақ, жеңгең қалай қарар екен, соны ойлап отырмын.

– Е, өзіңіз тап басып, бел байласаңыз, жеңгеміз қайда кетер дейсіз, – деп Шәмшігүл төсей сөйледі. – Міне, іниіңіз отыр ғой, шынын айтайын, «қай жағынан шығамыз деп» – дәп бүгінге дейін қасы мен қабағына қарап жүреміз.

Жантуар көтеріліп, желпініп алды. Есқалин сөйледі.

– Жақсы, жеңгелерің келсін, тоса тұрыңдар. Қайда кетер дейсің, айырбастап жіберейікті шығарып жүрген өзі болатын.

Жантуар «тоссақ тосайық» дегелі отыр еді, Шәмшігүл шешімі мүлде басқаша болды.

– Жеңгейді біз тоспай-ақ қояйық, Сәке, келген соң өздеріңіз ақылдасып, сосын хабарын бізге айтарсыздар. Құдайға шүкір, телефон бар екі үйде де.

– О да жөн екен. Бүгін-ертең телефон соғып қалармыз, – деп Есқалин бұларды шығарып салды.

* * *

«Бүгін» де өтті. «Ертең» де өтті. Бірақ Есқалиннен хабар болмады. Шәмшігүлде жан жоқ. Біреу есік қақса, телефон шылдыратса, жүрегі

тоқтап қала жаздайды. Түн баласы дөңбекшіп, ұйықтай алмайтынды шығарды. Әйелінің шыбын-шіркей болып жүргенін сезіп, Жантуардың да тынышы кетейін деді.

– Кісідегінің кілті аспанда деген емес пе, кешіктіріп жатқаны құнын көтерудің амалы шығар. Өзіміз телефон соқсақ қайтеді.

Шәмшігүл бұл ақылды жөн көрді.

– Жақсы, соға ғой.

– Жоқ, сен соқсайшы.

Шәмшігүл қабағын шытты.

– Осы үйдің еркегі сен емессің бе? Еркекпен еркек болып сөйлеспейсің бе бір.

Жантуарға қайтарар сөз қалмады. Пәленің басын өзі қозғаған соң амалсыз телефон трубкасын көтерді.

– Алло, маған Сәкең керек еді?..

Ар жақта әйел даусы:

– Бұл кім Сәкеңді сұрап тұрған? ...Жантуар? Әлгі мен жоқта біздің үйге келіп кеткен Жантуармысың?

– Ия, жеңеше...

– Сені мен бір инабатты бала екен деп жүрсем... Кіммін деп, не бетіңмен келдің? Соны айтшы?

Қапелімде сөз таба алмаған Жантуар күмілжи берді.

– Шаранаңнан тазармай жатып не бетіңмен келдің деймін?!

– Жеңеше, кешіріңіз, бір ағаттық болды, – дегенге Жантуардың тілі зорға келді.

Бірақ оны тыңдаған әйел жоқ.

– Балам кетсе, өз балам. Келінім кетсе, өз келінім. Бүгін болмаса, ертең қайтып келеді. Сонда бұл үйде үбірлі-шүбірлі мен тұрмағанда, Шәмшігүл мен сен кубас тұрмақсыңдар ма?!

– Апырай, тым қатты кеттіңіз-ау. Өзгені айтсаңыз да, кубас демеңізші! Біз де бір жылы ішектің иесіміз ғой, – деп әрі қарай әйел сөзін тыңдауға дәті шыдамаған Жантуар трубканы тастай салды.

– Нақ көргенсіздің өзі. Әйтпесе, соншама шаптығатын әкесін біз өлтірген жоқ едік қой, – деді Шәмшігүл.

Үрлеген қуықтай тырсылдап, ашуға булыққан Жантуар кінәні әйеліне аударды.

– Бәрін шығарған сен осы, ойда-жоқта мебель алам, ойда жоқта үй айырбастаймын деп.

Енді Шәмшігүл де шыдай алмады.

– Мен... мен... кінәлі, бәріне де. Сенің кубас атануыңа да кінәлі менмін, – деп сәл тоқырады да, даусын көтеріңкіреп, – кубас атансаң, оған өзің ғана кінәлісің. Менің денім сап-сау, – деп солқылдап жылап жіберді.

Жантуар тез жадырап, өмірі ренжітіп көрмеген әйелінің мандайынан сипады.

– Сенің арқанда әне кубас атандық...

– Жә, қи енді ашуыңды бір жолға.

– Қимаймын.

Енді әйелі айтқан сөз аяздай батып таусылуға айналған Жантуар да тесілейін деді.

– Қимағанда не, өл дейсің бе енді. Осы үй де жарайды.

– Жоқ жарамайды.

– Сонда не қыл дейсің?

– Ертең тура қалалық советке барып, үш бөлмелі үй сұрайсың. Мынасын қайтарып береміз.

– Жарайды, барсам барайын, тек ашуыңды басшы өзің, – деді Жантуар әйелінің мандайынан иіскеп.

Қанша ашуланса да Шәмшігүл жадырайын деді. Екеуі әр мебельге бір соқтығып, жататын бөлмеге өтті.

– Ертең қайтсең де қалалық советке барасың, – деді Шәмшігүл шешініп жатып.

– Әрине, барғанда қандай, барам, – деді Жантуар сәл алқынып-қырап.

Шам сөнді.

* * *

Айтқан сөз атылған оқпен бірдей. Жантуардың, амал жоқ, қалалық советке баруына тура келді. Барғанда, былай өз бетімен емес, Шәмшігүл алып барды.

Пәтер бөлетін бастықтың алдында кісі сонша көп екен. Таңертеңнен түске дейін, одан түскі үзіліске шығып, тағы біршама күтулеріне тура келді. Жантуар – «кісілердің азайған бір күні келсек қайтеді» – деп көріп еді, Шәмшігүл көнбеді: «Әдейі келген екенбіз, шыдаймыз. Күнде келе беретін уақыт жоқ» – Шәмшігүлдің бір жақсы жері – бір істі ойына алмайды, ойына алса, оны тындырмай өзі де тынбайды.

Көп күтудің бір пайдасы күбірлеп отырып екеуі біраз мәселені шешіп алды: пәтер жөнінде Жантуардың өзі ғана кіреді. Асықпай, баппен басып барып креслоға отырады. Мүмкіндігі болса, ең әуелі бастыққа шылым ұсынады. Содан кейін әдеті болмағанымен өзі де тартады. Тартқанда кәдуілгі машығы бар адамша терең сорып, мұрнынан шығара бұрқыратып тартады. Сосын өз мекемесінің жайын, салынып жатқан жаңа бір үйдің жобасы жайын сөз етеді. Қысқасы Жантуар өзін иығы тең адамша еркін ұстайды. Барған шаруаның реті сонда ғана түсетін болады.

Осы бір әңгімемен отырғанда дес беріп кезек те келіп қалды. Жантуар салмақпен барып есікті ашып, ішке кірді. Көңілі орныға бастаған

Шәмшігүл: «Шамасы қырық-отыз минут отыратын шығар», – деген оймен көмекші столында жатқан газетке үңіле беріп еді, сықырлап бастықтың есігі ашылды да, ар жақтан тез-тез басып Жантуар шыға келді.

– Өй, не болды? – деп Шәмшігүл таңырқай сұрады.

– Жүр, не болғанын далаға шыққан соң айтам. – Екеуі дәлізге беттеді.

– Ия, не болды деймін?

– Ойбай, сұрама! Жүр тезірек!

Көшеге шыққан соң Шәмшігүл тартынып, тұрып қалды.

– Айтпасаң, жүрмеймін.

– Айтқанда, былай: басекең айтты: «Балаларың болса жоқ, екі басты адамға екі үлкен бөлме жетеді. Ал бұдан былай бүйтіп жүгіре беретін болсаңдар, екі бөлмені қайтып алып, бір бөлмелі пәтерге жібереміз», – деді.

– Құдай-ау адамша бір шылым ұсынып... – деп келе жатқанда Шәмшігүлдің сөзін Жантуар бөліп жіберді:

– Ойбай-ау, ұсынбайын дедім бе, кірсем, қабырғаға «бұл бөлмеде шылым шегілмейді» – деп баттитып тұрып жазып қойыпты. Енді қайтып шылым шегіңіз дейін.

– Ал әлгі жоба...

– Ал жоба жайын бастай беріп едім, басекең: «Көлденең сөз тыңдап отырар уақытым жоқ, көрдің ғой анталап отырған жұртты, тоқетерін айтсаң»... – деп қадалып болмады.

Шәмшігүлдің денесі қалтырады.

– Әйтеуір, басқан жеріңнен шөп сынбайды-ау, – деп зілменен айтты да, қаттырақ жүріп кетті.

– Шәмшігүл, тоқташы, ақылды едің ғой, ақырынырақ жүрші, – деп Жантуар әйелінің соңынан ерді.

* * *

Кешкі тамақ үстінде Жантуар әйеліне бір ой салды.

– Әзірше үй кеңітеміз деп қайтеміз, осы екі бөлмеде-ақ тұра берсек қайтеді?

– Сиып отырмыз ба?!

Жантуар жымба жолдап келді.

– Сияр едік қой. Мына ас ішетін бөлменің жартысындай үйшікке де сиып тұрып едік қой.

– Онда дүниеміз, мебеліміз болмаған.

– Иә, дүние пәленің бәрі осы мебельде болып тұр ғой.

Шәмшігүл тіксініп қалды:

– Неліктен мебельде?

– Бұрынғы «Космос» болса, үй кеңітеміз деп әуреленбей-ақ тұра берер едік қой.

– Он екі жыл ит болып тұрғаным да жетеді. Енді адамша тұрғым келеді, – деп Шәмшігүл кесіп тастады.

Жантуар сөз қайтармады. Үйілген мебель арасындағы жымба жолмен ептеп басып төсекке келіп жатты.

– Бұрынғы екі кісілік темір кереуеттің өзі жақсы еді, мына түскірі бір кісілік бірдеме ғой деймін, – деді қасына келіп жатуға айналған Шәмшігүлге сырылып орын беріп жатып. Аз күн болса да екі төсекте кең көсіліп жатып жаман үйреніп қалғандықтан ба, көпке дейін дөңбекшігі ұйықтай алмады.

Арада қанша уақыт өтті, білмейді. Бір кезде шошып оянса, сирағы Шәмшігүлдің аяғының астында ұйып қалыпты. Бөлме іші тымырсық, жаңа мебельдің иісі шығып басынды айналдырады. Жантуар түрегеліп балконға ұмтылып еді, жолда әлденелерге соғылып ұшып түсті. Оянып кеткен Шәмшігүл лып еткізіп шам жақты.

– Не болды, жазған? – даусында жылылық бар.

Байқаса, жолда үйілген үстелдерге сүрініп кетіп иығын сүйеулі тұрған кереует жақтауының қырына соғып алыпты.

– Байқамадың ба, алдыңда үстелдер барын?

– Байқамағандығым осы ғой, – деп Жантуар балконға шықты.

– Қатты ауырды ма?

Жантуар сұрауға сұраумен жауап берді.

– Шәмшігүл, қаланың шет жағынан жер алып кеңірек етіп үй салып алсақ қайтеді?

– Онсоң екі үйі бар деп көрсетіп жүрмей ме?

– Мына үйді өздеріне тапсырамыз.

– Тапсырамыз?.. Жоқ, шырағым, айта көрме. От жағып, күл шығарып жүрсін дейсің ғой. Бола қоймас оның. Он екі жыл от жағып, су тасығаным да жетеді.

– Олай болса, тағы бір ой бар: мына пәтерге жарым-жарты мебель қалдырып жасаулап қоямыз да, жарым-жарты мебельді алып үй жалдап тұрамыз. «Бөлмемді баласы жоқтарға береміз» – деген хабарландыруды талай жерден көргенім бар.

Шәмшігүл сәл ойланды да көнбейтінін танытты.

– Жалға бөлме беретіндердің үйі дымқыл болады. Мебеліміз бүлінеді.

– Енді не қыл дейсің? – деп Жантуар әйеліне тұңғыш рет тіксіне қарады.

– Жүр, ұйықта қазір, – деп Шәмшігүл күле қарап күйеуінің қолынан тартты. – Дал болмай-ақ қой, амалын өзім табам.

Жантуардың көңілі орнына түсейін деді.

* * *

Күн ұзақ бір жиналыста болып, Жантуар кабинетінің есігін аша беріп еді, телефон қоңырауы безілдеп жатыр екен.

– Ия, мен тыңдап тұрмын. Ә, Шәмшігүл, сенбісің? Ойбай-ау, қайда кеткенде, жиналыс болды ғой. Кіріп тұрғаным осы.

Шәмшігүлдің даусы өктемдеу естілді.

– Қазір он минутта такси алып барам, есік алдына шық.

– Е, не боп қалды?

– Шаруа бар.

Дымы құрыған Жантуар он минутті өткізіп сыртқа шыққа, Шәмшігүл тосып тұр екен.

– Найқалып, тіпті шықпай қойдың ғой, – Шәмшігүл даусы сондай қытымыр.

– Ия, төтеннен кездескен не шаруа? Аманшылық па? – деп Жантуар қайталап сұрады.

Жауап орнына Шәмшігүл шоферға ым қақты. Қайда баратынын білетін болса керек, көк «Волга» сырғанай жөнелді.

– Құдай-ау, қайда бара жатырмыз, айтып өлтірмейсің бе, Шәмшігүл? – Жантуардың даусында жалыныш бар.

– Бір шаруаға белімді бекем байладым.

– Не шаруаға?

– Бала асырап алам.

Жантуардың бұл мүлде ойламаған нәрсесі екен. «Бала асырағанда...» дегенше болмады, машина айналасы бау-бақша, екі қабат үйдің алдына келіп тоқтай қалды. Жантуардың көзі маңдайшадағы жарнамаға түсті: «Балалар үйі». Қанша ойланбадым десе де, осы бір екі сөз Жантуардың жан-жүйесін тебірентіп кетті. Тұлдырсыз бір ой... Демалыс күні мойныңа отырғызып, паркке барсаң, зоопаркты араласаң... Тіпті басқа қызық-қылығын былай қойғанда «папа...» деген бір ғана бала даусының өзі неге тұрады?! Жантуар, міне, отыздан асып барады. Өзі «папалаудан» қалғалы талай заман. Ал күні бүгінге дейін мұны «папалаған» бір пенде жоқ. Өткен жылы басқа қалада тұратын бір жолдасы екеуі көшеде келе жатыр еді. Бір бала кенет «папалап» дауыстап жіберген. Ойыны ойын, күлкісі күлкі, мәз болып келе жатқан әлгі жолдас оқыс тоқтап, жалт бұрылды. Жүрегін басты.

– Уһ, Болатым келіп қалған екен десемші! – Содан кейін Жантуарға туралап қарап, – білесің бе, дүние жүзіндегі бала атаулы бір-ақ дауыспен папалайды, – деп еді. Әрине Жантуар бұл сырды білмейтін. Сол себепті де «папалаған» бала даусына қайрылмаған. Жантуардың ойына осы оқиға түсті. Дүние жүзінің баласы бір-ақ дауыспен папалайтын болса, өз нәсілің бе, басқаның нәсілі ме, не тұр онда. Әңгіме шын аталық,

шын аналық махаббатпен тәрбиелей білуінде ғой. Өзің біреуді «папа» демесең, немесе, біреу сені «папа» демесе бұл дүниенің сәні не!

Бір сәтте осылай толғанған Жантуар машинадан көңілді түсті де:

– Шәмшігүл, сен керемет ақылдылық жасадың, – деп әйелінің қолтығынан алды. – Жарайсың, жаным!

Ақ халат киген бір жас әйел бұларды күлімдей кездестірді.

– Ә, келіңіздер, сіздерге бала керек қой? Онда былай қарай, – деп жол бастады. – Әрине, керегі ұл бала болар?

– Ия, ұл бала...

– Жоқ, ұл бала емес, қыз бала, – деп Шәмшігүл Жантуарды түзеп қойды, – ұл баланың азабы көп болады.

Тәрбиеші дәлізге ұқсас, қатарлап жиырма шақты койка қойылған бір бөлмеге бастап кірді.

– Мұнда ұл балалар, ал қыз балалар осының ар жағындағы бөлмеде.

– Ендеше соған алып барыңыз, – деп қозғала берген Шәмшігүлдің Жантуар қолынан тартты.

– Мына баланы қарашы.

Кіре берістегі ең шеткі койкада дөңгелек жүзді, көзі қап-қара бір бала отыр екен. Екі шекесі торсықтай аппақ. Сүп-сүйкімді.

– Ұл баланың керегі жоқ дедім ғой мен саған, – деп Шәмшігүл ілгерілеп кетті.

Жантуар кереуетке еңкейіңкіреп:

– Атың кім? – деп сұрады.

Бала мұңлы көзін туралап:

– Болат, – деп жауап берді.

– Болат?! – деп таңырқады Жантуар.

Тәрбиеші:

– Ия, бұл баланың аты – Болат, – деп анықтап қойды.

– Болат, мамаң қайда?

– Міне, тұр ғой, – деп Болат тәрбиешіні көрсетті.

Тәрбиеші бала қылығына разы болып кетті де, торсық шекесінен сүйіп, басын сипады.

– Сондай ақылды: Үш-ақ жаста, елуге дейін санай біледі.

– Ал, папаң ше? Папаң қайда?

– Папам ба?.. Папамды білмеймін, – деді Болат орнықты түрде үлкен кісіше.

Осы кезде Шәмшігүлдің «Ау, Жантуар, жүрсейші!» деген даусы естілді. Жантуар қозғала беріп артына қарады. Бала Жантуарға тесіліп қалыпты.

– Папам бал ғой... Папам елтең келеді.

Жантуардың жүрегі бір түрлі болып кетті. Амал не,

Шәмшігүл тағы дауыстаған соң тұра алмады, әйелінің соңынан

қыздар бөлмесіне өтті. Бұл бөлме де әлгі ер балалар бөлмесіне ұқсайды екен. Қатарлап қойылған кішкене темір койкалар. Үсті жұпыны болса да, сондай таза. Балалар әр жерде үйір-үйір шоқталып ойын үстінде. Шәмшігүл соларға онша жақындамай алыстан көз салып, шолып өтті. «Мына бала ше?» «Ана бала ше?» деген Жантуар сөзіне құлақ сала қойған жоқ. Бөлменің арғы шетіне барған соң:

– Мен ойлаған бала мұнда жоқ болып шықты, – деп жеңіл күрсінді.

Жантуар далаға шыққан соң әйеліне жақындап келіп тағы қолтығынан алды:

– Құдай біледі дейін, ана Болат деген бала бар ғой гений болады.

– Оны неден білдің? – деп Шәмшігүл мырс етті.

– Сөйлеген сөзінен. Тіпті үлкен кісі секілді.

Шәмшігүл сықылықтай күлді.

– «Данышпандықты бақырғанына қарап айыратын болса, онда есек сорлы бәйгенің алдында келген болар еді» деген шығыс мақалы бар еді. Соның керін жасадың ғой.

Басқа сөз таппаған Жантуар:

– Маған бала ұнады, – деді.

– Маған ұнамады ендеше.

– Неге ұнамады? – деп қадалды Жантуар.

– Мұрыны...

Енді Жантуар мырс етті.

– Өз мұрның оңып тұрғандай...

– Оңып тұрмаса, неге соқтықтың? Күйемін де өлемін деп соңымнан қалмап едің ғой.

– Себебі, маған осындай таңқы мұрындар ұнайды.

– Ал маған ұнамайды. – Шәмшігүл өтіп бара жатқан бір таксиді тоқтатты да отырып алды. – Ал мінуші ме едің?

– Шәке, әдейі келдік қой, ана баланы алып кетейікші.

– Мін дедім ғой машинаға!

Жантуар ашуға булығып, түйіліп қалды.

– Жоқ, мінбеймін ендеше. Жүре бер өзің.

Дегенін істеттіріп үйреніп қалған Шәмшігүл қайталап сөз қатпады, жүріп кетті.

Көңілі құлазыған Жантуар, бір сәт көшкен жұртта қалған басы артық нәрседей мелшиіп қалды. Содан кейін әлденеге қолын бір сілтеді де жүріп кетті. Жұмысқа барды. Онда да өңі қашып, бір түрлі болып отырды. «Жәке, не болған сізге?» дегендерге жауабы қысқа.

– Жүрегім шаншып, мазалаңқырап тұрғаны.

Жұмыстан кейін де Жантуардың көңіл күйі өзгермеді. Ұзақ жүріп, көше аралады. Шала таныс біреулер кездесіп еді, ресторанға алып барды. Сөйтіп үйіне түннің бір уағында оралды.

Он екі жыл ішінде бір рет бейсеует жүріп көрмеген күйеуінің мына қылығына Шәмшігүл аң-таң, ұйықтамаған, күтіп отырған.

– Жантуар, қайда болдың?

– Мен Жантуар емеспін! – Жауап осы.

– Қайда болдың деймін?

– Болатқа бардым. Болатты алып келдім. Болат әне сыртта тұр.

– Сен әкелуді ғана білесің. Сосын бар сабытын маған салмақсың, ә?! Ондай тәлкекті қой, шырағым! Бала керек болса, денім сау, өзім де тауып ала алам.

Жантуар ұшып тұрды. Көзі қанталап кеткен.

– Ә, солай ма?

Жантуардың мына түсінен шошынқыраған Шәмшігүл:

– Жә, жат енді төсекке барып, дем ал. Бұрын істемеген кәсіпті істеп, сылқиып келіпсің ғой...

– Менде төсек жоқ бұл үйде, – Жантуар осы сөзді нықтап айтты да, ескі-құсқы бірдемелерді алып балконға барып қисайды. Ғажап бір түстер көрді. Бір қызығы, Жантуар отыз екі жыл Жантуармын деп жүрсе, Жантуар емес, кешегі балалар үйіндегі Болаттың папасы екен. Қатты қиналды: Азамат басымен жалғыз Болатын балалар үйіне қалайша берді? Соны түсінбей дал. Жоқ, бұл бір жай жаңсақтық. Болат балалар үйінде емес, өз бауырында болуға тиіс. Екі өкпесін қолына алып, ұшып келеді. Ұшып келеді. Жолда бір бейтаныс адам: «Ей, Жантуар, қайда асығып барасың?» – деп айқайлады. Қайырылған жоқ. Жантуар дегені кім еді шіркіннің? Алдында балалар бақшасы. Табалдырықта ақ халат киген кешегі тәрбиеші. Жақындап келсе, тәрбиеші дегені – Шәмшігүл.

– Сізге кім керек? – деп көлденеңдей берді. Өңі сұсты. Даусы қатал.

– Маған Болат керек. Мен Болатыма келдім.

– Кімі боласыз Болаттың?

– Мен Болаттың папасы боламын.

– Атыңыз кім ендеше?

– Атым ба? Атым... – қара басып атының кім екенін ұмытып қалғаны. Жоқ, ұмытып қалмапты. Атының кім екенін білмейді тіпті.

– Атым ба? Атым... Болаттың папасы.

– «Болаттың папасы» деген ат болмайды, – деп Шәмшігүл мұның кеудесінен итеріп, кейін ығыстыра берді.

– Неге болмайды, болады «Болаттың папасы» деген ат, мен Болаттың папасымын!

Қатты шыңғырып, айқайлағаны сондай, Жантуар өз даусынан шошып оянды. Шашырай шыққан күн басына түсіп, әбден терге шомылыпты.

Жантуар қарғып тұрды. Тез-тез киініп, бір шашке қара кофе ішті де, есікті қаттырақ жауып далаға шықты.

– Таң сәріден қайда тұрып барасың? – деген ұйқылы-ояу Шәмшігүлге жауап қатқан жоқ.

..Кешегі тәрбиеші жас әйел тағы да ықыласпен қарсы алды.

– Сіз Болатқа келдіңіз бе?

Жантуар басын изеді.

– Қайтіп келетін шығар деп ойлап едім өзім де, – деп тәрбиеші жол бастады. – Болат жаңа ғана тұрды, тамағын ішіп отыр.

Жантуар асхананың есігінен сығалады. Болат кешегідей шетте емес. Көп баланың нақ ортасында. Өзге баладан өзгеше тіпті. Жұп-жұмыр, білезіктеніп келген сәби қолымен қасық ұстап, аузына апарғаны, сосын бұлтаңдатып шайнағаны тіпті қызық. Болмашы тірлік азабын ұмытып үлгірген Жантуар бала қылығына мүлде тебірене беріліп, күле қарап тұрып қалды.

Болат бір кезде тамағын ішіп болды. Сосын қағаз салфеткамен аузын сүртті. Сосын даяшы қызға «лахмет» – деп орнынан тұрды да, томпаландап жүріп кетті.

– Болат, бері кел! – деп шақырды тәрбиеші, – сен «менің папам ертең келеді» – деп едің ғой. Міне, папаң. Саған келіп тұр.

Болат жақындай беріп, сәл аңырып қалды. Содан кейін Жантуарға оты бар кішкене қара көзімен қаймықпай тіктеп қарады.

– Папа?!

– Ия, Болатжан, мен сенің папаңмын. Танымай қалдың ба? Келе ғой бері, – Жантуар жүрелеп отыра қалып қолын жайды.

Жантуардың көз жанары мен нұрындағы шын әкелік мөлдір махаббат бала жүрегіне осы сәтте жетті білем. Болат ұмтыла берді.

– Папа, сағындым ғой, сені, папатай!

– Сағынсаң, келдім, міне, құлыным. Біржола алып кетейін деп келдім. – Жантуар Болатты жерден көтеріп алып құшырлана сүйіп сәл тұрды. Содан соң мойнына отырғызды да, сол бойда далаға шықты.

Аспан ап-ашық. Көк жапыраққа малынған айнала таңғы самалмен баяу тербеліп, шайқалады.

– Дүниеде құрығанда үйі құрысын, дүниесі құрысын. Он екі жыл тұрған үйшігіме қайтып баруға бармын. Тек қасымда Болатым болса жетті, – деп күбірледі Жантуар. Манағы шашырап туған күн ұйқысынан енді оянып дағдылы тірлік қамына кірісе бастаған кең көшенің сонау маңдайына ілігіп көтеріліп барады.

Жантуар Болатты мойнына отырғызған бойы, сол қасқа күнді бетке алып адымдай басып жүріп кетті. Бар күйкі тірлік азабынан құтылған көңіл алабұртып әкелі-балалы екі ғазиз жанды жаңа бір жарқын соныға жетелеп бара жатқандай.

1970

МӘЖНҮН ТАЛ

Ол кезде Бағдан аты шыға қоймаған жас суретшілердің бірі ғана болатын. Көркем училищені бітірген соң бірер жыл осы Алматы қаласында қызмет істеді. Бір үлкен суретшінің көлеңкесінде жүріп салынып жатқан сарайларды, жаңадан ашылып жатқан ресторандарды өрнектеді. Бір ғажабы – көп идеялар мұнықі болса да, сол идеяларды бұл өзі өз қолымен жүзеге асырып жүрсе де, атақ-абырой жаңағы үлкен суретшінікі болып шығатын. «Өрнектеріңде тапқырлық бар екен. Жақсы. Ұнаттық», – деген жылы сөздер де, газеттегі ресми пікірлер де жаңағы үлкен суретшіге арналатын. Неге екенін кім білсін, о да: «Жоқ, бұл жұмыс менікі емес, Бағдандікі еді», – деп жатпайды. Бәрін де өзіне қабылдайды. Тіпті оңаша бір сәттерде де бұған келіп кешірім сұрап көрген емес. Содан ба, Бағдан да басында: «Бұл қалай?» – дегенімен, кейін келе көндіге бастаған-ды. Өйткені ана суретшінің бедел-атағы болмаса, ондай мақтаулардың болмайтынын бұл да білетін.

Өстіп жүріп жатқан еді. Бір ретте Жамбыл қаласына жол түсті. Сол сапардан әсерленіп қайтқаны сондайлық, келе салып үш-төрт айдың ішінде «Айша Бибі» деген үлкен полотно жазды. Өзі де ойлаған жоқ. Жұрт дүрілдетіп әкетті: Біз Бағданның талантын білетін едік. Оның сарай, ресторандардағы қолтаңбасынан қабілет-қуатын танып, бағалаушы едік. Міне, сол ұғымның айғағындай болып жас дарын жаңа бір қырынан танылып, жарқ етті.

«Айша Бибі» – Бағданның тұсау кесері болды. Осыдан кейін оның аты жиі аталды. Даңқы жайыла бастады.

Бағдан бір әдемі қызға үйленді. Бала сүйді. Бір сөзбен айтқанда оған кәдуілгі қала тұрғынына лайықты тірлік құруға жол ашылды.

Бағдан көлденең жүрісті білмейді. Ермегі де, қызметі де өзі қуған осы өнер. Сол себепті көп жазады. Жазғандары айқай-шусыз өтеді. Артық мақтап жатқан ешкім жоқ. Сонымен қатар шұқшия жамандап, сынайтындар да кездесе бермейді. Күнделікті күйкі тірлік секілді: дұрыс екен, қабылдайық. Ұсыныс осы. Жазған дүниелері бәлендей кедергі-кілтеңге соқпай өтіп жатқан соң, Бағданның тұрмыс күйі де жөнделіп қалды. Аз жылдың ішінде қатардағы үй – дүние құрап, енді дәулетті семьялар тобына кірді. Басында үлкен суретшілермен кездескенде иеніңкіреп жүретін жұбайы Сәлима да енді қаракөлден тон, норкадан бас киім киіп, «мен кәне, қайыссыңнан кеммін» дегендей төрге қарай ұмтылыңқырайтын болды: әңгіме жаста емес, сіңірген еңбекте, талантта. Таланты зор адамдар қашанда жұрт көңілінде екенін ол жақсы біледі.

Бір ретте Бағданға тағы бір жол түсті. Ол тұңғыш рет суретшілердің Бүкіл одақтық съезіне делегат болып сайланды. Қайтар жолда жұрт самолетпен аттанып жатса, Бағдан асыға қоймады: Съезд әсерлерін

саралап жүйеге келтірейін деді ме, әйтеуір билетті поезға алды. Шынында да осынысы ақыл болған екен, жол үстінде болашақ шығармаларының жайын ойлап, әр түрлі эскиздер жасап, біршама іс тындырып тастады.

Поезд Жамбылға келді. Бағдан бой жазайын деп сыртқа шығып еді, осы вагон алдында бір топ жастар тұр екен. Кімдер екенін бұл танымаса да біреулері бас изеп амандасқандай болды. Әрі өтіп бара жатқанда: «Мынау Бағдан ғой. Қазіргі суретшілердің ішінде ауызға жиі ілініп жүргені», – деген сыбырды құлағы шалып та қалды. Бағдан артына бұрылып қараған жоқ. Жай езу тартты да әрі өтіп кетті: талай жерде талай-талай естіген, құлағының еті үйрене бастаған сөздер. Сөйтсе де құдай тағала бұған талант беріп, былайғы жұртты өзіне аздап болса да табындырып қойғанын шүкіршілік еткендей, көңіл шіркін марқайып, мерейі үстем болып, жүре берді. Өзіне деген осы бір өз ырзалығымен біршама перронда жүріп купеге келсе, қарсы орында жайғасып жатқан бір қызға көзі түсті. Шамасы әлгі топ осы қызды шығарып салған болу керек, Бағдан кіргенде бұл да сыпайылықпен бері бұрылып сәл жымиып сәлем етті.

– Қысылмаңыз, жайғаса беріңіз, – болды Бағданның алғашқы сөзі.

– Рақмет, – деді қыз естіртер-естіртпес етіп. Содан кейін жонын бермей, бір қырындау тұрып, төсек-орнын реттеді. Бағдан: «Ибалы қыз екен, әдептісін қарашы. Танымайтын адамы болса да жонын берудің жөн емес екенін жақсы біледі», – деп ойлады.

Қыз сыпайылығы ештеңе көрмеген ауыл қызының ұяңдығы емес екен. Оған көп кешікпей-ақ Бағданның көзі жетті. Сапарлас көрші жайласып болған соң, Бағданға тура қарап:

– Жолым болады екен. Сіз менің түсімде де көрмейтін адамымсыз ғой. Міне, көрмейсіз бе, бір купеде баратын болдық, – деді оқыстан.

Қыз сөзі екі ұшты: даңқты адаммен кездесіп танысқанына ғана қуана ма? Әлде сол даңқты адаммен танысқандығының үстіне бір купеде бір күн Алматыға дейін оңаша баратынына қуана ма? Түсініп көр. Бірақ Бағдан болам деп әлі бола алмай келе жатқандықтан ба, алғашқы ұшқа көбірек ден қойды. Айна алдында өзін-өзі тамашалайтын сұлуларға ұқсаңқырап:

– Сіз мені қайдан білесіз? – деп сұрады.

Қыз жымиып күлді.

– О, сізді білмейтін жан бар ма! Сізді не надан, не болмаса, көзі шын көрмейтін соқыр ғана білмеуі мүмкін. Ал менің көзімнің барлығына сіздің көзіңіз жетіп отырған шығар деп ойлаймын.

Жұбайы Сәлима секілді даңқ деген дертке аздап болса да, өзі де шалдыға бастаған Бағданға «менің көзім», «сіздің көзіңіз» – әзіл болса да ұнай қойған жоқ. «Қалай десең де ауыл-үй арасынан шыққан қыз

балалар қанша әдепті болғанымен өстіп әзілдерін «тұздықтаңқырап» жіберетін әдеті емес пе?» – деген жұбату тауып, оның өз қаруын өзіне қолданбақ болды:

– Ал менің көзімнің барлығына сіздің көзіңіз анық жете ме?

Қыз тайынбады:

– Анық жетеді.

– Дәлел?

– Көзіңіз болмаса суретті қалай сала аласыз. Керең композитор музыка шығарады дегенді естігем. Себебі «внутренний голос» деген бар. Қазақша қалай десем екен? «Жады» деген дұрыс. Өйткені кейбіреулердің «ішкі дауыс» деп аударуында түк мағына жоқ. Ал соқырдан да суретші шығады, көзі жоқ адам да сурет салады екен дегенді естісем құлағым керең болсын.

Сапарлас көрші сөзі әзіл болса да түйеден түскендей тым ірі секілді: айталық, таныспай жатып «құлағым керең болсын» деп қарғанудың не керегі бар? Содан ба, Бағдан іркіліп қалды.

– Енді таласпайсыз ғой? – деп қыз тіктеп қарады. Жанарында ұшқындап тұрған от бар секілді. Сыйлауы болғанымен «жасы үлкен, даңқы зор» екен деп қаймығуы жоқ.

Жоқ, Бағданның таласқысы келді: ең алдымен «жады», «жадында» сөзі дұрыс емес. «Көкірегі», «көңілі» – деген жөн. «Көңілі ояу», «көкірегі ашық» деген бар емес пе. – Атам заманда естіген дыбыстың кейде көңіліне оралып, құлағына ызыңдап тұратыны болады ғой. Сол секілді ертеде бір көргеніңді де көзіңді жұмып, көз алдыңа келтіре аласың. Олай болса, соқырдың да сурет салуына болады. Соқырлар қоғамындағы басырлардың істемейтіні жоқ. Соның бәрі көкіректің ояулығы. Бағдан қызбен осылай таласқысы келді. Бірақ таласпады. Өйткені бір ұлы композитордың ең ұлы шығармасын керең кезінде жазғанын білгенімен, соқыр суретші болған дегенді естіген емес-ті. Оның үстіне даңққа бөлене бастаған жолында туған шамшылдығы, кіділігі болмаса, қанша дөрекі айтылды десең де қыз әзілі мұның өз пайдасына шешіліп жатыр ғой. Іркіліп қалған Бағдан жаңағы от шашып тұрған өжет көзге қайта қарап еді, достық, татулыққа шақырып тұрғандай көрінді. Қаймықпай тік қадалған көзде жылылық, әдемілік, өзіне тартар сиқырлы күш бар екен. Құдіретті күш. Осыны сезінуі-ақ мұң екен, жігіттің арқасы мұздады: әлгі бір кесірлі ойдың жетегінде кетіп бірдеме деп тастаса суретші деп мақтан тұтып, бір купеде келе жатқанын дәреже санаған қыз алдында ақымақ болып қалатын еді ғой.

– Әрине таласпаймын. Өйткені сіз мені қандай білсеңіз мен де сізді сондай білемін, – деді Бағдан. Бірақ мұнысы балалардың ойыны секілді екенін өзі де анық түсінеді. Түсіне тұра айтты. Сөйтсе де әсерсіз де шықпаған секілді. Қыз «қайдан білесіз?» – дегендей таңырқай қарады.

– Сіз Әспетсіз.

Қыз кейпінде әлгі сұрақ: Иә, ал сосын?

Бағдан мүдіріп қалды. Өйткені жаңағы бір топ жастар арасында: «Әспет, ренжіме, өмірде не болмайды. Әспет, барған соң хат жаз», – деген секілді сөздерді естіген соң. «Сол Әспет дегені осы шығар», – деп төтелеп жібергені болмаса басқа не біледі?

Қыз кейпіндегі таңырқаумен сұрақ өте берді:

– Атымды әлгі шығарып салғандардан естідіңіз ғой. Әйтпесе мені қайдан білейін деп едіңіз, – Қыз өңіне жанағы бір жылылық қайта оралды. – Ал мен болсам сізді көбірек білем. Сіз салған «Айша Бибі» көпке дейін біздің үйдің төрінде ілулі де тұрған.

Бағдан бойындағы даңқ құмарлық әрі қуантып, әрі шошытып тастады.

– Неге көпке дейін? Қазір ше?

Әспеттің жүзінде реніш көлеңкесі жүгіріп өткендей болды.

– Ол бір ұзақ хикая.

Неге сұрадым деп өкінді ме, әлде қыз реніші әсер етті ме, Бағдан күрсініп қойды. Әспет бірақ тез жадырады.

– Неге күрсіндіңіз?

– Өзім де білмеймін, – деп Бағдан күлді.

Қыз іркіліп қалды. Сол сәтті пайдаланды ма, Бағдан оған қабақ астынан ұрлана қарады: Бір ғажабы – басында жүре көз салғанда он жеті-он сегіз жасар қыз секілді болып көрінген Әспет, байқаса, енді жиырмалардан асқан әйел екен. Суретшіге тән қырағы көз бірден таныды: өңінде әжім болмаса да, балалық пәктік, наушалық емес, құрсақ көтерген, өмір көрген әйелге тән іздер жатыр. Сөйтсе де тартымды кескін. Осы төңіректің қазақтарына тән дөңгелек бет, қысық көз торы емес, ат жақты, қыр мұрын, ақ сұр. Тағы бір байқағаны – өңінде бір мін, дақ жоқ. Түп-түгел әлдебір асыл заттан құя салғандай. Тік жарлауыт та емес, жә болмаса кемерсіз өзен жағасындай жайпақ та емес, әдемі біткен қабақ астындағы көздерде ыстық құмарлық та, тентек ашу да бар. От пен мұз ебін тауып қатар қонғандай.

Ал ана парасатқа біткен әрі кең, әрі биік маңдайдан иегіне қарай жіңішкере түскен екі жақ мысқалдап өлшеп тең соққан зергер қолынан шыққан секілді. Сондай мінсіз. Осы әдемі келбетке орай дене бітімі де жарасты. Шығыңқы кеуде, биік мықын, аш қарын. Күнәлі бір ой: тыржаланаштап картина жазар ма еді! Қанша мақтаса да қайта дәуірлеу кезіндегі жалаңаш мадонналар Бағданға ұнай бермейді. Ол әйелдердің бар сызық-линиялары, қимыл-қозғалыстары қанша жұмсақ болғанымен қарын бітімдері сарықарын әйелдердікіндей шығыңқы келеді. Бір досының бір әдемі талдырмаш келіншек көрсе: «Аш белінен қысар ма еді!» – деп тамсанатыны Бағданның есіне түсті. Аш

бел! Қыпша бел! Құмырсқа бел! Шіркін, қазағың да сұлулықты тани білген-ау!

Кенет қыз даусы шықты:.

– Ал қалай, Бағдан аға, зерттеп болдыңыз ба мені!?

Қанша білдірмеймін десе де Бағдан сезімін сұңғыла қыз сезіп қалыпты.

Табиғатында сыпайы Бағдан:

– Кешірім сұраймын, – деп қысылыңқырап қалды.

– Кісі мүсінін зерттеу сіздердің машықтарыңыз емес, кәсіптеріңіз ғой. Ерсілігі жоқ. Машығы бар да, кәсібі жоқ біреу болса, сазайын берген болар едім.

Қыз жауабы тағы оқыс. Тапқырлық пен білгірлік те, тентектік те бар. Қараған үшін де сазайын бермек! Бірақ қараудың да қарауы бар ғой: жай ат үсті қарау... көз ала алмай қызыға қарау... ішіп-жеп тесіле қарау... өліп-өшіп құмарта қарау... тағы, тағы қараулар. Әспет жауабына қарағанда Бағдан қарауы да жай әншейін қарау емес, соңдай бір ерсі сынай қарау болса керек. Жігіт соған қысылды. Қызық – жаңа ғана жасының біршама үлкендігімен, атының зорлығымен мысы басып тұрған Бағдан енді қыз ырқына түсіп, пұшайман болып қалғанын өзі де байқаған жоқ. Сол қолайсыздықтан шыққысы келді ме:

– Мен алыс сапардан келе жатқан адаммын ғой. Ресторанға барып тамақ ішсек қайтеді? – деді.

– Аға шақырса неге бармайын, барам.

«Неден болсын тайынбайтын пәле ғой мынау», – деген оймен Бағдан орнынан көтерілді.

Бір жақсысы, вагон-ресторанда кісі аз екен. Қолайлы деген бір столға келіп, әуелі Әспетті отырғызды да, Бағдан өзі қарсы бетке жайғасты. Ол енді сақтаныңқырап көз салып еді, таң-тамаша: әлгінде ала көленкелеу купе ішінде ескі өңділеу сияқтанып көрінген Әспет мына жарық ресторанға келгесін бе, әйтеуір құлпырып кеткен. Манағы қырағы көз байқаған сұлулық нышандары мына жерде суретші түгіл жай адамның өзі де байқай алатындай көзге ұрып тұр. Көзі қоңыр емес, қап-қара, мөп-мөлдір. Қаны тереңде жатқан аппақ балғын өң. Аппақ. Қапқара. Осы ақ пен қара керемет үйлестік тауып, бірін-бірі аша түскен, айқындап құлпырта түскен. «Апырау, құрсақ көтерген әйел» деген ұғым қайдан келді осы маған», – деп ойлады Бағдан.

– Ал не ішесіз?

– Сіз не қаласаңыз, соны... – деді Әспет.

– Мен арақты қалаған болар едім...

– Жоқ мен арақ ішпеймін. Жиіркенем.

– Жиіркенем?

– Иә, жиіркенем. Ішкен адамдардың ақымақтығын көріп тойғанмын.

– Енді не? Шампан?..

Әспет ойланыңқырап барып:

– Жарайды. Көңіліңіз үшін... бір фужер. – Бокал да, немесе орыс тілін шала білетін, бірақ «білем» деген көкірекпен сирек қиын сөздерді қисайтып айтатын кейбіреулердің фужоры да емес, фужер. Әрі екпінді «е» әрпіне» салып әдемі айтты. Бағданның бұдан түйгені – Әспет орыс тілін жақсы біледі. Оның үстіне қаланың білімдар қауымының жақсы дәстүрінен де хабары бар. Сыпайылап шампан ашқан жігіт жаңағы білімдар қала қауымының ғұрпы бойынша әуелі өз бокалына бірер тамызып, содан кейін шампанды қыз бокалына аса мөймілдетпей, толтыра құйды. Әспет бұл кілтипанды да біледі екен. Ырзалықпен басын иіп жымия күлді.

– Рақмет, аға...

– Ал, таныстық үшін, Әспет. Сіздің келешегіңіз, бақытыңыз үшін...

Қыз өңі өзгеріп кетті.

– Не келешек, не бақыт бар дейсің енді...

– Жап-жас басыңызбен мұныңыз қалай? – деп таңданды Бағдан.

Әспет «өзім де білмеймін» дегендей иығын қақты. Бағданның ойына манағы «Айша Бибі» туралы әңгіме тағы оралды. Көпке дейін ілулі тұрған картина неліктен алынып қалған? Неліктен ол бір ұзақ хикая? Қызды мына бір ауыр халден шығарғысы келді ме, жігіт енді әңгіме тақырыбын соған аударды.

– «Айша Бибі» не, ұнамады ма? Неге алып тастадыңыздар?

Қыз тағы да сұраққа оқыс сұрақпен жауап берді:

– Шыныңызды айтыңызшы, «Айша Бибі» өзіңізге ұнай ма?

Жігіт қыз қаруын тағы да өзіне жұмсады.

– Сізге ше?

– Шынымды айтайын ба?

– Шыныңызды айтыңыз.

– Шынымды айтсам, бұл картина маған мүлде ұнамайды.

Бағданның төбесінен жай түскендей: дүйім жұрттың аузында жүрген, «талантты суретші» деген атақ әперіп, мұны даңққа бөлеп келе жатқан картина мына бір шөп желкеге ұнамайды. Кім өзі бұл соншама?! Бағдан қыстығып ашуланыңқырап қалды. Бірақ құдай берген төзімділік артық сөзге жіберген жоқ. Бірдеме десе Әспет тұрады да жүре береді. Сонда не ұтады? Кейінгі сәтте ақылға салып сабасына түскен жігіт:

– Е, сол ұнамағандықтан екен ғой алып тастағандарыңыз. Бірақ ұнамайтын картинаны көпке дейін іліп қойғандарыңызға қайранмын.

– Алып тастаудың себебі мүлде басқа.

– Соны айтпайсыз ба ендеше?

– Бұл жерде айта алмаймын.

Бағдан қайтсе де Әспет жүрегіне кілт тапқысы келді.

– Олай болса неге ұнамайтынын айтыңыз.

– Айту үшін қояр шартым бар.

– Қойыңыз.

– Неге ұнамайтынын дәлелдеуім үшін жұрт болып мақтан жүрген, сізге даңқ әкелген картинаны мен сынаймын ғой. Ал сын атаулының сіздерге жаға бермейтініы мен жақсы білем. Шартым – бұл жерде суретші Бағданнан азамат Бағдан биігірек тұрса екен деймін.

Бағдан Әспетке қарап еді, суретшінің қырағы көзі тағы да дөп басты: қыз кейпінде жырынды қулық бар: шыдасаң, шыда, шыдамасаң, өзің біл. Бағданға манағы күдік тағы оралды: «Жоқ, мынау құрсақ көтерген әйелдің өңі». Кенет жігіт күлді. Бар шаруа соған ғана тіреліп тұрғандай, өз ойының болымсыздығына күледі. Бұл күлкіні өзінше қабылдаған Әспет те езу тартты.

– Жақсы, көндім... – деді Бағдан.

– Көнсеңіз, бірінші сұрақ: Жұртқа мәлім Айша Бибі күмбезінің қазір бір-ақ қабырғасы ғана қалған ғой. Ал сіз бүтін күмбез етіп шығарыпсыз. Неге?

Манадан бері мына қыз бұлдірмесе жарар еді деп көңілі төп болып отырған Бағдан қуанып кетті. Талайлар қойған, жауабы дайын сұрақ бұл.

Айша Бибі сегіз ғасырдан астам уақыт бойы халық жүрегінде. Оған деген ел махаббатын тот баспақшы емес. Менің күмбезім бүтін болып шықса, оны халық махаббатының ойып алған үлгісі деп біліңіз. Қай суреткердің болса да қиялдауға еркі бар. Бұл – символ.

Әспет, тегі, автордың бұл түсіндірмесін естіген болса керек, сықылықтай күлді.

– Ал сонда сіз неге сүйендіңіз? Жоқ үш қабырға мен төбені қайдан таптыңыз?

Бағдан сәл қабақ шытты:

– Оу, сіз менен емтихан алмақсыз ба? Одан да айтам деген сынызды айтыңыз.

Әспет жауабы бұл жерде де орнықты:

– Бұл емтихан емес, автордың түпкі ойын түсіну. Ал автор ойын түсінбей айтылған сынның бәрі жаңсақ. Сыншы мен шығарма тіл табыса алмайды ондайда.

Бағдан отырып қалды: мына қызбен ойнауға болмайды. Өйткені Әспет сөзі қай өнер иесінің болса да сыншыға қояр бірінші талабы.

– Ә, онда айтайын: Аңызға сүйендім.

– Қандай аңыз?

– Тектұрмас деген батыр... Айша Бибі сұлу қалыңдық. Тектұрмасқа жетуге бір күншілік жер қалғанда сол күмбез көтерілген жерде, қаза болған...

– Екеуі де арманда кетті дессеңізші?...

– Иә, арманда кеткен, – деп Бағдан күрсінді. – Сонда ел сүйген батыр халқын жинап ғасырларға аңыз боларлық күмбез соққан. Соған орай разы болған халқы да Тектұрмас қоныстаған тауды Тектұрмас тауы деп атапты.

Әспет алдындағы шампан құйылған бокалды ерніне апарып болар-болмас таңдайын жібітті де:

– Міне, ойыңыздың мешеулігі осында, – деп қойып қалды.

Бағдан қызарып жүре берді. Жүрегі лүпілдеді. Тұра беріп шапалақпен тартып жіберсе қайтер еді?! Жоқ жолдас суретшім, сабыр, сабыр ет. Сен ел адамысың. Кім біледі, осы ресторанда отырғандардың ішінен де өзіңді танитындар табылып қалар. Жол-жөнекей кездескен әйелмен шатасып, ақымақ болма. Мүмкін есі ауысқан біреу шығар. Жұрт күлкі етеді. Ашуын осылай ақылға жеңдірген Бағдан сәл кідіріңкіреп барып:

– Құлағым сізде. Айта беріңіз – деді сабырлы қалыпта.

– Ойыңыздың мешеулігі, – деп, Әспет баса қайталады. – Мұның несі Айша Бибі? Бұл Қозы Көрпеш – Баян сұлу емес пе?!

Бағдан шалқая отырды. Тағы да қан тепті ме, шекесі шыңылдап, көз алды буалдырланып кетті. Қарсы бетте еңкейіңкіреп отырған Әспет мүлде бұлдырап алыстап бара жатқандай: Ұйықтаса түсіне енбеген ой. Қыз даусы тағы естілді:

– Бар айырмашылығы: Анда Қозы, Баян болса, мұнда Тектұрмас, Айша, анда күмбез тағылық стильде шошақ болып келсе, мұнда Орта Азия стилінде жұмырлау. Бары осы. Не жаңалық айтқыңыз келді осымен? Картинаңызды көрген адам қандай ой түймек?

Бағдан есін жиды. Біреу-міреу өз шығармалары жөнінде бірдеме дей бастаса, ішінде жатқан, жай жатқан емес, барған сайын даусы нығыздалып келе жатқан ала күшік – дыбыс беріп ақырын болса да шәуілдей бастайтын ала күшік бұл жолы үндемей қалды. Не де болса шыда, Бағдан. Айтсын.

– Картинаңызда ой жоқ қой. Махаббат жоқ. Күмбездің өзін көрмей, картинаңызды көрген адам жақынырақ үңіледі де: «Е, әлгі, Айша Бибісі осы екен ғой» дейді де жөніне кетеді. Қозы мен Баянның ұлылығы – ол екеуінің арасындағы асыл махаббатқа тікен болып көлденең түскен зұлым күш – Қарабай, Қодарлар бар. Ал Айша болса, ғашығына келе жатып күншілік жер қалғанда дертке шалдыққан. Сөйтіп қосыла алмаған, арманда кеткен! Осы да сөз болып па? Өлімнен қашқан Қорқыт қайда олай болса? О да өлген еді ғой. Өлімді азалай беретін болсақ, күніміз не болмақ? Бір нәрсеге мен құдайдай сенем: егер осы күмбездің енді қайтып ашылмас жұмбақ сырында әлеуметтік бір мән, не халықтық бір трагедия жатпаса, құр өлім үшін қалдығының өзін жұрт тамашалайтын сұлу күмбез соғылмаған да болар еді. Керек десеңіз мен әлгі Қозы мен Баян күмбезін де жай

ғашықтарға арналған күмбез дей алмаймын. Халық арман қуалаған әманда. Сол арман жолында ұлы-ұлы хикая-дастандар дүниеге келген. Сол дастандарды еңіреп тыңдаған ата өз қызын лақша бақыртып, ұнатнағанының қанжығасына байлап жібергенде қолы қалтырамаған. Оны сіз де білесіз. Өйткені арман арман да, күнделікті тірлік күресі бір басқа. Фольклор халықтың сәби кезінде туған. Ал бүгінгі күннің адамдары сол фольклорға табынып, Айшадан Баянды жасамақ болса, онымыз сәбилік емес, надандық.

Бір ғажабы – басында бас асауша тулаған Бағдан көңілі мынадай ұтымды ой-пікірлерден кейін бір тыныш халге түсті: айта берсе екен. Тыңдай берсем екен. Рас, Бағданға ауыр-ауыр сөздер де айтылды. Мүмкін ондай сөздер басқа біреудің айталық, өзі тұстас ер адамдардың бірінен шықса, көнер ме еді, көнбес пе еді. Ал мына сөздер қыз аузынан шыққандықтан ба, ащы болса да пәк, таза ойлар секілденді.

Әспет мүдіріп қалды. Әлгі бір ашуланған кезінде шалқая отырған Бағдан сол қалпынан қозғалмаған екен. «Иә, жалғай бермейсіз бе», – дегендей жоғары қарап еді, көзі қыз көзімен түйісе кетті. Керемет, манағы қап-қара көздері үлкейіп алған. Аздап ішкен шампанның әсері ме, терең де жатқан қан тамырлары бері теуіп аппақ өңі сондай нұрлы, жарқын. Жаңағы «айта берсе екен, тыңдай берсем екен» деген жігіт ұғымын растағандай татулыққа, достыққа шақырған келбет. Ойламаған жерден оқыс кездескен қыз туралы сезім-пікірлерінің тоқтаспағанынан ба, дәл осы сәтте орныға бастаған жігіт көңілі суретшінің қырағы көзінен: «Неңді көріп отырсың, бұл әлі тұрмыс көрмеген пәк адам ғой, ал сен құрсақ көтерген әйел»,дейсің деп реніш білдіргендей болды. Бар қиын сәттерден аман өтіп, не айтылса да пайыммен тыңдауға бел байлаған Бағдан жүзіне тағы да күлкі жүгірді.

– Иә, айта беріңіз.

Бір кереметі – манадан бері Бағдан бақылаған бір жай: қаншама талап қойып, мініп ашып, сын айтса да, қыз қабағына кірбең ілінбегені. Қыз сөзінен пәктік барын аңғарғаны да содан болса керек. Қыз да жымиды.

– Сіз неге күлесіз? Әлде тілі жаңа шығып келе жатқан сәби сөзін қызықтайтын үлкен кісі секілді мазақтап отырсыз ба мені? – деп еркелей сұрады.

– Құдай сақтасын. Сөзіңізде ащы шындық бар, – Бағдан столға қайта үңілді. – Ал алып қояйық.

Қыз енді хрусталь болмаса да, шыны бокалдың сирағынан ұстап Бағдан бокалына нұқыңқырап, назбен соғыстырды.

– Мұны хрустальдің сыңғыры деп ұғыңыз, аға.

Бағдан күлді. Түсінер ме екен, түсінбес пе екен дей ме, әзілі әйтеуір астарлы.

– Сіз купеге келіп жайласқаннан бастап мен шыныдан хрусталь

сыңғырын іздегенмін. Ал таза хрустальдің өзінен шыны дыбысын да ести алмай отырған мына сіз ғой.

Әспет алғашқы рет сылқылдай күлді де:

– Аға, байқаймын, қу екенсіз, – деп сұқ саусағымен еркелей нұсқады, – шыны деп отырғаныңыз сонда мен ғой.

– Кім біледі, хрусталь да шығарсыз. Қайтсе де сіз секілді балақандарды алдауға жететін қулығымның бары рас.

– Ал қақпаныңызға түспесем ше? Түспеуге жететін қулық менде де бар болса ше?

– Қайда барам дейсің, түсесің ғой, – деп «сенге» қалай көшкенін Бағданның өзі де байқамай қалды. Қыз қабағына кірбең ілінді.

– Кімді болсын құртатын нәрсе, өстіп өзін-өзі алдарқату ғой. Ал өнер адамы үшін өзін-өзі алдарқату өлімнен де жаман.

Бағдан Әспетті сөзден жеңгісі келді.

– Өлімнен де жаман? Өлімнен жаман да бірдеме бар ма екен?

– Ойбой, ағасы, сіз тіпті мені шынымен бала санайсыз ғой деймін. Сөзіңіздің сыңайы солай. Басқаны былай қойғанда кейде жер басып тірі жүрудің өзінің де өлімнен жаман болатыны бар. Талантты деген, қолынан іс келетін өнер адамы болмай жатып болдым десе, толмай жатып толдым десе, соның салдарынан артына түк қалдырмаса, жай ас ішіп аяқ босатардың өзі болса ол тірліктің өлімнен несі артық?!

Бағдан жеңілгенін іштей мойындады да «әзіл ғой» дегенді танытып:

– Ал, Әспет, алып қояйық, – деді.

Әспет қолы бокалға бармады.

– Рақмет.

Бағдан шылбырдың ұшын берсе түбіне жармасар кейбір мезілерге ұқсап, сөзді қор өтіп, өтінішін қайталамады. Өзі шампанға ернін тигізіп, бокалын столға қойды. Қайтсе де осы қызды сөйлету қызық. «Ой, жоқ...», «махаббат жоқ...» Бағданның Әспетпен таласқысы келді. Махаббат жоқ?.. Махаббат болмаса, онда, ана қирамай бүтін қалған мәндайшада ұзақ өлең ұшығы: Аспан... Бұлт... Аруана дүние... – деген сөздер қалай жазылған. Аруана дүние? Қандай құдіретті сөз тіркесі! Бүгінгі заманда осындай құдіретті сөзді қай құдайың айта алып еді?! – Бірақ сөзуар қыздан именгені сондай, тағы бірдемені бүлдіріп алармын деп жалтара тіл қатты.

– Жақсы. Пікіріңіз дұрыс дейік. Сіздіңше, Айша кім сонда?

– Айша ма? Айша қайтсе де ақылды, сұлу әйел. Айша – атақты ханның ханшасы. Айша – атақты ханның анасы. Айша – күйеуі өлгеннен кейін хандықты өз қолына алған тақ, тәж иесі. Мына күмбезді кім салдырса да бір-ақ мақсаты болған: Қайтсе де ел ішінде Айша беделі арқылы өз әмірін жүргізу, өз үстемдігін нығайту. Сағым қуаламаңыз сіз одан.

«Шынында да сөзінде жан бар-ау», – деп ойлады Бағдан.

Әспет сөзін жалғай берді:

– Содан кейін картинаңыздың фоны ұнамайды маған. Әлдебір адамдар, машиналар. Бұл не? Бүгінгі заман мен өткен заманның тіл табысқаны демексіз ғой. Қандай арзан, – деп тоқтады да, содан әрі дауыс ырғағын өзгертіп кекей, шеней сөйледі. – Ана тұмсығы көрінген жеңіл машинаңызды да түсінем: Айша Бибіге тауап етушілердің ішінде әкімдер де бар. Ал алыс қырқадан көрінген электр линиясы: міне, біздің өмір осындай! Соны паш етіп тұр. Егер Айша сорлы: «Мың жылдан кейінгі ұрпақтарым қандай болар екен?» – деп кетсе, міне, көрсін қандай екенін!

Мына сықақ Бағданның шымбайына қатты батты. Тұрып жүре берсем бе екен деп бір ойлап еді, ана заказын өзі берген шампан есіне түсті. Төлеу керек қой, сол ұстап қалды. Ашу үстінде:

– Байқа, шырақ, мен беделді суретшімін. Тіл тигізе бастадың, – деп салғанын өзі де білмеді.

Әспет сәл мүдірді де:

– Тіл тигізді десеңіз, ғафу өтінемін. Бірақ мына пікіріме айтар дауыңыз бар ма? – деп сұрады.

Бағдан дауласа алмады. Қанша шамданса да қыз сөзінде жан бар.

– Бедел! Беделді суретші екеніңізді жақсы білем, – деп қыз сөзін әрі жалғады. – Бірақ бедел әперген, даңқыңызды шығарған шығармаңыздың сиқы мынандай болып тұр ғой. Бұл не сонда? Бұл сонда беделіңіздің жалғандығы болып шығады ғой. Шын таланттылар көбіне далада қалып, кейде беделге жай пысықтар ие болып кететіні де болады. Өйткені беделдің жарым-жартысы лақаптан тұрады: пәлен екен, түген екен. Өйтіпті бүйтіпті... Міне, бедел осы, Бағдан аға. Пікір таласында бедел сізге қару бола алмайды.

Мынау бір пәле. Қайда салса да тіліп шығады. Бедел туралы айтқанына қалай қол қоймассың. Әу баста бұл өзі қол астында істеген аға суретші ше? Ой мен қыл қалам мұнықі, атақ онықі. Осы ретте бір қызық оқиға есіне түсті. Бірер кісімен бірге қала ортасындағы жаңа ғана жөндеуден шыққан бір ресторанға барған. Жасыратыны жоқ, қабырғаларындағы бұрынғы бұл салған өрнектер тамаша еді. Ал мына өрнектерде жан жоқ, сәби баланың қолынан шыққан суреттер секілді. Мұның осы ойын растағандай жаңағы өзімен бірге еріп келген үлкен кісі мұрнын тыржитты:

– Ана пәленшекең салған бұрынғы өрнектер жақсы еді ғой. Мынасы немене?...

– Ол өрнектер пәленшекеңдікі емес, мына менікі болатын. Мен салғанмын, – деп анықтады Бағдан. Сонда ана кісі:

– Әй, шырағым, не былжырап тұрсың? Мені білмейді деймісің! Бұл ертегіңді басқа жерде айт! – деп кесіп тастаған.

Әне бедел. Жә, болмаса, жасы да, таланты да сенен әлдеқайда төмең бір пысықтарды ал. Бағдан ойлап отырып сондайлардың он шақтысың санады. Бедел алудың әдісін тапқандар. Жазғандары орта қолды жаң плакаттан аспаса да, көбіне солар бұрын аталып жүреді.

Бағдан ашуы тағы тарқап кетті. Соны байқаған Әспет те жымиың күлді. Даусында мұңды еркелік бар.

– Бағдан аға, сіз маған ұрыспасаңызшы. Келіспесеңіз, пікір таласы тырыңыз. Әйтпесе маған ұрсатын адамдар сізсіз де табылады.

Соңғы сөзді Әспет неге екені белгісіз күрсініп айтты. Содан ба, Бағдан жүрегінде оған деген әлдебір аяушылық пайда болды. «Осының не, жұдырықтай балаға реніш білдіріп... Қайта айта берсін. Бірі болмаса бірі сабақ болар. Мүмкін, мұның айтып отырғандарында жұрттан естігені де бар шығар». Өз ойын осылай түйген Бағдан қызға тағы да шампан ұсынды.

– Алыңыз. Бас-аяғы бір-ақ бокал. Әлі орталаған да жоқсыз.

– Соның өзін де сізбен бірге отырған соң ғана іштім, – деді Әспет. Суретшіні ренжітіп алдым ба деген қулығы, әлде шыны сол ма, әйтеуір қайта иілгені хақ.

Бағдан оқыс бір шындықты ашты. Байқап қараса кездескеннен бері үш-төрт сағат уақыт өтіпті. Содан бері сөйлеп жатқан мына қаршадай қыз. Ал Бағдан болса анда-санда ашу білдіргені болмаса, аузын да ашпаған. Жасының үлкендігі қайда? Көп көргені, көп білетіні қайда? Бағданның ойына өзінің Югославия сапарындағы бір оқиға түсті; соны айтқысы келді. Ішкі есебі – көп жерлерді аралағанын танытып, үстемдік алмақ. Әрі жол-жөнекей Әспет пікіріне дау айтып мін де тақпақшы. Бағдан еңкейе отырды.

– Білесіз бе, Белград қаласында қазіргі заманғы өнер музейі бар екен...

Қыз елең ете қалды.

– Қазіргі заманғы өнер музейі дейсіз бе? Ал, иә?

– Ең алдымен, музей үйінің өзі қызық. Қабырға, төбелердің бәрі кілең шаршыдан тұрады.

– Ә, Кубизм деңіз... Пикассо ғой. Бағдан: «Мына пәле қайда салсаң да алдыңды орайды ғой», – деп ойлады.

– Иә... сол Кубизм... Пикассо. Музей – ұзақты күн айтсаң да таусылмайтын хикая. Әңгіме – баққа айналып кеткен музей территориясындағы екі-ақ туынды туралы. Бірі – «Хаос», екіншісі – «Гармония». Кісі бойындай гранит тұғырда тұрған не дейсіз ғой? Бір ретпен бір-біріне пісіріп қосқан никель шеңберлер...

– Шеңберлер?.. – деп таңданды Әспет.

– Иә, шеңберлер. Никельді пісіру тым қиын ғой. Қосқан жерлері бадырайып тұр. Бұл «шедеврдың» аты «Гармония». Ал музейдің

екінші бетінде дәл сондай тұғыр. Дәл сондай шеңберлер. Жалғыз-ақ айырмасы қалай болса, солай пісіріліп қосылған. Оның аты «Хаос». Басқаны былай қойғанда, өнер қасиетін тани білетін менің өзім күлдім де өте бердім. Кенет дауыс шықты.

– Біраз аялдап қарамадыңыз ба?

Жалт бұрылсам көк шөпте жамбастап сақалды біреу жатыр.

– Қарайтындай не бар мұнда?

– Ой салады. Мен ертемен тұрып осы жерге келгенімде басымда түк ой жоқ еді. Міне, қарап жатырмын. Қилы-қилы ойлар шырмауда.

Мен сәл бас изеп әрі өтіп кеттім. Бірақ жаңағы сөз есімнен кетер емес. Бір айналып қайта келіп ұзағырақ үңіліп едім, өмірдің ащы-тұщысы жайлы ойлар мазалай бастады. Осы күні сол сапарды еске алсам, көңіліме бұрын оралатыны – өнерге түк қатысы жоқ жаңағы қоспа шеңберлер...

– Ал сосын?..

– Не, сосыны бар?! Кейде біз өнер туындыларын көзбен оқысақ та, көңілмен оқи алмаймыз...

Бар болмысымен ұйып тыңдаған Әспет оянып кеткендей болды.

– Сіздер ойлауға мүмкіндік қалдырмайсыздар ғой.

– Неге қалдырмаймыз? Тек оқи біліңіздер.

– Сіз егер Айша Бибінің құламай қалған қабырғасын салсаңыз, мен «Қалған қабырғалары мен төбесі қандай болды екен?» – деп ойланар едім. Ал сіз ғасырлар бойы шешілмей келе жатқан жұмбақтың бәрін шешіп, сырдың бәрін ақтарып қойып тұрсыз ғой... Нені оқимын? Не жайында ойланам?

Бағдан жауап таба алмай қалды. Әспет өз ойын жалғай берді.

–Шишкиннің кәдуілгі «Қара бидайын» алыңызшы. Осы картинаның құдіреттілігі ана теңселе төгіліп, пісіп тұрған қара бидайда ғана деп ойлайсыз ба? Тіпті олай емес. Ондай картинаны сіздер де жаза аласыз да. Оның тағы бір сиқыры арғы фонында.

Бола бастаған қай суреткерді алма, өз дүниесінен басқаның бәріне салғырт қарайтындығынан ба, Бағдан ол фонды айқын қалпында көз алдына келтіре алмады.

– Бергі бетке қара бидайдың сыбдырын естігендей болып тамсана қарасаңыз, арғы фонға қолыңызбен көзіңізді қалқалап, өкшеңізді көтеріп, мойныңызды соза қарайсыз. Неге? Себебі елеусіз бір дөң асқалы тұрсыз ғой. Сол дөң астында не бар екен деп қарай-қарай көзіңіздің талатыны содан. Бергі ернеуден тіпті айқын басталған қара жол да бара беріп бұрылып кетеді. Соған қарап: бұл жол қайда апарады екен, деп сұрау қойып білмекке құмартпаймын деңізші. Ал сіздер болсаңыздар егіні жайқалған теп-тегіс егістіктің дәл ортасына шашты, шашсыз біреулерді әкеп салып қоясыздар. Ол жөнінде не ойлау керек?

Бидайыңыз да жақсы. Адамдарыңыз да тамаша. Кілең қайраткерлер. Шабуға жарай ма? Қанша центнерден аламыз? Әңгіме осы. Бас қатырар не бар онда?

Бағдан қабағын түйді.

– Не қыл дейсіз сонда. Ашылар Америка баяғыда ашылған.

– Шын ізденгенге ашылмаған Америкалар әлі де бар.

– Қалай де, бұл пікірге қосыла алмаймын, – деп Бағдан дауласа кетті.

Әспет мүдірмеді.

– Бүкіл жазушы қауымы болып көркем әдебиеттегі Америка баяғыда ашылып болған деп шулап жүр еді. Маркес келді де роман жазудың жаңа жолын тапты ғой.

Бағдан нығарлаңқырап айтты:

– Оныңызды қойыңыз, Маркс еш уақытта да роман жазып көрген емес.

Әспет ішегі қатқанша күлді.

– Маркс емес, Маркес. Габриэль Гарсия Маркес. Колумбия жазушысы. «Сто лет одиночества». Оқыған жоқсыз ба?

Бағдан ақымақ болып қалғанын сезінді: оның бір кемшілігі – қолына түскен шығармалар болмаса, іздеп, індетіп жүріп ештеңені оқымайтын еді. Соған қыз алдында ұялды да:

– А, Мар...кес?! – деп білетін адамша мән бере айтты.

– Байқап отырмын, Бағдан аға, бәрібір, Маркесті оқыған жоқсыз, білмейсіз.

Бағдан тағы да қабағын түйді:

– Сіз өзі кімсіз?

– Өзіңіз айттыңыз ғой, Әспетпін, – деп қыз сылқылдай күлді.

Байқаса, Әспет кейпінде сенгіштік пен жылылықтан басқа, жаңа ғана қатты сөз айтып, жасы, жолы үлкен ағаны ренжітіп алдым-ау, деген күдіктен нышан да жоқ екен. Соған орай:

– Бағдан аға, тамақ алсаңызшы, – деп қыз қолын ілгерірек ұсынқырап столға салды. Саусақтары түп түзу, тым салалы екен... Көңілдің тереңінде жатқан әлдебір түсініксіз, әзәзіл сезім жігіт қолын көтере берді. Ырық берсе, қыз қолының үстіне салмақ. Алда-жалда Әспетті ренжітіп алса, жұбату да оңай: суретшіге адамның қай мүшесін болса да зерттеуге ерік берілген ғой. Оны мынадай білімді қыз сөкпеуге тиісті. Бірақ табиғатында сыпайы Бағдан әрі асқан жоқ.

– Қолыңыз неткен нәзік, саусақтарыңыз қандай салалы еді! Пианистка емессіз бе?

Әспет жымиып күлді де, қолын тартып алды.

– Жоқ. Пианистка болу бізге қайдан келсін. Бірақ өнерді жақсы көрем. Актриса болғым келеді.

Қыздың бұл өзі жөніндегі бірінші сөзі.

– Ал, иә?

– Консерваторияның актерлік факультетіне бара жатырмын...

– Ә, онда сәтті сапар болсын.

– Рақмет.

Кездескеннен бергі екі көңілдің үндестік тапқан бір сәті осы ма, екеуі де кідіріп қалды. Сол үнсіздікті әуелі Әспет бұзды.

– Бір машығым да бар еді...

– Қандай машық?

– Жақсы картиналардың репродукцияларын жинайтынмын, – деп Әспет ашыла сөйледі.

«Е, жақсы картиналарды жинаса «Айша Бибі» де жаман болмағаны ғой, – деп, далбасалады қыз сөзі шымбайына батқан суретші. – Бірақ ілулі тұрған жерінен неге алып тастады екен?».

– Е, содан екен ғой, өнердің бұл саласында ешкімге дес бермейтініңіз....

Әспет рақаттанып, балаша мәз бола күлді. Пілдей суретшінің апшысын қуырып тастағанына дән риза.

– Бірақ бұл машығыңызды өткен шақта айтып отырсыз. Қазір не, жинамайсыз ба?

Қыз кейпіне кірбің ілінді.

– Жинамақ түгіл, жинағандарымның қайда қалғанын да білмеймін...

– Неге?

Әспет күрсінді.

– Бағдан аға, оны сұрап қайтесіз. Есіме алсам құр жанымды жегеннен басқа пайда жоқ. Әрі мына жақсы сапардан келе жатқан сізге де көңілсіз әңгіме айтып мазаңызды алу лайық емес.

«Қара, мазаны алмайтын адамның түрін!» – деп ойлады Бағдан.

– Тамағыңызды алыңыз. Кетейік. Менің түсетін уақытым болды.

– Қалайша? Алматыға бармайтын ба едіңіз? – деп сұрады қызды Алматыға бара жатыр деп түсінген Бағдан.

– Мына Шуда бір шаруам бар. Алматыға кейін барамын.

Көп кешікпей поезд Шу станциясына келіп тоқтады. Өз творчествосы туралы қаншама артық-кемді сөз айтылғанымен бұл жігіт «ал кеттімі» жоқ, қай құбылысқа болса да әріректен тереңірек үңіліп қарауға қабілет-парасаты жете бастаған, соның жақсы-жаманын айырып ала алатын халдегі суретші еді. Сол себепті суретші Бағданның ат өтті ренішін азамат Бағдан соншалықты білімдар, ойға жүйрік, пікірге мығым өжет қыз алдында жығып берді де, Әспетті шығарып салды. Қоштасарда тұңғыш рет қолын ұстады. Жып-жылы, жұп-жұмсақ. Қанша салалы десең де жігіт алақанына сүңгіп кеткен кішкене қол дүрс-дүрс соққан жүректің өзіндей, тамырлары лүп-лүп етіп біршама

тұрып қалды. Босанбақ болып болмашы қарсылық жасап еді, оған жігіт алақаны көнген жоқ.

– Ең болмаса, мені осы қызықтан айырмаңыз.

– Поезыңыз жүріп кетеді ғой, – Әспет мұны сыбырлап нәзік леппен айтты.

– Алматыда қайда тоқтайсыз? Іздеп барайын...

Қыз қолын босатып алды да, басын шайқады.

– Керегі қанша?

– Өзім де білмеймін. Әйтеуір кездескім келеді.

– Жоқ, Бағдан аға, қажеті жоқ. Мені сіз іздеуден гөрі, сізді мен іздеп табу оңай ғой. Реті келсе өзім хабарласармын...

Поезд қозғала бастады. Жұмбақ қыз қол бұлғап қала берді.

Ғаламат! Кездесу деген әр қилы екен ғой. Бір кездесу бар: сондай сыпайы. Сондай сұлу. Әңгімелестің, әзілдестің де. Қабақ шытқан бірің жоқ. Қоштасуың да сондай әдемі. Тіпті аты-жөндеріңді айтыстыңдар. Адрес, телефондарыңды берістіңдер. Поезд жүре берді. Купеге кірдің. Кіре салысымен газетке немесе кітапқа үңілдің, не далаға қарадың. Жаңағы адамыңның тіпті көлеңкесі де жоқ көңілінде. Көзден таса – көңілден ғайып. Бейне бір кездеспеген, сөйлеспеген, бірге отырып дәм де татыспаған секілдісің. Зым-зия. Ал ,мына кездесу мүлде бөлек: таласа келді де, кетерінде жөнін де айтпады. Керемет – сабырлы деген Бағданның өзі қол жұмсап та қала жаздады. Сөйткен жігітің енді қоңылтақсып, жүдеңкіреп қалды. Әлгінде ғана қарсы отырып, қарсы отырып алып, мұның бар болмыс-қасиетінің борша-боршасын шығарған сұңғақ бойлы талдырмаш қыз көңілдің ойранын шығарып кеткендей. Даусын сағынды. Тостағандай қара көзіне, аппақ мінсіз келбетіне қарағысы келді. Бірдемені есті алмай, бірдеңені көре алмай қалған секілді. Естігісі, көргісі келеді. Бауырын әлі жаза алмай келе жатқан поездан қарғып түсіп, қуып жетсе... Сөйтін ертең-бүрсігүні Алматыға бірге келсе...

Бағдан терезеге қарады. Поезд әлі қаладан шығып болмаған екен. Кілең бір жалаң қабат аласа үйлер айналып артта қалып жатыр. Әне, ана бір ақ үйдің қалтарысынан сұңғақ бойлы бір қыз шықты. Қолында қол чемодан. Ақ өңін ашатын ақшыл көк көйлегін қуалап жел соғады. Қыздың құлын мүшесі ап-айқын. Кетіп барады. Қайда бара жатыр? Жігіт оған жауап таба алмады.

Осы бір алабұртқан көңілмен Бағдан Алматыға келді.

Сәлима мен кішкентай Алданы қуапа қарсы алды. Алдан «папалап» мойнынан қысып алса, жиырма шақты күн көріспеген Сәлима ол жер, бұл жерімен сүйкеніп, сағынғандығын айқын танытады. Үйге келді. Тап-таза. Жып-жылы. Өз үйі, өз ошағы. Егер осы үй болмаса, мына Сәлимасы, Алданы болмаса, Бағданның күні нешік? Жауап орнына

Бағданның арқасы мұздады. Қарсы алған қошеметті достармен тамақ ішілді. Бір қуаныш – «Огонек» журналының соңғы санында Бағданның «Есіл бойында» деген картинасының репродукциясы жарияланған екен. Жұрт қолдан-қолға жүгіртіп соны тамашалады. Тағы бір картинасы бір жиналыста бір үлкен басшының аузына ілігіпті. Ол да үлкен қуаныш, дәреже. Өйткені ондай адамдардың аузына екінің бірі іліге бермейді. Шіркін, осы бір жақсы лепес, қошемет сөздерді Әспет естісе... Мынадай керемет достары, Алдан секілді нәсілі бар екенін өз көзімен көрсе... Сәлима секілді жары бар екенін... – Бағдан мүдіріп қалды. Кенет көз алдына үйіріліп қалып бара жатқан жалаң қабат үйлер, сол үйлердің арасында кетіп бара жатқая сұңғақ бойлы бір қыз елестеді. Қолында кішкене чемодан. Кетіп барады. Қайда бара жатыр? Соған жауап іздегендей бұрыла қарап еді, мойнынан қысып құшақтап алған Алданының қолы жазылып, ұйқыға кетіп бара жатыр екен. Енді түсінді, оң жағында осы бір сәтті тамыршыдай аңдып жатқан Сәлима жаңа толысып пісіп, бар ләззаттың құдіретін түгел игеріп құныққан жастық қызуымен бері аунап түсті. Тұла бойы дертіп тұрғандай.

– Самолетпен келмей... Сағындырдың ғой, жігітім...

Көңілінде бір көлеңкесі болғанымен ары таза келген жігіт жар алдында ұялған жоқ. Аз уақыт па, көп уақыт па, сағыныш құмарлар тарқаған кезде әрі, өз төсегіне қарай жайыла түскен Сәлиманың даусы шықты:

– Самолетпен неге келмедің деймін?

Не сұмдық? Бағданның көз алдында: Жалаң қабат үйлер. Ақшыл көк көйлегін жел қуалап кетіп бара жатқан қыз...

– Қайда бара жатыр?..

– Кім қайда бара жатыр? – деп сұрады Сәлима.

Бағдан үндемеді.

Бүгінгі күніне, Бағданға, Алдан секілді баласы барлығына дән риза, осыдан артық пәлендей ештеңені тілей бермейтін Сәлима байғұс түсінген жоқ... «Жолдан шаршап келді ғой, дем алсын», – деп көрпесін бүркенді. Ал өз әйелінің қасында жатқан Бағданға әлдене жетпейді. Не жетпейді? Кімді іздейді ол? Өз әйелі, Сәлиманың қасында жатқан Бағданға неге екені белгісіз Әспет жетпейді. Алабұртқан көңілі Әспетті іздейтін секілді.

Баурап алған осы ойды арқалап ол ертеңіне машинасын тұтатып, гаражынан шығарды да шеберханасына барды. Жиырма шақты күн көрмей сағынып келген өз шеберханасы. Таныс иіс. Әр қилы бояулар иісі. Бағданның өз иісі. Кеше әлдебір қиялдың шалығына бой алдырып жолдан келгенде қожасын сағынып күтінген жып-жылы, тап-таза үйін көріп: «Бұл үй болмаса күнім не болар еді?» – дегенде, Бағданның арқасы мұздап еді. Бүгін мына шеберханасында сол сезім қайта бауырады. Кім білсін, ол үйі болмаса, өлмейтін де шығар. Қиындық көрер.

Азап шегер, жүдер де. Бірақ өлмес. Ал мына шеберханасы болмаса, өліп қалатыны айдан анық. Бұл қасиетті мекен. Бұл оның бар болық, мазмұны. Бұл – оның нақ өзі.

Бағдан кірген бетте ең алдымен қыл қаламды ұстады. Неге екені белгісіз, мұрнына апарып иіскеп қойды. Кебіңкіреп, бояу иісі кетіңкіреп қалған екен. Бір-екі тюбиктен бояуды сығып шығарды да, араластырыңқырап жіберіп, мольбертте тұрған полотноның жабуын көтерді. Ар жағында әлдебір сызықтар, адам кейіптерінің нобайы. Солардың әр жерінен қыл қалам ұстаған қолы жорғалап кетті. Енді бір сәтте тоқтап қалды. Сап еткен ой: Бұл суретке Әспет қалай қарар еді? Бағдан ойланып қалды.

Әспет?! Бұл кім өзі? Жын ба? Пері ме әлде? Ойланбастан жаңағы нобайды мольберттен ағытып алып еді, астында мұның ертерек кезде жазған «Егін даласы» деген картинасы шыға келді. Бағдан әуелі шошып қалды: Жаңағы жайқалған егін ішінде жалтыр бас біреу тұр. Енді есіне түсті: салуын салса да картинаның бірдемелері ұнамайтын өзіне. Соны жөндесем бе деп, қайта жазсам ба деп іліп кеткен. Кенет Әспеттің «Қара бидай» туралы айтқаны есіне түсті де күлді. Рас екен-ау. Ойлауға пұрсат бермейді екенбіз. Бағдан съезге кетер алдындағы ойынан тез айныды да, картинаны мольберттен жұлып алып есікке қарай лақтырды. Әспетті неге іздейтінін енді тапқандай: Сәлима өмір серік болса, Әспет ой серік. Өмір серікке Бағдан зәру екен. Содан болса керек, Сәлиманы шеберханаға бұл шақырмайтын. Сәлима да келем дей қоймайтын. «Ананы жазып жатырмын», «Мынаны жазып жатырмын» десе, «е, жақсы» дейтін де қоятын. Нені жазып жатыр, қалай жазып жатыр? Сәлиманың онда шаруасы жоқ. Әйтеуір жазса жақсы. Әйтеуір жазғаны өтсе жақсы.

Осындай бір сырды ашқан Бағдан үйге келсе де, шеберханасына барса да, телефон шылдырласа, жүгіріп барып, трубканы өзі алатын болды. Хабарласамын деп еді. Телефон соғып қалар деп күтеді. Апта өтті. Ай өтті. Келер жылдың көктемі келді. Алабұртқан көңілі басылып, көңілдегі Әспет суреті көмескілене берген... Сол көктемнің бір әдемі күні түс әлетінде тағы бір телефон шылдыры шықты. Дағдылы шылдырлардың бірі шығар деп ойлаған Бағдан:

– Әй, Сәлима, трубканы көтерсейші, – деп дауыстады.

Трубка көтерген Сәлима әуелі: «Бұл кім?» – деп тіксініп сұрады да: «Білмеймін, бір әйел, сені сұрайды», – деп телефон трубкасын Бағданға ұстатты.

– Бағдан аға, бұл менмін ғой, – деген дауыс шықты. Сондай жылы, сондай таныс, бірақ сондай алыс дауыс. Қапелімде «бұл кім еді» дегендей Бағдан тоқтап қалды.

– Мен Әспетпін ғой...

Күте-күте сарғайғаны ма, әлде ойламаған жерден қуанғандығы ма, Бағдан даусы ерсі:

– Ойбай-ау, қайда жүрсің, шырағым-ау?

– Бағдан аға, кездесе аласыз ба менімен?

– Неге кездеспейін. Кездесе алам.

– Ендеше далаға шығыңызшы, – деп Әспет кездесер көшелердің түйілісін айтты. – Күтем.

Бағдан тез киінді. Мойнына асылған Алданға да қарамаған жоқ. «Қайда барасың?» – деген Сәлимаға, «Радиодан даусыңды жазам деп еді, көп күттірді ғой», – деп қосыңқырап жіберді де далаға жүгірді.

Былтырғы Әспеттің өзі. Түк өзгермеген. Көйлегі де баяғы ақшыл көк. Чемоданы да сол. Бағданның сағынғандығы сондай, жақындап құшақтағысы келіп еді. Әспет салқын кейіппен қолын алға тосты.

– Бағдан аға, мені Жамбыл қаласына алып бара аласыз ба?

Сұрақтың оқыстығы сондай, Бағдан алды-артын бағдарлай алмай қалды.

– Апара алмасаңыз қиналмаңыз. Бірақ турасын айтыңыз.

– Неге апара алмаймын. Апара алам...

– Менің бүгін кешке сол қалада болуым керек еді. Ертеңгі күні кеш болады.

Бағдан басқа сөз қатпады. Гаражға келіп машинасын тұтатты. Үйге келсе, Сәлима жұмысына кетіп қалған екен. «Айтпай кеткенім жөн болмас», – деп телефон соқты. «Мен тығыз бір шаруамен Жамбыл қаласына кетіп барамын. Екі-үш күнде оралам. Алаң болма».

Сәлима байғұс: «Онда не бар еді? Неге бара жатырсың?» – деп жатпады. Жалғыз-ақ айтқаны: «Жолға сақ бол. Байқап жүргейсің». Бары сол. Сәлиманың бір кереметтігі ұсақ емес. Күйеуінің ізін бағып, жолын аңдыған күні жоқ. Ерте кел, кеш кел, аман келсең болды. Кейде түннің бір уағына дейін жұмыс істеген Бағдан: «Шаршап отырмын, шеберханада қона салайын», – деп телефон соқса: «Шәйнегің бар еді ғой, болмаса шай қайнатып ішсейші», – деп қамын ойлап, қамқорлық жасағаннан басқа түк айтпайтын. Кей жолдастарының әйеліне ұқсап, қайта тексеріп, немесе кезекшімен хабарласып, шеберханасында ма, қасында кім бар – деп қазбалап жатпайды. Осы кеңдіктің арқасында олар тату, ұрыс-қағыссыз тірлік етіп келе жатқан жандар еді. Бағдан әйелінің осы кеңдігін тұңғыш рет пайдаланды да, суыт жүріп отырып түннің бір уағында Жамбыл қаласына кірді. Неге келе жатқанын әлдебір ойға батыңқырап, көңілсіз отырған Әспет айтқан жоқ. Өзі айтпаған соң Бағдан сұрамады: әйтеуір қыз өтінішін орындаған соң, неге келе жатқанын білуден келер-кетер не бар.

Әспеттің айтуымен кішкене «Жигули» машинасы қаланың шет жағындағы жұпынылау бір там үйдің алдына тоқтады.

– Бағдан аға, мен бір нәрседен қысылып келе жатырмын, – деді Әспет машинаның есігін аша беріп.

– Қысылма. Айт, – деп Бағдан енді «сенге» көшті.

– Бұл қалада машина қоя алатын, түнеп шыға алатын мүмкіндігіңіз бар ма?

Бұл мәселені Бағдан алдақашан шешіп қойған еді, осында өзімен бірге оқыған Маусымбек деген досы болатын. – Театр суретшісі. Алматыдан соған телефон соққан-ды, күтіп отыр.

– Бар болғанда қандай!

Әспет қуанып кетті.

– Ертең онда сізді мен осы арада күтем... Сағат екілер шамасы... – деп қалып қойды.

– Жақсы, Әспет. – Кішкене машина зымырай жөнелді.

Маусымбек расында да үй іші болып күтіп отыр екен. Бірге оқығанымен мәдениет пен өнер орталығынан алыстау облыстық қалада тұрып жатқан Маусымбек бұл күнде аты шығып, өзінен көш ілгері озып кеткен досын тамақ үстінде әңгімеге тартып, ананы-мынаны сұраған еді, жолдан шаршаңқырап келгендіктен бе, әлде жұмбақ Әспеттің мына жұмбақ жайын ойлап мазаланды ма, әйтеуір Бағдан шешіле қойған жоқ. «Не шаруамен келдің?» – деген сұраққа да: «Творчестволық жолымның бір ұшы мына, Айша Бибіге байланысты ғой. Соның бір детальдарын көріп қайтсам ба деп едім», – дей салды. Әңгіме осымен бітті.

Ертеңіне басқа ешкіммен кездесуді қалай қоймаған, бөтен ермегі жоқ Бағдан уәделі жерге айтылған уақыттан ертерек жеткен еді. Машинадан шыға беріп, арғы беттен үйіне қарай келе жатқан Әспетті көрді. Үстінде жөнсу киім, қолында күрек. Бағдан қарсы жүрді. Бір қадам қалғанда Әспет айнала берді де, басын төмен салып тұрып қалды. Күрегі қолынан түсіп кетті.

– Не болды, жаным? – деді шошып қалған Бағдан. Әспет тіл қатпады. Көз жасына булығып тұрғаны дірілдеген тұла бойынан анық сезіледі. Тебіреніп кеткен Бағдан тағы тіл қатты:

– Айтсаңшы, Әспетжан, не болды? Кім жәбірледі? – Осы сәттегі риясыз жігіт сезімі: жәбірлеген біреу болса, қолында өлу.

Әспет тез түзелді.

– Бағдан аға, ғафу етіңіз, мен қазір... – деп күрегін алды да, үйге қарай жүгіре жөнелді.

Біршама уақыт өтті. Машина төңірегінде әрлі-берлі жүрген Бағдан Әспет жайын ойлады: күрегі несі? Киген киімі неге жөнсу? Бақша салмайтын шығар? Жер қазбайтын шығар? Ойлап-ойлап таба алмады. Айдан-анығы қайтсе де жанын жегідей жеген бір қайғысы бар. Әйтпесе өр мінез әлі танысып болмаған, жақындаспаған адамының алдында әлсіздік көрсетпесе керек еді ғой.

Жігіт көзі мына бір жөнсу үйде. Шырпымен қоршалған аула. Сол ауланың көне дарбазасы қисайып, кішкене қақпасының шабақтары түсіп қалғанына қарағанда күтімі жоқ үй. Жалғыз-ақ көңілге тоғы – аула ішінде көктемнің мына дер шағында гүлдеп жапырақ жайған алма ағаштары. Әріректе қою көленкелі бір бәйтерек. Түбінен сылдырлап арық ағып жатыр. «Әспетпен бірге демалып отырар ма еді?!» – деп армандады Бағдан. Сол кезде Әспет үйден шықты. Әлсіздік көрсетіп алған әлгі бір сәттің әсерін басқысы келді ме, күліп келді. «Күлгеніңмен қайғыңның барын көріп тұрмын ғой, жасырмай айтсаңшы одан да», – дегендей Бағдан қыз көзіне тура қарады. Қыз да қаймыққан жоқ:

– Бағдан аға, Айша Бибіге барып қайтсақ қайтеді?! – деп өтінді жымия күліп.

Айша Бибі! Бұл күмбез әу баста Тараз, жүре келе Әулиеата кейін Жамбыл аталған осы бір ежелгі қазақ қаласының іргесінде көне заманның бізге, бізден кейінгі ұрпақтарына сыйлап кеткен гүл шоғы секілді-ау, шіркін! Бағдан бұл жерге қанша рет келмеді! Қанша рет сынып түсіп қираған кірпіш-өрнектерге үңілмеді. Соның бәрінде де керемет бір сезім билейді оны. Атақты Самарқанд өрнектерінен үш жүз жыл бұрын, жер дүниеге даңқы кеткен Тадж-Мақалдан бес жүз жыл бұрын тұрғызылған, Селжук жұртының аузымен құс тістеген сұлтаны – Санжар батыр күмбезімен тұрғылас, бұл күмбез сақталып қалған бір қабырғасының өзімен-ақ құрылыс пен сәулет өнерінің небір кереметтерін көзімен көріп, қолымен жасап, таң қалудан қалып бара жатқан бүгінгілердің өзін де табындырып, бас игізбей қоймайды ғой. Көнелік жағынан бері, көлем жағынан кіші болғанымен сәулет өнеріндегі сұлулықтың бұл үлгісін Периклдің көрегендігі, Фидийдің даналығымен тұрғызылған Парфенон мен Эрехтейоннан әсте кем дей алмайсың. Жалғыз-ақ өкініші – «қолда барда алтынның қадірі жоқ» – алтынды алтын дейік, жақсыны жақсы деп бағалай білейік, – деп біліп айтқан тілі жүйрік, қолы шабан халықтың кеш қимылы өте қымбатқа – үш қабырғаға түсті. Киелі күмбездің қираған кірпіштері табынып, тәуап етуге келгендердің, әуескойлықпен жай тамашалауға келгендердің қолдарында ғана кеткен жоқ, іздейтін көз болса, ол кірпіштер күмбез төңірегіндегі бүгін оты маздап жанған, бірақ ертеңгі оты қалай жанары белгісіз тоғышарлар үйлерінің пеш қабырғаларынан да табылып қалар еді-ау. Әттең не керек!.. Амал бар ма, қайтсе де қалған кірпіші жиналып, құламай тұрған қабырғаның шыны қалпақпен жабылғанына да шүкіршілік жасап, дәтке қуат санайсың ғой.

Әспет те, Бағдан да тіл қатқан жоқ. Күмбезді үнсіз жүріп үш айналып шықты да, машинаға отырды. Мүмкін осындайда үндеудің керегі де жоқ шығар. Үн қатып, сөйлеп тұр ғой Айша Бибі. Сегіз жүз жыл бойына сөйлеп тұр. Адам баласын сұлулыққа мегзеп, татулыққа, достыққа

шақырып тұр. Қасиетті осы жерге келген көңілі ояу адамдардың үндемей қалатын себебі де сол Айша Бибі үнін тыңдағандықтан болса керек. Ол үнді әркім өзінше естиді. Өзінше ұғып, өзінше көкірегіне ұялатады. Соған уақыт керек болса керек-ті.

Кішкене машина бұрылып асфальт жолға түсті. Алда: «Міне, мен қандаймын!» – деп, Айша Бибіге қыр көрсеткендей көк түтінін будақтатып Жамбыл қаласы көрінеді. Одан әрі ел аузында аңызға айналып кеткен Тектұрмас тауы. Жолда суы тобықтан келмесе де дүрліге ағатын Аса өзені. Сол өзенге дейін үнсіз келген Бағдан машинаны ірке жүрді де көпірге жете бере кілт бұрылып жоғары салды. «Қайда барасыз?» – деп Әспет сұрамаса да Бағдан өзенге жақындап келіп, шөптесін көгалды бір жерге тоқтады да:

– Аздап тынығып, демалайық. Тамақ ішейік, – деп машинадан шықты.

Әлгіндей болмай брезент жайылды. Машина артындағы тағамдар, ішімдіктер алынды. Аздап шампан ішкендіктен бе, Әспет көңілденейін деді. Бал-бұл жанған екі беті сондай нұрлы. Екеуі суға түсті. Асты құмды, тасты келген өзен ағынына бой бере алмай жығыла жаздаған бір сәттерде Әспеттің Бағданға сүйеніп қалған да, Бағданды құшақтай алған да кезі болды. Соның бәрінде де жігіт сабырлылық танытып, қызды сүйеп қалды, демеп жіберді. Бас жоқ, көз жоқ жармаса кеткен жоқ. Соған разы болды ма, кім білсін Әспет бір сәтте судан шығып күнге қыздырынып жатқан Бағданның қасына келді де:

– Бағдан аға, жылан жегім келіп кетті, – деді. Бағдан жаңсақ естідім бе деген болса керек, қадағалап қайта сұрады.

– Не жегім келді дейсің?

– Жылан... жылан тауып беріңізші.

– Қайтіп жейсің?

– Шикідей де, пісілей де...

Жоқ, Әспет ойнап тұрмаған секілді.

– Табылса іздейік, – деп Бағдан орнынан тұрды. Екеуі енді судан өтіп арғы жағаға шықты да қатарласа отырып өзенді өрлей салды. Бет алды тау. Соған дейін бұрқырай көктеген кең жазық қайқаң көкпеңбек. Біреуі екеу, екеуі төртеу болып өніп, өрбіп көбейіп жатқан тірлік. Көктемнің жылы лебімен жеткен әр қилы шөп иісі мұрынды қытықтайды. Олар құм аралас тасты жағамен едәуір жүрді. Алда аласа қабақта жалғыз тал тұр. Қаралы әйелдің жаюлы шашы бейнелес шашақты майысқақ бұтақтарын иіп төмен салып жіберген...

– Мына талдың атын білесіз бе? – деп сұрады Әспет жақындап келгенде.

– Білем. Плакучая ива... Әспет күлді.

– Жоқ, қазақша не дейді?

– Естіген емеспін. Жылауық тал дейтін шығар? – деп Бағдан ағынан жарылды.

– Білмесеңіз, біліп қойыңыз. Мұны қазақтар Мәжнүн тал дейді.

– Мәжнүн тал?.. Ғажап!..

– Табылған ат емес пе?

– Табылған ат болғанда қандай! – Бағдан енді байқады, Мәжнүн тал түбі қою көлеңке, әрі көктемнің ерте шағында су жүретін өзекше, жұп-жұмсақ таза құм. Біршама жер жүріп, үсті-басы құрғап, енді қызына бастаған екеудің демалуына сондай жайлы орын. Манағы жұпыны үй алдындағы түбінен арық ағып жатқан бәйтерек көлеңкесінде Әспетпен отырып демалар ма еді, деген арманды сезім дүр етіп қайта оянды.

– Әспетжан, көлеңкеде отырып демалсақ қайтеді? – деп Бағдан қыздың қолынан ұстады.

– Шаршап қалдыңыз ба? – деді Әспет жымиып. Бағданның өз байлауы бойынша Әспеттің мұның алдында назданып әйелше сөйлегені осы.

– Шаршамасақ та... Ең болмаса, кейін айта жүру үшін...

– Мейлі... ырқыңыз білсін....

Екеуі тал түбіне келіп отырды. Бағдан айналаға көз салды. Қол созым жерде дүрліге ағып жатқан өзен. Машина біршама алыста қалған. Төңіректе қыбырлаған пенде жоқ. Сөйтсе де секемшіл жігіт көңілі дәл басты. Тал түбі жат көзден таса, ойда екен. Осы бір жағдай әл берді ме, қасында тым жақын, алған деміне дейін сезіліп, кеудесі мен бөксесінен басқа жерінің бәрі жалаңаш отырған Әспеттің арқасына Бағдан қолын салды да, өзіне қарай тартты. Қыз бейғам отырса керек, әуелі түк қарсылықсыз қисая кетті де, келер сәтте барып түзелді.

– Бағдан аға, керегі қанша?

– Керегі қаншасы несі? Мен сені жақсы көріп қалдым ғой, Әспет.

Әспет құмды шұқылады.

– Мен сізді ендеше бұрыннан жақсы көретінмін...

– Олай болса, бөгет болып тұрған не?! – деп жігіт еркінірек қимылдап қыздың аш белінен алды. Жүрегі дүрсілдеп, аяқ-қолы дірілдеп кетті. Әспет бірақ көнген жоқ. Қаттырақ күш салып, жігіт құшағынан босап шықты да, жылжып әрірек барып отырды.

– Бір сәттің әлсіздігіне бой алдырып, арзанға бармаңыз, Бағдан аға. Биік болыңыз.

Қызық. Қазіргі заманғы машиналардың алдыңғы әйнегін тазалайтын щеткалар керемет жұмыс істеп тұрып, машинаң сазға батып қалған кезде, мотордың бар қуат-күші доңғалаққа жұмсалатындықтан тоқтап қалатыны болады. Мына жерде Бағданның да жаңағы щетка секілді бір нүктелері істемей қалды.

– Олай болса неге алып келдің бұл қалаға? – деп төзімі таусылған жігіт бұрқ етті.

Өз ойының тым биік тұғырындағы ақылды, сыпайы, сабырлы деген Бағданның ашуға бой алдырған мына бір кейпіне Әспет таңдана қарағандай:

– Сонда не, бір сәттік нәпсі үшін ғана шақырған екен деп ойлайсыз ба?

Түзелер Бағдан жоқ.

– Енді не үшін!?

– Онда тым арзан ойлағансыз, Бағдан аға. Мені қойшы, ерік бермесем, балтыры қотыр, басы таз болса да еркекпін деп кеудесін қағар надандардың кез келгені жәбірлеп кете алады. Ал сізге не болған? Мен сізді еркек емес ер деп танып едім ғой. Сіз осы арзан ойыңызбен өз бағаңызды төмендетіп алып тұрғаныңызды байқамайсыз ба?

Машина әлі саздап жатыр. Щетка жұмысқа қосылған жоқ. Алдыңғы әйнектің кірі қалыңдай түскен. Бағдан түкті көрер емес.

– Сондағы ойың не? Мені өзіңе біржола қаратып алу ма сондағы ойың? Қатын-баламды тастауым керек пе мен сонда?

Әспет көтеріле беріп жүресінен отырды. Енді ол Бағданның үстінен қараған секілденді.

– Бағдан аға, не айтып кеттіңіз? – деп қыз таңдана сөйледі. Даусында зіл де, ашу да жоқ. Оқыстан суға батып тұншығып бара жатқан кісінің дәрменсіздігі ғана сезіледі.

– Егер менің бар есебім – сізді өзіме біржола қаратып алу ғана болса, онда менің ойым жаңағы сіздің ойдан да арзан болып шығар еді ғой.

Машина саздан шығып кеткен секілденді. Щеткалар тырс-тырс ұрып, кір басқан әйнекті тазалай бастады. Өзіне енді келген Бағдан қисая кетті: мен не істеп қойдым осы?

– Бағдан аға, сіз мені мұнда алып келгеніңізді бұлдайсыз ба?

Бойы суынып сабасына келген Бағдан енді көзін жұмып, жұмсақ құмда созыла түсіп тыныш жатқан қалпы, салмақты қызға сала сөйледі:

– Өзіңіз қалай деп ойлайсыз?

Бірақ Әспет оған тура жауап бермеді. Өз ойын әрі жалғады.

– Менде бір арман бар. Тегі, орындалмайтын арман.

– Айта беріңіз. Құлағым сізде... – деп жігіт қайта «сізге» көшті.

– Дүниедегі ең кішкентай адам мен болсам... Менен басқалардың бәрі үлкен болса... Мен кішкентай болып еркелесем... Олар менің қай еркелігімді болса да көтере білсе... Ал шындап келгенде, мен кездестіргендердің бәрі кішкентай, құмырсқа секілді табанда жатады... Үлкені де, ақылдысы мен білімдісі де өзім болып шығамын...

Көзін жұмып шалқасынан жатқан Бағдан мына сөзге қарсы дау айтпақ болып қозғала берейін деп еді, өзіне төніп, жақындап қалған

Әспетті демінен сезді де қимылсыз қалды. Рас екен, қыз ерні жігіттің бетіне жабысып шөп етті де, бұл қарманғанша болмады, қайта алыстап кетті.

– Сау болыңыз, Бағдан аға...

Бағдан жауап қатпады. «Қайда барар дейсің, қайтып келеді ғой», – деген оймен біраз жатты. Айнала тып-тыныш... «Қайда екен?» – деп бір кезде басын көтеріп көзін сығырайтса Әспет ұзап барады екен.

– Әспет, жылан іздемейміз бе?

– Ойнап айтқам. Жылан жейтін жерік емеспін, Бағдан аға.

Көп болса машинаға барар. Мұны сол жерде күтер.... Бағдан шалқасынан жатқан қалпы көзін ашты: аспан көкпеңбек. Сол мөп-мөлдір көк аспанның бір қиырында бір-екі ақша бұлт қалықтап барады. Кенет Айша Бибі күмбезінде жазылған ақын сөздері жадына оралды: Аспан... бұлт... Аруана дүние... Аруана дүние! Ғажап! Ана тазалық татулыққа, достық пен ірілікке шақырып тұрған Айша Бибі күмбезінің іргесінде, мына ашық аспанның астында, мына Аруана дүниеде Бағдан оқыстан өз болымсыздығын сезінді. Бар күнәлы ойлардан күрт тазарып ұшып түрегелді.

– Әспетжан! Әу, Әспет!

Қараса машинаға барып киініп алған Әспет асфальт жолға жетіп қалған екен. Бағдан тұра жүгірді.

– Әспетжан, өтінемін, тоқтаңызшы!

Жігіт даусын естіді ме, естімеді ме, Әспет бұрылмастан үлкен жолға шыққан бетте қолын көтеріп, бір машинаны тоқтатып мінді де, көзден ғайып болып жүре берді.

Бағдан айдалада құлазып жалғыз қалды. Әлдене жүрегін тырнап өткендей, бұрап ауыртқан секілді. Қай жерден мұлт кетті? Көңіл күйінің қай пернесі қате, теріс басылды? Сырт қараса бәрі де дұрыс секілді. Келгені де, Айша Бибіге барғаны да, бұл жерге отырып демалғаны да, бәрі-бәрі дұрыс. Қателік, қызға қол салуда... Оның несі қателік? Өкпелейтіндей онда тұрған не бар? Оны өзіне бір жәбір санайтын болса, онда мұнда неге алып келді? Кенет Әспет жауабы есіне түсіп, Бағдан шошып кетті. «Мен сізді еркек емес, ер деп танып едім ғой», – Бағдан ойланып қалды: Бұл не сөз? Ері несі? Еркегі несі? – Бәрі бір емес пе? «Ер», «еркек» – деп жіктеп, біріне-бірін қарамақайсы қойып айтса, бәрібір болмағаны ғой. Көмескіленіп бара жатқан бір жай: ертеректе, бұл оқып жүргенде даңқы жер жарған бір ақынмен кездескені бар еді. Сонда сол ақын өзінен бұрын өткен бір ақын туралы тамсаныңқырап: – «Ер кетіп еркек қалған бұл заманда...» – деп қалай тауып айтқан. Осындағы «еркек» – «самец» деген мағынада. Бұл ақыннан бұрын ешкім қолданған емес», – деп еді. Бағданның есіне сол оқиға түсті. «Ер», «еркек» – деп бөліп айтса, Әспеттің де соны білгені

ғой. Оқығаны ғой. Бағдан көзі бір шындыққа жеткендей: ол шындық – өзінің аз оқитындығы. Өзі куған өнерден басқаға мойын бұрып, құлақ сала қоймайтындығы. Білімді қызға өресі жетпей, дөрекілік көрсетіп алғаны да содан болса керек. Егер қыз жүрегіне тереңірек үңіліп, көңіл күйін нәзігірек түсінгенде қайда баратын еді. Көнетін еді ғой... – Бағдан өз ойынан өзі шошыды. Ал көнді, онда не болды? Мұның өзін үлкен баласындай аялап алақанына салып отырған Сәлима қайда қалады? Жалғыз ұлы Алданының күні не болмақ? Көнбегенінің өзі дұрыс болды. Бағдан күрсініп қойды. Қанша «дұрыс болды» дегенмен мына құлазып қалған көңілді жай жұбату, өзін-өзі алдарқату екенін ар жағы жақсы түсінеді. Тағы да сұрақтар қамалады: Осы қыз күрек ұстап қайдан келді осы? Мұны көріп жылағаны несі? Қанша толғанса да жауап жоқ. Жайлап машинасына келді. Шашылып жатқан дүниелерді жинап бұл да жолға шықты. Әлгі Әспет мініп кеткен жерге келіп, машинадан түсті. Тұңғыш рет кеудеде қызғаныш оты пайда болды. Мінгізіп әкеткен машинадан қызғанды. Ішінде отырған адамдардан қызғанды. Ішкі дүниесі жидіп жүре бергендей. Тағы машинаға отырды. Жүріп келеді. Ойлап келеді: қайда бармақ? Алматыға тура тартса қайтеді? Жоқ, Маусымбекке барғаны жөн. Жөн десе де көңіл шіркін дауаламайды. Әлде манағы қираған дарбаза алдына барып Әспетті сол жерде тосса ма екен? Шықпай қойса ше? Түн тұрады, күн тұрады. Әйтеуір бір шығуға тиісті ғой үйінен. Үйі? Үйі ме екен сол үй ең алдымен? Үйі болса «үйге кір» деп неге айтпады? Осылай қамалаған ой жетегінде Бағдан көп көшелерді аралап бір жерге келіп тоқтады. Байқаса, манағы Әспет шыққан үйдің нақ өзі. Жігіт әрі қуанып, әрі шошып қалды. Қуанатыны – Әспетті кездестірермін-ау деген үміт шырағы. Қорқатыны – қанша десең де бұл жұмбақ үй. Бір сойқан шыға келіп: «Манадан бері кімді аңдып, кімнің жолын тосып тұрғың?» – деп тұра ұмтылса не қылмақ?

Осындай аласапыран ой қамалаған Бағдан ұзақ тұрса керек. Ымырт үйіріліпті. Кішкене терезелерден шам жарығы түсті. Саңылауы жоқ шілтерлерден қараңдап әлдекімнің бастары көрінді. Кімнің бастары? Айырып болар емес. Үйге кіруге жүрегі дауаламайды. Ақыры ойлап-ойлап Маусымбектің үйіне қайтып келді. Ол байғұс құрақ ұшып жатыр: Кешіккенге кетіп қалған шығар десем..

Бағдан жауабы қысқа:

– Өнер азабын өзің білесің ғой, Маусымбек. Айша Бибіге байланысты жаңа бір шығармам бар еді. Сол картинаның кілті табылмай... – деп мүдірді. – Шаршап келдім, достым. Арағың болса әкел, құй. Көріспегелі көп болды ғой. Ішейікші бір.

Арақ та табылды. Тамақ та әзір. Бағдан сілтей берді. Алматыдан келген беделді дос сілтеп жатқанда Маусымбек те қарап қалмады.

– Байқаймын, студент кезіңде аузыңа лимонад та алмаушы едің, кісі болайын деген екенсің, жігітім, – деп мәз бола тартады.

Сонымен түн ортасы ауды. Бағдан Маусымбекті қасына отырғызып алып шешіле сөйледі. Оның бір-ақ қорқынышы бар: бұл сөйлемесе, Маусымбек әйелінің қасына кетеді. Бағдан жалғыз қалады. Жалғыз қалған Бағданды күндізгі оқиға келіп торлайды. Жұмбақ Әспеттің жұмбақ қылықтары еске түседі. Бағдан содан қорықты. Сағат үш болды. Шаршаған Маусымбек есіней бастады. Соны көріп, мұны жалғыз қалдырып, бөлек бөлмеге кетіп қала ма деп қорыққан Бағдан:

– Сағындым ғой, достым, құшақтасып бірге жатайыншы, – деді.

Маусымбек атақты досының мына бір ыстық сөзіне майдай еріп:

– Ұмытпағаныңа рақмет, достым, – деп қайта-қайта шөпілдете сүйіп көз жасына ие де бола алмай қалды.

Сағат төрт болды. Сағынысып көріскен екі дос диванды жазып төсекті кең етіп салды да, құшақтасқан бойы ұйқыға кетті.

Бағдан ертеңіне кеш оянды. Бұрынырақ тұрған Маусымбек шай жасап күтіп отыр екен.

– Ұйқыны сілтедің, достым.

Ала көңіл болып келіп, осыншама алаңсыз ұзақ ұйықтағанына әрі қуанып, әрі қысылыңқырап қалған Бағдан тақырыпты басқаға аударды.

– Біздің замандас қайда?

– Таң атқалы қашан. Жұмысына кетті. Қоштаспақ болып қарайлай беріп еді, бөлмені отарбаша сілкінтіп жатып алдың ғой. Сонсоң сәлеміңді өзім айтам деп қоя бердім.

Бағдан сағатына қарады. Күндізгі он екі.

– Ал менің де жүруім керек...

– Кейінірек жүрерсің. Тамақ салып қойдым. Аздап бас жазайық. Мүмкін замандасың да келіп қалатын шығар...

– Жоқ, Маусымбек, бір минут тоқтауға мүмкіндігім жоқ. Сен де жұмысыңа бар, – деп Бағдан беті, қолын жуып, бір кесе шай ішті де, жалынған досына қарамастан қош айтысты.

Бұл жолы: «Қайда барсам екен?» – деп Бағдан тіпті ойлаған жоқ. Салып отырып кешегі таныс үйдің алдына келді. Келуін келсе де үйге кіруге бата алмай ұзақ тұрып қалды. Жаңа Маусымбекті ала келіп, соны жіберіп алмаған екенмін деп те өкінді. Бірақ қайтып барудың орны жоқ... – Ілгері жүріп, қайта кейін оралды да, машинасын жолға қарай бұрып дұрыстап қоя бергенде жүгіріп бір бала өтіп бара жатты.

– Әй, балақан, қайырыла кетші, – деп дауыстады Бағдан машинадан шығып жатып.

Қайырылған бала сондай тәрбиелі екен.

– Сәлеметсіз бе, ағатай!

– О, көп жаса. Атың кім?

– Көпжасар.

– Көпжасар? Өзім де біліп айтып тұр екенмін ғой. Ал қай үйденсің?

Көпжасар көрші үйді нұсқады.

– Мынау үйден...

– Ал мына бір үйде кім тұрады? – деп Бағдан қисық дарбазалы үйді көрсетті.

– Ақдәулет тұрған....

– Неге тұрған? Қазір қайда?

Бала жауабы келте.

– Сотталған...

«Не үшін?» – деп сұрағысы келіп Бағдан мүдіріңкіреп қалып еді, Көпжасар:

– Арақ ішеді. Төбелеседі, – деп анықтап қойды.

– Ал әйелі қайда?

– Әйелі Алматыда.

Бағданның жүрегі бір түрлі сазып жүре берді: Әспет болғаны ғой?!

– Атын білмейсің бе? – деп сұрады Бағдан жүрегін басып.

– Неге білмеймін. Білем. Аты – Әспет...

Бағдан аузын аша алмай қалды. Шаруа бітті деп ойлаған бала жөнеле беріп еді. Бағдан даусы қайта шықты.

– Ал, қазір кім тұрады?

– Ақдәулеттің әпкесі – Алтын...

– Жалғыз тұра ма?

Көпжасар жақындап келді де, біреу-міреу естіп қалмасын дегендей сыбырлай сөйледі.

– Ақдәулеттің бір жарым жаста баласы болатын. Соны асырап алған еді. Енді жоқ.

– Жоғы қалай? – деп сұрады Бағдан түсінбегендіктен.

– Алдыңғы күні өліп қалды.

– Өліп қалды?..

– Иә өліп қалды, – деп Көпжасар жүгіре жөнелді.

Бағданның өн бойы мұздап, жүрегі шымылдап жүре берді. Неге өйтті, өзі де білген жоқ, тұрған жерінде отыра кетті. Жай соққандай. Бала мен байдан айырылған жаралы әйел екен ғой Әспет. Қалай түсінбеді? Қалай аңдамады? Бір дауыс ақталғандай болды: Өзі жайлы тұк айтпады ғой. Қалай түсінесің! Қалай аңдайсың! Бір дауыс Бағданға үкім шығарғандай болып естілді: Надансың, Бағдан. Надан емессің-ау, топассың. Жол бойы бір ауыз тіл қатпай, күрсінумен келді. Соны-сы айтқаны емес пе! Күрек ұстап келе жатып солқылдап жылады. Сонысы түсіндіргені емес пе! Егер де сен топас болмасаң, өткен жылы күзде осы Жамбыл вокзалында Әспетті шығарып салғандардың:

«Әспет, ренжіме, өмірде не болмайды!» – деген сөздерінен-ақ Әспет басында бір қайғының барын сезген болар едің ғой. Ең болмаса, «Айша Бибі» картинасының қабырғадан алынып қалуы: «Ұзақ бір хикая», – демеп пе еді. Сен оны өзіңнің өзімшіл де күдікке толы секемшіл көңіліңе бағып: «Ұнамаған соң алып тастаған ғой», – деп жорығансың. Әне, надандық қайда! «Ұзақ бір хикая», – деп күрсініп айтса, ұнамағандығы емес, басқа бір себебі болғаны да. Соған да үңіле алмадың ғой. Топастық болмаса бұл не?

Жер сыз екен, соны сезген Бағдан түрегелді. Өзін-өзі «надан», «топас» деп қанша жерлесе де өнер адамының бәріне тән бір әлсіздік осы жерде Айша Бибіге байланысты тағы бел алып кетті: Дегенмен неге ұзақ хикая? Соның сырын ашса, осы үй ғана аша алады. Тағы бір дауыс: оның бос далбаса. Қайтсең де қаралы қалған, өзің жәбірлеген Әспетті тап. Аяғына жығыл. Кешірім сұра. «Әпкесі жалғыз» деген бала сөзі қамшы болды ма, Бағдан ақырын жүрсем айнып қалармын дегендей, қаттырақ басып келіп шабақтары түсіп қаусап тұрған қақпаны ашты...

Алдан жуантық келген аласа бойлы, қысық көз орта жастағы әйел шықты. Алтын дегені осы болса керек.

– Кіріңіз, – деді ол қысылыңқырағандықтан есік көзінде тұрып қалған Бағданға.

– Жоқ, мен бір сәтке ғана...

– Бір сәт пе, екі сәт пе, келгеннен соң есік көзінде тұрмаңыз. Былай шығыңыз.

Байқайды, Алтын дегені дұрыс адам. Бағдан төргі бөлмеге өтті. Жұпыны үй. Жұпыны темір кереует. Қабырғаға көнелеу кілем ұсталған. Үстін кір басқан көне диван. Стол, орындықтар да сәннен әлдеқашан шығып қалған ескі дүниелер... Бірақ Бағдан көзі оларға емес, ауыз үй, төр үйлердің қабырғаларындағы жиі ілініп, кейін алынып қалған картина-суреттердің айқын сақталған таңбаларына түсті. «Осының бір жерінде Айша Бибі де тұрды-ау бір кезде», – деп ойлады Бағдан.

Келе салып, отырмай жатып жалаңаш қабырғаларға сүзіле қараған Бағдан мінезін ерсі санады ма, үй иесі үн қатты:

– Ал, шырағым, жай жүрсің бе?

Бағдан алдымен «жай» деп қалды да тез түзелді.

– Маған Әспет керек еді...

– Әспет кетіп қалды ғой...

– Кетіп қалды? – деп таңданды Бағдан. – Қайда?

Әйел: «Денің дұрыс па өзіңнің», – дегендей сұрана қарады.

– Қайда болушы еді, Алматыға. Таңғы алтыдағы автобуспен кетті.

– Апыр... рай, ә?..

Үй иесі: «Енді не дер екен?» – деді ме, үнсіз қалды.

Енді не айтудың жөнін таба алмаған Бағдан көп қиналып барып:

– Ал жақсы, апасы... – деп орнынан тұра берді.

– Иә, шырағым, Әспет танысың ба еді?

– Иә, танысым... Былтыр консерваторияға келіп түсем дегенде... – деп ар жағында тағы не айтудың жөнін біле алмай мүдіріп қалды.

Үй иесі іліп әкетті:

– Е, бір жігіт түсірем деп уәде беріп еді, қолынан келмей қалды, – деп еді. Сол сен екенсің ғой, шырағым.

Суға кеткен тал қармайдының кері.

– Иә, сол мен...

Үй иесі жібиін деді.

– Иә, шырағым, сенен жазық жоқ. Барыңды салыпсың. Көнбеген ана шұбар бет көрінеді ғой?..

– Иә, сол... жеңгесі. Ұмытпасам, сіздің есіміңіз осы Алтын ғой?..

– Иә, Алтын... – Алтын жадырай түсті.

Бағдан өзіне-өзі келе бастады.

– Әспет сізді аузынан тастамап еді сол кезде. Алтын десе, алтын... Туған анам секілді. Осында келгенім сол кісінің арқасы... Шынтуайтқа барғанда інісін емес, мені жақтайтын... Жассың әлі, оқы... кісі бол... баланды мен асыраймын... – Сөзі осы.

– Рас, рас... – деп Алтын көзін сүртті. – Бір өтірігі жоқ. Оны інім деп қалай жақтайын, ісі қисық болса... Мұны келінім деп қалай жамандайын, ісі мен мінез-құлқынан бір мін таппасам... «Адам – сыйлағанның құлы» емес пе. «Қарына тартпағанның қары сынсын» деген – білімсіздіктен туған сөз, шырағым.

Өзі қу болмаса да, оңай жерден қулық жасап, ол қулығы ойда жоқта жүзеге асып кеткен соң, Бағдан еркінси сөйледі:

– Соншама не бүлдірді Ақдәулет, алып қалуға болмады ма?

– Ойбой, шырағым-ай, алып қалмайық дедік пе. Әспетжан екеуміз жақсысын асырып, жаманын жасырып, кірісіп-ақ бақтық қой... Болмады ғой.

Бағдан білетін адам секілді:

– Сонда да ішуін қоймады?.. – деп қойды.

Алтын көзіне тағы жас алды.

– Қоймады ғой, байғұс бала... қоя алмады. Жай ішіп келсе бір сәрі. Дүниені қырып-жойып келеді ғой. Әспетке болысасың деп тіпті маған да тіл тигізуге дейін барды. Ал ол байғұста түк жазық жоқ. Жұмысына уақытында барады. Уақытында жұмысынан келеді. Содан кейін зарығып Ақдәулетті күтеді. Алданына қарайды.

Бағдан шошып кетті.

– Алдан?!

– Иә, Алдан еді аты. Мен қойып едім ол атты. Он сегізімде түрмыска шықтым. Екі ай отаспастан соғыс басталды. Күйеуім майданда қаза

болды. Содан кейін бала сүймек түгіл жар құшағы дегенді де көрген жоқпын, шырағым. Әкеміз де майданнан оралған жоқ. Соғыс басталған жылы іште қалған осы інім Ақдәулет еді. Бұл дүниеге келісімен анамыз да дүние салды. Сосын мен осы балаға ана орнына ана болып отырып қалған едім... Әйтеуір он кластық білімім бар ғой. Әуелі колхозда есепші болдым. Содан бастауыш класқа сабақ та бердім. Жеткіздім, адам еттім. Осы Жамбылдағы су шаруашылығы институтын бітірді. Обалы нешік, жақсы бітірді. Жақсы оқығаны сондай, соңғы курсында ғылыми командировкамен Москваға да барды. Сол жолы ғой Әспетжанмен кездескені. Ол онда МГУ-дің философия факультетінің екінші курсында оқиды екен. Оқуын тастап Ақдәулетіме еріп келді. «Бір жылға академиялық демалыс алдым. Келер жылы қайта барып түсем ғой», – деп келген. Қайдан түссін, «Үйдегі көңілді базардағы нарық бұзады» демей ме, келер жылы нәрестелі болды. Жөргек иісін сезбеген басым алданышым болсын деп атын Алдан қойып, бауырыма салып едім, міне, одан да айрылып қалдым. – Алтын солқылдап жылап жіберді. Жалғыз қалған әйел тағдыры әсерлендірді ме, әлде Әспет тағдыры батты ма, Багданның да көзіне мөлтеңдеп жас келіп қалды.

– Сабыр етіңіз...

– Сабыр етпегенде не шарам бар?! – деп Алтын енді бетін шәлісімен басып үнсіз жылады.

Арақ ішсе де, Ақдәулеттің не қылмыс үшін жазаланғанын білмейтін Багдан тағы жымба жолдады:

– Ақдәулетті ақтап алуға болмай ма өзі?

– Ақтайтындай қылмысы да жоқ қой ол сорлының. Өткен қыста шығарып та алғанмын. Жұмысқа да орналасты. «Енді ішпеймін», – деп ант-су да ішті. Ішуін қойса, қайтып келем деген Әспеттен де хабар келді. Бірақ бәрі зайғы. Інімнің уәдесі он-ақ күнге жетті ғой...

Бар жағдайға қанған Багдан кетуге бет алды.

– Сөзге алдандырып қалыппын ғой. Ең болмаса, шай ішіп кет, шырағым.

– Рақмет, апасы. Асығыс едім...

– Үй осы, шырағым, жолың түсіп алда-жалда келе қалсаң, қайырыла кет... – деді Алтын. Содан кейін аз кідіріп, ар жағынан төгіліп келіп қалған көз жасын күш салып тоқтатты да: – Әспетжан келінім емес, бірге туған сіңлімдей, несін айтасың, баламдай болып кетіп еді. Сорлы болып қалмасын, көз қырыңды сала жүргейсің... – деп боздап қоя берді.

Не ғажап?! Жағасы жайлау тоқ көңілдің бір күйтін ғана қуалап келген Багдан да жоқ жерден қасірет арқалап, көз жасына ие бола алмай қалды:

– Алтын апа, өзіңіздей көріңіз. Шамам келгенше көмегімді аямаспын...

92-11

Осыны айтып Бағдан орнынан көтеріліп, ауызғы бөлмеге өтті де, тұрып қалды: темір кереует пен бетіне жарықшақ түскен гардероб, сыры тайған этажеркалардың арты толған сурет кенерелері. Кәсіби көз соны бірден шалды.

– Алтын апасы, осыншама көп кенерелер қайдан келген?

– Ой, шырағым-ай ол бір хикая ғой...

– Қандай хикая?

– Әспет келінім жинаған картиналар еді... Ақдәулет мас болып келіп бір кеште талқанын шығарды.

«Осының ішінде Айша Бибі де бар-ау», – деген ой билеген Бағдан:

– Көруге бола ма? – деп сұрады.

– Көргің келсе, көре ғой. Не тамтығы қалды дейсің, бірақ.

Бағдан енді қысылған жоқ, еркінірек басып барды да, біртіндеп көтере бастады. Джорджоне. «Юдифь». – Айқыш-ұйқыш салған пышақ таңбасы. Рубенс. «Телпек киген әйел». – Қиялатып бір тартылған. Рембрант. «Даная». – Көлденеңінен үш тартылған. Репин. «Қаһар Иван және оның баласы». – Пышақ ізі Қаһар Иванның маңдай тұсынан тиіпті.

– Құдай-ау, мынауың құдды Балашов қой.

– Балашовың кім, шырағым? Ақдәулет де, – деді түсінбеген Алтын.

Бағдан түсіндіріп әлек:

– Репиннің Третьяков галереясында ілулі тұрған осы картинасына қарап тұрып Балашов деген бір орыс офицері: «Сұмырай», – деп қанжар сілтеген ғой...

– Иә, сол Балашовың ендеше...

Бағдан келесі кенерені көтерді: Бағдан Шаймұратов. «Айша Бибі». – Айқұш-ұйқыш жеті-сегіз сызық түскен. Бағдан кенерені қолына ұстап тұрып қалды:

– Ала-бөтен тілгілейтін бұл суреттің не жазығы бар еді?

– Оған кінәлі мен, шырағым... – деп мүдірді Алтын.

– Қайтіп?

– Киепеті соғады. Ең болмаса, мына Айша анаңа қол тигізбе, – деп едім, соған ерегісіп жасағаны...

Бағдан әрі қазбаламады. Қолына жұққан шаңды кетірмек болып, алақанын шапалақтады да, сыртқа шықты.

– Ал сау болыңыз, Алтын апа.

– Сау бол, шырағым...

Екінші үйден айнала бергенде аңдып тұрғандай алдынан жүгіріп Көпжасар шықты.

– Ағатай, тоқтаңыз...

Бағдан тежемені басты.

– Ана бала бар ғой бәрібір өлетін еді...

Түсінбеген Бағдан:

– Неге? – деп сұрады.

Көпжасар машина есігінен ішіне үңілді:

– Жұрт айтады....

– Жұрт не деп айтады?

– Көпжасар біреу-міреу естіп қалмасын дегендей үңіле түсті:

– Алдан бітерде Әспет жеңгем жылан етіне жерік болған...

Бағдан тұқ айтпады. Естімеген болды да жүре берді.

Қарайлар ештеңе қалған жоқ. Ендігі бет – Алматы. Жүріп келеді. Ойлап келеді:

Мұны жұрттан артық санаса, артық санап, асыра бағалағандықтан ғана қолқа салған болса, өз жайын неліктен жасырды? «Бағдан аға, менің халім осындай, келе жатқан себебім мынадай», – деп жол үстінде шынын айтса, Бағдан жіберген қателіктің бірі де болмас еді ғой. Сұп-сұлу, тап-таза қалай алып келсе, Бағдан оны дәл солай тап-таза, сұп-сұлу күйінде алып қайтар еді. Неге жасырды? Неліктен Бағдан бұл шындықты көлденең адамдардан естіді? Әлде шынымды айтам деп, сырымды ашып алам ба деп қорықты ма? Бір ғажабы – Бағдан Әспетке шаң жуытар емес. Тереңірек ойлап қараса жаңағы сұрақтарға тапқан жауабы мұның өз пайдасына емес, Әспет пайдасына шешіліп жатқанын анықтады. Осы Әспет зақылеттес адамдар болады – өз басының жайын айтып, шашыла бермейтін адамдар. Ондайлар өліп бара жатса да шағынбайды,... біреуге сабыт та салмайды. Мал баққан қазақ аулында туып, мал жайын жақсы білгендіктен бе Бағданның есіне жылқы малы түсті. Осы бір сұлу жануар төрт аяғын байлап-матап, бауыздап жатқанда дыбыс шығармақ түгіл тұяғын да серіппейді. Керемет емес пе? Асылы, шағынбау, мен осындай болып қалдым деп байбалам салып, біреуге міндетсімеу – асылдықтың белгісі. Кім білсін жоқ жерде жүрегі тілгіленіп, көңілі құлазып, кең мұхиттың бір қиырында, апатқа ұшыраған кемеден ұшып түскен секілденіп Бағданның мүсәпір болып қалуы – Әспеттің осы бір мінезінен шығар. Егер ол былтыр кездескен бойда өз халін пәш етіп, бұл мүсіркесе екен, аяса екен деп арзан есеп құрса, Бағдан мүмкін осыншама қиналмаған да болар ма еді, әлде қайтер еді? Данышпан Леонардо да Винчидің «Джокондасы» көрермендерін табындырғанына бес жүз жыл. Осы бір жарты мың жыл бойында адамзат әулетінің оған деген махаббатының айнымай, суымай келе жатқан сыры неде?! Оның сыры Монна Лизаның жұмбақтығында емес пе екен? Сол бес жүз жыл бойы шешуі табылмаған бітімсіз бір дау бар: Монна Лиза күліп тұр ма? Әлде Монна Лиза күлмей тұр ма? Мына кереметті қараңыз. Сол бес жүз жыл ішінде орта есеппен жиырма буын ауысқан екен. Соның

бір де бірі жауап бере алмаған сұрақ. Былай қарасаң адамның күлген, күлмегендігін айыруда нендей қиындық бар! Күлген, күлмегеніңізді керек десең бесіктегі бала да айыра алмай ма? Не ғажайып бұл сонда? Бұл ғажайыптың кілті – Монна Лизаның ішкі дүниесінің томаға тұйық, жұмбақтығында деп біліңіз. Сол себепті Монно Лизаны түсіну өз көңіл күйіне байланысты. Бір келіп қарадыңыз: Джоконда сізге миығынан күліп жымиып тұр. Айнала беріп қайта үңіліңізші: жоқ, Джоконда жымиып тұрмаған екен, үстіңнен қарап, «неткен сорлы едіңдер», – деп мазақтап тұр екен... Ал түсініп көр... Сол секілді құлай берілген көңілдің де сыры міне Әспеттің осы жұмбақтығында жатыр. Не сұмдық? «Жылан жегім келеді», – деді-ау! Тағы да жерік емес пе екен? Бірақ бұл күдікте негіз жоғына кешегі Әспет айтқан сөздерді саралай келіп көзі жетті: «Ойнап айтқам. Жылан жейтін жерік емеспін», – деді емес пе. Бағдан өзіне-өзі разы болмай бетін тыржитты: Бағдан сен өзің не болып кеткенсің, таза жерден қоқыс іздейсің. Пасықтық қой. Мұның қалай, жігітім?! – Жігіт ойы енді көлеңкеден шығып нұрлы, сәулелі бір жағаға қарай бет алды. Кеше Маусымбек үйінде неге оңаша қалғың келмеді осы? Жалғыздықтан үрейің ұшқан себебі не? Маусымбекті сағынып келген жоқ едің ғой. Сөйтсе де қасында қалдырдың. Себеп? Себебі – оңаша қалсаң, Әспетті ойлар едің. Өз білместігіңмен өз жүрегіңе өзің салған жара бар еді. Сол сыздатып ауыртатын еді. Сен содан қорықтың. Ендеше дәл осындай сезім Әспет басында да бар еді ғой. Ол жалғыздықтан қорыққан еді ғой. Өтірік күлгені, Айша Бибіге шақырғаны, суға түскені, жылан тауып бер деп жетелеп кеткені... бәрі-бәрі өзінің ана қайғылы, мүшкіл халін бір сәт болса да ұмыту еді ғой. Қайғымды ұмыттырар, алданышым болар деп, саған қол созып еді ғой. Сен болсаң сол үміттің биігінен табылудың орнына, көп наданның бірі болдың да, саздап аяқтың астында жаттың. Бағдан жүрегі сазып тағы ауыра бастады. Ту сырты шымырлай мұздап, маңдайынан шып-шып салқын тер шықты. Жер табанын суырып, асфальт жолды доңғалағына бүктеп салып, зырлап келе жатқан кішкене машина жолдан бұрыла беріп кілт тоқтады. Сыртқа көтерілген Бағдан кеудесін желге беріп, терең дем алды. Біраз желпініп, олай-бұлай жүгірді де, содан кейін:

– Алматыға барған соң қайтсем де іздеп табуым керек Әспетті, – деген байлам жасап, машинасына отырды.

«Табам», – деп, Бағдан қанша қадап айтса да Әспет, бірақ таптырмады. Консерваторияға барғыштады. Кездесіп қалмас па екен деп көше кезді. Әспет жұмыс істей алады-ау деген әр қилы мекемелерде болды. Университет пен институттардың, Ғылым Академиясының үйлерін шарлады. Балалар бақшасына, мектептерге телефон соқты. Бәрінен естілер жауап біреу-ақ: «Құрмантаева Әспет? Жоқ, ондай адам

істемейді мұнда». «Өзі хабарласып қалмас па екен?» – деп үйде де, шеберханасында да ұзын шнур жалғап, телефонды қасына да қойып жүрді. Бәрі зайғы.

Бір ретте шеберханада отырған. Жұмысы түскірі жүрмей, бір түсірген бояуы өзіне ұнамаған соң сыпырып тастап, қайта-қайта жазып күйзеліңкіреп отырған-ды. Кенет телефон шылдырлады. Әйел даусы. Бағданның жүрегі тулап кетті.

– Не істеп отырсың?

Бағдан кешеулеп барып айырды: өз әйелі, Сәлима.

– Немене, асық ойнап отыр дейсің бе, жұмыс істеп... – деп ашуланды Бағдан.

– Мен қазір барам, – деп Сәлима телефон трубкасын салды.

Бағдан «аманшылық па?» – демекші еді, үлгіре алмады.

Шеберхана маңына онша көп ат ізін сала бермейтін әйелінің мына мінезіне таңданған Бағдан жұмысына қайта кірісті. Арада қанша уақыт өтті, кім білсін, бір кезде Сәлиманың даусы шықты:

– Кәне, қаншығы қайда өзінің?

– Қаншығы несі?

Сәлима бас жоқ, көз жоқ қуыс-қуысты тіміскілей бастады.

– Ау, батырекесі, не іздеп жүрсің?

– Әлгі қаншықты.

– Қаншығың не? Ит пе?

– Қой, жігітім, ойынды.

Тату семьяны бұзып, Сәлима екеуінің арасына от жағушы біреу барын Бағдан енді аңғарды. Қай суретші болмасын, өз шеберханасына жазу ниетімен кімді қаласа соны әкеле алады. Аздаған өзімшілдігі, жонып тастайтындай ғана қисықтығы болғанымен, «ал кеттімі» жоқ, алды кең, негізі момын, бар тілеуін бала бақсам, Бағданға қызмет істесем деген ниетке бағындырған Сәлима оны жақсы білетін, жақсы түсінетін. Соны біле тұра, түсіне тұра келіп тұр. Олай болса, азғырынды, өсек әсері ойсаң да мықты. Әуелі шамданыңқырап қалған Бағдан негізі аңқау, сенгіш әйелінің мүлт жіберіп алғанына күлді.

– Ондай сенбестігің болады екен, «қазір барам», – деп телефон неге соқтың? Үндемей келіп үстімнен түспейсің бе! Сен келем деген соң қоя бердім...

Сәлима не дерін білмей аңырып қалды.

– Қойшы, ойының қалмайды екен осы сенің...

– Осындай ойын бола ма? Сенбесің бар, телефон соқпа, барам деме. Аңдып жүр де, үндемей бас. Жөні осы. Теріс деші, кәне?

Үндей алмаған Сәлима терезе жақтағы кушеткаға барып отырды. Сол жайды пайдаланды ма, Бағдан енді аздап ақылгөйсіңкірей сөйледі.

– Бізде қазір бәрі бар: бала бар, үй-жай бар. Ақшамыз да бар.

Бағданының атақ-даңқы өз алдына. Ол қазір халыққа танылып қалған ел адамы. Мүмкін біреулерге татулықпен күн кешіп келе жатқан осы өміріміз ұнамайтын шығар. Арамызға от жағып, араздастырып жібер-сек дейтін шығар.

– Жоқ, қайта жақсы болсын дегені.

– Жақсы болсын дегендер осылай жасар ма? Сені маған жаны ашығансын шаптаса – көр соқыр, надандығы. Ал біліп шаптаса – залымдығы. Қайсысы болсын жақсы емес. Өнер адамы қай заманда болмасын өсек сырығының ұшында жүрген. Тоғышарлар өсегінің сырығы. Сол өсектің сойыл соғары өзің болсаң, ол менің ғана емес, сенің де бақытсыздығың ғой... «Жаман айтпай жақсы жоқ», сондай бақытсыздыққа душар бола қалсаң, жаңағы «жаны ашымпаздарың» қол ұшын берер ме саған? Бермейді емес, бере алмайды, беру қолынан келмейді. Көп болса, «алда байғұс-ай», – деп мүсіркейді. Тілейтінің осы ма сонда?

Сөз парқын түсіне білетін Сәлима күрсініп алды да:

– Ана, Әспет дегенің кім? – деп сұрады.

Бағдан мүдіріп қалды: Қайдан естіді? Кім айтты? Тіпті екеуінің кездескенін тірі жан көрген жоқ қой. Маусымбек Әспетті білген емес. Алтыннан шықты деуге, ауыз бармайды. Бағданның кім екені оның түсіне де енбеген. Көпжасар – бала. Қайдан шықты бұл әңгіме? Қайран.

– Неге үндемейсің?

«Сен жұртты танымасаң да, сені танитын көз көп», – деп жорыған Бағдан:

– Білмесем, не деп үндеуім керек? – деді таңданған болып.

– Білмесең, мә, ендеше? – деп, Сәлима бір қомақты қағазды Бағдан алдына лақтыра салды.

Ашып қараса, вагон-ресторанда қызға байқатпай отырып Бағдан жасаған Әспет суретінің эскиздері. Бір эскиздің астында: «Әспет!» деген өз қолы.

– Иә, бұл Әспет, – деді ары таза Бағдан.

– Оның кім? – деп тұрмын ғой мен саған.

Съезд сапарындағы альбомда осындай қырық-елу эскиз болатын. Соның ішінде толып жатқан әйелдер де бар еді. Сол эскиздердің бәрін былай тастап – Әспетті алып келгеніне мүлде қайран.

– Малшы мал бақпаса, аңшы аң ауламаса, жазушы кітап жазбаса, олардың несі малшы? Несі аңшы? Несі жазушы? Сондай-ақ көрген-білген кездескен адамдарымды альбомыма түсірмесем менің қай жерім суретші? Жол-жөнекей кездескендердің бірі шығар?

– Ойнама, шынынды айт!

Бағдан жалтара сөйледі.

– Ана альбом ішінде толып жатқан бейнелер бар. Солардың біріне соқпай, бұл эскизге неге шүйліктің?

– Себеп бар.

– Қандай?

Екеуің поезд ресторанында бірге отырыпсыңдар.

Жамбыл сапарын біліп қалды ма деп секем алған Бағданның жүрегі орнына түсейін деді.

– Оны кім айтты?

– Кім айтқанын қайтесің. Әспет деген кім деп тұрмын ғой, соны түсіндір.

– Әспет деген бе?.. Соның кім екенін өзім де жөндеп білмеймін. Тегі, сол менің өзім болсам керек, – деді Бағдан салмақты қалпына келіп.

– Ойнайсың, ә?.. – деп жымиды ашуы тарқай бастаған Сәлима.

– Ойын емес, шыным. Байқайсың ба, алдыңғы жылы съезге барып келгеннен бері менің тақырыбым да, стилім де өзгере бастады ғой. Сол – Әспеттің арқасы. Менің көзім ашылайын деді, Сәлима. Тегі, кемелдік келе жатқан болар...

Сәлима біраз үнсіз отырды да, тақырып өзгерді, стиль өзгерді деген соң ба:

– Осы ана жылғы бір картинаң қайда? – деп ашу араздығы жоқ сұрақ қойды.

– Қайсысы?

– Әлгі «Егін орағы алдында...» деген бе еді? Бірдемелері ұнамайды, жөндеймін деп жүруші едің ғой?

– Ә, ана бір картина ма? Жойып жібергенмін.

Сәлима шошып кетті.

– Өзіңді танытатын дүние емес пе еді?

– Бүгін танытса да, ертең құны болмай қалатын шығарма маған қайбір түпкілікті бедел әперер дейсің. Бедел емес, сабынның көбігі ғой ол. Қазір бұрқырап тұрғанымен ертең жоқ. Сен егер ақылды болсаң, менің бойымдағы құдай берген талантты сабын көпіршігіне итермелеме.

Негізгі мамандығы мұғалімдік болғанымен біраз жыл өнер адамының қасында жүргенін танытып:

– Бұл жанрдан неге шошисың? Тек қана портреттер жазып та аты шыққан суретшілер бар емес пе? – деп дауласты Сәлима.

– Ол портреттерде өмір бар. Ол келбеттерден қайғы мен қуанышты да, ақыл-ой, кемеңгерлікті де, ашу-ыза мен күлкіні де, жақсылық пен жаманшылықты да, қулық пен зымияндықты да, бәрін де көре аласың. Олар шын көркем туындылар.

– Е, сен де ендеше солай етіп жаз.

– Жоқ, егінжай ол палитраның орны емес, қалай жазсаң да плакаттың аты плакат.

Сәлима жығыла сөйледі:

– Көзге көбірек түссін, ауызға жиірек іліксін ғой менікі...

– Жоқ, бұл көзге ертең түспейтін, ауызға ертең ілікпейтіндердің жолы. Арзан жол.

Сәлима үндеген жоқ.

Міне, жұбайымен екеу ара болған осы әңгімеден кейін сегіз жылдан астам уақыт өтті. Жылдар қарап жатпайды. Әлденелерді алып, әлденелерді сыйлап жатыр. Аларын опырып, ойсыратып бірден де алмайды. Сәт сайын, сағат сайын күн, ай сайын жымба жолдап алады. Сол алыстың белгісі – самайға ақ кіре бастады. Басында нысана ғой деп жұлып тастап жүрген Бағдан жүре бара әлгі жылы құрғырлардың алып жатқан бірдемелері екенін түсініп, мойынсұна берді. Ақыл-ойдың тоқтасқанын, таланттың қалыптасқанын танытып мұрт қойды. Өзі ат жақты келген өңін ашып, сындарлы ұзын бойына әлдебір сүйкімділік, ірілік сыйлаған қопқою, қап-қара әдемі мұрт. Бір күні Бағдан айнаға қарап отырып, сол мұрт арасында да жасырынып жүрген ақ талдарды көрді. «Әзірге жасырына тұр. Қайда барам дейсің, ертең өзің-ақ шығарсың», – деп күлген-ді. Бұл жылдардың ұрлағаны болса, сыйлағаны әлдеқайда еселі. Алып-алып, есесіне түк бермей қойса қайтер едің? Жастық дәурені өтіп, кемелді кісілік шаққа жеткен Бағдан соны шүкіршілік етеді, ең алдымен ол тағы бір ұл бала көрді. «Айбарымыз болсын деп атын Айбар қояйық», – деді Бағдан. Сәлима қарсы болған жоқ. Бұл – оның өмірдегі табысы болса, өнердегі табыс ше? Атаулы жылдар Бағданның қыл қаламынан ірілі-уақты елуалпыс шығарма туғызды. Соның ішінде он шақтысы ірі полотно – атақ пен бедел әкеліп, Бағдан даңқын қалыптастырған шығармалар. Бұрынғы «жас суретші» деген анықтама әлдеқашан ұмыт болған-ды. Енді Бағдан фамилиясына: «белгілі суретші», «көрнекті суретші», «бетке ұстар суретші» – деген анықтамалар қосарлана жүретін болды. Айлакүлықсыз, өзінің адал еңбегі арқасында көзі біршама дұрыс ашылып, қиқым есеп, халтура дегенге соқпай, екінің бірі дәл басып танып, таба бере алмайтын шеберлік атты жолға адаспай түскен таланты арқасында жеткен анықтамалар ол. Шын надан, шын топас адам «мен топаспын» деп өзінің ондай «қасиетін» ешқашан да мойындамақ емес қой. Бір кезде Аса өзенінің бойында Әспеттен айырылып, күйзеліп қалған Бағдан өзін-өзі: «Надансың, Бағдан, топассың», – деп жерлесе, ол оның топастығы емес қайта топас еместігі. Қыз жанына терең бойлап үңіле алмай, мүлт жіберіп алғандығына білдірген өкініші ғана болатын. Задында сенгіш Бағдан жақсылық пен жаманшылық жолы қай жерде айырылып, дарын мен дарынсыздықтың, ауырдың үсті, жеңілдің асты дегендердің қай жерде жіктелетінін «білем» деп сеніп айтар болса, ол Әспеттің арқасы. Егер ол бұл күнде даңқты суретші атанса сол даңққа жету жолында екі-ақ рет кездессе де, өнеріне үкім шығарып, жүрегінде

лепті таңба, із қалдырып кеткен Әспет әсерінің айрықша екенін айқын түсінеді. Содан ба, жылдар өтіп жатса да, Әспетке деген ыстық сезім өршіп сала бергендей: келіп қалар, телефон шылдыратып қалар, бір жерде болмаса, бір жерде көрініп қалар деген үмітпен күн кешкен Бағданның жолы тағы да Жамбыл қаласына түсті. Бірақ анадағыдай жан баласына айтпай ұрланып бармады. Ұзақ жылғы жемісті еңбектің түйіні секілдендіріп, сонда ашылған өз көрмесіне шақырылып барды.

Маусымбек бастаған бір топ жас жігіттер қарсы алды. Өнер үзеңгісіне аяқ салсақ па деген дәмелі жастар. Көрме орталықтағы қазақ драма театрының фойесінде ұйымдастырылған екен. Келген адамдарда қисап жоқ. Бағдан шарапаты театрдың өзіне де тисе керек. Бұрын ойналып, ығыр болған спектакльдердің өзіне де келушілер көбейген. Мұның бәрі автордың көңілін аулау үшін өсіріп айтқан сөз емес екеніне көп кешікпей Бағданның көзі де жетті: Театр төңірегі қара-құра кісіге толы. Күйкі тірлікте кездесетін әр қилы өмір тауқыметінен біршама биіктеп, көңіл жүдетер ұсақ-түйектің бәрін ұмытып, қошемет пырағына отырып қанаттанып алған Бағдан өзін қарсы алған топпен фойеге кірді. Ар жақтан аздап қиық пен шербидің мәткесіне ұқсайтын сопақ бет әдемі келіншек шығып қарсы алды:

– Бағдан Шаймұратович, хош келдіңіз. Күтуліміз біз сізді, – Көрме директоры Анна Васильевна деген кісі осы екен.

Бағдан рақмет, ырзалығын танытып ілгері өтті. Әр кезде мұның қиялынан туып, мына екі қол арқылы дүниеге келген сурет-картиналарға үңіле қараған жұрт. Бір ғажабы, осы бір «г» әрпіне ұқсас фойенің екі жақ қабырғаларына ілінген сурет-картиналардың барып тоғысар жері – жаңағы «г-нің» шолақ жағындағы кең маңдайды түгел алып тұрған«Айша Бибі» картинасы екен. Картина алдында үймелегендердің қарамы тіпті үлкен. Қолына микрофон ұстаған түсіндіруші сөзі саңқ етті:

– Бұл – қазақ совет бейнелеу өнеріндегі ірі полотнолардың бірі...

Бағдан шегініп кетейін деп еді, Маусымбек оның қолынан ұстап ілгері сүйреді:

– Тыңда қазір не дерін...

– Бұл картинаның құндылығы – өткен заманның бүгінгі күнмен үндесіп, тілдесіп жатқандығында. Картинаның фонына қараңыздар: мыналар, міне, Айша Бибіні көруге барған бүгінгі еңбек адамдары. Ана арғы қырқадағы электр линиясы, жартылай тұмсығы ғана көрінген жеңіл машина.... Бұдан сегіз жүз отыз жыл бұрын өткен Айша Бибі анамыздың түсіне де енбеген жаңалық.

Әрі тыңдауға Бағданның дәті шыдамады. Маусымбек құшағынан жұлқына босанды да, шегініп кетті. Фойенің екінші залына бұрылып, жаңағы түсіндірушіден біраз алыстаған соң, «бұл не болды?» дегендей соңынан ере келген «шербидің мәткесіне»:

– Осы картинаны алып тастаңыздаршы, – деп өтінді.

Ештеңеге түсінбеген Анна Васильевна таңырқай берді:

– Ол не дегеніңіз, Бағдан Шаймұратович, бүкіл көрменің көркі ғой бұл картина, қалайша алып тастаймыз?!

Басқа ештеңе деп сөз қатпаған Бағдан далаға шықты. Соңынан ерген Маусымбек пен тағы бір жас жігіттен:

– Машиналарың бар ма, қыдырайықшы? – деп сұрады.

– Бар болғанда қандай!

Әлгіндей болмай лып етіп пұшық мұрын бір машина келді. Шоферден рұқсат алып рульге отырған Бағдан ескі жолды ұмытпаған екен, бір көшеден екіншіге, одан үшіншіге, төртінші көшеге өтіп ақыры аяғы үйдің алдына келіп тоқтады. Бірақ дарбаза, қақпа да, үйдің өзі мен қоршауы да өзгеріп, жаңарып кеткен. «Дұрыс келдім бе өзі? – деп күдіктеніп еді, баяғыда өзі Әспетпен бірге көлеңкесінде отырып демалғысы келген терекке, соның ар жағындағы Көпжасар баланың үйіне қарап көңілі орнына түсті. Сөйтсе де, жаңарып, өзгеріп кеткен үйге кіргісі келмеді де, қасында отырған шофер жігіттен:

– Мынау үйде Көпжасар деген бала тұрады. Соны шақырып шыға қойшы, – деп өтінді.

Жүгіріп кеткен жігіт өзінен де зор бір жігітті ертіп қайта шықты.

– Осы үйде Көпжасар деген бір бала тұрушы еді...

– Көпжасар менмін. Сіз кімсіз?

Бағдан не дерін білмей қысылып қалды.

– Бұл ағаң суретші, Бағдан Шаймұратов, – деді артта отырған Маусымбек.

Көпжасар елпілдеп қалды.

– О, сізді білем ғой мен. Кеше көрменізде болдым. «Айша Бибі» – тіпті, керемет сондай!

Осындай жөні жоқ жерде өзін пәш етуді жөнсіз деп білетін Бағдан әңгіме тақырыбын тез өзгертті.

– Өсіп кеткенсің, Көпжасар.

– Ағасы, мені қайдан білесіз? – деп сұрады таңданған Көпжасар.

– Осыдан сегіз жыл бұрын осы көшеде бір көргенім бар еді...

Көпжасар қанша ойласа да есіне түсіре алмады.

– Оқасы жоқ, ал өзің қайда оқисың?

– Осындағы су шаруашылығы институтының үшінші курсында... Содан кейін кілт өзгеріп: – Ағасы, неге отырсыздар машинада? Түсіңіздер, үйге жүріңіздер... – деп өтінді Көпжасар.

– Рақмет, шырақ...

«Ал сонда не тілейсіздер?» – дегендей Көпжасар Бағдан мен Маусымбекке кезек қарап тұрып қалды. Бағдан: «Айтсам ба екен, айтпасам ба екен», – деген толқумен асықпай сөйледі:

– Мына көрші үйде... баяғыда Алтын деген әйел тұрушы еді...

Көпжасар іліп әкетті.

– Иә, тұрған. Өткен жылы қайтыс болды.

– Қайтыс болды? – деп Бағдан әрі таңданып, әрі шошып қалды. – Неліктен?

Ер жетіп, кемелдене бастаған Көпжасар мына үлкен кісі қойған сұрақтың ерсілігін байқады ма, жымия жауап берді.

– Неліктен деріңіз бар ма? Ауырды да дүние салды.

– Ал оның інісі бар еді ғой?..

– Иә, Ақдәулет деген інісі болған. Қазір білмеймін.

– Апасының жаназасына келе алмады ма?

– Жоқ.

«Сұрасам ба, сұрамасам ба?» – деген әлгі толқу Бағданды тағы баурады:

– Басқа жақтан, айталық, Алматы жағынан ешкім келмеді ме?

– Келді. – деп Көпжасар тақ еткізді. – Әспет дейтін келіні болатын... Сол келді.

– Алматыдан ба?

– Ол арасын білмедім, ағасы, Алматыдан емес қой деймін...

Ендігі тұрысты артық деп санаған Бағдан:

– Ал, сау бол, Көпжасар, – деп жүріп кетті.

Бағдан үндемеген соң қасындағы шофер бала да, Маусымбек пен оның қасындағы жігіт те көпке дейін ауыз ашпады. Қызық! Әспет, әйтеуір осы Бағдан жүрген жерлерде жүр. Мүмкін ол Бағдан жұмыс істеп отырған кезде шеберхана алдынан талай рет өткен де шығар-ау. Мүмкін жаңа ғана Әспет жүріп кеткен көшені бойлап Бағдан да жүрген болар...

Кенет Бағдан ойын бұзып бір дауыс шықты:

– Аға, сіз қалғып кеттіңіз ғой деймін... Рульге өзім отырғаным дұрыс болар... Қайда барамыз, айтсаңыз болды ғой. Бұл қалада мен білмейтін қуыс жоқ.

Бағдан тоқтап, орынды шофер баланың өзіне берді.

– Әуелі бір азық-түлік магазинінің алдына тоқта. Содан кейінгі бетің – Аса өзені. Мәжнүн тал... білесің ғой?

Шофер бала күлді.

– Бүкіл Аса өзенінің бойында бір-ақ талымыз бар. Қалайша білмеске...

«Әуелі азық-түлік магазиніне», – деген соң ба, Маусымбек көңіл-денейін деді.

– Е, бәсе... Үлкен қаладан келгендерде сарқыт-сауқат деген болушы еді... Қайдағы бір өліп қалған кемпірді іздеп...

– Алтын деген бір жақсы кісі еді, – деп ақталды Бағдан.

– Ол кісіні мен де білетін едім, – деді Маусымбектің қасында отырған жігіт.

– Ал, иә? – деп Бағдан артына жалт бұрылды. – Сіздің атыңыз кім?

– Осында қала өрнектейтіндердің бірі. Суретші. Аты – Мирас, – деп таныстырды оны Маусымбек.

– Ал, Мирасжан?..

Аға суретші мән беріп, қадала қарағандықтан ба, Мирас мүдіріңкірей сөйледі.

– Шынында да мен ол кісіні емес, ана келінін білетінмін...

Шаң жуытпай жүрген Әспет туралы әлдебір ерсі, қолайсыз сөз естіп қалам ба деп қорыққан Бағдан жүрегі лүпілдеп қоя берді. Інісін білем демейді, келінін біледі.

– Иә, келіні деген кім еді? – деп Бағдан салқын қандылықпен жай сұрады.

– Келіні – Әспет. Ой, керемет адам еді!

Бағдан күрсініп қойды.

– Оның керемет екенін қайдан білесің? Ай, бір бәлең болған-ау, тегі?! – деп әзілдеді Асаға жеткенше асығып отырған Маусымбек.

Бағдан мазасызданыңқырап қалды.

– Ай, Маусымбек-ай, балалармен ойнайсың-ау.

Мирас қысылған жоқ:

– Неге білмеймін? Ол кісі бізге сабақ берді ғой.

– Бізге де берген, – деп қосарланды шофер жігіт. – Орысша, қазақшаға бірдей, ағып тұратын.

– Мұрат дұрыс айтады, – деп қостады Мирас. – Мен орыс класында сегізіншіде оқыдым. Ал Мұрат қазақ класының сегізіншісінде оқыған. Әспет апай сөйлегенде біз аузымызды ашып қалатынбыз.

Мына сөздерден кейін Бағдан жүрегі орнына түсейін деді: «Апасы сонда жиырма-ақ жаста!»

Мирас тоқтар емес:

– Кейде Әспет апай әдебиет пен өнер, әстетика тақырыбына лекция оқитын-ды.

– Рас айтасың, Мирас. Менің де есімде. Ол лекцияларға сонда қала мектептеріндегі мұғалімдер түгел жиналатын... – деді Мұрат.

Бағдан тағы бір күрсініп алды да, шалқая отырды. «Әлдене дер екен?» – деген түйіткілді көңіл жадыраған сайын Әспетке деген сағыныш туы көтеріліп сала берді: Жаным-ау, неге хабарласпайды?

– Ол апайларың қайда енді? – деп сұрады енді Бағдан жымба жолдап.

Жігіттердің жауабы бұл ретте қабыспай қалды.

– Қайта түсіп, МГУ-ды бітірген соң өзінің туған жері Маңқыстауға барды деп естігем, – деді Мұрат.

– Жоқ, қате. Әспеттің туған жері Маңқыстау емес, Семей жағы ғой. Ол қазір Ақсуат, Тарбағатай, Аякөз аудандарының бірінде болса керек, – деді Мирас.

Осы әңгімемен олар Аса өзенінің жағасына келді. Шынында да кемері аласа мына бір тау өзені осы тұста тым жалаңаш екен. Қай жақтан келіп қарасаң да көзге түсері баяғы жалғыз ағаш – Мәжнүн тал. Машина тура соған бет алып келеді. Арада сегіз жылдан астам уақыт өтсе де, бәрі де Бағданның көз алдында. Әне, арғы беттегі ана ойпаңдау көгалды жерге машинасын қойған. Міне, мына бір жерден қол ұстасып екеуі бергі жағаға өткен... Бұрқырап жатқан қоймалжың лай су да сол қалпы.

– Ал, ағасы, мәжнүн талыңызға келдік, – деп Мұрат машинасын кілт тоқтатты.

Көктемде дүрліге көтерілген дала реңкі қуқыл тарта бастаған шақ. Күн сондай ыстық. Тау жақтан соққан леп жақын жерде лапылдап жанған от қызуындай. Машинадан қарғып түскен жігіттер суға бірден лап қойысты. Ал Бағдан болса, шешінуін шешінсе де бүкіл жан дүниесін баураған сағыныш сезімінің жетелеуімен мәжнүн тал астына келді. Жылдар қылауы оған да белгі берген. Жалбыр шашты бір бұтақтар еңкейе-еңкейе қуарып сынып түсіпті. Оның есесіне жас бұтақтар ұшталып, «кәне, былай тұр, орныңды мен басам» дегендей жайыла еңкейіп келеді.

Бағдан баяғы өз «орнына» келді де шалқалай жатты: Аспан нілге салғандай тұп-тұпық, мөп-мөлдір. Бар болғаны батыс жақ қияда алақанға салып үрлеп, ұшырып жіберген мақта секілденіп екі-үш шөкім ақша бұлт қалықтап барады.

Құдды бұдан сегіз жыл бұрынғы аспан. Сегіз жыл бұрынғы ақша бұлттар. Тасқа жазылған өлеңнің бүгінгі күнге жеткен жолдары тағы да көңілге оралды: аспан... бұлт... Аруана дүние... Оқыс бір түйін: сегіз жыл дейсің, сегіз жүз жыл бұрын да мөп-мөлдір осы бір аспанда үлпілдеген осы бір бұлттар қалықтаған ғой. Кім біледі, жан тәсілімін жасар алдында Айша ананың бір кезде жер дүниені табындырса да, міне, енді сөніп бара жатқан қара көздері қазақы үйдің қара шаңырағынан дәл қазір мына Бағдан көріп жатқан мөлдір аспанға, ана қалықтап бара жатқан ақ үлпек бұлттарға түскен болар?.. Сурет салып дағдыланбаған, бірақ тіл өнерін дертке балап, көкке көтерген ел осы бір сәтті келер ұрпаққа жеткізіп бер деп дәупері ақынына тапсырған шығар... Дәупері?.. – Бағдан сегіз жүз жыл бұрын өтіп кеткен атсыз ақынға осындай теңеу тапқанына шошынып қалды. Жоқ, шын дәупері ол ақын. Өйткені «...Аруана дүние...» жай ақынның қолынан келе бермейді. Жай тілдің ұшына орала да бермекші емес. Аруана дүние?.. Мал баққан қазақ даласында аруана сұлулықтың төресі. Олай болса, мына қолдан тайып өтіп бара жатқан ыстық дүниеге ыстық іңкәрлік болды ғой?.. Арманды Асан Қайғының аңыз болған желден жүйрік желмаясы да осы аруана. Олай болса, дүниенің ешкімге ұстатпай кете-

тін шолақтығы ма екен аруана? Аруана – туған жерге деген айнымас махаббат бейнесі. Көзін байлап жердің қай түкпіріне апарып тастасаң да, бөтен жерді жерсінбейтін, туған жерін таппай қоймайтын жануар ғой ол. Олай болса жер қиялында тірлік кешкен атақты Бибі өлер сәтінде өзінің туған жеріне апарып қоюды өсиет еткен екен ғой? Мына сиқырлы сөз тіркесінде не сыр, нендей мән бар? Бағдан қалай ойланбаған осыны? Осы жұмбақты шешіп алмай Айша Бибіні қалай жазған? Бағдан шалқайып жатқан қалпы көзін жұмды. Кенет өн бойын соғып өткен дауылдай «қайта жазсам» – деген шабыттың жойқын күші баурап әкетті. Бағдан Айша Бибіні қайта жазады. Жоқ, қате, Айша Бибіні емес Әспетті жазады. Айша Бибі Әспеттің фонында тұрады. Сегіз жыл болса да құлақта тұнған таныс дауыс, Бағданның іңкәр даусы – Әспет даусы. Сонымен не айтпақсың? – деп сұраған секілденді. Жоқ, қате, ең әуелі Мәжнүн тал... одан әрі Айша Бибі, ал одан әрі қол жетпес алыста Әспет... Көзі жұмулы Бағдан жаңағы өзі іңкәр дауысты естір ме екенмін деп тағы да құлақ тікті: жалаң аяқ құм басқан аяқ дыбысы жақындап келеді... Жүрегі тарсылдап соққан жігіт көзін жұма түсті: қазір келеді де, шөп еткізіп мұның бетінен сүйеді. Сонда қайтсе де шапшаң қимылдап үлгереді де, құшақтай алады. Босатпайды сосын. Рас, осы үміт ақталып қалатындай аяқ дыбысы қасына келіп тынды. Мұның бетіне көзін қадап еңкейгені сезілді. Дем алысы естілді. Бағдан құшағын аша берді: «Ал шөп еткізсейші енді». Бірақ шөп еткізген ешкім болмады. Бағдан көзін ашты: өзіне үңіле төніп тұрған Маусымбек екен.

– Ұйықтап қалғанның қай жағысың? Жүр, суға түс. Жігіттер дастарқанды жайып, дайын отыр, – деп Маусымбек Бағданның қолынан тартты.

Сол күннің кешінде кездесуде болып қонақ үйге кеш қайтқан Бағдан түнде қызық бір түс көрді. Дәл өніндегідей. Аса өзені бұрқырап жатыр. Арғы бетте жарға төніп Айша Бибі күмбезі жарқырап тұр. Бұл жерге қалай келіп қалған? Бағдан соған қайран. Жоқ, қате екен. Айша Бибі келмеген, қайта Аса өзені сол Айша Бибі күмбезінің қасынан өтеді. Қалайша? Тіпті түсініксіз. Бағдан осы бір жұмбақты шеше алмай қиналады. Өзі бергі бетте. Баяғы мәжнүн тал. Шашақты бұтақтары басын бұрынғыдан да төмен иіп көлемді аумақты алып жайылып кеткен. Бағдан соның көлеңкесінде отыр. Қасында... Әспет. Иә, иә, Әспеттің тап өзі. Ап-айқын. Ақшыл өңінде тіпті бір дақ, мін жоқ. Үстіне киген кең етек, ақ көйлегі төгіліп башпайына дейін түгел жауып тұр. Сондай жарасты. Әспет өңін көк көйлек ашады деген ұғым қайдан шықты осы? Әспет өңін ақ көйлек қой ашатын. Сол ақ көйлектей аппақ періште өңінде күлкі бар. Әспет Бағданға қарап күледі. Бағдан қол созды:

– Сағындым ғой, Әспет, келші бері...

Әспет басып шайқап, жылжи бергендей болды...

– Босқа әуреленбе, Бағдан. Ана екі баланды қайтесің? Сәлиманы қайда қоясың?

Бағдан ұмтылып жүгірген секілденеді, бірақ жүрісі өнбейді. Әспет жеткізбейтіндей.

– Тоқташы, Әспет! Екі бала өзімдікі ғой. Ал Сәлиманы...

Аққудың сұңқылы секілді бір дауыс Бағдан сөзін естіртпей жіберді:

– Жоқ, Бағдан, қателесесің. Мен өз қуанышымды басқа біреудің қайғысы мен көз жасынан іздемеймін. Менің бақытым басқа біреудің бақытсыздығында болмауға тиісті.

– Әспет! Аялдашы сәл ғана!..

Әспет аялдамады. О, ғажап! Жалаң аяғымен Асаның ыстық құмын басып біршама жүгіріп барды да, жерден көтеріліп жүре берді. Құдайау, Әспет құс емес еді ғой, қалайша көтеріліп, қалықтап кетті? Жоқ, Әспет құс екен. Құс болғанда да құс төресі – аққу екен... Жаңа: «Менің бақытым басқа біреудің бақытсыздығында болмауға тиісті», – деп аққуша сұңқылдап айтқаны да содан. Бағданның «ақ көйлек» дегені де қате. Ақ көйлек емес, аққудың ақ қанаттары екен ғой. Әспет сол ақ қанаттарын баяу қағып барды да, Айша Бибі күмбезін жанап өте берді... Жоқ, жанап өткен жоқ, тура барды. Айша Бибі әуелі сырылып жол берген секілді еді, о да қате болып шықты. Айша Бибі сырылмады. Көтеріле берді. Көтеріле берген Айша Бибі күмбезін Әспет ақ қанатына отырғызды да, мөлдір аспанның сонау қиясындағы ақша бұлттарға қарай самғай барып көзден ғайып болып жүре берді...

Бағдан шошып оянды. Байқаса жүрегі құрғыр тулап, қара терге түсіп қалған. Сағатқа қарап еді, ертеңгі сегіз. Алды да, Маусымбекке телефон соқты.

– Әй, Маусымбек, түнде жер сілкінген жоқ па осы?

– Оны қайдан шығардың?

– Білмеймін... Маған Айша Бибі күмбезі құлап қалған секілді болып тұр.

– Қой оныңды. Айша Бибінің қалған қабырғасы әлі мың жыл тұрады, – деп Маусымбек жұбата жауап қатты.

– Қайдам?.. Барып қайтсақ қайтеді?

– Түс көрудің қай жағысың? – деп күлді Маусымбек.

Дегенмен Бағдан өтініп қоймаған соң, ертеңгі шайды ішкеннен кейін, Маусымбек пен Мұрат, Мирас төртеуі кешегі пұшық машинамен Айша Бибінің басына келді. Машина әрірек етекте қалған. Бұлар жаяу көтеріліп үнсіз айналып, құламай тұрған жалғыз қабырғаны зерттеп ұзақ карады. Күмбез дін аман. Үстіне орнатылған шынылы қалпақтың есігі құлыптаулы тұр. Кейін орнатылған шойын шарбақтар мен тас

плиталар төселген аллеялар кеш келсе де, ұқыпты қолдың, қамқор иенің барлығын танытады. Күмбез іргесіндегі тақтайда «XII ғасырда соғылған бұл ескерткіш-мұра Біріккен Ұлттар Ұйымының оқу-ағарту, ғылым мен мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы – ЮНЕСКО-ның қарауына берілген» деген жазу бар. Күмбез тағдыры енді беделді халықаралық ұйымның қолында. Көңілге тоғы да сол.

Осы бір кезде етекке үлкен автобус келіп тоқтады. Ішінен шулай түскен қырық-елу саяхатшылар жақындаған сайын, сыбырға ауысып, ақыры күмбезді үнсіз айнала бастады.

Айша Бибіні өз көзімен көріп көңілі орныққан Бағдан машинаға мініп жатып қасындағы жолдастарынан:

– Келген сайын байқайтыным – ойнап-күліп дабырласып түскен адамдар Айша Бибі басына келгенде үндей алмай қалады. Себебі неде? – деп сұрады.

Мирас пен Мұрат бұл жайында ойланбағандықтарын танытып жауырындарын қиқаң еткізді. Ал Маусымбек жауабы көңілге қонбайды.

– Қанша көне дегенмен күмбез астында өлік жатыр ғой...

Бағдан оларды сынайын деген жоқ еді. Ана екі жігітті аз біледі. Ал өз жолдасы Маусымбектің сурет салу тәсілі біршама дұрыс болғанымен, әр құбылыстың тереңіне үңіліп, философиялық ой түйіндей бермейтінін бұрыннан сезетін. Айналып келгенде бұл сауалды Бағдан өзіне қойған еді. Соған енді өз жорамал-топшылауын ортаға салды.

– Меніңше, өлік жатқандықтан ғана емес, Маусымбек. Көзі барға көрініп тұрғаны секілді, құлағы, көңіл құлағы барға сөйлеп тұр ғой бұл күмбез. Сегіз жүз жылдан астам уақыт сөйлеп тұр. Жер бетінде ұлылық барын, жер бетінде сұлулық барын, жер бетінде асыл махаббат, тазалық барын паш етіп тұр ғой... Бұл ұлы мұраның басына, келген адам соны түсінеді. Соны түсінеді де тазарып, ағарып қайтады. Биіктеп қайтады.

Ана үшеу келіскендіктерін бас изеп түсіндіріп, үндей алмай қалды. Жаңағы пікірдің жалғасын қуалаған Бағдан да ойда. Асфальт жолмен зырлап келе жатқан пұшық машина Аса өзеніндегі көпірден өтті. Баяғы Әспет екеуі келе жатып бұрылған жер кейін қалды... Әспет... Кенет ой көзі көптен бері іздеп, бірақ таба алмай жүрген бір ғаламат шындықты ашты: Байқаса, ана Әспет пен мына Айша Бибі күмбезінде бір ғажайып үндестік, ғаламат ұқсастық бар екен. Айша Бибі секілді Әспет те ұлылық пен сұлулықтың, тазалықтың иесі. Егер Бағдан Әспет бейнесін жасаймын десе, ол бейнені, міне осы қасиеттерден іздеуге тиісті.

Жел ызыңын, мотор үнін басып, кенет аққу сұңқылы естілді: мен өз қуанышымды басқаның көз жасы мен қайғысынан іздемеймін...

Мүмкін бұл тіпті аққудың сұңқылы да емес шығар. Көрген түсте Әспет айтқан осы бір мөлдір сөз ұзақ жыл бойы Бағданның өз көкірегінде піскен, сөйтсе де тілге оралып дыбыс болып шықпаған, мұның өз жан сыры шығар?.. Бірақ одан Әспет ұтылып тұрған жоқ қой. Өйткені, ол бұл сөзді өз аузымен айтпаса да, сол шындықты бар болмыс, ісімен танытып, Бағданға қайтсе де мойындаттырып, көзін жеткізіп кетті ғой. Бағдан күрсініп қойды. Көңіл көзі тағы бір шындыққа тірелді. Әспет бұған енді қайтып телефон соқпайды. Әспет бұған енді қайтып кездеспекші емес...

Бағданның жүрегі сыздады. Көңілге медеу болсын деді ме, жазсам ба деп арман еткен әлгі бір түк нобайы жоқ бұлдыр сағым секілді Әспет бейнесін қайта ойлай бастады. Қалай жазбақ? Ұлылық пен сұлулықты, тазалықты танытар бұл асыл бейне қылқаламұшынан қай күйде, қай түрде шықпақшы? Кенет Бағданның көз алдына Джоконда келе қалды: қызық. Әспет жалаң аяғымен құм басып, бұдан алыстап бара жатқанда қай күйде кетті осы? Күліп кетті ме? Әлде жылап кетті ме? Бағдан ойлап-ойлап таба алмады. Бірақ таба алмадым деп ренжіген жоқ. Өйткені шын талантты дүниенің өмір мен өлім таласындай болып ауыр толғақпен келетініне оның көзі жете бастаған еді. Бір жап-жақсы әннің өлеңінде «мен сенің құдіретіңе түсінбедім» – деген жол бар. Сол туралы Әспет бір сөз орамында:» қандай аңғалдық! Түсінсе ол құдірет бола ма? Құдіреттің құдіреттілігі түсініксіздігі мен жұмбақтығында емес пе?.. Неліктен оған таңданып қамығады?» – деп еді. Сол сөзді есіне алды да Бағданның көңілі орнына түсейін деді. Шалқая отырды. Керек десең Әспеттің жұмбақтығының өзі жақсы. Себебі: Әспет адам түсінбейтін құдіреттілікке мегзейді. Егер жұрт ойлап, бағалағандай Бағдан бойында шын таланттың бір сынығының бары рас болса, бір әдемі күні бұл құдіретті бейне Монна Лизадай жарқырай шығып, галереяның бір үлкен залында жұрт көзін сұқтандырарына сене берсе де болады ғой...

1978 жыл.
Алматы – Саздыағаш

ӘҢГІМЕЛЕР

АЛТЫН САҒАТ

Пенде шіркінге жол дегенің қайда түспейді! Өз мекемеміздің шаруасымен кеше ғана Қазақстанның солтүстігінен келіп едім, міне, енді Қиыр Шығысқа бет алып барамын.

Жол болса ұзақ. Осындай алыс сапар үстінде екі қолыңның алдына сыймай қалатын әдеті емес пе.

Зеріге бастайсың. Содан ба, жаңа бір таныстықтарды іздейсің. Сөйтсе де соның бір қисыны келе қоймайтын да кезі болады екен ғой. Оны мына қасымда жатқан жолаушыға қарап айтамын. Екеуміз қарамақарсы отырып тамақ жейміз. Не болмаса, терезе алдында қатарласа ұзақ тұрып сыртқа қараймыз. Одан жалықсақ, төсегімізге келіп, шалқамыздан түсіп жатамыз да кітап, ғазет оқимыз. Сонда да әлі бір тілдескен жоқпыз. Шынымды айтсам, таныссам екен, сөйлессем екен деп ынтығатын да сияқтымын. Бірақ инені мен сабақтағым келмейді. Оныма себеп те жоқ емес.

...Поезд бір станцияға келіп тоқтаған еді. Мен далаға шығып олай-бұлай жүріп бой жазып, қайтып келсем, купемде жуантық бір сары отыр. Үстінде макинтош. Қолында белбеулі жуан портфель. Ең алдымен, менің көзім оның кейпіне түсті. Жоғары қарай әнтек көтерілген дөңгелек иегі, май басқан үлкен бұғағынан мүлде көрінбейді. Екі танау кіші-гірім екі апан сияқты, кеңсірікке тік түсіп, таңырайып қалыпты. Мұрын дегеннің бар белгісі осы ғана. Ал қабақ болса, ернеусіз көлдің жағасы секілді, жылмағайланып барып, жалпақ маңдайымен астасып жатыр. Осы бір кейпіне әуендесіп, селдір шашы да шалқасынан жатқыза таралған. Сонысына қарамайды, кеудесін де тік ұстап, шалқақтай береді. «Шалқақтасаң шалқақтай бер, – деп қоямын ішімнен. – Оған менің нем кетеді». Міне, содан бері үш күн өтті. Таныстығымыз әлгі.

Өмір деген қызық қой. Ұлы оқиғалардың тағдырын кейде болмашы бір себептердің шешіп кететіні бар емес пе! Айталық, Наполеонның Ватерлоода жеңілуіне себеп болған – кейінде қалған әскерінің үлгіріп жетпеуі екен.

Егерде ол әскер үлгіріп жетсе ғой... Әрине, дүние тарихының талай беттері басқаша жазылған болар еді-ау... Спартактың да тағдырын ат шешкен. Архимед те солай. Егер ол барып моншаға түспесе, «Эврика – таптым!» деп айқайлап, тыр жалаңаш жүгіріп шықпас еді далаға. Ал далаға жүгіріп шықпаған болса, бәлкім Сиракуз патшасы Геронның тәжіндегі алтын-күміс санаусыз қалар ма еді, әлде қайтетін

еді?! Міне, достым, солай, бәрінің де тетігі елеусіз де болмашы бір себептерде жатыр.

Дәп сол сияқты бір кішкене кілтипан болмағанда, мына жуантық сары екеуміз де ренжіскен адамдарша қоңторғай қалпымызда жөн-жөнімізге кете баратынымыз хақ еді. Кілтипан деп отырғаным кәдуілгі сағат. Құдайдың дес берісінде дәл уақытымен арамызға килікті де, манағы ешқайсымыз сабақтағымыз келмеген инені сабақтап жіберген!

Жігіттің аты Баржақсы болып шықты. Хабаровск өлкесінде көптеп көріспеген ағайындары болады екен. Кәдуілгі кезекті демалысын пайдаланып, соларды іздеп келе жатқан беті.

Әрине, Баржақсы екеуміздің танысуымыз анау айтқан елеулі оқиға да бола бермес. Сонда да екеуден екеу отырып алып, үндемес ойнау дегенің сондай қиын-ақ екен. Міне, танысқаннан кейінгі жағдай басқа. Купенің іші нұрланып сала берді. Оның үстіне Баржақсы айтқан әңгімені тыңдаймын деп уақыттың қалай өткенін де аңдамай қалыппын. Ал асыққан, ала көңіл болған жолаушыға уақыттың тез өтуі – мың да бірден табылмас шипалы ем сияқты болатыны айтпаса да түсінікті ғой.

Бәрі де сағаттан басталды дедім ғой. Мен төсегімде жатқанмын. Не істер екен деймін бе, қайдам, әйтеуір жуантық сарыға ауық-ауық ұрлана қарап қоямын. Ал анау болса, менімен шаруасы жоқ, газетке үңіліп отырған болатын. Бір мезет әлдене оқыс ойына келген адамша қауырт қимылдап, белбеулі жуан портфелін ашты. Әлгі «будильник» деп аталатын сағат бар ғой, сондай бір қоңыраулы кішкене сағатты алып шықты. Әуелі құлағына апарды. Содан кейін бұрап, олай бір, былай бір сілкілеп, біраз отырды. Басын шайқады. Ақыры маған бұрылды да:

– Айтып жібермес пе екенсіз, уақытыңыз қанша болды? – деп сұрады.

Жуантық сарыны мұндай сыпайы деп кім ойлаған. Ұшып тұра келдім де, шалбарымның кішкене қалтасына қолымды сала бердім. Қол салатын себебім, менің сағатым «Павель Буре» деп аталатын, алтын жалатқан ашпалы қақпағы бар репетейсіз, тым үлкен, атам заманғы бір қалта сағаты болатын.

«Павель Буренің» менің қолыма қалай түскені де тіпті жадымда жоқ. Әйтеуір бері салғанда, соңғы бір жиырма жылда сенімді серігім болып келе жатқаны анық. Соғыстан кейін сағат дегеннің небір кереметтері шықты ғой. Сонда да «Павель Буре» кейде бірер минут ілгері кетіп, кейде бірер минут кейіндеп қалып жүргенімен, соншама ұзақ мерзімнің ішінде бір сәт алдап, жұмыстан кешіктіріп көрген емес өзімді. Көксау шалдың кеудесінше сырылдап соғады да тұрады әмәнда. Содан ба, әлде жасым болса келіп, жылтыраққа жүгіргім келмейтінінен бе, немесе, кем-кетік, ой-шұқырының бәрін де түсініп, тоқтап қалар болса түртіп қалып, нұқып қалып дегендей жүргізіп алып

жүре берер дағдым болған соң қимаймын ба, тіпті қайтсе де жоғалып қалмай қалтамда салдырлап жүре бергендігінен бе, кім білсін, әйтеуір өзгертейінші осыны бір, жаңа да жақсы сағат алайыншы бір деген ой келіп көрген емес маған. Жаңа костюм киген сайын, шалбарымның мықын қалтасын үйдегі жеңгелеріне кеңейттіртемін де, добалдай «Павель Буремді» салып алып, тарта беремін қашанда.

Міне, қолақпандай етіп сол «Павель Буремді» шығардым ғой тағы да. Бағзы бір ертегілерде: «Бір сандықтың ішінде бір сандық, оның ішінде тағы бір сандық. Сол сандықтың ішінде қара дәудің жаны», – деп келеді ғой. Дәл сол сияқты. Тырс еткізіп, күңгірт тарта бастаған алтын қақпағын аштым сағаттың. Оның ішіндегі кішкене қақпақты және аштым. Сосын барып уақытты айттым.

Байқаймын, жуантық сарының көзі сағатта. Іздеген жоғы табылғандай ішіп-жеп барады. «Бәлен уақыт болды» дегенім өз жайына қалды. Сенбей тұрсың ба дегендей, мен сағатты шынжырынан ағытып алдым да, ілгері ұсындым:

– Мінеки, көріңіз.

Жуантық сары сонда ғана есін жиғандай:

– Ә, рақмет, рақмет сізге. Мына «будильнигі» құрғырды бұрап қоюды ұмытып кетіппін. Тоқтап қалыпты. Жақсы болды енді, – деп бастырмалата сөйлеп, сағат тілін жөндей бастады.

«Түріне қарасаң, бір сағатқа шамасы жететін-ақ жігіт сияқты, – қоңыраулы сағат алып жүргені несі екен? Менде «Буре», онда будильник, кездескен екенбіз мезгілімен», – деп ойладым мен.

Жаңағы әңгімеден кейін, таныстығымыз бөгеуін алған ағын судай жылжып жүре берді. Жүре-бара бірімізді біріміз шайға шақырыстық. Өткен-кеткенімізді айтыстық. Неге екенін қайдам, ол енді қоңыраулы сағатты портфеліне салып тастады да, әлсін-әлі маған келіп: «Уақыт қанша?» – деп сұрай беретін болды.

Қалтама қол салып, «Павель Буренi» шығарсам бітті, тесіле қарап тұрып қалады. «Бұл не тамаша?» – деп мен де аң-таң боламын.

«Мұныңыздың мәнісі не?» – дегім келіп талай-талай оқталып та қалған сәттерім болды. Сонда да сыпайылық таразысы басып кете берді ме, сұрай алмадым.

Бірде Баржақсы отырып:

– Ресторанға бармаймыз ба, уақыт қанша болды екен? – деп сұрады. Содан кейін, – Бере тұрыңызшы... – деп «Павель Буренi» қолына алды. Айналдыра қарап сәл отырды. – Құдды сол сияқты аумайды.

– Нені аумайды дейсіз? – дедім мен.

– Мына сағатты айтамын.

– Иә?..

– Тіпті айтудың өзі қиын. Содан бері он алты жыл уақыт өтті.

Бірақ есіме түссе әлі күнге жүрегім тітіркенеді. Қан майданда өлімнің небір кереметтерін көріп, ен ортасында жүрдік қой. Сонда да бұл бір айрықша хикая, – деп Баржақсы сәл тоқтады.

Мен шыдамсызданып қалдым.

– Ал хош?.. Құлағым сізде.

Баржақсы сағатты өзіме қайырды. Жайдары жүзіне кірбең жүгірді. Қалтасынан темекісін алып, сіріңке тартып еді, етжеңді, мыртық сау-сақтарының дірілдеп кеткенін байқадым. Мазасызданып отыр.

– Айтыңызшы, бір адамға неше сағат керек? – Баржақсының даусы дірілдеп шықты.

– Қызық сұрақ екен. Лев Толстойдың «Адамға қанша жер керек?» дегені сияқты болды-ау мұныңыз, – деп мен күлген болдым.

– Толстой адамға бір жарым-ақ аршын жер керек екенін айдай әлемге айтып берді ғой. Ал мен болсам... ал жарайды, жақсы, әңгіме сағат жайында еді ғой. Тыңдай беріңіз. Кешегі ұлы Отан соғысында жүрген кезімде мен бір ағаттық жасадым. Ағаттық болғанда мұның өзі...– деп Баржақсы мүдіріп қалды. Содан кейін шылымын борпылдата бір-екі сорды да, терезеден сыртқа лақтырды. – Жоқ, бұлай айтсам, келте болуы мүмкін. Түсінбей қаласыз. Мен одан да әңгімені басынан бастайын.

«Апыр-ай, айтуынан баптануы көп болды-ау мұның.

Не бұлталақ мұнысы?» – деп ойладым төзімім таусылған соң. Бірақ сыр білдірмей, сабырлы қалпымда отырмын.

– Азамат соғысы жылдарында әкем ақтардың қолынан өліпті, – деп бастады Баржақсы әңгімесін. – Мен онда анамның құрсағында қалған екенмін. Жетім-жесірдің көрген күнінің қандай екенін білесіз ғой өзіңіз де. Өмір тауқыметін ерте бастан тартуыма тура келді. «Бар» мен «жоқтың» не екенін біз білгелі қашан. Өстіп жүріп өстік қой, әйтеуір. Он жылдықты да бітірер мезгіл жетті. Жоқ-жітікті көп көргендіктен ғой деймін, сабаққа зердесіз болмаған едім. Соған разы болды ма, кім білсін, жас тілеуден тыйылып, менің болашағымды ойлап, отырып қалған анам байғұс қарманып, қамданып той жасады. Ауыл-үйдің шал-кемпірлері мен өз құрбыларым жиналған-ды. Қадарынша сый-сияпат көрсетілді. Үлкендер батасын берісті. Сол мезетте шешем барып бұрышта тұратын көне әбдірені ашты. Ішіндегі қоқыстарды аударыстырып-төңкерістіріп жүріп шүберекке түюлі бірдемені алып шықты. Көзімді алмай бағып отырмын. Анам бері таянды. Содан кейін маған қарап:

– Әкеңнен қалған аманат еді бұл. «Ұл болса, есін жинап, етегін жапқан соң қалтасына сал», – деп еді марқұм. Әкең өсиетін орындадым, міне. Көзіндей көріп ұстап жүр, – деді.

Түйіншекті жазсам, дәл мына сіздікіндей алтын сағат екен. Қарасаң, көз тоқтата алмайсың, жалтырап тұр. Тіпті циферблатындағы «Павель Буресіне» дейін ап-айқын. Өмірдің қайбір еркелігін көріп

өскен бала едім мен. Бардың не екенін, жоқтың не екенін білемін ғой. Содан ба, сағат маған сондай ыстық көрініп кетті. Қуанғандығым болса керек, секіре беріппін.

Сол күннің ертеңіне-ақ көрші деревнядағы сағат зергеріне шапқылап бардым да, тазалаттырып, майлаттырып алтын бауын салбыратып төс қалтаға бастым ғой келіп.

Тыңдай беріңіз, қызықтың кереметі осыдан кейін болды ғой. Алтын сағатты төс қалтама басуым мұң екен, сап-салмақты, байсалды бір адам сияқтандым да қалдым. Бала мінез өз жайына кетті. Үлкендерше сөйлеп, үлкендерше жүргім келеді. Жұрт жиналған жер болса, асықпай басып барып сөзге араласатын сияқтымын. Қалтамнан сағатымды алып, ана бір шегені тырс еткізіп басамын.

Адам миы жетіп болмас әлдебір тылсым күш әмір еткендей-ақ алтын қақпақ жарқ етіп ашылады сонда. Ал мен болсам, «бәлен сағат, бәлен минөт, бәлен секонт болып қапты ғой», – деймін даусымды әдейі жуандатыңқырап.

Бір қызығы, бұрын: «Өй, құйысқанға қыстырылып саған не жоқ, бар жәйіңе» – дегенді жиі естісем, енді мына мінезімді ешкім де ерсі демейтінге ұқсайды.

Әйтеуір, төрт-бес күннің ішінде өзгердім де кеттім. Енді қалай деп ойлайсыз, қалтаңда алтын сағатың болса, оның өзі орындалмас армандай алыс кетсе де, сондай жарқын, ғұмырыңда тілдесіп те, жүздесіп те көрмегеніңмен қарағаштай панаң – құдай тағаланың өзінен де зорырақ сияқты болып көрінетін жұмбақ бір адамнан қалған аманат болса, қайтіп секендерсің! Сәт сайын төс қалтамды басамын. Тырс-тырс етіп дамылсыз соққан даусын естимін. Сонда мен өмір-бақи көрмеген, бірақ өмір-бақи аңсаған, «қалқам» деген даусына зар болған «әке» деген құдіретті сөздің иесі – сол бір ұлы адамның дем-тынысын, жүрек дүрсілін сезінгендей боламын. Қуанамын соған.

Бірақ бұл қуанышым ұзаққа бармады. Мен қайбір сағат салып машықтанған жан едім. Арада он күн де өткен жоқ, алтын сағаттан айырылдым да қалдым.

Бір ыстық күні суға түсейік деп көлге бара жатқанымда қалтамда бар сияқты еді. Қайтар бетте үшті-күйлі жоқ болды да шықты... Көр ізде, жер ізде кеп, таптырсын ба, шынымен жоғалған соң. Амал жоқ, салым суға кетіп үйге оралдым.

– Иә, сосын? – дедім мен асығып.

– Сосын ба, сосын сағат қайғысы да сап болды. «Балапан басына, тұрымтай тұсына», – дегендей, соғыс деген лап етті ғой. Мен өз замандастарыммен майданға аттандым. Талай рет жаралы да болдым. Талай рет өлім дегеніңмен бетпе-бет келіп қалған да сәттерім бар. Армияда болсаңыз, ондай жәйді өзіңіз де білесіз ғой. Бұл бір жөні бө-

лек, таусылмас тарихы бар, басқа әңгіме. Айтайын дегенім сағат жәйі еді ғой, енді соныма оралайын.

– Иә, соныңыз дұрыс! – деп қойдым мен.

– Бәріне де тиек болып жатқан Түйемойын ғой, – деп Баржақсы бір күрсініп алды да, әңгімесіп жалғай берді. – Түйемойын шын аты емес еді оның. Аты-жөнін ұмытып қалсам керек, есіме оралмай отыр тіпті. Кеңірдегі салақұлаш, сорайып тұратын. Содан ба, бәріміз де осылай атап кеткенбіз. Манағы «айырықша хикая» деп отырғаным да, «ағаттық жасадым» дегенім де осы Түйемойынға байланысты.

– Бір қызығы, Түйемойын екеуміз жақын жүрдік. Мұның өзі бір күлкілі жәй еді. Ол болса, ербиген, арық жирен. Ал мен аласа келген, толықша сарымын. Кескінімді, міне, көріп те отырсыз ғой. Таңырайып, шалқалап жатқан жоқпын ба? Ал Түйемойын еңкелектей қалған бірдеме еді. Жирен шашы тікірейіп тұратын. Сарғыш көзі түксиген жарлауыт қабағының астынан ұрлана қарайды. Соған орай үлкен мұрыны да құстың тұмсығына ұқсас ұп-ұзын, іп-істік. Үшкілденіп біткен иегі де тамағына қарай имиіп, кішкене бір шоқша сақал сияқтанып тұратын.

Тамақ ішкен немесе темекі шеккен кезімізде солдаттар арасында «контраст» деген сөз қайталана берсе, бітті, әңгіме Түйемойын екеуміз жайында деп біле беріңіз. Соған қарамастан біз жақын жүрдік бір-бірімізге. Әйтеуір қайсыбір сәтте болмасын, қатарласып қала беретінбіз. Ол өзі көп сөйлемейтін, сырын ешкімге айтпайтын тұйықтау жігіт, тіпті мінез жағынан да ұқсастығымыз шамалы. Мен ептеп сырнай тартып, ол ептеп ән сала білетін өнері бар еді. Тегі, түу басында жақындасып кетуіміз содан болар. Әйтпесе қанды көйлек жолдас сияқты шешіле сөйлесіп, өткенімізді айтып, болашағымыз жайлы арманымызды ортаға салып жататын біз емеспіз. Сөйте тұра, оның әлдебір ағат мінезін де көрген емен. Бірақ: «Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» деп халық бекер айтпаған ғой. Түйемойынның сондай аласы барын жүре бара білдім.

Біз бір деревняда тұрғанбыз. Екі жақ та тыныш, майданның толас алған бір шағы. Көңіліміз көтеріңкі. Өйткені жеңістің беті айқын бері қараған кез болатын бұл. Сонда да соғыстың аты соғыс қой. Ойда жоқта маған жауынгерлік бір тапсырма берілді. Сол сапардан тым шаршап келдім де, қисайып жата кеттім. Жата кетісімен қор ете түссем керек, ұлыған сияқты ма, әлде мың құбылып мөңірегендей бола ма, әйтеуір азан-қазан шу келеді құлағыма. Ең әуелі дүрсілдеген бір дыбыс сияқты болып естіледі де, жамырай келіп жөнеледі, содан баяғы қалпына баратындай. Шошып ояндым, тым-тырыс секілді. Құлағымды тосамын. Шынында да бірдеме тырс-тырс етіп, сәл тұрады да, әр қилы ырғаққа салып ала жөнеледі. Бақсам, ондаған сағат даусы.

Басымды жұлып алдым. Аңдасам, жастанғаным Түйемойынның

дорбасы екен. «Бұл не керемет?» – деймін ішімнен. Білмекке құмарлық жеңді ме, мен дорбаны аштым. Ашсам, сізге өтірік, маған шын, қаптаған қол сағат. Кемінде бір елу-алпыс бар шығар. Бәрі де алтын шетінен. Бәрі де шет елдікі. Швейцарлық дейсің бе, американдық па керегі, неміс пен ағылшындардікін қалайсың ба, бәрі де табылады. Тіпті мына қызықты қараңыз, менің «Павел Бурем» де жүр солардың ішінде.

Мен қайран қалдым. Қасыңдағы жолдасың ол, ал не істеп жүргенін сездірмеген. «Қайтеді екен осыншама көп сағатты?» – деп ойлаймын. Бірақ: «Не істейтінінде сенің не шаруаң бар?» – дейді тағы бір ой тайталасып. Сөйтіп отырып «Павель Буреге» тағы көзім түсті. Құдды мен жоғалтқан сағат сияқты. Көзге ыстық сондай. «Қалап көрсем қайтеді өзін?» – деген тағы бір ой сап етті. «Жоқ, қалайтындай Түйемойын менің екі туып, бір қалғаным емес қой. Сат дейін».

Мен осы бір тоқтамға келдім. Содан кейін үстел үстінде жайып тастаған сағаттарды жинастыра беріп едім, Түйемойын кіріп келді, әуелі аңырып қалды да, жирен өңі күреңітіп жүре берді. Жай басып менің қасыма келді, нәрселерін буып-түйіп дорбасына тықты. Менен бір қағыс сөз естіп қалам ба деп қаймықты ма, қайдам, сөзді өзі бастады.

– Сенің қарақан басың, Баржақсы, ал менде балалар бар, қатын бар. Олардың қамын ойламасқа болмайды. Біреулер әр түрлі қомақты трофейге жүгіреді. Білмейді. Міне, сағаттың реті басқа. Орын алмайды, құнын да жоймайды. Елге оралған соң тамаша етіп үй саламын, – деп ашыла, ақтарыла сөйледі.

Мен оған «Павель Буренің» тарихын баяндап, өз ойымдағыны айттым.

– Жоқ, сат дегенді атама, егер соншалықты қызыққан болсаң, орнына басқа маркалы бір алтын сағат сал да, ала ғой, – деді Түйемойын.

Ең әуелі мен тіксініп қалып едім, кейін келе ой түсті: ана Түйемойын секілді обырлық көрсетсем, дүние қоңыздық танытсам бір сәрі. Маған керегі бір-ақ сағат емес пе? Ол да азамат соғысында опат болған әкемнің аманатын жоғалтпайын деген ниеттен туып жатыр, – деймін өз қабырғаммен ақылдаса келіп. Әй, адам деген қызық қой. Міне, қазір тірімін деуге аузың бармайтын оттың ішінде жүрсің. Бұл сәт тірі болсаң, келер сәтте бір шұқанақта жан тапсырмасқа кепілдігің жоқ. Сөйте тұра ойлағаның анадай. Қызық емес деңізші.

Баржақсы маған тесіле қарады.

– «Түстік өмірің болса, кештік мал жина» деген бар ғой, – деп мен оны көңілдендіре сөйледім.

Баржақсы күлді.

– Иә, ие тап соның өзі.

Сөйтіп, мен қайтсем де бір алтын сағат табуға белімді бекем будым.

Арада бірнеше күн өтті. Біз деревняға шабуыл жасадық. Немістер болса, бекініп алған, берілер емес. Қатты шайқас болды. Біздің жақтың дәуірлеп, жаудың берекеті кете бастаған кез ғой. Шыдатпадық. Түс ауа деревняны алып тындық. Қираған үйлер, қырылған солдаттар. Солардың ара-арасымен жүріп келемін. Ойым – бір алтын сағат. Жүре-жүре деревняның шетіне де шықтым. Кенет анадай жерде жатқан өлікке көзім түсті. Оң жамбасын ала құлаған екен. Түріліп қалған сол қолынан сағат жылтырайды. Қуансам керек. Жеделдете бастым аяғымды. Ана сорлы жан тәсілімін қыларда тірлік дүниесінің ыстық екенінен басқа не ойлады дейсің. Ал сен бір күн болса да артық ғұмыр сүргеніңді пайдаланып, сағат дегенді ойлайсың. Қандай хайуандық! Бірақ бұл енді ғана айтылып отырған сөз ғой. Ана Түйемойын сияқты ертеңін ойлап, есеп-қисабын жүргізіп жүрген некен-саяқ біреулер болмаса, өлім не, өмір не, кім есептесті дейсің ол жерде. «Отан үшін жан пида!» – деп байладық қой басты ажалға. Осындай екі дүние бірдейлерге бүгін тірімін деп қуанып, ертең өлемін деп қайғырмайтын да қасиет бола ма деймін. Ілгері аттаған сайын жолдастарың сетінеп, келмес сапарға аттанып жатады. Ал сен болсаң, тамақ ішесің, темекі шегесің, ұйықтайсың. Кездесіп қалса, санитар қыздарға қырындап, әзіл айтасың. Әйтпесе арыстай біреу сұлап түсіп өліп жатса, сағатын алайын деп барармысың ғұмырында.

– Ие, мен сөйтіп, өлген солдаттың қасына келіп сағатын шеше бастадым. Қалай десең де, тумысымда бірінші рет жасаған шаруам ғой бұл, қолым қалтырап кетті. Мына өлген солдат өлмеген сияқты. Мені көрген соң ойымды біліп, қайтер екен деп қасақана жата қалғандай, қазір ұшып тұра келеді де жағаласа түседі менімен, әне, көзін көрмейсің бе күлімдеп жатқан.

Мен еріксіз солдатқа қарадым.Жоқ, көзі күлімдемепті. Түксиген жарлауыт қабағының ең түбінде жұмыла беріп тұнып қалған. Ал құс тұмсығы жапырылып, шоқша сақал сияқты болып келген сүйір иегі ілгері қарай әнтек көтеріліп, состиыңқырап тұр. Тағдырдың мына сайқымазағын көрмейсіз бе, өзіңіз де түсінген боларсыз, менің алдымда Түйемойын жатыр.

– Түйемойын? – деп қалдым мен.

– Ие, ие, Түйемойынның тап өзі. Арқасында баяғы сағат салған дорбасы. – Баржақсы маған қарады. – Енді не істеді деп ойлайсыз мені?

Мен күмілжіңкірей бердім.

– Жоқ, сағатын алған жоқпын мен оның. Бір окопқа апарып бетін жасырдым да, дорбасын моласының үстіне қойып кеттім. Міне, сізге айтпақ болған сағат тарихы осы, – деп тоқтады Баржақсы. – Содан бері он алты жыл. Сонда да сол бір қан кешіп жүрген ауыр күнде өрттің табындай болып өзекке басылып қалғандықтан ба, осы бір оқиға әсте

есімнен кетпейді. Алтын сағат көрсем-ақ жүрегім тітіркенеді. Мына портфельді алып, будильник ұстап жүргенім де содан.

Бұл кезде ымырт үйіріліп қалған екен. Шам әлі жана қоймапты. Купе іші ала көленке. Терезеден алыстағы бір таудың нобайы көрінеді. Бірде ілгері шығып, бірде кейін кетіп жарысады поезбен.

Мен сол терезеге қарап отырып қалдым. «Іздегені осы «Павель Буре» емес пе еді, бере салсам қайтеді?» – деген ой сап етті. Осы ойдың оралуы-ақ мұң екен, жиырма жыл серік болған сағатымды шешіп алдым да:

– Мен мынаны сыйлық болсын деп сізге ұсындым. Алыңыз. Әрі мына Қиыр Шығысқа бара жатқанда таныс болған мені еске түсіресіз, әрі әкеңіздің аманаты деп бағаларсыз, – дедім.

– Атай көрмеңіз, алтын сағат салмасқа ант ішкенмін. Талай рет бағалы сыйлықтар да алып жүрмін ғой адал еңбегім үшін. Соның ішінде алтын сағаттар да болған. Бірақ мен бірін де байлаған емен. Дос-жар, жолдастарға тарту етер дағдыға айналып бара жатқан әдетім, – деп Баржақсы маңайына отырғызбады.

– Олар жәй сағат қой. Ал бұл болса, «Павель Буре». Аманат... – деп келе жатыр едім, Баржақсы киіп кетті.

– Аманат деген не, жәй сөз, жұбаныш ол. Мен сағатқа қызықтым. Сол үшін анадай ерсі пиғылға бардым. Оң іс емес мұным. Оны өзім білдім бе? Білдім. Ал білген соң: «Әкеден қалған аманат еді, бәлен еді, түген еді», – деп өзімді өзім жұбатып, арымның алдында ақталмағанда не істемекпін?!

Мен мүдіре бердім. Соза, соза қолым талған соң, сағатымды қалтама салдым.

Ал поезд болса, мақпал түннің құшағында Шығысты бетке ұстап сілтеп келеді.

1960

СЕЛДІҢ ЕКПІНІ

Тұршабай төсектен көзінің алды күлтеленіп, беті ісіңкіреп тұрды. Байқаса, жан сүйері Шәрбан да солай екен. Жақ еті суалып, өңі құқыл тартқан.

– Бүгін де ұйықтай алмаған екенсің ғой, жазған, – деп Тұршекең жіңішке даусымен ыңырси айтты.

Шәрбан күрсініп қойды.

– Ұйқы-күлкіден айырылдық қой.

Тұршабай әлдеқашан суып қалған шайына тесіле қарап ұзақ отырды.

– Не сұмдығы болса да, тезірек болса екен...

Бірін-бірі қабақ қағыстан түсіне қалатын осы бір ерлі-зайыпты тату адамдардың мазасыздығына, шынында да, көп уақыт өткен еді.

Айнала тау қоршаған мына сәнді қалаға жаз болса-ақ бітті, қатер төнеді. Биігіректе, сонау қарлы шыңдардың арасында аузы мұрнынан келіп, мөймілдеп тұрған бір көл бар деседі. Сол көл жаздың сарша тамыз ыстығында тасып шығып... құдай сақтасын, тасып шықса, жолында жатқан мына сәнді қаланы бар ғой... тіпті аузың бармайды, әйтеуір пәлекеттің бетін аулақ ете көрсін деңіз.

Әр үйде қазір осы үрей бар. Сол үрейді радио да, күнде қала үстінде дырылдап ұшып жүретін вертолет те ушықтыра түсетіндей. Жолың болып тауға қарай жүре қалсаң, таяқ тастам жерден жаңағы болашақ қатерді есіңе салып, жарнама тақтайлар тұрады. Қайтсе де, қала халқында біраз жылдан бері тыныштық жоқ.

Бұл тынышсыздықтан әр үй өзінше жол табатын-ды. Мәселен, Тұршабай болса, жаздың осы бір қатерлі айында Шәрбан мен балаларды алып, алыс бір жаққа кетіп қалушы еді. Орталық курорттарға, тіпті болмаса, өзінің, қала берді Шәрбанның ауылына барып жатып алатын. Сөйтіп, кемді-күн демалыс шағы болса да, қалаға төнген қатерді естен шығарып, көңілі жай табатын-ды. Жоқ, көңілі жай табады деген жай сөз. Өйткені онда үй-жайы қалды. Тірнектеп жинаған дүние шіркін қалды. Бұл ретте әйел заты болған соң Шәрбан көбірек мазасызданатын еді. Оның есіне сервант толы қымбат сервиздер мен хрусталь, фарфор вазалар түсіп, кей түндерді ұйқысыз өткізетін. Әрине бәрін де араларына мақта салып, тас-түйін етіп қымтап, орнықты деген жерге қойып кетуші еді. Сөйтсе де, кім біледі, жасағанның жазымы боп, жер сілкінсе, ең алдымен кететін осы дүниелер ғой.

Шәрбан осы себепті ұйықтай алмайды. Тұршабай екеуі ертемен тұрады да, құлағын радиоға түреді. Оған да сенім жоқ секілді, ертеңгі дәмді іше салысымен почтаға қарай жүгіреді, жаңа келген газеттерге үңіледі. Әйтеуір, көңілге медет болары – өздерінің алыста жүргендігі.

– Дүниесі түссін, өзіміз аман болайықшы, – деп қояды Шәрбан осындайда. Оны Тұршабай үнсіз қостайды.

Көп жылдан бері бұл семья жазды осылай өткізуші еді. Биыл соның реті болмай қалды. Өткен жылдардың бірінде Шәрбан ойда жоқта ғылымға икемі барлығын танытқан-ды. Бір дастарқан басындағы әңгімеде әлдекалай:

– Осы Шәрбан неге диссертация қорғап алмайды, – деген сөз туа қалған.

Осыдан кейін Тұршекең мен Шәрбекең қауырт ақылдасып:

– Рас-ау, қорғап алу керек екен-ау, – деп тоқтаған. Соның аяғы Шәрбанның аспирантураға түсуімен тынды. Ал Тұршекең болса: «Он тиынға он тиын қосылса, ішімізден өтіп бара ма, осы бір ақшаның басы артық тұр дегенді ешкімнен де естімедім-ау осы. Кім Американы ашып, жарылқап жатыр дейсің, күн көрудің қамы да, әйтеуір, кімдікі болса да» – деп топшылаған. Сол диссертациясы түскірдің толғағы биылғы көктемге дөп келуін көрмеймісің!

Диссертация толғағы дегенді, құдай сақтасын, атай көрмеңіз. Кім білген оны, ғылыми кеңес дегенің жатқан бір машақат екен ғой. Анасы алай тартып, мынасы былай тартып, дегендей... құр көзіңе жылтырағанымен шар саларға келгенде айнып жүре береді екен. Сол себепті, ғылыми кеңес мүшелерінің қыбын табу керек. Сөзінің өтетініне асыңды саласың, қасыңды саласың. Амал бар ма, тіпті Шәрбанның өзін де саласың. Ал сөзің жүрмейтінге танысыңды саласың, немесе танысыңның танысын саласың. Танысыңды, танысыңның танысын салу үшін оларға да өз тарапыңнан бірдемелер салу керек қой. Әйтеуір, бұл іс үстінде алу жоқ, салу ғана бар. Бір жақсысы, сәтімен қорғай қалса, кейін салғаныңның бәрін қайырып алам деген үмітің болады. Әйтпесе, құдай ақына, диссертация қорғау дегенді дұшпаныңның басына да бермей-ақ қойсын.

Міне, сөйтіп, Тұршекең асы мен қасын салып, танысы мен танысының танысын салып жүргенде біршама уақыт өтіп кетіпті. Күздің болғанын текенің бақылдағынан аңғарған аңғырт шалға ұқсап, Тұршекең сарша тамыздың келіп қалғанын, сел жайында қала ішінде гулеп жүрген сөзден барып білді. Амал қанша, білгенімен не шара, мына шаруаны тастап қайда кете алады. Тағдырдың салғанын көреді де.

Бұл бұл ма, соңғы кездері тағы бір сұмдық қаңқу сөз тарап жүр. Қаңқу емес, расы сол: қалаға қатер төндіріп тұрған селдің жолын біржола жабу үшін екі жақтан қаусырмаланып келген екі тауды қысаң жерде тас-талқан етіп қопарып, бөгеп тастау керек. Екі таудың да асты ұңғып қазылған шыңырау шахталар. Сол шыңырау шахталарда аузымұрнынан келіп, үйіліп жатқан жарылғыш дәрілер. Бәрі әзір. Бірақ талай жылдан бері жіңішке аурудай созылып келе жатқан талас бар: ал тауды жардық, ал селдің жолын бөгедік. Ал сонда сел жолын бөгейміз деп жүріп, қала астындағы тыныш жатқан бірдемелерді қозғап алып жүрсек ше?! Ал сонда не болады?..

Ал сонда не боларын дөп басып ешкім айта алмайды. Сол себепті, жыл сайын дүр етіп әңгіме көтеріледі де, шынтуайтқа келгенде кейінге қалдырыла береді. Ұзақ жылғы осы тартыстың нүктесі, не қылса да, биыл қойылмақ. Селге бөгеу салынады. Бүгін-ертең деп қала халқы осыны күтумен жүр. Сол күткендердің бірі осы Тұршабайдың үй іші.

Ұзақ ойланған Тұршекең суыған шайын бір-ақ ұрттады, шәшкесін төңкере салды.

– Жазған-ау, ең болмаса тамағыңды дұрыстап ішсейші! – деді Шәрбан.

Тұршабай жауап қатпады. Құлағын әлденеге оқыс түріп, тынып қалды: алыстан талып естілген гүріл: әп-сәтте зорайып барып, тас төбеден дарылдап өтті.

– Вертолет! – Тұршекең даусы әлденеге мезгелгендей үрейлі шықты.

Осы сөз қамшы болды ма, Шәрбан ұшып түрегеліп, радионы қосты. Кәдуілгі таныс диктордың даусы, сарнап қоя берді.

– Тыңдаңыздар, Тыңдаңыздар! Бүгін күн көтеріле бере қала сыртындағы тау жарылады. Сөйтіп, талай заманнан бері төніп келген сел апатынан біржола құтылатын боламыз.

Ерлі-зайыптылардың жүрегі зірк ете қалды. Бір-біріне тесіле қарасып сәл тұрып еді, ойындағыларын айтыспай ұғысты. Тұршекең сыртқа жүгірді, Шәрбан болса, ұйықтап жатқан балаларды барып жұлмалай бастады.

– Өй, тұрыңдар, кәне тез тұрыңдар. Кешіксек құримыз. Аш көздеріңді. Киініңдер!

Бұл сөздің мәнін түсіне бермеген балалар шошып оянып, бақыра бастады. Шәрбан оған қараған жоқ, балаларға қатал үнмен шолақ қайырып, айқын-айқын жарлық берді де, жүгіріп сервантқа келді. Үлкен дәкені еденге жайып салып, үй ішінің әрін ашып, сәнін келтіріп тұрған қызыл ала, көк ала, сары ала сервиздердің бәрін жалма-жан орап түйе бастады. Осы кезде көше беттен машина даусы шықты. Шәрбан бір жеріне біз сұғып алғандай шоршыды. Бір қолында жаңағы түйіншек, бір баланы жетелеп, екіншісін алға сап, тағы бірі артында ұбап-шұбап үйден шықты.

Көшеде қара-құра кісі көп екен. Бәрінің де көзі тау жақта. Біреу үрейленіп, біреу тамашалап қарайды. Шәрбанның олармен ісі болған жоқ. Машинаға кеп жармасты. Тұршабай да тықыршып отыр екен, көгілдір «Волга» аң көрген тазыдай жұлқына кен жөнелді. Әлі жайғасып болмаған ұйқылы-ояу балалар машина ішінде допша домалап, бірі «басым», бірі «қолым» деп байбайласып қалды. Еңкейе беріп, түйіншекті жайғастырып жатқан Шәрбекеңнің, өзінің де аяғы көктен келе жаздады.

– Ойбай, Тұршабай, тоқта!

Тұршекең аяғы тежемеге сарт етті.

– Не болды?

– Әлгі вазаны ұмытып кетіппін.

Шәрбан «жүгір» деп айтып үлгірмеді, Тұршабайдың өкшесі құйрығына сарт-сұрт тиіп, зытып бара жатты. Қабақ қағыста подъезге де сүңгіп кетті.

Осы кезде көшедегілер ду ете қалды.

– Жер сілкінді, жер сілкінді! – деген балалар шуылы құлақты тұндырарлық. Рас айта ма дегендей, Шәрбан тау жаққа көз салып еді, шаңтопырағы аралас қызыл жалқын бір шоғыр бұлт түйілген жұдырықтай болып биіктеп барады екен. Машинада отырғандықтан ба, Шәрбан түк те сезген жоқ. Оқшауырақ әңгімелесіп тұрған екі кісі де ештеңені сезбепті.

– Рас па-ей? Рас па-ей? – деп таңырқасып жатыр. Бірақ балалар шуылы зорая түскен.

– Бүйтіп қозғалмай тұр едім. Біреу табанымды қытықтап өткен секілді болды.

– Жо... Қасыңнан самосвал өтеді ғой, жер солай дірілдеді.

Осы кезде баспалдақтардан елікше секіріп түсіп, ентігіп Тұршабай келді. Құшағында үлкендігі екі жасар сәбидей сары ала фарфор ваза. Жұрт көңілі енді осыларға ауған секілді. Жаңағы оқиғаның әсері сап басылып, айналада күбір көбейіп кетті. Содан қысылды ма, кім білсін, Шәрбан сәл шытынаңқырап:

– Қой, ентікпей-ақ қой енді. Сен найқалып жүргенде бәрі де бітіп қалды, – деді.

Тұршабай түсінбеді.

– Не бітіп қалды?

– Әне тауға қара.

Тұршабай тауға қарады. Әлгі бір кезде шоқталып түйілген қызыл жалқын от бұлты ыдырап, ала шарбыланып барады екен. Көп күнгі үрейдің салдары болса керек, Тұршабай «уһ» деп қалды. Ауыр ваза асфальтқа барып гүрс етті де, күл-талқаны шықты.

Қалай ұмтылып, машинадан қалай шыққанын Шәрбанның өзі де білмеді. Аяғына бірдеме оралған секілді еді, оған да қарамады, теуіп жіберген. Әлденелер тағы да асфальтқа түсіп, бытырлап, сытырлап жатты, онымен де ісі болмады. Тұла бойы қалшылдап, Тұршабайдың қасына жетіп келді.

– Байғұс-ай, сервизіңді де қиратып алдың ғой, – деді Тұршабай ақырын ғана күңк етіп.

Шәрбан есін тез жиды. Машинаны қайта айналып жүгіріп барса, ақ дәке быт-шыт, көк ала, қызыл ала, сары ала сервиздің көк ала, қызыл ала, сары ала сынықтары бүкіл орамды жауып кетіпті.

Осы шуды естіп, үйдің екінші қабатындағы терезеден көз салған бөгде адамға мына көгілдір «Волганың» төңірегінде әлдебір ойыншық бомба жарылған секілді болып көрінді. Әйтеуір ел де, жұрт та, қала да дін аман. Селдің екпіні осы бір болмашы оқиғамен тынды.

1968

ҚОЛАМТАДАҒЫ АРМАН

Бұл – колхоз шопаны Көшербай қарттың қалада тұратын үлкен баласына қонақтап қайтқан беті еді. Аттанар күннің қарбалас-думанымен жүріп, вокзал басына да поезд қозғалар сәтте ғана келіп жетті. Көшекең қарт болса да пысықтығын, ширақтығын танытқысы келгендей зайыбына вагон есігін нұсқай берді.

– Қалып қоясың, бар кемпірім, орналаса бер. Мен қазір... Мына күшіктерді... – деп мүдірді де, «аталап» аяғына оралып жүрген екі немересін кезек-кезек кеудесіне басып сүйе бастады.

Келінінің демеуімен вагон баспалдағына көтерілген Салиқа:

– Жә енді, ол иттердің қылығы таусыла ма! Шын сағынса, өздері келсін, – деп ішке кірді.

Көшекең немерелерін әлі де сүйіп жатыр.

– Атасының құлыншақтары сол, атасының шырағы, жаны сол.

Сол кезде поезд да жылжи берді. Қарт енді келіні мен баласының маңдайынан иіскеді де вагонға қарай көтерілді. Ұзын дәліздің есігін аша беріп, сонау бас жақтан терезе жақтауына сүйеніп тұрған Салиқаны көрді.

– Ау, кемпір, бұл жерде неғып тұрсың? Көпеге кіріп жайғаса бермейсің бе?

Салиқа қабағын тыжыртты.

– Іші қапырық екен. Жүрегім өрекпіп кетті.

Көшербай қарт купе есігін кейін қарай сырғытып жіберді де, еркін аттап ішке кіре беріп аңырып қалды. Сол жақтағы диванда бір-біріне тақаса отырған қыз бен жігіттердің түйіскен бастары алшақтай берді. Бетіне қан толқыны тепкен көзілдірікті жас қыздың абдырап қалғаны байқалады. Шетеу шыққан самай шашын қалтыраған қолымен қайыра бастады. Ал кеудесін ілгері беріп шалқая отырған денелі сары жігіттің қабағында ұнатпағандай кейіс бар: «Қайдан келе қалдың?» дегендей көзін сығырайта алысқа қадап, терең алған демін ұртын томпайта ұстап, сәл отырды да тарс еткізіп сыртқа шығарды. Өзі де, биік кеудесі де басыла қалды. Көшекең шоқша сақалының ұшын ерніне жымқырып, тістелей берді. Шырайы мол кішкене қызыл жүзінде, момақан қоңыр көзінде абыржу мен ұялыс құбылысы бар. Ол ілгері басарын да, шегініп кетерін де білмей аялдап қалды да, ештемені елемегендей, көрмегенсіген бір аңқау дегдар қалыпқа тез түсті. Білегіне көлденең салған ұзын плащын қаудырлатып, іле беріп кейін бұрылды:

– Ау, кемпір, солай тұра бермексің бе сол жерде? Келсеңші бері.

Салиқа мамырлай басып есікке таянды, басын ішке ұсынып, бірден сол бетке көз құйрығын қадады.

– Бері жүр, – деді қарт диванға отыра беріп, – Тегі, осы қабырғадағы

астылы-үстілі орындар біздікі, болар. Бассаңшы аяғыңды кісі көрмеп пе едің, тәйір алғыр.

Көзілдірікті жас қыз тағы да қызарып кетті. Сезімнен көрі ақылға біткен қой көзін төмен салып, өкініші де, қуанышы да жоқ бір мүләйім қалыпта отырып қалды. Тамыршы қарт сол кескіннен пәктік тазалықты, күнәсіздікті танығандай болды да, соңғы сөзіне өкініп қалды. Сол жәйді өзі де ұмытқысы келіп, ана бейтаныс жолаушыларға да ұмыттырғысы келіп терезеге қарай сырғып отырды да, Саликаға жылы шыраймен қарады.

– Кемпірім, отыр, шаршаған шығарсың. Әлгі күшіктердің қылығын қарашы, тіпті көз алдымда тұр. Аталаған дауыстары да құлағымда, – деп әңгіме тақырыбын басқаға аударды.

Салика қоштай қойған жоқ. Баяу келіп отырды да, терезеге қарады. Көшекең де сыртқа көз тікті.

– Жер-ақ шіркін. Бәрін былай қойғанда алмасына болайын. Кемпір, байқау керек екен-ау әлгі алмаларды. Желпіндіріп қойған дұрыс шығар.

Көзілдірікті жас қыз сыпайы ғана сызыла тұрды да, сыртқа шықты. Сары жігіт аузын томпайта тағы да бір терең дем алып көтеріле берді.

Купеде оңаша қалғаннан кейін Салика өзгеріп кетті:

– Бетім-ау, енді не дейін, – деп Көшекеңе сыбырлап қарады. – Есікті ашып қалсам... екеуі бір-біріне кенеше жабысып алыпты. Айрылмайды. Ана біреу дүрдік ерін сарысы жеп жіберетіндей. Бүйтіп, өзіне тартып алып... (Салика екі қолын ілгері созып, ауада айқастырды да өзіне қарай тартты) басын олай бір, бұлай бір бұлғақтатады. (Салика ернін сүйірлеп, ауаны сүйіп қойды). Ал әне бір көзілдіріктісі, тым болмаса, бір қарсылық жасасайшы. Жоқ, ол жоқ. Жазған неме қайта ана сарының бауырына кіріп барады битіп (Салика бұл жерде Кошекеңе қарай қисайып қойды).

– Жә, қатын енді. Мына шалың жігіт, өзің бір қыз болып көрмегендей жұтынып отырсың ғой. Болар енді.

Салика шалына ренішпен қарады.

– Қыз болып, қашан сенің құшағыңа ынтызар болып едім. Өзің емес пе едің қоярда қоймай... болмаған. Іргеден келіп, қол жүгіртіп... маза бермеген.

Көшербай қарқылдай күлді де, сақалын тарамдады...

– Жә, жә... жетер енді... бар болғыр. «Көшербайға бермесеңдер, суға кетіп өлем деп ағаларыңды қорқытып отырып алған кім еді?»

– Мен онда кедей сорлының баласы ғой деп сені аяған болатынмын, – деп Салика шалқая отырды.

– Кедейшілін бар болғырдың! Кедейшіл болсаң қателеспейсің. Ха,

хе, хе... – деп Көшербай басын бір иығына қарай қисайтып ұзақ сылқылдай күлді.

Сол кезде сары жігіт купеге қайтып кірді. Мына оғаш күлкіге сезіктеніп қалмасын деген оймен Кошекең томен еңкейді. Қолына саквояж ілігіп еді, көтеріп тізесіне қойды. Аузын ашты да, ішін ақтара бастады.

– Пай, пай, осы үлкен келіннің пысығы-ай! Орамал, сабынға дейін ұмытпаған. Тек қарағымның ғұмыр жасы ұзақ болсын. Ұзағынан сүйіндірсін. Бір-біріне таупық берсін, – деп шұбалта сөйлеп, орамал, сабынды Салиқаның сырт жағындағы сеткаға салды да, суытылған құс еті, жұмыртқа, бәліштерді жаймалы столдың үстіне қойды. Содан кейін газетті бетіне тақай ұстап оқып отырған сары жігітке қарады.

– Шырағым, дәмге кел. Әлгі бала қайда? Ол да келсін, – деді.

Сары жігіт сыпайылық көрсете бастап еді, карт көнбеді. Есікті кейін сырғытып, әрірек бір терезе алдында тұрған жаңағы көзілдірікті кішкене қызды шақыртып алды.

– Мынау біздің осындағы үлкен келін баланың жолға салған дәмі. Алыңдар. Ұялмаңдар, – деп Көшекең шегіне отырып, малдасын құрды да, алдына жаңа бір ақ орамал салды. – Мыңның түсін білгенше бірдің атын біл дегендей, ныспың кім болады, шырағым.

– Қайыржан, – деп жауап берді сары жігіт. – Ал мына келініңіздің аты – Салиқа.

– Па, па... мына менің кемпірімнің аты да Салиқа. Атыңнан айналайын.

Көзілдірікті кішкене қыз төмен қарады. Ұялып қалды. Екі жастың арасындағы манағы бір оқыс қимыл әсіресе осы баланың бетіне шіркеу бола беретін сияқты. Ал үлкен Салиқа тамағын бір рет кенеп қойды да отыра берді. Сездіргісі келмесе де жас жолаушыларды қыртысы сүймей отырғаны аңғарылады. Сол жайды байқаған Көшербай карт:

– Тым жақсы. Ұялмаңдар, шырақтарым. Біз бір кезде сендердей жас болғанбыз, – деп қойды. Оны үлкен Салиқа да қостады.

– Иә, сөйткенбіз. – Содан кейін өзіне: «Бірақ сендерге ұқсап, көрінген жерде тістесіп жатпайтынбыз» деп күбірледі. Жөн сұраса келе Қайыржан Көкшетау облысындағы жаңа совхоздардың бірінде құрылыс инженері болып істейтіні анықталды. Демалыс алып Алматыға әдейі Салиқаны іздеп келген. Ол Ауыл шаруашылығы институтын жуырда ғана бітіріпті. Сол Қайыржан тұрған жерге жолдама алыпты. Бұдан бір жыл бұрын табысқан, уәде байласқан екі жас кеше осылай аттанарда дос-жаран, ағайын-туғандарының алдында тойын жасап некесін қосыпты.

Бұл сияқты әңгімеден кейін дастарқан үсті кеңейіп кетті. Кіші Салиқа да енді ашыла сөйледі. Оның әр күлкісін, қабақ қағысын, қи-

мыл жүрісін Қайыржанның құмарта қызықтап отырғанын Көшербай барынша сезінеді. Кейде стол астында аяқтарының ұрланып табысып, екі жастың бойына құштарлық жалынын тұтатып, рақат сезімін салып өтетінін де аңғарады. Бәрі де түсінікті, бәрі де кеше ғана өз басынан ізін қалдырмай зулай өткен асыл жайлар. Көшербай қарт бергі көп жылдардың арғы қабатында қалған сол бір асыл сезімдерін есіне алып жұбайына қарап еді, салғырт отырғанын аңғарды. «Ойпырау, мына жазғанның әлгі бір сөзді шынымен-ақ айтқаны ма?» деген күдік келді.

Салиқа көзілдірігін түзу мұрнының қырына туралап, түзеп қойды да тура қарап сөйледі.

– Сіз жоғарыға шығып әуре болмай-ақ қойыңыз. Мына төменде мен жатқан диванға ауысыңыз. Жоғарыға мен шығайын.

– Ие, қарт адамдарға төменде болған қолайлы ғой, – деп Қайыржан да қостады.

Үлкен Салиқа рақмет айтып сыртқа беттеді. Қазіргі шақта жас та, кәрі де, тіпті ұзақ жыл өмір жолдасы болған Салиқа да түсініп жетпестей болып көрінген бір ғажап сезімге бөленген қарт та екі жастың адал қылықтарына бөгет болмайын деп дәлізге шықты. Кенет шам жанды. Терезеден ашық аспан көрінеді. Сол ашық аспанның етегін белдеулей дүңкие жатқан адыр-белестер поезбен жарысып келеді. Арттан Салиқаның таныс дем алысы естілді. Аяғын сүйрете басып бері жақындап келеді.

Көшербай тұрған жерге аялдамай купеге қарай өтті. Бір сәт Көшекең шақырып алайын, аялдатайын деген бір ой келіп еді, бірақ дауыстамады. Сыртқа, бірінен соң бірі ауысып кейін қалып жатқан тау жүлгелеріне қарап тұра берді. Кейін сырғанаған есік дыбысымен Салиқа даусы бірге шықты.

– Ту, жазғандар-ай.

Көшербай кері бұрылып еді, Салиқа купе есігін қайыра жауып, бері келе жатыр екен.

– Дегенмен, ұятсыз екен өздері.

Көшекең әңгіменің не жайында екенін бірден түсінді. Бірақ үндемеді.

– Ана жазғандар тағы шөлдесіп қалыпты, – деп Салиқа тағы да қолын ауада айқастырды.

– Ол айып емес қой, кемпір. Жаңа қосылған балалар емес пе?

– Қойшы, тәйірі алғыр. Сен де бала бола қалғың келіп тұр ма?

Көшербай үндеген жоқ. Аяғындағы кебісін тарпылдата басып, зорлана жөтеліп, асықпай келді де, купеге кірді, төсек орын алдыртып жатып қалды.

* * *

Көшекең ертеңіне ерте оянды. Сергіп, көңілденіп қалған. Төменде қарсы диванда Салиқа жатыр. Теріс қарап тізесін бүгіп алыпты. Жоғары бір полкада Қайыржан мен кішкене Салиқаның білектері айқасып қалыпты. Жас қыздың көзілдірігі сырғып кеткен. Жүзінде сәл бір күлкінің, қуаныштың нұры ойнайды. Өз бойындағы бар тазалығын, асыл қасиетін өзінің сүйген жарына ұмсына беріп, осы бір тәтті де сергек ұйқыға шомғандай. Сол сәтте кіші Салиқа Көшекеңе бір кездегі өз Салиқасындай, ал, мына бір көз алдындағы бақыт – жігіт кезіндегі өз бақытындай болып көрінді: өзі қазір сексенді алқымдап, ал, кемпірі болса, жетпісінді қорғалаған айша кемітіп, қиықтап тастаса да, бұлардың жігіт болған, қыз болған кезі кеше ғана секілді еді ғой. Үлкен Салиқа мына жастар қылығын қанша ерсі санағанымен, кезінде кіші Салиқадан да әрман емес пе еді?! Әлі есінде, Салиқаға сол өңірде үш жігіт ғашық болған-ды. Бірі – дәулетті кісінің баласы – паң да ерке, өз құрбыларының серкесі – Кемелбек, екіншісі – атқамінердің баласы – өркөкірек те қарау Сыдық, ал үшіншісі – өмір бақи мал баққан момынның баласы – мына Көшербай. Бір қызығы, Көшербай ана Кемелбек пен Сыдықтан өзін кем санайтын. Олардың алдында ақыл таластырып, білім салыстырып көрген емес. Аспандағы қол жетпес жұлдызға ұқсап, үш жігітті бірдей табындырған Салиқа сұлу басқалардың емес, мұның қармағына ілінер деп Көшербай сірә ойлап па?! Ойламаған... Ойламаса да, Салиқа сұлу мұның қармағына ілікті. Сонда бұлар алғаш рет шілік арасында кездескенде, көк шөпті төсек етіп, аспанында шөкімдей де бұлты жоқ көгілдір көк күмбезіне қарап, шалқалап жатқан Салиқа:

– Өмірімнің тірегі деп сені таныдым. Тағдырымның пірі деп сені таңдадым, – деген.

Сол сәтте Көшербайдың есіне өзінен көш ілгері санайтын екі жігіт, сол жігіттерді бұдан көш ілгері санайтын, артық бағалайтын қыз ағалары түскен еді. Ағалар қарсы болса?.. Мақтаншақ Кемелбек пен қасқарау Сыдық: намысты қолдан бермейміз деп төтелей тартса?.. Істің арты немен тынбақ?.. Жоқ, бұл қорқақтың көңіліндегі – ақыры не болар екен деген түйткіл емес, қай нәрсені болса да ушықтырғысы келмейтін, қай жерде болса да татулық іздейтін, өзгенің қайғысы үшін өзегін өртейтін, өзім дегенге өлімге де бара алатын, момын да адал жанның сауалы болатын. Осы шындықты зерделі Салиқа білетін-ді. Түсінетін-ді. Көшербайдың әлі есінде: күн ұзақ пішен шауып, кештетіп келсе, ауыл іші ызу-қию, ұу-шұу. Жартыбай деген сіңірі шыққан сорлы бар еді, соның жалғыз сиыры ми-батпақ тартпаға түсіп кетіпті. Шығарар бір пенде жоқ. Кемелбек зытып отырған. Ал қасқарау Сыдық болса: сиыр шығарам деп жүріп, құрдымға батып өлер жәйім жоқ, деп

шықпай қойыпты. Сол сиырды жанын шүберекке түйіп, жағада өскен ағашқа арқан байлап, әр қилы айла-тәсіл қолданып, Көшербайдың суырып алғаны Салиқа көңілінде сенім мен ерліктің түйіні секілденіп өшпес із қалдырған болатын. Осы оқиғадан кейін Салиқа бір қызық түс көріпті: кәдімгідей өңі секілді. Бұған көңіл салып жүргендер – мына Кемелбек, Сыдық, Көшербай үшеуі ғана емес, тіпті көп екен. Солардан мезі болған қыз ағасы қырындаушыларға бір шарт қойыпты: әлгі мибатпақ құрдымның арғы бетінде бір сиыр қалған. Сол сиырды бергі бетке кім алып өтсе, қыз ағасы Салиқаны соған бермек. Бір қызығы, Салиқаның өзі де сол шартқа қарсы болмапты. Себебі – Көшербайдан басқа бір пенденің бұл шартты орындай алмайтынын анық білген ғой. Шындығында солай болыпты да. Қыз жүрегінің қалауы Көшербай болуы да содан.

– Енді бізді өлімнің өзі де айыра алмайды, – деп еді сонда Салиқа.

Дүниенің бар байлығын осы бір сәтке, ләззат сәтіне, ғашықтық, құмарлық сәтіне айырбастап жіберуге дайын жатқан Көшербай сүйген жарының кеудесіне сол қолын салып, қатты қысып, құшақтап сүйе берген, сүйе берген...

– Ризамын тәңірге! Тағдырыма ризамын!

Сөйтсе де Салиқа сөзінің мәнін Көшербай келе-келе, балалы-шағалы болған соң ғана түсінді. Жардың айтқаны рас екен. Бұлар өлсе, балалары бар. Олардан асса, қаулап немерелер келеді. Шөберелердің де ауылы алыс қалған жоқ. Олай болса, бұларды өлім қайтіп ажырата алмақшы? Салиқа мен Көшербай тұтатқан өмір оты нәсілден нәсіл қуалап, өмір бақи жалғаса бермек емес пе!?. Неге екені белгісіз, қарт тағы да жоғарыға көз қиығын салды: Қайыржан мен кіші Салиқаның білектері сол айқасқан қалпы. Қыз жүзінде пәктік пен жастық табы. Атып келе жатқан таң нұры дейсің бе, әлде ашылып келе жатқан гүл реңкі дейсің бе, әйтеуір Көшербай алыста қалса да, өз жүрегіне сондай жылы да жақын, таныс бір құбылысты аңғарды. Ол енді еріксізден төменге көз салды. Үлкен Салиқа өмірінде түк болмағандай, манағы бір теріс қарап, бүк түсіп жатқан қалпы, қозғалмаған.

Қарт бір күрсінді де, сыртқа шықты. Жастарша еркін, шешіне ширақ жуынды. Содан кейін күпеге дауыстап, жұртты оята келді. Кішкене бір уақыттан кейін тағы да дастарқан жайылды. Енді ауыл аралас, қой да қоралас болып кетті. Жастар тым сергек, әрі еркін отырды. Қайыржан бірдеме айтса кіші Салиқа оны құптайды. Тіпті ол сол сөздердің мағынасына да терең бойлап отырмағандай. Сонда да құптайды. Әрине, Қайыржан теріс нәрсені айтпайды ғой. Көшекең өз жұбайына қарады. Ол да көңілді. Анда-санда аузын бір сылп еткізіп, термоска құйылған ыстық шайды тартып отыр. Жастардың мына бір жарастығын әлі де артық санайтын ыңғайы бар ма, қалай?!

Бір ретте кішкене Салиқа көзілдірігін қозғай беріп Қайыржанға күлімдей қарап қалды. Көшекең ұялтпайын деген ниетпен терезеге бұрыла отырды. Жақтауда тұрған ескі бір газетті қолына алды. Үңіле беріп қалтасына қол салды. Көзілдірігін іздеді. Зайыбына қарап еді, ол да көзін сәл төмен салып отыр екен. Екі жастың мына таза қылықтары оны да еліктіріп әкеткен сияқты. Кескінінде бұрынғыдай реніш те, кірбең де білінбейді. Айрықша бір күйге түскендей.

Кенет Көшербайдың есіне көзілдірігін Салиқа сыртындағы сеткаға қойғаны түсті. Соны алайын деп, сол қолын созып, зайыбына қарай ұмтыла беріп еді, Салиқа оты қайта бастаған көз жанарын айрықша бір сезіммен бір жалт еткізді де, Көшекеңнің құшағына құлай кетті.

– Ау, мұның не? – деп Көшекең ең әуелі аңырып қалды да, кемпіріне шошына көз салды. Содан кейін рақаттана езу тартты: шалдың көз алдына қай заманғы шілік ішіндегі көк шөптің үстінде кегілдір аспанға көзін қадап, шалқалап жатқан өз Салиқасы – балауса Салиқа елестеп жүре берді....

1955

КӨРШІНІҢ КЕСІРІ

Тұрар бүгін ерте оянды. Бірден жолдастары есіне түсті. «Ертең тауға шығайық, шаңғы тебейік, мектепке ертерек кел», – деген олар. Сол жайды ол кешіне шешесіне айтып еді. Әлпеш үлкен ала көзін баласына өткір қадап, тұрып қалған. Бұл оның: «Бармайсың, түнімен жөтеліп шықтың, ауырып қаласың», – дегені. Шеше мінезіне сыралғы бала оны жақсы түсінеді. Бір мезет ол: «Рас, жөтелсем, жөтелетін шығармын. Ұйықтап жатқанда, қорылдайсың десем, мамамның өзі де «кет әрі» деп, нанбайды ғой, кім біліпті», – деп күдіктенетін де.

Сонда да ол: «Қайтсем мамамның көңілін табамын», – деп түнімен ала көңіл болып жатты. Байқаусызда жөтеліп қалмауға тырысты.

Міне, енді завод гудогі де айқайлады. Таңғы сегіз болып қалса да, қыстың ұзақ түні енжар сейіліп, үй ішіне енді-енді ғана ала сәуле еніп келеді. Қарсы қабырғада ілулі тұрған әке-шешесінің жас кезінде бастарын түйістіріп түскен суретінің жалпы нобайы ғана көрінеді. Тұрар түрегелді. Анасының қасына әлденеше барды. Оята алмады. Батылы жетпеді. Айна алдына келді. Шешесіне тартқан үлкен ала көзін уқалады. Маңдайына үйіле түсіп тұрған кекілін жоғары қайырды. Көзінің алдындағы томпақ сүйегі екен. Ол да бұған мамасынан ауысқан. Бірақ мұрнын айт, иіліп келген қоңқақ мұрны нағыз папасының мұрнындай. Тұрар сәл ойланып тұрды да, секіре бастады. Физзарядка жасаған болып еденді дүрсілдетті. Алақанын шартылдатты.

Біразға дейін түсім екен деп, ұйқылы-ояу түсінбей жатқан Әлпеш ала көзін кең ашып, бері қарады. Аузын болар-болмас бір сылп еткізді де:

– Мұ не, сайтан? Ішіңде арыстан ойнап бара ма, ойнақ салып? Жат! – деп жекіді.

Тұрар иіліп келді де, Әлпештің мойнынан құшақтап алды.

– Мама, мамуня, мектепке барамын мен.

Қатты ұйқыдан кенет оянған Әлпеш әдепкіде ештеңеге түсіне алмады.

– Мектепте не бар таң атпай? Бүгін демалыс емес пе? – Содан кейін есіне бірдеме түсті білем, басын көтеріп алды. Ұйқы басқан ала көзін сығырайтты:

– Мектепте ештеңе де жоқ. Түнімен жөтеліп шыққаныңды білмейсің-ау, жазған неме.

Тұрар тағы күдіктеніп қалды. Мүмкін бір ауық қатты ұйықтап кеткен болар, жөтелгенін сезбеген ғой, сірә.

– Одан да үйде бол. Ісшіні шақырғам, көйлек тіктірем саған, – деді Әлпеш көзін қайта жұма түсіп.

Тұрар көніп қалды. Ас үйге шықты. Диванға келіп жатып еді, ұйқысы келмеді. Қайта түрегелді. Аузын аңқайта есінеп біраз отырды. Төр үйдің есігінен барып сығалап еді, мамасы қалың ұйқыға қайта кеткен екен. Басқа бір төсекте теріс қарап папасы да жатыр. Тұрар есікті жауып қойды да, енді терезе алдына келді.

Үлкен терезеден күңгірт аспанның бір кішкене бөлегі ғана көрінеді. Қалың қар жауып тұр. Көлбемей, ұйтқымай, тік, баяу жауып тұр. Үлкен қар ұлпалары жерге түсерде қызық. Баяу қалқып келеді де, сәл орала беріп құсша қонады. Жел жоқ, дыбыс жоқ. Күңгірт аспанға бойлап тұрған қыраулы биік ағаштардың басы қыбыр етпейді. Есік алдындағы алма ағаштарының қырауытқан қалың бұтақтары бір-біріне айқаса иіріліп, қиян-қилы өрнек жасаған. Ағаштар да аспанмен реңдес. Жұлдыз сияқты ұзын кірпікті қар жапалақтары әлсін-әлі терезе көздеріне жабысады да, кенет еріп төмен қарай сырғанай жөнеледі. Жер дүниенің бәрі аппақ. Тек терезе тұсындағы бір топ қарақат шілігінің астыңғы жағы ғана қарауытып көрінеді. Шартақ қадалары қардан басына қоқырайта қалпақ кие бастаған. Осының бәрі Тұрарға әлдебір қияли кинокартиналардағыдай болып елестеді. Кенет жүрегін әлдене шымшып өткендей болды. Жолдастары осы бір қиял дүниесімен сырғанап бара жатқандай.

Терезе жақтауына шығып алды. Желдеткішті ашып қойды. Жылы қыс таңының сызды, жұмсақ лебі соқты. Есік алдынан өтетін тар жолдың арғы бетін бойлап ағатын тау өзенінің шуылы келді. Тұрар желдеткіштен басын қылтитты. Қар жапалақтары келіп қона бастады. Дыбысы жоқ, салмағы жоқ, болса да денені түршіктірер зәрі бар.

Тұрар түшкіріп салды. Содан кейін шешесінің «суық тиіп қалады», деп мұны терезе жақтауына да шығармайтыны есіне келді. Жерге түсті, сағатқа қарады. Әлі тоғыз болған жоқ. Тұра сала кітап оқығысы келмеді. Енді не істеу керек? Ол күндегіше жылы киінді де, далаға шықты. Қолқабын шешіп, қада басындағы қарды жентектейін деп еді, анасы әлдебір тасадан ізін бағып тұрған сияқты көрінді. Ауладан шықты да, өзен қабағына барды. Басқа жерден айқын, ағараң тартып, су арнасына қарай қиыс жатқан жіңішке соқпақ үлкен бір қойтасқа барып тіреледі. Сол жерден мұз құрсауын тесіп шыққан ағын су жаңағы тасқа келіп соғады да, күміс көбігін аспанға шашыратып, кейін лықсиды. Сәл кідіріс жасайды. Содан кейін бұрынғыдан да бір жойқын шапшаңдықпен төмен қарай жоси жөнеледі.

Тұрарды бұл көрініс те жалықтырып жіберді. Бір сәтте конькиін алып, мұзды асфальтқа шықсам ба деп ойлап қалып еді, шешесінің ескертпесі кенет есіне түсті: «Көшеге коньки теппе! Машина басып кетеді». Не істерін білмей, бүкіл көшеге сыймай зеріккен бала үйге беттей берді. Сол кезде төменгі беттен кенет машина даусы естілді.

Үй бұйымдарын артқан жүк машинасы мұның қасынан өтіп, жуырда ғана біткен көрші үйдің алдына келіп тоқтады. Кабинадан өзі қатарлы бір бала шықты. Үстіндегі пальтосын шешіп, қар үстіне бүктеп қойды. Содан соң машина үстіндегі орақ мұрттыға қарап:

– Папа, мамам екеуің түсіре беріңдер, мен таси берейін, – деп дауыстады.

Тұрардың күлкісі келіп кетті: «Гардеробты қалай апарады?» Бірақ бала сөзіне орақ мұртты да, оның ар жағында тұрған шәлі жамылған әйел де күлген, қарсылық жасаған жоқ. Әуелі жеңіл нәрселерді жерге алып қоя берді. Кабинадан түскен бала үлкендерше аяғын нық басып үйге таси бастады. Енді бірде үлкен радиоқабылдағышты көтере жөнелді. Тұрардың жүрегі су ете қалды: «Қап, түсіріп алады-ау». Жоқ, түсірмеді. Еркін адымдай басып үйге кірді де, қайта шықты.

Осы кезде Тұрар да машина жанына келді. Оң бүйірден көрінген орта бойлы, шапшаң жүрісті әйел бұған мейірлене қарады.

– Көршінің баласымысың? Тіптен жақсы, біздің Қамбаржанға көмектесіп жібер, қарап тұрма.

Тұрар еркін басып, Қамбардың жанына қатарласа келіп тоқтады да, алдында жатқан шағындау жәшікті көтеруге еңкейді.

– Оны сен көтере алмассың, былай тұр, – деді Қамбар жақындай беріп, үлкендерше сөйлеп.

Тұрар бойын жазды. Байқап қараса, Қамбар бұдан көп аласа екен.

– Онда папамның темір саймандары бар, – деп Қамбар қайталап айтты.

Өзін үлкенірек санаған Тұрар алғашқы кездескен бейтаныс балаларға тән мінез көрсетіп, өктемдеу сөйледі.

– Өзің нешедесің?

– Өзің ше?

– Мен бұрын сұрадым ғой.

– Мен он екідемін, – деп жауап берді Қамбар.

– Мен ендеше, он үштемін.

– Ендеше мен бесінші класта оқимын, – деді Қамбар мектепке жеті жасынан барғанын танытып.

Тұрар қоңқақ мұрнын бір тартты да, үндемей қалды. Соны Қамбар пайдалана қалды.

– Дәу де болса, сен осы төртінші класта оқитын боларсың! – деп, тура қарап күлді. Оң қабағының астындағы тыртығы Тұрарға енді айқын көрінді. Не себепті екені белгісіз, сол тыртық бұған төбелестен болған сияқтанды. Ұтылмасқа ұмтылды.

– Ие, деген. Мен де бесінші класта оқимын.

Қамбар жымия күлді. Бала аңғалдығын қызықтаған үлкен адамның мысқылды күлкісі секілді.

– Ә, солай ма?!

Тұрар жәбірленіп қалды. Қамбардың қайтсе де бір әлсіз жерін таппақ болды.

– Мен ендеше сабақты беске оқимын.

Әлгі бір қабақ астындағы тыртық бері тепті де, оның қанды дөңгелек жүзіне жаңағы мысқылды күлкі тағы жүгіре қалды.

– Солай ма?! Ал мен, тіпті, нашар оқимын. – Содан кейін жиіркенгендей бір кейіпке келді. – Мақтаншақ!

Оның бұл сөзінде кекесін барлығын, сабақты нашар оқитын бала бұлай еркін сөйлемейтінін Тұрар аңғара қойды. Тағы жеңіліп қалғанын сезді.

– Ал сенің үйіңде пианино жоқ, бізде бар, – деді Қамбарды немен мұқатарын білмеген ол.

Қамбар саспады:

– Пианинонын керегі де жоқ бізге. Пианино алатын ақшамыз да жоқ. Мүмкін сенің папаң үлкен начальник шығар, ақшаны көп табатын шығар. Ал менің папам заводта жұмысшы болып қана істейді.

Тұрар папасының ірі жерде қызмет істейтінін де, жалақысы көп алатынын да айтып мақтанайын деген жоқ еді. Қамбарды жеңер сөз таба алмаған соң айтқан. Тағы да ұтылып қалды. Бірақ бейтаныс балаға беріле салғысы келмеді. Өзінің бір жас үлкендігін пайдаланып күшін асырмақ болды. Оған үйден әлдебірдемені жайғастырып, кешеулеп шыққан шапшаң жүрісті әйелдің:

– Манадан бері сол бір жәшікті көтере алмай тұрсыңдар ма екеулеп? – дегені де қамшы болып кетті. Еңкейе беріп жерден көтеріп алмақ болып еді, көзге қораш көрінсе де, қозғала қоймады: «Көтере алмаймын ба?» – деген күдік те, тер де бұрқ етті.

– Айттым ғой көтере алмайсың деп, – деді Қамбар. Қарап тұрмады. Күбжеңдеп жатқан мұның алдынан келіп, жәшікті өзіне қарай тартты. Тұрар таласпады, бірден шалқайып та тұрып қалмады. Үлгіре алмай қалған адамның қимыл-қыбын жасай берді. Қамбар жәшікті шірене көтеріп алды да, жүгіре басып үйге қарай жөнелді. Тұрар ызаланып кетті. Өзіне ме, әлде өзгеге ме, оны тінті білмеді. Бір сәтте оны салып жібергісі де келді. Өзінің әлсіздігін әшкере еткені үшін бе, әлде аздап қыр көрсетіп жүргені үшін бе? Оны да шамалап, жауап іздеп жатпады.

Қамбар қайтып оралған бетінде ентіге тұрып, сол бір жаман сезімнің отына май құя түсті.

– Айттым ғой көтере алмайсың деп... Мықты болсаң, мынаны көтерші. – Қамбар кабинадан екі басы шоқпарланып келген екі үлкен темір кесекті алып шықты.

Мектептің спорт залында осыны Тұрардың талай көргені бар еді. Ересек балалар бірінен соң бірі алып, көтеретін де жататын. Сонда да қапелімде аты есіне түсе қоймады. «Мұның аты не? Білесің бе?» – деп сұрап қала ма деп қыпылдап тұр. Бірақ Қамбар оның атын сұрап жатпады.

– Мықты болсаң, осы гантельдің бірін алшы, көрейін неше рет көтергеніңді, – деп өзі айтып жіберді, сөзі керімал жатса да, Тұрар қуанып кетті. Іркілмей барып оң қолымен гантельді көтеріп алды. Көкке қарай ұшырта бастады. Бірақ бұл тынық күштің ғана қарқыны екен. Қары талып қалды. Зорға дегенде жетіге жеткізді.

– Бәлі, – деді Қамбар екі қолына екі гантельді алып жатып. – Ал санай бер.

– Бір... екі... үш... сегіз... он бес... жиырма... – Тұрар санаудан жалығып кетті. Қамбар болса, әуелгі бір баяу ырғақпен көтере берді.. Сонда оның есіне ертерек кезде үйіне су құбыры тартылмай тұрған кезде, келіп-кетіп жүретін бір студент қызға Әлпештің: «Бір шелекті қой, шырағым, екі шелекпен бар, көтеруге жеңіл болады», – дейтіні түсті. Қамбар тәсіл жасап тұр деп ойлады.

– Екі гантельді бірден көтеру, әрине, оңай.

– Оңай болса, көтере ғой. – Қамбар гантельді бұған ұсына берді. Тұрардың беті қайтып қалса керек, ұмтыла қоймады. Жалтара сөйледі:

– Гантельді көтеру дегенді білмеймін мен. Күресемісің өзің?

– Кел, күресемін.

Екеуі де қожырая, сүзісе келіп айнала берді де, ұстаса кетті. Жығам деген сеніммен ұстаған Тұрардың аз кем арам ойы да бар. Іштен алғансып, екі шаттың арасынан тізесімен бір-екі рет нұқып қалды. Қамбар оны басында сезген болса керек, жамбасқа ала берді де, оның

басын төмен тұқыртты. Тұрар кейін шалқайды. Сол бір сіресіп тұрған кезде Қамбар қолын босатып қоя берді. Тұрар шалқалай барып, құлап түсті. Басы машина дөңгелегіне соғылды.

Жаңа табысқан екі баланы ойнап жүр деп, өз шаруаларымен айналысқан ерлі-зайыптылар сасып қалды. Тұрар тұратын емес, көзін жұмып, қозғалмастан жатыр.

– Келмей жатып мұның не? Мұндай сұмдықты жасамаушы едің ғой! – деген әйел даусы шықты. Оған еркек даусы қосылды:

– Ой, мұндай тентектікті кім үйретті саған? Сен өзің кімнен туған немесің? Қалай өскенсің деймін? Бұрышқа тұрғызып қояйын ба, осы, ә?

Қамбар бар айыпты мойнына алғандай. Дыбысын да шығарған жоқ.

– Көтер қолынан, тұрғыз! Кешірім сұра! Татулас! – деді бастапқы әйел даусы. Жіңішке де өктем шығып жатыр. Қамбар иіліп келіп, қозғалмай жатқан мұның кеуде тұсынан қапсыра құшақтады да, тік тұрғызды. «Біржола тұқыртып алайын», – деп ойлаған Тұрар басын сипалай берді:

– Ауырып барады, әкетіп барады.

Қамбар да, оның ата-анасы да бәйек болып қалды. Сол кезде бұл құбылысты терезеден көріп, үйден айқай сала шыққан Әлпештің даусы естілді. Бір көзін сығырайта ашып қарап еді, шашы дудырап жүгіре басып келеді екен. Шаң-шұң сөйлеп келеді.

– Келмей жатып қыра ма, түге! Ойпырай, енді не істемекпін? Өлтірдіңдер-ау жалғызымды бәрің жабылып!

Ұйқыдан жаңа тұрған шешенің жәбірленген бала жағдайын жаманға асыра жоруы болар деп шамалаған ерлі-зайыптылар Әлпеш аузынан шығып жатқан артық сөздерге мән бермей кешірім сұрай берді.

– Кешіріңіз, осында өздері ойнап жүріп... Тіпті ойда жоқта... ойнап жүр десек... ештеңе етпес енді, – деп сасқанда сөздің басын буа алмай да жатыр.

– Кешірімі құрысын? Бүлік сала келдіңдер ғой, түге, құрттыңдар ғой, түге! Жалғызымды жалғызсыратқан екенсіңдер ғой, түге, – деп Әлпеш даурыға келіп, баласының басынан құшақтады, – үйбайи... жарылып қалыпты ғой. Енді не істейін. Мына қара, қан сорғалап тұр...

«Қан сорғалап тұр» дегенде Тұрардың өзі де шошып кетті. Басын сипап еді, ештеңе білінбеді. Сонда да: «Мамам көріп тұр ғой. Сорғаласа, сорғалап тұрған шығар», – деп күдіктенді.

Әлпеш даурыға берді:

– Мына қараңдар! Мұнда келіңдер! Қайдасыңдар, түге? Келіңдер мұнда! – Содан кейін Қамбардың шешесіне төнді, – жалғыз баланды бетімен жіберіп, не сандалбай сенікі?! Көргенің аз ғой, тегі?!

Қамбардың шешесі долы әйелдің ауанына бой ұсынса да, іштей кекете сөйледі.

– Ойпыр-ай, бір ағаттық болды енді, кешіре көріңіз енді. Көргенді адам көрінесіз ғой.

Бұл сөздің байыбына бармаған Тұрар: «Менің мамам бәріңді де бүрсеңдетер әлі», – деп ішінен күліп қойды.

Арада талай күндер өтті. Екі жақтан да айыбы болған балалық істің өкініші де басыла берді. Сонда да көрші баланы Тұрардың көргісі келмеді. Тіпті оған деген енді өшпенділігі де жоқ секілді. Сонда да аулақтана берді. Есік алдында, аула ішінде ұшыраса қалса, бұрылып кететін болды. «Бұзылған бала екен, араласушы болма», – деген шеше сөзін мүлтіксіз орындауға тырысты.

Ал, Қамбар болса, бәрін де ұмытқан секілді. Бір-екі рет бұған дауыстап, үн де қатқан-ды. Тұрар оқитын мектепке ауысқан соң, басқа танысы болмағандықтан ба, әйтеуір бұған жақын жүруге тырысып жүрді.

Тағы бір күн өтті. Әлпеш ертемен Тұрардың тамағын берді. Сумкасына бір плитка шоколад, бутерброд салды. Құнтымен жылы киіндірді. Жолда қолғабын шешпеске, қар жемеске, мектепте суық су ішпеске уәдесін алды да, сабағына аттандырды. Аз-кем уақыт өтті. Есік қайта ашылды. Тұрар қайтып кірді. Аласы көп үлкен көздері шарасынан шығып кеткен. Түсі қуқыл тарта қалыпты.

– Мама... сұмдық!

Әлпеш бала соңынан сыртқа шықты. Ашық атқан таңда қытымыр аяз бар. Жылы үйден жеңілірек шыққан оның денесі дірілдеп кетті.

Тұрар шешесін тура өзенге алып жүрді. Аяз сорған қатқақ қар жүрген сайын сықырлайды.

Екеуі де өзен жарына келіп тоқтады. Төменде, бір тесіктен атқып шығып, булана қарғып жатқан су жағасында кішкене Қамбар тұр. Беліне дейін жалаңаштанып алған. Үлкен түкті орамалды шелектегі суық суға батырып алады да, онсыз да қызарып кеткен арқасын ысқылайды. Әлпеш көзін басты. Тұрар бір сәт қызықтай қарап тұрып қалды. Еріксіз дауыстап жіберді.

– Қамбар!

Әлпеш зекіп тастады.

– Дауыстама. Кеше осы баланың күлгенін көріп едім.

Аузы қисайып кетеді екен. Бұл жынданған бала! Қыстың сақылдаған сары аязында сау адам суға түсе ме әйтпесе. Бар сабағыңа! Жөнел! – деп Әлпеш үйге қарай беттеді. Бұл сөздерді естіп тұрған Қамбар күліп жіберді. Ішек-сілесі қата ұзақ күлді.

Сол күннің кешінде Тұрардың бар әңгімесі Қамбар жайында ғана болды.

– Мама, Қамбар қайтеді енді, өле ме? – деп сұрады.

– Қыстыгүні суға түскен бала өлмегенде қайтушы еді!

Тұрар түнімен ұйықтай алмай шықты. Көзі ілінсе-ақ болғаны, ұйтқыған боран соғып кетеді. Сол боранның арасында жалаңаш Қамбар көрінгендей болады. Сақылдап күлген даусы келеді. Кенет сол күлкі жүректі тырнар, жан түршіктірер, қорқынышты бір музыкаға айналып кетеді. Көрші үйден әлдекімдер табыт шығарып бара жатқандай болады. Тағы бірде шошып оянды. Тұра сала далаға жүгірді. Сәске болып қалған. Көрші үйге үңіле қарады. Жым-жырт. Тік шатырға түнімен қонақтаған ұлпа қар төмен қарай баяу сырғанай береді де, гүрс ете қалады. Бақша ішінде із жоқ. Жеміс ағаштары сол ақ қырау жамылған күйінде мелшиіп қалған. Ақша қар басқан тау беткейі өзі кинодан көрген мұз таулары бар ақ теңіз секілді. Сол теңіздің биік бір жотасынан асып, қан күрең тартып күн туып келеді. Тұрардың денесі түршігіп кетті. Бәрі де бітіп қалған, түнде Қамбарды табытқа салып, белгісіз бір жаққа алып кеткен сияқты. Сол кезде көрші үйдің әлі сыры кеппеген қызыл есігі шалқалай ашылды да, ар жағынан Қамбар көрінді. Кешегідей жалаңаш қалпы. Қолында түкті орамал. Сәл керіліп, екі-үш рет әдемі бір қимыл жасады да, өзенге қарай жүгіре жөнелді. Тұрар үйге оралды. Таңғы тамақ үстінде ол папасына бұрылып:

– Осы, менің мамам өтірікші, – деді.

Әлпештің бет-ұшы шұңқырайып, көнтек ерні жыбырлап кетті. Қазыбек қарқылдап күлді.

– Неге өтірікші?

– Кеше мамам Қамбарды өледі деген. Түк те еткен жоқ. Ол әне, тағы барып өзен суына шомылып жатыр.

Сол күні Әлпеш жаңа қоныстанған көршінің үйіне барды. Оны дөңгелек жүзді, қара көзді, кескінді әйел жылы ұшырай қарсы алды.

– Жоғары шығыңыз, отырыңыз. Шай қоя қояйын. Таныса алмай жатырмыз. Новоселье жасай алмай жатырмыз, – деп шапшаң сөйлеп, құрақ ұшты. Бұл Қамбардың шешесі Гүлжәмила еді. Завод коммутаторында телефоншы болып қызмет істейтін. Өз кезегінен жаңа ғана келіп отыр екен.

Әлпеш оның сөзін салғырт тыңдады. Көлегейлемей өз ойындағысын бірден айтты:

– Осы сенің балаңның есі ауысқандау ғой деймін. Солай ма?

Гүлжәмиланың түсі бұзылып кетті.

– Есі ауысқандаумасы қалай?

– Есі ауыспаса қыстыгүні суға неге түседі?

Гүлжәмиланың өңіне бұрынғы жайдарылығы қайта жүгірді.

– Жындылығы емес ол. Жас күнінен бергі дағдысы. Өзі қыс қарсаңында туған еді. Жылы орап, далаға ұйықтатып жүрдік. Содан кейін қыстыгүні де далаға ұйықтататын болдық. Үйреніп кетті.

Әлпеш тағы өз сөзін сөйлей берді:

– Қыстығүні өзенге шомылу жақсы тәрбиеден емес.

– Ойпыр-ай, бала күнінен дедім ғой. Кішкентайынан үйреніп кеткен, – деп, Гүлжәмила әлі де Әлпешті иландыру ниетінде зілі жоқ, көңілдестік қалыппен сөйлеп тұр.

– Қыстың аязында он екі жасар бала өзенге барып суға түседі, ih, – деп Әлпеш таңдана айтты. Басын шайқады. «Не шешесі, не баласы жынды. Екінің бірі».

Ештеңені ұғып болмайтын мына әйелмен таласа беруді жөнсіз санаған Гүлжәмила енді оның сөзін қызықтап, күліп қалды.

– Неге күлесің? Жынданбасаңдар, баланы бұдан кейін өзенге жібермейтін бол! – деді де, Әлпеш есікті тарс қойып шығып кетті.

Ақылды қалпын сақтап қалған Гүлжәмила бір нәрсеге қайран:

«Не қимасы қышып жүр осының? Менің баламның не істегенінде қандай шаруасы бар?»

Сол бір күннен бастап, Тұрар пікірі күрт өзгерді. Қамбар оған енді басқа бір сипатта елестейтін болды. Жатса-тұрса көз алдында. Бір күні түсінде Тұрар қатты қиналды. Қалың боран соғып кеткен. Адасып жүр. Айқайласа, даусы шықпайды. Осы кезде алай-түлей арасынан Қамбар көріне кетті. Сом денесін тік ұстап, нығыз басып келеді.

Тұрар оның соңынан еріп еді, кенет көкорай шалғын өзен жағасынан барып шықты. Кейде Тұрар түсінде оның қиыр бір алыс теңіз ішінде арыстан, жолбарыстармен алысып жүргенін де көрді.

Бір күні мектепте қабырға газетінің кезекті саны шықты. Онда Досжанов Қамбардың шаңғы жарысында бірінші орын алғаны айтылыпты. Мақала соңында: «Қамбар мектепке кейін келіп түссе де, сабақты жақсы оқиды, тәртіпті, үлгілі бала», – делініпті. Тұрардың есіне алғашқы күнгі: «Мен сабақты беске оқимын», дегені түсті. Ағат сөз екенін осы арада түсінгендей. Қабырға газетінен бұған қарап тұрған Қамбардан ұялғандай болып, бұрылып кетті (бұл екеуі бесінші класта оқыса да, группалары басқа болатын).

Тұрар енді Қамбарға жақын жүретін болды.

Бір күні ол сабақтан шықса, машинасымен папасы келіп тұр екен. Ала кетпек болып, Қамбарды тауып алып еді, көнбеді, жаяу баратынын айтты. Содан кейін Тұрар да жаяу қалып, онымен бірге жүрді. Жол бойы Қамбар көңілді сөйледі. Көп сөйледі. Ғаламат бір кеме жасағысы келетінін, сол кememен алыс суларды кезгісі келетінін айтты. Тұрар үндеген жоқ. Ұялып келеді. Оның бар ойы: «Мектепке машинамен барып, машинамен қайтсам... басқа балалар мініп-түсіп жатқанымды көріп тұрса...» – дегенге ғана саятын. Қамбар сөзі енді оның балалық ой дүниесін ашып, жаңа бір көкжиекке меңзегендей болды. Алыс бір арманға жетелердей. Сол жолда Қамбар оған үлгі есепті. Тіпті оның аяқ алысы, қол сермесі, бір езуін сәл көтеріп, айқын күлетіні, қабағының астындағы

кішкене тыртығы – соның бәрі Тұрарға қалтқысыз ұнайды. Кейін келе Қамбарша қол сермеп, Қамбарша бір езуін көтере айқын күлетінді де шығарды. Қамбардың радиоқабылдағыш жасамақ ойы барын біліп, бұл да біраз уақыт сынған лампа, сым темірлерді жинап әуре болып жүрді.

...Бір сенбі күнінің кешінде Тұрардың үйіне көп қонақтар келді. Ұзақ отырып, коньяк ішті. Қатты күлісіп, сөйлесті. Жалыққан Тұрар ас пісіретін бөлменің ар жағындағы бір кісілік кішкене бөлмеге барып жатып қалды. Түннің бір уағында оянып кетіп еді, «вист», «пас» деген сөздерді естіді. Қонақтардың біреуі: «Адал ойнау керек», – деп қатқылдау сөйледі. «Алып қойыңдар, ішіп қойыңдар!» – деген шешесінің көңілді даусын да естіді. Алысырақтағы бір аула ішінен шақырған әтеш даусы мұның құлағына талып естілді. «Таң жақын болуға керек, жалықпай қалай отыра береді!» – деген оймен ол көрпесін қымтады да, қайта ұйқыға кетті. Енді бір уақытта көзін ашып алса, үйге жарық түсіп қалыпты. Түрегеліп, төргі үйге барып еді, есік бекітулі тұр екен. Ар жақтан шешесінің қатты қорылдағаны естіледі. Стол үсті жиналмаған. Үй ішін ащы спирт иісі алып тұр. Тұрар мұрнын тыжыртты да, далаға шықты. Демалыс болған соң кешірек тұрған Қамбар жалаңаш қалпында өзенге жүгіріп барады екен. Неге екені белгісіз, Тұрар да жүгіріп жағаға келді. Әнеугі бір суық кезде қаусырмалап келген көк мұздар енді сөгіліп, әрбір жерде ойдым-ойдым болып қалыпты. Түбі көрінер меруерт су төменге қарай толқи зырлап жатыр. Осы Тұрар тұрған бетте еңіске қиыстап түсер баспалдақ та қардан аршылып қарайып қалған. Төменде шапаты бойлы Қамбар тасқа қолын тіреп еңкейе берді де, бір шелек суды еркін іліп алып, жағаға қойды. Тұрар төмен түсуге бата алмады.

– Батыр болсаң, ана шелектегі суды үстіңе құй, – деп ол айқайлап күле сөйледі.

– Кел ендеше, құйып жібер.

Тұрар төменге түсті де, су толы шелекті көтеріп алды. Қамбар долыра бастаған арқасын тосты. Тұрар шелекті төңкере берді.

– Тағы да құйшы! Рахат! – деді Қамбар.

– Рас рахат па?

– Құй, рас айтам.

Тұрар су толы шелекті Қамбардың арқасына төндірді. Содан кейін жүгіріп жарға шықты. Үй жақтан еш қыбыр білінбейді. Әлі де ұйықтап жатқан болуға керек. Ол қайта жүгіріп төменге түсті. Шешіне бастады.

– Қамбар, мен де бүгіннен бастап суға түсетін болам.

Қамбар тартынықырап қалды. «Рас па?» дегендей қарап тұр.

– Шын айтамын, әкел суды, – деді көйлегін шешіп үлгірген Тұрар.

– Ауырып қалмайсың ба?

– А, сен неге ауырмайсың?

– Мен...

– Мен-сенді қой. Бол әкел, – деп Тұрар еңкейе берді. Жылы денесіне әуелі мұздай су келіп тигендей болып еді. Қалтырап кетті. Бара-бара су емес, жаландаған өткір пышақ секілді болды. Бірде қолтығына, бірде төсіне, енді бірде мойнына сумаңдай жүгіріп, терісін сыдырып жатқандай. Сонда да ол шыдай берді. Әрі-беріден соң тісі-тісіне тимей сақылдап кетті. Сол пышақ жүзі мұздай суық па, болмаса оттай ыстық па, білмейді. Әйтеуір бір өткір дүние.

Жазыла берген. Тұрарға Қамбар орамал ұсынды.

– Енді ысқылап жібер. Жанып кете жаздайсың, – деді ол. Содан кейін, – Рақат па екен? – деп манағы өзі айтқан сөзді жандандыра сұрады.

Тұрар жылайтын адамша аузы кемсеңдеп жауап бере алмады. Тұла бойы қалшылдап, ұшып кете жаздап тұр.

– Ысқыла денеңді! – деді тағы да Қамбар.

Тұрар орамалды арқасына апарайын деп қолын көтеріп еді, иіге алмады. Дене шіркін енді өзінікі сияқты емес.

Қамбар орамалды өз қолына алды да, оны ысқылай бастады. Тұрар арқасын қисайтты. Басын шайқады. Сол кезде оның басы айналып кетті. Құлап қала жаздады. Қамбардың көмегімен сыртқы киімін киіп үйіне беттеді.

Келесі күні Әлпеш баласының өңі бұзылып отырғанын байқады. Температурасын өлшеп еді, қырыққа таяп қалған.

– Сені әлгі жынды бала суға алып барған ғой. Айт шыныңды! – деп ол тепсіне сұрады.

– Апарған жоқ, мен өзім бардым, – деді Тұрар.

Әлпештің өңі бұзылып кетті. Телефонға жүгірді. Жарты сағаттан кейін жан-жағында қызыл кресі бар жүйрік машина сиренасымен көше бойын жаңғыртып, Тұрарды емханаға апара жатты.

Ал ашуға булыққан Әлпеш осы қаладағы мықты бір мекемеге бет алды. Бәрін де айтпақ, «кесірлі» көршіні бұл төңіректен кудырмақ.

1955

ҚЫРАН ҚИЯҒА САМҒАЙДЫ

Жиналыс тым кеш аяқталды. Өмірбек әрі шаршап, әрі ренжіп шықты. «Үй ішіңіз болса қалада ғой, жалғыз не бітіресіз, біздікіне жүріңіз» – деушілер табылып та еді, бірақ ол бара алмады. Дәл бүгін оңаша болуды қалады.

Үйге келді. Жым-жырт. Пенде аяғы жоқтықтан ба, бөлмелер тым

қараңғы, құлазып көрінеді. Басында оқыс бір ой оралды да, Өмірбек сескеніп қалды: табыттай тыныштық пен қараңғылық басып тұрғын мына үлкен үй кімге құтты мекен болған? Талайлар тұрған бұл үйде. Солардың бәрі де дәл осы Өмірбек келген жолмен келген де, әр қилы жолдармен кеткен. Бірі істі болды. Бірі өз өтінішімен босады, ал үшінші біреулері көпшілікпен тіл табыса алмай кетті. Солардың бірі де тұрақтай алмаған қайырымсыз мекен бұл. Енді Өмірбекке не сыйын дайындамақ?

Осы бір жүректі тырнаған мазасыз ауыр ойдан құтылайын деді ме, Өмірбек сипалап жүріп, май шамды жақты. Кішкене қаптесерлер иесіз үйді еркін жайлап алған екен, бұрыш-бұрышқа лап қойып, сіңіп жатыр. Кір басқан жалаңаш қабырғалардағы жиі қағылған шеге орындары да көмескі сәулемен тым үңірейіп, үлкен көрінеді. Бір жерде ұзақ мезгіл ілулі тұрған картина, портреттің қарауытып таңбасы қалыпты. Өмірбек терең бір күрсініп дем алды. Өлеусірей жанған сықсима жалп етті. Бірақ ол қайта жағам демеді. Кіре берісте тұрған бүктеме койканы апарып жазды да, қисая кетті. Әлгі бір әзірде Мақпал тауынан асып қара бұлт көтеріліп келе жатыр еді, енді үй шатырына тырс-тырс ұрып, жаңбыр сіркірей бастады. Одан басқа селкеу шыққан бір дыбыс жоқ. Әйтеуір жадау көңілдің бей-жай күйіне әуендесіп, тылсым бір тыныштық басып тұр.

Адам өмірі әуел баста сансыз сай-жыралардан жіңішке басталып, жүре бара кең арнаға айналар бұлаққа ұқсайды ғой. Өмірбектің де өмір жолы осылай басталған. Ол әуелі кіші-гірім мекемелерде шағын-шағын қызметтер атқарды. Содан білімінің саяздығын сезді де, Алматының ауыл шаруашылық институтына келіп түсті. Оны бітіргеннен кейін шаруашылық мекемелерінің біріне бастық болды. Ақыры еңбекшілер депутаттарының облыстық советіне жауапты бір қызметке ауысты. Міне, өстіп, түу баста жылап шыққан жіңішке бұлақ кең арнаға ойысып бара жатыр еді. Күнделікті шаруа жайын әңгімелесіп отырған бір ретте облыстық атқару комитетінің председателі:

– Сен осы бұл жерде қағаз басты болып несіне отырсың?! Шаруа жайын білесің, көрген жұмысың. Ауылға барсаң қайтеді? – деп салды.

Міне, осы сөз қамшы болды да, Өмірбек осында тартқан. Хош алған аудан басшылары:

– Колхоздың шаруашылығы жаман емес. Болашағы да мол. Шойын жолға да, тас жолға да жақын. Тек басқарушылар жиі алмасқандықтан болар, еңбек тәртібі шамалы. Іскер басшылық керек, – деп көтермелеген. Сондай бір лепірген көңілмен келген жас жігіт мандайын тасқа соққан бекіре балықтай қайтып қалғанға ұқсайды енді.

Жиналысты бұлай басталар деп кім ойлапты.

– Екі бұты таралған, сымпыс құйрық мұның кім? – болды алғашқы сұрақ.

– Зәуде әртес болар. Сымдай етіп шалбар кигенді солардан көрген едім қалаға барғанда, – деп жауап берді шетірек отырған бір қара.

– Дудардай шәші де, шұрк-шұрк тесік бәтеңкесі де соған ұқсайды.

– Әртес болса, басқармалыққа несіне әуреленеді жазған бала? – деп бір кексе әйел аузын сылп еткізді. – Бірер күн бригадаларды аралап, өлең айтсын да қайтсын онда.

Жұрт ду күлді. Өмірбектің құлағына дейін қызарып кетті.

Ауданнан келген өкіл қайта-қайта сөйледі. Өмірбектің өмір жолын баяндады. Қайда істесе де абырой-атаққа ие болып келе жатқанын айтты. Қысқасы, соның тегеурінімен ғана сайланды. «Жақсы үйім мен жылы орнымды тастадым. Ертең балаларды үйреніп қалған мектебінен айырып, көшіріп алуға тура келеді. Несіне келдім екен десеңші. Әлде көрсеткен сенім, құрметіңізге рахмет, қайтып келдім деп тартып отырсам ба екен? – деп ойлады ол төсекте жатып. Осыдан кейін, – қой, мұным ұят болар, ерегіскенде бұларға тар шалбар кигеннің бәрі бірдей емес екенін көрсету керек» – деп түйді. Осыдан кейін ұшқыр ой тағы да бір арнаға қарай ойысты:

Осы жұрт кейде бала сияқты. Председательдің кирза етік пен фуфайка киіп жүруі шарт па екен! Жақсы киініп, таза жүрсе, несі айып?

Өмірбектің қалада өскендігі, алған білімі, көрген тәрбиесі мына ауылдың талабына бой ұсынғысы келмеді.

* * *

Өмірбек таңсәріден оянды. Ақыл ойдан артық емес дейді ғой. Содан ба, кім білсін, көңілге алғаш оралғаны: «Қай жердің отын оттасаң, сол жердің суын сула», – деген ата мақалы болды. «Расында да еңбек адамдарының арасында өз атын өзі шақыратын көкек сияқты шікірейіп жүргенім дұрыс болмас», – деп түйді. Сөйтіп, әуелі магазинді барып аштырды да, брезент шалбар, кең қоныш етік сатып алып киді. Содан көшеде кездескен біреуден:

– Шаштараз қайда екен? – деп сұрап еді.

– Жүнді таразылау деген бар, ал шаш таразылау дегенді естіген жоқпыз, – деп жауап берді ол.

«Бұл ауылдың итіне дейін кесір сөйлейтін болар ма?!» – деп ренжіген Өмірбек жаңағының кескініне қарап еді, аңырып қалыпты. Тегі, шын білмейтінге ұқсайды.

– Ал, сақал-шаштарыңды кімге алдырасыңдар?

– Ә, оны мына ауылда қауға сақал деген қарт бар, соған.

Қауға сақал дегені шапаты бойлы, селдір мұрт бір көсе шал екен. «Қалайша бұл қауға сақал атанған?» – деп ойлаған ол:

– Бұл ауылдың қауға сақалы сіз болсаңыз, шоқша сақалы қандай екен? – деп әзілдеді.

– Оның сақалы менен де қалың! – деді күле қарсы алған қария. Өзі бір жатқан қуақы.

– Міне, жаңа мұсылман болдың, – деп күлді Өмірбектің шашын ұстарамен сыпырып болып: – Ал қоныс құтты болсын! Істі неден бастамақ ойың бар, шырақ?

Мұның сынай қойылған, құйтырқы сауал екенін аңғарған Өмірбек алдырғысы келмеді.

– Ең әуелі танысып қоялық. Есіміңіз кім болады?

– Бұл бұрын бес колхоз еді. Енді іріленіп бір үлкен қазан құрдық. Бәрі де Бектемістің бес баласынан тараған. Соның бірі – Қайнат. Сол Қайнаттың көп шалының бірі десең болады, – деді қауға сақал, орағыта сөйлеп. О да алдыратын емес, сыңайы соны танытады.

Өмірбек сәл ойланып қалды. Содан кейін:

– Ал сіз ше? Неден бастау керек деп ойлар едіңіз? – деп сұрағына сұрақпен жауап берді.

– Қаланың далдұң өскен қара таяғы ма десем, болжамың бар бала екенсің, – деп қария күлді. – Талай бастықтар болған мұнда, шырақ. Бірақ «осыны тындырып еді» – дейтін бірін атай алмаймын ба деп қиналамын. «Ішкен мәз, жеген тоқ» дегендей келіп жатыр, кетіп жатыр. Колхоз жәйі шаруаға қиыстау тигендіктен болар, үміт артқан біраз бас көтереріміз бар еді. Тауыққа тастаған тарыдай шашылып, әр тарапта жүр. Солардың басын қос. Жинап ал. Хош де. Екіншіден, парторгің өзің сияқты сырттан болсын.

– Неге? – деп қалды шыдамаған Өмірбек.

– Себебі бар. Мен жоғарыда бұл колхоз Бектемістен тараған бес ауылдан құралады дедім ғой. Қандай болса да бес жаққа тартып кететін кезі табылады. «Қанына тартпағанның қары сынсын» деген ғой. Сондайда іштен шыққан біреу болса, қарына тартпай тұрмайды. Асылы, сыйласуға жат жақсы, – деп тоқтады қауға сақал.

Бұл екеуі де Өмірбекке нанымды ақыл сияқты көрінді. «Қайнаттың тіні түзу, көшелі бір шалы екен» деп аттанды көп жәйді аңғарған ол.

* * *

Өмірбек қауға сақалдың тілін алды да, шет жайлап жүргендерге кісі жіберді. Өзі өндірістік кооперацияда қызмет істейтін Дүзенов Сәтімбайға келді.

Сырт естуінше Сәтімбай осы колхозды өз қолымен құрысқан,

ағайын арасында абыройлы, шаруа жайына майталман, білікті адам. Дегеніне көнсе, ауылға шақырмақ.

Кооперация кеңсесіне кіре берісте мұны шоң желке, қызыл көз, дәу қара кездестірді.

– Мен Дүзеновты іздеп келіп едім, – деді Өмірбек.

– Дүзеновті қайте қояйын деп едің? – деп сұрады шоң желке, дәу қара.

– Ол өзіне айтылады да.

– Ал ендеше айта бер. Іздеген Дүзеновің мен боламын.

Өмірбек «рас па?» дегендей дәу қараның кейпіне қарап еді, ойнап тұрмағанға ұқсайды.

– Сіз Дүзенов болсаңыз, мен – Жолымбетов Өмірбек. «Мақпал» колхозының председателі.

Сәтімбай Өмірбекті басынан аяғына дейін бір шолып шықты да:

– Ұқсайсың, – деп езу тартты.

– Ұқсамайсың деген соң осылай киінуге тура келді, – деп Өмірбек те күліп, иегімен аяғындағы кирза етікті нұсқады. Өзі Сәтімбайға «кесек мінездің, істің адамысың-ау», – деп дән разы.

– Мен сені бірден танидым. Және неге келгеніңді де сезем, – деді Сәтімбай есік алдындағы шөркеге отырып жатып. Содан кейін жайдарылана сөйледі. – Әңгіме киімде емес, миында. Мен сол колхозды өз қолыммен құрыстым. Ұзақ жыл председатель болып істедім. Кейін колхоз іріленген соң: «Енді іріленген шаруашылықты білімді жас басқарсын. Біз барымызды сарқып болдық», – деп арыз беріп босағаным да рас. Мен босағанда тың ойлы бір жас келіп, біз білмейтін жаңалыққа бастар колхозды деп босаған едім. Байқаймын, біздің ауылға келгендердің бәрі де өзімше ойлап, өзімше пішетін баяғы қара тоқпақтар. Содан: «Е, шырақ, сенің де шоқырағың түсінікті маған» – деп кетіп қалып едім. Мен, міне, алпысқа астым. «Сәтекең бір керемет жасап тастар», – дейтін шақтан кеттім.

Аяққа шебелет, бұтқа тар шалбар киіп сыланатын дәурен өткен. Бірақ шынымды айтайын, осы мына керза етік, күпәйке дегенің бар ғой жалықтырып-ақ болды мені. Түсініп отырған шығарсың. Енді бізше басқарған қара тоқпақты айтып отырмын. Ал, шырақ, ауылға әкелер жаңалығың болса, қайтып баруға, қолдан келгенше көмектесуге бармын, – деп түйді ол сөзін.

Сәтекең Өмірбектің іздеген адамы болып шықты. Аудандық партия комитетімен келісті де, оны колхозға көшіріп алды. Содан кейін көпшілік жиналысы Сәтімбайды председательдің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары етіп тағайындады.

Сол-ақ мұң екен. Шет жайлап жүрген Көпбаев Суаз зоотехник те, жүгері жөніндегі агроном Мақтанов Көктал мен есеп қызметкері Әлімбетов Тоқтанай да өз ауылына қайтып оралды. Дес бергенде

бастауыш партия комитетінің секретары болып сайланған Қанатбай Еркінбаев партиялық басшылықты шаруашылықпен ұштастыра білетін, тәжірибелі іскер жігіт болып шықты. Өмірбектің көңілі орнығайын деді.

* * *

Жоқ, Өмірбектің көңілі әлі орныкпады. Ол шеті мен бұл шетіне ат түгіл, машина жүгіртсе жетпейтін колхоз даласын аралай берді.

Бұл өзі он мың гектар егін салатын, қырық мың қойы бар ірі колхоз екен. Осы ірі колхозда ең алдымен ішкі тәртіп нашар. Басқарма отырысын шақырса, уақытымен бір пенде келмейді. Келе қалса, болмашы бір істің өзін әр жаққа тартады да, таң атқанша отырады. Бірер айғыр стаканды тастап алып келіп сөйлейтіндер де табылып жүр. Фермаларды аралап еді, жөні бүтін қора жоқ. Сауыншыларда баспана жоқ. Колхозда отыздан артық машина бар екен, әр қилы себеп табылады да жарым-жартысы шықпай қалады. Монша салу деген де бұрын ешкімнің есіне келмепті. Кеше қызылша аршыған жерге барып еді, баласын арқалап алған әйелдерді көрді. Қызық жай: он миллион табыс кіргізетін колхозда бала бақшасын, бала яслиін ашу деген де сөз болып па! Тек соңына түсуші табылмағаны ғой. Міне, қылышын сүйретіп қыс таяп келеді. Жаз Мақпал тауын жайлаған қалың қой бұдан екі жүз шақырым қысқы жайылым – Шағырлы, Тасқұдық, Ақтөбеге бет алмақ. Ал дайындалған бар пішен осы төңіректе. Сонда қыстың қақаған ақ түтек боранында ит арқасы қиян, соншама керік жерге мал азығы қалай жеткізілмек?

Өмірбекті мазалаған жайлар осындай еді.

* * *

Осы бір жайларды әңгімелесу үшін басқарма отырысын шақыру керек болды. Өмірбек колхоз белсенділеріне күн ілгері хабарландырып қойдырайын деп ертемен кеңсеге келді. Өз кабинетіне өтіп бара жатыр еді. Маңдайшасында «бухгалтерия» деген жарнамасы бар бөлмеден үдере шыққан дауыс, қатты күлкі естілді. «Таң атпай бұл неткен ойын-сауық?» – деген түйткілмен есікті барып ашты. Соқтауылдай бес-алты жігіт. Алдарында айғыр стақан, арақ пен нан қиқымдары. Оқыстан келген колхоз председателін көріп, абыржып қалысты. Біреулері ебетейсіз қимылдап, шөлмектерді үстел астына жасырған болып жатыр. Өмірбек істің мәнін енді аңғарғандай. Әне бір төрде отырған бадырақ көз, шикіл сары есепші мұнымен кездескен сайын әлде бірдеңені айтып, жоқ нәрсеге таласа кетіп жүретін. Өмірбек: «Осы шіркін мас емес пе өзі!» – деп те күдіктенуші еді. Бірақ олай

дейін десе, есепшінің бет құбылысында бір белгі жоқ. Содан: «Ақуа, адуын бір қыңыр болар ма!» – деп қойған. Сыр енді ашылғандай.

Табалдырықта аңырып қалған Өмірбек бір тоқтамға тез келді де:

– Ішер көбейсін! – деп жылы сөйледі. Көзін тапқан ағын судай тарғыл күлкі дүрлей жөнелді.

– Ал қалған бірденелерің бар ма? – деді үстел басына таяп келген Өмірбек.

Шулаған жігіттер жамырасып, председательге стақан ұсынды. Өмірбек тартынбады, бір жүз грамды қағып жіберді.

– Е, түсінбей жүр екенбіз, өзіміздің адам ғой мынауың! – деп шықылықтады баяғы бадырақ көз, шикіл сары.

– Бөтен деп санап па едің?

– Қайдам, тік бақайлау жүргенге шошынып қалып едік, – деді шеткерірек тұрған шұбар бет, кең танау.

Адырақ көз, шикіл сары:

– Ертемен ептеп, осылай нетіп, аздап бас қосып алатын әдетіміз бар еді. Оны бұрынғы председатель де сезетін. Бірақ ісімізден ақау таппаған соң бетімізге келіп көрген емес, – деп әр жайды аңғартып, ақтарыла сөйлеген болды.

– Жұмыс дегенің, тәңірі, көрмеген дүние ме еді, тасқаяқтай қағыстырмаймыз ба?! – деп шұбар да сөз қосты.

«Көмекейлеріңді түсінемін», – деп ойлады Өмірбек. Содан кейін:

– Танысып алайықшы ең алдымен, – деп адырақ көз, шикіл сарыға қарады. – Сен кімсің?

– Мен бе? Мен есепшімін.

– Сен?

– Есепшінің көмекшісімін.

– Ал сен?

– Бас бухпын.

– Ал сен ше? – деп Өмірбек әлгі бір кең танау, шұбарға бұрылды.

– Мен бе, Өмеке-ау, мен сізге көмекші емеспін бе?

– Түсінісетін бір нәрсе бар, – деді Өмірбек сәл ойланып. – Колхоз жәйін білесіңдер ғой. Істелінер жұмыс ұшан-теңіз де, соған қол күші жетісе бермейді. Ал сендер болсаңдар, тепсе темір үзетін соқталы-соқталы жігітсіңдер. Не бітіріп отырсыңдар бәрің ұйлығып осы жерде?

– Колхоз есебін жүргізіп... – деп міңгірледі бірі.

– Жоқ, сендердің нені жүргізіп келгендеріңді білемін мен. Бұлай болмайды енді, – ол шұбарға қарады. – Сен бүгіннен бастап колхоздан қалаған жұмысыңды ал. Маған көмекші дегеннің керегі жоқ. Керек бола қалған күннің өзінде де, бұл жұмыс әйелдің де қолынан келеді. Ал қалғандарың да сөйтіңдер, фермаға, немесе құрылыс бригадасына барыңдар, – деп Өмірбек үйден шықты.

* * *

«Шолақ кескен жоқпын ба осы?» – болды үйден шыққан Өмірбектің алғашқы ойы. – «Томаға тұйықтан сен анаған барасың, сен мынаған барасың, деп кесіп-пішіп тастамай-ақ, әуелі ескерту жасаса да жарайтын еді». Бірақ қанша шүбәланса да, адамдық ары сойталдай жігіттердің кеңседе отырып арақ ішіп, күн өткізіп жүргеніне тағы да бой көтерді. Қайтсе де Өмірбектің бұл шешімін Сәтімбай мен Қанатбай қатты қостады. Олардың айтуынша колхозшылар арасында ауа жайылушылық байқалса, соның демеушісі осы есепшілер тобы сияқты. Өйткені: «Балық басынан шіриді, ең әуелі аналарыңды тыйып алыңдар», – дегенді өзінің де естігені бар еді. Бұл шындық болып шықты. Сол топ ыдыратылғаннан кейін жұмыс кезінде «буыны босап» қалатындар некен-саяқ бола бастады.

Ауылда еңбек тәртібінің қалыптаса беруіне Өмірбектің ауыл шаруашылығын, оның ішінде техниканы жақсы білетіндігі көп әсер еткен сияқты. Бір күні сол Сәтімбай екеуі даланы аралап келе жатыр еді, жол үстінде тұрған жүк машинасын көрді. Жақындап келсе, шофер машина көлеңкесінде ұйықтап жатыр.

– Ау, мықты, мұның не жатыс? – деп Сәтекең бұрынырақ тіл қатты.

Шофер ең алдымен керіліп алды. Содан кейін аспай-саспай-ақ:

– Машинам жүрмейді, – деп ыңырана берді.

– Неге жүрмейді? – деп сұрады Өмірбек.

– Қайдам, от алмайды.

– Кәне, кілтіңді бере тұршы.

Шофердің түсі өзгеріп сала берді, оны Сәтекең де, Өмірбек те байқап қалды.

– Әкел, қорықпа, мен де өзің сияқты шоферлық курсты бітіргенмін. Не кінараты бар екен, бірлесе іздестірейік, – деп Өмірбек машинаға отырды. Анау кілтті ұсынып жатып колхоз председателі мінген жеңіл машина шоферіне көзін қысқан сияқты болды, айтпа дегендей.

Өмірбек стартерді басты. Машина шынында да от алмады, қақала берді. Өмірбек моторға үңілді.

– Ойбай-ай, подсосты ашып қойыпсың ғой. Карбюраторға бензин толып кеткен соң машина қалай тұтанбақ.

Бала қылмысты адамдай қипақтай берді.

– Осыны да білмейсің, қайтіп шофер болып жүрсің? Тегі, басқа жұмысқа ауысқаның жөн болар, – деп қойды Өмірбек қайтер екен дегендей.

Шофер бала шошынып қалды.

– Білем ғой оны.

– Білсең, неге істейсің?

Шофер желкесін қасыды.

– Түнде шала ұйқы болып едім. Бойдақ жігіттердің жәйін өзіңіз де білесіз ғой. Сонсоң, кішкене көз шырымын алайын деп тоқтап едім, – деп шынын айтты.

– Одан да солай көш, – деп Өмірбек күле сөйледі. – Қазір бір жарты сағат тыныста да, жұмысыңа жөнел. Енді қайтып мұндай қулық жасайтын болсаң, жақсылық күтпе менен.

Осы оқиғадан кейін машинам жүрмейді деп бір шофер айтпайтын болды. Мұны әсіресе Сәтекең қатты аңғарды. «Білген деген осы міне, біз болсақ, не істей алар едік?» – деп ойлады ол. Бірақ іштей разы болды да, Өмірбекке тіс жарып ештеңе демеді. Өз әдісін қара тоқпақ десе де Сәтекең де талайды көрген, «жағымпаздық» – дегеннің түтіні қайдан ұшатынын түсінетін адам болатын. Асылы, түсіне білу деген де екінің бірінің қолына келіп қона бермейтін құс қой.

* * *

Өмірбектің бұл колхозға келгеніне екі-үш айдай уақыт өтті. Осы аз мерзімнің ішінде бұрын бос белбеу ауыл психологиясында біраз өзгеріс болып қалғанға ұқсайды. Өмірбек ең алдымен басқарма отырысын тәртіптеді. Бұрын күн бата бастаса, таңға созылатын бұл отырыстың енді бас-аяғы бір сағатқа жетпейтін болды.

– Ұзақ кіріспе жасаудың керегі жоқ, ісіңнің тоқ етерін сөйле, нендей көмек керек, соныңды айт! – дейді ол колхоз белсенділеріне.

Наряд деп аталатын бұл отырыс аптасына екі рет, кешкі сағат бесте басталады. Кешігіп келген адамға штраф салынып, үш еңбек күні қысқартылады, әрі өзі нарядқа қатыстырылмайды. Бұл осындай бір отырыста ортаға салынып, мақұлданған шара еді. Оның қаталдығын таныту үшін Өмірбек бір нарядқа әдейі кешігіңкіреп келді.

– Кешігуімнің бір реті болды, бірақ ол себеп емес, деп Өмірбек жаңа есепшіге қарады. – Тәртіпті бұзғаным үшін үш еңбек күнімді шегер.

– Бір жолға кешіруге болады ғой, оқа емес! – деп біреу жалпақтай сөйледі.

Өмірбектің күткені де осы еді.

– Алған қаулыны ойыншық деп қарайсың ба?

– Жо... қ... жо... оқ.

– Ендеше неге сипай сөйлейсің? Бүгін мен кешіктім, ертең сен кешігесің, оқасы жоқ деп кешіре беру керек екен ғой. Біреудің өзі жақсы, біреудің көзі жақсы десек жұмыс істей алмаймыз. Шегерілсін үш еңбек күн.

«Мына баланың қуын-ай!» – деп іштей разы болып отырған Сәтімбай:

– Қаулының аты қаулы, үш еңбек күніне штраф салынсын. Әрі енді қайтып кешікпейтін болсын! – деп қойды.

Осыдан былай басқарма наряды айтқан сәтінде басталып, белгіленген уақытында аяқталатын болды.

Өмірбек бір күні Мырзақанов Әмір деген жігітті кеңсеге шақырды.

Әмір жас болса да, ауыл арасында жаман аты шыққан жігіт. Қит етсе жоғарыға арыз айдайды. Жұмыс істемейді. Колхоз белсенділерінің сүрінгенін аңдып, үйінде жата беретін мықтының өзі. «Маңайыңа үйір етпе. Ішіңе кіріп алады да, іштен шалып, құлатып жібереді» – деп ескерткен мұның қамын ойлаған кейбіреулер. Соған иланған Өмірбек – «үйреніскен жау атыспаққа жақсы... деген ғой, танысайын» деп шақырды.

Әмір кірпі шаш, еңгезердей қара жігіт екен, есіктен сөйлей енді:

– Бізді де керек ететіндер болады екен-ау.

– Жақсыға қашан да бір кісілік орын бар демей ме қазақ атаң. Керек етпесе, кінә өзіңнен болар, – деп Өмірбек әзілдей сөйледі.

– Жоқ, мен шындықты айтамын. Жақпасам, осы мінезімнен жақпайтын болармын.

– Мен сені колхоз шаруашылығына жаны ашығыш, турашыл жігіт, – дегенді естіп шақырып отырмын. Ақылдасатын мәселе бар.

– Құлағым сенде.

– Колхозда қырық мың қой бар. Орта есеппен алғанда дайындалған пішеннің жетпей қалу қаупі де жоқ емес.

– Пішен дайындау жөніндегі ақпарда қоспа бар екенін де ұмытпа, – деп қойды Әмір.

– Онда біздің хал тіпті қиын. Ең қиыны мал қысқы жайылымға көшеді. Ал азды-көпті пішен-шөбің мына Мақпал бауырында. Сонда қыстың қарлы боранында мал азығын қалай тасып бермекпіз?

Әмір қалтасынан қалыңырақ бір конвертті суырды.

– Мен, міне, осы жайында обкомға жазып едім. Өзің шақырып алып, ақылдасып отырсың. Енді жөнелтудің жөні болмас. Осы арадаақ шешерміз. Аш та, оқы! – деді ол.

Әуелде Өмірбек шошыныңқырап қалып еді, оқи келе көңілі орнығайын деді. Өйткені Әмір де мұның өзін толғантқан жайды жазыпты. Оның арызында көңіл аударарлық екі ұсыныс бар екен:

«Малдың қысқы жайылымы деп аталатын Ащылы қайнар мен Шағырлыда, Тасқұдық пен Көктөбеде жалпақ жондар бар. Соған көктемде жоңышқа егу керек.

Екіншіден, малды жазда тауға ұстап, қыста бораны қатты төменгі жазыққа түсіру де жаңсақтық. Боранды-шәшінді лайсаң күндерде де тау іші жылы болады. Біраз қойды осы жерде ұстау керек».

Өмірбек ойланып қалды. Шынында да осы арадан тракторлап шөп

тасып майып болғанша, сол далаға неге жоңышқа егіп тастамасқа?! Қойдың біразын тау бөктерінде неге қалдырмасқа?!

Бұған қарсы осында құлағына сіңген бірер пікір өре түрегелді.

– Ол далада су жоқ. Жоңышқа шықпайды.

– Жаз жайлаған тауда ырыс жоқ. Әрі қар қалың түседі.

Әмір үндемей қалған Өмірбекке қарады. Құдды күдігінің үстінен шыққандай:

– Жоңышқа өспейді деген бос далбаса, жоңышқа өскенде қандай, әдемі өседі. Тек қар суын пайдаланып ерте себу керек, – деді ол. – Тауға қар қалың түсетіні рас, бірақ шыңылтыр аяз болмайтындықтан үнемі ұлпа болып жатады.

Арызқой Әмір де Өмірбекке ұнап отыр.

– Егер біраз қойды қақпалап осында қалдырсақ, жауапкершілігін өз мойнына алар ма едің? – деп сұрады ол Әмірден.

– Сеніп тапсырсаңдар, неге алмайын. Аламын.

– Ал онда келістік соған. Тек бір ғана тілегім бар, – деп Өмірбек күлді. – Ауылың сені жақсы атамайды. Арызқой Әмір дейді екен. Бұдан былай арыз жазсаң, бірігіп отырып жазсақ қайтеді? Мүмкін осы жердің өзінде-ақ шешерміз. Шеше алмасақ, бетіңнен жарылқасын, тиісті жеріне айдап жіберерміз.

– Мұндай сөзге құлдығың болып кетесің ғой, – деді Әмір.

Осыдан бірнеше күн өткен соң негізгі отарлардан биылғы төлдер бөлінді де, жаңа ферма құрылды. Құрама жиналысында бұл ферманың бастығы болып Мырзақанов Әмір тағайындалды.

* * *

Сөйтіп, колхоз шаруашылығы бір ізге түсе берді. Ең алдымен, бір миллион екі жүз мың сомға жаңа шеберхана сатып алынды. Енді артельдегі елуге тарта трактор, отыз жүк машинасы, сол қарайлас комбайн осы ауланың өзінде-ақ жөнделетін болды.

Жас балалы әйелдердің жұмысқа шығуы тым қиындай берген соң, Өмірбек бұрынғы председательден өзіне ауысқан үйді балалар бақшасына берді.

– Апырау, өзің қайтесің? – дегендерге:

– Үй іші көшіп келгенше бір жөні болар, әзірге пәтерде де тұра тұруыма болады ғой, – деп жауап берді. Сөйтіп, аз күннің ішінде алпыс орындық жақсы балалар бақшасы ашылды. Оған керек-жарақтың бәрі қаладан алдырылды.

Содан кейін ванна, душы бар елу кісілік үлкен ақ монша қатарға қосылды. Ескі клуб жөнделді. Осы күзде орнатылған жас бақ ішінен би алаңы ашылды да, биік бағанаға репродуктор орнатылды. Ауыл жастары кешке сол төңірекке топталатын болды.

Бұрын ауыл ауыз суға да тапшы екен. Өмірбек мұны кезек күттірмейтін мәселенің бірі деп қарап, облыстық су шаруашылығы мекемесінен мамандар алдырды да, орталықтан шыңырау құдық қаздырды, әр көшенің пұшпағына колонкалар орнаттырды. Су көбектері қаладағыдай жер астымен жүргізілді. Колонкадан алғаш рет су аққан күні ауыл әйелдерінің қуанышында шек болған жоқ. Еңкейген қарт, еңбектеген балаға дейін әлдебір есте қаларлық оқиғаны айтқысы келсе – әлгі артезиан құдығынан су атқылаған күні... – деп бастайтынды шығарды.

Осының бәрі де айқай-шусыз орындалып жатты. Сәтімбайдың қайран қалатын бір жәйі бар. Ол өзі бастық болып жүрген кезде шаруашылықтың бәрін өз қолында ұстауға тырысушы еді. Жұрт түшкіріп салса да жәрекімін бұл айтуға керек. Көлік сұраған да, паек сұраған да, – бәрі де Сәтекеңе келетін. Сәтекең мұның бәрін колхозда еңбек тәртібін орнатамын деп істейтін. Сонда да не керек, кейде жұмысқа шығыңдар деп бригадир орнына үй аралап кететіні де болушы еді-ау. Өмірбек болса, тіпті бұлай емес. Ол бірінші күннен-ақ «мұндай мәселемен енді қайтып маған келмеңдер. Сәтекеңе барыңдар, – сол кісі шешеді...» – деп кесіп айтты. Сәтекең ойлап қараса, ол қазір орынбасар болып отырып, бұрынғы бастық кезіндегі шаруаны атқарып отыр екен. Сөйтсе де тізгін Өмірбектің өз қолында. Жұрт осыны көбірек сезінеді де, оны көбірек сыйлайды. Сәтекең мұны қызғанбайды. Қайта жаңа бір дүниеге көзі ашылғандай. «Бастық болсаң, осылай бол, біз бұрын бастықпыз деп қаукөрік болып жүріппіз де, бригадирдің жұмысын атқарыппыз ғой» – деп түйеді ол өз ойын.

Сәтімбайдың тағы бір қайран болғаны – сиыр базын салу жөнінде басқарма отырысында бір тоқтам болып, құрылыс бригадасы Мақпал тауының бауырына жіберілген. Арада бірнеше күн өткен соң Сәтекең сол жерге барса, баз емес сауыншыларға үй тұрғызылып жатыр екен.

– Бұларың не?

– Бастықтың бұйрығы солай.

Шаруа жәйін жақсы білетін Сәтекең ренжіңкіреп қалды. Міне, күздің қара жаңбыры басталып кетті. Қорасы жоқ мал қайда тұрмақ?

– Рас, күздің қара жаңбыры басталды. Суық түсті. Баспанасы жоқ адам қайда паналамақ? – деп жауап берді Өмірбек. – Шын қысылса, соқыр көзден жас шығады дегендей, сондай бір күн туса, төлді үйге де сақтауға болады. Ал қандай бір қиындық болмасын, адам мал қорада тұра алмайды.

Сәтекең қайырып ештеңе айтпады. Қайырғанда не десін. Өмірбектің сөзінде терістік жоқ. Мына қыстың тап есікті қағып тұрғаны ғой оның қысылатыны. Әйтпесе сауыншыға үй салу дегенге қарсы бола ма! Терлеуге тура келді. Колхоз белсенділері, оқушылар мен мұғалімдер сенбілікке шақырылды. Ақыры олар бұл қиындықты да жеңді.

* * *

Сентябрь түсісімен Әміркұлдың фермасы тауда қалдырылды да, былайғы қалың отарлар төменге – қысқы жайылымға бет алды. Оларды көп жерге дейін Өмірбектің өзі шығарысып салды. Жолда шопандармен әңгімелесті. Жәй-күйімен танысты. Солардың ішінен Өмірбектің көзіне ерекше түскен екі шопан болды. Бірі – Досболов Жайлаубай, екіншісі Шүкенов Байданқұл еді. Бұл екеуі де өз алдынан жауға да, жұтқа да соқыр лақ бермейтін, колхоздың қара табан малшысы. Қонарын сай, көшерін жел біледі дегендей, олар жаз тауды жайлап, қыс төменге түседі. Ақ түтек боранмен, ұлыған бөрімен алысады. Шіркін, еңбек деп малшы еңбегін айтсаңшы! Сөйткен Жайлаубай мен Байданқұлдың колхоз орталығында баспанасы да жоқ екен. «Осы жұртта жарамсақтық көп. Мен үйімді балалар бақшасына бергенімде, өзің қайда тұрасың деп бәйек болғандар мына шопандар жәйлі тіл қатпады-ау. Тегі, олар адамды емес, орынды құрметтейді ғой», – деп ойлады Өмірбек.

Бұл жолдан осы бір ойды түйіп қайтқан ол сол бетінде үй ішін көшіріп алмақ ниетпен облыс орталығына келді. Бұрынғы өзі қызмет істеген мекемелерге барды. Облыстық атқару комитетінде болды. Іздегенге сұраған дегендей, әйтеуір, іздене де, сұрана да жүріп құрамалы он үй сатып алып қайтты. Көп кешікпей колхоз орталығындағы аласа кепелер сыпырылды да, көк шатырлы, верандалы, бір орталықтан жылытылатын еңселі үйлер пайда болды. Енді бұл үйлерге кімдер шығу керек деген сұрақ тұрғанда Өмірбек ең алдымен Жайлаубай мен Байданқұлды атады.

Ойлап қараса, бір отарда бес жүз қой болады екен. Мұны ерлі-зайыпты екі-ақ адам бағады. Сонда бір отар қойдың еті мен жүнін, алынған төлін шамамен алғанда, жаңағы ерлі-зайыптылар колхозға жыл сайын қырық мың сом таза табыс кіргізеді. Өмірбек басқарма отырысында осы есеп-қисапты дәлелдеп берді де:

– Қайтсе де шопан еңбегі адал. Үйді ең алдымен Байданқұл мен Жайлаубайға беру керек, – деді.

Сөйтіп, көктемнің бір шуақ күнінде екі шопан колхоз орталығына шақырылды. Электр сымы тартылып, саңғырап тұрған екі үлкен үйдің кілті ұсынылды оларға.

Сөзге шорқақ Байданқұл бірінші болып сөйледі.

– Бұрын мал-мал деуші едіңдер. Сонда біз тұрып: «Е, несіне арам тер боламыз, мал бақташысы табылды ғой» – деп келуші едік. Енді мал баққан адамның қамын жегендерің әбден дұрыс. Осыларыңмен бізге бір міндет қылғандайсыңдар. Өйткені, сендер бізді ойласаңдар, біз малды ойлаймыз. Айналып келгенде есептерің түгел, – деді ол.

Бұл әркімді-ақ ойландырар сөз еді.

* * *

Бұл колхоз қыстан қысылыңқырап шықты. Әміркүл айтқандай. мәліметте де қоспа бар екен. Қыс аяғында мал азығының тапшылығы сезілді. Ара-тұра шығын болғаны да рас. Бірақ осы қиындықтан шаруалардың өздері алып шықты. Олар өз аулаларынан жинап алған жоңышқаны ортаға салды, десек те, бұл «суға кеткен тал қармайдының» кері ғой. Қырық-елу мың қойды аядай аулада өскен жоңышқамен қанша қыс асырауға болады?

Осыны ойлаған Өмірбек Әміркүл ұсынысына оралып соға берді. Оның үстіне биыл тауды қыстап қалған тұтас фермадан бір қойдың сетінемеуі – көп нәрсенің бетін ашқандай. Әрі Әміркүл да өз ісіне жауапты қарайтын тыңғылықты жігіттің бірі болып шықты. Осы жайлар оны бір тоқтамға еркін жетелеп әкелді де, Өмірбек тәуекелге барды. Колхоздан екі мың бес жүз сом қаражат шығарып, жоңышқа тұқымын сатып алдырды да, көктем келісімен қысқы мал жайылымына апарып алты жүз гектар жерге ектіріп тастады.

«Колхоз дәулетін босқа шашып жатыр, сусыз жерге жоңышқа шықпайды», – деп сәуегейсігендер де табылды. Ондайларға Өмірбек:

– Бұрау басын сындырмай, үйінде жатқан ғана қателеспеуі мүмкін. Ал, мен болсам, осы колхоз үшін бірдемелер тындырып жүргенге ұқсаймын. Қателесуім ықтимал! – деп жауап берді.

* * *

Көктемгі егіс аяқталса, пішенге түскенге дейін біраз бір күндер болады. Бұл шаруа адамының арқасы босайтын бір шақ. Өмірбек осындай бір кезеңді пайдаланды да, демалыс алып, облыс орталығына аттанды.

Шаруа баққан адамның әр нәрсені орайластыра жүретін әдеті емес пе, Өмірбек жолшыбай қысқы мал жайылымына соға кетуді мақұл көрді де, Тасқұдыққа тартты.

Мұндағы көңіл тойдырарлық бір нәрсе – қар суымен егілген жоңышқа қаулап өсіп, бойлап қалыпты. Тіпті кей жерлерде шешегін де жара бастаған. Тез шабу керек екен, – тегі, күзге дейін екі оруға болады-ау, сірә, – деп ойлады Өмірбек. – Рас, қолдан суарылса жоңышқаны бір жазда үш-төрт мәртебе де оруға болады. Бірақ биылғы жыл үшін бұл да табыс. Ең қолайлысы – қыста осы өңірді жайлайтын малға екі жүз шақырымнан пішен тасылмайтын болады енді.

Осындай қуанышпен ол қалаға келді. Колхозға жаны шын ашитын адам демалыстамын деп шалқайып жата ала ма. Пішенге түсер мезгіл де таяп келеді. Шөпті шабу оңай-ау, бірақ соны үю бір машақат

болғалы тұр. Қол күші жетпейді. Ал шөп айырлайтын машина дегенің бұл ауылдағылардың түсіне де енбепті. Жатпай-тұрмай сондай бір төрт-бес машина сатып алу керек.

Өмірбек осы мақсатпен облсельхозтехникаға барып еді, ойда жоқта Мұстафа деген бір жолдасымен жолығыса кетті. Ол бұрын Өмірбекпен бірге оқыған еді, енді осындағы облыстың бір мекеменің бастығы болатын.

– Ауылға барам деп не болып кеткенсің, жаным-ау? – болды досының алғашқы сұрағы.

Өмірбек бұған әдепкіде мән бермеген еді, былай шыға бере жәбірленіп қалды. Өмірінде пәлен болсам деп арман етіп, шен қуып көрген жоқ-ты, алайда неге екенін кім білсін, дәп мына арада: «Қалада істеп жүре берсем ғой, ендігі мен де бір қазанның құлағын ұстаған болмас па едім, – деп досына сәл қызғаншақтық білдірді. – Шынында да мен осы не болып кеткенмін? Керзе етік, фуфайка дегеніңді колхоз председателінің маңдайына жазып қойып па». Осыдан кейін ол баяғы ықшам шалбарын, жеңіл шебелетін, сырттан салатын шолақ жең әсем көйлегін киіп жүретін болды. Бұрынғыша шашын өсіре бастады. Демалыс бітіп, ауылға аттанар күн де таяп қалды. Соны естіді ме, кім білсін, Мұстафа телефон соғып, мұны қонаққа шақырды.

– Келмей қалып жүрме, басқа да шаруа бар, – деп қойды ол.

Кешке Мұстафаның өзі есік алдына шығып қарсы алды мұны.

– Міне, енді адам болыпсың ғой, – деп әзілдеп, үйге алып жүрді. Жылы да сәнді бөлмеде, мол дастархан үстінде шынайы әңгіме басталды.

– Достым, саған менің көңілім толмай жүр, – деді Мұстафа. – Қаладағы үй-жәйіңді тастап сенікі не осы? Балаларды үйренген мектебінен, Күлтайды кино-театрынан айырдың. Сен мұныңды қой. Біздің мекемеде бір бөлім бастығының орны бос. Жалақысы тым жақсы. Сен сол орынға келетін бол. Көнсең болды, басқасын өзім тындырамын.

Өмірбек колхозды мақтай бастап еді, Мұстафа оны сөйлеттірмей тастады.

– Немене, мені колхоз құрылысының жауы деп ойлайсың ба. Сен бір-ақ колхозда отырсың. Ал, мына біздің мекемеге ондаған колхоз қарайды. Бұл орында отырсаң, сен сияқты маманның шарапаты бір ғана колхозға емес, жаңағы ондаған колхоздың бәріне де тиетін болады.

Мұстафаның сөзінде жан бар сияқты-ау осы. Өмірбек ойланып қалды.

Екі дос түннің бір уағында ажырасты. Өмірбек колхоздан босап келмек болып ауылға тартты.

* * *

Жұрт клубқа лық толды. Өмірбек әдейі баяғы қала киімін киіп келді. Ең әуелі, өзі келгеннен бергі жұмысқа қысқа ғана ақбар берді. Содан кейін:

– Ал, ағайын, араларыңда біраз күн дәмдес болдым.

Қолдан келгенше аянып қалғаным жоқ. Енді маған рұқсат беріңіздер, – деп өтінішін айтты.

Жұрт шу ете қалды.

– Неге бізден жерідің? Себебі не?

Өмірбек мұны бір шу көтеретін мәселе болар деп ойлаған жоқ еді. Қапелімде жауап таба алмай қалды.

– Неге кетпексің, соныңды айтшы?

Ебін таппаған тұз жалайды дегендей, Өмірбек жоқты сылтау етті:

– Мен қалада өскен адаммын, әлгі керзі етік, фуфайка дегенің жалықтырып болды әбден.

– Сол да сөз болып па. Дәлел емес, – деп дауыстады залдағылар.

Өмірбек енді жол тауып кетті.

– Е, былтыр тәуір-ақ сөз еткен жоқ па едіңіздер!

– Ой, тәйірі-ай, көпшілік болған соң не делінбейді.

– Босатылмасын!

Сөзді қазір колхозда шаштараз болып істейтін баяғы қауға сақал алды.

– Өмірбек шырақ, сен бұл колхоздан кетпе. Шаруа жәйін білетін, тыңғылықты бала екеніңді таныттың. Білмеген адам у ішеді демей ме атаң қазақ. Ол білместіктен туған жәй. Кім не киеді, онда біздің шаруамыз жоқ. Қаласаң қалаша киін, қаламасаң далаша киін. Өз еркің. Бірақ біз сені босата алмаймыз.

«Ие, босата алмаймыз. Қалай киінсе де өз еркі!» – болды жиналыстың ақырғы қорытындысы.

* * *

Өмірбек пен Қанатбай, Сәтімбай үшеуі жиналыстан бірге шықты.

Клуб пен колхоз кеңсесі жас отырғызылған аумақты бақша ішінде еді. Бақша аласа балшық дуалмен қоршалған болатын. Қақпаға келгенде Өмірбек сәл аялдаңқырай берді.

– Сәтеке, ендігі жұмысты осы дуалды қиратып, шарбақ жасаудан бастауымыз керек. Ертең трактор шақырыңыз. Облыстан ағашқа наряд алып келдім.

– Сәтімбай үндемей қалды. Оған себебі де бар. Осыдан біраз жыл бұрын бұл дуалды Сәтекең өзі қалатқан болатын. Ең әуелі, ол дүйім

жұртты жинап алып, тазалық, мәдениет туралы кең түсіндірме жасаған. Содан колхоздың бір-екі бағланын шалып, көпті сенбілікке шақырып еді. Дуал қаланып болған соң, әлдебір керемет істі тындырып тастаған адамша, талай күн көтеріліңкіреп те жүрген. Сөйткен Сәтекең қалай үндесін енді.

– Шынында, осы бір балшық дуалдар көшелердің де, үйлердің де шырқын алып болды. Құрту керек, – деп парторг Өмірбекті қостады.

Ақылды Сәтімбай ойланып барып: «Жан бар сияқты-ау бұл сөзде. Ана Байданқұл мен Жәйлаубайға берілген еңселі көк сырлы үйлерді балшық дуалмен қоршаса, не сәні болар еді?! Соқыр болыппыз ғой өзі» – деп түйді. Байымдаса, Өмірбек бір қырдан асып түскендей. Сын қырқасы. Жас қыранның шын қияға самғайтын шағы енді келген сияқты.

1961

АҚЫН МЕН БҰЛБҰЛ САЙРАҒАН ЕЛДЕ[1]

Асықтырған Құтби Киром.

Аптап ыстық сәл бәсеңсіп, күн ұясына қона бергенде жолға шықтық. Душанбенің жуырда ғана Хафиз есімімен аталған автострадасын жиектеп Варзоб өзенінің салқын лебіне бетті тоса зырлап келеміз. Алдымыз аспанмен таласқан ақ басты таулар.

– Барар бағытымыз – тарихта Кухистан деп аталады. Сіздерше айтқанда Тау елі. Жоғарғы Зеравшанмен құлдилап отырып, Марғедар алабына шығамыз. Жолда Айни, Пенджикент атты аудан орталықтары бар. Одан әрі қол созым жерде даңқты Самарқанд жатыр. Әрине, ең әуелі Анзоб асуынан асып алуымыз керек, – деді Құтби Киром.

– Анзобтан асу үшін осы жол үстіндегі Анзоб шайханасына тоқтап өтпесек, тағы да болмайды, – деп күлдірді Абдолла Закиров.

Құтби Киром жас болса да елінде аты танылған дарынды ақын. Ал Абдолла Закиров болса, Алматыда оқып, партиялық білім алған әдебиет аудармашысы, журналист. Екеуі де қазақ дастарқанынан талай рет дәм татқан, қазақ халқын, оның әдебиеті мен мәдениетін ежелгі тәжік жерінде мадақтай жүретін абзал достар.

– 1963 жылы өздеріңізбен бірге айға жуық араладық қой Қазақстанды, – деді Құтби ақ кенептен тігілген тар қалпағын жалтыр басына нығарлай киіп, – ой, ол күндер менің есімнен ешқашан кетпек емес. Біз, Абдолла екеуміз тау тұрғынымыз, ал сіздер қыр перзенттерісіздер. Сол себепті алдыңызда жатқан қия жартас, қызыл шақа шың-құздардың ұлылығын көріп таңырқайсыздар. Ал мен болсам, ұлан-байтақ қазақ сахарасының тылсым ұлылығын сол жолы сезінген едім. Өздеріңіз білесіздер, жуырда Абай тойына Момын Қанағат екеуміз барып қайттық қой. Семей, Қарауыл, Жидебай, Шыңғыстауды араладық. Осы жолы тағы бір сезіммен оралдық – Ұланқайыр далада ұланқайыр дарқандық, мырзалық бар екен.

Құтби ақындық ашық көңілмен, шабыттана сөйлеп отыр.

Біз тыңдаушымыз. Ара кідік жан-жағымызға қарап қоямыз. Жасанды көлдің жағасындағы тақтыда көк шай ішіп отырған тәжік бауырлар бізге әлсін-әлі көңіл аударады. Себебі, Құтбидың сөзі қызу, екпіні қуатты. Жалпы, тәжік ақын-жазушыларының ішіндегі ең қызу қанды, нендей іс болса да тез тындырғысы келетін, тынымсыз да елгезек жан осы Құтби болар деп түйдік ішімізден.

---

[1] Бұл жолжазба А. Сатаевпен бірлесіп жазылған.

Бізді туған мекендерімен таныстыруға алып бара жатқан Абдолла мен Құтбидан басқа да әдебиетші достарымыз бар. Мәселен, жаңағы Құтби сөз еткен Момын Қанағат. Ол – өте сабырлы, нағыз шығыс адамдарына тән маңғаздық пен марғаулық қатар қалыптасқан, әрбір сауалыңа біраз үнсіздіктен соң байыппен, жан-жақты жауап беретін жан. Ақын Мастон Шералиев болса, ол мінезі жағынан Момын мен Құтбидың дәл арасындағы, аз да сөйлемейтін, даурығып әңгімеге де көп килікпейтін, қауымның көзін бағып, көңілден шығуға тырысатын жас жігіт.

– Бұл мекеменің атын «Анзоб» дейді. Ал шын мәніндегі нағыз Анзоб асуын төрт мың үш жүз метр биіктікке көтерілгенде көресіздер, – дейді Ибрагим Юнусов алдымызға келе бастаған ақ құмандардан біздің пиалаларымызға көк шай құйып беріп, – мына өзеннің аты – Барзоб, былайша айтқанда секіріп, сарқырап ағатын тентек су деген мағынаны аңғартады.

Жұқалтаң келген талдырмаш жігіт Ибрагим «Тәжікфильм» киностудиясында шофер болып қызмет етеді. Ол жуырда ғана республика жұртшылығына көрсетіле бастаған «Рустам туралы аңыз» атты екі сериялы фильмнің жасалу тарихынан сыр шерте бастады. Біз де өз тарапымыздан «Қазақфильм» киностудиясы жуырда ғана аяқтаған «Қыз Жібек» фильмі жайлы әңгімелей бастап едік, сөзге елгезек Құтби араласты:

– Алматыда бізге «Қыз Жібекті» көрсетті. Өте жақсы фильм! – деп ақ қалпағын басынан шешіп алды да, тізесіне кигізіп қойды.

– Баста, Құтбиджон! – деп Абдолла дауыстап қалды. Теңселіп, ырғала отырып шығыс шайырларының мақамымен Құтби жырлай жөнелді. Біз ақын досымыздың мұндай өнері барын жақсы білетінбіз. Жат тілде айтылып жатқанымен жүрекке сондай жылы, көңілге сондай қонымды мақам. Қыза келе Құтбидың көзі қызара бастады. Біраздан соң ол екілене, екі бүйірін таянып алып, орнынан қозғала жырлады. Абдолла мен шофер Ибрагимнің де делебесі қозып, олар да Құтбиды қостап қояды. Бір сәт көз алдымызға алыс заманғы шығыстың ұлы шайырлары елестеп,құлағымызға бал шырынды шығыс сазы естіліп тұрғандай болды.

Ақын тершіген қасқа мандайын орамалымен сүртті де:

– Қазақ бауырлар, менің бұл өлеңім сіздермен бірге Сарыарқаны аралағанда жазылған еді. Қазақтың дарынды жас ақыны – Қайрат Жұмағалиев аударған екен, мазмұны, міне, мына кітапта, – деп Құтби 1969 жылы біздің «Жазушы» баспасы шығарған «Гүлістан» атты тәжік ақындарының қазақ тіліндегі жинағын ұсынды. Құтби Киромның «Дала болып қайтайын» деген өлеңіне көзіміз түсті:

...Ашық таңның ажарындай бұл даланың келбеті,
Бір өзі оның бір дүние қиялынды өрлетіп...
Көрген шақта-ақ жібереді сезіміңді тербетіп,
Бұл сахара – қарт тарихтың оқылмаған бір беті!

Самаладай сайын дала, сенен өшпес от алдым,
Ұлы теңеу іздесем-ақ есіміңді атармын.
Сенсің мынау төбемдегі ақ шарбы бұлт, атар күн,
Керілген кең ақ дастарқан төріндегі Отанның.

...Келдім аңсап бауырым деп, даркан қазақ халқы деп,
Аппақ ниет, шалқар пейіл қыр елінің салты деп,
Жаса мәңгі, жайсаң өңір, сағаң айтар бар тілек
Жер жаңғыртып жатсын дәйім кең кеудеңнен ән түлеп.

Жағаласқан талай дұшпан жапан түзде безерген,
Сенің жауың біздерге де көк сүңгісін кезенген.
Бірге туған туысымсың, мейріміңді сезем мен,
Тағдырласпыз, тамырласпыз, һәм сырласпыз ежелден.

Арындаған асау шабыт жалын ұстап байқайын,
Естіртейін өр үнімді! Ой тұнығын шайқайын!
Жасыл шүйгін жазираның төсінде бір жайқайын,
Дала кезіп, туған елге дала болып қайтайын!

Құтби өлеңінің қазақ тілінде ақындық зор шабытпен аударылғанын айтып, осы жолға бірге шығып бара жатқан сапарлас достарымызға оқып бердік.

– Қайрат Жұмағалиевке бір сәлем! – деді Абдолла батысқа қолын сілтеп, – енді бізді Анзоб ақсақалдың өзі күтіп тұр. Асудың биіктігі не бары 4 мың үш жүз-ақ метр. Күн жарықта өтіп алған жөн.

Терең сайдың түбінде сарқырай аққан асау өзенді жағалай отырып «аттың басын» құзға бұрдық. Бір сәт айналамыздың бәрі төбемізден төнген тау жоталарына айналып, кей түста терең шатқал табанындағы ирелең тар жолмен тырмыса өрлеп келеміз.

Міне, Анзоб!

Құж-құж тастарымен, ұшар басындағы солтүстік беткейіне жасырынған ақ қарымен, қас қарая бастаған сәттегі көкшіл-сұрғылт келбетімен-ақ сұсты көрінді Анзоб. «Менің етегіме жармасып, басыма шығатын сендер кім едіңдер!?» дегендей түксие қабақ шытады Анзоб.

Өн бойын шырмап, құрсаулап, белбеулеп тастағандай шыңға құлаш ұрған айқыш-ұйқыш ирек жол жота-жотамен жорғалай келіп, Анзобқа: «Қария, қатуланбай, қапаланбай адамдарға асу бер!» деп жайбарақат жатыр.

Рас, бұл жолмен жүректі шоферлар ғана жүре алады. Бес-алты метр ені бар тар жолмен ауыр жүкті машиналарды алып өтудің өзі шын ерлік. Памир тауларындағы осындай қиын жолдармен күнбе-күн ерсілі-қарсылы қатынап, елді мекендердің қажет-мұқтажына қолқабыс

етуші ержүрек шоферлар жайлы қалай мақтап жазса да сиярлық. Біздің есімізге Шыңғыс Айтматов шығармаларының кейіпкерлері, әсіресе, Тянь-Шань мен Памирдің асқақ асу жолдарында жүк таситын шофер бейнелері көз алдымызға келеді. Бұл күндері «Мосфильм» студиясында түсіріліп жатқан «Мен Тянь-Шаньмын» деп аталатын кинофильмнің де шың-құздардағы қия жолдармен ауыр жүкті машиналар жүргізетін жүректі адамдардың өмірінен алынып жазылғаны да тегін емес.

Машинамыз Анзоб асуына көтерілген сайын денеміз қалтырап, тоңа бастадық.

– Жаңа ғана Душанбеде қырық градус ыстық болды дегенге кім сенер екен! – деп бір бірімізді ажуалаймыз.

Кең далада өскен қыр елінің тұрғындары – біздің құлағымыз бітіп, демалысымыз жиілей бастады. Анзоб шыңына машинаны тоқтатып, түнге қарай жан-жағын мұз құрсаулай бастаған бұлақтан су іштік. Қараңғы шыңырау құз түбіндегі әр жерден бір жалт-жұлт еткен оттарды көрсеткен Құтби:

– Біз баратын ауыл бағыты – сонау тұс, – дейді. Құтби сілтеген тұңғиыққа көп қарауға, қадала қарауға дәт шыдамайды. Жол жиегіне жоламай, шыңға қарай сұлап жатқан қарды қармаймыз.

Соны байқай ма, Ибрагим шофер:

– Жоғары жүру оңай ғой, мұндай жолдармен төмен түсудің қиындығын айтсаңшы, – деп біздің құтымызды қашырып қалта фонарының жарығымен машина доңғалақтарын мұқият тексеріп жүр.

Түн ортасында құдай деп Садриддин Айни ауданына қарасты Г. К. Орджоникидзе атындағы колхозға келіп кірдік.

– Осы колхоздың басқармасы Молларахым Аслиддиновтың үйіне барамыз, – деді Құтби.

Кең ауласы бар үлкен үй жол жиегінен төмен, Зеравшан өзенінің жағасына қарай ентелеп орналасқан екен. Үй иесі – қырыққа еркін шыға қоймаған дөңгелек жүзді тәжік жігіт:

– Мархабат! Біз сіздерді күткелі қашан!... – деп қол қусыра қарсы алды. Таң саз бергенше әңгіме-дүкеннің қақпасы жабылмады. Молларахым осы өңірдегі ең жас басқармалардың бірі. Біз «тұқым қуалаған шахтер, тұқым қуалаған металлург» дегенді жиі естиміз, жиі айтамыз. Ал Молларахым болса, тұқым қуалаған колхоз председателі. Әкесі Аслиддин Рахымов ширек ғасырға тарта осы колхоз шаруашылығын басқарған. Қартайып, пенсияға сұранған шағында артель мүшелері қолқалап он тоғыз жасар Молларахымды басқарма етіп сайлаған. Одан бері де арада жиырма жыл жатыр.

– Зеравшан өзенін бойлай қоныстаған елдің осы тұсында көне Соғдының мекендері мен ұрпақтары жиі ұшырасады. Мына алдымызда отырған Молларахым да, осы колхоздың партия ұйымының секретары

Новруз Рахматов та соғдиандардың ұрпағы, – деп қағытады Абдолла Закиров.

Таң саз беріп, аспан ала көленкелене бастаған кезде тысқа шықтық. Колхоз орналасқан жер ғажап екен. Бейне бір қарлығаштар ұя салған қия жартас, зеңбірек оғынан жарақаттанған зәулім қорғанды көз алдыңызға келтіреді. Онан әрі Анзоб тауының үшкір шыңы көгілдір аспанға найзадай қадалған. Жан-жақтың бәрі тау. Таяқ тастам жерде Зеравшан өзені күркіреп жатыр. Таң алдындағы жұлдыздар таза ауада жұдырықтай болып ұлғайып үзіліп түсуге әзір тұрғандай жаутаң қағады. Біз Молларахымнан колхоз жайлы сұраймыз.

– Жиырмасыншы жылдары бұл жақтағы тап күресінің үлкен қантөгіспен жүргізілгенін өздеріңіз де тарихтан білесіздер. Сол кезде В. И. Ленинның сенімді серіктерінің бірі – Г. К. Орджоникидзе осы жаққа келіп, біздің өңірді араласа керек. Кейін ауыл шаруашылық артелі ұйымдасып, диқандар мен малшылар бірігіп еңбек ете бастаған кезде Орджоникидзенің сол келу құрметіне колхозымызды осылай атапты, – деген Молларахым сабырлы үнмен әңгімесін әрі қарай жалғастырды, – негізінен біз ірі қара мал бағамыз. Тұяқ саны мың жарымнан асады. Сіздердегідей кең жайылым жоқ, тау-тас арасындағы алаңқайлар жайлауымыз болып табылады. Екінші кәсібіміз – темекі егу. Екі жүз он гектар жоғары сортты темекі тұқымын егеміз. «Дюбек» атты тандаулы темекі сортын елімізге біздің Айни ауданы мен көршілес Пенджикент ауданының темекішілері береді. Бұл кәсіпті бізге үйретіп, қанымызға сіңірген Молдасыддық Зарипов. Ол кісімен алда – Пенджикентте кездесесіздер.

Таң атып, Зеравшанның қорғасын түстес салқын суына жуынғаннан кейін жолға шықтық. Жеті-сегіз шақырым жүрген соң Молларахым машинаны тоқтаттырып, бізді үйілген жақпар-жақпар тастардың арасына шақырды. Төменге көз тастасақ Зеравшан етек-жеңін жиып алып, бір үңгірге арқырай сүңгіп жатыр. Арнаны бойлай алға қарадық. Су да көрінбейді, шу да келмейді құлаққа. Қасымыздағы достарымыз біздің таңырқағанымызды сезді де:

– Бір замандарда осы тұстағы құз сырғып құлап, Зеравшанды басып қалған болса керек. Су жол таппай тұра ма, құлаған құздың астын үңгіп барып ілгеріректе жер бетіне қайта шығады.

Шыны солай екен, біраз жүргеннен кейін бір үңгірден буырқана шапшып, тулай тасып жатқан Зеравшанға қайта табыстық. Бір қызық ой келеді: мына қызыл-шақа шың-құз құрсаулап тастаған тар аңғарда қиялай қоныс тепкен тәжік елі бұлқынып жатқан осы бір өзеннің өзіне ұқсайды. Қия жартаста тоқымдай жер болса, қыбырлаған адам көрінеді. Темекінің арам шөбін жұлып жатқандар. Жер тарлығы сондайлық, аңғарды бойлап екі жүз шақырым жүргенімізде бір-ақ жерде

мола кездестірдік. «Бұл қыстақтардың молалары қайда?» – деген сұрағымызға сөзге жүйрік Құтби: «Тәжіктер өлмейді!» – деп жауап берді.

Келесі ауылда Айни аудандық советінің көшпелі сессиясы өтіп жатыр екен. Үзіліс кезіне тап болдық. Қазақ ауылдарында да қоғамдық жұмысқа белсене араласатын әйелдерді жиі кездестіреміз ғой. Солардың бірі ме деп қалдық: жас шамасы қырықтардағы ақсары әйел қуана қарсы алды. Түр-әлпеті нағыз қазақ дерсің.

– Рауза Тұғралқызы – Айни аудандық советі председателінің орынбасары, – деп таныстырды Молларахым.

– Ақын Тұғралдың қызы ма? – деп жұлып алғандай шапшаң сұрады Құтби.

– Иә, ақын Тұғралдың қызымын, – деп бәрімізбен жайдары қол алысып амандасты ақ сары әйел. – Ауданға бара жатырсыздар ма? Көшпелі сессиямыз біткен соң біз де қайтамыз. Үйге келіңіздер, мейман болыңыздар.

– Әкеңіз жайлы асықпай отырып бір әңгімелесейін деп едім. Кейін ретін келтірерміз, бұл жолы асығыспыз, – деді Құтби.

Айниға жеткенше әңгіметіміз Тұғрал ақынның тағдыры жайлы болды. Осы алапта Совет өкіметін орнатуға белсене ат салысқан от тілді, дарынды Тұғрал ақынды жалған жаламен, басмашылардың алдауына түсіп қалған өз адамдарымыз атып тастаған екен. Дегенмен бүгінгі тәжіктер өткенгі қатесін тез түзеген секілді. Оған айғақ – Тұғрал туып, өмір сүрген қыстақ сыртында жалынды ақынға арнап орнатылған әдемі ескерткіш. Төрт баған етіп қызыл кірпіштен өрген, төбесі күмбез бұл белгі шын поэзия өрнегіне ұқсайды. Әрі жеңіл, әрі тартымды. Алыстан көз тартатын осы бір сәнді ескерткішті орнатуда Айни аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ермұрад Ғиясовтың өзі тікелей қызмет еткен. Әдебиет пен өнерді зор тұтып оның Тұғрал секілді шын өкілдерінің басына айта қаларлық белгі орнаттырған Ермұрад секілді партия басшыларына мың да бір рақмет дегің келеді.

Ермұрад Ғиясов пен Құтби Қиром бір ауылдан, бірге өскен туыс жандар екен. Кездескен сәтте-ақ Құтби тәжік тілінде термелетіп, жыр тиегін ағытып кеп жіберді. Біз Абдолла Закировке қараймыз, содан көмек күтеміз. Абдолла болса, «Гүлстанды» асығыс парақтап, бізге Құтби жазған төмендегі жолдарды оқытты:

Өтер көктем, өтер күз,
Балалық шағым есімде,
Ойнайтынбыз екеуміз
Зеравшанның төсінде.

Аландамай аулақта
Ақ жаңбырын құйса бұлт,

Талды тасып шарбаққа
Жүретінбіз үй салып.

Айни қаласында тұратын Құтбидың құрбы-құрдастары келіп, ақынмен құшақтасып, бізбен амандасып жатты.

– О, Батырбек! – деп дауыстап қалған Құтби тағы да жырлай жөнелді.

Жалаң аяқ, жалбыр шаш,
Жыртық жейде балалық.
Жар жағалап қалды рас,
Келмейді ол оралып.

Сол бір бала кезімдей
Жүрмін бүгін үй қалап
Бір биіктен сезілмей
Балалығым тұр қарап.

Ақынның құшағынан босанған досы да бір ауыз өлең айтып қалып еді, айнала тұрған жұрттың бәрі ду күлді. Біз Абдоллаға қарадық. Мұны сезген Батырбек Мұстафақұлов Құтбиға шығарған әзіл өлеңін өзі аударып берді:

– Жылтыр туфли, жалтыр бас,
Құтби келді арқырап,
Бір бұрыштан сездірмей
Батыр досы тұр қарап.

– Көрдіңдер ме, біздің шофер Батырбекке дейін ақын. Жалпы алғанда Үрметаң Киромның ұлы Құтби секілді нашар ақындарын болмаса, жақсы ақындарын өзінен асырып ешқайда жібермейді. Алыс дегенде Айни қаласында қызметке қалдырады, – деп «Мехнат» атты аудандық газеттің редакторы Субхан Тұйғынов сөзге араласты.

Бұл ерекше бір әсем кештердің бірі еді. Рудаки мен Джами, Фирдоуси мен Сағди, Хафиз бен Айни ұрпақтары бізді Найобо бағына достық кездесуге шақырды. Ағыны қатты Зеравшан өзенінің салқын лебі күндізгі аптап ыстық пен жолдан арса-арса болған денені ширықтырып сергіте бастады. Бақ іші түрлі құстардың алуан сазды даусына толы. Жеміс, қызыл шие, сары өріктің піскен шағы.

Үрметан – Құтби мен Ермұрадтың туған жері дедік қой. Ал Ермұрадтың ағасы Холмұрад пен Құтбидың әкесі Киромды қазақ десе де болғандай. Олардың әзіл әңгімелері, ылтипат-пейілдері біздегі қыр тұрғынын еске салғандай. Көп сәтте біз Сарыарқадағы ақжарқын, ағайын-туғандардың арасында отырғандай сезіндік. Оның үстіне әке Киромның Қазақстанда болғаны да бар екен.

– Ақмола да, Қарағанды да өзгерген шығар. Талай жылдар өтті-ау одан бері. Қазақ мейманшыл халық қой. Ауыр жылдары жатсынбады,

қол ұшын беріп өзінің бірге туғанындай бауырына алып, құшағына қысты, – деп тоқтады Киром.

Холмұрад сөз алды, ол да шығыс ақындарының философиялық нақыл сөзінен бастап, былай деді:

– Мен диірменге салынған дән едім. Үгітіліп ұн болмақпын, бірақ ұнға айналып нан болуға жазбады. Диірменнің ернеуінен ұлпа болып шашылдым. Ұн түсетін шүмекке жете алмай ернеуден төгілген себебім, диірменнің үстіңгі тасы тегіс емес, қисық қашалған екен. Ей, халайық, наның мол болсын десең, ісің түзу болсын!

Қайдан естідік, білмейміз. Көкейімізде бір үн тұр:

– Біз – Рудакидың ұрпағымыз. Ол ұлы өнердің ұлы падишасы еді ғой. Сол падиша туған жер – Пянджур қыстағы осы арадан алыс емес. Сол себепті де бұл алаптың тау мен сайы, тас пен суы, алаңы мен орманы – бәрі толған жыр. Бұл жерде нәресте шырылдап жерге түскенде ақын жырын атадан балаға мирас ете жүретін болады. Рудаки бабамыздың мына бір жолдарын саналарында мықтап сақтаңдар:

Дүние деген бейне бұлақ,
Иіріледі, айналады.
Жаралғалы әлем зырлап,
Дөңгелейді, шайқалады.

Бүгін саған шипа дәрі,
Ертең у боп тиер жанға,
Жұтсаң кейін сол у тағы,
Шипа болар ауырғанда.

Заман илеп, жас қартайса,
Жаңартады ескіні де,
Гүлстандар шөлге айналса,
Шөлдер толар жастық гүлге.

Ұлы ұстаз Рудаки бабамыз бұдан мың жыл бұрын осы алапта әлгіндей жырлар жазған екен.

– Қазақ елінен келген, қадырлы ұлдарым, мархабат!

Әлгінде бізбен сәлемдесемін деп Ермұрадтың анасы Иди бәйбіше келген еді. Енді байқасақ жалғыз аяқ соқпақпен бірінің үстіне бірін мінгестіре салған қыстаққа қарай бет алып барады екен. Айналасы у-шу. Немере, шөберелері қоршап алған. Біз біраз үнсіз отырдық. Бәріміз де өз ойымызбен әуреміз.

– Аналар үшін гиссар шарабын көтерелік! – деп Өзбекстан колхозы партия ұйымының секретары Қаром Қадыров ұсыныс жасады. Мұнан кейін жас ақын Доро Надмотов өзінің жаңа өлеңдерін оқыды.

Біз де ежелгі Зеравшан өзенінің жағасындағы Найобо бағында отырып, Абай әнін шырқадық. Құтби қазақ ақындарының жырларынан аудармаларын оқып берді.

– Осы біз отырған Найобо бағын тастың үстіне өсірілген десе де болады. Кухистанның жері тасты, табиғаты қатал. Дикан, бағбан, малшы-шопаннан мәндай терін сыпырып алады. Біздің Айни ауданында жеті колхоз бар. Негізгі шаруашылығымыз мал өсіру. Соңғы жылдары темекі өсіруді де қолға алдық. Егер бүкіл аудан бойынша өндірілетін жылдық өнімімізді ақшаға шақсақ он жарым миллион сомдай табыс табады екенбіз. Соның жеті миллион сомы темекі өсіруден түседі. Ал темекі дегенің бір бап жатқан. Орта есеппен алғанда, әр адам темекіні жиырма бір рет суарып, бағып күтетін көрінеді. Соның арқасында темекі егістігінің әр гектарынан жиырма бес центнерге дейін өнім аламыз.

Соңғы кезде тау кендерін өндіруге де көңіл қоя бастады. Ауданымызда аздап көмір де бар. Үстіміздегі бесжылдықта он алты мың халқы бар өнеркәсіп орталығы құрылды.

– Жалпы республикамыздың таулы аудандарының ішінде Айни ауданы барлық көрсеткіші бойынша алда келеді, – деген Ермұрад Ғиясовтың сөзінен өз ауданының еңбекшілеріне деген ризашылық сезімін бірден аңғардық.

Ертеңіне Ермұрад бізді талай таудың қиясынан асырып Ескендір көліне алып барды. Құтты, бір кездегі біздің Есік көлі дерсің. Айнала қызыл гранит тау қоршаған жасыл көл сырлы аяққа құйған секілді. Табиғатының соншалықты сұлулығынан ба, кім білсін, бүкіл әлемді тітіреткен Ескендір Зұлқарнайын Орта Азия жорығында осы көлге әдейі келіп түнеген деседі. «Ескендір көлі» атануы да содан болса керек.

Біз де Ескендірге ұқсап шатырға түнедік. Туристердің шатыры. Туристер лагерінде тыныштық орнаған сәтте Ермұрадтың да ақындық делебесі қозып:

– Мен сіздерге Мүшрифәддин Сағдидың «Бустан» поэмасынан осы көлдің есіміне қатысы бар жыр жолдарын оқиын. Абдолла мен Құтби, сендер мейманларға тәржіме жасайтын болыңдар, – деді.

– Өзін Сағди жазса, өзі Ескендірге байланысты болса, неге қарсы боламыз. Құлағымыз сізде, Ермұрад! – дедік біз.

Ермұрад құлаққа жағымды, қоңыр даусымен Сағдидың мына бір жолдарын оқып берді:

– Дүниені билеп тұрған патша Ескендір бір күні

Бар әлемнен айрылды.
Айқасты да кірпігі.
Айдай әлем алдында ол да
Сұлап түсіп жатты-ау –
Бар дүниені сатар еді ол тіршілік-уақытқа,
Осылайша өткен бәрі ерте келіп, кеш келіп.
Олар жайлы айтады енді,
Музейлер мен естелік.

Дарап патшаны қуып, соғдылықтардың жеріне басып кірген кезеңде Ескендір Зұлқарнайынның мүйіз тіреген бір мүйісі осы көл болса керек-ті. Осыншалық қиын асу жолдармен жүре беруге жалықпаған не қылған жиһангер деген де ойға қаласыз. Ескендірдің Орта Азияға жорығы жайлы біраз шығармалар жазылған ғой. Солардың ішінен Василий Яннның «Қорғандағы оттары» мен Явдат Ильясовтың «Согдианасын» атауға болады. Онда Ескендір Зұлқарнайын бастап келген жат жұрттық басқыншыларға көне соғдының қандайлық ерлікпен қарсы тұрғандығын әсерлі етіп суреттеген.

– Ескендір шабуылына төтеп берген мекендердің бірі Варзимунар, кейінде Захматабад атанды. Оның бүгінгі аты кеше ғана өздеріңіз болған Айни қаласы, – дейді Құтби, – осы көлге келе жатқанда Яғноб деген өзеннен өттік. Сол өзеннің бас жағындағы Яғноб аттас ауыл да, сондай-ақ біздің Урметанның тұрғындары да Ескендір Зұлқарнайынға бағынбай, ерлікпен қарсыласқан. Бұл жердің тұрғындары қаһарлы жиһангердің жауынгерлерін өз қыстақтарына дарытпаған.

Бұл өңірде Спитамен, Ұста Қова ерлігінің өздері әлі де сайрап жатыр: Күріш пен Дарап патшаларға қарсы шыққан ержүрек халықтың ерлік істері күні бүгінге дейін ұзақ дастандар ретінде айтылады. Осы өлкеде талай-талай қанқұйлы оқиғалар да өткен. Бұл секілді шыңқұздарды жапсарлай мекен еткен тау елінде бүкіл советтік шығыс ұландарының арасынан тұңғыш рет жауынгерлік Қызыл Ту орденімен үш дүркін наградталған қыр қазағы – Абдолла Жармұхамедов ағылшын агенттері басқарған басмашылар армиясына күйрете соққы беріп келген. Ерлігі аңызға айналған бұл адам жайлы қызғылықты деректерді біз Михаил Степанович Топильскийдің «Тәжікстандағы алғашқы таң арайы» (1924–1931) деген естелігі мен өзіміздің Қайым Мұхамедхановтың очерк-мақалаларынан оқып білдік. Осы арада еске сала кететін бір жай: Тәжікстанның орталық өлкетану музейінде Абдолла Жармұхамедовтың орнына басқа бір адамның суреті ілінген көрінеді. Әрине, музей қызметкерлері бұл қателіктерін алдағы уақытта түзер деген үміттеміз.

...Күн ұясына кірер алдында Ұфар (Әнші тау) тауының шыңын сызып марғау жылжып бара жатқан кезде біз бүкіл әлемге әйгілі осы бір мекеннің етегіндегі иреленделеген тар көшелерге іліктік.

– Әне, ұлы ұстаздың мавзолейі де көрінді, – деді Құтби.

Қызыл күрең түсті тау етегіндегі жасыл жапырақты бақша ішінен мәңгі-бақи тыныштық тапқан Рудакидың күмістей жарқырап күмбезі көрінді.

– Анау тауды Кухи-бұлбұлон деп атайды, сіздерше Бұлбұл тауы. Бұл ауылда құстан бұлбұл, гүлден раушан мол. Қайғы-қасірет шегіп, шаһтың зұлымдық бұйрығымен көзінен айрылып су қараңғы болып

ақын еліне оралғанда, осынау Ұфар тауының етегі ұлан-асыр тойға айналған, қайғы мен қуанышы аралас думан түн ортасына дейін созылыпты. Пянжурдың қыз-бозбаласы туған ұясына оралған ұлы жерлесінің келу құрметіне арнап ән шырқаған. Сол ән таң саз бере бұлбұл үніне ұласыпты. – Құтби ұлы ақынның тағдырын тебірене әңгімелейді.

Машина мавзолейге барар жолдың кіре берісіне салынған мемориалдық музейдің алдына тоқтады. Бізді Рудаки музей-мавзолейінің меңгерушісі Исмаилов Рузиқұл қарсы алды.

Қызыл түсті қиыршық топырақ төселген соқпақ жолмен жоғары өрлеп келеміз. Тыныштықты тек бұлбұл үні бұзып тұр.

«Құба талдың бұтағында сайрай қалды бұлбұл құс та,
Кипаристан қара торғай үн қосады сол дауысқа.
Мың түрлі құс бағыстанда, ән шырқады осы тұста» –

деген ұлы Рудакидың жыр жолдары ойға оралады. Рузиқұл шойыннан нақышталып, өрнектелген қақпаны ашты.

Біз ақындар патшасының тыныштық тапқан ордасына қадам бастық. Ақ мәрмәрдан қашалған тақта тас жатыр.

Қабырғаларда тәжік зергерлері накыштаған түрлі түсті өрнек оюлар.

Үнсіз тұрмыз. Тек тыстағы бұлбұл ғана тіл қатады ұлы ұстаздың тынышын алып. Бәлкім, бұлбұл ғана білетін болар бұл киелі мекеннің иесіне қандай әуен қажет екендігін?!

«Өмір маған ақыл айтты– сол ізгі,
Қарап тұрсаң, өмір – ақыл теңізі.
Өмір айтты: Бақытты деп өзгелер,
Күйінбесең – саған рақат тез келер.
Қанағат көр – басыңдағы бағыңды.
Аңсар көп жұрт сенің сол бір шағыңды.
Өмір айтты: «Тоқтала біл, ашудан,
Опа таппас бұл дүниеде ашылған.
Сөйлеген жан бұғау салмай тіліне,
Кісенделер екі аяғы түбінде».

Үнсіз тұрмыз. Ақындардың әулиесі Рудаки бізге сабырмен ғана сыбырлап, осындай бір ғибрат жыр жолдарын оқып отырғандай көрінеді.

Мавзолейден шықтық. Бізді Рудаки атындағы колхоздың басқармасы Насим Умаров пен партия ұйымының секретары Холмұрад Истамов күтіп тұр екен.

Рудаки мавзолей-музейіндегі көк кітапқа әсерлерімізді жазып қалдырдық та ауыл адамдарымен таныстық. Атап өтетін бір жай – біз қайда бармайық, кіммен әңгімелеспейік, көргеніміз қошамет, ақ дас-

тарқан. Бір ретте осы жайында, тәжік халқының қонжақжай, мырза халық екені жайында сөз болды. Өзін де, өзгені де ұстараның жүзінде ұстап жүретін Құтби біздің әлгі сөзімізге әлде сенімсіздік білдірді, әлде тәжік халқының шын сақи, мырзалығын тағы бір сынға алғысы келді, кім білсін, әйтеуір оқыс бір тоқтамға келді.

– Қазір, осы біз еніп келе жатқан қыстақтың кез келген бір үйін таңдап, машина тұмсығын тіреңдерші, қабылдар ма екен, жоқ па екен, байқайық бір.

Бастаушымыз Құтби болған соң бізге қоштаудан басқа ештеңе қалмайды ғой, бірақ ішімізге бір сырды тереңірек түйдік те, қасақана жаңа үй тұрғызып жатқан біреудің қақпасына келіп машинаны тоқтаттық. Есік-терезесі салынбаған, құр қалқайған қаңқасы бар үйден ұзын бойлы арық жігіт жүгіре шықты:

– Қош келдіңіздер. «Ұры басынып қылады, қонақ таңдап түседі» деген, үй таппай келмеген боларсыздар, төрлетіңіздер, – деді.

Біз ду күлдік. Разы болып күлдік. Өзіне, өз халқының дарқандығына сенген Құтби да мұртынан күліп мырс-мырс етеді. Бұл үйге неге тоқтаған жайымызды айтқан соң үй иесі колхозшы Дильмұрад Ходжаев бұрынғыдан да төгіліп кетті. Әйелі Анзурад екі қабат екен, соған қарамастан дастарқан жайып барын алдымызға тосты. Ал Дильмұрадтың інісі Жариф шофер екен. Құтбиға ұзақ қарады:

– Сіз жерлесіміз Құтби ақынға қатты ұқсайды екенсіз.

– Соның өзі болсам не істер едіңіз?

– Ол Душанбе мен Москваның арасында ғана жүреді дейді ғой. Бұл жаққа несіне келсін, – деп күйеуінің сөзін әйелі Махфират қостады. Бәріміз ду күлістік. Құтби өзінің Құтби екендігін дәлелдеу үшін бұл семьяға жаңа жыр кітабын сыйлауына тура келді.

* * *

«Шаңырағым-ай, шырағым,
Меймандарым – бейне май шам.
Өзім болсам, көбелекпін
Айнала ұшқан өбектеп!»

бізді осындай өлең жолдарымен қарсы алған Пенджикент қалалық партия комитетінің бірінші секретары Молласыддық Зарипов – ақындардың талай мүшәйрасына қатысқан, Мырза Тұрсын-заде секілді белгілі тәжік ақындарының досы, өзінің туған өлкесінің өткенін молынан білетін ақын жанды, шежіре адам. Молласыддықтың шежірешіл болмасқа лажы жоқ. Ол көне соғды тарихының беташар айнасы дерлік – Пенджикент шаһарының іргесіндегі жаңа қаланың тұрғыны, тұрғыны ғана емес-ау, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы.

Көне Пенджикентке жылына мыңдаған туристер, оқушылар, мұғалімдер, студенттер, ғалымдар келеді. Бұл кемерде 1947 жылдан бері үзбей археологиялық экспедициялар жұмыс істейді. Осыдан он бір-он екі ғасыр бұрын араб басқыншылығының салдарынан күйреп біткен Соғдиананың ірі қалалары – Панчакенттің қандай тарихи құпиясы бар? Диваштич деген әмір кім? Ширек ғасырдан бері совет археологтары мен тарихшыларының Соғды шежіресін зерттеудегі бір күрделі мәселесі осындай еді. Бұл күндері шежіре сыры шешіле бастады. Көне Пенджикент тек Диваштич секілді әмірдің резиденциясы ғана болып қоймаған, сонымен қатар сәулет пен сурет өнерінің айтулы ордасы болса керек-ті. Үй қабырғаларына салынған көне сәулет өнерінің үлгілері бүгінгі таңда бүкіл әлемді тандандыруда.

...Машина фары үлкен ағаш қақпаға түсті. Әлден уақытта ақ көйлек, ұзын дамбал киген ала тақиялы шүйкедей ғана шал келіп, қақпаны ашты. Орта Азия өмірінен алынған фильмнің кейіпкерлеріне қатты ұқсап тұр. Машина ілгері жүрді. Біз түн ортасында бейне бір хан ордасының бағына сіңіп бара жатқандаймыз. Машинадан түсіп, қараңғылыққа көз үйретіп, жан-жағымызға қарай бастадық. Осы бір тұста сарқырап, ағыны қатты су ағып жатыр. Мұрынға болмашы ғана күкірт иісі келеді.

– Атақты Қайнарсу бұлағы осы болады, – деп Молласыддық бізді үлкен құбырдан атқылап жатқан судың басына әкелді. Су бір биік төбенің түбінен шығып жатыр.

– Көне Пенджикенттің нағыз іргесінде тұрсыздар. Пенджикент шаһарының қорғанының бұрышы, – деген Молласыдық бізді Қайнарсудың бүгінгі иесі, әлгі бізге қақпа ашқан қариямен таныстырды.

– Абдохамит Шарафов деген ақсақал. Диваштич болса жоқ, енді сіздер осы кісінің қарамағында боласыздар, – деп әзілдеген хатшы бізді сонадайдан ағараңдап көрінген сәулетті үйге қарай бастап жүрді.

Көне Пенджикенттің табылып, аршылу оқиғасы, Диваштич патшаның тағдыры, тағы басқа да Соғды тарихына байланысты жайлар осы арадан қырық шақырымдай жердегі Хайрабад ауылының маңындарғы Мүг тауынан табылған жиырма үш жол жазуы бар жібек қағаздан басталады...

Осы әдемдегі ғажайып археологиялық жаңалықтардың сондай күрделісін шопандар ашқан көрінеді. Мәселен, 1932 жылдың көктемінде Тәжікстандағы Мүг тауынан Жоралы Махмұд-Әли деген шопан әлгі Соғды жазбасын тапқан. Сол секілді Өлі теңіздің жағасында ешкі бағып жүрген Мұхаммед деген араб 1947 жылы көне қол жазбалар көмілген үңгірге тап болған.

Пенджикент қаласында Рудаки атындағы жергілікті музей бар. Бұл музей еліміздегі ең жас өлкетану музейі болса да, мұнда Отанымыздың

көне шежіресіне қатысы бар аса бір құнды жиһаздар мен экспонаттар жинақталған. Көне Пенджикентті аралап болғаннан кейін осы Рудаки музейіне келдік. Музей зор әсер қалдырды. Ақындар ұстазы – Рудакидің үлкен портреті бізді Тау елі – Кухистаннан шығарып салып:

– Сендердің ендігі бағыттарың – Мараканда, яғни көне Соғданың астанасы атанған әлемге әйгілі – Самарқанд! – деп жол сілтеп тұрғандай көрінді.

Біз Кухистанды көктей өтіп, Маргедар даласынан асып, Самарқандқа бет алдық.

Енді бізді Құтби Киром асықтырмайтын секілді.

Душанбе – Айни – Урметан-Пенджикент, 1971.

ҚАРАҚҰМ ЕМЕС, ҚАРАҒЫМ

Қазақстанның жалпақ өңірін алып жатқан ұшы-қиыры жоқ құнарсыз құмды өлке – Қарақұмға ойда жоқта жолымыз түсті.

Құнарсыз өлке?

– Ха-ха-ха. Құнарсыз өлке деп кім айтты? – Қызылорданың белгілі ақыны Әбдікәрім Оңалбаев маған осылай қадалды.

– Ал сонда Қарақұмның несімен мақтанбақсыз? – деп мен де қайтпадым.

– Егер білгің келсе айтайын. Қарақұм – байлық қоймасы. Мына ішкен тамағың, мына үстіңе киген киімің бәрі де Қарақұмда жасалады. Сендер құм деген атынан ғана шошисыңдар. Шынтуайтқа келгенде Қарақұмның не екенін білмейсіңдер, – деді ол. Содан кейін, – жалпы біздің облысқа келген соң құмымызды көрмей кетуің өкінерлік іс, – деп түйді.

Оңалбаев екеуміз жолға шыққалы отырмыз. Мен болсам Сыр бойындағы елді аралағым келеді. Ал Әбекең болса құмға тартады.

Көре алмай кеттім-ау деп өкінер құмда не керемет бар дейсің! Құмның аты құм емес пе! Жел үп етсе сырғи жөнелер, жыланның бауырындай қылтанағы жоқ құм шағылдар. Күйдірген күн. Буалдыр тартып мұнартқан қапырық дала.

Мен, міне, Қарақұмды осылай елестетемін. Бірақ амал жоқ. Әбекең болса осы арада туып өскен, жер жайын, ел жайын жақсы білетін көшелі адам. Көнбеске болмайды.

Сөйтіп, біз Қарақұмға тарттық. Қармақшыдан шыққан соң Әбекең алғашқы сөзін шофер балаға арнады.

– Әй, Рақым, су алуды ұмытқан жоқсың ба?

– Қарақұмда бәрі де бар емес пе! Керегі не судың? – деп мен күлдім. Әбекең де күлді.

– Бәрі бар екені рас. Бірақ жолда аралары керекәр алты айшылық қиян шалғай шөлейттер жатыр. Машина жазым болса, су осы тұста керек болады. – Осыдан кейін Әбдікәрім менің көңілімді аулағысы келді білем, Қарақұмды мақтай бастады. – Бұл төңіректі жайлаған қалың елде «Қарақұм дегенше, қарағым десеңші» – деген мәтел бар. Қарақұм құнарсыз болса осылай дер ме! Шіркін, Қарақұмның самалды түнін, салқын ауасын айтсаңшы. Шипа ғой жанға.

Күні бүгінге дейін бұл елдің жаз жайлауы Қарақұм да, қыс қыстауы Сыр бойы. Наурыз туды, бітті. Мына дария бойында бір малшыны ұстап тұра алмайсың, бәрі де құмға тартады. Ерте заманда байлар сөйтетін еді. Сырда маса, сонаға жем болып, сіңірі шыққан кедейлер ғана қалатын.

Әбдікәрімнің бұл сөзі таң қалдырды мені. Жаз шықса мал жайын білетін қазақ шаруасы көкорай шалғын, өзен-су бойын сағалаушы еді. Ал, мына ел болса өзеннен қашып, құмға тартады. Тіпті қызық. Мен енді «мақтаған құмды не де болса бара көрерміз» деп түйдім.

* * *

Қысты Сырда, не болмаса, арғы Қызылқұмда өткеріп шыққан қалың отарлар үдере көшіп, айлап жүріп Қарақұмға жетеді екен. Керік жатқан осы бір алшақ атырапқа түнделетіп болса да біз бүгін жетуге тиіспіз. Әйтпесе, мына қу медиен далада түнеуге тура келеді.

Күн көтеріліп қалды. Жер дүние манаурап, сілеміктене бастады. Талай бел-белестерден асып қасқа жол жатыр. Бізді ғажайып бір қиян шалғайға тартып барады. Бірер жерде дала тағысы үйірлі ақбөкен кездесті. Машинамен сәл жарысып отырды да, изенді-жусанды, түбірлі тасжарған өскен тықыр нұраның шаңдағын бұрқырата алдымызды кесіп шу қарақұйрық бір-ақ тартты.

Жер жайын білмегендіктен бе, осынау ұлаңқайыр кер далада адам жоқ, тірлік жоқ дегенге сенгің де келмейді. Бір қырқадан асып едік, оң бүйірден теңіз шалқыды. Енді бірде көз ұшынан бұлдырап салт аттылар, түйелі керуендер көрінгендей болды. Одан әрі ну орман көгерді. Үзілмес бір үміт бар. Меңіреу тыныштық басып тұрған мына далада біреу-міреуге кездесе қалатын сияқтысың. Келесі қырқаның астында ел бардай, қазір соған барып машина тұмсығын тірерміз деумен отырасың. Бірақ бір ғаламаты осының бәрі алдамшы елестер ғана. Жақындап келсең су дегенің сағым болып шығады. Салт атты ма, немесе түйелі керуен бе деп көз қадағаның кәдімгі бір түп курайға айналып кетеді.

Енді бірде алыста көк мұнар кілегей сағым арасынан ғажайып бір қала көрінді. Кәдімгі қала. Мен тесіле қарадым. Жыпырлаған кілең

бір қызыл шатырлы ақ үйлер. Бұл жерде қандай қала болуға тиісті? Сұрастыра келсем қала емес, Ханқазған деген биік төбе екен. Бесінге дейін бірде тура алдымыздан кес-кестеп, бірде бір бүйірден қатарласа жарысып, бір жақындамай қойды.

Енді жасырмай-ақ қояйын, жүрекке бір күдік кіре бастады. Ал, егер мына машина түскір сынып қалса ше? Баллоны жарылып кетуі де мүмкін ғой?! Әлде осының бензині таусылып қалып жүрмесе не қылсын? Қашан сені іздеп тауып алғанша талай күн өтпей ме?! Шеті де, шегі де жоқ мына тылсым шөлейт енді жұтып қоятындай болып кетті.

Осындай екі ұдай теткулі көңілмен отырғанымда жолдан сәл қиыстау әртіңгі қырқадан тағы да бір түйелі көрінгендей болды. Мен енді оған мықтаса тасжарған, не жыңғыл болар деп мән бермедім. Машина түлкі құйрық бұраң жолмен бұлталаңдап заулап келеді. Бір белден астық. Сол кезде Әбекеңнің:

– Ойбай, мынау түйелі кім болды екен? Тоқта, Рақым! – деген даусы естілді.

Сонда көрдім, жыңғыл дегенім бұл жолы шын түйелі адам болып шықты. Бізді көріп қиядан төтелеп салып келеді. «Аялда!» дегендей бөркін бұлғайды.

Рақым тежемені басты.

– Жоқ іздеген біреу болды ғой.

Әлгіндей болмай жаңағы жапан кезген жалғыз да келіп жетті. Түйесін шөктіріп жерге түсті. Шоқша сақалды, шапаты бойлы тарамыс бір қара шал.

– Уай, балалар, алдарыңда мал көрдіңдер ме?

Біз Қармақшыдан шыға бергенде қара-құра көп отар көрген едік. Соны айттық.

– Апыр-ай, дарияға жетіп қалған екен ғой, – деді қара шал.

Жөн сұрассақ, ол көрші Жалағаш ауданының шопаны екен. Ана Қармақшыға жетіп қалған отар иелерінің бірі. Қора-қопсы қамын ойлап, күздің бір айын алға салып, құмнан қыстауға көшкен беті екен. Өзі отарынан қалып кейін құмға бет алғанына екі-үш күн болыпты. Бақташы мінетін бір азбан бар екен. Ер-тұрманымен кетсе керек. Іздеген жоғы сол.

– Үйренген жері – құмға тартты ғой. Мына тықыр нұрада тұрақтар ма! – деді Әбекең.

– Өзім де солай шамалаймын, – деді қарт.

– Әне, құм дегенің сол, – деп Әбекең енді маған қарады.

– Апыр-ай, құм қайда, біреу қайда! Не қылсам екен? – деп дағдарды қарт шопан.

Біз оған осы жерден қайтуға кеңес бердік. Қарақұмға барған соң

жүрген жерімізге сұрау сала, айта жүрейік – дегенді айттық. Карт та осы ақылды мақұл көрді.

Қоштасар сәтте шофер бала:

– Қария, шөл қажытқан шығар, – су бар бізде, су ішіңіз, – деді.

Шопан селдір сақалын тісіне басып сәл тұрды да, ынтасыздау ғана:

– Жарайды, бірер жұтайын, – деді.

Барынша арық та талдырмаш, бірақ елгезек, пысық Рақым өзіндей тарамыс шалға дүңгірдің қақпағын ашып қызмет етіп жатыр.

Шопан кішкенелігіне қарамастан үлкен ыдысты жеңіл көтеріп жоғары апарды да, бір-екі рет суды қарбыта ұрттап аузын сүртті.

– Бірер күндік жолыңыз бар ғой, сусыныңыз болмаса, құйып алыңыз, – дедім мен оған.

– Ой, тәйірі-ай, шөлдесем тандайға басар бес-алты малтам бар. Бұл далада судан өлгеннің моласын көрген жоқпын, рахмет, шырағым, – деп ол түйесіне мінді де, желіп кетті.

– Жаудан-жұттан қорықпайтын нағыз дала батырлары, міне, нақ осылар, – деп Әбдікәрім ұзап бара жатқан кішкене шалдың соңынан қарап қалды.

Мен өзімнен өзім ұялдым. Әлгі бір көңілге енген қорқыныштың тіпті ерсі екені де аян болды...

Тағы да ілгері тарттық. Алдағы адыр-белестерге асылып баяғы қасқа жол жатыр. Күн кешкірді. Батыс жақ алқызыл өрттей болып күн батты. Енді «Осының ар жағында бірдеме бар шығар» – деп дәме етіп отыратын шоқы нобайын жоғалта берді. Алдыңғы бетті бейуақыттың қап-қара тыныштығы жапты. Біз енді тіршілік мекенінен тым алыстап кеткендейміз.

Ендігі бір сәтте алдымыздан шөккен нардай болып дүңкие қарауытып бірдеме көрінді.

– Құмның шетіне іліктік. Мынау шағылдар, – деді Рақым. Ауырлай қалған машина қоңыздай ызылдап биік барқанға өрмеледі. Әлгіндей болмай ар жақтан ит абалады. Әр жерден от жылтырады. Жан-жақтан «келе жатыр», «келе жатыр» деген айқайлар естілді.

Рақым машинасын жер ошақта от жылтылдаған боз үйдің алдына әкеп тіреді. Қиық қара мұрты бар орта бойлы бір жігіт келіп қолымызды алды.

Бұл Энгельс атындағы колхоздың қой фермасының бастығы Кәрібоз Нүрпейісов деген кісі екен.

Сөйткенше болмады, жан-жақтан ит ерткен салт аттылар келіп топтала берді.

– Кешіккен соң, адасып кетпеді ме екен деп, сіздерді қарай шыққан адамдар ғой, – деп түсіндірді Кәрібоз.

Таңырқаған мен:

– Біздің келетінімізді қайдан білдіңіздер? – деп қалыппын.

– Рациямыз бар ғой, рация.

Мен Қарақұмның облыс, аудан орталығымен тығыз байланыста екенін сонда ғана түсіндім.

Кәрібоз үйінен тың көзге түскен екі нәрсе болды: бірі кіре беріс үстел үстінде ұқыпты жиналған газет-журналдар. Жасыратыны жоқ, өзім Алматыдан шыққанда баспаханада жатқан «Мәдениет және тұрмыс» журналының соңғы саны Қарақұмда алдымнан, шопан үйінен табылғанда қатты қуандым.

Бұл да бір аудан орталығы мен Қарақұм арасында жақсы байланыс барлығын танытатын жақсы нышан. Екіншісі – осы үй ішінің барынша тазалығы. Бір босағада керегеден асыра жиналған төсек-орын крахмалданған ақпен жабылыпты. Айнала қабырға қолдан тоқылған тамаша кілемдермен ұсталған. Ыдыс-аяқтың тұрған жері де айрықша жинақылығымен көз тартады.

Табалдырықтан төрге дейін кілем, көрпе төселген. Біз аяқ киімімізді босағада қалдырып шұлықшаң жоғары шықтық. Бір қынжылармен нәрсе, дастарқан жерге жайылды. Бірақ көп сөйлемесе де, аса бір ілтипат көрсетіп жүрген Күләйлаш жеңгей бауырсақ пен құртты, қант пен тоңазытылған етті, тәттілерді жеке-жеке тарелка, вазаларға салып қала тәртібімен әкеп қойды. Шанышқы мен күміс қасықтар да келіп қалды. Жалтыраған қытайы кеселерге шәй құйылды. Бір жақтан бірер көкмойындар да көрінді. Кәрібоз кішкене рюмкаларға ақаңды құйып, әркімнің алдына қойды.

– Бұл шіркін Қарақұмда да болушы ма еді?! – деп сұрадым.

– Қу неме емес пе, жылы-жұмсақ жерді біледі ғой, – деп әзілдеді Әбдікәрім.

– Осының беделі түсіп бара ма деймін. Ішуді азайтты жұрт, – деді Кәрібоз.

Кәрібоздың бұл сөзін қалғандары өтірікке шығармайын деді ме, кім білсін, рюмкаға қол апарған ешкім болған жоқ.

– Біраз жыл соңына жарық алып түсіп жүріп те ішіп едік, мүйіз шықпады сонда да, – деді Салмырзаұлы Алмаш деген жігіт.

Екінші бір шұбар жігіт Алмашты құптай сөйледі.

– Мүйіз шықпағаның не, денсаулықтан айырылып қала жаздаған жоқпыз ба?!

Осыдан кейінгі әңгіме шаруашылық жайына ауысты.

Шопан біткен биыл көңілді көрінеді. Мал басы аман да әрі күйлі. Күзем жүні алынған. Міндеттемеде көрсетілген 45 килограмның орнына, мемлекетке өткізер әр қойдың салмағын 59-60 килограмға жеткізген. Ендігі іс қойларды іріктеп, шопандарға жаңа отар бөліп беру көрінеді. Осы жұмыс біткен соң мал қысқы жайылым – Қызылқұмға қарай бет алмақ.

Осындай әңгімемен көп отырдық. Бір кезде жиналған жұрт та көтерілді. Күләйлаш жеңгей қалың етіп төсек салды да, асты-үстіміз-ді крахмалды ақ сейсептермен орап тастады. Ұзақ жолдан кейін біз Қарақұмның қиян шалғай бір түкпірінде тамаша ұйқыға ойыстық.

* * *

Қарақұм! Біз, міне, бір биік құм шағылдың кеудесіне шығып тұрмыз. Айнала көз жетер жердің бәрі шажырқайдай құжынап жатқан ірілі-уақты құм төбелер. Қырматаздың басындай. Бірақ бұл алдамшы көрініс. Көбіне «құм» десек болды, «бір тамшы суы жоқ, шөл» деген сөз көмекейімізге келіп тұрады. Қандай қате пікір. Мына Қарақұмды айлап кез, бірақ су іздемейсің. Өйткені, кез келген ойпанды қолыңмен тырнасаң, қарыс сүйем жерден су шығады. Бұл кең өлке бетін құммен жауып қойған шалқыған теңіз. Ал онда не бір асыл шөп өспейді! Еркек, алабота, жантақ, сағыз, ебелек тағы сондайлар. Күз малды Сырға айдағанда жылқы, түйе сияқты жүрдек жануарлардың кейін тарта беретіні де содан болуы керек.

Қарақұмды – Қарағанды, Қостанай, Ақтөбе, Қызылорда облыстарының жүз мыңдаған малы жайлайды екен. Арып келіп, семіріп қайтады. «Қарақұм – байлық қоймасы» десе дегендей-ақ.

Біз, міне, төбеде тұрмыз. Етекте сыртын кіршіксіз ақпен сылаған кішкене үй көрінеді. Бұл – аурухана. Одан әрі емхана, оның ар жағында дүкен. Әріректе биік антенналар көрінеді. Ол – рация. Ал одан әрі шашырай жайылған қалың қойлар.

Бұл – Қармақшы ауданының Қарақұмдағы орталығы – Жапақтың бүгінгі көрінісі.

Міне, біз әлгі ақ үйге келіп кірдік. Сегіз кісілік кішкене аурухана. Әр қилы аурулармен түскен бес-алты колхозшылар жатыр. Жас дәрігер Омаров Қасымқан өз шаруашылығымен таныстырды.

Жеңіл-желпі аурулар осында қаралады. Ауыр науқас Қармақшыға, не Қызылордаға жөнелтіледі. Керек дәрінің бәрі де бар.

Бір ғажабы, мұнда баланың іш ауруы болмайды екен. Өйткені Қарақұмның күні қоңыржай да, шыбын деген атымен жоқ.

Одан шығып дүкенге кірдік. Астанадағы ірі универмагтың бір кішкене бөлімшесі сияқты. Баланың ойыншығынан бастап, жаңа сәнмен тігілген қымбат бағалы костюмге дейін ілулі тұр.

– Қойшылар не нәрсеге мұқтаж? – деп сұрадық дүкенші Бектасов Үсеннен.

– Үнді шайы бар, бұрын бір мұқтажымыз шай кесе болушы еді, ол да бар. Жібек те, шыт та көп. Жалғыз-ақ пүліш, берен жағы аз. Соны жиі сұрайды.

– Ол енді тым салтанат сән құрғандық қой, – деді сондағының бірі.

Рас, бұл сөздің жаны да бар шығар. Бірақ малшы біткен пүліш пен беренге ғана мұқтаж болса, Қарақұмға оның да барарына күмән жоқ.

* * *

Қарақұмда өткізген төрт күн ішінде көптеген малшының үйінде болдық. Бәрі де бай, ауқатты. «Отан» атты радиоқақабылдағышы, газет-журналы жоқ бір үйді көрмедік. Ең қуанарлығы малшы үйінен бөстек кетіп, ақ сейсептер келген. Тазалық келген. Әсіресе Чапаев атындағы колхоздың малшылары Салмұрзаұлы Алмаштың жамағаты Айнаш жеңгейдің, Пернебеков Шәрі жолдастың үйіндегі Ажар замандастың ас, үй ұстау тазалықтарын ерекше атауға болады.

Рас, бұл үйлердің бәрінде де дастарқан жерге жайылады екен. Жамбастап жатып тамақ ішу үйренбегенге тіпті қиын.

Қармақшы аудандық тұтынушылар одағы малшыларға арнап аласа үстелдер де жасап шығарыпты. Біріншіден, бағасы қымбат, екіншіден, сүйегі ауыр, көшіп-қонып жүрген халық ауырсынатын түрі бар. Бірақ бұл дәлел емес.

Көп күнгі көргеніміздің тағы бір түйгеніміз – Кәрібоз айтқандай «арақ шіркіннің беделі түсе бастаған». Рас, қай үйге барма, тамағымен қоса арағын да алдыңа тосады. Бірақ ішуші аз.

Біздің осы пікірімізді дүкенші Үсен дәлелдей түсті.

– Бұрынғы жылдарда бір машина арақ бір жұмаға жетпей қалушы еді. Қазір айларға кетеді, – деді ол.

Бұл – шын қуанарлық бет бұрылыс.

* * *

Біз дүкенші Үсеннің үйінде отырдық. Үлкен шошақ қарнына жалпақ белбеумен көтеріп тастаған бір дәу сары келді.

Осы Жапақтағы жүн қабылдау пунктінің бастығы Қаржаубаев Жұбан деген жігіт екен.

– Біздің де үй осында, қонақ болыңыздар, – деді ол.

Біз асығыс екенімізді, жүріп бара жатқанымызды айттық.

Жұбан – олай болса... – деп күмілжіді де, денесінің үлкендігіне қарамастан ширақ басып далаға шығып кетті. Бір кішкенеден соң қайтып оралды. Қолында: үлкен бір қарбыз, бес-алты қызан, қияр, екі-үш түп пияз.

Қарақұмда көкөніс көрем деп кім ойлапты!

Бес-алты күннен бері көкшөп көрмегендіктен бе, әлде мына Қарақұмда тым таңсық көрінді ме, бәріміз де қаужаңдап, тамашаладық та

қалдық. Осы үйдің кішкене баласы да әкесінің артынан келіп түртқілеп жатыр.

Кесек бір қиярды ұстап о да қуанып кетті.

– Көкшөп дегенің мұнда қайдан келген?

Жұбан күлді:

– Шығар ма екен деп бір кішкене жерге еге салып едім, – бой бермей барады.

Мен оң жағымда отырған аудандық партия комитетінің секретары Тележанов Хамитқа сұрана қарадым. Оның себебі бар. Құм аралап жүргенде «пәленшенің ағашы», «түгеншенің ағашы», – деген жер аттарын жиі естіген едік. Ол ағаштардың кейбірі кесіліп қалған. Кейбірі күні бүгінге дейін күткен ешкім болмаса да жайқалып өсіп тұрған екен. Содан түскен бір ой: ағаш өскен жерде көкөніс неге өспейді – болған. Мен соны секретарь жолдасқа айтқанымда: – Құмда овощ өсуші ме еді?! – деген еді.

Сол жауабы есіне түсті білем, Хамит жалтара сөйледі.

– Малшылар Қарақұмға көктемді жолда өткізіп, жаздың басында келеді. Ол кезде овощ егуге болмайды.

– Екі-үш колхоз бірігіп, араларынан екі-үш адам бөліп «овощ егіңдер», деп Қарақұмға ерте жіберсе қайтер еді?

Секретарь ойланып қалды. Ие, бұл ойланатын шаруа.

Келер жылы әр малшының дастарқанында көкөніс болсын! Оған Қарақұмда толық мүмкіндік бар.

* * *

Біз аттанатын күні түнімен нөсер құйды да, таң ата ашылды. Қақ біткеннің бәрі шалқыған көлге айналды. Малшы қуанышында шек жоқ.

– Қарақұм биыл тіпті мейірлі, – деді Ленин орденді қарт шопан Аманқайыр. – Жаз бойы күннің ыстығында бір тамған жоқ. Ашық болды. Міне, енді дер кезінде жауды. Екі-үш күннен кейін Қарақұм адам танығысыз құлпырып кетеді. Құтты қонақ келгенде қой егіз табады дейді ғой. Құтты қонақ болдыңдар.

Қарақұмның тағы бір сыры ашылды. Жаздың ыстығында жауған жаңбыр пайда емес, залал. Ондай жаңбыр артынан ыстық түссе, шөп біткен солып қалады екен! Ең пайдалысы күзде жауған жаңбыр.

Біз меймандос Қарақұм малшыларын төрт күн араладық,

Міне, баяғы таныс жолмен кейін қайтып келеміз. Артта көзге ыстық қимас бауырлар қалғандай. Қайта-қайта қарай береміз.

Иә, бұл атырап Қарақұм емес, қарағым екен.

1959

БИІК, БИІК, БИІК ТАУЛАР БАУЫРЫНДА

Зымырап келеміз, зымырап келеміз. Алдымызда асу-асу ақша таулар бар. Артымызда көктем шуағына, көк жапыраққа бөлене бастаған Алматы қалды.

Бетіміз – Кеген ауданы.

Осылай қарай аттанарда осы ауданның суын сулап, жерін жайлаған, дәм-тұзын татып әбден кәніккен бір жолдастар: Кеген – Қазақстанның Швейцариясы. Абай айтқан «шыбынсыз жазың дәп осында» – деп қызықтырып, жүрегімізді лүпілдетіп қойған.

Біз бұл ауданның ақ басты тауын, арқырап жатқан өзенін, гүлшең даласын, мыңғырған малын аралап көрмекпіз. Ең бастысы, жақсы адамдарымен кездесіп таныспақпыз. Қайтсе де бұл бір қызықты сапар болғалы тұрған сияқты. Содан ба, білмеймін аз күнге болса да күнделік жүргізіп, көрген-білгенімді, ойларымды қағаз бетіне түсіруді жөн санадым.

* * *

Б і р і н ш і к ү н. Біз аудан орталығы – Жалаңашқа талай-талай құз-қия, қарлы тауларды асып іңір қараңғысында келдік. Бұл қыстақ атақты Алматы – Нарынқол тас жолынан елу шақырым қияс тұрады екен. Жол мехнатын осы арада көрдік. Ауыр машиналар қазып кеткен ізге түссең-ақ болды, автобустың төс табанын тіреп жатып алады. Оның үстіне тым биіктеп кеткеніміз де байқалатындай. Ысқаяқ жел тұрды. Жалаңаш тауының басына оралған көктемнің жылауық бұлты бірте-бірте аспан әлемін орады да, дүниені түссіз тұнжыр етіп жіберді. Әлгіндей болмай жаңбыр да сабалап кетті. Тіпті боранша ұйтқи соғады.

Жалаңашқа алты шақырым қалды дегенде шофер жерге түсті де, жол барлады. Алдымызда қираған көпір бар екен. Айналып жүруге тура келді.

– Мына көпір былтыр да дәл осындай еді, тірі пенденің қолы тимепті Аудан басшылары олай өтіп, бұлай өтіп жүргенде байқамай ма екен?! – деп қынжылды машина жүргізуші.

Мен өткен жылы орталық Россиядағы бір аудан басшысымен таныскан едім. Соның: «Қазақстанда бәрі де жақсы екен. Бірақ жолдарың жаман. Рас, бұған жер шалғайлығының көп әсері бар. Дегенмен жолсыз ауыл шаруашылығын өркендетемін, ауыл-селоны көркейтемін деуден түк те шықпайды. Қиын болса да шаруашылықты жолдан бастау керек», – деген сөзі есіме түсті.

Расында, осы бір жол салу дегеннің бір ұшы құнтсыздыққа барып

тіреле ме деп те қаласың. Әйтпесе, мына елу шақырым деген немене, бүкіл аудан болып көтерілсе, он бес-жиырма күннің жұмысы емес пе! Тегі, бастаушы жоқ болса керек.

* * *

Біз асхананың алдына келіп тоқтадық. Жаңбыр әлі сабалап тұр. Бәріміздің де ұзақты күнгі ірелең жолдан шаршап, қажығандығымыз байқалады. Неде болса шаруаны тамақтан бастайық деп ұйғардық.

Асхана іші лас екен, қабырғалар салтақ-салтақ. Кілең бір дарынсыз жасалған картина – суреттер. Тегі, астанада иығы сыймағандықтан осындай жерлерді төңіректейтін талғамы жоқ, мал тапқыш қулардың ісі болса керек. Бір қызығы, бұл Алматы сияқты республика астанасының іргесінде отырған аудан ғой. Еңкейген кәрісінен бастап еңбектеген баласына дейін қала салтанатын көрмегендері шамалы-ақ болар. Жақсыны үлгі-өнеге ете жүрмей ме сонда! Қазір бізде Кенбаев М., Тележанов Қ., Сахи сияқты талантты суретшілеріміз бар. Солар жазған жақсы-жақсы картиналар көпке мәлім. Алматының көркем сурет галереясында жақсы деп танылған басқа да шығармалар аз емес! Сондай бай мұрамыз бола тұра, қала іргесіндегі аудан асханасында мына сияқты сұрықсыз да талғаусыз нәрселер ілулі тұрады. Бұл – аудандағы сауда қызметкерлерінің талғамсыздығын танытатын болса керек. Қынжылармық іс.

...Біз кір клеенка жабылған столға келіп отырдық. Бірақ мантыдан басқа ештеңе де болмай шықты. Ең ақыры нан да жоқ. Сатушы әйел:

– Кеш келген өздеріңізден көріңіздер, тамағымызды ішіп, нанымызды жеп қойдық, – деді.

Шеткерірек столда отырған сусар бөрікті бір мосқал адам сөзге араласты:

– Үй иесі мырза болса, бұл сияқты қадірлі артистер келгенде қазанын қайта көтерер болар, – деп әзілдеді.

– Біз артист емеспіз.

– Қайдам, солар ғана осылай үйірімен жүруші еді. Сонсоң айтамын да, – деді жаңағы кісі.

Біз «Мәдениет және тұрмыс» журналының коллективі екенімізді, бұл ауданға келген мақсатымызды айттық. Сусар бөрікті бір мінезді адам болып шықты.

– Мақтап жазарлық бұл ауданның не артықшылығы бар екен? – деп сұрады ол.

– Неге мақтап жазарлық?

– Е, осынша топ болып жаманшылық іздеп шықпаған боларсыздар? Ие, бұл ауданның не артықшылығы бар?

Мен осындай оймен қонақ үйге келдім. Көз тастарлық оның да сәні жоқ. Үй қабырғалары дұрыстап сыланбаған. Сылақтары арық малдың қабырғасындай болып көрініп тұр. Қай аудан орталығына барма, әйтеуір осы бір үй сылағы дегеннің ерсілігі көзге шыққан сүйелдей болып окшыраяды да тұрады-ау. Меңгере алмайтындай не кереметі бар екен мұның? Әлде, бұрынғы мал тұяғына бағынған көшпелі күйкі тірліктің салқыны ма екен бұл да?!

* * *

Е к і н ш і к ү н. Ертемен оянсам, бөлме ішінде ерке күннің нұры төгіліп тұр екен. Жапырақ жая бастаған бір бәйтеректің терезеден ұшар басы көрінеді. Айқын ашылған аспан заңғарының бір пұшпағына әдемі төккен өрнектей тынып қалыпты, селт етпейді. Көңілді басталған күнге әуендесіп ұйқы да қанған. Сергек басып далаға шықтым.

Қыстақ Жаланаш тауыньщ бөктеріне салынған екен. Көшелері түзу. Жаңа тұрғызылып жатқан үйлер де көп. Бірақ ағаш аз. Анда-санда бір үйдің алдында селкеу тұрған бір бұта болмаса, қыстақ кейпі тым жаланаш. Тегі, Жаланаш аталған себебі де осы болса керек. Қыстақ тым биікте тұр. Төменде ұшы-қиыры жоқ ұлаңқайыр бір жазық мұнартады.

Одан әрі жүлгеленіп жатқан тағы да бір тау жоталары. Кейін білдім. Жазық Ағанас жазығы, ал тау атақты Ілияс ақын жырлап кеткен Торайғыр тауы деп аталады екен. Бұл төрт түлік малдың көктеуі. Ал жаз жайлауы – бұл жерден де биікте бұлтпен қойындасып жатқан Қарқара жазығы.

Тегі, түндегі нөсердің арты алақаншық бұрқасынға айналса керек. Жаланаш тауын жапқан ақша қар ұзын көшенің жоғарғы басына дейін сұғына жатыр. Ауылда бір тозаң жоқ, тау бұлағындай мөп-мөлдір. Жаздың басында қыстақ іргесінде қар жатса шыбын қайдан болсын мұнда! Шынында да мал мен жанға жер ұйықпен бірдей болса керекті бұл жер.

Ү ш і н ш і к ү н. Біз Ленин атындағы колхоздамыз. Түнде сағат бірге дейін күн жалтаң, аспан қиясынан жұлдыздар жымыңдап тұрған еді. Ертемен тұрсақ жер дүниенің бәрі аппақ. Үлпа қар төгіп тұр. Бірер үйдің мұржасынан түтін будақтайды. Ауыл көрінісі тым тамаша. Кілең бір жаңа салынған шатырлы ағаш үйлер. Электр, телефон бағаналары. Ортада екі жүз кісілік кең клуб. Әлі біте қоймаған еңселі колхоз кеңсесі. Бір ғажабы, бұдан бір жарым-екі жыл бұрын бұл жерде екі-үш үй ғана болған. Міне, соңғы бір жылдың ішінде ірі колхоз орталығына айналып кеткен. Колхоздың өз тағдыры да қызық. 1956 жылы көрші колхозбен қосылған екен. Биылғы жылы енші алып қайта бөлініп шығыпты.

Жыл санап дәулеті молығып келе жатқан колхоз. Қазір көктеуде қырық екі мың қой жайылады. 1965 жылы алпыс мыңға жетпекші. 1953 жылы колхоз кірісі бір миллионға да толмайды екен. Міне, енді жылдық табыс он миллионды алқымдап қалған. Сол себепті колхозшылардың еңбеккүнін тек ақша түрінде өтеуге мүмкіндік туған. Еңбек ұйымдастырудың осы бір жаңа тәртібінде көп артықшылық бары айқын көрінеді.

Әлде бұл ауданның біз іздеген артықшылығы осы ма екен? Бірақ Қазақстанның қай ауданында үй салынып, қыстақтар тұрғызылмай жатыр. Еңбекті ақшадай табысқа айналдырған да жалғыз осы колхоз дейсің бе?!

* * *

Міне, кеш болды. Оңаша қалған бір сәтте күнделікке үңілдім. Өткен күнді көз алдыма келтіре бастадым. Көп адамдармен кездесіппіз. Көп жерлерде болыппыз.

Сиыр фермасында Жарас деген жас жігітпен жолығыстым. Қапсағай денелі жігіт. Оны маған сауыншы деп таныстырды.

– Сиырдың емшегін жұлып ала жаздайды, – деп әзілдеді біреу.

Мен әуелі ойын шығар деп ойлап едім, Жарас шынында да сиыр сауады екен.

– Бұл жұмысқа неге ауыстың? – деп сұрадым мен одан.

– Бұрын қой бағып едім, жаман бақпадым. Бірақ елеген ешкім болған жоқ. Атымды шығарайын деп келдім мұнда, – деп жауап берді жас жігіт.

М-м... «атың шықпаса жер өрте» – деген осы ғой, тегі, Жарас маған бір түрлі болып көрінді. Рас, біздің елде еңбектің ала-құласы жоқ қой. Сонда да мына Жарас сияқты тепсе темір үзетін соқталы жігітті әйел жолдастардың қолынан келе бермейтін ауырырақ жұмысқа пайдаланған дұрысырақ сияқты. Сиыр емшегін жұлып ала жаздайтындар әйел қауымынан да табылады ғой. Тегі, аудан ішінде жігіттердің сауыншы болуын дәріптеңкіреп жүрген кейбір жолдастар оларға: «Механизатор болыңдар, техниканы меңгеріңдер!» деп үгіттесе пайдалырақ болар ма еді әлде қайтер еді?! Ойланатын шаруа.

Бүгін көп адаммен кездестім дедім ғой. Солардың ішінде айырықша көңілімде қалғаны екеу екен. Бірі осы сиыр фермасының бастығы Асанова Әуесхан да, екіншісі – колхоз председателінің орынбасары Иманбаев Жүнісжан. Бірі тым өжеттігімен, екіншісі биязылығы, бала мінезділігімен есте қалған.

Колхозда жап-жақсы кітапхана бар екен. Соны көре барып едік. Қолында он бес шақты кітап салған сеткасы бар, сұңғақ бойлы бір қыз кіріп келді. Кітапхана меңгерушісі:

– Белсенді оқушымыздың бірі – Асанова Әуесхан, – деп таныстырды.

– Белсенді оқушы кітапты бұлай бумасымен ұстамайды. Бір-бірлеп оқиды да, екі-үш күннен кейін әкеп тапсырады. Содан кейін жаңа кітап алар болар, – деп әзілдеді сонда тұрғандардың бірі.

Мен бұл әзілді іштей құптап қалдым. Кітапты көп оқиды екен деп айтсын деп, өзін бізге көрсеткісі келіп тұрған адам сияқты болып көрініп кетті ол маған.

Жоқ, бұл ұшқары пікір болып шықты. Әуесхан фермадан келген. Сауыншылар алған кітапты әкеп өткізіп тұр екен. Ал өзінің әдебиеттің шын досы екеніне пікірлесе келе көзім жетті. Қазақ әдебиетінде ол оқымаған шығарма жоқтың қасы.

Әуесхан еңбекшілер депутаттарының облыстық советіне депутат. Өзі Қазақ университетінің журналистика факультетінде сырттан оқиды.

– Өзің сондай жас екенсің. Сиыр соңында жүре беремісің. Университетке түсіп неге оқымайсың? – дедім мен оған әзіл-шынын араластыра.

– Онда қаладағы сіздерді кім асырайды! – деп жауап берді ол. – Жоқ, мен ен даланы, еркін ауаны жақсы көремін. Университетті сырттан оқып та бітіремін.

Сонда Иманбаев Жүнісжанның:

– Қазір ел басқару оңайланды ғой. Бұрын жоғары білімді адамды бүкіл ауданнан іздеп таппаушы едің, қазір ферма сайын білімді жас бар, – деген сөзі есіме түсті.

Шынында да комсомол мүшесі Әуесхандар колхоз болашағының тірегі болса керек.

* * *

Ал Жүнісекең болса мүлде басқа мінездің адамы. Дұрысында ол колхоз құрылысының негізін қаласушылардың бірі. Қызмет жолы да сонау жиырмасыншы жылдардың соңында мойын серіктен басталған. Сауаты төмен болса да содан бері шаруашылықтың әр саласында адал қызмет атқарып келеді екен.

Жүнісекең өзінің өмірбаянын айтып отырып:

– Мен қазір алпысқа таяндым. Қағазға қараудан қалып бара жатқан да жайым бар. Сонда да Ленин томдарын оқып жүрмін. «Совет үкіметі» – деп көп шапқылап едік. Сонымның дұрысы мен бұрысы қайсы? – осыны білу үшін оқимын. Судың да сұрауы бар емес пе. Өткен өміріңе есеп беретін шақ жетті, – деді. Бірде Жүнісекең ауданның болашағы туралы сөйлеп кетті.

– Әр жылдың өз алдына бір салтанаты болады. Бір кезде киіз үйді

сәндеп едік. Там үйді дәріптеген де кезіміз болған. Ал, енді еңсесі биік шатырлы қарағай үй салу салтқа кірді. Кейде шегеге де зар болып қалатын жайымыз бар. Жол қатынасы нашар. Керек нәрсені тасып жеткізе бере алмаймыз. Кірпіш, цемент, у тас та (әкті бұл жерде осылай атайды екен) жетісе бермейді. Осыларды алыс Алматыдан тасымай-ақ, ауданның өз мүмкіншілігін пайдалануға әбден болар еді. Кірпіш күйдіретін, цемент шығаратын орындар ашу керек. Бұған ауданда жағдай бар, – деді.

Аудан басшылары үшін бұл ойланатын пікір ғой деймін.

Енді бір сөзінде Жүнісекең:

– Қойымыз көп. Бірақ жүнді аз аламыз, – деді. – Оған екі себеп бар. Біріншіден қойымыз асыл тұқымды емес. Екіншіден жайылымда тобылғы, қараған көп. Бұл заңсыз жүн қоймасы. Арасына қой кірсе болды, жұлып қалады. Осы бұта-шөпшекті құртудың бір тәсілін тапса!..

Бұл, міне, колхоз қамын ойлайтын адамның сөзі.

Мен Жүнісекеңмен бір тәулік бойы бірге жүрдім. Оның бұл пікірлерін аттың жалында, түйенің қомында дегендейін, шай үстінде немесе көшеде жай әңгімелесе жүріп тыңдадым. Ештеңені жазып та алғаным жоқ. Оның ашыла сөйлеуінің кілті осында ма деймін. Бір дәм үстінде телефон шылдыр етті. Сөз саптасына қарағанда колхоз председателі болса керек (Ол кісі біз барғанда қатты науқастанып жатыр екен).

– Бар мәліметті жинап алып едім. Бірақ жай әңгімелеседі, ештеңені сұрамайды, – деді Жүнісекең телефондағыға.

Әңгіме біз туралы екені бірден түсінікті.

Аттанар сәтте кеңесіп отырдық та, Жүнісекеңнің аты-жөнін дұрыстап жазып алайын деп мен қолыма қарындаш алдым. Сол кезде тағы да телефон шылдырлады.

Жүнісекең ақ көңілділігіне басты:

– Әй, шырақ, қоя тұрсаң етті. Міне, нағыз әңгімеге енді кірісіп едік. Жарайды, кейін, кейінірек, – деп трубканы салып қойды.

Мен мұртымнан күліп отырмын. Ол айтқан әңгімелер қай мәліметтен болса да артық екенін Жүнісекең қайдан білсін!

* * *

Төртінші күн. Өзіміз аралап жүрген колхоздың Тоғызбұлақ деген участогінде болдық. Ұзақты күн тұрмыс конференциясына дайындалумен уақытымыз өтті де, күнделік жазуға да қол тимеді.

Бесінші күн. Бүгін тағы да бір таулардан астық. Күн тым салқын. Тау басы бұлыңғыр, бұрқасын жүріп жатыр. Етекте көк майса, аяғын жаңа ғана қаз басқан қозылар. Сұрастыра келсек, бұл атышулы арқар-меринос нәсілдері екен.

– Алдымызда Қызылту совхозы, – деді Кеген аудандық атқару комитетінің председателі Ұрмұрзин Ғазез. – Сырты жұпыны болса да іші майлы совхоз.

Шынында да солай екен. Совхоз қорасынан сексен мың қой өреді. Бір өзі мемлекетке Нарынқол, Шелек сияқты үш ауданның ет пен сүтін тапсырады. Аз шаруа емес қой бұл. Совхоз директоры Өтегенов Нұрахмет шаруашылық жайын баяндай келіп:

– Кешеулеп өсіп келе жатқан бір түлік бар еді. Шошқа шаруашылығын айтамын. Былтырдан бері соны қолға алдық.

Енді «бес түлік малымыз бар, бірі шошқа» – деп мақтан ете аламыз, – деп күлді.

Өзі ақ жарқын, қонақжай адам екен. Былайша айтқанда шылбырымызға оралды. Жібермеді.

...Тағы да дәм келді. Дәм болғанда кәдімгі бесбармақ та. Оның ар жағында екі иінінен дем алып самауырын тұр.

Бүгін біз шыққалы бес күн. Көргеніміз ет те шай, шай да ет. Көкөніс дегеніңді қос аттап шапсаң да табар емессің. Себебі не екен мұның?

Иманбаев Жүнісжан бір сөзінде:

– Қара бұлақ деген жерге жеміс ағаштарын әкеп егіп едік. Өсірген ешқайсысымыз болған жоқ. Ішіне ат арқандап қойған да уақытымыз кездескен, – деп еді. Тегі, бұл ауданда көкөністің де тағдыры дәл осындай болса керек. Әйтпесе таулы өлкенің ауа райына қарамастан Кегенде көкөніс те, өсе алатындығына толып жатқан дәлелдер бар.

Алтыншы күн. Біз енді Жалаңаштан Ұзынбұлақ совхозына аттандық. Бұл жолға бізді аудандық партия комитетінің секретары Әбілғожиннің өзі бастап жүрді. Ашық мінезді сөзуар адам екен. Аудан болашағына айырықша тоқталды.

– Су керек, – су, су! – деп қайталады ол бірнеше рет. – Мына жатқан он бір мың гектар Ағанас жазығы. Он мыңдаған мал көктемде осында болады. Ал біз оған суды қырық-отыз шақырым жерден машинамен тасып әкеп береміз. – Секретарь жолдас қадай сөйлеуді жақсы көретін болса керек. – Су жоқ, су, су! – деп тағы қайырды.

Шынында да табиғаттың сараңдығында шек жоқ-ау. Басы Қарқара, Кеген, содан кейін Ақтоғай, Сарытоғай, Көртоғай болып, ақыры Чарын деп аталып Ілеге құятын аумақты өзен осы Ағанас пен Ұзынбұлақ жазығын қақ жарып өтеді екен, бірақ пайда не өзен табаны екі жүз, үш жүз метр төмен шыңырауда жатыр. Оны көтеру үшін талай миллиондаған қаражат керек. Сол себепті судың басқа бір көзін табу – аудан алдында кезек күттірмей тұрған міндеттің бірі сияқты. Өйткені кегендіктер 1965 жылы қой басын үш жүз мыңға жеткіземіз деген міндеттеме алып отыр. Бұл негізі бар, орындалар міндеттеме.

* * *

Секретарьдың қалған жол бойғы ендігі әңгімесі Жалаулыдағы Жүсіпақынова Тұрған жайында, Тұрғанның фермасы жайында болды.

Тұрған Кеген аудандық комсомол комитетінің бұрынғы бірінші секретары. Одан бұрын Алматының қыздар институтының физика-математика факультетін бітірген жоғары білімді сауатты мұғалім. Партияның шақыруына үн қосқанда, аудандық комсомол комитетінің бүкіл құрамымен осы Жалаулы фермасына келген. Міне, сізге іздегенің жаңалық болса!

Мен Тұрғанды көргенше асық болдым.

* * *

Шіркін, Жалаулы, неткен жақсы жер едің? Айнала ақша таулар. Ат шаптырса жетпейтін орамды алып жатқан Кегеннің кең жазығы. Мың бұралып жыланша иреленděп ағып жатқан өзен. Су сылдыры, самал жел – осының бәрі де жастықты пәш етіп мадақтап тұрғандай.

...Көк төбенің басына жұрт жиналды. Қолдан қалқайтқан мінбеге сәби өңді жап-жас қыз шықты. Кеудесін көктемнің самалына тосып сөйлеп кетті.

...Бас аяғы жиналып қалған клуб пен көпірді тез бітіру керек. Қойға қора керек. Мал басын аман сақтау керек. Пішен шабу керек. Сауыншыларды жаңа үйге көшірген жөн. Шифр керек, цемент керек. Столға қызыл жабу керек. Осының бәрі де болады. Тек еңбек тәртібі бұзылмасын!

Жас та, кәрі де бар. Бәрі де тыңдап отыр, қостап отыр. Ал қыз болса сөйлеп тұр. Шаруа існәсін білетін, төселген адамша сөйлейді.

Міне, біз іздеп келген мұғалім Тұрған, секретарь Тұрған, ферма бастығы Тұрған осы.

Мен онымен ұзақ әңгімелестім.

Олар төртеу екен: Аудандық комсомол комитетінің екінші секретары Мырзақасымбаев Нұрбапа – зоотехник, инструктор Әкімбаев Абылай – агроном, екінші инструктор Ысмайылов Әбдірәсіл және өзі.

Олар орталық партия комитетінің Желтоқсан пленумының қарарын насихаттаймыз деп елге шығыпты. Осы сапардан қайтып оралғаннан кейін бір бюро мәжілісінде сараң сөзді Абылай отырып:

– Пәлен істе, түген істе деп жұртты үгіттейміз. Ал өзіміз не бітіріп отырмыз? Мен фермаға барамын, – депті. Осы ұсынысты қалғандары көтере қостаған.

– Содан соң уәдеміз бос сөз болмасын деп қызыл ту алдында тіземізді бүгіп тұрып ант берістік, – деді Тұрған.

Бұл, міне, бітер істің тамаша бастамасы ғана. Көбі қала дәстүрінде тәрбиеленген жоғары білімді жас азаматтар жан тыныштығы дегеннен безді де ауылға келді. Осының өзі де ерлік. Олардың алдында үлкен-үлкен істер тұр. Сындар бар. Бүгін көтермеші болған көп жолдастар ертең оларға көмекке баруды да ұмытпасын. Жастардың бойында жалын бар. Оларды жылы төсекте жатқызбаған да осы қуат. Сол жалынның өрбуіне, қоздауына Кеген коммунистері түгел жауапты.

* * *

Жетінші күн. Біз, міне, арқар-меринос тұқымының шыққан жері атақты Ұзынбұлақ совхозының орталығында отырмыз. Өзім үшін күтпеген жаңалық та осында туды. Мен ескі танысымды кездестірдім. Ол – осы совхоздың директоры Махметов Тұрсын.

Тұрсын екеуміз университетте бірге оқып, бірге бітірген едік.

Бұл 1950 жылы болатын. Тұрсынның да содан кейінгі тағдыры қызық. Ол әуелі орта мектептің директоры болған. Содан отыз мыңдықтың ішінде осы совхозға келіпті. Өткен аудандық партия конференциясында аупарткомның екінші секретары болып та сайланған екен. Бірақ елу жеті-ақ күн қызмет істепті. Ұзынбұлақтың сексен жұмысшысы қол қойып Москваға дейін арыз жазыпты да, Тұрсынды қайтарып алыпты.

Сол арызға қол қойғанның бірін кездестіріп едім мен.

– Кеткен Тұрсынды қайтарып алуларыңызға не себеп болды? – деп сұрадым.

– Бұрын жұпыны үйлерде тұрушы едік. Оны қазір келекелеп шанхай деп атайтын болдық. Соңғы екі-үш жылда жаңадан совхоз қаласы салынды. Соның бәрі Тұрсынның басшылығы. Тұрсын халық қамын көп ойлайды. Сол себепті біз де оның сөзін жерге тастап көрген емеспіз, – деді ол.

Біз совхоздың сәнді қонақ үйінде жаттық. Әдемі асханасынан дәмді тағамдар жедік. Жаңа салынған аурухана қаласын араладық. Мамандарға арнап екі қабат үй салып жатыр екен. Бір орталықтан жылытылатын үй. Оны да көрдік. Жаңа өсіп келе жатқан паркіне бардық. Сондай бір биік талғаммен, ою-өрнектер жүргізілген клубы мен кеңсесінде болдық. Бұл ана Жалаңаш асханасында ілулі тұрған халтура емес, шын көркемөнердің жемісі. Бәрі тамаша. Ал жаңа ашылған совхоз музейі ше! Елу кісілік балалар бақшасы қайда?

Қысқасы, бұл бүгінгі күннің талабы мен талғамына толық сай келетін совхоз орталығы.

Аттанар сәтте Тұрсын бізді жаңа салынып жатқан қой қорасына алып барды. Бұл баяғыдан бері көп сөз етсек те, жүзеге асыра алмай

жүрген Құлық тауының көктасынан қашап салынып жатқан қора. Өзі екі қабат. Астында қой, үстінде шопан тұрады. Кітапхана, қызыл бұрышы да сонда. Биыл бұл совхоз осындай он қора салып жатыр екен. Жүз жылға кетер іс!

Адам тындырар істің қиян-қилысы бар ғой. Күндігі де, жылдығы да болады. Тұрсын науқан деп айқайлап кетпейтін, сол екеуінің тізгінін тең ұстайтын басшы болып көрінді маған.

Қысқасы, бұл совхозға Тұрсын сіңірген еңбекті ауыл шаруашылығы жайындағы поэма дер едім. Тек мына күнделікте айтып жеткізу мүмкін емес. Арнайы сөз етер тақырып.

* * *

Зымырап келеміз, зымырап келеміз. Алдымызда көк жапыраққа бөленген астана. Артымызда биік-биік таулар қалып барады. Сол таулардың бауырында егін салып, мал баққан, мемлекет тағдырын ойлаған тамаша жандар – біздің жаңа достарымыз қалып барады.

Қош, сау тұрыңыздар, асыл жандар!

1959

МЕНІ ҚАЛАЙ ҮЙЛЕНДІРМЕК БОЛДЫ

Сөйтіп, менің Түмен қаласына келгеніме де біраз уақыт болып қалды. Басында қан сорпасы шығып жатқан Батысқа жібермей, Шығысқа аттандырғаны несі деп күдіктенген де едім. Бірақ Түменде де қуанатындай ештеңе жоқ екен. Республиканың солтүстігіндегі қазақтар «Түмен», «Түмен» – деп аузынан тастамаушы еді. Екі сөзінің бірінде «Түменге кетіпті», «Түменнен келіпті», – деп отыратынды. Сөйткен Түмені үлкен бір деревнядай ғана. Қаланың бар байлығы – сазы мен қалаға сұғына кірген қарағайлы орманы. Тас төселмеген көшелері аттылы арба өте алмайтын батпақ болып жатса, кісі жүретін тротуарлары біршама дұрыс – қарағай тақтай төселген болып келеді екен. Дұрыс дегенім, әрине, жай сөз. Жерден қарыс сүйем биігірек түбір қазықтарға шегеленген әлгі тақтайлар әманда күтімді, күнде қадағалап отыруды қажет ететін болса керек. Соғыс зардабы ма, әлде қай кезде болсын бойымызға үйір құлықсыздық, құнтсыздық па, шегесі босаған, не болмаса сынып, шіріп түскен тақтайлармен жүру оңайға түсе бермейді. Шегесі босаған тақтайлардың бір басын бассаң, екінші басы сартылдап, қопаңдап кетеді. Ондай жерлерде қыл көпірден өткендей екі қолың ербеңдеп, қалай құламаудың амалын қарастырасың. Сынған жерлерге аяғын тығып алып, жығылып жататындар да табылады. Кейде сорайған шегелерге табанын қадап алып, шойнаңдап қалатындар да аз емес.

Мен, міне, осы Түмен қаласында әскер қатарындамын... Бірақ солдат гимнастеркасын кидік деген атымыз ғана. Ертемен тұрып, бірер сағат қала сыртында жүгіріп жаттыққанымыз болмаса, қалған уақытымыз қара жұмыспен өтеді. Осы Түмен қаласын бүйірлеп ағатын мол сулы Тура өзені бар. Сол өзеннің үсті ағызып әкелінген бөренелерге толы. Соны жағаға шығарамыз да, аралаймыз. Тақтай тілеміз. Соғыс кезінде қылшылдаған жігіттерді қолына мылтық беріп жауға неге жібермейді, мына тақтай тілдіргені несі дегендерге, командир жауабы біреу-ақ: «Бұл жұмыс – майданға барғанмен тең. Өйткені осы бөренелерден соғыс самолеттерінің қаңқасы жасалады. Тақтайларды көбірек тілсек, самолеттер де көбейетін болады. Самолет көбейсе, фашистерге соққы да күшейе түседі». Осы жауапты медеу етеміз де, бөрене аралауға жұмыла кірісеміз.

Өстіп күндер өтіп жатты. Менің қасымда Сәдуақас дейтін ересек бір жігіт бар. Дәлірек айтқанда, ол менің қасымда емес, қайта мен осы бір еңсегей бойлы қайырымды жігіттің қасындамын. Жасы да үлкен, көргені де көп Садуақас мені сары ауыз балапан көреді де, қамқорлығына ала жүреді. Сапта қатар тұрамыз. Казармаға да бірге келеміз. Жатар жеріміз де іргелес. Асханада да бір столдың басында отырамыз. Оның үстіне елден келген сәлем-сауқаттар да бөлінбей ортаға түседі. Негізінде ақ көңіл, ашық қол, мейірі мол Сәкең: «Қарның ашып қалмасын, ішіп ал, аяғың тоңып қалмасын, шұлғауынды жайып жатуды ұмытпа», – деп жүргені үнемі.

Садуақасты қанша үлкен десем де, әлі отызға да келмеген жігіт шағы ғой. Үйленгеніне де көп болмаған. Қол бос кезде, сол, құмары тарқамай ауылда қалған жарын, қызығы басылмай жөргекте қалған баласын ойлайды. Ыңырсып ән салады. Айтатыны кәдуілгі – «Қамажай». Бірақ осы күнгі құлаққа сіңіп кеткен үйреншікті жеңіл де шапшаң айтылатын, желікпе сезімге толы Қамажай емес, өзгеше зарлы, мұңға толы Қамажай:

Басында Қамажайдың бір тал үкі,
Айырылып Қамажайдан болдым күлкі.
Айырылып Қамажайдан жүргенімде
Келеді қай жерімнен ойын-күлкі.
Ахау, халылайым, лилилайым,
Қамажай, қалдың кейін, сәулетайым.
Қолында Қамажайдың алтын жүзік,
Қамажай отыр ма екен көзін сүзіп
Көрмесе жарты сағат тұра алмаушы ед,
Апырай, кетер ме екен күдер үзіп, күдер үзіп, –

деген жолдарды Садуақас әдемі майда даусымен соншалықты созып айтқанда, жүрегінді суырып ала жаздайды. Орындалмай қалған арман

мен тарқамай қалған ыстық құмарлықты, гүлі ашылмаған жалқын махаббаттың зары мен қыршын жастықтың неғайбыл болашағын сезінесің Садуақастың Қамажайынан. Ән айтылып болған соң Садуақас күрсініп алады. Мен болсам, тілім байланып көпке дейін үндей алмай отырамын.

– Ғашықтың дерті қиын дерт. Сен әлі жассың, біле бермейсің ғой, – деп қояды Садуақас.

«Білем» деп мен таласпаймын. Сөйтсе де елде қалған қара торы, күлім көз бір қыз көз алдымда көлеңдей береді. Мен онымен тіпті ашылып сөйлескен де емеспін. Білетінім – көрші ауыл «Айтуардағы» Қали дегеннің қызы. Аты – Сақыш, көшпелі халық сотында хатшы. Ал мен болсам, сол соттың осы өзіміздің ауылдағы халық биімін. Көшпелі сот біздің елге жиі келеді. Мен Сақышпен жиі кездесемін. Обалы нешік, ол менімен жөнсіз әзілдесіп те көрген емес. Қаратып алайын, көңілін табайын деуден де аулақ. Сөйтсе де қыздың ашаң да сұңғақ келген құлын мүшесі мен атжақты, меңсіз қара торы кейпінде, әлдеқалай сығырая қарағансығанымен үнемі күлімдеп тұратын мойыл қара көзінде, сондай бір, сайтан сұлулық, тартымдылық барын байқаймын. Сақыш әманда маған қарап отырады. Ұятсыздық танытып тесіле, өліп-өшіп қарамайды. Елеусіз отырып, ұрлана қарайды. Сондайда мен бір түрлі, қызық бір күйге түсемін: қыз көңілінің хошын сезініп мақтанамын ғой деймін. Сонымен қатар біреу-міреу сезіп қалып, келеке етіп жүрмес пе екен деп қыпылдап, қолайсызданатын да түрім бар. Дегенмен ибалы қыз сезімі қайтсе де тереңде. Көңілінде не барын басқалар түгіл менің өзіме де сездіртпеуге тырысады. Оны оқта-текте мен қарап қалғанымда көзін аударып әкететінінен, сөйтіп ештеңені білмегенси қалатынынан байқаймын.

Екеу ара жан білмейтін сырымыздың бары да, жайы да осы.

Міне, енді Түмен қаласында армия қатарында жүріп, Садуақас өз семьясын сағынып, ішқұса болса, мен елден бөлек Сақышты ойлап әуреленемін. Күн аралатып құлаш-құлаш хат жазам. Ол хаттарым дәстүрлі сәлем хаттан көрі әлдебір пәлсапалық трактаттарға көбірек ұқсап кете ме қалай. Түменнің қарағай орманын, Тура өзенінің арналы ағысын суреттейтін болсам керек. Махаббат жайлы, жастық, кәрілік жайлы, өмірдің өтіп кететіндігі жайлы түйіңдеулерім өзімше бір жаңа дүние. Мен ашқан керемет жаңалық – ай, күн, аспан да, дүлей боран мен қара нөсер жаңбыр да, ескен жел, жымыңдаған жұлдыздар да сөз болып жатады. Бөрене аралап жүрсем де, жоқ нәрседен романтика іздеймін. Жоқ жерде табылатын сол романтикалық оқиғалардың бас қаһарманы, әрине, өзім болып көрінбекпін ғой. Обалы нешік, Сақыш хат аралатып болса да жауап беруден жалықпайды.

– Жазғандарыңыздың бәрін бірдей түсіне бермеймін. Сонда да

хатыңыз келгенде куанып қалам, – деп бастайды да, ауыл-үй жайын, армияға кімдердің кетіп, кімдердің жараланып қайтып келгенін тәптіштеп жазады. Мен өз хатымда жалған романтика қуалап жерге түспей қойсам, Сақыш өз хатында «Сізден» әрі аса алмайды. Әйтеуір, дәтке қуат, жаңа бір кезекті жауабында «зәуде демалыс алып, елге келе қалсаңыз, хабарласарсыз» деп те жазыпты. Осы сөзі білгендей болып шықты. Мен август айының орта кезінде тәртіптілігім, елгезектігім, жұмысты жақсы істегенім үшін жиырма күнге демалыс алып, туған ауылыма келдім.

* * *

Қуаныштың үлкені менің жақын ағаларым – Нұрқан мен Қари армиядан оралыпты. Екеуі де жаралы. Біржола босап келген. Нұрқан да, Қари да соғыстан бұрын аудандық көлемде жақсы-жақсы қызмет атқарған, ағайын арасында сондай сыйымды, елге аса беделді жігіттер. Әсіресе Қаридың жөні бөлек. Сырт көзге адуындау көрінгенімен, Қари өзгенің қыбын таба біледі. Сөйте тұра кімді болсын өз дегеніне көндірмей қоймайды. Ұрыспайды, балағаттамайды. Бірақ қорасан дағы қалған қияпатты келбетін тіктеп, көк сақиналы қоңыр көзін тура қадап өктемдеу сөйлегенде: «Жоқ, оның болмайды», – деп бір адам қарсы келе алмайтын-ды. Бір сөзбен айтқанда, Қари аса бетті жігіт. Нұрқан да одан кем түспейді. Бірақ ол өктем сөйлемейді. Жұқалап сөйлейді. Іліп-қақпа әзілге шебер. Менің тағы бір ағам бар. Арықша келген, ұзын бойлы әдемі жігіт – Мырзахмет. Мырзағаңның қолы жұмсақ. Соған орай өзі де, сөзі де жұмсақ. Шешен сөйлейді. Бірақ әлдекімді қағытып, әлдекімге тие сөйлегенін көрген емен. Өзі сондай қайырымды. Елге қоғам, ағайын арасындағы кикілжің бірдемелер болса, соның тігісін жатқызып, жамап-жасқап жүргені. Ешкімге болмасын демейтін, кеңдігі тағы бар. Сол себепті Мырзағаңның Қаридан да, Нұрқаннан да жөні бөлек. Қари мен Нұрқанды жұрт ығысыңқырағандықтан сыйласа, Мырахметті шын сыйлайды.

Міне, мен үйге келіп түскенімде осы ағаларым қарсы алды. Баяғы бір бөлмелі ағаш үй. Үй іші жүдеу. Әкем байғұс, мен ес білгелі колхоздың қара табан еңбеккор торысы. Өгей шешем Бейіс те сондай момын, бейнеткордың бірі. Қайда жұмсаса да бет қақпайды. Бара береді. Істе дегенді істей береді. Бірақ ол кездегі ауылда табыс жоқ. Алты ай жаз, алты ай қыс балық көзденіп дамыл, тыным таппай жұмыс істеп жүрсе де, тапқандары кей жылдары тамағымызға да жетпей қалады. Үй ішінің қоң торғайлығы да содан. Төсек-орын, төсеніш, киім-кешек – бәрінен де көнелік, жұтаңдық сезіледі. Бірақ үй жұтаңдығын елеп жатқан ешкім жоқ. Әйтеуір, әкемнің алдына салған бірді-екілі қой-ешкісі бар.

Соның бірі көтере ұрылып қазанға түскен. Біздің үй мәре-сәре той.

Дәм үстінде әңгімені Қари бастады.

– Шәке, осы сенің не ойлағаның бар? – деп ол мол денесімен менің әкеме бұрылды.

– Нені айтасың?

– Балаң болса, демалысқа келіп жатыр. Үй жұмысы әлі күнге, әне жасы келіп қалған Бейістің мойнында. Келін түсіру керек.

– Е, далада жатқан біреу бар ма екен?

– Далада жатпаса да табамыз, – деп Қари енді Нұрқан мен Мырзахметке қарады.

Олар қостағандай болды. Менің жүрегім лүп ете түсті. Албырт шақтың бір міні – намысқойлығы, жоқ нәрседен ұялып, қысылып жүретіндігі ме деймін. Алғашқы ой: мынандай жүдеу тұратын үйге мен сініп қандай келін түспекші?

– Уақыты тығыз емес пе баланың? – деп әкем қарсылық білдіргендей болды.

– Тұқ те тығыз емес. Военкоматқа барып тағы бір он бес күн қостырып аламыз, – деп Нұрқан Мырзағаңа бұрылды.

– Тәшенге хабар салу керек.

Тәшен Мырзағаңның досы. Осы ауданда прокурор. Аса беделді жігіт. Ол кіріссе, қай істің болса да тынарына сене беруге болады.

Менің қызығымды қызықтағысы келді ме, әйтеуір, Мырзағаң да қарсы емес.

– Несі бар, барамыз Тәшенге, істеттіреміз оған.

– Дайындық жағы... – деп келе жатыр едім, Қари киіп кетті.

– Өй, не дайындық керек саған? Шәкең тағы бір қойын сояды да, ағайын-туғандардың басын қосады. Батасын алады. Әне, дайындық деген сол...

– Төсек-орын, үй-жайы...

Қари ежірейе қарады:

– Өй, сен де бір айтпайтынды айтады екенсің. Әйел үйіңе келмейді, саған келеді. «Ерді кебенек ішінде таны» деген мақалдың бары рас.

Сөзге Нұрқан араласты.

– Бас екеу болмай, мал екеу болмайды. Қайта осы үйді түзеп, тәртіпке келтіретін сол келіннің өзі болады. Тілеуіңді тілеп орныңды күтеді. Әрі Бейіс жеңгемізге қолқанаттығы тағы бар.

Мына әңгімеден кейін мен ойланып қалдым. Шынында да, әйел алудың не қиындығы болушы еді, тәйірі. Шапқылап барып, шапқылап алып қайтасың да. Ең бастысы, ұната, сүйе білуінде ғой. Иә, солай. Сені жоқтатпайды. Орныңды басады.

Шешем өгей болса да, мінезге бай, байсалды, момын кісі. Бетінен қақпайды. Сол себепті, менің болашақ әйеліме өз үйінде отырды не, біздің үйде отырды не, бәрібір емес пе.

Мен осылай толғандым. Үндемей отырғанымды келіскендігі деп түйді ме, әйтеуір, ағаларым «ана ауылда ананың қызы, мына ауылда мынаның қызы» – деп ауызға ілігіп жүрген қыздарды түгендей бастады. Қызық, бірінің әкесі жақсы болса, шешесі жаман, екіншісінің кескіні әдемі болса да, аяғы қисық, үшіншісінің ақылы мол болса да, өнсіз, әйтеуір, ағаларым бір-бірімен келісе алмай көп отырды. Бір кезде мінезге сынық, кісі көңілін аулауға жүйрік Мырзағаң:

– Ананы айтып, мынаны айтып шатасып отырмыз манадан бері, баланың өз көздегені де болуы мүмкін ғой, – деп маған қарады. Қарекең мен Нұрекең де «ал, иә?» дегендей сұрана отырып қалды.

Неге екенін білмеймін, мен осы сәтте алты аласы, бес бересі жоқ күлім көз Сақышты есіме алдым. Жұмсақ майда даусымен:

«Анада хат жазып, елге келсең хабарлас деп едім ғой. Келе көр!» – деп тұрғандай, осы дауыстың анықтығы сондай, тіпті: «Көздегенім бар. Ол Қалидың қызы – Сақыш!» деп те қала жаздадым.

– Мынау күмілжи береді. Соған қарағанда, көздегені бар болғаны ғой, – деді Қари.

– Бар болса айт, қысылма. Ойлағанымыз сенің қамың, – деді Мырзағаң.

– Атасаң болды, жердің түбінен болса да суырып аламыз, – деп қойды Нұрқан ағам.

Манадан бері қазан-ошақ жағында күйбеңдеп жүрген апам байғұс әңгімеге құлақ түрді білем, бері жақындады. Өңі нұрланып, маған әлсін-әлі қарай береді. Үй шаруашылығы бір өзінің мойнында, етек басты күйбеңмен күні өтіп келе жатқанын, жалғызілікті екенін былай қойғанда, келін түсіру оған таңсық секілді. Өйткені, мен осы үйдегі үш ұлдың үлкенімін. Шілдехана демесең, келін түсіру, қыз ұзату қызықтары бұл үйде бұрын болып көрген емес. Сол себепті ағаларымның мына қарекеті апама бір түрлі қызық көріне ме қалай. Шешемнің әңгімеге көңіл аударғаны әсер салды ма:

– Ал, Бейіс, сен не дейсің? – деп сұрады Мырзағаң, ежелгі жұрт көңілін аулағыш мінезіне бағып.

Шешем көп сөйлемейтін кісі.

– Қызы бар болса алсын, – деп күңк етті маған жымия қарап.

Шешем сөзі қамшы болды ма, немене, мен:

– Бар, – деп салдым.

– Ал оның кім? – деді жұтынып отырған ағаларым.

– Мына көрші ауылдағы Қалидың қызы...

Ағаларым шу ете түсті:

– Сақыш па? Ойбай-ау, неғып есімізге келмеген манадан бері!

– Көргенді жерден шыққан ибалы бала.

– Әкесі Қали – ел кісісі.

Сөзге әкем араласты.

– Ә, Қалидың қызы болса, теріс емес.

Үш ағам жанып сала берді.

– Ал, Қари, сен колхоз председателіне барып, арбасымен қос көгін сұрап ал.

– Ал, Мырзахмет, сен Тәшенге телефон сок. Бүгін кешке осында жетсін. Ертеңгі сапарды айт. Бірге баратынын түсіндір.

Мен көкейкесті сырымды айтуын айтсам да, жүрегімді тоқтата алмаймын.

– Қызым бар дегенде байласқан уәдеміз болған емес еді...

Қари киіп кетті:

– Сен хат жаздың ба?

– Жазып едім...

– Ол жауап қайтарды ма?

– Қайтарып жүретін еді... – деймін сенімсіздеу түрмен.

– Ендеше неменеге былжырап отырсың? Колхоз председателінің айтулы қос көгін аламыз ба, аламыз. Ауданның мәндай алды қызметкері прокурор Тәшенді шақырамыз ба, шақырамыз. Мен кім, Нұрқан, Мырзахмет кім? Біле ме, бізді ол елдегілер? Біледі. Сыйлай ма, бізді? Сыйлайды. Олай болса, сөз қысқа.

Аға сөзі бұлтартпайды. Сондай дәлелді. Шынында да, менікі не былжырау осы! Бетіне жан келмейтін үш ағам болса, ол ол ма, олардың ауданда пілдей прокурор досы болса, мен кімнен кеммін? Ешкімнен де кем емеспін. «Күріш арқасында күрмек су ішеді» деген емес пе. Атым белгісіз, тындырғаным жоқ болса да мынадай жолбарыс ағаларымның арқасында қайтіп осал болмақпын. Осындай ағалар кәне кімде бар? Ешкімде де жоқ. Олай болса неменеге тайқақсимын. Неменеден қорқамын.Ел ішінде беделді, аты аймаққа кеткен ағаларымды алып барсам, әкесінде не ес қалмақ? Сақыштың өзі қайтіп көнбейді? Мүмкін емес көнбеуі. Нар тәуекел...

Сонымен, ағаларымның дегені болды. Колхоз председателінің желден жүйрік қос көгі колхоз председателінің әдемі көк арбасына жегілді. Ауданнан прокурор Тәшен шақырылды. Келесі күннің тамылжып тұрған ертеңінде менің төрт ағам Қари, Нұрқан, Тәшен, Мырзахмет болып қораптың төріне, ал мен – болашақ күйеу бала қораптың алдыңғы құйрықбаспайына отырып алып, болашақ келіншегімнің аулына қарай қара жолдың шандағын бұрқыратып, жосылта жөнелдік-ай келіп...

* * *

Сақыш тұратын ауыл жан-жағы қалың ағаш өскен ықтасын алаңға ұзыннан-ұзақ бір көше болып орналасқан шағын ғана колхоз болатын.

Ауыздығымен алысқан екі көкті құйғытып, абалап шыққан иттерді шулатып, есік-терезелерден қараған ауыл адамдарын таң-тамаша қалдырып, қалыңдық үйінің алдына келіп бір-ақ тоқтадық.

Үйден жүгіріп бір бала, содан кейін жасамыс бір әйел шықты. Зады, менің болашақ қайын енем осы кісі болса керек.

– Қали ақсақал үйде ме?

– Үйде. Түсіңіздер.

Қари киліге сөйледі.

– Түспе десеңіз де түсеміз. Өйткені, ат басын әдейі осы үйге тірейміз деп шыққанбыз әу баста.

Әйел бірдемені сезді ме, ашылып ештеңе демеді. Менің ойым – Сақышта. Үйде ме екен? Әлде, басқа жақта жүр ме екен? Сөйткенше болмады, менің болашақ қалындығым шешесінің сырт жағынан мойнын созып, сығалай бір қарады да, бізді көріп жоқ болып кетті. Әлде ағаларымнан, әлде менен зәресі ұшты ма, әйтеуір, амандасуға да шамасы келмеді.

– Қыз деген залым келеді, жайшылықта жайдары қарсы алушы еді, бір пәлені сезген болуы керек, жымып отырды ғой, – деп қойды Нұрекең.

– Жымып қайда барар дейсің, басына ноқта түсер алдындағы соңғы бұлқынысы да, – деп прокурор Тәшен сендіре айтты.

Қалекең, сол кезде, жасы алпысқа келіп қалған шоқша сақалды, кішкене бойлы, арық та әдемі, келісті кісі. Дағдылы аз сөйлеп, көп тыңдайтын сабырлы қалпы бізді сынайы қарсы алды.

– Е, балалар, жоғары шығыңдар. Ой, қатын, қайдасың, төрге көрпе сал.

Өз көңілін патшаға да бермейтін менің ағаларым баппен басып, төрге шығып, іргеге тасталған мамық жастықтарға шалқая отырысты. Солардың төменгі жағынан осы үйдің бес минуттан кейін күйеу баласы болып кетейін деп тұрған, мына мен жайғастым.

Қалидың үйі қонақ түсетін берекелі үй екенін бұрыннан білетінмін. Содан ба, әйтеуір, қора ішінде болашақ қайынбике, қайын жеңге, балдыздарым көбейіп кетті. Әлгіндей болмай от жағылды. Әлгіндей болмай қой сойылып, қазан көтерілді. Қабақ қағыста бауырсақ пісіріліп, сары май мен күжілдеп сары самаурын келді алдымызға. Осының бәрі Қалекеңнің сыртқа бір-екі рет қана шығып келгенінің нәтижесі.

Өзіміз оңаша қалған бір ретте:

– Міне, ағаларыңның кім екенін көр енді. Біздің екпіннің тау шайқалтып, ағаштарды тамырымен қопарып кете алатынын байқап қой, – деп ағаларым маған қарап жымың-жымың етті.

Сонымен шай ішілді. Ет желінді. Содан кейін ағаларым келген шаруасына кірісті. Алдын ала келісім бойынша, сөзді маған басқа ағаларымнан көрі ет жақын Мырзағаң бастады:

– Қалеке, – деді Мырзағаң қаздия тік отырып, ширақ даусымен. – Мен – іргеден көтерілген қара бұлтпын. Бабымды таппасаң үй-орманыңа түнеріп, түйіліп келіп қара нөсер болып төгіп кетем. Қара дауыл болып келем де, соғып кетем.

Мырзағаң сөзін Қари іліп ала жөнелді.

– Мен – қара бүркітпін, осы жақта орман-таудың қызыл түлкісі жүр. Іліп түсуге шүйіліп келем. Мына отырған Тәшен – қынынан суырылған жалаң қылыш, кесіп түседі. Ана отырған Нұрқан – бесатар, нысанаға іліккенді жібермейді.

– Хош? – деп қойды аспанға шарықтап кеткен ағаларымның нені мегзеп отырғанын бірден аңғарған Қали. – Құлағым сіздерде.

Ендігі сөзді Нұрқан қақпақылдады:

– Бізді қара бұлт, қара нөсер, қара бүркіт етіп, алмас қылыш, бесатар мылтыққа айналдырып жіберіп отырған мына бала, – деп Нұрекең мені көрсетіп, жерге түсті.

– Ал, иә?..

– Құдай жазса, құда болмақпыз. Сізде мөлдіреп тұрған қыз бала, бізде жұтынып тұрған ұл бала бар. Табыстырамыз екеуін.

Монтаны Қали:

– Балалардың келісімі бар ма екен? – деп сұрады. Мен «бар еді» деуге де, не «жоқ» деуге де батылым бармай, күмілжіңкірей беріп едім, Қарекең іліп әкетті.

– Бар болғанда қандай!

– Е, балалардың келісімдері болса, онда не деп қарсы боламыз, – деп Қалекең бірден түсті де, есік жаққа дауыстады.

– Әй, қайсысың барсыңдар, әлгі баланы шақырыңдаршы.

Маған іргелес отырған Мырзағаң: «Далаға шығып, өзің сөйлесіп алсаңшы қызбенен», – деп күңк етті.

Мен елеусіз сыртқа беттедім. Сақышым, тегі, тығылып қалған ба, сүт пісірім уақытта шеткі бір үйден табылды. Бұрынғы мен көргеннен де құлпырып, сұлуланып кеткен секілді. Мен қол бердім де, оңашалау жерге жүр дегендей ыңғай таныттым. Үлкен-кіші, бала-шаға таңырқап, қызықтаған көп көздер бізді қора айналдырып салды.

– Иә, жай жүрсіңдер ме? – деп сұрады Сақыш, оңаша шыққан соң. Көзі күлімдемейді. Өңі салқын.

– Жай жүруші ме едік. Шаруамыз бар.

Сақыштың көзі күлімдей қалды.

– Ендеше сол шаруаларыңды тындырмайсыңдар ма? Менімен уақытты босқа өткізіп қайтесіз?

– Шаруамыз сізде болып тұр ғой, Сақыш.

Сақыш түсінбегенсіді.

– Иә, мен де шаруа шеше алатын болып па екем?

– Әрине, шаруамыздың шешілер, шешілмес кілті өзіңізде.

– Армияда емес пе едіңіз. Біржола келдіңіз бе?

– Келдік ғой, әйтеуір, – деп мен екіұштылау жауап бердім.

Сақыш бұл жауаптың да мағынасын түсініп тұр. Біржола келмесең, енді неменеге әуре болып жүрсің дей ме, жүзі қайта салқын тартты.

– Ал мендегі шаруаңызды айтыңыз.

Мен не десем екен деймін бе, жүрексініңкіреп сәл тұрдым да, жаңағы ағаларым айтқан әдемі сөздерді төгілте жөнелдім.

– Мен – іргеден көтерілген қара бұлтпын... Қара нөсер болып құйып кетем.

Мынаның дені сау ма дегендей, Сақыш томсарып қалды. Онда менің шаруам қанша, бір бастаған соң қайтсем де айтып тынуым керек.

– Мен... мен – қынабынан суырылған алмас қылышпын. Кесіп түсем. Мен – кезелген ақ мылтықпын. Нысанаға алғанымды қалпақтай ұшырам.

Түменнен жазған хаттарымды түсінбейтін Сақыш мына жылтыр сөзге тіпті құлақ асар емес.

– Иә, оны не қыл деп айтып тұрсыз? – деп тіксіне сұрады. – Шаруаңыз осы ма?

– Жо... жоқ... шаруам әлі алда. Мен, жоқ, мен емес, сіз – орман-таудың қызыл түлкісісіз. Ал мен – қара бүркітпін. Іліп түсем.

«Әй, ақымағым-ай» дегені ме, Сақыш мырс етіп күліп жіберді.

– Сіз бүркіт болсаңыз бола беріңіз. Мен бірақ түлкі емеспін. Іле алмайсыз.

Мен тебіреніп кеткендеймін. Енді кәдімгі адамша жалына сөйлеймін.

– Сақыш, мен сізді жақсы көрем. Алып кетейін деп келдім.

Сақыш илігер емес.

– Сіз жақсы көрсеңіз болды, шаруа бітті дейді екенсіз ғой. Дүниенің тұтқасы сіздің сол жақсы көруіңізде ғана тұр екен ғой. Ал мен жақсы көрмедім. Онда не істедіңіз?

Төбемнен жай түскендей. Жылы-жылы хат жазып жүрген Сақыш дәп осылай жауап қайтарады деп кім ойлаған.

– Сақыш, мен өзіңізге сеніп келдім ғой.

– Неге сеніп келесіз? Уәде берген жоқ секілді едім ғой.

– Уәде бермесеңіз де... – деп күмілжідім мен.

Сақыш:.

– Уәде бермесеңіз де... – деп кекете сөйледі. – Мен тоқты-торымын ба сізге? Тоқты-торымды да алдын-ала келісіп, уағдаласып алмаушы ма еді?! Мықты ағаларыңның абыройына сеніп келген екенсіз ғой. Ал бүркіт болып бүре беріңіз.

Мен сөз таба алмай қалдым. Сақыш: «Сау болыңыз» деді де, қора айналып кетті. «Сақыш, Сақыш» десем де, қайырылған жоқ.

Екі иінімнен су кетіп, солбырайып ішке кірдім. Ағаларым қанша мықтымсынса да, істің тетігі өздерінде емес, Сақышта екенін түсінетін болса керек, «ал не болды?» – деп жарыса сұрады.

Менің «Сақыш көнбеді» деуге дәтім бармады.

– Жауабын екі-үш күннен кейін беретін болды, – дедім ұялғандығымнан.

– Е, дұрыс қой, екі-үш күн күтейік, – деп шуласты ағаларым.

Қали да жадырап сала берді. Құлығы ма, шыны ма:

– Жөні сол. Қыз ұзату оңай ма. Дайындалайық. Ол жақ та қамдансын. Өйтпегенде тосыннан тосын, томағатұйық, балалардың әлдебір тығылмақ ойнағаны секілді болатын еді тіпті, – деп шешіле сөйледі.

Біз аттанып кеттік. Жауап екі-үш күн түгіл, жарты айдан кейін де келген жоқ. Келмейтін жауапты күтіп, мені жолымнан бөгей берген ағаларыма шынымды айта алмағандығымнан, Түменге де бес күн кешігіп келіп, бес күн гауптвахтаға жатып шықтым. Сотталып кете жаздадым.

Міне, ағаларым мені бір кезде осылай үйлендірмек болған еді...

Бір қызығы, бұл күнде бірі дүние салған, енді бірі қартайып пенсияға шыққан, сол ағаларымның «қайтсе де осы бала кісі болса екен», – дейтін ақ тілеуінен туған осы бір күлкілі де қызық оқиға – мен өтіп келе жатқан ұзын жолдың бойындағы жолаушы тоқтап сусындар, ат шалдырып өтер бір саялы бекет-белгі секілді болып көрінеді де тұрады өзіме әманда.

ЖЕЛ КЕРУЕН

Аудандық комсомол комитетінің хатшысы болып сайланғаным сол еді, аупартком хатшысы Петр Матвеевич Голубев өзінің кабинетіне шақырып алды да, елге, командировкаға шығатынымды айтты.

Мен үндемедім. Себебі, сайланғаным кеше ғана. Комсомол ұйымының жұмысын да әлі қабылдап алған жоқпын. Сол жауапты жұмысты қабылдамай жатып, керек десең хатшы креслосына отырмай жатып елге, командировкаға шығуым керек?..

Аз-кем үнсіздіктен кейін мен айтқан болсам керек:

– Петр Матвеевич, комсомол жұмысына бармаймын десем де, еркіме қоймадыңыз, енді сайланғаннан кейін аздап болса да, комитеттің жұмысымен танысуым жөн емес пе?!

– Кейін танысып үлгересің. Аудан халі қиын. Астық жоспары орындалмай жатыр. Сол қиындықты комсомол – сендер болып, біздер болып жеңбесек, кім жеңбек?..

Менде дау айтар шама жоқ. Келісімімді ынғайыммен танытып көтеріле бердім. Есік көзіне жеткенімде:

– Сен әлі бастықпаған жігітсің ғой. Жеңілден бастасын деп шаруасы шағын «Ортақшыл» колхозына жіберіп отырмын, – деді аупартком хатшысы. – Егер қиындық бірдеме туа қалса, байланысып тұрғайсың. Көмектесермін.

Мен есікті жаптым. Қатты жапқаным жоқ, бірақ. Өйткені, бет әлпеті мөлдіреп түскен леп белгісіне ұқсайтын осы бір ақ сары, орта бойлы, шығыңқы қозы қарыны бар етжеңді кісіні жек көрмейтін едім... Жек көрмейтін едім... – сөз емес, шынымды айтсам, жақсы көретінмін. Мен емес, бүкіл ел болып Голубевті жақсы көретін. Себебі ол сөзде де, істе де бар кісі. Екеуінде де аяғын тең басқан жорға. Оның үстіне... оның үстіне емес-ау, ең бастысы, сондай әділ. Алды кең. «Ал кеттімі» жоқ. Болмашыға тарылып, күйіп-піскенін, тызбалақтағанын өз басым көрген емен. Жоғарғы жақтан келіп жататын әр қилы қаулы-қарар, жарлықтарды аудан ыңғайын ескере отырып өзінше шешеді. Өзінше жүзеге асырады. Содан ба, бүкіл аудан болып осы кісіге қарайтын. Голубев бізге арқа сүйер, қарағаштай пана. Әрі – барометр. Ол кісі қыстықса, ашу шақырып, қабағын түйсе – арты тегін емес екенін жұрт бірден аңғарар еді де, өлсін, тірілсін, тапсырылған іске бас қойып, жұмыла кірісер еді. Голубевтің қадірлілігі сондай, оның бұл ауданға екінші келуі. Алғашында төрт-бес жыл бірінші хатшы болып істеген соң, Петр Матвеевич жоғарылап, облыстық көлемдегі бір мекемеге бастық болып кеткен-ді. Бірақ арада жыл өтпестен бүкіл аудан болып хат үстіне хат жазып, қоярда-қоймай жүріп қайтарып алған болатын.

Міне, Голубев осындай кісі. Менің жақсы көретінім де содан. Ал жақсы көрген адамың аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болса, онда сен аудандық комсомол комитеті хатшылығының креслосына отырып үлгермек түгіл, есігінен аттамасаң да, оның дегені заң.

Шынын айту керек, Солтүстік Қазақстанның ең бір қиырында жатқан осы Преснов ауданы орысы көп те, қазағы аз, аралас аудан. Соған қарамастан, Голубевтің «сен олайсың, сен былайсың» дегені болған емес. Ең алдымен, ол «осы өседі-ау», «осының қолынан бірдеме келеді-ау», – дейтін қазақ кадрларына көңіл қойғыш. Айталық, менің аудан комсомолына басшы болармын деген үш ұйықтасам да түсіме енбейтін оқиға. Ал Голубевтің пікірі өзінше. Ол мені шақырып алды да, «секретарь боласың», – деді. Мен «бола алмаймын», – дедім. Олай дейтінім – мен, ең алдымен, орыс тіліне шорқақпын. Бұл қиындықты қалай жеңерсің? Петр Матвеевич айтты. «Орыс тілін оқы, үйрен. Жетпеген жерінде өзім көмектесем».

Ал, тіпті менің басымда тіл мәселесінен де өткен бір қиындық, мін бар: өзім анық білем – менде басшы боларлық ұсқын жоқ, ұйымдастыру қабілеті жоқ.

Мұны айтқанымда Петр Матвеевич қабағын тыжырткан: бұдан

былай кеш жатасың, ерте тұрасың. Аз ұйықтайтын боласың. Сонда басшыға керек ұсқын да, ұйымдастыру қабілеті де өзінен-өзі келеді.

Мен тіпті сол қасиеттердің өзінен -өзі қалай келетінін ойлап та үлгерген жоқпын. Міне, енді «Ортақшыл» колхозына аудандық партия комитетінің дындай өкілі болып бара жатырмын.

Бұл – соғыстың үшінші жылы. Майданда қандай ауыр хал, қан төгіс, қиындық болса, сол қиындықтың айнасы – ел өмірі.

«Ортақшыл» колхозы не бары қырық-отыз шақты-ақ түндік. Салатыны – төрт жүз гектар егін. Сауатыны – жүз шақты сиыр да, бағатыны – бес-алты жүз қой. Ал осындай, жел үп етсе ұшып кетер, есебі бірлеп саналар қауқарсыз колхоздың үкімет алдындағы борышы мыңдап есептеледі. Алдын ала айта кетейін, мен өкіл болған сол жылы егіннің әр гектарынан бұл колхоз орта есеппен бес-алты центнерден астық алды. Барын жиып үкіметке тапсырды. Одан қалғанын тұқым қорына құйды. Сонда жыл он екі ай табанын сиырып, маңдайын жыртып тер төккен, боздақтары мен бас көтерерлерін майданға аттандырып жіберген қатын-қалаш, кемпір-шалдардың еңбегіне тигені – бес-алты пұт бидай. Онымен қай жыртығыңды жабарсың.

Майданды қан төгіс, елді қиындық иектеп алған шақ.

Осы жайды өзге жұрттың бәрінен де озық білетін Голубев, елге өкілдер аттандырар сол жиналыста: «Жалғыз масақ далада қалмасын, бәрі де майдан үшін! – дей тұрып – Әпербақандық танытпаңдар, құдайға құлшылық ет десең, мандайын соғып алар ақымаққа ұқсап кетпеңдер. Үкіметке тапсырылар астықпен қабат тұқым қорын, малға деген жем, еңбек ақыға бөлінер дәнді де қатар ойластырындар», – деген.

Мен, міне, «Ортақшыл» колхозына хатшының осындай ақыл-тапсырмаларымен келе жатырмын.

Бір қызығы, шарқы шағын болса да осы колхоз маған соншалықты ұнайды. Ұнайтын себебі – ең алдымен, бұл жел жағында қалың орман-ықтасыны бар колхоз. Оның үстіне, сол орман ығында әдемі жерге орналасқан осы бір кішкене ауылда жігіттің төресі – Әпен тұрады. Біздің орманы мен суы мол Солтүстік Қазақстанда бұрын шағын-шағын ауыл болып, қыс кезінде айлап жынды боран соқса да, бұта басы шайқалмайтын, мал мен жанға ықтасын-құт қалың ормандарын қыстап, жаз сол өлкенің жайылымы шүйгін, мөлдіреп жатқан тұнық, тұщы сулы көлдері көп далаңқы жерлерін жайлайтын қазақтар 1931 жылы топтасып, бас қосып колхоз болып ұйымдасты. Ал сонда менің бала ұғымымда колхоздасып жатқан сол ауылдарда туған екі қиындық бартын. Біріншісі – ішсең сусын, жесең тамақ, кисең киім болатын, шағын тірлігіңнің тірегі – алдыңа салып мәпелеп баққан екі-үш қаранды айдап апарып ортаға салу еді. Осы ретте, мен күні бүгінге дейін ел ішінде болып өткен үлы дүрмек – революция – коллективтендіру кезіндегі

тіршілік тартысының жай бергі бетін қарпитын саяз жазушысымақтар мен не нәрсені болсын жалаулатып жүретін саяз социологтар аша алмай келе жатқан және бір кереметі – ондайлар аша да алмайтын бір психологиялық жайды байқаймын.

Бұл қазағың қазақ болған есте жоқ ескі күндерінен бастап мал баққан, сол себепті бар болмыс-тірлігін мал тұяғына бағындырған халық. Қазақ амандасса: «Мал-жан аман ба?» – деп әуелі малдың жайын, содан кейін жанның жайын сұрасады. Ең сұлуын «құлын мүше», немесе «ботакөз» – деп жылқыға, түйеге теңейді. Тендесі жоқ әйел сұлулығы – арудың бейнесі де – аруана. Ең жақсы көргенін «қозым», «ботам», «құлыным» деп жатса, бұл да бір шырқау жан тазалығының, шексіз махаббат тұнығының бейнесі. Осы арада мен мынандай бір қызық фактіні еске алғым келеді. Біздің қазақ балалар театрының негізін қалаған, бұл күнде одақтың музыкалық балалар театрының жетекшісі, СССР Халық артисі Наталья Ильинична Сац өзінің «Өмірімнің хикаялары» деген кітабында: «Мұхтар Әуезов – қазақтың «құлыным», «ботам» деген сөзіне ыржиып күлген әйел, қазақтың жанын түсінбейді дейтін еді», – деп жазады. Малмен бірге өріп, малмен бірге қонысына қайтқан, бірақ сөйте жүріп, тазалық пен адалдық тұрғысына, аңқаулық пен сұлулық, рух биігі тұрғысына үлгілі деген өркениетіңнің өзіне шын мағынасында үлгі бола білген халық «ал бар малды ортаға саламыз», – деп ұран тасталғанда, дүниеқоңыздықтан қиналмаған. Қолыңды қырықса – шолақ, аяғынды қырықса – мешеу болып қалатының секілді, тірлігіңнің тірегі – алдындағы малыңды алса, әрі шолақ, әрі мешеу болып қаламыз деп түсінген ел: «Ал малды ортаға салдық, ал колхоз болып ұйымдастық. Ал сонда ертеңгі күніміз не болады? Біз берерміз, бір-ақ қайтарып аларымыз не сонда? Ортайғанды немен толтырамыз?» – деп дағдарған. Бұл – өмір бақи мал баққан, малсыз жерде тірлік болады деген ұғымды мүлде қабылдай алмайтын халықтың психологиясы. Ал осы психологияны қайтіп жендік? Қалай, не тәсілмен өзгерте алдық? Жаңа өмірдің артықшылығын, коллективтендірілген елдің күш-қуаты басым болатынын жеріне жете дәлелдей жүріп асықпай үгіттеп, жұрт көзін жеткізе алдық па? Жоқ, ол кездегі коллективтендіру науқанын жүргізудегі белсенділер тәсілі мүлде бөлек болған. Аты шулы «Табыстан бас айналу» атты мақаланың жарық көру себебі де, міне, сол әпербақандықта жатыр.

Колхоздасу науқанында Солтүстік Қазақстанда туған екінші киындық – қоныстану мәселесі. Себебі – «жақсы, колхоз болайық, ал сонда қайда қоныстанамыз?» – дегенде әркім өз қыстауына қарай тартқан. Өз қыстауларының артықшылығын дәлелдеймін деп қызыл кеңірдек болған. Бірақ қыс қыстап, жаз көшіп кететін бұл қыстауларда су жоқ. Ал суы жоқ жердің орманы қанша қалың болғанымен, тұрақты мекен

бола алмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Солтүстік Қазақстанда мынандай бір парадокс байқалады: осы бір шағын өлкеде қартаға түскен бір жүз жиырма бес мың көл бар болса, сол өлке территориясының үштен екісін орман алып жатады екен. Жаңағы парадокс деп отырғаным – ағашы бар жерде көл жоқ та, көлі бар жерде ағаш жоқ. Сол себепті, жаңа қоныстың мөлдір сулы терең де қайраң көл төңірегінен іздеген ел белсенділері колхоз қыстақтарына қолайлы орын деп кілең бір ит жон, қыраттарды таңдаған. Айналаң тұнып тұрған ну орман. Колхозды ауылың болса ит байласа тұра алмайтын, солтүстіктің ұзақ қысында үйлердің төбесінен қар жүріп кетер, ықтасыны жоқ, жел өтіндегі жон қырқаларда жатыр.

Ал, мына мен келе жатқан «Ортақшыл» колхозы туралы олай дей алмайсың. Жел жағы – ықтасын қайың шоғы. Екі жағында колхоз орталығынан біршама қашығырақ бір сулы томар, бір қамысты көл бар. Көлдердің біршама жерде болуы – су тасып әкелуде қиындығын сезінсең де, – тазалыққа жақсы екен. Оны мен өзімнің туған «Лия» колхозының тәжірибесінен білем!

Шіркін, бір кезде Лия көлі қандай еді! Көлемі шағын болса да, мөлдір суы жарға соғып жататын-ды. Асты ақ таңдақ құм, қалай кешіп жүрсең де лайланбайтын. Қол созым жердегі қамысына жігіттің жігіті-ақ малтып барып, қайта алатын. Қайыққа мініп айдынына шықсаң, су түңғиығындағы тірлік айна-қатесіз көз алдында. Өз патшалығында еркін жосыған бұқа мойын қара жон табандар мен қызыл қанат алабұғалар бүгінгі түрлі түсті жақсы телевизорыңыздағыдан да айқынырақ көрінетін. Сол Лия көлі қазір жай бір шалшық. Себебі көл қабағын айналдырып, итіндіре орналастырылған ауылдың бар мал-жанының жаз бен күз, қыс бойғы жуынды, шайындысының бәрі көктемде қар суымен сол Лия көліне құйылады. Қазір бұл көлдің суын адам түгіл, мал да ішпейді. Ал «Ортақшыл» колхозының екі жағында алысырақ жатқан көлдер күні бүгін де бәз-баяғы қалпында.

Міне, мен келе жатқан қырық-отыз үйлі «Ортақшыл» колхозының аудан көлемінде осындай ерекшелігі бар.

Ал сол колхозда тұратын Әпенге келсек... ол өзі асықпай отырып айтарлық өз алдына бір хикая...

Содан бері, міне, отыз сегіз жыл өтті. Бірақ осы бір шаршы бет, шықшытты келген, ұзын бойлы ашаң жігітті әлі күнге ұмыта алмаймын.

Әпен – осы ауылдың бетке шығары. Ол өзі майданда қанын төгіп, жараланып келген жігіт. Бір қолы – жарымжан. Көкіп көп сөйлемейді. Бетімен ақыл айтып та шашылғанын көрген емен. Майданда «өйттім, бүйттім» деп бөскен кезін де байқаған жоқпын. Атқарар қызметі де шамалы. Колхоздың кілтшісі ғана. Бары сол. Ал колхоз председателі жуантық келген жасамыс қара – Тұрғын Әйкенов – қулық-сұмдығы жоқ, жоқ жерде бедел ала қояйын демейтін, ісін есепке құрмайтын, әйтеуір,

өзімен-өзі болып жүретін кісі. Неге екенін білмеймін, бастық пен кілтші екеуі де осы ауылда туып, өскен, ала-құласы жоқ өз ағайындарының арасынан шыққан адамдар болса да, Әпеннің беделі артық. Жоқ-жітігі көп жұрттың бәрі де әрі жасы үлкен, әрі бастық Тұрғынға бармайды. Әрі жасы кіші, әрі бар болғаны колхоз кілтшісі ғана Әпенге келеді. Әпенмен ақылдасады. Көңілдің жыртығы болса, соған жаматтырғысы келеді. Бір қызығы, Тұрған оған шамданбайды. Ел көңіл-күйінің пернесін дөп басып тани бермейтін, алың-бұлыңдау, алды бар да арты жоқ, ақ қабақ бастықтың осы міндерін пайдаланып, жұрт алдында жақсы көрініп қалайын деп Әпен де есеп құрмайды. Екеу ара есеп-қисапқа сыймайтын сондай бір татулық, шынайы үйлесімдік бар. Әу баста, құдай тағала бұл екеуін жаратқанда: «Ал, міне, сен мынадайсың. Мынадай болғандықтан, сенің жетпей жатқан көп мініңді сенен көп жыл кейін туған, міне, мына кісі әманда түзеп, туралап жүретін болады», – деп нұсқауын қоса жазып, қосақтап жіберген секілді. Олардың осы ерекшеліктерін өз елі ғана емес, былайғы жұрт та, аудан белсенділері де жақсы біледі. Сол себепті бұл колхозға сырттан келетіндер де Тұрғын деп емес, Әпен деп келеді. Колхоз председателі Тұрғын үйіне емес, Әпен үйіне келіп түседі.

Ауданнан дыңдай өкіл болып келген мен де бұрынғылар салған жолмен Әпен үйіне келіп түстім...

Әпен семьясы ол кездің ұғымында ауқаттылардың қатарына іліккенімен, тым жұпыны, қоң торғай тұратын еді. Екі бөлмелі ағаш үй, бесалты қой-ешкі, бір бұзаулы сиыры мен жыл сайынғы төлі – соғымдық бір бие – бар байлық осы. Әпенге жұрт үйір болатын себептің тағы бір түйіні – оның әйелі Кәмилаға байланысты ма деп те ойлаймын. Сол кезде үш-төрт баланың анасы болып жасы отызға келіп қалса да, Кәмила өңін бермеген тым тартымды, шырайлы келіншек. Бірақ жұрт оның шырайына келмейді. Ісіне, берекесіне қарап келеді. Арада, міне, отыз сегіз жыл өтіп кеткен осы бір шақта Әпенді, оның жұбайы Кәмиланы еске алсам, менің көңілімде қалғаны – осы кісінің үндемейтіндігі. Кәмила балаларына қарайды. Малын бағады. Әманда қонақ алып келетін күйеуді – Әпенді күтіп отырады. «Неге кеш келдің? Неге біреуді ертіп келдің?» – деген сұрау Кәмиланың тіліне оралмақ түгіл, ұғымына да жат сауал. Әпен – Әпен болған соң кешігуге тиісті. Әпен – Әпен болған соң қонақ алып келуге тиісті. Әпеннің дүниеге келгені, ер жеткені, Кәмилаға үйленгені, балалы-шағалы болғаны қандай занды болса, «колхоз, колхоз!» – деп далақтап жүретін оның кешігуі де, сол «колхоз», – деп келген өкілдерді ертіп келуі де сондай заңды. Тегі момын, неге болсын көнтерлі Кәмиланың үндемейтіні де содан шығар. Ал жұрт болса Әпен үйіне Кәмила үндемейді, қабақ шытпайды дегендіктен гана топырлап жатпайды. Үндемейтіндігінің, көнтерлілігінің үстіне Кәмилада тағы

бір қасиет бар: оның қолы берекелі, тамағы дәмді. Бірақ Кәмиланың дәмді тамағын атүсті ішіп кете алмайсың. Шай ішкің келсе ертемен кел. Кәмиланың шайын түсте ішесің. Ет жегің келсе, түсте кел, Кәмила асқан етті түннің бір уағында жейсің. Кәмила асықпайды. «Күн шығып қалады, күн тал түс болып қалады, күн батып кетеді» деген Кәмиланың пәрігөйіне де кірмейді. Ол жұрттың бәрінен кеш жатады, жұрттың бәрінен бұрын, ерте де тұрады. Бірақ сен асығып отырсың ба-ау, кезек күттірмейтін шаруаң бар ма-ау немесе жолыңнан қалып қоясың ба-ау, онда оның ісі жоқ. Тым тату тұратын осы семьяда талай рет Әпеннің де қабақ шытқанын білемін. Талай рет қонақтардың да мазасы кеткені көз алдымда. Бірақ Кәмила сол баяғы асықпас қалпынан жаза баспайды. Ал шыдамың жетіп, Кәмиланың бір рет шайын ішіп, бір рет асқан етін жедің бар ғой, келесі шайын бес сағат, келесі дәмін бес күн күтуге де барсың. Өйткені бұл орамда дәмге ондай бап әйел жоқ. Кәмиланың қарындағы майының, қазанындағы етінің дәмі айлар өтсе де аузыңнан кетпейді.

Міне, Әпеннің құдай қосқан қосағы осындай адам.

Бұл ауылда менің есімде қалған және осы әңгімеге тиек болғалы отырған тағы бір-екі адам бар. Екеуінің де аты – Ахметжан. Бірақ ұқсастықтары – бар болғаны атында ғана. Бірінен-бірін айыру үшін оларға жұрт таққан лақаптар қызық:Үлкен Ахметжан. Кейде үлкені Момын Ахметжан, ал кішісі Тентек Ахметжан болып та аталады. Үлкен Ахметжан сол кезде елуден шығып кеткен, әдемі шоқша сақалы бар еңгезердей адам. Таңның атуы, күннің батуы ат үстінде. Ат үстінде болатын себебі, ол осы колхоздағы бары-дағы, жоғыдағы жалғыз бригаданың – бары-дағы, жоғы-дағы жалғыз бригадирі. Жылдың төрт мезгілінде туатын барлық науқандар, «ал кеттім» ала құйын жарлық, тапсырма, нұсқаулар осы Үлкен Ахметжан арқылы өтеді, осы Үлкен Ахметжан арқылы орындалады. Ертеден қара кешке астындағы торы төбелін салдыртып көше аралайды ол. Қатын-қалаш, шал-шапқыт, бала-шағаларды жұмысқа шығарады. Зырылдатып ферма басына, зырылдатып қырман басына барады. Әйтеуір бір тыным жоқ, әйтеуір бір қабақ шыту жоқ. Жалынып, жалпайып қарағымдап, әйтеуір жұрт көңілін тауып жүргені. Момын атанғаны да содан болса керек. Менің есімде қалғаны осы кісінің осы бір еңбеккорлығы. Әрі бала-шағасының көптігі. Біршама жасап қалған адам болса да, неге екенін білмеймін, балалары шиеттей жас. Тағы бір есімдегісі, бригадирдің атқа отырысы қызық, еңкеймейді, бойын тік ұстап, басын кекжитіп тік отырады. Содан болса керек, шоқша сақалы әманда состиып бірден көзіңе түседі, әрі күлкіңді келтіреді. Осы секілді мінез-құлқы, жүріс-тұрысымен еліне жұғымды Үлкен Ахметжан маған да ұнап қалды.

Сөйтіп, бұл ауылда алың-бұлыңдау болса да, ақ көңіл Әйкенов секілді

председателі, Әпен секілді беделді, ақылгөй нығыз кілтшісі, Үлкен Ахметжан секілді еңбеккор, момын торы бригадирі болғандықтан, ауданнан келген, мүйізі қарағайдай аудан өкілі – менің жұмысым біраз жеңілденіп қалды. Қырман басында, мал фермаларында Голубев берген тапсырма-нұсқауларды өзімше жеткізіп, өзімше түсіндіріп науқанды абыроймен өткізуді өтінемін. Қарсы болар бір пенде жоқ. Қатын-қалаш, шал-шапқыт, бала-шағалардың бәрі де ел басына төнген қатерді менен артық түсінбесе, кем түсінбейді. Жұмыла іске кіріседі. Қайда болсын қызу еңбек. Егінжайда ертеден қара кешке тоқтаусыз комбайн дүрілдейді. Содан түскен астық дамылсыз өгіз арбаларга тиеліп, колхоз қоймасына жөнелтіледі.

Сондай бір күннің кешқұрымы. Мен егінжайда әлденеге тоқтап қалған комбайнға келсем, комбайншы сынған бір бөлшекпен әуре де, ал қашанда болсын іздеген жеріннен табылар Үлкен Ахметжан пар өгіз жеккен бір айдаушы баланың тақтай қорапты бірішкесіне бидай артып жатыр екен.

– Бұл менің орталыққа апарар бесінші арба бидайым, – деді жас шамасы тоғыз-ондардағы қара бала. Даусында мақтаныш бар.

– Сонда бұл бала бүгінгі күніне бір жарым еңбеккүн табатын болады, – деп Үлкен Ахметжан көтермелеп қойды.

Бір күнде бір жарым еңбеккүн! Бұл әрі сондай көп. Әрі сондай аз. Көп болатыны бір үйден осы бала секілді екі-үш жұмыс қолы шығып еңбек етсе, бір жылда жаңағы үйіңіз – мың, мың жарым, кейде тіпті екі мың еңбеккүнге дейін таба алады. Астық шыққан жылы бұл тіпті көл-көсір дүние. Қамба дайындап үйренбеген, алдағы жылдарда егін шықпай қалар-ау, сол себепті бар дүниені ысырап етпейік, жинап, сақтап қояйық деген ұғым қанына сіңбеген, құлағына енбейтін қазақ ауылдарында ондай молшылық жылдары кілең бір аянышты көріністерге тап болар едің. Екі-үш адамы бел шешіп шыққан әлгіндей семьялардың еңбек ақысына жыл қорытындысында екі мың, кейде тіпті үш мың пұт таза бидай келеді. Ал мұншама астықты қайда сыйғыза аларсың? Сыйғыза алмаған, өткен жылы егін шықпағандықтан, екі қарасы болса, екі пұт бидайға сатып қыстан «аллалап» зорға шыққан, бірақ сол күндерді енді ұмытып үлгерген бұл қазағыңыз екі қараны енді екі пұтқа емес, екі жүзден төрт жүз пұтқа сатып алады. Бір пачка үнді шайы – бір пұт. Көйлектік сисаның метрі – бір жарым пұт, жай матадан тігілген костюміңіз – елу-алпыс пұт болып шырқап шыға келеді. Телегей-теңіз дүниенің тең жартысын онды-солды осылай шашып, ырыс пен ризығын осылай шайқап үлгірген жұрт ендігі қалғанын не істейді дейсіз ғой? Ендігі қалғанының тағдыры одан да қызық: орталық астығын қайда қоярын білмей дағдарған колхоздың басшылары: «Еңбеккүнге тиесілі астықтарынды алып кете көріңдер!» – деп ұран салады. Үлкен

Ахметжан енді шоқша сақалын соситып, торы төбелін тебініп келіп үй қақпаларын қағады. Дауысы баяғыдай емес – қарағым-шырағымы, жылылығы аз да, өктемдігі басым: бүгін жұмысқа шықпай-ақ қой. Соның есесіне колхоз қамбасынан еңбегіңе тиесілі астығыңды алып кет! Әйтпеген күнде... – Үлкен Ахметжан «әйтпеген күнденің» ар жағын айтпайды. Торы төбелін тебініп, екінші қақпаға келеді. Үлгергендер астығын алып үлгіреді. Ал үлгіре алмағандар жаңағы «әйтпегенденің» неге апарып соқтыратынын екі-үш күннен кейін барып көреді. Астыққа толтыра тиелген жүк машиналары ана жолғы Үлкен Ахметжан жүріп өткен ізбен қақпалардың алдына келеді де, кузов борттарын ағытып жіберіп, моторларын ызылдатып ілгерілі-кейінді лықсытады-ай келіп. Машина жүріп өткен осындай қақпа алдында қалған таутеңіз астықтың кейде апталап жататыны да болады. Жаңбыр жауса шіріп көктей бастайды. Мал жейді. Ойнақтап үстіне ешкі-лақ шығады. Сөйте-сөйте жаңағы тау-теңізіңіз көңге айнала береді. Мен ес білген 1934 жылдан соғысқа дейінгі Қазақстанның солтүстігіндегі қазақ колхоздарының бәрі демейін, бірақ көбіндегі хал осы болатын. Мына бір қара бала тапқан бір жарым еңбеккүннің көптігі, міне, осында. Ал аздығы – егін шықпай қалса, бір жарым еңбеккүн түгіл он жарым еңбеккүн тапсаң да алты ай жаз, алты ай қыс төккен терің, табан ақың бәрі зайғы. Шындап келгенде, егін шығымсыз болғандықтан, биылғы еңбеккүннің де зайғы екені айқын. Бірақ қара бала оған қарап тұрған жоқ. Еңбек істеп, қажетке жарағанын, колхозға қолқабыс жасағанын мақтан етіп тұр.

– Әкең бар ма? – деп сұрадым мен баладан.

– Бар...

– Қайда? Осында ма?

– Осында болушы ма еді?! Соғыста дағы. Фашистерді қиратып жүр, – деді бала. Содан кейін: – Менің әкем сондай мықты. Көп кешікпей фашистердің бәрін қырады да, сосын үйге келеді, – деп қойды. Құдды ересек біреу үйретіп, аузына түкіріп қойғандай.

– Атың кім?

Бала аты-жөнін, кімнің баласы екенін айтты. Бірақ мен дәп осы бір кештен бастап, бір ай бойы осы ауылды шулатуға дәнекер болған сол қара баланың аты-жөнін ұмытып қалған екенмін, қанша ойлансам да дәп басып айта алмай отырмын. Сол себепті «қара бала» болып қала бергенін дұрыс көрем.

– Ал мектепке барасың ба? – деймін мен тағы да.

– Бармағанда ше?! Үшінші кластамын. Таңертең оқимын. Түстен кейін өстіп астық тасимын, – деді ол.

Сөйтіп, менің үшінші класта оқитын жаңағы қара баламның пар өгіз жеккен бірішкесі тақтай қорабын астыққа толтырып алып жөнеле берді. Арада аз-кем уақыт өтпей ымырт үйірілді. Ымырт үйірілісімен Үлкен

Ахметжан да ғайып болды. Мен сынып қалған комбайн басында біраз айналдым да, қолымнан ештеңе келмейтін болған соң, атыма мініп, жолға түстім. Жүріп келем. Түн тастай қараңғы. Бір мезетте алдымнан қарайып манағы өгіз арба көрінді. Әуелі жүріп бара жатқан шығар деп едім. Бақсам, жолдан біраз бұрыла шығып тоқтап тұр. Үстінде біреу қараңдайды. Салдыртып келсем... бригадирімнің өзі. Тақтай қорапқа шығып алып, қапшыққа көсіп бидай толтырып жатыр... Салдыртып келуін келсем де, мен түкке түсінбеген болсам керек: «Неге тоқтап тұрсыңдар?» – деппін. Үлкен Ахметжан мойнын маған бұрып, көтеріле берді де, толуға деңгейленіп қалған қапшықтың аузынан ұстаған қалпы, аңырып, қимылсыз қалды.

– Неге тұрсыздар? – деймін тағы да қайталап.

Үлкен Ахметжанда үн де жоқ, тіл де жоқ. Сол мелшиген қалпы. Қара бала да үндемейді. Тыныштықты бұзып тұрған – тізгіні өгіз арба артындағы тіреуішке ілінген – торы төбел ғана. Мойнын тақтай қораптан асырып салады да, ауыздығын сылдырлата, еріндерін жыбырлатын әлгінде ғана комбайннан түсіп, буы бұрқырап жатқан жасаң бидайды күрс-күрс шайнайды.

Осы сәтте мен қандай халде болдым? Жадымда жоқ. Бірақ бірден түсіндім. Мақтаулы бригадирім бидай ұрлап жатыр. Мелшиіп қалған Үлкен Ахметжаннан ештеңе шықпасын байқадым ба, білмеймін, әйтеуір, еңбеккүн тапқыш қара балаға:

– Неге тоқтадың деп, тұрмын ғой мен саған. Қамшының астына алайын ба осы! – дедім өктемірек дауыспен.

Қара бала шын қорықты ғой деймін, даусы жарықшақтанып қықырап шықты.

– Білмеймін, былай бұрыл да, тоқта деп мына кісі айтты. Сосын бұрылдым да, тоқтадым.

– Ал, ендеше, қайта бұрыл да, жолға түс.

Өгіздерді қақпайлап қара бала жолға салды. Арба үстінде әлі де не істерін білмей үнсіз тұрған Үлкен Ахметжан біраздан кейін қапшықтың аузын қоя берді де, бойын жазды. Содан кейін торы төбеліне мініп бірішкенің екінші жағында қатарласа жүрді. Арғы бозамық аспаннан анық көрінген бригадирдің сұлбасына қарасам, басы кекжимейді, сақалы да состиып тұрған жоқ, Бұрын ат үстінде үнемі тік отыратын еді. Енді бір түрлі бүкжиіп қалған. Басына төнген қатерді ол анық біліп келеді.

Менің не істеуім керек?

Елде бұрын «әй, кәпір» атанбаған, жаманаты шықпаған, ертеден қара кешке дейін «колхоз жұмысы» – деп балық көзденіп шапқылап жүретін еңбекқор торыны соттаттырып жібергенде не түседі? Бас көтерер ер азаматтың бәрі майданға кетіп, мына жадағай қалған тобан аяқ

ауылда дәл осындай бригадир болып кім істей алады? Ал қара баланың көзінше ұрсып-ұрсып қоя берейін десем, өзге болса бір сәрі, үміт артып, жұрт қараған белсендімнің өзі бас болып ұрлық жасаса, былайғыларға не жорық? Сыныктан басқаның бәрі жұғадының кері болып жүрмей ме? Голубевтің даусы естілгендей: «Жалғыз тал масақ жерде қалмасын деп тұр ғой. Ал сонда мен аудандық партия комитетінің сенімін ақтаған болып шыға алам ба? Петр Матвеевичтің тағы бір сөзі жадыма оралады. «Құдайға құлшылық ет десең, маңдайын соғып алатын ақымаққа ұқсап кетіп жүрмеңдер». Бұл – талай-талай қиындықтан өткен тәжірибелі адамның ескертпесі. Осыған дейін өзім жақсы көріп келген кісімнің жаза басқан бір ісін кешпесем,онсыз да шиеттей балалары бар жанды-жақты жүдеу семьяның ойран-ботқасын шығарып, шаш ал десе, бас алардың өзі болып шықпаймын ба?

Мен қиналатын мәселе қайда, мінекей.

Байқасам, ауылға жақындап қалыппыз. Қапшық қарайып арба үстінде жатыр. Ал Үлкен Ахметжан болса сол бүкжиген қалпы арғы бетте үнсіз келе жатыр екен. Күні бүгінге дейін анық есімде – менде әлі түк шешім жоқ. Бірақ «Ана қапшықтағыны қорапқа төк те, жүре бер. Мен сені көрген жоқпын. Сен мені көрген жоқсың!» – деп қалай айтқанымды білмей қалдым.

Бұл айтқаным, шешім бе, әлде сезім бе, саралап та үлгермедім ғой деймін. Үлкен Ахметжан қарғып өгіз арбаға шықты да, қапшықтың түпкі бұрыштарынан ұстап тақтай қорапқа сау еткізіп аудара салды. Сөйтті де қарғып атына мінді. Содан кейін босап қалған қапшықты жол ернеуіне лақтырды.

– Рақмет саған, уәкіл. Аштан өлсем де, қап дегеннің бұдан былай атын ұмытармын! – деп торы төбелін тебініп жортақтата жөнелді.

Қара бала екеуміз колхоз қоймасына келдік. Мұнда басқа да комбайндардан келіп жатқан әлденеше өгіз арбалар бар екен, соларды үлкен таразыға салып, жұмыс істеп жүргендерге түсіретін жерді көрсетіп, қаттап, тіркеп Әпен жүр. Жұмыс күнделікті дағды бойынша түн ортасында бітті. Біз Әпен екеуміз күнделікті дағды бойынша түн ортасын аударып оның үйіне келдік. Кәмила жеңгеміз де күнделікті дағдысы бойынша түсте көтерген қазанын бабына келтіріп, әбден дәмдеп пісіріп дайын отыр екен. Дәм үстінде әманда ілтипатты Әпен:

– Өңің сынық қой өзі бүгін, тамаққа зауқың жоқ секілді. Ауырып қалғанның қай жағысың? – деп сұрады.

– Ауырған жоқпын. Бірақ күйзеліп отырмын.

– Неліктен? Әлде қос басында бірдеме болып қалды ма?

Мен енді болған оқиғаны Әпеннен жасыруды жөн көрмедім.

Жарқыратып салдым.

Әпен таңырқай берді.

– Апырау, Тентек Ахметжан болса, бір сәрі, Момын Ахметжаннан да мұндай қылық шығады екен-ау? Міне, колхоз құрылғалы он екі жыл. Елді бастап бар малын ортаға салып, колхозға алдымен кірген екеу болса, бірі де, біреу болса өзі осы Момын Ахметжан еді. Сол он екі жыл ішінде Ахметжан біреудің ала жібін аттапты деген сөзді естісем, құлағым керең болсын! Қой, ана Тентек Ахметжанмен шатастырып отырған шығарсың?..

Алған шешімімнің дұрыс-бұрыстығына көзім жетпегендіктен бе, Үлкен Ахметжан жөніндегі Әпеннің мына сипаттамасы әкімдіктің дәмін татпақ түгіл, мұрнына иісі де бармайтын мен бишараға жұбаныш әкелгендей болды. Өйтіп жұбаныш әкелгені де бар болсын, ертеңіне жұрт дүр ете қалды. Үлкен Ахметжан бір қапшық бидай салып алып жатқан жерінде ауданнан келген өкіл үстінен түсіпті де: «Мен сені көрген жоқпын, сен мені көрген жоқсың», – деп қоя беріпті. Сөз осы. Ертемен колхоз кеңсесіне әлгі Тентек Ахметжанның өзі тепсініп келсін: «Сенің либерал өкіл екенінді мен бірінші келген күнінде-ақ білгенмін. Басқа өкілдер: барлығы да «Отан үшін!» – деп айқайлап, жұртты ығыстыра, қорқыта келетін.

Сол себепті науқан да ойдағыдай жүріп кететін. Бұра тарту, жұла тарту деген болмайтын. Ал мына өкіл болса, келе салысымен: «Жұмыс істеңдер, ал істемесеңдер ешкім сендерді зорламайды, өздерің біліңдер!» – деп ұран тастады. Осы сөзімен елдің кежегесін кейін тартқызғаны өз алдына, тіпті үкімет қалтасына сұғанақ қолын сұғып, астық ұрлағандарды да құлағынан ұстап алып келіп, соттаттырудың орнына, ұрласаңдар ұрлай беріңдер деп, қоя беріп отыр. Міне, бізге келген өкілдің сиқы. Мен бұлай қалдырмаймын. Тиісті жеріне жазамын әлі. Туыстарымыз майданда толарсақтан қан кешіп, жанын шүберекке түйіп жүргенде мұнда, елде, мынадай арамзаларды жайына жібере алмаймын мен!»

Осындай жалалы сөзге төзе алмайтын қызбалығым ба, білмеймін, әйтеуір жазған басым бір-екі рет Тентек Ахметжанның сөзін бөліп, дауласа кеткім келді. «Олай емес, былай», – деп өз дәлелімді айтпақпын ғой. Бірақ Әпен «айтып болсын», – дегендей ыңғай білдіріп, білегімнен ұстап қалып отырды. Ал колхоз председателі Тұрғын бұл ауылдың басшысы емес, құдды басқа жақтан келген көлденең адам секілді. «Сөздерің әлі біткен жоқ па-ей?» – деп кеңсеге кіріп-шығумен жүр. Мынадай іс ұшынып кетсе, ең алдымен, өзі жауап беретінінде шаруасы жоқ.

Мұндайда ерегіс отын өршітетін сөз таласы екен ғой. Әпеннің даналығымен біз тырс үндемегеннен кейін пәле іздеп келген Тентек Ахметжанның да сөзі таусылуға айналды. Сондай бір толас кезінде Әпен:

– Кім астық ұрлапты? Оны саған кім айтты? – деп сұрады.

– Кім айтты деген не?! Ұрлаған кісінің өзі айтты. Куәға ертең мен сол Ахметжанның өзін тартамын.

Мен өз құлағыма өзім сенбегендеймін. Қалайша ол өз ұрлығын өзі жария етпек?! Илан, иланба, расында да солай болып шықты. «Мен өйттім, ал уәкіл бүйтті». Әңгіме осы. Бірақ өзі істеген қылмыс қаперінде жоқ, ауданнан келген өкілдің кеңдігін, кісілігін мақтамақ. Шынында да, шал-кемпірлер арасында қолымды алып сілкілеп: «Мәртебең өсе берсін, шырағым, шаш ал десе, бас алатын ұр да жық, әпербақан емес, болайын деп тұрған бала екенсің ғой!» – дейтіндер де шықты. Бірде Әпен Үлкен Ахметжанға:

– Істеріңді істеп алып, ендігің не?! Екі елі аузыңа бір елі қақпақ қоймайсың ба? – деді.

Сонда ол:

– Шын өлдім ғой деп едім. Уәкіл қайырымдылық жасар деп ойлаппын ба! Қуанышым ішіме сыймады. Айтпағанда қайтейін содан кейін! – деп жауап берді.

– Ойбай-ау, басыңа пәле тілеп алдың ғой енді.

– Әй, ол тентектің өстіп дүрілдетіп әкететінін қайдан білейін.

Ал не дейсің енді.

Кіші Ахметжан сөзді желге жіберетін адам емес екен, ақыры айтқанын орындап шықты. Ол былай болды.

Октябрьдің аяқ кезіндегі сондай лайсаң, салқын күннің бірінде тап осы ауылға аудан көлемінде бұрын мен көрмеген бір ұзын қара машина келіп, кеңсе алдына тоқтады. Ішінен үш адам шықты. Танығаным – өзіміздің Петр Матвеевич Голубев. Қалған екеудің бірі – жас та. екіншісі – жасамыс. Жасамысының үстінде ұзын етек, қызыл былғары пальто. Аз сөйлеп, аяғын нығыз басатын, жатқан бір маңғаз. Мұның тегін адам емес екенін бірден білген қарны жуан, әрі денелі болса да қауқарсыз Тұрғым қаңбақша ұшып, елпілдеп кетті. Ал, біз, Әпен екеуміз сыртқарақ тұрдық.

Өз ауданының жайын жақсы білетін Голубев әуелі қонақтарга Тұргын мен Әпенді таныстырды. Содан кейін сәл жымиыңқырап тоқтады да:

– Ал мына жігіт біздің аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары. Осы ауылдағы оң көзіміз. Өкіл, – деп мені нұсқады. Содан кейін маған қарады да: – Өзің неге сырттай бересің, берірек тұр, – деп қойды.

Мен жақынырақ келіп едім, машинадан түскендердің ішіндегі әлгі бір жастауы қолымды енді өзі алып қатты сілкілей бастады. Ал Голубев болса, дағдысынша қарқылдай қатты күлді де, коженкалы маңғазға қарап:

– Байқайсыз ба, балықшыны балықшы қиядан көріп жатыр, – деп қойды.

Олай дейтіні менің қолымды қайта қысқан жігіт Қазақстан Комсомолы Орталық комитетінің екінші хатшысы Александр Семенович Федулин екен. Ал мынау маңғаз Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің үгіт-насихат жөніндегі хатшысы Мұхамеджан Әбдіхалықов болып шықты.

Олар кеңсеге кірмеді. Солай тұрып колхоздың жай-жапсарымен таныстық. Жел үп етсе ұшып түсер, мына октябрь айының кеш қалған сары жапырағы секілді, қалтырап тұрған Тұрғыннан бір ши шығып кетеді деді ме, кім білсін, әйтеуір, биік лауазымды қонақтардың сұрауына көбінесе Петр Матвеевичтің өзі жауап берумен болды.

Қонақтар жүруге ыңғайланды. Сол кезде ортаға топ ете түскен бір кесектей, қайдан шыққанын кім білсін, Тентек Ахметжан сап етті. Ол мені нұсқап сөйледі:

– Жаңа мына Голубев жолдас мына тұрған уәкілді біздің осы ауылдағы оң көзіміз деді. Қате. Мүлде қате айтады. Бұл бала оң көз де, сол көз де емес. Су қараңғы соқыр. Саяси соқыр.

Коженкалы маңғаз: «Мынаның айтып тұрғаны сенсің бе?» – дегендей маған қарады. Мен оңып тұрмаған болармын, тегі, ол мұрнын тыржитты. Содан кейін «осындай сықпытсызды қайдан тапқансың?» дегені ме, Голубевке бұрылды.

– Иә, не болып қалды? – деп Петр Матвеевич арызшыға тіксіне қадалды.

Тентек Ахметжан қалтасынан үшкіл етіп бүктеп, ашылып кетер жағын жіппен бастырған қалың пакет алып шықты да:

– Бәрі де мынада айтылған, – деп Әбдіхалықовқа ұсынды.

Арада үш-төрт күн өтті. «Енді не болар екен?» – деп ала көңіл болып жүрген менің алай-былай хабар болмаған соң, қобалжу дариясында: «Бәрі де тынған шығар осымен», – деген үміттің талын қармап, жүрегім енді орнына түсе бергенде, ауданға шақырылдым...

* * *

Несін жасырайын, Голубевке: «Әлде қайтер екен?» деген түйткулі көңілмен қорқыңқырап келдім. Сол қорқынышымды қорқынышқа ұластырып мақтаулы деген Голубевым де мені салқын қарсы алды.

– Біз саған сеніп, жауапты жұмыс тапсырып едік. Бүлдіріп жүргенің не? – Тіксініп қалған хатшының шаншылта қойған алғашқы сұрағы осы болды.

– Нені бүлдірдім, нені бүлдірмедім, өзімнің де көзім жетпейді, – дедім мен шала орысшаммен ағымнан жарылып. Ақталғаным жоқ.

Осы бір тура да қалтқысыз жауабым ұнады ма, білмеймін, хатшы жұмсарайын деді.

– Ал қалай болды? Түсіндіріп айтшы?!

Тентек Ахметжанның арызы үстел үстінде жатыр екен, мен оны үшкіл бүктемелеріне қарап, кіріп келгенде-ақ айырғанмын. Сол арызды нұсқадым да:

– Несін айтайын, анада бәрі жазылған емес пе! – дедім.

Осының айтып отырғаны шын ба дегендей, Голубев маған сынай қарап сәл отырды да:

– Жоқ, сен өз түсінігіңді баянда. Ол арызға сүйенетін болсақ, ана бригадирді Колымаға айдау керек те, сені комсомолдан аластап, әлі қабылдап алмаған қызметіңнен босату дұрыс болады.

Хатшының маған деген ниетінің теріс еместігін осы арада сезгендеймін. Содан болса керек, өзіме өзім келе бастаған секілдімін... Еркінсіңкіреп.

– Аластау керек, босату керек олай болса, ол оңбағанды, – деп қалай айтқанымды өзім де білмей қалдым.

Голубев мұнымды ұнатыңқырамағандай:

– Ну, ну, балалықтың, еркеліктің жөні жоқ бұл жерде. Мен сені ауданымыздың дыңдай басшыларының бірі деп шақырып алып отырмын ғой. Істің анық-танығын білгім келеді. Кәне, баянда.

Мен не болды, соның бәрін түгел айтып бердім. Хатшы иланған секілді. Сөзімді күдіксіз, секемсіз тыңдады. Содан кейін сәл ойланып отырды да, оқыс сауал қойды:

– Ал бұл әңгіме қайдан шықты? Ана қара баладан таралды ма?

– Жоқ. Бригадир өгіз арбаны неге тоқтатты, неге қапшыққа бидай сала бастады, онда қара баланың шаруасы болмаған. Өйткені «бригадир ұрлық жасар-ау» деген ұғым жоқ қой қара балада.

– Ал енді қайдан шықты бұл әңгіме?

– Ұрлықшының өзінен...

– Қалайша? – деп таңданды Голубев.

– Өзіңіз айтқан әлгі «Ит жеккенге айдалдым» деп ойлаған Үлкен Ахметжан өкілден ондай рақымшылық күтпеген ғой. Қуанышы қойнына сыймаған соң, мені мақтап жар салғаны...

Голубев ішек-сілесі қатқанша кабинетті басына көтере күлді. Бір кезде қол орамалын алып көзінің жасын сүртті де:

– Қазақтардан осындай бірдемелерді күтуге болады, – деді енді сылқылдап күліп. Содан кейін тағы да сұрақ қойды. – Ал ана, Кіші Ахметжанды неге ренжітіп жүрсіндер?

– Ренжіткен ешкім де жоқ, Не бары мен оны бір-екі-ақ рет көрдім. Ал, ана Әпен кілтші мен Тұрғын председателые осы сұрақты қойсам: «Ол тентекті көр ғана түзетеді. Арыз жазбаса, оның іші кебеді», – дейді. Іші кебетінін өзімнің де байқағаным бар. «Арызды қой, бірлесіп жұмыс істейік», – деп едім. «Ол ақылыңды басына шайнап жақ. Мен әділдік күрескерімін. Шындықты айтпай отыра алмаймын», – деп бірақ қақты.

Голубев енді күлкіден тыйылды да, терең бір күрсініп алып, терезеге қарап отырып сөйледі.

– Мұндай арызқойлар қай заманда да, қай халықта да болған. Мүмкін, адам өз бойындағы кеселдерден тазарып, мүлде айығып кеткенше арызқойлар соңымыздан қала да қоймас. Талай шашты ағартар да, талай жүйкені құртар. Арызқой Ахметжан маған жаңалық емес. Маған жаңалығы ана... – деп Голубев қайтадан жымия мүдірді. – Бір қызығы мен, міне, жиырма шақты жылдан бері басшы қызметте келе жатырмын. Қилы-қилы тағдырларды көрдім. Қиян-қилы адамдармен кездестім. Қилы-қиян мінез-құлық пиғылдарды білемін. Бірақ мына Үлкен Ахметжан секілді біреуді мақтаймын деп өзін тұзаққа іліндіріп алған адамды өмірімде ұшырастырған емеспін.

Хатшы менің ойлаған жерімнен шыққан болса керек, не бары жиырмадан ғана ассам да, көп білетін адамша қосарланып қалып жатырмын.

– Мен де солай...

Хатшы менің өстіп сөз жарыстырғанымды ұнатпады ғой деймін, түйе сөйледі:

– Ұрлықтың үстінен шыққаннан кейін, босатпауың керек еді. Колхоз кеңсесіне алып келіп, акт жасап, ісін тергеуге берген жөн болатын. Біз сені ұрлықтың үстінен шықса, босатып жібере берсін деп өкіл еткен жоқпыз...

Бұл жерде менің хатшы сөзін бөлуіме тура келді.

– Босатып жібере берсін дейтіндей көп адам емес менің қоя бергенім. Не бары бір-ақ адам.

Әлбетте, сөзге құлақ қойғыш Голубев мені тыңдамады. Қайта өрши салды:

– Керек десең, ұрлықтың үстінен шықса босатпасын, аяусыз жазаға тартқызсын, соттаттырып жіберетін болсын деп те сені өкіл еткен жоқпыз.

Мен шыдай алмасам керек:

– Сонда не үшін өкіл еттіңіз? – деп қалдым тіксініп. Өйткені ұрлықшыны қоя бергенім үшін өзімді өзім жазғырып жүрсем, хатшының мына сөзіне қарағанда, ұрлықшыны қоя бермесем де, желкесінен мытып ұстап, кеңсеге алып келіп акт жасаттырып, ісін сотқа бергіздірсем де, абыройлы болмайды екенмін ғой.

Мен білетін Голубев ойға жүйрік, логикасы мықты кісі.

– Болып қалар еді-ау, деген жайларды болдырмасын деп, мына қазіргі әңгіме тақырыбына айналын отырған оқиғаларды тудырмасын деп, ондай келеңсіз әрекеттердің тамырына нәр бармай жатып балта шапсын деп, бір сөзбен айтқанда аудандық партия комитетінің сол ауылдағы оң көзі болсын деп жібердік.

Ал, енді таласып көр Голубевпен.

Мен үндей алмай қалдым. Манадан бері арызқойды даттап, менің жағымда отырған хатшым өзгеріп сала берді.

– Былайша қарағанда, арызқой дұрыс айтқан. Әзірге сен біздің оң көзіміз де, сол көзіміз де бола алмай тұрсың.

Шынымды айтайын, жоқ жерде тарылып қалатын, мінезге жұқалау менің де шамыма тиіп кетті ғой деймін.

– Петр Матвеевич, алда разы болсын сізге, өкіл болып ондырмаспын, тегі. «Ортақшыл» колхозындағы жұмысты тындырдық десек те болады. Үкіметке өткізетін астықты өткіздік. Тұқым қорына дегенді де құюға жақындаттық. Рұқсат беріңізші, мен қайтып келейін, – деп салдым.

– Жоқ, қайтпайсың, – деп Голубев бірден қайырып тастады. – Ұры атанған бригадир солай жүре бермек пе? Оны мен де, сен де бұл жерде отырып шеше алмаймыз. Сол себепті «Ортақшыл» колхозына қайтып барасың. Жаңа бригадир сайлаттырасың. Ал егер жұрт осы ұры бригадирдің өзі қалсын десе, қарсы болма. Бірақ ана ағынан жарылғыш Арызқой Ахметжанның да кандидатурасын ұсынып көр. – Бір сөзбен айтқанда колхозшылар не дейді, соны заңдастыр. Оның үстіне аяқталмай қалған жұмысты тындыр. Міне, сонда күнәң кешірілетін болады.

Мен тұра беріп едім, хатшы қайта отырғызды. Оң жағында жатқан папкасын ақтарып, бір қағаз алып шықты да:

– Бұл да саған тағы бір сын, – деп тоқтады. – «Ортақшыл» колхозына он мың сом екен... – Хатшы маған тіктеп қарады. – Мемлекет жаңа лотерея билетін шығарған. Сен жаңағы жиналыста сол лотереяның маңызын, мемлекетіміз неге шығарып отырғанын түсіндіріп, колхозшыларға тарататын боласың. Жоспарың он мың сом... Он тиыны кем шықпасын. Бірақ асырып түсірем деп те тыраштанбай-ақ қой. Бәрібір онымен жақсы атты көріне алмайсың. Біз мұнда сол колхоздың бар мүмкіндігін егжей-тегжейіне дейін пайымдап айтып отырмыз бұл цифрды.

Менде не сөз бар, салым суға кетіп «Ортақшылға» қайтып келдім. Бір есепті келгенімнің өзі дұрыс болған. Өйткені Тентек Ахметжан да қарап жатпаған ғой: «Менің арызым бойынша уәкілдің қарасы өшті. Ендігі кезек мына бригадир Ахметжандікі», – деп елге сөз таратып жіберіпті.

Қанша дегенмен, мен бұл ауылдағы бір айымды тегін өткізбедім. Біраз қиындықтарды бастан кешіріп, тәжірибе жинап қалған, оң мен солымды айыра бастаған, жақсылық қайдан, жаманшылық қайдан, дөп басып білетін, әрі аупартком хатшысынан ақыл-кеңес алып келген, «жырынды» өкіл емеспін бе, жұртты иіре, тықсыра келдім. Алдымен Тұрғынға дауысымды қатайтыңқырап:

– Бүгін кешке колхозшыларды тездетіп кеңсеге жинаңыз. Бір адам қалмайтын болсын. Әйтпесе басыңызбен жауап бересіз, – деп қойдым.

«Кеше кеткенде сап-сау секілді еді, бүгін қалай өзі, дені дұрыс па?»

дей ме Тұрғын маған бажырая қарады. «Бажыраятын түк те жоқ жолдас Әйкенов, мен енді мұрнының алды кеппейтін бала емеспін. Әкімшілік дегеннің не екенін біле бастаған, мансаптың дәмін тата бастаған өкілмін». Бұл – әрине ойым ғой. Ал бажырая қараған председательге: – Маңызды хабар бар, – деп маңғазданып қойдым. Менің ойнап отырмағанымды түсінген Тұрғын: «Маңызды хабар» – деген соң өзгеріп сала берді. Дереу жарлық беріп жұртты жинатты.

– Ауданнан келген өкілде маңызды хабар бар, соны айтыңдар жұртқа, – деп тапсырды жұмсаған балаларға.

Осы бір үнемі қалбалақтап жүретін, істің мәніне терең бойлай бермесе де, арамдығы жоқ, аңқылдақ председатель: «Оның қандай маңызды хабар?» – деп те анықтаған жоқ. Ал мен болсам: «Маңызды хабар дегенім мынау еді», – деп айтқым келді де, биік лауазымды өкіл екендігім есіме түсіп кетіп, «жиналыста бір-ақ білсін», – деп айтпай қойдым. Ал ойнап көр өкілмен.

Шағын колхоздың өзіне лайық шағын кеңсесіне бала-шаға, шалкемпір лық толды.

Колхоз председателі:

– Колхозшылардың жалпы жиналысы ашық. Күн тәртібінде... – деп аңырып қалды. – Ойбай-ау, қарайтынымыз не мәселе еді?

Жұрт ду күлді. Жалпы дүрмекпен кеткен Тұрғын жарықтық жиналыста не мәселенің қаралатынын тіпті ойламаған екен ғой.

Тентек Ахметжан бойы бір қарыс болып ұшып тұрды.

– Сен өзің қандай бастықсың? «Маңызды хабар» – деп жұртты жинайсың да, сол хабардың не екенін де білмейсің.

– Оны мына ауданнан келген өкіл айтады.

Мен шынында да төселе бастаған екенмін. Голубевтің кабинетінде оқиғаның барысына қарай бірінші болып айтылған, әрі көп айтылған әңгіме бригадир жайы болса да, лотерея тарату мәселесін бірінші етіп қойдым. Обалы нешік, тартынып қалған бірі жоқ. Әуелі Әпен шығып сөйлеп: «Зұлым жауды жеңуге себіміз тиетін болсын! Мен бір мың сомның лотереясын сатып алам», – деп еді, жұрт түсті де кетті.

– Мен екі жүз сом!

– Мен бес жүз сом!

– Мен жүз сом!

– Мен үш жүз сом!

Жан-жақтан құйылып жатқан дауыстар. Мен тіпті зорға жазып үлгеріп отырмын. Жиналғандар түгел жазылып болды-ау деген, дабырдұбыр басыла бастаған кез еді, кенет Әпеннің даусы шықты.

– Әй, Ахметжан, сен үндемей қалдың ғой?

– Неге үндемейін. Бес жүз сом деген жоқпын ба! – деп Үлкен Ахметжан ұшып тұрды.

– Жоқ, сені айтпаймын, ана Кіші Ахметжанды айтамын.

– Мен лотерея сатып алмаймын.

– Неге алмайсың? – деп шұқшиды Әпен.

– Ақшам жоқ.

– Е, ақша өзге жұрттың қалтасын тіреп тұр ма екен? Жұрт қатарлы мына тізімге жазыл, ертең еңбек күніне берілетін астықтан ұстаймыз.

– Жоқ, мен жазылмаймын. Зорлап ешкім де жаздыра алмайды. Партия мен үкімет зорлаңдар деп айтпаған.

– Рас, зорла демеген. Бірақ сен сонда, немене, партия мен үкіметтің ұйғарымына қарсымысың?

– Жоқ, қарсы емеспін, – деп жалтарды Тентек Ахметжан.

– Ендеше былшылды қой, жазыл кәне, – деп қадалды Әпен.

– Ал, жақсы, он бес сом болсын.

– Өй, тегіңді... – деп Әпен бір балағат сөз айтып жіберді. Бұл мен білетін Әпеннің аузынан шыққан бірінші ерсі сөз.

Сонымен, лотерея сату мәселесі ойдағыдай өтті. Ойдағыдай дегенің түк емес. Шотқа қақтырсақ, табаны күректей он бес мың... Жаңағы Тентек Ахметжанның он бес сомы және бар.

Екінші мәселе жөнінде тағы мен сөйледім. Бір қызығы жұртты қанша үгіттесем де, Үлкен Ахметжанды орнынан босату керек дегенге жиналғандар тіпті құлақ аспай қойды. Тентек Ахметжанды атап көріп едім:

– Арыз жазудан қолы босамайды, қайда жүріп ол бригадир болады.

– Ол бригадир болса, онда біз басқа колхозға көшеміз... – деп көпшілік шулап қоя берді.

Сөйтіп, Үлкен Ахметжан орнында қалды. Он бес мың он бес сомға лотерея билеті сатылды. Енді Голубевтің сынынан сүрінбей өттім десем де болады. Десем де болады емес екен-ау. «Асырып түсіремін деп тыраштанба. Колхоздың бар мүмкіндігін тексере келіп он мың сом деп отырмыз», – демеп пе еді Голубев. Не істеу керек? Жо... жо... оқ, қиналатын мен емеспін, бірақ. Колхозда өткізген бір айым текке кетпеген. Оның үстіне аудандық жиналыстардан да көргенім бар. Сондай бір жиын соңында: «Мына адамдар қалсын, қалғандарына рұқсат», – демеуші ме еді. Мына жерде мен де маңызданыңқырап тұрып:

– Ал жиналыс жабылды. Мына адамдар қалатын болсын, – деп алтыжеті белсендінің атын атадым.

Ойымда Голубевтің нұсқауы тұрса да, қалай бедел алудың жолын үйреніп келем ғой, байсалды тұрып өз атымнан сөйледім:

– Өздеріңізге белгілі, бұл колхозға бөлінгені он мың сомның лотереясы еді, ал сіздер болсаңыздар он бес мыңға шығып кеттіңіздер.

– Тентек Ахметжанның он бес сомы және бар, – деп қойды отырғандардың бірі.

– Иә, иә, он бес сомы да бар. Лотереяны көтере сатып алатын болғандарыңызға рақмет. Саяси сауаттылық таныттыңыздар. Жауапкершілікті сезіндіңіздер. Бірақ «Бөрі арығын білдірмейді» деген бар ғой, тыраштанып жатқандарыңызбен, жағдайларыңның жақсы емес екенін мен жақсы білемін. Сол себепті тізімді қайта қарап, осының халі қиын-ау дегендерден шегерейік те, он мыңның өзіне түсірейік, – дедім тамағымды кенеп сәл қорзданыңқырап.

Алдымен Тұрғын елп етті:

– Өй, сен өзің азамат бала екенсің ғой. Бала-шағам көп, онда менен баста.

Баста деген соң, шегеруді председательден бастадық.

Әпен: «Анадан анандай сома шегер, мынадан мынандай сома шегер», – деп отырды да, өзіне келгенде қарысып қалды: – Аузыма құдай салған шығар. Айтқаным айтқан.

Біз, сөйтіп, бәрін қаз қалпына келтіріп, он мың сомға жаңа тізім жасап, жазылғандарға ертемен жүріп қайта қол қойдыруға кісілер тағайындап, Әпен үйіне келіп тыныш ұйқыға кеттік.

Тыныш ұйқы? Тыныш ұйықтауын ұйықтадық-ау, бірақ келесі күнгі оқиғаны құдай басқа бермесін!

Шатақ тағы да Тентек Ахметжаннан шықты. Біз – Тұрғын, Әпен, тағы бір бес-алты адам болып колхоз кеңсесінде ертемен шаруаның жайын әңгімелесіп отырғанбыз. Тепсініп Тентек келсін!

– Үкімет лотереяны неге шығарды? Еріккендіктен шығарды ма? Жоқ, жолдастар, жеңіске жетер тура жолды іздеп шығарып отыр. Біз берген әрбір сом бір-бір снаряд. Олай болса, сендер Совет үкіметіне емес, фашистерге көмектесіп жүрсіңдер.

– Мынаның есі дұрыс емес шығар? – деп танданды Тұрғын.

– Жоқ, сендердің естерің дұрыс емес. Алжасқансыңдар.

– Әй, ит, былшылдама енді, шықшы кеңседен, – деп Әпен тік кетті.

– Мен неге кетем? Сендер кетесіңдер. Сендерде әділдік жоқ,

– Әділдіктің жоқтығын немен дәлелдемексің? – деп сұрадым мен.

– Өз еркімен жазылған халықтың меселін қайтарып, шегереді екенсіңдер, түгел неге шегермейсіңдер?

– Түгел шегердік.

– Түгел шегерсендер тізімде мен неге жоқпын? Мені құдайдың құлы емес деп пе едіңдер, әлде? Мен де сендер секілді Совет үкіметінің азаматымын.

Қызбалық, жастық па, кім білсін:

– Жоқ, сен құдайдың да құлы емессің, Совет үкіметінің де азаматы емессің. Сен бір жүрген төрт аяқтының өзісің! – деп қалай айтқанымды өзім де білмей қалдым.

Тентек Ахметжан өңменден үстел басында отырған біздерге жетіп келді де:

– Мен саған төрт аяқтының не екенін көрсетем әлі! Мен бәрінді де соттаттырам әлі! – деп жұдырығын менің тұмсығыма қарай тақай берді...

Сол кезде мысықша қарғып тұрған Әпеннің сау қолы Тентек Ахметжанның жауырынына сарт етті. Ұзын бойлы, ашаң да кесек тұлғалы болса да, бір қолы майданнан жарымжан оралған бұл жігіттің орасан қарулы екенін мен сол жерде көрдім. Тентек Ахметжан үстелге етпетінен түсті де, мойыны бейне бір бос қалған секілді мандайы үстел тақтайына тарс-тарс соғылды. Әпен сонда да босатар емес. Желкесінен мытып ұстаған қалпы, тентектің басымен үстелді үсті-үстіне ұрғылап жіберді.

– Сен иттен-ақ көрдім ғой көресіні. Сен мені қашан соттаттырып үлгергенше, мен сенің жаныңды зәннемге жіберейін!

Үстел үсті қан-жоса. Тентек Ахметжанның: «Ағатай, қоя берші, қойдым енді» – деген даусы ыңырсып шықты.

– Қойдым деді ғой, – деп қалды қабырғаға жабыса тұрып қалған Тұрғын.

– Әлі аз оған. Сазайын тартсын иттің баласы! Сүттей ұйып отырған ауылдың берекесін кетірген жоқ па! – деді манағы бес-алтаудың ішіндегі бір қария.

– Жұрт жүз сомдап, мың сомдап жазылып жатқанда мұның жазылғаны он бес сом. Сол он бес сомды он сомға неге түсірмедің ғой – ақымақтың дауы. Өй, сенің бүйтіп жоқтаған әділдігінді ұрдым мен онда! – деді екінші бір жасамыс адам.

Әпен Тентек Ахметжанның шашынан ұстап басын жоғары көтерді де, кеудесінен итеріп келіп жіберді.

– Ал қылатынынды қыл енді, шошқа, – деді ентіге дауыстап.

Ахметжан еденге шалқалай түсті де, бір аунап барып, қолымен тұмсығын басып далаға қарай зыта жөнелді...

* * *

Сөйтіп, мен бұл ауылда бір айдан артығырақ уақыт болдым. Егін орағы аяқталды. Жоспар орындалмаса да, үкіметке тапсырылар астық тапсырылды. Толық болмаса да, барынша тұқым қоры да құйылды. Он мың... он бес сомы және бар лотерея билеті де сатылды. Мен енді аудан орталығына аттануым керек. Бірақ аттанбай қалдым. Ана оқиғадан кейін, тегі, істің артын бақпақшымын ғой деймін. «Ортақшылда» тағы бір жұма болғаным есімде. Бір қызығы, әділдік орнатқыш Тентек Ахметжан мүлде көрінбей қойды. Ал Момын Ахметжан болса, колхозшылардың өзін қалай бағалайтынын білген соң, торы төбелін қамшылап, табаны сайға тимейтін болып кетті.

Сөйтіп, мен кеңседе өткен майданнан кейін біршама күнді артқа салып, Пресновкаға келдім. Келдім де, Петр Матвеевичқа кірдім. Астық жайын да, лотерея сату жайын да, бригадир туралы көпшілік жиналысында болған қызу талас жайын да, түгін қалдырмай баяндадым.

– Тағы не бар айтылмаған? – деді Голубев маған тура қарап, ықыластана ризашылық білдіріп.

«Айтсам ба екен, айтпасам ба екен?» деген толқу болды ма, мен мүдіріңкіреп қалып едім, хатшы ойымның үстінен түскендей:

– Ана арызқойдың жағдайы қалай? – деп сұрады.

– Арызқойдың жағдайы жақсы емес.

– Неге жақсы емес? – деп Петр Матвеевич елең етті. Өңінде «тағы бірдеме болып қалған жоқ па?» – деген сұрақ бар.

– Арызы өтсе ғана арызқойлардың жағдайы жақсы болады. Ал мынаның жағдайы мәз болмайтыны – арызының өтпей қалғандығы.

Петр Матвеевич дән ырзалықпен қарқылдап күлді.

– Ал, жақсы, енді өз жұмысыңа кіріс.

– Арызқой тағы арыз жазса, тағы да келермін. Айтылатын сөз сонда тағы да табылар, – деп мен сөзімді екі ұшты етіп аяқтап, орнымнан көтерілдім.

Колхоз кеңсесінде өткен оқиғадан әзірше бейхабар хатшы:

– Ал жақсы, келістік. Онда өзім шақырып алармын, – деп мені көңілдене шығарып салды.

Бір қызығы, Голубевпен мен кейін де талай-талай жолығысып жүрдім. Бірақ Тентек Ахметжанның мәселесі бір рет те сөз болған жоқ. Себебі, илан, иланбаңыз, ол анада Әпен соққысына жығылғаннан кейін арыз жазбай қойды.

Мен кейін облыстық «Ленин туы» газетінде тілші болып істеп жүрген кезімде, сол «Ортақшыл» колхозына талай-талай келгенім бар. Сонда Әпенмен кездескенде сұрағым әманда:

– Тентек қайда? – дегенмен басталатын.

Әпен жымия күледі.

– Жүр осында. Бірақ тентек емес ол қазір.

– «Аюға намаз үйреткен таяқ» деген рас екен ғой?!

Жоқ нәрсеге қызбайтын орнықты Әпен тағы жымия жауап береді.

– Халық айтса, білмей айтпайды ғой...

* * *

Міне, сөйтіп, жиырмадан енді ғана асқан жас жігіттің кешкен халжайлары, көрген-түйгендері енді алпысқа жақындап, шашы ағарып, тоқтасқан адамның ой елегінен өтіп барып әңгімеге айналған бұл хикая да тәмамдалып келеді.

Мен қолыма қалам аларда осындағы аты аталған адамдар жайлы сұрау салдым. Жасы келген Тұрғын әлдеқашан дүниеден өткен. Өз ауылының арыстаны Әпен де елуге жетпей жатып қаза болыпты. Ертеден кешке дейін салпақтап жүрсе де, бір ауыз сөз қатпас, әйел затының асылы Кәмила қазір тірі. Балалары бар болса да, тұрмысқа шыққан бір қыз баласының қолында тұрады. Қазақ қызды «жат жұрттық» – деп кемітеді де, ұлды ардақтайды. Бұл заманда жарғақ құлағың жастыққа тимей ұл өсіріп, қыз өсіріп, табанынды тасқа тілдіріп, маңдайыңды отқа қарытып, мұзға соғып жүрсең де қартайған шағында рақатын қайсысынан көресің? Құр ақылгөйсуді қаламайтын, шешуі қиын сұрақ бұл. Ахметжандардың екеуінен де хабарым жоқ. Маңғыз Әбдіхалықов пен пысық Федулин әзірге аман. Пенсияда. «Анау орыс, мынау қазақ» – деп алаламайтын әділ де іскер, еңбеккор Голубев кейін жоғарылап, Көкшетау облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып істеді. Арада сегіз жыл өткен соң мен қазақ университетін бітіріп, «Лениншіл жас» газетінің солтүстік облыстардағы тілшісі болып жүрген кезімде Көкшетауға да барғанмын. Сонда Петр Матвеевичпен Зерендіде кездестім.

Университет бітіргенімді, семьялы болғанымды, Жанна атты қызым бар екенін естіп қуанған. Өкініштісі – Петр Матвеевич қазір қайда? Бұл дүниеде бар ма, жоқ па, біле алмадым...

Тағы бір өкінішті жай – ағаш ығында деп мен мақтаған «Ортақшыл» колхозының бұл күнде жер бетінде нысыраты да жоқ. Ол әуелі қасындағы басқа бір әлдірек колхозбен қосылып, совхозға айналған екен. Сол совхоздың біраз жыл бөлімшесі болып тіршілік құрыпты. Жүре бара одан да айырылған. Мектебі жабылып, фермалары басқа бір жерлерден қоныс тепкен. Содан кейін келешегінің жоқтығын көрген ауыл адамдары түгелдей совхоз орталығына көшіп барыпты. Қызық жай: сол ауданның жел өтіндегі қыраттарға орналасқан басқа колхоздары бұл күнде жаңа ұйымдастырылған совхоздардың не бөлімшесі, не фермасы болып, әйтеуір баяғы орнында тірлік кешіп жатса, мына орман ығындағы «Ортақшылдың» зираты мен жұрты ғана жатыр... Адам тағдыры секілді, ел тағдырының да ешкім күтпеген бұралаңы көп болады екен...

Кейінгі бір жазда мен ауылға бардым. Ауыл дегенде баяғы Преснов ауданы – Преснов, Жамбыл болып екіге бөлініп кеткен-ді. Әуелі «Лия» колхозы болып ұйымдасып, кейін Аманкелді атанған менің ауылым қазір Жамбыл ауданындағы Жамбыл совхозының бір бөлімшесі ғана. Бұрын біздің ауылдан шығып аудан орталығы Пресновкаға тура баратын жол ағаш арасын аралап «Талпын», «Үлгі», «Ортақшыл», «Әйімжан» колхоздарын басып өтетін-ді. Оны ел ішкі жол деп атайтын. Бұл күнде Жамбыл ауданының орталығы – Жекекөлден Преснов-

каға асфальт жол түссе де, мен қайтарда баяғы «Ортақшылды» басып өтетін ішкі жолдың сорабымен жүрдім. Арада отыз сегіз жыл өткенімен, ескі ауылдың жұрты маған күні бүгінгідей сайрап жатыр. Міне, мынау – Әпен үйінің орны. Мынау – менің Үлкен Ахметжанды ұстап алған жерім. Кеңсе жұрты да айқын. Ұзын қара машина, міне, мына жерде тұрды. Тентек Ахметжан үш бұрышты арызын, міне, мына жақтан келіп былай ұсынған. Оның кеңсе ішінде соққыға жығылған жерін де дөп баса аламын...

Байқасаңыз, менің осы әңгімемде бір кемшілік бар: Тентек Ахметжан бас жоқ, көз жоқ, бізге неге өшікті? Мен соның себебін ашқан жоқпын. Ашпаған себебім – сол өшпенділіктің сыры неде – соны білмеймін. Өз басым әлгі кеңседе айтылған бірер ауыз іліп-қақпадан басқа, онымен кездескен жан емеспін. Ал Әпен, Тұрғын, Үлкен Ахметжан бір жақ, бұл бір жақ болып араларында не бар? Мүмкін, түк те жоқ шығар?... Мүмкін, Тентек Ахметжан расында да арыз жазбаса отыра алмайтын ауру иектеген нағыз қияңқының өзі болар?.. Ол жағы маған қараңғы.

Көркем әдебиеттің тірегі – тартыс. Ал мен сол тіректі табам деп, әлдебір тартыстарды жоқтан сауғылап, көңілден қосып, ойдан шығарып жатсам, оным – өлгенге обал да, тіріге қиянат. Не болды, қалай болды, соны боямай сол қалпында беруді жөн көрдім. Шынымды айтсам, сондай бір оқиғаға негіз болып кеткен менің ісім – Үлкен Ахметжанды босатып жіберуім – дұрыс па, әлде бұрыс па? Осы күннің өзінде де оған дөп басып жауап бере алмаймын.

Рас-ау, мен кіммін осы?

ТАЙЛАННЫҢ КӨРГЕНДЕРІНЕН

Менің Тайлан деген ескі досым бар еді. Бірнеше жыл бір мектепте оқып, бір партада отырған дос. Ол кезде Тайлан қыздарға арнап өлең жазатын. Әдебиетпен шұғылданатын. Үлкен жазушы болуды арман ететін. Биыл ойда-жоқта сол досыммен кездесіп қалдым. Бір үлкен трестің бастығы екен. Екеуміз ұзақ әңгімелестік. Балалық шағымызды еске алыстық. Мен оған сөз арасында:

– Баяғыда үлкен ақын болуды арман етуші едің ғой, – деп қойдым.

– Бәрі де жастық шақтың әуресі екен, тастадық – деп жауап берді Тайлан.

Қоштасар сәтте ол менің қолымды қатты қысты да, жүзіме қарап сәл ойлана тұрып қалды. Содан кейін кітап сөресін ұзақ уақыт ақтара жүріп бір қызыл дәптерді алып шықты.

– Мынау бұдан біраз жыл бұрын жазған шатпақтарым еді. Тегі,

жазушы болып жарытпаспын деймін. Ала кет. Мүмкін керегіңе жаратарсың, – деп маған ұсынды.

Үйге келген соң достым сыйлаған дәптерді алып оқып қарасам, көңіл аударарлықтай көп нәрселер бар екен. Солардың кейбіреулерін жеңіл ғана жөндеп, жария етуді мақұл көрдім.

ШАЛҒАЙ МҮДДЕЛЕР

Араға ұзақ жыл салып, ауылға бардым. Амандаса келген ағайын-туған, дос-жарандардың аяғы сейіле бергенде жіті басып қырма сақал бір жігіт кіріп келді.

– О, Тайлан, аман-саумысың? Сағындырып-сағындырып бір-ақ келетіндерің-ай осы сендердің. Сау болсаң бопты. Ал, кәне, зарықтырып келгенде әкелген не базарлығың бар? Әлгі астаналық деуші ме едіндер, әлде арнайы москвалық деуші ме едіндер, немене еді, баса келген боларсың. Үлкен қалада жүрмін деп, мына кішкене аулыңды, біз сияқты құрбы, замандастарыңды ұмытып кетсең, өзің де оңбассың – деп төкпелеп сөйлеп, тақымдай бастады. Қасын ойнатып, жымың қағады, көзін қысып қояды.

Бұл Тәужен деген бір кезде пысық, іскер жігіт болатын еді. Ұзақ мезгіл колхозда есепшілік қызмет атқарған. Соңғы жылдардағы хабардан «Тәужен ішкілікке салынып кетіпті. Қай жерге барса да иығы сыймайды. Әр қызметтің басын бір ұстап, қонақтай алмай жүр», – дегенді естітінмін.

– Бармағыңды сағындым. Бірдемең болса, шығар бері. Болмаса мына жерде дүкен де жақын. Жүгірте ғой біреуді. Осындай оңашада қағып тастайық, – деп Тәужен алды-артымды орап, елпілдеп барады.

– Көріп отырмын, тамағың кепсіп қалған екен. Дүкенге барып бірдеме әкеп бермесем болмас саған, – деп оңтайлана бердім...

Тәужен тамағын кенеп, қыпың ете қалды.

– Болса, ақаңның құлагеріне қай қылаң жетсін? Жетім баланың қарнындай ішіңді кептегеннен басқа не қажеті бар шарап дегенің.

Осы бір шақта есік тағы да шалқалап ашылды да, бір қолында ескі қара портфелі, екінші қолында домбырасы бар шоқша сақалды қарт кіріп келді.

Төр алдында отырған Тәужен қисая кетті.

– Е, аман жүрсің бе, балам? Баяғы өзің барда кәзетке бір өлеңім басылып еді ғой. Содан кейін сәті түспей-ақ қойды. Кәзет төңірегінде кілең бір бөрікрәттер жиналып алса керек. Мықты дегеннің бәріне арызды айдап жатырмын. Хабары бір келсінші. Содан кейін қалай баспай отырар екен! – деп карт маған қарады. Сол шақта оң жақ бетінің еті жыбыр ете түсті. Оң көзі жыпылық қағып кетті. – Ай, шырағым,

сен жоқта көп дүние жазылды. Ескі хиссаларды қайта өлеңге түсірдім. Оқиын деп келдім. Отыр, – деді ол төр алдына жайғаса беріп. Домбырасын да күйлей бастады. Бұл сол колхозда тұратын Байбөрі деген карт еді. Көп сөйлейтін, келсін-келмесін боратып өлең жаза беретін мазақ карт болатын.

– Ау, бала, сен осы қопаңдай бересің, бір жаққа бармақ па едің? Атаңның ләбізін тыңдамай ешқайда да кетпейсің, – деді Байбөрі ақжағал болған қара портфельден қалың дәптерді шығарып жатып тағы да.

– Ой, шал, оныңды қоя тұр, – деді жантайып жатқан Тәужен, – Тайланның асығыс шаруасы бар. Ертең келіп оқы.

Байбөрі алақанын маңдайына тосып, төр жаққа тесіле қарады. Бет еті тағы да жыбыр етті.

– Бұл кім еді? Әлгі Ыбыштың жаман Тәужені ме? Ой, арақ пен жуа сасыған мұндар неме? Жайыңа жат. Білем сенің не шаруаңның бар екенін, – деп Байбөрі шоқша сақалы шоштаңдап адуын сөйледі.

Тәужен басын көтерді. Шал портфелінің үстінде жатқан қалың дәптерді қолына алды. Салмақтап-салмақтап қойды. Содан кейін қасқабағын ойнатып, қуақылана:

– Осы шатпақтарды да хисса деп... Отқа таста әрі, – деді.

– Әй, осы сен кімге жөн үйретпексің, мұндар неме! Жоғал, бар!

Тәужен бір қулық сақтап, шалды әдейі шапқа түртіп отырғанға ұқсайды. Маған қарап көзін қысып қойды да:

– Бұл үйден кім мылжың болса, сол кететін болсын, – деді.

– Әкең жаман ғой, мұндар неме. Ыбыштан қайбір оңған бала туды дейсің.

Жігіт шықылықтай күлді. Шалдың бет-аузы тағы да жыбырлап кетті. Қарттың иығына Тәужен қолын салды. Жүзінен күлкі ізі жоғалып кетті. Балаға арнап ақыл айтып отырған үлкен адамша сөйледі.

– Қалжың ғой, Байекесі. Байекең екеуміз кейде осылай қораздарға ұқсап, ілінісіп қаламыз. Әйтеуір кегіміз жоқ бір-бірімізге. Ақсақалдың жазғандары да көп. Соны сен, Тайлан, ретін тауып бастырсаң деймін.

Байбөрі карт шоқша сақалын сипап шалқая отырды.

Тәужен шалға қарады.

– Ал, қосағасы. Тайлан болса, жаңа ғана келді. Жол соғып шаршаған да болар. Демалсын. Ертең кел. Сонда оқырсың. Кәне сөйте ғой.

Шалдың беті тағы жыбыр ете қалды.

– Шырағым, сен келсейші ертең. Менің жайымды білесің ғой өзің. Сөз жүйесін түсінер кім бар мұнда? – деп жуаси сөйледі.

– Жарайды, енді ертең кел деп отырмын ғой. Бірінші күнді мына бізге, замандастарына берсеңші.

Жығыла қалатын Бәйекең де көрінбейді.

– Бір күн арақ ішпесең, ішің кеппес, балам. Сен кел ертең. Байқай-

мын, Тәужен мен Байбөрі бірін-бірі алдайды. Арбасады. Бірінен бірі құтылғысы келеді.

Ал мен болсам, мылжың мен ішкіштің екеуінен де құтылғым келіп асығып отырмын.

ӘЛГІ БІЗДІКІНЕ ҚОНАҚҚА КЕЛГЕНДЕ

Келесі күні ертемен тысқа шықтым. Аудан орталығынан қалаға қарай өтетін даңғыл жолдың үстінде, ұзын аққан Нұраның жағасына қоныстанған ауыл. Бұл бұрын өз алдына «Қызыл шілік» деп аталатын шарқы шағын, қауқары жоқ кішкентай ғана колхоз болатын. Енді «Париж коммунасы» деген үлкен колхозға қосылып, соның бір бригадасы ғана болып қалған екен.

Бригада демекші, «мұндағы бригадир кім еді?» деп ойладым. «Ие, Ахмет деп еді-ау түнде».

Сол кезде қара мұртты, дөңгелек күрең жүзді мығым біреу астындағы сыпсың торыны ойқастатып алдымнан өте берді. «Ие, ие, мынау Ахметтің нақ өзі ғой. Баяғы қалпы, өзгермеген тіпті».

– Амансың ба, шырақ? – деді ол анадайдан, – келгенінді естідім. Қол тимей жатыр амандасуға. Райком мен райисполкомды қонаққа шақырып едім. Асығып барамын. Кездесеміз әлі.

Ахмет атын тебініп қалып, желіп кетті.

Ие, мен онымен тағы да кездестім. Бұрын бұл колхоздың алыстағы жайлауда малы болатын еді. Сол мал жайын, жайлау жайын сұрадым.

– Жайлауда қазір совхоздар орнай бастады ғой. Әлгі жуырда біздікіне райком мен райисполком келді ғой. Сонда олар келер жылы жайлаудан малды айдатып алдырармыз деп айтты, – деп жауап берді.

Енді бірде тістің тазалығы, беріктігі жайында сөз болып еді. Ахмет отырып:

– Тісің таза болсын десең, шеснок же, – деп қойды.

Жұрт үндемей қалды.

– Нанбайсыңдар ма? Рас айтам. Әлгі біздікіне келгенде райком мен райисполком тістерін пиязбен тазалады ғой. «Шеснокпен тазаласа, тіпті жақсы. Тіс берік болады», – деп айтқан.

Шіркін-ай, өзіндік түк ойы жоқ осындай жарамсақтар құрыса, кеудесіне нан пісіргіш, шенқұмар бюрократтар да азаяр еді-ау.

ҚҰЛПЫ ТАС

Осы ауылда жатқанымда кешігіп бір суық хабар келді: көрші аудан орталығында тұратын Бекіш деген жолдасым бар еді. Қапылыста қазалы болыпты. Өлім деген айтып келе ме, он алты жасар баласы бар еді, қапияда мотоциклден құлап дүние салған.

Жолдас қақы осындайда өтелмей ме? Көңіл айтамын деп сол ауданға бардым.

Машинадан түскенімде Бекіш есіктің алдында тұр екен. Мені көріп әуелі езу тартты. Содан кейін қалың, ет жеңді үлкен беті бұзыла берді. Жуан қарнын кеудеме тақап, талдырмаш денемді әлеуетті қолымен қапсыра құшақтап алды да, қарлыққан рабайсыз даусымен жылай берді.

– Сабыржаннан айрылдық, Тайлан.

Бекіш бір адым кейін шегінді де, көзінің жасын сүртті. Содан кейін:

– Бізді артына тастап, сандалтып кетті, – деді. – Ал неғып тұрсыңдар? Үйге кірейік.

Бекіш бұл сөзді сабырлы қалыпта айтты да, жуан денесін шапшаң қозғап үйге беттеді.

Жайғасқан соң да Бекіштің өзі сөйледі:

– Аруағы разы болсын, өткен-кеткендер айта жүрсін деп, биік құлпы тас орнаттым. Үш ай басына түней жатып орнаттым. Күшке де тиді, титығымыз қалмады. Тайлан, – өңі тағы да бұзылып кетті. Ол орамалын көзіне басты. Содан кейін: – әйтеуір жұрттың бәрі де бұрын мұндай құлпы тас көрген жоқпыз дейді, – деп қойды. Сабырлы қалыпқа келіп, салқын сөйлейді. «Қанша айтқанмен ер ғой сабазыңыз. Өзіне-өзі тоқтау салып отыр» – деп ойладым. Сонда да әке көңілін жұбатар сөз тауып айта алмаймын. Бекіш кішкене көзін терезеге қадап, қайғысы да, қуанышы да жоқ бір кейіпте бір сәт отырып қалды. Содан соң түрегелді.

– Ал Сабыржанның басына барып, құлпы тасын көріп қайтпайсындар ма? – Бекіштің даусы ширақ шықты.

«Мола басына барып қайтсақ» деген сөз тілімнің ұшына үйіріле берсе де, жүрексініп отыр едім, енді өкініп те, қысылып та қалдым.

Біз молаға бет алдық. Қыстақтың жел жақ сыртынан өтетін шойын жолдан астық та, кішкене дөңге көтерілдік. Алдыңғы бір қыратттың сілемінде қалың мола көрінді. Солардың ішінен басына күмістен жарты ай орнатқан биік құлпы тас ашық күнге шағылысып, ерекше жарқ-жұрқ етіп тұр.

– Сабыржанның құлпы тасы анау, – деді май басқан іркілдек денесін зорға көтеріп дөңге қинала шыққан Бекіш. Алқына сөйледі. Содан кейін артта қалған темір жолға көз салды. – Бір жақсысы, мына темір жол үстінен тіпті айқын көрінеді. Алыстан-ақ мен мұндалап тұрады.

Біз мола басына келдік. Жан-жағын цементпен көмкерген жас қабыр. Бойындағы талантын аша алмай арманда кеткен бала қабыры. Үстінде көп гүл, жазуы өше бастаған қара ленталар. Аз ғана уақыт өтсе де, ана жер мекенінен кеткен балғын бала өміріндей солғын тартып солып қалған.

Жел жоқ талма түстің тыныш шағы еді. Сонда да кең сахара кеңістігінің әлде бір алыс түкпірінде туған ыстық леп ауық-ауық соғып өтеді де, сол бір өңсіз, ажарсыз гүлдерді ойнатады. Мына бір кең тыныс тірлік дүниесіне сол өлім шіркіннің өзі де елбек қағып, ізет етіп тұрғандай.

Көз алдыма Сабыр елестеді. Ол бір лапылдап келе жатқан өрт сияқты еді. Сабақты да жақсы оқыған. Самолет моделін де жасаған. Колхоз малына шапқан үш көкжал бөріні де өзі жайратқан. Бәс тігіп ағысы қатты өзеннен де жүзіп өткен. Сабыр, міне, сондай еді. Менің көңлім бұзылды. Көзіме жас келіп қалды. Сол кезде Бекіштің самарқау даусы естілді:

– Бұл құлпы тастың биіктігі алты метр. Бір жарым метрі жер астында.

«Не есеп бұл? Сабырдай бала өмірін метрлеп қалай толтырмақшы?»

Мен теріс айналдым да жүріп кеттім. Артымнан ырсылдаған, алқынған дыбыс естілді. Жүрегін май басқан Бекіштің демалысы бұл.

Бекіш мені қуып жетті. Қатарласа жүрді. Екеуміз шойын жолды кесіп өттік. Бекіш артына қарады, содан кейін дүние ісіне кейіген, ренжіген, бірақ қайғысы жоқ бір момақан даусымен:

– Әйтеуір, қолдан келгені осы болды. Жақсы-жаман екенін қайдан білейін, – деп күрсінді.

Бекіш ойын енді түсінейін дедім.

– Жоқ, орнатқан құлпы тасың тым жақсы екен, – дедім мен.

«Рас па?» дегендей Бекіш маған сұрана қарады.

– Рас айтамын.

– Жұрт жақсы деседі. Соларға ұнаса болды-дағы, – деді бір арба болып ентіге басып келе жатқан Бекіш.

Апыр-ау, бұл құлпы тас бала басына қойылған ескерткіш пе? Әлде даңғой әкенің атын шығаратын бірдеме ме? Түсінбедім.

БАСТЫҚ ЕЗУ ТАРТТЫ

Мен өз облысымыздағы бір мекеме бастығының кабинетінде отыр едім. Бір уақытта ақ өңді, доға мұрын, шашы құлжаның мүйізіндей иірім-иірім болып құлағын жауып кеткен біреу кірді де, менің қарсы жағымда тұрған креслоға сызыла келіп отырды.

– Біздің қатшымыз Атарманов, – деп таныстырды мекеме бастығы.

– Қара-еке, – деп Атарманов көзін төмен салды. – Қараеке, әлгі Қарағандыға жүру мәселесімен... Соны анықтап алсам ба деп... шешіп берсеңіз жақсы болар еді... – қатшы күмілжіп барып тоқтады.

Мекеме бастығы шықшытын қозғады. Содан кейін әжім үймелеген шегір көзін қатшысына аудармай қадап, біраз ыңылдап отырды да, жәй ғана:

– Сәрсенбі күні жүріп кеткенің дұрыс болар, – деп тізгіннің ұшын ұсына сөйлеп, маған айтып отырған шаруа жайын жалғай берді. Байқаймын, осындай қарауындағы адамдарына ырық бергенсіп, еркіне салғансып отырып, өз дегенін істеткізетін адам ғой деймін. Сол босаң айтқан, былқ еткізе салған сөзінің өзінде де кесім жатқандай сезілді маған.

Мен келген шаруамды бітіріп, кетуге айналдым. Мекеме бастығы шегір көзін тағы да қатшысына қадады.

– Ал, Атарманов, сонымен қашан жүретін болдың?

Қатшы шылымын сөндіріп күл салғышқа тастады да, шалқая отырды. Содан кейін:

– Алдағы сәрсенбіде жүремін. Жұмыс бар мұнда. Тез оралуым керек, – деп өз бетімен іс шешетін реуште, шаруа қамын ойлағансып кесіп сөйледі.

Бастық сәл ғана езу тартты. Мен былай шыға бере «бюрократтар осы қатшы сияқтылардан шығады-ау» деп ойладым.

КҮЛКІ

Уақытша ұйымдасқан құрылыс тресінде істеп жүрген кезім еді. Алматыдан бір өкіл келе қалды.

Екеуміз таңертең облыс орталығынан шығамыз да аудандарға барамыз. Салынып жатқан астық сарайларын көреміз. Бастық біреуге ақыл айтады. Екінші біреуге ұрсады. Ал үшінші біреудің жеребіріне жетеді. Қорқытады, қызметтен алып тастаймын деп столды ұрғылайды. Содан кейін... Ие, содан кейін қазіргі техника заманында жердің алыс-жақыны бар ма, тәйірі – кешке қарай қала қайдасың деп бір-ақ тартамыз. Мен өкілді қонақ үйге алып келемін. Өзіне арналған бөлмеге жайғастырамын. Ваннасын дайындаттырамын, тамағын әзірлетемін. Ертеңіне машинаны алып тағы да қонақ үйге келемін. Бастық тұрып жуынғанша, тамағын ішкенше күтіп отырамын.

Несін жасырайын, мені мұндай «командировка» жалықтырып жіберді. Бірақ өкіл айтқан соң амал қанша, ұнатпасаң да үндемеуге тырысасың, дегенін істей бересің ғой.

Бұл бір өзі лайсаң, салқын шақ болатын. Ұзақты күн аспан әлемін тұнжыр күздің жылауық бұлты қоршап, жаңбыр бүркіп тұрды да, кеш түсе алақаншықтап қар жауып кетті. Біз бұл кезде «Қызыл қия» деген колхозға келген едік.

– Осындай қарбалас уақытта қонып жатудың өзі қылмыс болады. Қалаға жетіп бір-ақ тоқтаймыз, – деп өкіл кесіп айтты. Шофер жігіт желкесін қасыды.

– Қалаға әлі отыз шақырым бар. Жол болса, жаман.

– Далада қалып қойып жүрмейік, – дедім мен.

Өкіл үндемеді.

Амал қанша... зорға жүріп келеміз. Жентектелген жабысқақ қар машина шынысын соққылайды. Әлде біреу тасада тұрып әдейі атқылап тұрған секілді.

Машина жарығы үш-төрт-ақ адым жерге ғана түседі. Алдыңғы бет әуелі ақсұр перде ұстап қойғандай бозамық тартады да, арғы жағы қалың кілегей қараңғылыққа айналып тас түйін болып кетеді.

Біз бір ағаш қылтасына киліктік. Машина қар аралас лай суды сызып келе жатыр еді, бір заманда арты бұлғаңдап, қырындай тартты да, күрт тоқтады. Содан кейін өрмекші торына түскен шыбындай зуылдай бастады. Ілгері де жұлқынады, кейін де жұлқынады. Сонда да, лықсып барып әлгі бір өзі қазған шұңқырға түседі.

Біз машинадан шықтық. Өкіл шалбарының балағын қолымен көтеріп, аяғының ұшымен бірер рет жиіркене аттай берді де, тәйкесінен түсті. Мен оған қарамадым. Аяғымдағы кержі етікпен көстеңдей басып, машинаны итеріп жатырмын. Біраз уақыт өтті. Мен болсам терге малшындым. Шофер жерге түсті де, машинаны бір айналып шықты. Артқы доңғалақтарына үңілді. Содан кейін:

– Трактор сүйреп шығармаса, отырған шығармыз мықтап тұрып, – деді.

Енді бірде өкілге қарасам, пальтосының жағасын көтеріп, желге жонын тосып бүржиіп тұр екен.

– Ал, енді не істейміз? – деді ол. Тісі-тісіне тимей сақылдап тұрғанын сонда білдім.

– Не істеуші едік. Осы арада жатамыз. – Ашу буса да сызды үнмен ақырын ғана сөйледім.

– Үсіп өлеміз ғой.

«Өзіңе де керегі сол еді» – деп қойдым ішімнен.

– Тым болмаса, жарты литр спирт болса... – деп өкіл бүкжие түсті.

Кенет ойыма сап ете қалды. Осы қылтадан екі-үш шақырым жерде орман қорушы Мұстафа дейтін қарт тұратын. Үйінде бір-екі рет болғаным да бар еді. Ақ көңіл, аңқылдаған мырза кісі болатын. Машинаны бір тәңірдің өзіне қалдырдық та, өкілді ертіп біз сонда тарттық.

Бағымызға қария да үйінде болып шықты. Түн ортасы ауып кетсе де, құрақ ұшып қарсы алып жатыр.

– Ау, балалар, амансыңдар ма? Төрлетіңдер, төрлетіңдер. Ал, қатын,

іздесең таппайтын қонақтар келді. Қимылда. Ал, Тайлан, аман-сау жүрсің бе? Бала-шағалардың дені сау ма? – Мұстафа қарт ортадағы аспалы шамға қолын қалқалады, – ал мына бала кім?

– Алматылық. Өкіл, – дедім мен кекетінді дауыспен. – Қалада тығыз шаруасы болып, түнделете жүріп кетіп едік, отырып қалдық.

Қарт онымды аңғармады білем, бәйек бола берді.

– Е, өз баламыз екенсің ғой. Былай шық. Ойбай-ау балам, өзің жаурап қалғансың ба? Қатын, әлгі ана біреуің қайда еді? Әлгі бала келіп қала ма деп, сақтап жүрген тентек суыңды айтамын.

Мен өкілге қарадым. Жақ жүні торайдың қылтанындай үрпиіп бозарып тұрса да, шегір көзі күлімдей қалған екен.

– Ал, шырақтарым, тоңып қалған екенсіңдер, тамақ піскенше жылына тұрыңдар, – деп қарт бір ала мойынның түбін көтере берді...

Өкіл қолының қалтырағанын сездірмейін дегендей, стаканды аузына еппен апарды да, төңкере салды.

– Пай-пай, жастың қимылы, міне, осындай болу керек қой, – деп Мұстафа қарт ауыз үйге қарай беттеді.

Өкіл тірілейін деді. Бетіне бірден қан жүгірді. Маған қарап басын шайқады.

– Форточкасы жоқ екен, қалай жатамыз?

«Онда далаға жат» дейін деп бір оқталдым да, өзімді өзім ұстап қалдым.

– Үйі кір екен. Электр жарығы жоқ, – деді ол тағы да. – Қалай тұрады?

Мен үй ішіне еріксіз көз салдым. Терезелері үлкен екі кең бөлме. Оң қабырғада әлі өңі таймаған парсы кілемі тұр. Маңдай қабырғада шыныланған суреттер. Үй іші жинақы, таза. Жалғыз-ақ қабырғалар жергілікті жердің ақ балшығымен сыланған екен. Керосин шамымен сәл күңгірт тартады. Өкілдің «кір үй екен» деп отырғаны да сол болса керек.

Әлгіндей болмай буы бұрқырап үйеме табақ ет те келді.

– Балалар дәмді әлгі айырымен жейтін шығар, – деп қойды қарт. Лезде-ақ шанышқылар, екі-үш бутылка ала мойындар да жетті.

– Балалар тоңып келді ғой. Бірер рет көтеріп жібер, – деп қарт ыдыс-аяқ әкеп жүрген жігітке қарады. Өзі шарт жүгініп огырды да, шоқша сақалының ұшын тарамдап, ерніне қыстырып қойды. Дәмді тамағымен бірге тағы да стакандар сылдырады... Өкіл іркілмеді. Тастап-тастап жіберді де, етті көмекейлей асап жатыр.

– Алыңдар, шырақтарым! Бұйырған дәм ғой.

– Әй, шал, өзің бір жақсы шал екенсің, – деді бір кезде өкіл. – Ал мына үйің неге кір?

Мұстафа қарт естімеген, елемеген кейіп білдірді.

– Алыңдар, суытпай алыңдар, шырақтарым. Балам-ау, аузыңды ашып отыра бергенше, қонақтарыңды күтпейсің бе! Құйып жібер!

Мен өкілге қарадым. Байқаймын «ақаң» шіркін буынына түсіп кеткен болу керек, көзі тұманданып, шалықтай бастаған екен. Мен жігітке «құйма» дегендей белгі бердім.

Өкіл аузын қисаңдатты. Содан кейін ебі кеткен қолын табаққа апарды. Етті шеңгелдей алды да аузына апара беріп қарияға қарады:

– Ылғи ет жейсің, шал ә?

– Е, бүйырғанын, шырағым... Алыңдар, алыңдар, балалар. Сарқыт беретін келін жоқ мұнда.

Өкіл ықылық атып, шалқая берді:

– Біз бүгін осында жатамыз.

– Е, мына жеті түнде қайда бармақшы едіңдер. Жатасыңдар. Қатын төсекті қалың етіп салып береді.

– Бүрге жоқ па? – деді өкіл тілі күрмеліп.

Қария мазасызданып қалды.

– Ондайды білмейміз, шырағым.

– Ә, ылғи ет жегенше... ә? Әлгі ана борщ... Мына үйді айтам... кір...

Мұстафа карт бар даусымен селкілдеп қатты күлді.

– Ха-ха-ха-ха!..

Өкіл басын көтеріп алды.

– Әй, шал, неге күлесің?

Мұстафа сұсты бір қалыпқа түсті.

– Сіз сияқты лауазымды адам үйіме келіп, қолымнан дәм татып отырғанына қуанып отырмын. Қуанғандығымнан күлемін де... – деді ширақ үнмен.

Өкіл көзін шалықтата берді.

ҚОЙ, БАСҚА БІРЕУ ШЫҒАР...

Бір күні ұзақ жүріп командировкадан келдім. Әйелім есікті ашты да:

– Сүйінші, Тайлан, – деп күле тұрып қалды.

– Ие?

– Жоқ, әкел сүйіншімді. Әйтпесе, айтпаймын.

– Жарайды, қалағанынды ал.

– Сағынтай басқа қызметке ауысты, – деді жолдасым.

– Рас па? – деппін мен қуанғандығымнан.

Сағынтай біздің көңілдес жолдастарымыздың бірі. Мен командировкаға жүрер кезде оны облыстың бір жауапты қызметіне ауыстырады деген сөз болған.

– Бұл қызметке ауыстырса, айта жүретіндей етіп той жасаймын, – деп

күліп еді Сағынтай. Тойын қойшы оның. Сағынтай сияқты жас жігіттің өскеніне, үлкен қызметке жоғарылағанына неге қуанбайын. Алдым да телефон соқтым.

– Ау, Сағынтаймысың? Амансың ба, ей? Ал қызмет орның құтты болсын.

Ар жақтан құлағыма тосаңдау паң дауыс естілді.

– Бұл кім болар екен?

Мен қысылыңқырап қалдым. Сағынтай қоңыр дауысты, шапшаң сөйлейтін жігіт болатын.

– Бұл қайдан?

– Қайда звонить етіп тұрғаныңды білмесең, неге звонить етесің, – деді жаңағы дауыс айырықша бір салқын леппен.

– Мен қаталасып кеттім ғой деймін-ау осы? Маған Сағынтай керек еді. Сағынтай Өкімбаев.

– Ие, мен Өкімбаев, – деді телефондағы жігіт. Содан кейін ар жағындағы біреулерге сөйлеп кетті. Мен аңырып қалдым.

– Иә, Өкімбаев тыңдап тұр. Не айтайын деп едіңіз? – Телефоннан қағаз сыбдыры естілді.

– Ау, сен Сағынтаймысың?

– Ие, бұл кім еді?

– Танымай қалдың ба? Тайлан ғой. Жаңа орның құтты болсын.

Одан үн жоқ.

– Алло, алло. Сағынтай...

– Ие, Тайлан, тыңдап тұрмын. Не шаруаң бар еді?

– Командировкадан кеп тұрғаным осы. Сені құттықтайын деп... – деп күмілжідім. Содан кейін тағы да «Осы рас Сағынтай ма?» деп түйткілденіп қалдым.

– Ал, сен рас Сағынтайсың ба осы, әлде ойнап тұрған басқа біреу ме?

– Тайлан, – деді телефондағы паң дауыс. – Ойын-ойын ғой. Ал қызмет бабында «сен, сен» деп дікектеуіңді қоятын бол бұдан былай.

– Әй, қойшы. Сенің осы бір қулығың-ай.

– Рас айтамын. Соңы болсын мұның.

Мен бірдеме дейін деп ойлана беріп едім, Сағынтай трубканы тастап жіберді. Телефон «түк-түк» деп өз әніне басып кетті.

Апыр-ау, бұл кәдуілгі мен білетін Сағынтай ма? Қой, басқа біреу шығар...

ТӨЛЖАННЫҢ ДОСТЫҒЫ

Міне, екі күндей де болған жоқ. Екі жылдық мектепті бітіріп шықтық. Жұрт жаңа қызмет орындарына кетіп жатыр. Ал, мен болсам... Ие, мен Қазақстанның солтүстігіндегі бір қалаға аттандым.

Бейтаныс қала. Жаңа қызмет орны. Жаңа адамдар күтіп тұр алда.

Адам деген қызық қой. Осындайда ең алдымен ескі танысың, досжаран адамың болса, соны іздемейсің бе?

– Ие, мен білетін кім бар еді осы келе жатқан қалада?

– Eh, Төлжан ше? Кәдімгі өзіміздің Төлжан Ырсаевты айтамын. Менің көз алдыма безеулі томпақ бет, салпы ерін, орта бойлы қара жігіт елестей қалды. Ие, ие, ол екеуміз университетте бірге оқып едік-ау. Төлжан журналистика факультетінде, ал мен... жә қойшы, менің қай факультетте оқығаным сөз болып па екен! Әңгіме екеуміздің бір бөлмеде құшақтасып бірге жатқанымызда емес пе! Біз студенттік кішкене дастарқанымызды да қызғанбайтынбыз. Елден келген сәлем-саукаттар да бөле жарылмай ортаға түсетін.

Ал университетті бітірген күні ше? Бар ақшаны ортаға салып, достарымыздың басын қосқанды қайтесің?

Содан кейін Төлжанды шығарып саламыз деп, вокзал басына келгеніміз бар еді-ау. Тіпті ол да емес. Бәрінен де Төлжан екеуміздің құшақтасыш сүйіскенімізді, ұмытпасқа серт беріскенімізді айтсаңшы!

Міне, сол Төлжан мына мен келе жатқан қалада тұрады. Несін жасырайын, тіпті осы қалаға келе жатқаныма қуанып та қалдым. Жолдағы бір станциядан оған телеграмма соғып жібердім.

Ие, сүйтіп, сағына күткен күнге де жеттім-ау, әйтеуір. Поезд вокзалға келіп тоқтады. Мен жүгіріп перронға шықтым. Қыбырлаған қалың жұрттың арасынан безеу бет Төлжанды іздеймін. «Ернің салпайып, бір тұтам мойныңды қылқындатып тұрған шығарсың бір жерде. Көзге түсе қалатын зор да емессің», – деп күліп те қоямын.

Әлгіндей болмай жұрт та сиреп қалды. Төлжан болса, көрінбейді. Жүгімді көтеріп вокзал алдына өттім. Досым онда да жоқ болып шықты. «Әлде телеграмманы алмады ма екен? Әлде... поезд келетін күнді теріс көрсеттім бе? Айтпақшы, осы қай вагонда келе жатқанымды айтпадым ғой деймін».

Осындай түйткіл ойлармен келіп таксиге отырдым. Бәрін де дұрыс көрсеткен, бәрін де айтып жазған сияқтымын.

«Мүмкін командировкаға шығып кеткен болар. Ие, сөйткен ғой. Әйтпесе мүмкін емес Төлжанның қарсы алмауы».

Қонақ үйге келіп орналасқаннан кейін де ойыма әр түрлі жорамалдар орала береді. Қойшы, бұл жерде отырып алып бал аша бергенше, неге барып келмеймін!

Мен Төлжанның қабылдау бөлмесіне келіп кірдім.

– Ырсаев жолдас бүгін ешкімді де қабылдай алмайды, – деді тырнағының көбесін тазалап отырған қыз.

– Алыстан келген адам едім Төлжанның ескі жолдасымын.

– Бәрібір қабылдамайды. Арнаулы күн бар. Сонда келіңіз.

– Жоқ, айтып шығыңыз сонда да, Тайлан деген досыңыз келіп тұр деңіз.

Қыз орнынан зорға тұрып кабинетке кірді де, қайта шықты.

– Ол кісі телефонмен сөйлесіп жатыр. «Күте тұрсын» деді.

Ұзақ күттім. Содан кейін бір ой келді: «Әй, қой, Төлжанның да есігін күзетіп отырмақпын ба?»

Ұшып түрегелдім де, кабинетке сып беріп кіріп кеттім.

Сонау төрдегі үлкен столдың ар жағынан бірдемеге үңіле қарап қара жігіт отыр. Кәдімгі салпы ерін Төлжанның өзі. Баяғы қалпы. Жоқ, ойбай-ау, қалай семіріп кеткен өзі. Томпақ беті шелденіп, көзінің алдын май басып қалған.

– Төлжан! – деп дауыстап ұмтыла бердім.

Ол басын көтерді. «Бұл кім?» дегендей май жауып кеткен жылтыр көзін маған қадады.

– Ау, Төлжан, танымай қалдың ба? Мен Тайлан ғой.

– А-а! – деп ыңыранды Төлжан. – Ие...

Мен сәл абыржыңқырап қалдым:

– Дәм айдап, қалаңа келіп қалдық.

– Өте жақсы болған, – деп ол сәл езу тартты. Содан кейін «айтар енді нең бар?» дегендей маған қарады. Кенет мен «Неге келдім осы?» – деп өкіндім. Аптыққан көңілім басылып қалды.

– Жәй амандық білейін деп... – деп күмілжідім аузыма сөз түспей.

– Рахмет, ұмытпағаның үшін, – деп Төлжан салқын ғана жымиды.

– Ал, Тайлан, бір хат шаруамен отыр едім...

– Онда ғапу етерсің. Уақытыңды алдым ғой деймін...

– Басқа бір бос уақытты біліп алып келсеңші, Тайлан, – деді ол шығып бара жатқан менің соңымнан.

Бірақ мен Төлжанға қайтып бармадым. Оның бос уақытын аңдып жүрерліктей менде де уақыт болмай қалды. Біз бастапқы кезде не көшеде, не бір жиында кездесе қалсақ, салқын ғана бас шұлғысып жүрістік те, кейін тіпті бірімізді біріміз білмейтін адамдарша өтіп кететін болыстық. Әдепкіде оның бұл мінезі тым ауыр болған еді. Келекеле көндігіп кеттім. Оның үстіне жұмысқа да төселе бастадым. Достар да көбейе берді. Бұл қалада бұрынғы достым Төлжанның тұратынын ұмытайын дедім.

Бір күні көшеде маған қарсы келе жатқан Төлжанды көрдім. Ерні салпиып, езуін жия алмай күліп келеді. «Басқа біреуге білдірген ықыласы ма?» деп кейін қарасам, ешкім де жоқ! «Бұған не болған?» Сонда да көрмеген болып оңға қарай бұрыла бердім. Сол кезде:

– Тайлан! – деген дауыс шықты. Мен амалсыз тоқтадым.

– Амансың ба, Тайлан. Көзіңнің еті өсіп кеткен бе, немене? Қарамайсың ғой, – деп Төлжан күлді. Содан кейін келіп арқамнан қақты.

– Ойын ғой. Оқасы жоқ. Ал осы екеуміздікі не? Бірге оқимыз. Ұзақ

жыл бір бөлмеде бірге тұрамыз. Енді, міне, танымаймыз бір-бірімізді. Жарайды, кіналаспайық. Қызмет бабында ана-мына жағдай бола береді. Қара басыңның мүддесінен мемлекет ісін жоғары қоймасаң, қызмет істей аласың ба? Жарайды, ол бітсін. Ал мен саған келе жатырмын, достым. Бүгін біздікінде боламыз. Семьямызды таныстырамыз. Кешікпеңдер.

«Төлжан дегенмен ақылды жігіт қой. Менің өкпелеп жүргенімді біліп келіп отыр ғой» деген оймен, айтулы сағатта оның үйіне бардық. Үй иесі бізді жайраңдап қарсы алды. Көп отырдық. Көп тостарды көтердік. Түннің бір уағында бізді Төлжанның өзі шығарып салды.

– Қызмет деген бірде олай, бірде былай болды. Бәрінен де достық қымбат. Сол достықты бағалай білуіміз керек, – деді ол қоштасып тұрып.

Мен үйге қуанып қайттым. «Анада шынында да бір қауырт іспен шұғылданып отырған екен ғой. Әйтпесе кейін келерсің дер ме! Неге кейін бармадым екен десеңші! Ай, намысшыл басым-ай», – деп өкіндім. «Жоқ, райдан қайту керек. Төлжанның семьясына үйді көрсеткен жөн».

Осы оймен ертеңіне оған телефон соқтым.

– Алло, алло, мені Ырсаевпен жалғасаңыз.

– Қайдағы Ырсаев? – деп таңданды телефондағы әйел даусы. Баяғы өзім барғандағы тырнағының көбесін тазалап отырған қыз болса керек.

– Тәлкекті қойыңызшы. Маған сіздердің бастықтарыңыз, Төлжан Ырсаев керек.

– Ырсаев бізде істемейді.

– Істемейді?! Қалай істемейді?

– Кәдімгідей істемейді. Бюрократтығы, мінезсіздігі үшін қызметтен шығып қалған.

Мен трубканы ұстап ұзақ тұрып қалсам керек.

– Телефонымызды босатпай тұрсыз. Трубканы салып қойыңыз, – деді жаңағы әйел даусы тағы да...

АЛШАҚ МІНЕЗДЕР

Жол үстінде едім. Тамақ ішейін деп вагон-ресторанға бардым. Екі даяшы жүр. Бірі қалың ерін, дудар бас, жирен шаш ұзын әйел. Барылдап сөйлеп, жер-көкті көшіріп жүр.

Бет бақтырмайды. «Заказ алыңыз» дегенге «келгенің жаңа ғой. Әкетіп бара ма?» деп, «тамағыңызды тезірек әкеліңіз» дегенге «отыра тұр. Қызметіңнен қалып бара жатпаған шығарсың», – деп үнемі нығыртып керімал сөйлейді.

Ал, екінші бір бөлмеде талдырмаш бір қара торы қыз жүр. Аяғын ұшынан басады. Жұрттың бәріне де езу тартып күледі. «Қазір» деп қалқи жөнеледі. Енді біреулерге «Айып етпеңіз, сәл күтіңкіреп қалдыңыз ғой деймін» деп, қолын кеудесіне басып иіледі. Ал жолаушы болса: «Оқасы жоқ, сіздің қолыңыздан тамақ жегеннің өзі бір ғанибет емес пе», – деп қояды. Әне бір ортадағы терезе алдында отырған екі жігіт кітапшасын сұрап алды. Содан кейін бірдемелер жазды да, күліп, қыздың қолын қысты.

Байқап отырмын. Сол қыз қызмет етіп жүрген жақта келушілер де көп. Ал біз отырған бөлмеде төрт-бес-ақ адам бармыз.

Мен екі даяшы қыздың қылығы мен ісіне қайран қалып бақылаумен болдым.

Бір заманда дудар басты шақырдым.

– Әкетіп бара ма? – деп гүж етіп қасымнан өтіп кетті ол. Үндемедім. Шыдап отыра бердім. Ақыры дудар бас даяшының өзі келді. Мен есебін бердім де:

– Сізден бір сұрайтыным бар еді, – дедім.

– Ол не сұрақ? – даяшының қабағы жазылар емес.

– Жоқ, ашуланбасаңыз ғана сұраймын.

– Келген-кеткенмен тәлкектесер уақыт жоқ – деп ол жүріп кетті.

Келесі күні тағы да ресторанға бардым. Бергі бетте кісі тым көп екен. Қара торы талдырмаш қыз кешегі бір қалпында подносын көтеріп, жұрт арасында қалқып жүр. Ал арғы бетте бір ғана жолаушы бар. Дудар бас әйел аяғын көси салып буфеттің алдында отыр.

Мен сол жаққа өттім. Даяшыға тіс жарып ештеңе демедім. Тамағымды ішіп есебімді айырдым да, тұра бердім. Сол кезде дудар бас әйел сәл езу тартты:

– Кеше не сұрамақ болып едің менен?

Мен қайта отырдым.

– Жоқ, ашуланбасаңыз ғана айтамын.

– Ал ашуланбайын, сұрашы, – деді әуесқұмарлық жеңген әйел.

– Рас ашуланбайсыз ғой?

– Рас ашуланбайын.

Мен оны қасыма отырғыздым.

– Сіз неге дөрекісіз?

– Сол ма? – Әйелдің қабағы қыртыстана қалды.

– Сол, – деп күлдім мен.

Даяшы жаулығы да, татулығы да жоқ бір кейіпке келді.

– Білесің бе? Ана қызды көргенде жыным ұстайды менің. Ылғи қылмыңдап, жылмыңдап жүргені. Әдейі істейді. Жаныма тиетіні де сол, – деді дудар бас әйел.

Менің аңғарғаным да осы еді.

Қара торы қыз мына дудар бас әйелдің дөрекілігін көріп жібектей ширатыла түседі. Сөйтіп келушілерді өзіне үйіріп алады екен. Ал оның осы мінезіне мына дудар бастың жыны келіп, дөрекілене түсетін көрінеді.

АСА ҚАДІРЛІ КЕҢПЕЙІЛ ҚАРТҚА ХАТ

«Ал, Кеңеке! Қалай үй-іші, мал-жан, бала-шаға аман ба? Қадірлі Сақып жеңгеміз де денсаулықтың арқасында шапқылап жүрген болар?

Ал, Кеңеке! Бізден амандық білмек болсаңыз жаратылыс берген дәулеттің арқасында тиісті ғылым жолында бар өмірді сарп етіп жүріп жатырмыз. Кірген кіріс болмаса, шыққан шығынымыз жоқ, әйтеуір. Қала іші анада өзіңіз көргендей.

Сізге айтарлықтай жаңалық: өзіңіздің Перизат келініңіз бір трумо алды. Үш қанатты үлкен шарайнаны орыстар солай дейді ғой. Білмейтін болсаңыз жадыңызға ұстарсыз.

Енді не айтуға болады сізге? Ие, бәлендей айта қаларлық ештеңе жоқ енді. Айтпақшы, ұмытып барады екем ғой. Ие, ие зарплат жәйін айтпаппын ғой. Анада біздің мекеме жалунаны қысқартады, оның есесіне жазған ғылыми еңбекке гонорар төлейді, деген бір қаңқу тарап кеткен болатын. Ғылым жолында бар өмірімізді сарп етіп, ұйқы, күлкі көрмей балық көзденіп жүргенде жалунаны қысқартатыны жарамаған екен, қайта өсіруі дұрыс еді, – деп қынжылып жүруші едік, әйтеуір, жаратылыс берген дәулеттің арқасында азайтқан да, көбейткен де жоқ. Көбейтпесе, көбейтпей-ақ қойсын. Азайтпаса болғаны да. Гонорар табамын деп қаламыңды қашанғы сүйреңдете бересің!

Айтпақшы, гонорар демекші, әдебиеттік наследие хақында... Өзіңіз алдырып оқыш тұрам деп біраз пікір айтқан ана бір журнал бар еді ғой, сонда жарияланған мақаламды айтпай кетіп барады екем-ау. Ие, сонда әдебиеттік наследие жайында шыққан мақалам болатын. Көрген боларсыз-ау. Соны осындағы бір қадірлі үлкен адамымыз оқып шығыпты. Сол кісі бір жиында «Жетіскенов Құдайберді мына мақаласына қарағанда жеребец науки екен» – деп салды. Жұрт ду күлді. Мен де күлдім. Күлсем де ойланып қалып едім. Оным бос бекершілік екен. «Жеребецтің» «айғыр» дегеннен басқа «абыз» деген мағынасы бар екен[1]. Ал «ғылымның абызы» десе, ар жағында «нағызы» деген сөз тұрғанын өзіңіз де түсінесіз ғой.

Сіз кеткеннен кейінгі аз ғана жаңалық қуанышымыз, міне, осындай, Кеңеке.

Ал Кеңеке!

---

[1] Бұл тегі «жеребец» емес, «жрец» деген сөз болса керек. Құдайбердінің жаңсақ естуі де мүмкін ғой. *(С. Ш.)*

«Жас жастың тілегі бір, жібектің түйіні бір». «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» дегендей, сіз кәрі, мен жас болсам да, тілегі бір адамдармыз ғой. Сөзімнің тоқ етерін айтайын енді.

Сіз ғой анада жұбайыңыз Сақып екеуіңіз біздікіне келіп, біраз күн аунап-қунап жатып кеттіңіз. Келеріңізде біздің қадірлі жиен Кәдірбайдың атын атап келдіңіз. Сіздің өзіңізден түсінгенім сіздің жамағатыңыз Сақып жеңгейдің інісі біздің Кәдірбай үйіндегі жиен келіннің төркін жағындағы біреудің қызына үйленген екен. Содан кейін мен сізді Кәдірбай жиенге құда, маған ілік-шатыс деп қабылдадым. Перизат келініңіз екеумізде ес қалған жоқ. Барымызды алдарыңызға тарттық. Иіліп жастық, жатып төсек болдық. Қолдан келгенше сыйлап бақтық. Тіпті мал базары мен толкушкаға апарайық деп те ниет білдірдік. Бірақ Сақып жеңгей екеуің «мал таңсық па бізге! Барокла деген ауылда да бар. Театрларыңды көрсетіңдер дедіңіздер ғой. Сонда да бір көлденең сөз айттық па? Қабақ шыттық па? Дегендеріңізді мүлтіксіз орындап драмаға да апардық. Оперныйға да апардық. Талай ойындарды көрдіңіздер. Сақып жеңгей сонда бізге «Тәңір жарылқасын, өркендерің өссін!» демеді ме.

Сонымен сіздердің ауылға аттанар уақыттарыңыз да болды. Қоштасып тұрып Перизат келініңіз екеумізге көп алғыс-рахмет айттыңыздар. Біз де сіздерге разы болып қалдық. Несін жасырайын. Сіздердің арқаларыңызда біз де бұрын көрмеген постановкаларды көрдік қой. Ол үшін сіздерге де көп-көп рахмет. Перизат келініңіз «Өздері бір дені-басы чистәй, культөрнәй карттар екен» деп көпке дейін аузынан тастамай жүрді.

Сөйткен сіз мақтаған қыздың кебін киіп, еліңізге барған соң, «Жетіскенов Құдайберді бай-ақ тұрады екен. Бірақ газет алдырып оқымайды екен. Тым болса үйінде бір кітап болсайшы!» – деп жұртқа жайып жіберіпсіз. Соныңызды Перизат келініңіз естіп өкпелеп қалды: «Қолымнан дәм татқан кісі еді. Онысы несі» – деп. Ие, әйел деген өкпелемесе, жүре алмайтын халық қой. Әңгіме өкпеде емес. Бірер ерекше жай бар еді. Сіз оны аңғармапсыз. Мен сізге әдейі арнап хат жазғанда соны баяндайын деп отырмын. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» десек, сол түйін мынадай: «Тым болмаса, үйінде бір кітабы болсайшы!» – Қадірлі Кеңеке! Осы бір сөзді сіз қалай аузыңыз барып айта алдыңыз екен? Соған менің таңым бар. Рас, менің үйімде кітап жоғы өтірік емес. Бірақ менің өзім ше? Мен өзім сол кітапты жазушы емеспін бе? Соған қалай ой жүгірте алмадыңыз екен, Кеңеке! Әрі кітап жаз, әрі кітап сатып ал! Сонда не болғаны. «Өзің үшін еңбек етсең, өзі үшін оттаған хайуанның бірісің», – деп Абай дана айтқандай. Кітапты өзің сатып алу үшін ғана жазсаң, өлім ғой. Ие, көкейіңізде «көркем әдебиет кітаптарын неге жинамайсың? » деген сөз отыр ғой.

Оған да жауап дайын. Өзің түгел әкеңді де білемін дегендей мен ондай кітаптар түгіл оларды жазған жазушылардың өздерін де білемін. Бірімен преферанс, екіншісімен биллиард ойнайсың. Үшіншілері біздің мекемеге де келіп тұрады. Төртіншілерімен қонақта бірге боласың. Ал қалғандарын былай танисың.

Өзіңіз айтыңызшы, егер кітап оқымасам, білімсіз болсам, «жеребец науки» – деп неге айтады мені? Бұл сөзіңіздің үстірт айтылған сөз екенін өзіңіз де аңғарған боларсыз енді.

Ал, енді «газет оқымайды екен» – деген сөзіңізге келейік. Батыл айтсам өкпелемеңіз, Кеңеке! Бұл да қате пікір. Газетті оқу, керегін қортып алу былай тұрсын, оның қалай шығатынын да білемін. «Метромпаж», «оттиске», «набор», «линатип», «клише» деген терминдерді естігеніңіз бар ма, сірә. Ал мен оның бәрін де білемін. Рас, мен үйге газет жаздырып алмаймын. Мен жаздырып алдырмасам да, мен істеген мекеме жаздырып алдырмай ма? Газет жаздырып алдырмаса, оның өзі қандай мекеме болғаны сонда? Осы арасын ойладыңыз ба сіз?

Жарғақ құлағымыз жастыққа тимей таңғы сегізде жылы төсегіміздің тұрып, тоғызға қызметке кетіп, содан кешке мұзды аяқ болып бірақ оралып жүргенімді өзіңіз көрмедіңіз бе? Ұзақты күн сонда газет оқымағанда не бітіреді деп ойлап едіңіз? Әрине «шошқа тағалады» деген ой сіздің басыңызға да келмейтінін мен жақсы білемін. Бар ғұмырды онсыз да ғылым жолына сарп етіп жүргенде, мекемеде отырып тесіл қағазға, үйде отырып тесіл, сонда денсаулықтан не қалады? Ойлаңызшы өзіңіз? Оның үстіне үйге келген соң, қатыныңа, балашағаларыңа қарау деген бар емес пе? Үй шаруасы деген, базар базарлау деген қайда? Тамақ ішуің, тынығуың, көшеге шығып прогулка жасауың, үйықтауың, тағы сондайлар толып жатқан жоқ па! Тіпті ойда-жоқта бір жолдастарың сап ете қалады. Мен газет оқитын едім, сендер кетіңдер деп қалай айтасың! Болмаса бір танысың қонаққа шақыра қалады. Газет оқимын деп оған қалай бармай қаласың! Тағы да сондай мың түрлі істер бар емес пе? Оның бәрін несіне тәптіштей теріп айта берейін.

Ай, Кеңеке-ай! Мен сізге өкпелемеймін ғой. Сонда да өзіңіз бір шаруа бақпаған адамша сөйлеп кетіпсіз дәл бұл жерде. Өкініштi-ақ. Оны енді өзіңіз де түсініп, қынжылып отырған боларсыз. Бірақ мен сізге ағат сөйледіңіз деп өкпелемеймін. Оған қысылмаңыз. Әркімнің бір жеткен жері болады ғой. Мен оны жақсы түсінемін. Сізге айып жоқ.

Хош сау болыңыз. Ғылыми сәлеммен сізді құрметтеуші Ғылым кандидаты

Құдайберді Жетіскенов».

Оқушының есіне! Мен бұл хатты Тайлан досымның маған сыйлаған

дәптерінің арасынан таптым. Тегі, асығыс жазылса керек. Логикасы мықты, дәлелді болғанымен біраз грамматикалық қателер кетіп қалыпты. Түзеп оқуларыңыз сұралады. *(С. Ш.)*

ЫСҚАҚТЫҢ МІНЕЗІ

Біз бір мәжілістен шыққан едік. Әнуар дейтін жолдас мені қолтықтап былай алып шықты да, жуырда ғана өзі куә болған бір қызық жәйді қызу айта бастады. Сол шақта касымызға қырынан қарағанда таңқы мұрнын жасырып тұратын екі беті екі төбедей болып, шоң желке бір жігіт жетіп келді. Бұл біздің Ысқақ деген танысымыз. Ол Әнуар әңгімесіне құлақ салған жоқ. Қатты дауыстап жиналыс жайында бірдеме айта бастады. Сәл ренжіңкіреп қалған Әнуар:

– Сен тұра тұрсаңшы енді, мен айтып бітірейін де, – деп жымия күлді.

Сол-ақ екен, Ысқақтың шикіл сары келбеті күреңітіп жүре берді.

– Осындай аристократтықты қайдан үйренгенсіңдер осы? Қит етсе танауларынды көтеріп, кірпияздана қаласыңдар, – деді ол ашуға булығып.

Әнуар ұяң жігіт еді. Ысқақтың шынға сілтеп кеткенін көріп, ұялып қалды.

– Ойын ғой, Ысқақ, ғафу ет, ал құлағым сенде.

Маған бір ой келді: Жақсы, Ысқақтың өзі келіп әңгіме айтпақ болғанда тыңдамаған Әнуардікі теріс-ақ болсын делік, ал сонда оның осы бір мінезін не деп түсінеміз?

БҰЛ ЖАЛА...

Масаңбай екеуміз бір кезде бір артельде жұмыс істеген едік. Ол өзі Отан соғысының мүгедегі болатын. Бұл артельде мүгедектердің бетін ешкім қақпайтын еді. Әлі есімде, мейрам біткен оларға айырықша қуаныш әкелетін. Кәсіпшілер одағының жергілікті комитеті ақша шығарып, Масаңбайға, Масаңбай сияқты басқа да мүгедектерге бағалы сыйлықтар жасап тұратын.

Масаңбай бір мейрам қарсаңында жаңа үйге көшіп шыққан. Масаңбайға мүгедекке арналған машина да бергенбіз. Масаңбай мемлекеттен жәрдем де алып тұратын. Масаңбай...

Ие, соғыста қанын төгіп, бір аяғынан айырылып келген Масаңбайдан Отаны несін аяп қалды дейсің.

Бірақ Масаңбайдың қызба бір мінезі бар еді. Реті келсін келмесін «менің майданда қаным төгілген» – деп, тіпті балдағын ала жүгіретін кезі де, кейде қиястанып жұмысқа да шықпай ішіп қалатын кезі де болатын.

92-20

«Мұның қалай, Масаңбай, сомадай болып ұят қой», – деп, ұялтайын десең, «Контуженмін ғой, өзімді-өзім ұстай алмай қаламын» – деп кінәнің бәрін басқа бірдемеге аудара салатын. Ал артель коллективі Масаңбайдың сол мінезін кешіре беретін. «Қайтсін, қаны бұзылған, контужен ғой» – деп қоятындар да болатын.

Содан бері бірнеше жыл өтті.

Міне, ойда-жоқта сол Масаңбаймен кездесіп қалдым. Мен онымен көшеде кездестім. Көшеде болғанда да... Ие, несін жасырайын, Масаңбай көрінгенге қолын жайып, сызды тротуарда отыр екен. Бет-аузы көнектей, қасында бір бос шыны жатыр. Тұқыл аяғын балдағының үстіне салып көрінгеннің етегіне жармасады.

Мен оның қасына келдім.

– Әй, туған, құдай тілеуіңді берсін, бала-шағаңның игілігін көр. Қайыр садақа болса... – деп маған алақанын соза берді. Мен оған... ие, мен оған қолымды ұсындым. Масаңбай шошып қалды. Көзін ашты да маған тіке қарады. Танымаған түр білдірді де, теріс айналып кетті. Ілгері жүрдім. Құлағыма тағы да әлгі бір қарлыққан шерлі дауыс естілді.

– Құдай тілегіңді берсін, бала-шағаңның игілігін көр...

Ал менің көз алдыма Масаңбайдың жеңіс жылы туған,

Жеңіс деген баласы елестеді. Арықша келген таңқы мұрын анасы елестеді.

Менің жан дүнием шайқалып кетті. Бес-он тиын бақыр үшін басқаға бала-шағасының игілігін тілеп, ал өзі игіліктен безіп кеткен Масаңбайдың осындай халге жетуіне кім кінәлі! Бетін қақпайтын, мейрам сайын бағалы сыйлық беріп жүретін баяғы кішкентай коллектив кінәлі ме? Әлде сол қамқорлықты көтере алмаған Масаңбайдың өзі айыпты ма?

Мен артельге бардым. Масаңбайдың үйінде де болдым. Артель адамдары ескі мүшесін көріп қуанысып қалды. Баяғы таныс та ыстық жүздер. Ұлы Отан соғысының баяғы өзім білетін мүгедектері. Тек солардың арасында Масаңбай ғана жоқ.

– Масаңбай ішіп кетті ғой, – деп бір мүгедек күрсініп қойды. – Жұмысқа жұмалап келмей қоятын болды. Содан соң жарымжандар үйіне тапсырып едік. Одан да кетіп қалыпты.

Елден ерек Масаңбайға не сойқан болған, апыр-ау?

Мен осы сұраққа жауап іздедім. Несін жасырайын, жазушы болмасам да Масаңбай жайында әңгіме жазғым келді, мүмкін сәтімен шығып жариялана қалса, Масаңбайға, Масаңбай сияқты азып кеткендерге ой салар. Райдан қайтарар. Бірақ қалай жазу керек? Неден бастау керек? Қалай аяқтау керек? Мұның бәрі мен сияқты «жазушыға» ана Масаңбай өмірінің өзіндей шешілмес жұмбақ сияқты болып көрінді.

Мен... ие, мен ақыл алайын деп сыншыға тарттым. Ол өзі облыстық газетте боратып мақалалар жазып жүретін, кездесе қалсаң: «Алматыдағы ана жазушы анадай, мына акын мынадай» – деп әркімге бір ат қойып, айдар тағып жүретін атақты сыншы болатын.

Мен барғанда сыншы кезекті мақаласын жазып отыр екен. Көзілдірігін алып, көзін уқалады да, қаны қашқан аш өңін маған бұрды.

Мен Масаңбай жайын айта бастадым. Сыншы нұры тайған жансар көзін қабырғадағы бір нүктеге қадап қимылсыз тыңдады. Ашынған да, толқынған да жоқ. Құптағаны да, қарсы болғаны да байқалмады.

Сыншы менің әңгімемді тыңдап болды да, жаны жоқ, өлі дауыспен:

– Біздің өмірімізде мұндай нәрсе болмайды. Бұл, бұл жала... – деді.

– Қалайша жала?.. Мен мұны өз көзіммен...

Сыншы мені тыңдамады. Көзілдірігін қалқандай үлкен құлағына ілді де, қаны қашқан өңін салып, істік тұмсығын жазып отырған қағазына тақай берді...

ҚЫЗЫЛ ГҮЛДЕР

СӘБИ ЖАУАБЫ

Жуырда ғана үш жасар балам Саянды алып Алматыға барып қайтқан едім. Поезбен барып, поезбен қайтқанбыз. Жол жүріп елігіп алған балам: «Папа, енді Москваға барайық», – деп қоймайтын болды.

– Жарайды, барсақ барайық.

– Қашан барамыз, папа?

– Келер жазда.

– Папа, немен барамыз Москваға?

– Әрине, поезбен барамыз, балам.

– Жо-жоқ, папа, Москваға машинамен барамыз, – деп Саян үзілді-кесілді жауап берді.

Бұл жауаптың мәнісін андасам, балам поезд тек Алматыға ғана барады деп ойлайды екен.

БАЛА ҰНАТҚАН – БАЛМҰЗДАҚ

Сөйтіп, біз келесі жазда Саянды алып Москваға бардық. Кәдімгі Алматыға жүріп тұратын поезбен бардық. Астананың тамаша жерлерін араладық, Кремльді көрдік. Ленин мавзолейіне кірдік. Содан кейін балама:

– Енді Третьяков галереясына барамыз, – дедім мен.

– Папа галереяда не бар?

– Галереяда көп картиналар бар. Соны көреміз.

– Кинодағы картинадай ма, папа?

– Иә, кинодағы картиналардай, балам.

– У, картина көреміз! Картина көреміз! – деп Саян қуанып қалды.

Біз галереяны ұзақ жүріп араладық. Саян ана суретке де, мына суретке де қолын шошайтып: «Анау неге жатыр, папа? Мынау неге түрегеп тұр», – деген сияқты сұрақтар қояды. Білгісі келеді. Ал біз болсақ, түсіндіруге тырысамыз.

Ақыры галереядан кеш шықтық. Шығар бетте вестибюльдегі кішкене кафеге кіріп тамақ іштік. Саянға балмұздақ алып бердік. Үлкендермен бірге ұзақ уақыт тік жүріп шаршаған бала сергіп көңілденіп қалды.

Қайтар жолда мен одан:

– Ал, балам, қалай галерея ұнады ма? – деп сұрадым.

– Ұнады.

– Несі ұнады саған сонда?

Саян маған тура қарады да:

– Мороженое, – деп жауап берді.

АЛ, ЕНДІ КІМСІҢ?

Бір демалыс күні үйімізге жолдастар келді. Есік алдында бір топ кішкене балалар ойнап жүр еді, қонақ әйелдің бірі соларға қарап:

– Әлгі Саяның қайда? Мыналардың ішінде бар ма өзі? – деп сұрады.

– Бар. Қайсысы қоңырлау, мұрындылау болса, сол Саян, – деп күлдім мен.

Қонақ балалардың қасына барды. Үңіле қарап біраз тұрды. Содан кейін бір ойыншық машинаны арқасынан ұстап, құмға ерсілі-қарсылы ырғытып, аузымен дүрілдетіп жүресінен отырған баланы барып ұстады. «Осы ғой» дегендей маған қарады. Мен қонақ әйелдің айнымай басқанына қуанып күліп жібердім.

– Бәсе, әкесінен аумай қалыпты. Ал, кәне, атың кім сенің?

– Саян, – деп бала аузымен дүрілдетіп, машинасын қозғай берді.

Қонақ күле сөйледі:

– Өзің қара екенсің, зәуде қазақсың ғой деймін, а?

Бала басын шайқады.

– Әлде орыспысың?

Бала тағы да басын шайқады.

– Жо... о... қ.

– Ал енді кімсің?

– Мен Саянмын, – деп жауап берді де, балам машинасын «дүрілдете» берді.

ҚЫСЫЛЫП ҚАЛДЫМ

Жадырап жаз келді. Саян екеуміз серуендеп көшеде жүрміз. Сылдырап арық ағып жатыр. Кенет сол арықпен төмен қарай қылтыңдап бір доп кетіп барады екен.

– Саянжан, ананы қара, әке бір доп қалқып барады. Бар, ала ғой, – дедім мен ойланбастан.

Саян доптың алдын орап жүгіріп барды да, тосып алды. Содан кейін маған қайтып келді де:

– Папа, біреудің добын алуға бола ма? – деп таңдана сұрады. Қателік жасап алғанымды сонда ғана білдім де:

– Әрине болмайды. Осы арадағы бір баланікі шығар. Ағып кетпесін, алып былай таста дегенім ғой, – деп қысыла жуап бердім.

МАМАМ ҚАШАН КЕЛЕДІ?

Саянның шешесі облыстық ауыл шаруашылық бөлімінде істейтін еді. Бір күні темір жол бойындағы бір ауданға командировкаға барып қайтатын болды. Саян екеуміз мамасын поезға шығарып салдық. Балам ес білгелі анасынан, аз күнге болса да, алғашқы рет ажырасқалы тұрғаны еді бұл. Өзіне жұмбақ «алыс» бір жаққа кетерін сезіп, аймалай береді.

Бір заманда паровоздың құлақты тұндырған ащы айқайы шықты. Поезд қозғала бастады. Тамбурда тұрған мамамыз бізге қолын былғап алыстап барады. Мен Саянға қарадым. Ерекше бір сәбилік мұңлы қалыпта тұнжырап қалыпты. Айқай-шуы да, жылау-еркелігі де жоқ. Өз «тағдырына» сондай бір нәзік қарсылық көрсетіп үнсіз тұр. Кішкене қара көзінен мөлтеңдеп жас көрінеді. Бір кезде менің көзіме көзі түсіп кетті де, құшақтай алды. Балалық қайғысын жасырғысы келді ме, әлде қайтты, әйтеуір жүзін әкеп менің пальтомның етегіне басты. Мен оны көтеріп алдым.

Бұл кезде ағаш тасасына түсіп көзден ғайып болған паровоздың тағы да өктем даусы естілді.

– Папа, мамам қашан келеді? – деп сұрады Саян.

– Келеді, жаным. Тез келеді.

Екеуміз де көңілсіз басып кейін оралдық.

Бұрын біріміз балалар бақшасынан, біріміз қызметтен асығып, сағынып келер, көзімізге ыстық, өз үйіміз енді иесіз қалғандай. Салқын да жат, көңілсіз көрінеді. Жанна да сабақтан қайтпапты. Саян тағы да:

– Папа, мамам қашан келеді? – деп сұрады. Осы сұрақты ол көзі ұйқыға кеткенше сан рет қайталап қоя берді.

Мен де түнімен ұйықтай алмадым. «Саян шіркін, мамасын сағынып жыламаса жарар еді», – деп мазасызданамын.

Арада екі-үш күн өтті. Саян жыламады. Күн озған сайын «мамам қашан келеді» де азайта бастады. Мен оны ертемен балалар бақшасына апарып саламын. Кешке қызмет аяғында барып алып қайтамын. Сәл мұңайып қалады да, қуанып қарсы шығады. Мойнымнан келіп құшақтап балапан қолымен қатты қысып қояды. Содан кейін күндіз не істегенін былдырлап айта бастайды. Шешесін іздеп жыламаған да, сағынбаған да түр білдіреді. «Жылап тыныштыкетіре ме?» – деген күдігім енді ыдырап, көңілім орнығайын деді.

Араға тағы да үш-төрт күн түсті. Балам тіпті: «Мамам қашан келеді?» – деген сұрақты қоймайтын да, мені мазаламайтын да болды. «Осы күшік дүниеде анасы барын ұмытып та кеткен болар», – деп күліп те қоямын. Сонда да: «Мамаңды ұмыттың ба», – деген сұрақ қойып, ала көңіл етуді жөн де көрмеймін.

Күндер өте берді. Мен бір күні Саянды балалар бақшасынан алып, үйге қайттым.

Ымырт үйіріліп барады: Ала көлеңке, бос көшеде екеуміздең басқа ешкім де жоқ. Жапалақтап қар жауады. Екі беткейде жарыса өскен бәйтеректер мелшиіп қимылсыз қалған. Сол бәйтеректердің қырауытқан бұтақтарына қарасаң, арғы ала көлеңке сұрқай аспанның ғажайып бір қитұрқы айқыш өрнектері сияқты болып көрінеді.

Саян өзіне мағынасы жұмбақ осы құбылыстардың бәрін де білгісі келеді. «Қар неге жауады?», «Ағаш неге өседі?», «Қараңғы неге түседі?» деген сұрақтар қойып, жауабын талап етеді. Өзі сондай көңілді келеді.

«Япырмау, осы шіркін шынымен-ақ шешесін ұмытып кеткені ме?» – деп ойлаймын. «Ұмытса ұмытып та кетеді. Төрт-бес жасында жетім қалған баланың ата-анасын білмейтіні де содан емес пе. Ай, күнәсіз сәбилік шақ-ай, дүниеде сен дегенде бауыр етін кесіп беретін, әр күн сайын жүзіне қарап, қабағың кірбің тартса да «ауырып қалды ма?», жә «ашығып қалды ма?» не болмаса, «тоңып қалды ма?» – деп құландағы даусы құраққа шығып, шыбын жаны үстінде болатын ең жақын, ең асыл адамның болғанын да ұмытып қаласың-ау. Қандай өкініштi!»

Осындай ойлармен жүдеңкіреп келе жатыр едім, кенет вокзал жақтан паровоз даусы шықты.

Үлпа қарды есіп, томпаландап басып бара жатқан Саян кенет тұра қалды.

– Папа, паровоз кімді шақырады?

– Паровоз кімді шақырушы еді. Ешкімді де шақырмайды. Олайбұлай жүргенде көлденең адамдарға: «Жол беріңдер! Әйтпесе басып кетемін» деп ескерткені, – дедім мен.

Балам мұңайып қалды.

– Жоқ, папа, паровоз мені шақырады. Онда менің мамам бар, – деді Саян.

Соны айтты да, кенет маған сұрана қарады:

– Папа, мамам қашан келеді?

ЖҰЛЫНБАҒАН ҚЫЗҒАЛДАҚ

Біз бір жылы көктемде демалыс алып, сүйікті қаламыз Алматыға келдік. Қаланың тау жақ шетінен жалға алған үйіміз де қолайлы болып шықты.

Тұңғыш қызымыз Жанна онда жетіге толған еді. Туған күніне арнап бір кішкене сыйлық жасамақ болдым. Жанна екеуміз қалаға бардық. Қайтар жолда көшеде гүл ұстап отырған кемпірден бір шоқ гүл сатып алып едім. Жанна орындамаған бір уәдемді ойыма салды. Бұрын бірнеше күн бұрын мен оған: «Тауға шығамыз, қызғалдақ тереміз», – деген едім.

Балаға өтірікші болудан жаман бар ма! Басқа бір ұсақ шаруаларды былай қойып, келесі күні Жанна екеуміз тауға шықтық.

Бергі бетте қызғалдақ гүлін таба алмадық. Қала адамдары теріп кетіпті. Ал басқа гүлдердің әлі шешек жара қоймаған шағы екен.

Біз әрі астық. Ұзақ жүрдік. Қилы-қилы төбелерді кездік. Бірақ қызғалдаққа кездесе алмадық. Көңілсіздік басты. Аса бір реніште түрде үйге беттедік. Қазір Жанна бір құшақ гүл көтеріп келе жатса... Шіркін-ай, онда қызым шаршағанын да ұмытып кеткен болар еді-ау! Үйге барған соң, тауға қалай шығып, қалай түскеніміз де, гүлді қалай тергеніміз де жатқан бір жыр болып айтылмас па еді. Саян да, көрші үйдің балалары да Жанна әңгімесін тыңдап аузын ашып, аңырып қалмас па еді! Әттең не керек, әкеле жатқан гүліміз жоқ.

Өзіміз де бір шығанға кеткен екенбіз. Көлбеу беткейді қиялап төмен түсіп келеміз. Шаршап, шалдыға түсіп келеміз. Сол жақта биік бір ақ басты тік құз тұр. Күн көзін де қалқалап, төбемізден төне түсіп тұр.

– Папа, шаршадым, аяғым дірілдейді, бүгіле береді, – деді қызым.

– Осы төбеге шыққанға шаршап қалдың ба? Ал мына құзға шыққандар да бар ғой. Сен түгіл солар да шаршадым деп айтқан емес, – дедім мен Жаннаның көңілін табам ба деп.

Жанна жоғары, құзға қарады.

– Ой, ой ой!!!

– Рас айтам. Тіпті солардың ішінде қыздар да болған.

– Да, папа?! Ой, ой ой! Шаршадым деп айтпаған сонда да, ә?

– Иә, айтпаған.

– Ой, ой, ой! – деп Жанна басын шайқай берді. Мен қызымның көңілін аулағаныма қуанып, ілгері көз салдым. Кенет, алдымызда екі жүз

қадамдай жерден бір кішкене төмпешік көрінді. Көз жауын алар қызыл гүлге тұнып тұрған төмпе! Қуанғандығым сондай «Қызғалдақ» деген сөз де аузыма түспей қалды. «Жанналап» алға қарай қолымды сілтей бердім. Оның да көзі шалып қалған екен. Шаршағанын да ұмытып кеткен. Жүгіре жөнелді. Мен де адымдай басып келемін.

Жанна төбешікке барып жеткен бойда-ақ гүлге қолын соза беріп қалт тұрып қалды. Содан кейін төмпені бір айналып түсті де, маған қарай жүрді.

Мен оған анадайдан:

– Жаннажан, кідірме, жұлып ала бер. Үйге тез қайтайық, – деп дауыстап келемін. Қызым бұл сөзіме құлақ аспады.

Мен жақындап келгенде,сыбырлап қана:

– Мола! – деді. – Папа, бұл қызғалдақты жұлмайықшы.

Келіп қарасам, шынында да мола екен. Басына қойылған кішкене ғана құлпы таста:

«Рәш Садықова. Жиырма екі жаста. Қапылыста шыңнан құлап опат болды. Мәңгі-бақи қош бол, қазақтың таза жанды, ер жүрек қызы.

Сапарлас достарынан» деген жазу бар екен. Мен қызымды бауырыма қыстым да, маңдайынан сүйдім. Ақылына разы болып сүйдім. Екеуміз тағы да ілгері жүрдік. Жанна болса, жаңағы иесіз тауда жалғыз қалған мола жайын сұрайды. Ал мен болсам, өмірдің күрделілігі жайлы, адам махаббаты жайлы ойлап келемін.

Иә, Рәштай ер қыздың моласында желектеп өсіп тұрған мына қызыл гүлдер мүмкін Жанна сияқты сәбилер махаббаты шығар. Кім білсін оны!

ЕКІЛІК

Жанна сүйтіп мектепке барды. Ата-анасының қуанышына сабақты да тәуір оқып кетті. Дәптерлерін де таза ұстап, маржандай тізілтіп жақсы жазатын болды. Жалғыз-ақ алғашқы кезде екінің таңбасын дұрыстап сала алмай жүрді. Құйрығы дөңгеленіп, латынша «S» әрпіне ұқсайды да тұрады ылғи. Мен бір күні балама оның осы кемшілігін бетіне бастым. «Екінің таңбасын жаза алмайсың, саған не болды, Жанна?» – деп қынжылдым.

– Бекер ренжисің, папа? Екілік дегеннің өзі осындай жаман болмай ма? – деп жауап берді ол.

БЕСТІК БАҒА

Бүгін біздің үйде үлкен қуаныш бар. Жанна екінші класқа көшті. Жыл бойында төрт рет ауырып, оқуға бара алмай қалған еді. Соған қарамастан барлық сабақтан бестік баға алып шықты.

Біз үй іші болып осы бір кішкене қуанышымызды тойладық. Жанна-ны аздап көтермелеп, мақтап та қойдық.

– Тек төрт рет ауырып қалғаның болмаса, барлық пәнді беске тап-сырдың. Жарайсың, Жаннажан, – дедім мен.

Әке-шешесінің айырықша мейіріміне қуанып отырған Жанна:

– Енді бір рет қалғанымда, одан да бес алатын едім, – деп жауап берді.

Бала түсінігі қандай қызық десеңізші!

БАЛА ТІЛІ

Бізге көрші үйде Амангелді деген бес жасар бала бар еді. Майданда қайтыс болған әкесі Қаридан аумаған ала көз, кесек, қара бала бо-латын.

Амангелді екеуміз бір күні қала сыртындағы көлге бардық. Бой жаздық. Суға түстік. Алыста, айдыннын ортасында топ үйректер жүр. Мен тереңге қарай біраз жүзіп барып едім, жағада тайыз суда, ойнап жүрген бала маған айқай салды.

– Аға, маған анау үйректі ұстап берші?

– Үйрек қазір ұстатпайды. Ертең мылтық әкелеміз де атамыз, – дедім мен оған.

Үйге қайтып келе жатқанымызда бала сол үйрек жайын әңгімелей берді.

– Аға, мылтықпен атып алған соң үйректі маған бересің бе?

– Иә, саған берем.

– Мен сосын үйге алып барам ба?

– Иә, үйге алып барасың.

– Мен сосын Күләш апама ас деймін бе?

– Иә, ас дейсің.

– Мен сосын жеймін бе?

Шыдай алмадым. Баланың бал-бұл тілін қызықтап күліп жібердім.

ТҰМАН КӨЗ

Демалыс күні. Ірілі-уақты бес бала аула ішінде құм төмпешікте ойнап жүрді. Сәбилер қылығын қызықтап верандада отырмын. Олар болса, мені көрген жоқ. Жұмыстары қауырт. Ешкімге зер салар емес. Ренжіспей, төбелеспей тату ойнап жүр. Кенет осылардың арасында шашы едірейген ұзын бойлы, тұман көз бір бала сая бола қалды. Ол да ойынға келіп қосылды.

Кенет ар жақтан жарымжан адам мінген бір коляска көрінді. Біздің аулаға кіре берісте бір дөң бар еді. Моторы тырылдап келіп, сол дөңге асыла берді де, бық етіп кейін кетті. Артында қою көк түтінін будақтата келіп коляска тағы да өрмеледі. Асыла беріп тағы да кейін кетті.

Бұл кезде балалар көңілі осы бір жайға ауған еді. Бәрі де ойындарын қоя салып солай қарап, қызықтап қалған.

Бір кезде жаңағы соңынан қосылған тұман көз тұрып:

– Кәне, ағайға көмектесіп жіберейік, – деп жүгіре жөнелді. Сол-ақ екен қалған балалар да лап қойысты.

«Өзі бір ақылды, ибалы бала екен», – деп ойладым мен. Сәбилер барған бойда-ақ қолясканың артына жармасты. Кішкене мотор қайта бықылдады. Коляска екпіндей келіп өрден асып барып тоқтады. Манағы тұман көз кескестеп алға шықты. Өжеттігі ме, сұғанақтығы ма, кім білсін.

– Аға, біз көмектестік қой сізге. Бізге бір сом беріңіз.

Жарымжан адам күлді де, қалтасынан тұтас бір шоколад алып шықты. Содан кейін:

– Рақмет, балалар. Өркендерің өссін. Мына шоколадты бөліп жеңдер, – деп тұман көз балаға ұсынды. – Таласпайсындар ғой?

– Таласпаймыз! – деп балалар шуласа жауап берді.

Жарымжан адам аса бір мейірбан жүзбен қолын бұлғады да ілгері жүріп кетті.

Балалар енді тұман көзді қоршалай қалысты. Тұман көз шоколадты олай бір, бұлай бір аударыстырды да:

– Жүріңдер, ең алдымен ойнап аламыз. Шоколадты содан кейін бөлеміз, – деп алаңға қарай ойысты.

Балалар тағы да ойынға кірісті. Тұман көз де бір машинаға құмды толтыра тиеп екінші бір жерге апарып төкті. Содан кейін қайтып келді де, қолына күрек алды.

– Сендер осы арада үй салыңдар. Ал мен ана жерге барып құдық қазайын.

– Жарайды, – деп дабырласты қалғандары. – Біз үй саламыз, сен құдық қазасың.

Тұман көз өзі нұсқаған жерге барды. Құмды бір-екі рет көсеп алып былай тастады. Сонан соң балалар жаққа көз салды да, аңдып тұрған ешкімнің жоғын байқап зыта жөнелді. Шоколадты қалғандары да ұмытпаған екен. Тұман көздің соңынан дүркірей тартты.

Тұман көз қарсы беттегі үйді айнала қашты. Қалған балалар оны айнала қуды.

Енді бір кезде үйден бұйра шаш бір жас әйел шықты. Тұман көз енді сол әйелге қарай ұмтылды.

– Мама, мына қарашы, мыналар, міне, соңымнан қалмайды. Шоколадты тартып алмақ, – деп шағына сөйледі.

– Кәне, шоколадты маған берші.

Қуғыншылар не болар екен дегендей кейінірек шоғырлана тұрып қалды.

– Мама, менің шоколадым, ағай маған берген. Мыналар тартып алғысы келеді, – деді тұман көз шешесіне шоколадты ұсынып жатып.

Бұйра шаш әйел шоколадты алды да, бірдей етіп беске бөлді. Содан кейін оқшауырақ тұрған бес балаға барды. Үлестіріп берді.

– Мама, маған қайда? Ол ағай бұларға емес, маған берген, – деп тұман көз жыламсырай сөйледі.

– Кімге бергенін терезеден көріп отырғанмын, – деді шешесі, – өтірік айтасың, өзімшілсің, сол үшін саған үлес тимейді.

Шоколадтан үлес алып қуанған балалар дабырласа сөйлесіп өз жайларына кетті. Ал тұман көз орнында сорайып жалғыз қалды.

ОҚЫҒАННЫҢ КӨЗІ АШЫҚ

Жанна екінші класта оқып жүр еді. Бір күні ол кітабынан «Оқығанның көзі ашық. Оқымаған адам соқыр болады» деген мақалды оқып көрді де:

– Бұл не деген сөз? – деп сұрады.

– Оқыған адам көпті біледі. Көзінің ашық болатыны содан. Ал оқымағанның дүниеден хабары аз болады. Бұл соқырмен тең етеді, – дедім мен.

Бұл жауапқа Жанна ырза болмай қалды.

– Міне, әжем оқымаған. Сонда да соқыр емес қой. Ал сен қызметтен келсең-ақ болды, отырып алып, оқи бересің, оқи бересің. Сонда да көзіңнің ашық ештеңесі де жоқ. Әжемнің көзіндей, – деді.

Несін жасырайын, жауап таба алмай, күмілжіп қалдым.

Сөйтіп баламыз екеуміз «дауласып» отырғанда, Жанна оқыстан қолын сиялап алды. Ол тазалықты жақсы көретін. Үсті-басы кіршіксіз, жинақы жүруші еді. Сол дағдысына бағып жуына бастады. Сия дағы бірден кете қоя ма! Тырнағының көбесінде, саусақ арасында қалып қойды. «Ыстық сумен жу», – деген әжесінің тілін алам деп, күйіп те қала жаздады. Менің көмектесуіме тура келді. Әуелі мен оған:

– Қолыңды сула, – дедім.

Жанна айтқанымды орындап, қасыма келді. Мен бір тал сіреңке шырпысын алдым да, күкіртімен сияның дағы бар жерлерді ысқылап жібердім. Содан кейін қызым қолын жууы мұң екен тап-таза болып шыға келді.

– Мұны кімнен көрдің папа? – деп сұрады қуанған Жанна.

– Ешкімнен көрген жоқпын. Кітаптан оқыдым. «Оқыған адамның көзі ашық» деген, міне, осы.

Әңгіменің мәніне Жанна енді түсінді-ау деймін, күлімсіреген қалпы ойланып қалды.

АЛМА НЕГЕ ИНЕТ АТАНДЫ?

Көршімізде Алма дейтін бір кішкене қыз бар еді. Жұрттың бәрі оны Алма демей, Инет деп атайтын. Мен соған таң-тамаша болып: «Бұл баланы неге өз атымен атамайды екен? Инет дегені несі екен?..» – деп ойлаушы едім. Шешімі былай табылды:

Жазғы демалыс кезі болатын. Бір күні Алма аула ішінде өзіндей қыз балалармен доп ойнап жүр еді, үйден шешесі шықты да:

– Алмажан-ай, баршы, айналайын, дүкенге барып нан әкеле қойшы. Менің қолым тимей жатыр, – деп дауыстады.

Алма бетін тыжыртып, басын қисайтты да:

– И нет! – деп жауап берді.

Анасы қайда жұмсаса да, Алма орысшалап:

– И нет! – деп жауап береді екен. Мұнысы: «Жоқ бармаймын» дегені.

– Алмажан-ай, ыдыс-аяқтарды жинай салшы!

– И нет.

– Алма жалғызілікті шешесіне көмектеспейді. Жұмсаса тіл алмайды. Ылғи: «И нет – жоқ, бармаймын!» – деп жауап береді. Сол себепті жұрт оны келекелеп, Инет деп атап кетіпті.

ЖАНАР МЕН ДАНАР

Бұдан бірер жыл бұрын біздің үйдің көршісінде апалы-сіңлілі қыз балалар тұрды. Үлкені – Жанар алтыншыда, кішісі – Данар төртіншіде оқиды. Олар біріне-бірі сондай ұқсас еді. Тіпті кейбір тосын адамдар Жанарды Данар деп, Данарды Жанар деп айыра алмай да қалатын. Бірақ күнде көріп, көрші отырған біздерге апалы-сіңлілердің өзгешелігі де көп. Жанар болса, сұңғақ бойлы сәнқой бала. Жасы он үште ғана болғанымен селдір өскен өлең шашын төбесіне қоқайтып, сәндеп тарайды. Үстінде шолақ тон, бұтында тар балақ шалбар. Қолында сәнді папка. Өстіп Жанар мектепке келеді. Дәл сонда танымаған адам болса, алтыншы кластың оқушысы емес, осы мектептің мұғалимасы шығар деп те қалар еді. Ал Данар болса, алыстан жақсы көре алмайды, сол себепті көзіне ақ кенерелі көзілдірік салып жүреді. Қалың қара шашын Жанар секілді қоқайтпайды да, екі бұрым етіп өріп, тізесіне түсіріп жібереді. Сәнді шолақ тоны да жоқ. Мектепке қара жағалы қызыл пальто киіп, қолына ақ жағал ескі, үлкен портфель ұстап келеді. Сонда ол танымайтын адамға төртінші кластың оқушысынан гөрі, әлдебір ғылыми-зерттеу институтында қызмет істейтін кішкене бойлы профессорға көбірек ұқсай қалатын-ды.

Содан болса керек, ауыл үйдегілер оларды еркелетіп кейде: «мұғалима апай», «көзілдірікті кішкене профессор», – деп те атайтын.

Осы «мұғалима апай» мен «көзілдірікті профессордың» басқалар біле бермейтін бір міні де бар еді. Мін дегенде тетелес өсіп келе жатқандықтан ба, Жанар мен Данар бірінің айтқанын екіншісі тыңдай бермейді.

Олар аулада жүріп доп ойнайды. Доп дегенің домалақ емес пе, секіріп, қарғып жүргенде қолыңнан шыға қашатын бір кезі болмай ма. Сондайда Жанар тауықтың қоразындай қоқия қалады да, екі жас үлкендігіне бағып барлыққан дауысымен:

– Данка, бар, алып кел деймін допты! – деп айқайлайды.

Бірақ кішірейетін Данар жоқ. Ақ кенерелі көзілдірігін бір қозғап қояды да:

– Керек болса, өзің барып әкел. Мен лақтырған жоқпын оны, – деп шіңкілдей жөнеледі.

Апалы-сіңлінің үйде де істейтіні осы.

– Данка, бүгін төсек-орынды сен жинайсың! – дейді Жанар ертемен көзін аша салысымен.

– Жинасаң өзің жина, мен кеше жинағанмын.

– Данка, бүгін сен дүкенге барып нан әкелесің.

– Әкелсең өзің әкел. Мен кеше барып әкелгенмін.

Күнде осы секілді мың түрлі жұмыс бар. Соның бәрінде де Жанар мен Данар: «Жоқ, сен барасың», «Жоқ мен емес, сен барасың!» – деп салғыласады да жатады.

Ақыры осы таластың аяғы барып жаманға соқты.

Бір күні Жанар мен Данардың ата-анасы:

– Мынаны ішіңдер, мынаны жейтін болыңдар. Ұрыссып жүрмеңдер. Жатарда есіктің ілгегін салып жатыңдар. Біз кешірек ораламыз, – деп бір жерге қонаққа кетті.

– Жақсы, бәрін де орындаймыз, – деді Жанар мен Данар қосарланып. Сөйтті де екеуі сабақ дайындауға кірісті. Бір заманда қарны аша бастаған Жанар:

– Данка, шайды сен әкеп құясың! – деді дөрекілеу даусымен.

– Құйсаң, өзің құй, мен кеше құйғанмын, – деп Данар ерегісе кетті.

Тағы да біршама уақыт өтті.

– Данка, сен төсек саласың! – деді көзіне ұйқы тығыла бастаған Жанар.

– Салсаң өзің сал, мен кеше салғанмын.

Осы ерегіспен түннің бір уағы болды. Екеуі де шаршай бастады. Дайын тұрған шай да ішілмеді. Төсек те салынбады.

– Салмасаң салма, менің түгім де кетпейді, – деп Жанар диванға келіп қисайды.

– Менің де ештеңем кетпейді, – деп Данар кереуетке барып жантайды.

Көзі ұйқыға кетіп бара жатқан Жанар:

– Данка, бар есікті жап! – деп дауыстады.

– Неге мен жаппақпын. Өзің жап, – Данар бір аунап түсіп ұйқыға аттанды.

Ал есік болса ашық қалды.

Осыдан кейінгі уақиғаны біз ертеңіне білдік. Түнде есіз қалған үйге ұрылар кіріп түсіпті де, дәлізде тұрған киім-кешектерді сыпырып кетіп отырған. Оның ішінде Жанардың қысқа тоны мен Данардың қызыл пальтосы да бар.

Осы оқиғадан кейін Жанар мен Данардың әке-шешесі балаларының теріс қылығынан ұялды да, кім білсін, басқа бір жаққа көшіп кетті.

Қазір олар қай жерде тұрады, мен оны анық біле де бермеймін. Сырт хабарға қарағанда Жанардың да, Данардың да есі кіріп қалыпты. Сол бір оқиғадан кейін бірін-бірі тыңдап жүретін де болыпты деседі.

Тегі, бұл хабар рас болса керек.

1960

МАЗМҰНЫ

Повестер

Мезгіл 3
Жыл құсы 34
Өмір нұры 113
Мәжнүн тал 131

Әңгімелер

Алтын сағат 178
Селдің екпіні 186
Қоламтадағы арман 191
Көршінің кесірі 197
Қыран қияға самғайды 207

Әр жылы шыққан кітаптардан

Ақын мен бұлбұл сайраған елде 224
Қарақұм емес, қарағым 237
Биік, биік, биік таулар бауырында 245
Мені қалай үйлендірмек болды 254
Жел керуен 264

Тайланның көргендерінен 287
Шалғай мүдделер 288
Әлгі біздікіне қонаққа келгенде 290
Құлпы тас 290
Бастық езу тартты 292
Күлкі 293
Қой, басқа біреу шығар 296
Төлжанның достығы 297
Алшақ мінездер 300
Аса қадірлі кеңпейіл қартқа хат 302
Ысқақтың мінезі 305
Бұл жала 305

Қызыл гүлдер

Сәби жауабы 307
Бала ұнатқан – балмұздақ 307
Ал, енді кімсің? 308
Қысылып қалдым 309
Мамам қашан келеді? 309
Жұлынбаған қызғалдақ 311
Екілік 312
Бестік баға 312
Бала тілі 313
Тұман көз 313
Оқығанның көзі ашық 315
Алма неге Инет атанды? 316
Жанар мен Данар 316

Әдеби басылым

Шаймерденов Сафуан

ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

2-том

Редакторы ***Рысқалым Асанбай***
Техникалық редакторы ***Гүлмаржан Сәбитова***
Көркемдеп, компьютерде беттеген ***Әйгерім Молдахметова***

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000082 мемлекеттік лицензиясы 2005 жылы 11 қаңтарда берілген

ИБ № 07

Басуға 04.07.11 ж. қол қойылды. Пішімі 60x90$^{1}/_{16}$. Офсеттік басылыс. Офсеттік қағаз.
Әріп түрі "Times New Roman". Шартты баспа табағы 20,0. Есептік баспа табағы 20,0.
Таралымы 2000 дана.

"Таймас" баспа үйі" ЖШС. Алматы қаласы, Абай даңғылы, 153-үй, 27-офис.
Факс: 266-21-14, тел.: 250-09-95, 250-09-96, 250-09-97, 250-09-98.

ISBN 978-601-264-044-1



ЖШС "Курсив"